

**Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты**

**Сұлтан Әкімбеков**

# **Ауғанстан тарихы**

Нұр-Сұлтан, 2020

**ӘОЖ 94(100-87)**

**КБЖ 63.3(0)**

**Ә 47**

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының  
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

**Әкімбеков С.М.**

**Ә 47 Ауғанстан тарихы.** – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2020. – 852 б.

**ISBN 978-601-7972-39-4**

Кітап Ауғанстанның тарихына арналған. Мұнда Үндістан, Иран және Орта Азия арасындағы жолдар қиылысында орналасқан маңызды елдің негізгі тарихи кезеңдері кешенді түрде қарастырылады.

Ауғанстан әрқашанда маңызды оқиғалардың бел ортасында орын алып, өз мүдделері үшін күрес жүргізген ұлы және өңірлік державалар арасында болды.

Ежелгі және орта ғасырлардағы ұлы империялардан бастап Британ және Ресей империяларының «Үлкен ойынына» дейін, «Талибаннан» американдық қатысуға дейінгі кезеңді қамтиды.

Зерттеу жалпыға қолжетімді дереккөздер мен ғылыми әдебиеттер негізінде орындалды. Бұл басылым кітаптың 2015 жылы жарыққа шыққан орыс тіліндегі нұсқасының қазақ тіліне аудармасы. Кітап көпшілік оқырманға арналған.

**ӘОЖ 94(100-87)**

**КБЖ 63.3(0)**

**ISBN 978-601-7972-39-4**

© ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2020

© Әкімбеков С.М., 2020

*Анам  
Дина Ерғазықызы Абдрахимованың  
жарқын бейнесіне бағышталады*



## Мазмұны

Кіріспе .....	9
<b>1-тарау. Ауғанстан: аймақ тарихының басталуы және мемлекеттің құрылуы .....</b>	<b>13</b>
<i>Үндістан, Иран және Орта Азия арасындағы аймақ.....</i>	<i>13</i>
<i>Аймақтың ежелгі тарихы.....</i>	<i>16</i>
<i>Аймақтың саяси тарихы.....</i>	<i>18</i>
<i>Моңғолдардан моғолдарға дейін .....</i>	<i>37</i>
<i>Ауғанстан: тарихтың басталуы .....</i>	<i>51</i>
<b>2-тарау. Ауғанстан және Үлкен ойын.....</b>	<b>61</b>
<i>Дуррани державасының дағдарысы.....</i>	<i>61</i>
<i>Еуропалық ықпалдың өсуі.....</i>	<i>65</i>
<i>1838-1841 жж. бірінші ағылшын-ауған соғысы .....</i>	<i>73</i>
<i>Азиядағы «Үлкен ойын»: Ұлыбритания мен Ресей.....</i>	<i>81</i>
<i>«Үлкен ойын» контекстіндегі Ауғанстан: екінші ағылшын-ауған соғысы.....</i>	<i>94</i>
<i>Абдуррахман-хан билігі кезіндегі Ауғанстан.....</i>	<i>111</i>
<i>«Үлкен ойынның» соңғы аккордтары.....</i>	<i>122</i>
<b>3-тарау. Дәстүрлі қоғамды жаңғыртудың мәселелері .....</b>	<b>126</b>
<b>4-тарау. Ауғанстан: Хабибулла-ханнан Нәдір-шахқа дейін .....</b>	<b>142</b>
<i>Хабибулла-хан: жаңғырту және реформа талпыныстары.....</i>	<i>142</i>
<i>Аманулла-хан : Ауғанстанның тәуелсіздігі және үшінші ағылшын-ауған соғысы.....</i>	<i>152</i>
<b>5-тарау. Ауғанстан: Аманулла-ханнан Нәдір-шахқа дейін .....</b>	<b>165</b>
<i>Аманулла-хан реформаларының сәтсіздігі .....</i>	<i>165</i>
<i>Пуштун әулетінің құлауы: бірінші тәжік әмірі Хабибулла-хан (Бачаи Сакао).....</i>	<i>171</i>
<i>Нәдір-шах: пуштундық реставрация .....</i>	<i>177</i>

<b>6-тарау. Ауғанстан: Захир-шахтан Дәуітке дейін.....</b>	184
<i>Консервативтік саясат.....</i>	184
<i>Оқшаулану кезеңі және Екінші дүниежүзілік соғыс .....</i>	190
<i>1946-1952 жж. ырықтандыру жүргізу әрекеті.....</i>	198
<b>7-тарау. Ауғанстан: сыртқы саясат және Британ империясының ыдырауы .....</b>	206
<b>8-тарау. Ауғанстан: Дәуіттің он жылы.....</b>	222
<b>9-тарау. Ауғанстан: «Жаңа демократия» (1963-1973) .....</b>	244
<i>Ырықтандырудың жаңа әрекеті .....</i>	244
<i>Партиялық құрылыс: АХДП құрылуы.....</i>	253
<i>Саяси исламның қалыптасуы.....</i>	258
<b>10-тарау. Күйзелістің басталуы .....</b>	264
<i>Либералдық саясат дағдарысы және Дәуіттің төңкерісі.....</i>	264
<i>КСРО мен АҚШ арасындағы Дәуіт.....</i>	270
<i>1978 жылғы сәуір төңкерісі.....</i>	276
<i>«Хальк» фракциясының билігі.....</i>	283
<i>Кеңестік басып кіру қарсаңында: Таракиден Аминге дейін .....</i>	288
<i>Амин төңкерісі: Ауғанстандағы кеңес саясатының дағдарысы .....</i>	306
<b>11-тарау. Кеңес Одағының басып кіруі: Кармалдан Наджибуллаға дейін.....</b>	316
<i>Кеңес басшылығы үшін ауған дилеммасы.....</i>	316
<i>Кеңес одағының араласуы және Аминнің биліктен шеттетілуі.....</i>	321
<i>Қырғи-қабақ соғыстың аяқталуының басы.....</i>	323
<i>«Парчам» фракциясының билігі және елдегі жағдайды тұрақтандыру әрекеттері .....</i>	329
<i>Кеңестік әскери араласу.....</i>	334
<i>Ауған оппозициясының күшеюі.....</i>	342

<i>Кармальдан Наджибуллаға дейін</i> .....	352
<i>Кеңес әскерін Ауғанстаннан шығару және Наджибулла режимінің тұрақтылығы үшін күрес</i> .....	372
<b>12-тарау. Наджибулланың құлдырауы: мемлекеттік институттардың дағдарысы</b> .....	385
<i>Режимнің құлдырауы қарсаңында: тығырықтан шығу әрекеттерін іздеу</i> .....	385
<i>Режимнің құлдырауы және ұлттық мәселе</i> .....	401
<b>13-тарау. Ауғанстан: Наджибулланың құлдырауынан «Талибан» қозғалысына дейін</b> .....	415
<b>14-тарау. Ауғанстан мен Орталық Азия үшін Кеңес Одағының ыдырауы</b> .....	434
<i>Тәуелсіздік қарсаңындағы жаңа Орталық Азия мемлекеттері</i> .....	434
<i>Тәжік пасьянсы</i> .....	444
<b>15-тарау. «Талибан» қозғалысы: Қандағардан Гератқа дейін (1994-1996)</b> .....	465
<i>Ауғанстан және Пәкістан: аралықта</i> .....	465
<i>«Талибан» қозғалысы: жолдың басында</i> .....	482
<i>Газни үшін шайқас: талибтер Хекматиарға қарсы</i> .....	507
<i>«Талибанның» Кабулға алғашқы шабуылы: талибтер мен Хекматиар арасындағы Пәкістан</i> .....	511
<i>Гераттың құлауы</i> .....	515
<b>16-тарау. «Талибан» қозғалысы: Кабулдан Мазари-Шарифке дейін (1996-1997)</b> .....	520
<i>«Талибан» және аумақтың геосаясаты</i> .....	520
<i>Кабулға шабуыл</i> .....	528
<i>Геосаяси бомбаның жарылуы</i> .....	538
<i>Кабулды талибтер басып алғаннан кейінгі Ауғанстан</i> .....	548

<i>Күштердің жаңа конфигурациясы және өзбек генералы Мәліктің көтерілісі (1997 жылдың көктемі).....</i>	552
<b>17-тарау. Ауғанстан: Мазари-Шарифтен</b>	
<b>2001 жылдың 11 қыркүйегіне дейін.....</b>	572
<i>Тығырықтан шығу әрекеттерін іздеу .....</i>	572
<i>Бетбұрысты 1998 жыл .....</i>	589
<i>Орталық Азия үшін шайқас .....</i>	606
<b>18-тарау. 2001 жылғы 11 қыркүйекке дейінгі және одан кейінгі Ауғанстан .....</b>	629
<i>Үлкен өзгерістер алдындағы саяси тәсілдер .....</i>	629
<i>11 қыркүйектен кейін .....</i>	641
<b>19-тарау. Ауғанстан: мемлекеттік құрылыс (2001–2008).....</b>	672
<i>Саяси реттеуді іздеу.....</i>	672
<i>Мемлекеттік құрылыс және «әскери лордтар» дәуірі.....</i>	681
<i>Пәкістан таңдауы .....</i>	698
<i>Ауғанстан: жаңа шындық.....</i>	710
<b>20-тарау. Ауғанстан: сыртқы басқарудан мемлекеттік дербестілікке ме? (2009–2015) .....</b>	716
<i>2009 жылғы президенттік сайлау қарсаңындағы Ауғанстан .....</i>	716
<i>2009 жылғы президенттік сайлау .....</i>	727
<i>«Мәселе–2014» .....</i>	741
<i>2014 жылғы президенттік сайлау .....</i>	759
<b>Қорытынды .....</b>	773
<b>Ескертулер .....</b>	785
<b>Библиография .....</b>	825
<b>Индекс .....</b>	835



## Кіріспе

Шамамен төрт онжылдық бойы (егер 1978 жылдың сәуір революциясынан, немесе төңкерістен бастап санайтын болсақ) Ауғанстан бүкіл дүние жүзінің назарын өзіне аударып отыр. Алдымен екі ұлы империяның эпикалық шайқас алаңы ретінде, содан кейін құрылмаған мемлекет ретінде танылды. Бұдан кейін – «Талибан» радикалды ислам қозғалысы тарапынан қауіп ретінде көрінсе, ақыр соңында, халықаралық көмекпен жаңа заманауи мемлекет құруға әрекет етуі арқылы назарда болды.

Алайда Ауғанстанды өңір үшін де, бүкіл әлем үшін де өте маңызды қылған осы ауқымды оқиғаларға дейін де бұл ел, немесе, нақтырақ айтқанда аумақ әртүрлі мемлекеттер мен империялар арасында болды. Қазіргі таңда Ауғанстан орналасқан таулы аумақ әрдайым Үндістан, Орта Азия мен Иранды, сондай-ақ әртүрлі уақытта мұнда болған мемлекеттерді бөліп отырды. Дәлірек айтқанда, бір мезгілде бөліп, сондай-ақ байланыстырып отырды. Бұл өте қызықты ауданның ерекше қызметі немесе миссиясы болды.

Ауғанстанның мемлекет ретінде XVIII ғасырда, оның бұрынғы мықты көршілері дағдарыста болған жағдайда пайда болғаны мәлім. Бір жағынан, Сефевидтік Иран, екінші жағынан – Үндістандағы Ұлы Моғолдар мемлекеті, үшінші жағынан – Орта Азиядағы өзбек мемлекеті. Ерте заманда, XVI-XVII ғасырларда, жоғарыда аталған үш мемлекеттің гүлдену кезеңінде, пуштун тайпаларының өз мемлекетін құруға мүмкіндігі болмады.

Алайда қазіргі шекарасындағы ауған мемлекеті Британдық және Ресейлік екі қуатты империя арасындағы ықпал ету үшін ауқымды күрес жүргізу арқасында құрылды. Іс жүзінде олар Ауғанстанды өздерінің арасында буферлік аумақ ретінде қалдырып, сол арқылы оның өз бетінше өмір сүруін қамтамасыз етті. Бұл жағдай тәуелсіз Ауғанстанды өзінің көршілері болған Үндістан және Орта Азиямен салыстырғанда күрделі жағдайға қалдырды.

Өйткені, отарлық басқарудың барлық шығындарына қарамастан, Еуропалық күштердің қатысуы Ауғанстанның солтүстіктегі және оңтүстіктегі көршілерінің дәстүрлі азиялық өмір салтын жаңғыртуды қамтамасыз етті. Тәуелсіздік жылдары ауған билігі өзінің жаңғырту саясатын жүргізуге ұмтылды. Олар өз елін ұйымдастырудың ескірген жүйесін өзгертуге тырысты. Мұны монархшылар да, республикашылар да, коммунистер де жасауға тырысты. Әрбір жаңа әрекет реакцияның пайда болуына әкелді. Бұл мемлекеттік институттар кеңестік режим құлағаннан кейін түбегейлі жойылып, мемлекет пен қоғам үшін қиын кезең басталған уақытқа дейін жалғасын тапты.

Ауғанстан кез келген зерттеуші үшін өте маңызды, сонымен қатар өте қызықты ел. Бәлкім біздің өңірде осылайша егжей-тегжейлі зерттелген, орасан зор ғылыми еңбектердің объектісіне айналған бірде бір басқа мемлекет жоқ шығар. Ауғанстан библиографиялықтардың ғылыми зерттеулерімен ғана шектеліп қоймайды. Оған соңғы екі жүз жылда Ауған жерінде болған барлық айтулы оқиғаларға қатысушылардың көптеген мемуарлары кіреді.

Мемуарлық әдебиеттің мұндай саны, бір жағынан зерттеушіге болып жатқан оқиғалар туралы түсініктерді жақсартуға көмектеседі. Алайда, екінші жағынан, ол айтарлықтай шиеленіскен жағдайды көрсетеді. Әрине, барлық мемуарлар идеологиялық және саяси артықшылық пен сипаттамалардан бастау алатындығы бұл жағдайға себеп болып табылады.

Ауғанстанға «Эльфинстонның әсері» деп аталатын көрініс тән. Осы британдық барлаушы аталмыш ел туралы еуропалықтар арасында алғашқылардың бірі болып жазба қалдырған. Соңғы екі жүз жылда Ауғанстанда қанша барлаушылар мен әскердің болғанын және олардың құпия немесе ашық майдандарда, қанды шайқастарда қатысқандарын ескере отырып, осы әсердің таралу ауқымын елестетуге болады.

Ресейлік ауған зерттеушісі Бойконың пікірін атап өтуге болады: «Ғылым мен талдаудың көптеген өкілдерінің саяси үрдіске тартылуы саяси және жеке басының қалауында жасырынған ақиқат туралы көптеген жұмыстардың пайда болуына әкелді, ал аса өткір қақтығыстар кезінде ауғаншылардың зерттеу өнімдері қарсылас күштер күресінің

элементіне айналды, оның үстіне осы саладағы көптеген мамандар практикалық саясат пен аналитиканың алғы шептерінен көрінді. Олардың қызметінде Британдық ауғантанушы пионерлердің бірі, «Эльфинстонның феномені»- зерттеліп отырған ел және оның халықтары туралы өз білімдерінің әсері, зерттеліп отырған объектіге деген жеке қарым-қатынасы және тіптен дипломатия болсын, кеңесшілік қызмет немесе мемлекеттік істерге тартылудың басқа да түрлері болса да, саяси жолдағы дүниетанымдық құндылықтардың әсері айқын көрінді». <sup>1</sup>

Ауғанстан зерттеу объектісі ретінде өте қызықты мемлекет болғаны және әлі де ұзақ уақыт бойы аса қызықты болатынына ешқандай күмән жоқ. Оның қазіргі заман тарихындағы көптеген жағдайлары әлі де геосаяси мүдделер мен құпия операциялардың көлеңкесімен көмескіленген. Әрбір жаңа жұмыс көбінесе қайғылы, бірақ әрдайым ұлы Ауған тәжірибесін жақсы түсіну бағытындағы шағын қадам болып табылады.

Ауған эпопеясы сонау 1997 жылы менің ғылыми қызығушылығымның елеулі бөлігі болып қалыптасты. Сол кезде жақында құрылған «Талибан» қозғалысы солтүстікке қарай өтіп, сырт бақылаушыға түсініксіз және қарқынды оқиғалар орын алды. Сол уақытта «Талибан» тарапынан төнген қауіп нақты болып көрінді. Әсіресе, олардың Орталық Азияға әлеуетті соққы бағыттау үрейі оңтүстікке қауіппен қарап, онда үлкен қатер көрген бұрынғы кеңес адамдарын алаңдатты.

Сол кезде Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтында мен «Ауған түйіні және Орталық Азия қауіпсіздігінің мәселелері» атты алғашқы монографиямды жаздым, онда Ауғанстан туралы, талибтер туралы және біздің өңірге төніп тұрған қауіп-қатерлер туралы аса маңызды сұрақтарға жауап беруге тырыстым. Бұл еңбек 1998 жылы 500 данадан тұратын шағын таралыммен жарыққа шықты. Монография Ланьчжоу университетінде қытай тіліне аударылып басылымға шыққаны мені сол кезде қатты таңғалдырды.

Содан кейін 2001 жылы «Талибан» қозғалысы талқандалып, жағдай күрт өзгерді. Осыған байланысты 2003 жылы түзетілген және толықтырылған «Ауған түйіні және Орталық

Азия қауіпсіздігінің мәселелері» кітабының екінші басылымы жарияланды. Осы жолы 4,5 мың данадан асатын ауқымды таралым болды. Бұл кітапты да 2010 жылы Қытайда аударып, Ланьчжоу университетінде басып шығарды.

Содан кейін ауған тақырыбы өзінің өзектілігін жоғалта бастады. Мен үшін басты міндет «Дала тарихы: Еуразия тарихындағы Шыңғысхан мемлекетінің феномені» атты монографияны жарыққа шығаруға дайындықпен байланысты болды. Монография 2011 жылы «Азия орталығы» баспасында жарық көрді. Осыдан кейін менің ғылыми жұмыс жоспарымның күн тәртібінде Ауғанстан қайтадан орын алды.

Алдыңғы кітап шыққан сәттен бері біраз өзгерістер болды. Бір жағынан, жалпылама да, арнайы да көптеген ғылыми зерттеулер жарияланды. Екінші жағынан, оқиғаға тікелей қатысушылардың көп еңбектері пайда болды. Бұл еңбектерден 1990 жылдары тек ақпараттық мәліметтер бойынша ғана пайымдауға болатын оқиғалардың әртүрлі түсініктемелерін көруге мүмкіндік пайда болды. Аталған еңбектерге ұстамды қарау керектігі түсінікті, өйткені олардың авторлары ерікті немесе еріксіз түрде өз іс-әрекеттерін ақтап, қақтығыстағы өзінің жағын ақтауға тырысты. Бірақ, кез келген жағдайда олар Ауғанстан тарихының ең күйзелісті кезеңінде орын алған оқиғалардың жалпы көрінісін көрсетеді.

Тақырып бойынша жұмыс жасау барысында маған «Ауған түйіні және Орталық Азия қауіпсіздігінің мәселелерінің» үшінші басылымы болмауы тиіс деп көрінді. Нәтижесінде «Ауғанстан тарихы» атты жаңа кітап пайда болды. Ол айтарлықтай үлкен кезеңді қамтиды және Ауған соғысының тарихын жақсы түсінуге мүмкіндік беретін жағдайларда Ауған тарихы мен онымен шектес мемлекеттердің тарихы бойынша кең ауқымды мәселелерге жауап беруге тырысады. Сондықтан кітапта Британдық Үндістанның құлдырауына және Кеңес Одағының ыдырауына арналған тараулар бар. Жалпы мен үшін бұл өте маңызды және жауапты еңбек болды. Елдің тарихын жазу – бұл айтуға келмейтін жауапкершілік. Әсіресе, Ауғанстанның тарихы, аса күрделі жағдайларда мемлекет пен халықтың өмір сүруі үшін күрестің эпикалық тарихы болып табылатындығына еш күмән жоқ.



## Ауғанстан премьер-министрі Абдулла Абдулланың алғыс хаты

«Ауғанстан тарихы» кітабын жазған қазақстандық танымал автор Сұлтан Әкімбеков мырзаға ризашылығымды білдіргім келеді. Әкімбеков мырза көрнекті ғылыми нәтижеге қол жеткізді, оның кітабы Ауғанстан тарихы бойынша ең толық ғылыми зерттеу деп санаймын. Авторға ғылыми-зерттеу жолында жетістіктер мен табыстар тілеймін. Ауғанстан мен Қазақстан арасындағы достық жасасын.

Қабул, 2019 ж.



## 1-тарау.

### **Ауғанстан: аймақ тарихының басталуы және мемлекеттің құрылуы**

*Үндістан, Иран және Орта Азия арасындағы аймақ*

Географиялық тұрғыдан қазіргі Ауғанстанның аумағы Азияның осы өңірінің негізгі және айтарлықтай дамыған орталықтары арасында орналасқан. Бір жағынан Орта Азия, екінші жағынан – Үндістан, үшінші жағынан – Иранмен шектеседі. Бұл ретте қазіргі ауған аумақтарының кейбірі географиялық және мәдени-тарихи жағынан соңғылардың құрамдас бөлігі болды. Мысалы, Герат ауданы Иранның тарихи кеңістігіне тиесілі, осындай жағдай қазіргі Ауғанстанның оңтүстік-батыс бөлігін алып жатқан Систанның тарихи ауданында орын алған. Қазіргі уақытта Саманган, Балх, Кундуз, Бадахшан және т.б. провинциялары орналасқан Гиндукуш тау жотасынан солтүстікке қарай аумақ дәстүрлі Орта Азия аймағына жатады. Географиялық тұрғыдан алғанда, жалпы Орталық Ауғанстанның таулы алқабы және географиялық жағынан көршілес орналасқан Сулеймен тауларының ауданы қазіргі Пәкістан аумағындағы Үндістанның, Орта Азия мен Иранның тарихи жерлерін бір-бірінен бөліп, олардың арасында орын ала отырып, оларды бөліп отыр.

Аумақтың осындай географиялық орналасуы Үндістан, Иран және Орта Азия арасындағы сауда, әскери және басқа да байланыстарды қамтамасыз ету болып табылатын тарихи

мәнін нақты айқындап берді. Мұнда саудагерлер, әскерлер, қоныс аударушылар ағыны, қандай да бір себептермен – экономикалық, әскери-саяси, сауда немесе басқа да себептермен, аталып кеткен тарихи маңызы бар үш аумақтың біріне жетуге ұмтылғандар жүріп өтті.

Бұл ретте Ауғанстан арқылы жүру табиғи сипаттағы қиындықтармен күрделенді. Таулы жер бұл үшін елеулі кедергілер тудырды, таулар арқылы асулар салыстырмалы түрде аз болды, олардың көпшілігіне қысқы уақытта жету мүмкін болмады. Атап айтқанда, мұндай қиындық Гиндукуш тауларында ерекше мәнге ие болды, олар солтүстіктен қазіргі Орталық Ауғанстанның аудандарын Орта Азиядан бөліп жатты. Оңтүстік-шығыста Үндістанға қарай Орталық Ауғанстаннан үш негізгі жол торабы орын алған, онда да тау асуларын кесіп өту керек болды. Біреуі Кабул алқабынан Хайбер өткелі арқылы Үнді өзеніне, екіншісі – Точи тау өткелі мен Гомал өткелі арқылы Газниге, үшіншісі – Қандағардан Ходжагин шатқалына, содан соң Чаман мен Болан өткелі арқылы өтті.<sup>1</sup> XX ғасырдың басында ресейлік әскерилер өз тарапынан Ауғанстан арқылы Үндістанға үш негізгі операциялық бағытты бөлгені белгілі. Біріншісі – Қандағар арқылы, екіншісі Гиндукуш арқылы Кабулға дейін, одан кейін оңтүстік-шығысқа Хайбер асуы арқылы, одан әрі – Сулеймен таулары мен Үнді өзені арқылы, ал үшіншісі Ферғана алқабынан Памир арқылы Кашмирге дейін.<sup>2</sup> Бұл ретте соңғы нұсқасы әсіресе, қыс мезгілінде өте күрделі болды.

Сондықтан сауда керуендері, әскерлер, ал кей кезде қоныс аударушы халықтың көпшілігі жүріп өткен негізгі жолдар Ауғанстанның Кабул және Қандағар орналасқан аудандары арқылы өтті. Аталған қалалардың соңғысының оңтүстігіне қарай Араб теңізіне дейін кең шөлді аудандар орын алған, бүгінгі таңда мұнда қазіргі Белуджистан облысы орналасқан. Бұл жерде Үндістанға қарай маңызды бағыттардың бірі өткен, алайда, жергілікті шөл дала жол жүруді ерекше қиындатқаны белгілі.

Қазіргі Ауғанстан аумағының осылайша орналасуы оны Үндістан, Иран немесе Орта Азия аумағында тарихтың әртүрлі кезеңдерінде болған ірі мемлекеттердің шабуыл жасауы үшін де, қорғанысы үшін де стратегиялық маңызды орынға



айналдырды. Алайда, мұндай жағдай барлық аталған азиялық орталықтарға қатысты Ауғанстанның шеткі және тәуелді жағдайын алдын ала анықтады. Ауғанстанның орталық таулы аудандары мұнда ірі мемлекеттілік қалыптастыру үшін негіз бола алмады. Өмір ағыны негізінен бір-бірінен оқшауланған таулы алқаптарда шоғырланды, мұндай алғышарт мемлекеттік құрылыс үдерістерінің басталуына ешқалай ықпал ете алмады.

Егер Ауғанстанның таулы аудандарында осындай мемлекеттер пайда болса, олар негізінен бай Үндістанды жаулап алуға ұмтылды. Оның ресурстары Ауғанстан мен Үндістан аумағына кіретін жаңа империялардың пайда болуы үшін экономикалық негіз болды. Мысал ретінде кушан, эфталит, Газневид немесе Бабыр тарихын келтіруге болады. Бұл ретте Ауғанстан аумағы Үндістанға шабуыл жасайтын плацдармнан, оны жаулап алғаннан кейін шекаралық солтүстік-батыс периферияға айналды. Оның басты функциясы Үнді иеліктерін солтүстік және батыс жақтан жаңа бәсекелестердің пайда болуынан қорғау болды.

Осылайша, Үндістанға қарай бағытталған кез келген қозғалыс қазіргі Ауғанстан аумағын және Сүлейман тауларының ауданын алдын ала алуды, және де тиісінше кез келген Үндістанды қорғау шаралары осы аумаққа бақылау жасауды талап етті. Атап айтқанда, Үндістанда Бабыр және оның ұрпақтары құрған Ұлы Моғолдар мемлекеті өзінің гүлденуі кезеңінде Ауғанстан аумағын сенімді түрде бақылап, орталығы Кабул болған провинцияға ие болды.

Жалпы алғанда, Орта Азия мен Иран өңірлерінің Ұлы Жібек жолында орналасуының тарихи ерекшелігі сияқты, бай Үндістанға бағыт алу қазіргі Ауғанстан аумағындағы мемлекеттерінің аса бір ерекшелігі болды. Сонымен қатар, аталған өңірлер халықтың орналасу сипатымен ерекшеленгенін атап өту қажет. Жоғарыда атап өтілгендей, Орталық Ауғанстанда бұл негізінен таулы алқап, ал Орта Азия мен Иранда көшпелі өмір салтын жүргізуге ыңғайлы дала кеңістіктерінің ауқымды учаскелері орналасқан отырықшы оазистер болды.

Соңғы жағдай Орта Азия мен Иранда ірі империялық мемлекеттіліктің пайда болуы кезінде үлкен рөл атқарды.

Өйткені ашық кеңістікте орналасқан отырықшы оазистер сыртқы жаулап алу үшін немесе сырттан мәдени ықпал ету үшін қол жетімді болды. Тиісінше, оларды қандай да бір сыртқы күш арқылы салыстырмалы түрде біріктіруге болады, мұндай рөлді қандай да бір көшпелі тайпалар атқара алды. Орталық Ауғанстан аумағындағы бір-бірінен оқшауланған таулы алқаптар олардың халқын бір мемлекет шеңберінде біріктіруге кедергі келтірді. Сонымен қатар оларды оқшаулау қазіргі Ауғанстанға да тән мәдени және тілдік алуан түрлілікті сақтауға ықпал етті. Керісінше, Орта Азия мен Иранда әртүрлі аумақтар арасындағы экономикалық, саяси және мәдени өзара іс-қимылды жүзеге асыру оңайырақ болды, бұл тілдік және мәдени тұрғыда анағұрлым маңызды ортаның пайда болуына жағдай жасады.

Осылайша, Ауғанстанның таулы орталық аудандарының жағдайы жергілікті мемлекеттік құрылыстың кез келген үдерістерінің жолында негізгі елеулі кедергі болғанын атап өткен жөн. Бұл көбінесе Азияның басты экономикалық және саяси орталықтарына қатысты оның перифериялық жағдайын айқындады. Сонымен қатар, Ауғанстан Азиядағы ең маңызды аудандардың бірі Үндістанға қарай транзиттік аумақ ретінде үлкен маңызға ие болды.

### *Аймақтың ежелгі тарихы*

Аймақтың ежелгі тарихы айтарлықтай көмескі. Шамамен б.з.б. III мыңжылдықта Солтүстік Үндістан, Орта Азияның оңтүстік бөлігі және оңтүстік-батыс Иранның (Элам) халқы біртекті болған. Олар дравид тілінде сөйлеген. Атап айтқанда, Солтүстік Ауғанстанда, ежелгі Бактрияда Үнді<sup>3</sup> өзені алқабынан Хараппа мәдениеті өкілдерінің колониялары байқалды. Батыста дравидтілді халық Месопотамияда семиттілді және Иранда кавказтілді халықтармен көршілес болды.

Б.з.б. II мыңжылдықтың басында аймаққа үнді-еуропалық тайпалар ене бастады. Олардың шығу тегі мен қозғалыс бағыттары әлі күнге дейін мамандардың дауларын туғызады. Бір нұсқаға сәйкес Кавказ арқылы Иран аумағына б.з.б.

II мыңжылдықтың басында протоүндірий тайпалары кіре бастаған. Содан соң, кейінірек Кавказ арқылы Иранға қоныс аударған протоирандық тайпалардың қысымымен, олар біртіндеп Үндістан бағытына қарай жылжиды. Б.з.б. II мыңжылдықтың ортасында протоиран тайпалары Иранның бүкіл аумағын алып, Амудария мен тарихи Бактрия алқабына дейін жетеді. Шамамен б.з.б. XIV-XIII ғғ. олар үндірийлерді Үндістанға біржола ығысуға мәжбүр етеді.<sup>4</sup> Осы теориядан алғанда ежелгі иран тілінен Бактрийдің тарихи атауы «Шығыс елі» деп аударылатынын айтуға болады. Әдетте қоныс аударушылар Орта Азия аймағына батыс жағынан келген деген қорытынды жасалады.<sup>5</sup>

Сонымен қатар Иранның ирантілді тайпалармен қоныстануы Кавказ арқылы емес, Орта Азияда арқылы орын алған деген болжам бар. Тәжік ғалымы Бабаджон Гафуровтың пікірінше, «мидиялықтар, перстердің және басқа да Батыс ирандықтардың ата-бабалары Кавказ арқылы Иранға келген деген теориясына қатысты айтар болсақ, осы көзқарас тұрғысынан қазіргі уақытта бірқатар авторлардың пікірлері бір арнаға тоғысады, дегенмен оны дәлелденген деп санауға болмайды. Бізге Иранға да, сондай ақ бірқатар басқа аумақтарға да, ирандық тайпалар Орта Азиядан келген сияқты. Орта Азиядан да, Кавказ арқылы да өткен деп екі жолды да айтуға болады».<sup>6</sup>

Археология деректеріне сәйкес пастуш тайпаларының солтүстіктен Орта Азияға қоныс аударуы б.з.б. II мыңжылдықтың екінші тоқсанынан басталған. Аталған көшіп-қонушылар Андронов және срубная мәдениетінің тайпаларынан шыққан. Б.з.б. XII-IX ғасырларда олар аймақтың барлық аумағын қамтыған.<sup>7</sup> Андронов және срубная археологиялық мәдениеті дәстүрлі түрде ирантілді тайпалармен бірегейленеді.

Яғни, ирантілді тайпалардың теориялық қозғалысы солтүстіктен, Орта Азиядан, және батыстан, Кавказ арқылы да болуы мүмкін. Мұндағы басты мәселе ирандық тайпалардың қалай қоныс аударғандығы болып табылады. Өйткені үндірий тайпалары, әрине, Үндістанға ирандық тайпалардың пайда болуынан бұрын жеткен.

Кез келген жағдайда үндіеуропалық халықтардың қоныс аудару толқыны Ираннан Солтүстік Үндістанға дейінгі кең аумақтағы өзгерістерге алып келді. Қазіргі Ауғанстанның аумағы осы қоныс аударуға қатысты болды.

Б.з.б. III және II мың жылдық шекарада Оңтүстік Иранның күрт аридизациясы басталды, «бұл жоғарыда сипатталған үлкен кеңістіктің (Месопотамиядан Үнді өзеніне дейінгі аумақ – *Авт.ескерт.*) өмір сүруге жарамды анағұрлым қолайлы облыстары арасындағы байланысты қиындатып, бір кездері үлкен ойкуменаның бір-бірінен оқшауланған субөңірлерге ыдырауына ықпал етті».<sup>8</sup> Сәйкесінше, үнді тайпалары өткен маршрут бойынша халықтардың жаппай қоныс аударуы қиынға соқты. Сонымен қатар, Белуджистан орналасқан Оңтүстік Иранның ауқымды аймағының шөлейттену үдерісі Ауғанстанның Орталық таулы аудандарының маңызын арттырды. Бір жағынан, Үндістаннан Иранға дейінгі сауда жолдары су көздерін табуға болатын тауларға тартыла бастады, бұл қазіргі Ауғанстан аудандарының маңыздылығын арттырды. Екінші жағынан, Үндістаннан Орта Азияға Кабул өзенінің алқабы бойымен Орталық Ауғанстан арқылы және одан әрі Гиндукуш арқылы бағыт белсенді түрде пайдаланыла бастады.

### *Аймақтың саяси тарихы*

Б.з.б. VI ғасырдан бастап Ауғанстан мен іргелес аумақтардың саяси тарихы жазбаша деректермен өте жақсы белгілі. Орта Азия мен Ауғанстан жерлері Парсы империясының құрамына кірді. Парсылар даламен сыртқы шекараларда, Сырдария өзені шекара болған, көшпелі ирантілді сақтар мен массагеттердің тайпаларымен соғысты. Атап айтқанда, б.з.б. 529 жылы олармен соғыста Ахеменидтер әулетінен шыққан Парсы мемлекетінің негізін қалаушы Кир қайтыс болды.<sup>9</sup> Басқа ахеменид – Дарий патша кезінде Парсы империясының құрамына Үнді өзенінің алқабы кірді. «Үндістан» (Үнді алқабы, оның шығыстағы шекарасы Раджпутан шөлі болды) он екінші және анағұрлым елді мекенді әкімшілік аумақты (сатрапияны) құрады. Одан

360 талант алтын құм мөлшерінде алым алынды».<sup>10</sup> Парсы империясының құрамында Орта Азия, Ауғанстан аумағы, сондай-ақ Үнді алқабы шамамен 200 жыл бойы бірге болды.

Б.з.б. 334 жылы Ескендір Зұлқарнайын Парсыға қарсы соғысты бастады, ол 327 жылға қарай Парсы империясының шығыс бөлігінің барлық аумағын, оның ішінде қазіргі Герат орнында болған Дрангиананы, қазіргі заманғы Қандағардың орнындағы – Арахосияны, және Мерв ауданында Маргиананы жаулап алды. Сонымен қатар, қазіргі Ауғанстанның Гиндукуштен солтүстікке қарай орын алған Бактрия, орталығы Балх (Бактра қаласы) болған аудандар, одан бөлек орталығы Самарқанд (Мараканда) болған Согдиана македондықтардың бақылауына көшті. Б.з.б. 327 жылы Ескендір Зұлқарнайын Гиндукуш арқылы Орта Азиядан Солтүстік батыс Үндістанға жорық жасады. Бұл жерде ол Сүлейман таулары мен Үнді өзені арасындағы ауданда қоныстанған тайпалармен күресті. Б.з.б. 326 жылы ол Үндінің шығысындағы жергілікті үнді билеушілерімен соғысты. Б.з.б. 325 жылы Ескендір бірнеше жеңістерден кейін Иранға оралып, қазіргі Белуджистан шөлінен өтті. Олар тағайындаған грек сатраптары Үнді алқабында б.з.б. 317 жылға дейін Маурилік үнді мемлекетінің тарапынан соққыға түсіп, жеңіліске ұшырағанша тұрды.<sup>11</sup> Сол уақытта Согдианда және Бактрияда македондықтар мен гректер билігі сақталды.

Аталған кезеңде Орталық Ауғанстанның таулы аудандарында, мысалы, оларға іргелес Дрангиан, Арахосии, Маргиана, Бактрия және Үнді алқабы сияқты егіншілік аймақтарда болған дербес экономикалық маңыздылық оларда болған жоқ. Бұл таулы аудандардың басты мәні барлық осы өңірлердің арасындағы көлік қатынасына байланысты болды. Македониялық билік иелері коммуникациялық қиындықтарға байланысты ақыр соңында Үнді алқабында тұрақтай алмағандығы айқын. Оларға Ирандағы империяның орталық аудандарымен де, сол кезде грек қоныстары мен сарбаздары болған Бактриямен де байланыс орнату қиынға соқты. Бірінші жағдайда коммуникациялар қазіргі Белуджистанның шөлді аудандары арқылы, екінші жағдайда Орталық Ауғанстанның таулы аудандары арқылы өтті.

Македон империясының құлауынан және б.з.б. 312 жылы оның мұрасы үшін ұзақ уақытқа жалғасқан соғыстардан кейін оның шығыс бөлігінде Селевк есімді Ескендірдің әскери қолбасшыларының бірі бекітілді. Орта Азиядағы Бактрия мен Согдиана алғашында Селевкидтер мемлекетінің құрамына кірді, бірақ Үндістан олар үшін қол жетпес болған еді. Шамамен б.з.б. III ғасырдың ортасында Бактриядағы селевкидтік билік өкілі Диодот бұл жерде дербес билеуші болды. Бұл Селевкидтердің арасындағы өзара күрестің басталу уақытымен тұспа-тұс келді. Осы күрестің нәтижесі ретінде Шығыс Иранда Селевкид мемлекетінің орталығы орналасқан Сириядан Бактрияны бөлген тәуелсіз Парфян мемлекеті құрылды. Бұл Диодот үшін Селевкидтерден сәтті бөлініп шығуға жағдай жасады.

Диодоттың мұрагерін басқа грек Евтидем тақтан тайдырды, ол б.з.б. III ғасырдың аяғында Селевкид патшасы III Антиох әскерінің Бактрияға жасаған шабуылын қайтарған. Селевкидтер шығыс провинцияларда өз билігін қалпына келтіруге тырысты. III Антиох парфянды талқандап, Бактрияға басып кірді, алайда Бактра (Балх) қаласын ала алмады. Ұзақ қоршаудан кейін ол Евтидеммен бейбіт келісім жасап, сөйтіп Грек-Бактрия патшалығының тәуелсіздігін растады.

III Антиох Бактрияда болған сәтсіз соғыстан кейін Сирияға өз үйіне қайтпай, б.з.б. 206 жылы Үндістанға жорыққа шықты. Оның әскері қазіргі ауғандық Балх провинциясынан, мұнда Бактра қаласы орналасқан, Үнді алқабына қарай Гиндукуш пен Сүлейман таулары арқылы өтті. Бірінші кезекте бұл әскери олжаға кенелу сапары болғанын атап өткен жөн. Бұл ретте, Антиох Бактриядағы соғыс сәтсіздігіне кек қайтаруға және өзінің жалдамалы әскер жауынгерлерінің қызмет ақысын төлеуге ұмтылғандығы әбден ықтимал. Тағы да біз жаулап алушының бай Үндістанға деген қызығушылығы қазіргі Ауғанстанның Орталық таулы аудандары арқылы әскери жорықтарының басты түрткісі болып табылатынын байқай аламыз.

Евтидем билігі кезінде Грек-Бактрия патшалығы толығымен дербес болды. Евтидемнің ұлы Деметрий б.з.б. II ғасырдың басында өзінің Үндістанды жаулап алу жорығына шыққан. Мұндай жорық солтүстік көшпенділер – сақтар тарапынан тікелей қауіп болмаған жағдайда ғана мүмкін болғанын атап

өтуге болады. Грек-бактриялық патшалар, оларға дейін македониялық басшылар, ал одан бұрын парсылар сияқты сақтардың соққысынан қорықпаған болар. Бактрия мен Согдианадағы орталықтандырылған мемлекет жергілікті әскери ресурстарға сүйене отырып, көшпенділер тарапынан қауіп-қатерге қарсы тұруға және тіпті Үндістанға әскери жорық үшін әскердің қомақты бөлігін бөлуге әбден қабілетті еді.

Бұл жағдайда Орталық Ауғанстанның аумағы Орта Азия мен Үндістан арасындағы байланыс желілерін қамтамасыз ету құралы ретінде тағы да өзінің рөлін атқарды. Алайда бәрінен бұрын таулар арқылы хабарлау, әсіресе қыс мезгілінде өте қиын болды. Дәл осы себеп Грек-Бактрияда патшаның болмауын пайдалана отырып, Евкратид атты гректің жүзеге асырған төңкерісі үшін жағдай туғызғандығы әбден мүмкін еді.<sup>12</sup> Нәтижесінде Деметрий Бактрия билігін қайтара алмады, бірақ ол өзінің Үндістандағы олжасын сақтап қалды. «Оның иеліктері Үнді алқабымен шектелді және ол «үндістердің билеушісі» ретінде танымал болды. Оның астанасы Евтидемия немесе Сакала (Батыс Пенджабтағы Сиалкот) болды».<sup>13</sup> Евкратид те Бактрияда нығайып, Үнді алқабына Ауғанстанның таулы аудандары арқылы жорықтар жасап, Пенджабтың бір бөлігін жаулап алды. Бірақ Евкратид б.з.б. шамамен 155 жылы Ауғанстан тауларында қаза тапты, содан кейін Грек-Бактрия Үндістанда да, Орта Азияда да бір-біріне тәуелсіз бірқатар иеліктерге ыдырады. Атап айтқанда, Үндістанда дербес Грек-Үнді билеушісі Менандр танымал болды. Соңғы грек билеушісі Гермай Үнді алқабында б.з.б. I ғасырға дейін қоныстанған, оны кушандар талқандады.<sup>14</sup> Орталық Азияда қуатты орталықтандырылған мемлекеттің жоқтығына қарамастан, осы кезеңде Солтүстік көшпенділер саяси үдерістерде дербес рөл атқара алмады. Ең болмағанда, олар грек-бактриялық билеушілерге Үндістанды жаулап алу соғыстарын жүргізуге және өзара ішкі қақтығыстарға түсуге кедергі келтірмеді.

Орта Азиядағы солтүстік көшпенділер мен отырықшы мемлекеттер арасындағы қарым-қатынас б.з.б. II ғасырда, Орта Азия шекараларында юэчжи тайпалары пайда болған кезде айтарлықтай өзгерді. Юэчилер ирантілді болды және б.з.б. II ғасырдың басына дейін батыс Моңғолияда, сондай-

ақ Қытаймен шекараларда өмір сүрді. Олар Қазақстан аумағына тән, андронов мәдениетіне жақын болған карасук археологиялық мәдениетіне жатқандығы ықтимал. Шығыста – батыс Моңғолияда, Сібірде және Қытаймен шекарада ирантілді көшпенділердің жағдайы б.з.б. II және I мыңжылдық аралығында тұрақты болды, б.з.б. II ғасырдың басында олар ғұндардан жеңіліске ұшырап, кейін Орта Азия жағына қарай бет бұруға мәжбүр болды.

Орта Азияда юэчжилердің пайда болуы көшпелі тайпалар мен отырықшы мемлекеттер арасындағы тепе-теңдікті бұзғандығын атап өткен жөн. Естеріңізге сала кетейік, юэчжилердің ізашарлары – ирантілді сақтар ұзақ уақыт бойы Орта Азияда ірі орталықтандырылған мемлекеттердің, мысалы, парсылардың, македондықтар мен грек-бактрийлердің өмір сүруіне айтарлықтай қауіп төндіре алмады. Юэчжилер өздерінің дала бәсекелестері – сақтардан тез арада басымдыққа шығып қана қоймай, нәтижесінде грек-бактриялық патшалықты жеңіліске ұшырата білді.

Көп жағдайда бұл жаңадан құрылған орталықтандырылған Қытай мемлекеттілігі мен көшпенді тайпалар арасындағы Қытай-дала шекарасындағы қақтығыстардың нәтижесі болған көшпелі тайпалар ұйымының жаңа формасының арқасында мүмкін болды. Бұл жерде болған тайпалар Қытаймен, сондай-ақ өзінің көшпелі бәсекелестерімен күресу үшін өзінің шоғырлану деңгейін күрт арттыруға мәжбүр болды. Сондықтан ғұндар мен юэчжилер арасындағы қақтығыс – шоғырланған екі тайпа тобының арасындағы шайқас болды, мұнда юэчжилер жеңіліс тапты, бірақ олар ұйымдасудың жоғары деңгейін сақтап қалды. Бұл жағдай, кейіннен оларға, Сырдариядан солтүстікке қарай далада және Грек-Бактрияда бөлек-бөлек орналасқан сақ тайпаларынан басым болуын қамтамасыз етті.

Қытай шекарасындағы өзгерістердің нәтижесінде Еуразия далаларындағы тайпалардың салыстырмалы түрде тұрақты таралуы осыған дейін бірнеше мыңжылдықтарда болған тайпалардың таралуын бұзды. Сонымен қатар, көшпенділер шығыстан батысқа қарай тұрақты түрде қозғала бастады. Дәстүрлі тайпалар бай отырықшы аумақтарға ұмтылды. Бұл олардың Қытай, Месопотамия, Орта Азия бағытында, кез келген



басқа отырықшы аумақтарға қозғалуына себеп болды. Қытайда орталықтандырылған империя құрылғаннан кейін Қытаймен шекара маңындағы нақты механизм іске қосылды, ол шығыстан батысқа қарай жақсы ұйымдастырылған тайпаларды қайта-қайта ығыстыра бастады. «Қытайдың Цинь империясының билігімен бірігуі, әсіресе Ұлы қытай қорғанының құрылысы Солтүстік көшпелі тайпалар үшін жағдайды күрт өзгертті. Сонымен қатар, біртұтас Қытай мемлекетінің қолындағы орасан зор әскери ресурстар мен материалдық құндылықтардың шоғырлануы жекелеген тайпалардың Қытайға қатысты қандай да бір неғұрлым тиімді дербес саясатты жүргізу мүмкіндігін күрт шектеді, ол үшін олар дәрменсіз болды. Сондықтан Қытайға қарсы күрес үшін дала көшпенділерінің әскери ресурстарын шоғырландыру идеясының пайда болуы әбден орынды болды. Бұл Қытайдың бұрын болған бірігуіне деген жүйелік реакция болды деп болжауға болады».<sup>15</sup> Қытай мен көшпенділер қатынастарындағы өзгерістер Орта Азияны қоса алғанда, даламен шектес аумақтардың барлық тарихына орасан зор әсер етті.

Юэчилер шығыстан келген көшпенді тайпалардың ішінен алғашқылардың бірі болды. Олар б.з.б. 140-130 жж. Орта Азия шекарасында пайда болды және өз орындарынан қазіргі Қазақстан даласындағы сақ тайпаларын шегіндірді, олардың бір бөлігі Орта Азия мен Ауғанстан арқылы Үндістанға бет алды. Сақтар Үнді алқабында бірқатар мемлекеттер құрды. Біраз уақыт мұнда бір мезгілде үндігрек және үндісақ мемлекеттері болды. Сонымен қатар, сақтардың ықпал етуі Шығыс және Оңтүстік Үндістанға дейін тарады. Соңғы сақ билеушілері Үндістанда б.з. IV ғасырдың ортасына дейін үстемдік етті.<sup>16</sup> Сақтар Орта Азияның оңтүстік аумағына кеткеннен кейін бұл жерлерді Грек-Бактриялық патшалықты түпкілікті жойған юэчилер басып алды. Юэчилердің бір тобы Кушан патшалығын құрды.<sup>17</sup> Алғашқы әйгілі Кушан билеушісі Кадфиз I Бактриядан өзінің жаулап алу жорықтарын Кабул алқабында іске асырып, сол жерден соңғы бактриялық гректерді ығыстырып шығарғандығы белгілі.<sup>18</sup>

Оның іс-әрекетінің қисыны айқын болды – Кабул ауданын бақылауда ұстау одан әрі Үндістанды басып алу жолындағы

міндетті шарт болды. Канишка патша болған кезде Кушан патшалығы өзінің гүлдену кезеңін басынан кешірді. Олар Орта Азияның көп бөлігін және Үндістанның едәуір аумағын, оның ішінде Үнді алқабының шегінен тыс жерлерді де бақылауында ұстаған. Әрине, Орталық Ауғанстанның таулы аудандары Кушан мемлекетінің осы екі негізгі құрамдас бөлігі арасындағы байланыстырушы буын рөлін тағы да атқарды. Дәл осы уақытта Ауғанстан тауы Бамианда Будданың атақты мүсіндері салынды.

Орта Азиядағы кушандардан кейін шамамен V ғасырдың ортасынан бастап басқа көшпенділердің гегемониясы басталады. Бұл «ақ ғұндар» деп аталатын эфталиттер болды. Аталған халықтың шығу тегі әлі де түсініксіз. Оларға қатысты қолданылатын «ғұндар» атауы эфталиттер ғұндарға қатысты болды деп болжауға мәжбүрлейді. Тиісінше олар Ғұн мемлекеті орналасқан Моңғолияның түріктілді немесе моңғолтілді халқымен байланысты болуы тиіс. Ғұндардың тілдік шығу тегі де белгісіз. Сонымен қатар, эфталиттер ирантілді деген ақпарат бар. «Эфталит жазуы – Кушан (бактрий) жазуының тікелей жалғасы».<sup>19</sup> Бактрийлер мен кушандар ирантілді болғаны түсінікті.

Эфталиттер юэчилер сияқты қытай шекарасынан келген тәрізді. Сондықтан, олар ғұндардан жеңіліс тапқан соң юэчилермен кетіп қалған ирантілді тайпалар тобын құрды. Мүмкін олар басқа тайпалармен қатар ғұн одағына кіріп, оның құрамында Қытаймен соғысқан болар. Моңғолиядағы ғұндардың күштілігінің құлдырауынан және қуаттың моңғолтілді сяньби тайпаларына көшуінен туындаған саяси күйзелістер эфталиттерді оңтүстік-батысқа, Орта Азияға қарай қоныс аударуға мәжбүр етті. Мұнда олар «Ақ ғұндар» атымен танымал болды. Егер эфталиттер ирантілді болса, онда олар Еуразия даласының шығыс бөлігінің соңғы ирандық көшпенділері болды.

Эфталиттер, кушандар сияқты, бастапқыда Бактрияға сүйеніп, б.з. 460 жылы олар солтүстік батыс Үндістанды алды. Орталық Ауғанстан тағы да эфталиттердің ортаазиялық және үнді иеліктерінің арасындағы басты байланыстырушы орталықтың рөлін атқарды. Негізгі байланыстар Кабул

ауданы арқылы жүзеге асырылды. Эфталиттер өзінің құдіреті жүріп тұрған кезеңінде Иранды да алым төлеуге мәжбүр етті. Стратегиялық тұрғыдан олар Орта Азия мен Ауғанстаннан Иранға кез келген мүмкін болатын бағытта қысым көрсете алды. Иран эфталит мемлекетінің екі бөлігін – Үндістан мен Орта Азияны бір-бірімен байланыстырған, Кабул арқылы өтетін жолдарға ешқандай әсер ете алмады.

VI ғасырдың ортасында Моңғолияда жаңа көшпелі мемлекет – Түрік қағанаты құрылды. 560 жылы түрік қағаны, Бумынның ағасы Істімі Иранмен эфталиттерге қарсы бағытталған келісімге қол қойды. 565 жылы Істімі Шашты (Ташкент) жаулап алып, Қаршыдағы ұрыста эфталиттерді талқандады. «Түріктер Ираннан оларға бұрын эфталиттер берген алымды төлеуді талап етті және қазір түрік қағаны бағынысындағы соғдиялық жібек саудагерлері үшін өз аумағы арқылы жол ашты. Хұсраудың осы алым-салықты үзілді-кесілді қабылдамағанынан түрік әскері Иран шекарасына қарай жылжыды, бірақ Горган қаласында парсылар орналасқан мықты бекіністерге тіреліп, оларға шабуыл жасауға бел байлаған жоқ. 571 жылы түріктер мен Иран арасында бейбітшілік орнады. Олардың арасындағы шекара Амудария өзені болды».<sup>20</sup> Нәтижесінде Иран мен Түрік қағанаты Орта Азиядағы ықпалды бөліп алды. Эфталиттер Үндістанда өз билігін VI ғасырдың соңына дейін ішінара сақтап қалды. Солтүстік-батыс Үндістанда раджпуттардың әлеуметтік тобының пайда болуы жергілікті үнді халқының ортасында эфталиттердің (ғұндардың) ассимиляциясымен байланысты деген қызықты нұсқа бар.<sup>21</sup> Үндістанға VI ғасырда басып кіруге мүмкіндік беретін ірі орталықтандырылған мемлекет болмағанына қарамастан, түрік экспансиясының негізгі бағыты Иранмен және Қара теңіз далаларымен байланысты болды.

Оның себебі Түрік қағанатының экономикалық басымдығында болған тәрізді. Оның мүдделері негізінен Византияда Қытай жібегін өткізу нарығына қол жеткізумен байланысты болды. Сондықтан түріктер Иранмен соғысты, сондықтан олар Византия нарығына еркін қол жеткізу үшін Кавказға және Қара теңізге шығуға ұмтылды. Үнді бағыты

олар үшін осындай экономикалық тұрғыдан маңызды болған жоқ.

Алайда, түріктердің күштілігі ұзаққа созылмады, олардың үстемділігі Қытаймен қарым-қатынаста олардың позицияларының әлсіреуімен қатар төмендеді. Түріктер Бэй-Ци және Бэй-Чжоу екі жаулас қытай империяларының саясатын бақылап отырған кезде, оларда Еуразия даласының барлық кеңістігінде империялық саясатты жүргізуге ресурстар болды. Қытайда Суй бірыңғай империясының пайда болуы Түрік қағанатының экономикалық және саяси мүмкіндіктерін күрт шектеді, нәтижесінде Батысжәне Шығыс Түрік қағанатына бөлінді. Соның салдарынан түріктер Орта Азияда да өз ықпалын жоғалтты.

VII ғасырдың басында Орта Азия мен Ауғанстан бірқатар шағын иеліктерге бөлінді. «Ірі иеліктермен қатар, көптеген ұсақ-түйек иеліктер де болды, олардың кейбіреулері тіпті өз тиындарын соққан».<sup>22</sup> Бұл жерде өз әсерін көрсететін, сонымен қоса Үндістанға үстем көрсете алатын үлкен империялық мемлекеттілік болған жоқ. Сондай-ақ, Иран ресми адалдық таныта отырып, Ауғанстанның Орталық таулы аудандары мен Орта Азияны өз бақылауына алуға ұмтылмады. Осы уақыт кезеңінде ирандық Сасанидтер әулеті батыстағы Византия империясымен күресі нәтижесінде барынша мол жетістіктерге қол жеткізгенін атап өткен жөн. VII ғасырдың екінші онжылдығында сасанидтер Мысыр, Сирия және Палестина сияқты Византия провинцияларының бір қатарын жаулап алып, Константинопольге дейін жорыққа шықты.<sup>23</sup> Бұған VII ғасырдың басында, Иранның шығысында эфталиттер, кейін түріктер сияқты мықты жаудың болмауы себеп болған шығар. Шын мәнінде, бұл парсыларға барлық күштерін батыс бағытта шоғырландыруға мүмкіндік берді.

Алайда, VII ғасырдың басында Таяу Шығыстағы Византия мен Иранның ұзақ уақытқа жалғасқан соғыстары екі мемлекетті де әлсіретіп, жаңа әскери-саяси күш – Араб халифатының жетістікке жету себептерінің бірі болды. 637 жылы арабтар сасанид әскерін Кадисия маңында, одан кейін тағы да 642 жылы Нехавенд тұсында талқандады. 651 жылы соңғы ирандық шах Йездигерд Мерв ауданында өлтірілді.<sup>24</sup>

Содан кейін арабтар Орта Азия мен Үндістанға шабуыл жасады. 712 жылы арабтар Үндістандағы Синд провинциясын жаулап алады.<sup>25</sup> 737 жылы Гиндукуштың солтүстігіндегі Балх қаласының тумалары, Бармакидтер отбасының ақсүйектері ислам дінін қабылдайды.<sup>26</sup> 751 жылы арабтар Талас шайқасында қарлұқтардың түріктілдес тайпасының қолдауымен Қытай армиясының Тан империясын талқандайды, өз кезегінде бұл олардың Орта Азиядағы ықпалын күшейтті. Аймақ халықтарының тарихында ислам кезеңі басталды.

VIII ғасырдың ортасында Араб халифаты Испаниядан Үндістанға дейін үлкен аумақты алып жатты. Бұл кезеңде халифатта орталықтандырылған басқару жүйесінің әлсіреуі орын алып, оның көптеген шеткі аудандары дербес аймаққа айналды. Бұл жерде билік жергілікті билеушілерге өтеді. Атап айтқанда, бұл Үндістандағы Синд ауданына да, Орта Азияға да, Ауғанстанның таулы аудандарына да тән болды. Ауғанстанмен көршілес Орта Азия мен Үндістанның аудандарында көптеген дербес билеушілердің болуын айта кеткен жөн, демек, мұнда орталықтандырылған мемлекеттіліктің болмауы олардың арасында орналасқан таулы аудандардың маңызын автоматты түрде төмендетті. Мұнда ішкі ресурстар дербес мемлекет құру үшін де жеткіліксіз болды.

900 жылы Орта Азияның көптеген дербес билеушілері арасында Самарқан пен Бұхарадан бастап Хорасан мен Систанға, сондай-ақ қазіргі Оңтүстік Ауғанстандағы Газни қаласына дейін билік еткен, саманилер әулетінің негізін қалаушы, Исмаил Самани бөлініп шықты. Саманилер Орта Азиядағы соңғы ирантілді династия болды деп саналады.

Осы кезеңде бүкіл өңірдің отырықшы халқы бұрынғысынша негізінен ирантілді болған. Алайда, Орта Азиядан солтүстікке қарай дала алқабында осы сәтте түрлі түріктілдес тайпалар тығыз қоныстанды. Олардың қоныс аударуы ғұндар дәуірінен басталды, одан кейін Моңғолиядағы үстемдік кезеңінде моңғолтілді жуанжуандар мемлекеті жалғасты, олардың билігінен түріктілдес тайпалар батысқа қарай бет алды. Түрік қағанатының өмір сүру кезеңі, сондай-ақ оның ыдырау үдерісі олардың үстемдігін орнықтырды.

Нәтижесінде Орта Азияның отырықшы халқы мен онымен шекаралас солтүстік көшпенділер арасындағы қарым-қатынаста тілдік шектеу пайда болды. Бұл жерде көшпелі тайпалардан шыққандар әскери қызмет атқаруға дайын болу мәселесінде отырықшы тұрғындар алдында басымдыққа ие болғанын атап өту керек. Бұл отырықшы мемлекеттердегі бұрын болған әлеуметтік дифференциацияға байланысты қоғамның елеулі бөлігінің бағынушы тап қатарына өтуіне байланысты болды, бұл олардың жеке жауынгерлік сапасын автоматты түрде төмендетті. Сондықтан көшпенділер отырықшы мемлекеттерде әскери күш ретінде ерекше сұранысқа ие болды. Ал көшпенділер түріктілдес болғандықтан, Орта Азия өңірінің отырықшы халқы иран тілдес болғандықтан, нәтижесінде әскери басымдықтың, сәйкесінше, саяси басымдықтың да Иран халықтарынан түрік халықтарына бірте-бірте көшу үрдісі қалыптасты.

Сондықтан да, Саманилер державасы сияқты ирантілді мемлекеттерде де көшпелі түріктілдес тайпалардан шыққандар негізгі әскери күшке ие болды. Олардың кейбіреулері қызметке ерікті түрде кірді, басқалары құл-жауынгерлер болды. Алайда, оларды әскери күш ретінде қолдану нақты түрік тайпаларына тиесілі болғанына байланысты емес, олардың көшпелі шығу тегіне байланысты болды. Ерте кезеңде отырықшылар қоныстанған алқаптардың шекарасында осындай функцияны ирантілді сақтар, скифтер және киммерийліктер табысты орындады. Сондықтан Еуразия даласындағы көшпенді халықтың иран тілінен түріктілдес елдерге ауысуы аймақтың негізгі отырықшыл елдеріндегі басты әскери күштің ауысуын білдірді.

Саманилердің негізгі әскери күші түрік құл-жауынгерлері болды. Сонымен, Газни қаласының гарнизонында, Оңтүстік Ауғанстанның таулы аудандарында, 963 жылы Саманилердің қызметінде жалдамалы болған түрік командирі Алптегін ерекшеленді. 977-ші жылы Газнидегі билік Алптегіннің күйеу баласы – тағы да түрік жалдамашысы Сабұктегінге ауысады. 998 жылы Сабұктегіннің ұлы Махмуд билеуші болды. Сол кезеңде, 999 жылы Орта Азияда түрік-қарахандықтардың соққысымен Саманилер мемлекеті құлады.

Махмұд құрған Газневид мемлекетінің негізгі билік көзі оның иелігінде түрік жалдамашыларының көптігі болды. Орта Азияда Саманилер құлағаннан кейін олар солтүстіктен Газниге ағыла бастады. Алайда Газни өңірі жалдамалы сарбаздардың осыншама санын қамтамасыз ете алмады. XVI ғасырда Үндістанды жаулап алған Бабыр қандай да бір аумақтың экономикалық мәнін оның солдаттарының белгілі бір санын қамтамасыз ету қабілеті тұрғысынан бірінші кезекте қарастырып, бұл аймақтың осы тұрғыда айтарлықтай маңызды болмауын атап өтті.

«Газни айтарлықтай елеусіз аймақ, Хиндустан мен Хорасанды бағындырған мемлекет, осындай жерлерге ие бола отырып, түкке тұрмайтын жерді астана еткеніне мен әрдайым таң қалам».<sup>27</sup> Сондықтан да Газниде қуатты мемлекет құрудың бірден-бір мүмкін тәсілі Ауғанстанның аумағында осы тау ауданымен көршілес орналасқан Үндістаннан әскери олжа табу болды. Замандастары «Махмуд жыл сайын Үндістанға жорық жасау міндетті деп есептегенін» атап көрсетті.<sup>28</sup> Іс жүзінде бұл, біріншіден, аса маңызды жалдамалы әскер қызметіне ақы төлеу үшін мемлекеттік қажеттіліктерді қамтамасыз етудің тұрақты тәсілі ретінде көрінді. Бір мезгілде бұл газневидтердің Үндістандағы аумақты тұрақты пайдалануды ретке келтірудегі қабілетсіздігінің белгісі болды. Олар үшін олжаға кенелу үшін жорықтарға шығу оңайырақ болды.

Үндістанмен шекаралас таулы жерлердегі Газнидің орналасу орны және түрік жалдамашыларын қызметке тарту қабілеті газневидтердің күштілігінің басты себебіне айналды. Бұл ретте газневидтер, солтүстіктегі, қазіргі Орталық Ауғанстанның таулы аудандарын асып өтуі қажет болатын, Орта Азиядағы бәсекелестерінен қауіп күтпеді. Сонымен қатар, Үндістанда әскери олжадан алынған қомақты табыс кез келген бәсекелестердің жеңуіне қиындық келтіретін жалдамалы түрік әскерін ұстауға мүмкіндік берді.

Мұндай бәсекелестердің бірі 1035-1040 жылдары Сырдария бассейнінен батысқа қарай Иран бағытында түрік оғыз тайпаларының қозғалысы басында тұрған селжүктер болды. Оңтүстікте селжүктер газневидтермен соқтығысып, олардың әсер ету аймақтары арасындағы шекара біраз уақыт Гиндукуш

арқылы өтті. Бұл ретте Газневидтер үшін орталық таулы Ауғанстан өз иеліктерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету құралы ретінде қызығушылық танытты. Әрине, сол селжүктерден олар өздерінің тікелей бәсекелестерін көрді. 1040 жылы газневид билеушісі Махмұд ұлы Масудты селжүктер Мерв қаласының шайқасында талқандады. Алайда, осы жеңілістен кейін де газневидтер Газниде, сондай-ақ Үндістанда да біраз уақытқа тұрақтады.

Селжүктер газневидтердің әлсіреуін пайдалана алмады. Бұны қазіргі Орталық Ауғанстандағы Гура ауданынан шыққан ирантілді тау халқы пайдаланды. 1173 жылы Гийас уд-дина Мұхаммед Гуридің басшылығымен олар Газниді басып алып, газневидтерден олардың Үндістанмен қарым-қатынас жүйесін мұра етіп алды. Атап айтқанда, олар әскери олжа табу мақсатында солтүстік Үндістанға өз шабуылдарын ұйымдастыра бастады. Алайда, олардың әскерінің басым бөлігін түрік жалдамшылары құрғаны айқын, яғни үстемдік үрдіс өзгерген жоқ.

Сондықтан Мәскеуге Нәдір-Хан үшін пуштундық жасақтар шекараның Британдық жағында да қалыптасты деген фактіге көз жұмуына тура келді. Сонымен қатар, Нәдір-хан Ауғанстанға Еуропадағы эмиграциядан КСРО аумағы арқылы қарапайым жолмен емес, Британдық Үндістан арқылы оралды, бұл өз кезегінде оның Ұлыбританияға деген сыртқы саяси бағдарының контекстінде көрініс тапты. Бірақ Мәскеу үшін Орта Азиямен шекаралас аумақтарда тәртіпті қалпына келтіру маңызды болды. Бұл Коминтернге тән болған прагматикалық көзқарас Ауғанстандағы оқиғалардың дамуына деген революциялық-романтикалық көзқарасты жеңді.

Нәдір-шах әмір болып сайланғаннан кейін солтүстік аудандарда тәртіп орнатуға ден қойды. 1930 жылы ол Кабул облысының солтүстігіндегі Кухдамандағы көтерілісті басты. 1931 жылдың көктемінде Ауғанстанның солтүстігінде Ибраһимбек Локайдың басшылығымен Бұхара эмигранттарының көтерілісі талқандалды. Осы көтерілістерді басудағы шешуші рөлді елдің оңтүстігінен шыққан пуштун тайпаларының жасақтары атқарды. Ортаазиялық босқындардың талқандалу салдарының бірі Солтүстік Ауғанстандағы азшық ұлттылықтар санының айтарлықтай төмендеуі болды. «1930 және шамамен 1980 жылдар арасында мемлекеттік саяси өмірде Орталық Азиядан келген эмигранттардың, сондай-ақ оларға жақын солтүстік азшылықтардың – өзбек және тәжіктердің бірегейлігі, әлеуметтік және мәдени маңыздылығы төмендеді».<sup>21</sup> Нәтижесінде Ауғанстанда пуштундық реставрация іс жүзінде орын алды. Хазарейлер қолдаған Аманулла-ханмен немесе Бачаи Сакаомен (Кабул облысының тәжіктері), немесе Орта

Азиядан (өзбектер мен Солтүстік Ауғанстанның тәжіктері) эмигранттарымен байланысты азшылық ұлттар жеңілгендер қатарында болды.

Сонымен қатар, Нәдір-шах мемлекетінде билікті орталықтандыруды қалпына келтірілгеннен кейін, негізінен Аманулла-ханның жақтаушыларынан тұратын ішкі оппозицияға тап болды. Баракзайлық әмірлердің бүйірлік тармағының өкілі Нәдір-шах формалді түрде, обзырлықпен басып алушы Бачаи Сакаомен тақтан тайдырылған, бұрынғы әмір Аманулла-ханнан заңды тұрғыда төмен болды. Сонымен қатар, Нәдір-шах өзінің ішкі саясатында консервативті болды, бұл Аманулла-ханның реформаларын жақтаушылардың көңілінен шықпады. Өз билігін, оның ішінде оның заңды болуын нығайту үшін Нәдір-шах Аманулла-ханның жақтаушыларына қарсы қуғын-сүргін ұйымдастыра бастады. Соңғылары жауап ретінде террор ұйымдастырды. 1933 жылы 8 қарашада «Истикляль» және «Неджат» лицейлері түлектерінің салтанатты түрде бітіруі кезінде Нәдір-шах қаза тапты. Оны 1929 жылғы Мазари-Шарифке жорықтың қатысушысы, Аманулла-ханның беделді жақтаушыларының бірі, Нәдір-шахтың өзі ертеректе өлім жазасына кескен Гулам Наби Чархидің ұлы өлтірді.<sup>22</sup> Жаңа Әмір – Ауғанстан тарихындағы соңғы монарх болуына тиіс болған, Нәдір-шахтың ұлы Захир-шах болды.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы Ауғанстан тарихының кезеңі, атап айтқанда Хабибулла-ханның басқаруынан бастап Нәдір-шахтың, содан кейін оның ұлы Захир-шахтың билікке келу кезеңі бірінші кезекте жаңғырту үдерістерінің дамуына байланысты қызықты болып табылады. Жоғарыда аталып кеткендей, Ауғанстанның ресми тәуелсіз мәртебесі (1919 жылға дейін Кабул дербес сыртқы саясатты жүргізуге құқығы болмады) жаңғыртуды өз бетінше жүргізуге әрекет ету үшін жағдай жасады. Бұл Орта Азия мен Үндістанның көршілес аумақтарынан өте қатты ерекшеленді, мұнда жаңғырту сыртқы отаршылдық басқарманың астында жүргізілді.

Абдуррахман-хан артына орталықтандырылған вертикалімен, шоғырланған билік жүйесі бар ел қалдырған. Оны жаңғырту үдерістерін түсіну мемлекет тәуелсіздігі мен ондағы

билік жағдайын нығайту үшін әскери күштің күшеюімен байланысты болды. Тиісінше, мемлекеттік құрылыстың басты институттары орталықтандырылған бюрократия мен армия болды. Бұл ретте бюрократияның қалыптасуы жоғары ұлттық және жоғары тайпалық негізде болды. «Ауғандық халқы бар провинциялардағы жоғары посттарға ауғандық емес ұлт өкілдерін тағайындай отырып, әмір Абдурахман ол адамдарды заңға қарсы әрекет жасалған жағдайда ерекше қиындықсыз ауыстырып, жазалауға болатын, орталық билікке адал адамдарды алуға ұмтылды».<sup>23</sup> Абдурахман-хан бір мезгілде пуштун тайпалары мен діни қайраткерлерді (улемдер) елдегі өмірдің саяси перифериясына ығыстыра алды. Сонымен қатар олар ауған мемлекетінің ұйымдық құрылымының құрамдас бөлігі болып қала отырып, ешқайда кетпеді. Күшті шоғырланған билік кезінде олар оған қатысты бағынышты жағдайға ие болды.

Сонымен қатар, Абдурахман-хан билігі мемлекеттің көрші елдерде болған үдерістерден оқшаулануының белгілі бір дәрежесін болжады. Сондықтан Абдурахман-хан темір жол салғысы келмеді және өз мұрагерлерін елге шетелдік капитал енгізбеуге шақырды. Бұдан басқа, мемлекеттегі жаңғыртудың негізгі желісі бюрократияға, әскерге және соңғысы үшін қару-жарақты өндіруге бағытталғандықтан, бұл елдегі әлеуметтік-экономикалық қатынастардың барлық жүйесін консервациялауды көздеді. Яғни барлық дәстүрлі институттар, соның ішінде соттар, қоғамдағы меншік қатынастары, діннің рөлі және т.б. іс жүзінде өзгеріссіз қалды.

Әлбетте, Ауғанстан Еуропалық отаршыл державалардың тікелей немесе жанама ықпал астында болған мұсылман әлемінде орын алған жаңғырту үрдістерінің ықпалында болды.

Ресей империясының протектораты астында болған көрші Бұхара Әмірлігінде өте ұқсас жағдай болды. Бұл жерде әмір әлеуметтік-экономикалық қатынастарды консервациялау желісін ұстанды, бірақ Ресей империясының тікелей басқаруына түскен көршілес аумақтарда болып жатқан жаңғырту үдерістері көрсеткен ықпалынан құтыла алмады.

Алдымен Хабибулла-ханды, содан кейін Аманулла-ханды да Абдурахман-ханнан мұраға қалған билікті қатаң вертикалін

әлсіретуге ынталандырған дәл осы сыртқы ықпал болып табылады. Бұл реформалар орталық биліктің әлсіреуіне алып келді, бірақ олардың бастамашылары әдетте жағдайды үнемі бақылауда ұстай алады деп санады. Осылайша, Аманулла-хан да оны еуропалық стандарттарға сәйкес жасауға ниеттеніп, қоғамдағы реформаларды жеделдетуге ұмтылды.

Алайда, реформалар барысында ол азиялық мемлекеттегі орталықтандырылған биліктің жұмыс істеуі үшін өмірлік маңызы бар барлық мемлекеттік институттардың рөлін әлсіретті. Бірінші кезекте бұл армия мен бюрократияға қатысты болды. Егер оның атасы Абдуррахман-хан осы институттарға сүйене отырып, консервативті улемдерге қарсылық көрсетіп, пуштун тайпаларының дербестік деңгейін төмендетсе, онда Аманулла-хан улемдерге, сондай-ақ ұлттық қауымдастықтар мен пуштун тайпаларынан тұратын ауғандық қоғамның жекелеген құрылымдық элементтеріне қарсы тұру үшін орталықтандырылған мемлекеттің мүмкіндіктерін пайдалана алмады.

Реформа басталар алдында Ауған қоғамының жай-күйін жете бағаламау және бір уақытта орталықтандырылған мемлекет институттары тарапынан жағдайды бақылау мүмкіндіктерін қайта бағалау Аманулла-хан реформаларының сәтсіздігінің басты себебі болды. Екінші себеп жаңғыртудың ауқымды жобаларын қаржыландыру үшін Ауғанстанның ішкі ресурстарының өткір жетіспеушілігі болды.

Ауғанстанның буферлік мәртебесі оған Англия мен Ресей белгілеген шекараларда оның өмір сүруін қамтамасыз етті. Бірақ ұлттық қауымдардан және жекелеген пуштун тайпаларынан тұратын күрделі ұйымдастырылған қоғам жағдайында билікті тігінен ұстап тұру, әскердің және бюрократияның орталықтандырылған басқару аппаратын ұстауға тым үлкен ресурстарды талап етті. Қоғамның біртектілігінің болмауы маңызды мәселе болды. Пуштун тайпаларының құрамына кірген Ауғанстан халқының едәуір бөлігі салық төлеу қажеттігінен құтылуға ұмтылып қана қоймай, өз кезегінде мемлекет тарапынан төлем алуға үмітті болды.

Мұндай жағдай елді басқару сапасына тым үлкен талаптар қойды. Абдуррахман-хан кезінде мұндай сапа салыстырмалы

түрде жоғары болды, бірақ Аманулла-хан реформалары Ауған мемлекеті мен қоғамын ұйымдастырудағы ішкі тепе-теңдіктің бұзылуына алып келді. Нәтижесінде бірінші кезекте басқарудың орталықтандырылған вертикалінен – бюрократия мен армия зардап шекті, өңірлік элиталар мен жекелеген ұлттық қауымдастықтар жандандырылды. Сондықтан Нәдір-шах орталық билікті қалпына келтіру үдерісінде дербес пуштун тайпаларына сенім артуы қажет болды.

Сонымен қатар, Нәдір-шахтың соңғы жетістігінің маңызды шарты Ауғанстанның бірлігін қалпына келтіру пайда болған ахуалдан шығудың ең жақсы жолы болып табылады деген КСРО мен Ұлыбританияның біріккен пікірі болды. Аталған елдер үшін Кабулдағы орталық билік хаос пен анархияның жай-күйінен артық болғаны анық, онымен келісуге болады. Мысалы, бір жағынан, КСРО-ны алаңдатқан ортаазиялық эмигранттардың Ауғанстан аумағынан белсенділікті тоқтату туралы, ал екінші жағынан – солтүстік-батыс шекаралық провинциядағы пуштун тайпаларының әрекеттерін қолдамау туралы, бұл Ұлыбританияның алаңдаушылығын тудыратын әрекеттер болып табылды.

Жалпы, КСРО да, Ұлыбритания да Ауғанстан үшін өзара күрес жүргізуге мүдделі емес еді. Олар осы елдің буферлік мәртебесін қанағаттандырды. Сонымен қатар, КСРО Орта Азияда да болып жатқан социалистік жаңғырту үдерістері шеңберінде ел ішіндегі ауқымды өзгерістермен тым белсенді шұғылданды. Бұл аймақтың аумағын игеру Мәскеу үшін үлкен проблема болды және өте маңызды күш-жігерді талап етті. 1929 жылы Аманулла-ханды жақтаушылардың әскери қолдауының сәтсіз тәжірибесі, егер Кеңес билігі Ауғанстандағы ішкі қақтығысқа араласуды шешкен жағдайда мүмкін болатын қиындықтарды айқын көрсете білді. Сонымен қатар, Мәскеу өзінің ортаазиялық иеліктерін қорғауға ұмтылды, онда сыртқы қысым салдарынан көптеген көтеріліс қозғалыстары пайда болды. Сондықтан британдықтар сол уақыт аралығында КСРО тарапынан Үндістандағы өз иеліктеріне тікелей қауіп төнген жоқ деп санады. Іс жүзінде, тараптар Ауған мәселесінде ымыраға келді, бұл ретте ағымдағы геосаяси жағдай мен ішкі міндеттерге сүйене отырып, және бұл 1929 жылғы хаос



кезеңінен кейін Ауғанстандағы мемлекеттің бірлігін қалпына келтірудің басты шарты болды.

Нәтижесінде Кабулдағы Нәдір-шах билігі кезінде жалпы алғанда, реформаторлар мен азшық ұлттылықтардың дербестігіне үміткер адамдардың қозғалысын басып, қуғын-сүргіннің көмегімен басқарудың орталықтандырылған вертикалін қалпына келтірді. Алайда олар пуштун тайпаларының мемлекеттегі рөлінің кейбір көтерілуімен, соның ішінде мемлекет тарапынан олардың атына төленетін төлемдермен келісулері керек еді.

Жалпы, жаңа орталықтандырылған Ауған мемлекеті өзінің өмір сүруін қолдау үшін маңызды қаражатты қажет етті. Абдуррахман-хан дәуірімен салыстырғанда Нәдір-шахта және оның мұрагері, Захир-шахта Британдық Үндістан үкіметі тарапынан жыл сайынғы дотация болған жоқ. Бұл олардың алдында тұрған міндетті өте күрделі қылды. Бірақ сонымен бірге консервативтік құндылықтарға оралу Аманулла-хан жоспарлаған ауқымды жаңғырту жүргізу үшін қаражатқа деген қажеттілікті төмендетті. Сондықтан қаражат жеткілікті болуы керек еді. Алайда, Ауғанстанның айналасында, Орта Азияда болып жатқан өзгерістер, оның ішінде 1930-шы жылдары дәстүрлі өмір салтының социалистік жаңғыртуы жүргізіліп жатқанда, Британдық Үндістандағы жағдай туралы айтпағанда, Кабулдағы билікке үнемі қысым жасалды, олар мұндай жағдайда өз елінің толық оқшаулануын сақтай алмады. Тиісінше, олардың алдына жаңғырту жүргізу үшін Ауғанстанға тартуға болатын қаражат туралы мәселе қойылды. Өз кезегінде, осындай қаражатты іздеу Кабул үшін сыртқы саяси бағдар проблемасын тудырды. Ауғанстанның айналасындағы геосаяси жағдайдың өзгеруіне қарай бұл фактор одан әрі маңызды болып, алдағы оқиғалардың барысына үлкен ықпал етті.

## 6-тарау.

### Ауғанстан: Захир-шахтан Дәуітке дейін

#### *Консервативтік саясат*

1929-1930 жылдардағы ішкі саяси дағдарыс аяқталғаннан кейін Ауғанстан осы ел үшін өте сирек болып табылатын жағдай, оның айналасында ұлы державалардың мүдделерінің ашық күресі жүргізілмеген жағдайға тап болды. Мысалы, отызыншы жылдары олар Иранда айқын көрінді, бірақ дәл Ауғанстан бағытында тараптар өзара шиеленіске түсуге мүдделі емес еді. Мұнда олар бір-бірімен қарым-қатынаста кво мәртебесін сақтауды жөн көрді.

Әрине, 1929-1930 жылдары Ауғанстанда болған саяси хаос оларға үлкен әсер етті. Сонымен қатар, Ауғанстанның күшті орталық билігі кезінде онымен көршілес ұлы державалардың мүдделері үшін маңызды проблемалар тудырмады. Мұндай билік тұтастай алғанда ел ішіндегі жағдайды бақылауға және сыртқы саяси серіктестердің алдында жауапты болуға қабілетті болды.

1930-шы жылдардағы сыртқы саяси тепе-теңдік жағдайында Ауғанстан оның болжамды саясатымен КСРО мен Ұлыбританияның мүдделерін бөлісетін тамаша буферлік мемлекет болды. Атап айтқанда, Кеңестік Ресей үшін «ауған мәселесі бірте-бірте (және ұзаққа) екінші дәрежеге жылжыды, ал кеңес-ауған қатынастары көрші мемлекеттердің түрлі қоғамдық-экономикалық құрылыммен пассивті өзара іс-қимыл режиміне көшті».<sup>1</sup> Соңғы жағдай өте маңызды болды, себебі Мәскеу үшін Орта Азиядағы оның аумағының қауіпсіздігі басты басымдық болды. Отызыншы жылдары Кеңес билігі

мұнда жергілікті дәстүрлі қоғамдардың өмірін жаңғыртудың ауқымды бағдарламасын жүзеге асырды. Оны табысты өткізу шарттарының бірі Ортаазиялық аймақты сыртқы мұсылман әлемінен оқшаулауды қамтамасыз ету болды. Сондықтан КСРО Ауғанстанда бір жағынан ортаазиялық эмигранттардың қызметін бақылауға қабілетті, екінші жағынан – өз кезегінде кеңестік Орта Азиямен байланыс деңгейін төмендетуге мүдделі, атап айтқанда, коммунистік идеологияның таралу мүмкіндігіне байланысты қауіптерге байланысты жауапты орталық биліктің болуы әбден қолайлы болды.

Өз кезегінде Ұлыбритания үшін 1930-шы жылдары КСРО-ның Ауғанстанға деген айқын қызығушылығының жоқтығы Британдық Үндістан үшін қандай да бір сыртқы қауіп-қатерді осы жағынан күтпейтіндігінің ең жақсы дәлелі болып табылды. Бұдан басқа, Кабулдағы режим Ауғанстанның солтүстігіндегі КСРО-мен шекараның нақты жабылуына байланысты Ұлыбританияға экономикалық және сауда тәуелдігінде болды. Енді Британдық Үндістан арқылы Ауғанстан үшін негізгі жүк ағыны жүрді.

Нәтижесінде Ауғанстан өз өзіне берілді. Бір жағынан, негізгі сыртқы ойыншылар – КСРО мен Ұлыбритания Ауған саясатына ашық араласпады, екінші жағынан олар оған көмектеспеді. Соңғы жағдай үлкен мәнге ие болды, өйткені Ауғанстанның айналасында ұлы державалардың қарым-қатынасының кез келген шиеленісуі осы ел үшін әрдайым проблемалар тудырғанымен, бірақ бір мезгілде олағымдағы қажеттіліктерге ғана емес, сондай-ақ жаңғыртуға пайдаланылған елеулі ресурстарға толы болды. 1919 жылға дейін жалғасқан ауған үкіметіне жыл сайынғы ағылшын дотацияларын немесе 1979-1989 жылдары оккупация кезеңінде Кеңес Одағы тарапынан Ауғанстанды тікелей қаржыландыруды еске түсірген жеткілікті. Тиісінше, геосаяси дағдарыстың және Ауғанстанның айналасындағы мүдделерге қарсы күрестің болмауы объективті түрде бұл елге сыртқы ресурстардың түспеуін білдірді. Ал бұл Кабулдың ел ішінде саясат жүргізу мүмкіндігін айтарлықтай шектеді.

Осы сыртқы саяси фонда елдің ішкі саясаты өте консервативті және өте қатал болды. Бұл 1929-1930 жылдардағы ішкі

саяси хаостың тікелей салдары болып табылады. Жаңа билік тәртіп орнату және өз жағдайын нығайту бойынша қуғын-сүргін шараларын жүргізді. Әрине, бұл үдеріс ертеректе Ауғанстанды дір сілкіндірген Аманулла-хан реформаларының күшін жойумен, сондай-ақ оның жақтастарының жүйелі қудалануымен байланысты болды. Біріншіден, соңғылары Нәдір-шахтың отбасы өкілдерінің билікке келуінің заңдылығын үнемі даулап отырды. Екіншіден, олар мен билік арасында Ауғанстандағы жаңғырту мәселесіне қатысты елеулі идеологиялық қайшылықтар болған.

Осы кезеңдегі Ауғанстандағы жағдайдың ерекшелігі тек бір билеуші әулеттің басқаға ауысуында ғана болған жоқ. Қарама-қайшылықтар айқын идеологиялық сипатқа ие болды және елді жаңғырту үдерісіне қатысты шоғырланды. Кабулдағы жаңа билік үшін Аманулла-ханды жақтаушылармен қақтығыс ішкі саясатта барынша консервативтік стратегияны ұстануға қосымша ынталандыру болды.

Нәдір-шахты өлтіргеннен кейін елдегі нақты билік оның ағасы – премьер-Министр Мұхаммед Хашим-ханға көшті. Жаңа әмір Захир-шах, өлтірілген Нәдір-шахтың ұлы, өкілдік қызметтерді көбірек орындады. Мұхаммед Хашим-хан кезінде Кабулдың ішкі саясаты Нәдір-шах кезіндегіге қарағанда да консервативті болды. Биліктің әмірді өлтіруге деген қарсы әрекеті осындай болды. Сонымен қатар ішкі саясаттың пуштундық бағыты күшейе түсті. Соңғы жағдай Солтүстік азшылықтардың өкілдері Кабулдағы билікке біраз уақытқа келген кезде, яғни 1929-1930 жылдардағы оқиғаларға жауап болып табылатыны анық. Тиісінше, Нәдір-шахтың билікке келуі пуштундық реставрация ретінде қабылданған. Сондықтан, Нәдір-шахтың, содан кейін Хашим-ханның ішкі саясатының негізгі бағыттары бір жағынан азшық ұлттылықтардың әсерін әлсіретуге ұмтылып, екінші жағынан – ел ішінде пуштундар позициясының күшеюіне байланысты болды.

1937 жылы пушту жалғыз ұлттық тіл деп жарияланғаны, және мектептерде тек пушту тілінде сабақ беруге болатындығы өте көріністі жағдай болып табылады.<sup>2</sup> Мұндай қадам ел өміріндегі пуштундар үшін артықшылықтар жасауы керек

еді, өйткені даритілді халықтың мүмкіндіктерін объективті түрде шектелді. Ауғанстанда дари тек этникалық тәжіктер мен хазарейлардың ғана емес, сонымен қатар елдің солтүстік бөлігіндегі кейбір пуштундардың да қолданысында болған. Әсіресе, бұл Кабул мен оның төңірегіне қатысты. Сонымен қатар дари тілі Кабулда, яғни, білім беру мен мемлекеттік басқару жүйесінде тарихи тұрғыда басым тіл болды.

Хашим-хан үкіметінің мақсаттарының бірі елдің бас қаласындағы тілдік жағдайды өзгертуге ұмтылу болып табылады. Бұл Ауғанстанның барлық білім беру жүйесі дәл осы жерде шоғырланғанына байланысты болды. Мысалы, 1951 жылы Ауғанстанның барлық орта мектептерінің 74% кейіннен елордада болғаны белгілі.<sup>3</sup>

Демек, Ауғанстанның барлық элитасы тарихи тұрғыдан дари тілі басым қалада бастауыш білім алды. Әрине, бүкіл мектеп білімін пуштуге аудару әрекеті дариге тілінде сөйлеген адамдардың мүдделерін қозғап қана қоймай, демек, кабулдықтардың көп бөлігін қозғап қана қоймай, Ауғанстанның оңтүстігі мен шығысынан шыққан пуштутілді пуштундар үшін бір мезгілде белгілі бір преференциялар жасады. Пушту тілін меңгергендер теориялық тұрғыда даритілді кабулдықтарды (кейбір пуштундарды қоса алғанда), әсіресе мемлекеттік басқару құрылымындағыларды ығыстыру мүмкіндігіне ие болды. Хашим-ханның саясаты негізінен тәжік және хазарей халқы бар Кабулға пуштундардың ағынын күшейте түскені сөзсіз.

Ауған билігі, сондай-ақ пуштун тайпаларының билікке келуі міндетті болған елеулі жол берді. 1931 жылдың Конституциясына сәйкес «тайпалар аймағындағы әскерге шақыру жергілікті хандар мен джиргтердің қарауына берілді, тайпалардың хандары үкіметке көмек көрсетуге, оның билігіне өздерінің жасағын ұсына отырып, бірақ өздері басшылық етуге шақырылды».<sup>4</sup> Іс жүзінде тайпалар мемлекеттің саяси үдерісінің субъектілері ретінде мойындалды, атап айтқанда, ол мемлекеттік басқару жүйесінің әскери құрамдастарының жекелеген бөліктерін қалыптастыру функциясын олардың артынан қалдырды. Естеріңізге сала кетейік, Аманулла-хан, керісінше, тайпалардың әскерді қалыптастыру кезінде бас

делдал қызметін айыру есебінен басқаруды орталықтандыруды күшейтуге тырысты.

Айта кету керек, Ауғанстанның ерекше жағдайында да тайпалар дәстүрлі түрде маңызды рөл атқарды, ішінара бейтрайбалдандыру үдерісі үнемі жүрді. Бұл үдеріс седентеризациялаумен – бұрынғы көшпенді пуштундарды отырықшы өмір салтына мәжбүрлеумен, олардың кейбір бөлігін қалаға, әсіресе Кабулға көшірумен және пуштундардың бір бөлігін жергілікті тәжік және түрік халқымен араласа қоныстанған елдің солтүстік аймақтарына бағыттаумен байланысты болды. Әрине, мұндай жағдайда бұрынғы тайпалық ұйым өз тұрақтылығын азырақ жоғалтты.

Атап айтқанда, елдегі билеуші әулеттің өкілдері тиесілі дуррани тайпасының мысалы өте тән. Дурранидің едәуір саны мемлекеттік құрылыс үдерістеріне – армиядағы қызметке (оның ішінде тайпалық жасақтың шекарасынан тыс), мемлекеттік басқару аппаратында, білім беру жүйесінде және т.б. тартылды, бұл олардың тайпалық ұйым деңгейінің төмендеуіне әкеп соқтырды. «Дурранидің тайпалық құрылымы ешқашан елдің шығыс бөлігіндегі тайпалар сияқты немесе сол гильзайлар сияқты қатаң болған жоқ».<sup>5</sup> Дуррани ұзақ уақыт Ауғанстанның мемлекет құраушы тайпасы болды және мемлекеттік саясатпен байланыстырылды, бұл олардың тайпалы бастауын біртіндеп шайуылуының себептерінің бірі болды. Алайда, тайпалық ұйым елдің шығыс аудандарында, Британдық Үндістанның пуштун тайпалары тұратын аймағымен шекарада сақталды және Нәдір-шах пен Хашим-хан кезіндегі мемлекеттік саясаты оны консервациялауға ықпал етті.

Нәтижесінде Ауғанстанда пуштун халқының көпшілігі ұйымның әртүрлі деңгейлерінде – ұжымдық негізде жер алған тайпалардан бастап,<sup>6</sup> қалалық және ауылдық қауымдарға дейін, әдеттегі Шығыс қоғамы үшін дәстүрлі болды. Бұл ретте пуштундар әртүрлі тілде сөйлеген, олардың көпшілігі даритілді болған. Мұндай пуштундардың әртүрлілігі, әрине, келесі оқиғаларда өз рөлін атқарды. Атап айтқанда, Нәдір-шах пен Хашим-хан жасаған пуштун тайпаларына жасаған жеңілдіктер елдегі жағдайды консервациялауға ғана емес,

сонымен қатар көп жағдайда да орталықтандырылған мемлекеттің іргетасына баяу әрекет ететін бомбаны салды.

Бұл ретте, тіпті Кабулдағы биліктің консервативті режимі жағдайында да дербестікті тым асыра сезінген пуштун тайпалары көтерілісті кез келген себеп бойынша көтерді. Мысалы, 1935 жылы Кунара ауданында сафи мен моманд тайпалары көтеріліс жасады, Майданда өзінің мүридтері бар жергілікті молдалар көтеріліс жасады, соңғы көтеріліске Кабулдағы бірінші кинотеатрдың ашылуына қарсы наразылық болды. Нәтижесінде билік оның ашылуын кейінге қалдыруға мәжбүр болды. 1937 жылы гильзайдың Сулейменхел тайпалары Британдық Үндістандағы уәзірлер тайпасының көтерілісіне қолдау көрсетпеген билікке наразылық себебімен көтеріліске шықты. 1938 жылы шинвари, 1939 жылы наурызда – дуррани, 1939 жылы күзде – африди көтеріліс жасады.<sup>7</sup> Тайпалардың мезгіл-мезгіл пайда болған толқындарының басты себептерінің бірі олардың мемлекеттен дербестігі, сондай-ақ тайпалық жасақ түрінде өз қарулы күштерінің болуы болды. Бұл жағдайда көтеріліске шығу үшін нақты себептер маңызды емес, олар әртүрлі болуы мүмкін. Мемлекет тайпалар үшін ерекше жағдай жасады, осының салдарынан олардың дербестігіне және мезгіл-мезгіл пайда болған наразылыққа төзуге тиіс болды.

Дәстүрлі Ауған әмірлері үнемі тайпаны өз бақылауымен ұстап тұруға ұмтылды. Әскери тайпаларды бақылау Ауғанстандағы мемлекеттік басқару стратегиясының бір бөлігі болды. Абдуррахман-хан басқарудың бюрократиялық вертикалінен орталықтандырылған мемлекетті құрды, мұнда пуштун тайпалары, соның ішінде дуррани көмекші рөл атқарды. Бұл ретте шенеуніктер осы вертикальде кез келген ұлттардан сайлана алды, басты белгісі саяси орталыққа адалдық болды. Өз кезегінде Аманулла-хан еуропалық негізде орталықтандырылған мемлекет құруға, атап айтқанда әскерге шақыру жүйесін өзгертуге тырысты.

Нәдір-шах пен Хашим-хан кезінде Кабулдағы билік пуштун ұлттық идеясына сүйеніп, оның азшық ұлттылықтарына қарсы қойылды. Алайда, пуштундар тайпалары биліктің басты әскери және ұйымдастырушылық тірегі ретінде болған

артықшылықтарға байланысты пуштундық ұлттық идея нақты олармен байланысты болды. Бұл Ауғанстандағы саяси қатынастарды консервациялаудың маңызды себебі болды, өйткені заманауи мемлекеттің жағдайы үшін тайпалар ұйымның аса күрделі нысаны болды және сонымен қатар, өзінің осындай мәртебесін сақтауға тікелей мүдделі болды. Сонымен қатар, негізінен Кабулда және солтүстіктің ірі қалаларында тұрған бейтрайбалданған пуштундар (олардың ішінде Аманулла-ханның реформаларын жақтаушылар көп болды) көп жағдайда осы үдерістен шығарылды. Нәтижесінде Ауғанстандағы саяси үдерістің басты субъектілері – пуштун тайпалары, дәстүрлі өрлеулер, сондай-ақ Кабулдағы билік осы кезеңде жаңғыртуға мүдделі емес еді. Олардың басты басымдығы жағдайды қарапайым консервациялауда болды.

Пуштун ұлтшылдығы тайпалық негізде жүзеге асырылғандықтан, бұл мемлекеттің архаикалық сипатын күшейтті. Өйткені, тайпалық пуштундарға бағытталған тілдік саясат пен преференциялар азшық ұлттылықтардың ғана емес, сондай-ақ тайпалармен байланысы жоқ пуштундардың да позицияларын әлсіретті. Хашим-хан үкіметі себептердің тұтас кешені бойынша азшық ұлттылықтардың өкілдерін де, сондай-ақ ерте уақыт кезеңінде білім алған пуштундарды да, яғни ауғандықтардың басым бөлігін белсенді қоғамдық-саяси өмірден, сондай-ақ жаңғырту үдерістерінен алып тастады.

Ауғанстан үшін сәттің қиындығы нәтижесінде мемлекет Шығыс пуштун тайпаларының мүдделерімен тығыз байланысты болған пуштун ұлтшылығының өзі жариялаған саясатына байланысты болды. Бұл әсіресе Британдық Үндістан ыдыраған кезеңде айқын көрінді.

### *Оқшаулану кезеңі және Екінші дүниежүзілік соғыс*

1930-шы жылдардың ортасында Ауғанстан сыртқы саяси және экономикалық оқшаулану жағдайында болды. Сыртқы саяси оқшаулану оның Үндістандағы КСРО мен британдық иеліктер арасындағы орнымен байланысты болды. Сондай-ақ, Ауғанстанның көліктік оқшаулануда болғанын атап өткен



жөн, өйткені қазіргі заманғы көлік дәліздерімен Британдық Үндістанмен де, кеңестік Орта Азиямен де байланысты емес. Тиісінше, ол өзінің әлеуетті жоғары транзиттік мүмкіндіктерін пайдалана алмады. Естеріңізге сала кетейік, Ауғанстанның өңір тарихында Үндістан, Орта Азия және Иран арасындағы сауда бағыттарындағы транзиттік аумақ ретінде әрқашан үлкен маңызға ие болды.

Сонымен қатар, кеңестік Орта Азиядағы жаңғырту үдерістерінің ерекшелігі бірте-бірте Ауғанстаннан соңғысының оқшаулануына алып келді. Алдымен бұл ортаазиялық көтерілісшілермен Кеңес әскерлерінің күресімен байланысты болды. Содан кейін КСРО-да жүргізіліп жатқан дәстүрлі өмір салтын түбегейлі жаңғырту үдерістері өз әсерін тигізе бастады. Осы ауқымды эксперимент шарттарының бірі мемлекеттің экономика мен қоғамды жаппай бақылауды қамтамасыз етуі болды. Нәтижесінде 1930-шы жылдардың ортасында Ауғанстан халқы мен онымен көршілес кеңес аумақтары арасындағы дербес сауда және басқа да қатынастар іс жүзінде тоқтатылды, шекара өткізбейтін болды.

Бұл жағдай Ауғанстанның оқшаулануын күшейтті, сондай-ақ осы уақытта жаңғыртудың белсенді үдерістері жалғасқан көрші аумақтардан артта қалу дәрежесін арттырды. Әрине, Британдық Үндістан мен кеңестік Орта Азияда олар мүлдем әртүрлі сипатқа ие болды. Бірақ ортақ жағдай, бұл жерде жаңғырту сыртқы басқарумен және осы өңірден тыс әзірленген дайын үлгілерге сәйкес жүргізілді. Сыртқы басқару жаңғыртудың маңызды шарты болды.

Әрине, тәуелді аумақтарды дамыту үшін қажетті ресурстарды бөлу туралы мәселе сыртқы басқару орталықтарында – Мәскеу мен Лондонда шешілді. Бұл ретте бөлінетін ресурстар кеңестік жаңғырту жағдайында қалай болғаны өте маңызды болуы мүмкін. Сонымен қатар, ауған мемлекетінде жаңғырту үшін ресурстар да, тиісті саяси шешімдер де, сондай-ақ дайын модельдер де болған жоқ. Сондықтан Орта Азиядағы қарқынды өзгерістер мен Британдық Үндістанда жалғасып келе жатқан жаңғырту аясында, осы үдеріске және ұлт-азаттық қозғалыстың көтерілуін қоса алғанда, Ауғанстан одан да артта қалған мемлекет болды.

Осылайша, ел ішіндегі қоғамдық-экономикалық қатынастарды консервациялау, сондай-ақ сыртқы әлемдегі үдерістерден оқшаулану кезеңінде елдің жалпы артта қалу үрдісі, оның ішінде оның тікелей көршілерінен тек қана күшейе түсті. Әлбетте, Кабулдағы билік ішкі саясатта ойын ережелерін өзгертпеді, бірақ олар, әрине, өз мұқтаждары үшін сыртқы қаржыландыру алуға мүдделі болды. Оның ішінде саяси биліктің тұрақтылығының негізі ретінде армияны нығайту да бар. Елдің ішкі ресурстары негізінен мемлекеттік басқару қажеттіліктеріне, негізінен, пуштун тайпаларына дотация жасау, сондай-ақ молдаларға төлеуді қоса алғанда, әскерге жұмсады (жалпы алғанда бюджеттің барлық шығыстарының жартысына дейін). Кабулдың қаржыландырудағы қажеттіліктері Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында және кезінде Германия өз тарапынан Ауғанстанмен байланыс орнатуға белгілі бір әрекет жасаған сыртқы саяси шиеленістің пайда болу себептерінің бірі болды.

Ауғанстан Германия үшін Үндістандағы Ұлыбританияның отарлық иеліктеріне жақын орналасуымен байланысты маңызды болды. Үндістан әскери-стратегиялық тұрғыдан алғанда, XIX ғасырдағы сияқты, Британ империясы үшін аса маңызды колония болды. Германияның Еуропадағы Ұлыбританиямен елеулі қарама-қайшылықтары болуына байланысты, ол үшін ағылшын мүддесі үшін стратегиялық маңызды колонияға қысым көрсетуге мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Отызыншы жылдары Берлин мен Кабул бірнеше сауда келісімдерін жасады, бірлескен компаниялар құрылды, Ауғанстанға бірқатар неміс мамандары жіберілді. 1937 жылы «Люфтганза» компаниясы Берлин-Кабул бағыты бойынша авиажелі ашты. Бұл ретте «Ауғанстанмен, Иранмен және Түркиямен ұшу еркіндігін пайдалана отырып, «Люфтганзаның» ұшқыштары осы елдің қалаларын, жолдарын, тау жоталарын, көлдерін және басқа да объектілеріне мұқият аэрофотүсірілімдер жүргізді, бұл Германияның ӘӘК бас штабының осы елдер арқылы Қараши мен Солтүстік Қытайға дейінгі толық ұшу маршруттарын сипаттай отырып құпия атласты шығаруға мүмкіндік берді».<sup>8</sup> Германия, сондай-ақ,

Кабулда «Амани» («Неджат») ерлер лицейін ашты, онда жоғары сыныптарда неміс тілінде білім беріліп, ал көптеген түлектер Германияда жоғары оқу орындарын бітірген.

Белгілі бір мағынада Ауғанстандағы неміс әсерін нығайтуға КСРО мен Ұлыбритания арасындағы соғыс алдындағы кезеңде өте бір мағыналы қарым-қатынас ықпал етті. Бұл қатынастар өз дамуындағы әртүрлі кезеңдерден өтіп, Мәскеу мен Берлин 1939 жылдың тамыз айында Шығыс Еуропада ықпал ету салаларын бөлу туралы құпия қосымша қоса берілген шабуыл жасамау туралы пактіге қол қойғанға дейін өтті. Сол жылдың қыркүйегінде екінші дүниежүзілік соғыс басталды, ал 1940 жылы Кеңес Одағы Финляндияға шабуыл жасады. Соңғы жағдай Мәскеу мен Лондон арасындағы қарым-қатынасты қиындатты.

Әрине, бұл жағдай Ауған билігін қатты алаңдатты, олар әлемдік державалардың ықпалына бәсекелес елдердің мүдделері тоғысқан қиын жағдайда болып, олардың кейбірі соғыс жағдайында болған. 1939 жылдың қыркүйегінде Британдық Үндістанның солтүстік-батысындағы пуштун тайпаларының британдықтарға қарсы бағытталған қарулы қарсылық көрсетуі орын алды.<sup>9</sup> Оны германиялық барлау ұйымдастырды деген күдік пайда болды. Яғни, теориялық тұрғыдан Ауғанстан әлемдік соғысқа қарсы тұру жолында болуы мүмкін. Бұл ретте 1939-шы жылдардың соңында Германия мен КСРО арасындағы Шығыс Еуропаның нақты бөлімі және олардың алдағы ықтимал бірлескен жоспарларының түсініксіз болуы Ауғанстан мен Британдық Үндістан үшін мүлдем жаңа жағдай жасағанын атап өту маңызды.

Ауған үкіметі 1940 жылдың маусым айында соғыстағы өзінің бейтараптығын растады, дегенмен Германия Үндістанға қатысты әскери жоспарларды құруды жалғастырды, бұл Лондон мен Берлин арасындағы жаһандық қарама-қайшылықты ескерсек, өте қисынды жағдай болды. «Германдық және италяндық барлау Үндістанға Вермахттың басталуының басында пуштун тайпаларының кең ауқымды антибритан көтерілісін арандатуды жоспарлады» деген пікір бар.<sup>10</sup> Кабулда, әрине, кейбір прогермандық көңіл-күй орын алды. «Ауған соғысына қатысқандарды Германия жағына

тарту үшін неміс насихаты Германия жеңіске жеткен жағдайда Ауғанстанға бір кездері Британдық Үндістанға кеткен барлық аумақтар қайтарылатынын айтты».<sup>11</sup> Мұндай уәде Ауған истеблишментінің бір бөлігін қызықтырмауы мүмкін емес еді. Алайда, Хашим-хан үкіметі сақ болуды жөн көрді.

Бұдан басқа, Герман-Ауған қатынастарының дамуына әсер ететін тағы бір маңызды жағдай болды. Германиядағы эмиграцияда тақтан тайған әмір Аманулла-ханның жақтастары көп болған, олардың қатысуы Берлиннің Ауған саясатына белгілі бір дәрежеде ықпал етті. Аманулла-ханды жақтаушылар Аманулланы билікке қайтару жоспарын қарастырды деген пікір бар. Атап айтқанда Берлин, Германияның аумағында бұрынғы Сыртқы істер министрі Гулам Сиддик Чархидің басшылығымен Аманулла-ханды жақтаушылар тобын ресми түрде қолдады.<sup>12</sup> Әрине, Германиядағы бұрынғы әмірдің көптеген жақтаушылары Ауғанстандағы билеуші отбасында белгілі бір мазасыздық туғызды.

Жалпы, Кабулдағы билік Екінші дүниежүзілік соғыстағы жағдайды толық түсінгенге дейін Ұлыбританияға бағдарлануды жалғастыруды жөн көрді. Жағдайдың толық анықтығы 1941 жылдың 22 маусымында Германияның КСРО-ға шабуылынан кейін болды. Осы сәтте Мәскеу мен Лондон соғыста Одақтастар болып, келісілген саясатты, соның ішінде ауған бағытында да жүргізуі тиіс екені анық болды. Әрине, КСРО мен Ұлыбритания арасындағы Одақтастық қатынастар Ауғанстанға олардың жалпы саясаты арнасында жүруден басқа ешқандай басқа таңдау қалдырмады.

Атап айтқанда, 1941 жылдың шілде айында Кабулдағы билік жаңадан тағайындалған Герман елшісіне Отто фон Гентигке ағреманды берген жоқ.<sup>13</sup> 1941 жылдың тамызында Кеңес және ағылшын әскерлері Иранға кірді. Осы жылдың қазан айының басында Мәскеу мен Лондон Ауғанстанның басшылығына дипломатиялық өкілдіктердің құрамына кірмейтін Германия, Италия және Жапонияның барлық азаматтарын елден жіберу туралы талап қойып, бірлескен ультиматум ұсынды. 12 қазанда ауған билігі осы талаппен келісті, ал 5-6 қарашада үлкен Джирга елдің толық

бейтараптығын жариялады.<sup>14</sup> Ауған басшылығының Кеңес Одағы мен Ұлыбритания тарапынан бірлескен талаптарға қарсы тұруға ешқандай мүмкіндігі болмағаны түсінікті.

Кабулға бұрын болған одақтастардың әскерлерін Иранға енгізу және осы елді тез жаулап алуы үлкен әсер қалдырған болар. Сонымен қатар, Ауғанстанда одақтастар әскерлерін Иранға енгізу қарсаңында Мәскеу мен Лондон дәл Кабулға қойған сияқты, Тегеранға да неміс мамандарын жіберу туралы талаптарды бірнеше рет қойғанын ескергені анық. Алғаш рет бұл 1941 жылдың маусым айында, Германияның КСРО-ға шабуылынан кейін жасалды. Иранның билеушісі Реза шах уақытты созу тактикасын таңдады. Атап айтқанда, тамыз айында кезекті талапқа жауап ретінде ол алдымен 100 маманды, одан кейін қалғандарын жіберуге уәде берді.<sup>15</sup> Иран шахымен таңдалған тактика сәтсіз болды, себебі одақтастар кеңес-герман майданындағы жағдайы тез нашарлайтын сәтті ұзақ күте алмады, және КСРО тұрақтылығын арттыру үшін әскери жүктерді жеткізуді ретке келтіру қажет болды. Бұл тұрғыда Иран арқылы жеткізу бағыты өте ыңғайлы болды. Сондықтан одақтастар Тегеранның неміс мамандары туралы сұрақтың созылуымен жағдайды пайдаланып, Иран армиясына қарсылық көрсетіп, әскерді Иранға енгізді.

Кабулда оқиғалардың осындай дамуына жол бере алмады, соның ішінде бұл автоматты түрде Ауғанстанның солтүстігінде орналасқан азшық ұлттылықтар Мәскеудің тікелей басқаруында болады дегенді білдіретін еді. Мұндай ықтимал перспектива Кабулдағы ең маңызды алаңдаушылық тудыруы тиіс еді. Әсіресе, жергілікті халық негізінен кеңестік ортаазиялық республикалардың халқына туыстық болғанын есепке алатын болса. Сонымен қатар, солтүстік азшық ұлттылықтар пуштундардың мүддесінде Хашим-хан үкіметі жүргізіп отырған ұлттық саясаттың қатаң сипатына көңілі толмады. Мұндай жағдайда Солтүстік Ауғанстанның Кеңес әскерлерімен басып алынуы, оның ішінде осы аумақтың жоғалуына әкелуі мүмкін еді.

Бұл қауіптену негізсіз болған жоқ, себебі, Иранның солтүстігін кеңестік басып алу кезеңінде оның аумағында Мехабад күрд және Әзірбайжан республикасы құрылды. Бұл

ретте КСРО Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін де Иранда өзінің әскери қатысуын сақтауға тырысты.

Сондықтан Кабул жол беруге мәжбүр болды. Ауған элитасының арасындағы аздаған ауытқулар 1942 жылы Кавказда және Солтүстік Африкада Герман әскерлерінің ең жоғары жетістіктері кезінде теориялық тұрғыдан орын алғанымен, бірақ олар да болса, қысқа болды. Сталинград түбіндегі немістерді жеңгеннен кейін соғыстың нәтижесі барлығына айқын болды.

Екінші дүниежүзілік соғыс Ауған мүдделеріне елеулі зиян келтірді. Ел Германияда, Италия мен Жапонияда дәстүрлі өткізу нарықтарын жоғалтты, өнеркәсіптік тауарлардың импорттық жеткізілімдері күрт қысқарды, олардың тапшылығы пайда болды. Бұл жағдайда Ауғанстан нарығына АҚШ алғаш рет белсенді шығып, қажетті тауарларды жеткізу басталады. Сонымен қатар, американдықтар Ауған экспортының барлық көлемін сатып алады. Соғыс кезінде Ауғанстанға АҚШ мүдделерінің себебі КСРО-ға жеткізуді жүзеге асыру үшін Азияда қосалқы маршрут болу қажеттілігімен түсіндірілуі мүмкін. Мысалы, 1942 жылы Кабулдағы америкалық елшіліктің атына құпия нұсқаулар жіберілді. Оларда Таяу Шығысқа немістер шабуыл жасаған жағдайда, ал жапондар – Бирмада болған жағдайда, Ауғанстан арқылы КСРО-ға және Қытайға жүк жеткізудің қосымша бағытын ашу үшін негіз дайындау міндеті қойылды.<sup>16</sup> Ең алдымен, АҚШ-тың ресурстары Германиямен соғысты жүргізуге бағытталған өзінің одақтасы, Ұлыбританияға көмектесті деп болжауға болады. Өйткені, ауған үкіметінің экономикалық қиындықтары оның позициясын әлсіретіп, соның ішінде Британдық Үндістанмен шекаралас пуштун тайпаларының көтерілістеріне әкелуі мүмкін еді. Бұл 1942 жылы Үндістан шекарасына шығыстан Жапон әскері келген кезде, Солтүстік Африкада неміс әскерлері Мысыр қақпасы алдында тұрып, ал Солтүстік Кавказда олар Иран шекарасына жақын болған жағдайда өте жағымсыз сипатқа ие болды.

Кез-келген жағдайда Ауғанстан Екінші дүниежүзілік соғысқа тікелей қатысудан құтылды, ол Иран көршісі ретінде басып алуға ұшырамады. Яғни, Хашим-хан үкіметінің консервативті

сыртқы саясаты жалпы өзін ақтады. Ел ішінде жағдай өте қиын болғанымен, ауыр экономикалық жағдайға наразы халық саны көп болды. 1943-1944 жылдары құрғақшылық болды, ал 1944-45 жылдың қысы өте қатал болды. Мемлекет шаруалардан астық сатып алуды төмен бағамен жүзеге асырды.<sup>17</sup> Наразылық тіпті пуштун тайпаларын да қамтыды. 1944 жылы Хост ауданында дзадран тайпасы, 1945 жылы мангал, пактия мен Нангархардағы сафи, сондай-ақ шинвари мен моманд тайпалары көтеріліс жасады.<sup>18</sup> Ішкі жағдай саяси элитаның ішінде шиеленіс туғызбауы мүмкін емес, күрделі болды. Сонымен қатар, сыртқы себептерге – елдің оқшаулануына, сондай-ақ ішкі – Хашим-хан үкіметінің тым қатаң және консервативтік саясатына байланысты Ауғанстанның артта қалуы айқын болды.

Ауғанстан Кеңестік Орта Азия мен Британдық Үндістанның Ауғанстанмен көршілес аймақтарындағы жағдайдың дамуы аясында аса маңызды және артта қалған болып көрінді. Соғыс кезеңінің барлық қиындықтарына қарамастан, мұнда соғыс жылдары елеулі өзгерістер болды. Атап айтқанда, Орта Азияға соғыс барысында Орталық Ресей мен Украинадан бірқатар кәсіпорындар, сондай-ақ көптеген мамандар эвакуацияланды, осының барлығы жаңғырту үдерістеріне қосымша серпін берді. Бір уақытта Британдық Үндістанда әскери уақыттың мұқтаждықтары үшін жаңа өндіріс өрістетілді. Үндістандағы Британ империясының әлсіреуі мен соғыс барысында ұлт-азаттық қозғалыс күшейе түсті.

Ауғанстан Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін солтүстіктен және оңтүстіктен өз көршілерінің арасында ең аз дамыған аумақ болып шықты. Мысалы, 1946 жылы елде 93 544 оқушымен 359 мектеп болды. 1948 жылы Ауғанстанның тек 8% ғана сауатты болды. Бірінші университет 1946 жылы құрылды, 1952 жылы оның бес факультетінде барлығы 200 студент оқыды. Осы уақытқа қарай көрші Пәкістанда 30 мың студенттен тұратын 5 университет болды. 1946 жылы Ауғанстанда тек бір ғана әскери зауыт, бірнеше тоқыма өндірісі болды, бар болғаны 22 мың кВт-сағ. электр энергиясы, тас көмірдің 20 мың тоннасы өндіріліп, шаруалардың ортағасырлық еңбек жолы қолданылды.<sup>20</sup> Елде, әсіресе басқарушы элитада қалыптасқан

жағдайдың қазіргі наразылығы 1946 жылы мамырда Хашим-хан үкіметінің отставкаға кетуіне алып келді. Жаңа премьер-министр оның бауыры, Шах-Махмуд болды. Оның тұсында елде ішінара ырықтандыру басталды.

### *1946-1952 жж. ырықтандыру жүргізу әрекеті*

Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқанда, ел басшылығындағы Хашим-ханның ұстанымы өте берік болды. Ең маңыздысы Хашим-хан үкіметі КСРО-мен және Ұлыбританиямен тең қарым-қатынас жасап, әлемдік соғыста бейтараптықты сақтап, Иранда орын алған тікелей басқыншылықтан құтылғандығы болды. Сонымен қатар, Хашим-ханға соғыстың ең қызған кезінде сол кездегі басты экспорттық өнім – Ауған қаракөлі үшін өткізу нарығымен проблеманы жедел шешуге қол жеткізілді. 1942 жылдан бастап оның негізгі жеткізілімдері АҚШ-та жүрді, бұл Ауғанстанды валюталық түсімдермен қамтамасыз етті.

Осындай айтарлықтай тұрақты жағдайда Хашим-хан саяси элитаның ішінде, әсіресе оның жас өкілдері арасында керең наразылыққа назар аудармауы мүмкін еді. Соңғылары елді қарқынды жаңғырту үдерістерін жүргізу үшін міндетті шарт ретінде ішінара ырықтандыру үдерістерін бастауға бейім болды. Әрине, Хашим-ханның қатаң режимі жаңғырту жолындағы басты кедергі болып көрінді.

Бірақ екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Хашим-ханның бұрынғы қатаң және консервативтік саясатын жалғастыру үшін елеулі дәлелдер болған жоқ. Ел үшін тікелей сыртқы қауіп болған жоқ, соғыс аяқталды және Ұлыбритания мен КСРО арасындағы қарым-қатынас біртіндеп бұзыла бастады. Бұл Ауғанстан үшін жаңа мүмкіндіктерді ашты, ол осы екі ұлы державалардың арасындағы қайшылықтар ойынының қайта жаңғыруына сене алды. Мысалы, 1944 жылдың соңында ауған әскері үшін әскери құрал-жабдықтарды жеткізу және кадрларды даярлау туралы Ауғанстан мен Ұлыбритания үкіметі арасында келісімге қол қойылды. Бұл Ауғанстандағы британ әскери атташесінің атымен «Ланкастердің жоспары»



деп аталған. Осы жоспар бойынша Кабул жеңілдік несиесі жағдайында 30 млн. рупий сомасына құрал-жабдықтар алуы тиіс еді, ал Ауған әскерлеріне британдық әскери нұсқаушылар жіберілді. Екінші дүниежүзілік соғыстың осы кезеңіне Еуропадағы Ұлыбритания мен КСРО арасындағы елеулі қайшылықтар белгіленді. Әрине, Лондон Үндістан шекарасындағы жағдай туралы ойлауы керек еді.

Сонымен қатар, Аманулла-ханды жақтаушылар басқару тәртібіне қауіп төндіруді тоқтатты. Ақыр соңында, батыста білім алған Ауған элитасының жас ұрпағының өкілдері (Мұхаммед Дәуіт) батыс стандарттары бойынша жаңғырту ел дамуының міндетті шарты болып табылатынына сенімді болды. Сонымен қатар, ішінара ырықтандыру олар үшін қосымша мүмкіндіктер ашып, сондай-ақ Хашим-хан басқарған тәртіп орнату жөніндегі қатаң шарасыз елдегі істің жағдайын бақылауға болады деп санады.

Сондықтан Шах-Махмудтың жаңа үкіметінің алғашқы қадамдары ішкі саясатты ырықтандыруға бағытталған. Атап айтқанда, көптеген саяси тұтқындар босатылып, білім беруді пуштундандыру бойынша жүзеге асыру кампаниясы тоқтатылды. Енді пушту міндетті түрде пуштутілді аудандарда оқытылуы тиіс еді, ал дари даритілді ауғандықтар арасында басты тіл болды. Түрік тілдес халықтың өкілдері (өзбектер мен түрікмендер) жалғыз ерекшелік болды, олар әлі де пушту тілінде білім алуды жалғастыруы керек еді. Тілдік ырықтандыру оларға таралмады.<sup>22</sup> Бұл реформаторлар үшін тек этникалық тажіктер мен хазарейлерден ғана емес, сонымен қатар кейбір білімді пуштундардан тұратын халықтың айрықша даритілді бөлігімен келісу қажеттігіне байланысты болды. Бұл ауғандық истеблишменттің даритілді бөлігіне тікелей жол берді. Сол кезде халықтың түріктілді бөлігі реформаға неге қатысы жоқ деген сұрақ туындайды?

Әрине, бұл елдің бас қаласы Кабулдың халқы дари тілін тарихи тұрғыдан қолданғанына байланысты болды. Жаңа Шах-Махмуд үкіметі мен жас реформаторлардың алдында Ауғанстанды жаңғырту міндеті тұрғандықтан, бұл үдеріске елдің білімді адамдарын тарту қажет болды. Олардың басым бөлігі дари тілінде білім алып, осы тілді қолданғанына

байланысты, олармен ынтымақтастық мүмкіндігі тілдік кемсітушіліктен бас тарту қажеттігін болжады. Сонымен қатар Кабул және оның белсенді халқы Ауғанстанда ырықтандыру жүргізу кезінде үлкен маңызға ие болды.

Сонымен қатар, түрік тілдес халық тарихи түрде Ауғанстандағы саяси үдерістерде дариде сөйлеген ауғандықтар сияқты рөлді ойнаған жоқ. Сондай-ақ өзбектер мен түркмендер соғыстан кейінгі кезеңде негізінен елдің шеткері аймақтарында, Кабулдан алыс орналасқан солтүстік шекара аумақтарында тұрып, іс жүзінде елорданың өзінде болмаған. Тиісінше, олардың мүдделерін ескеру қажет емес еді. Осы жағдай, ең алдымен, түрік тілдес халықтардың мүдделері мемлекеттің негізгі білім беру тіліне қатысты саясатын жеңілдету кезінде ескерілмеуінің басты себебі болды.

Бірақ Шах-Махмуд үкіметінің басты қадамы саяси жүйені ішінара ырықтандыру болды. 1947 жылы қала мэрлерінің еркін сайлауын қарастыратын муниципалитеттер туралы заң қабылданды. Билік сайлауға араласпады. Кабулда мэр болып белгілі Аманулла-ханды жақтаушы инженер Гулам Мұхаммед Фархад сайланды, ал Қандағарда мэр түрмеден енді шыққан Конституциялық қозғалыстың жақтасы Әзиз-хан болды.<sup>23</sup> Бірқатар либералды саясаткерлер Кабулдың Заңнамалық жиналысына сайланды. Осылайша, Ауған тарихында алғаш рет басты қалалардағы жергілікті билік либералды оппозиция өкілдерінің қолына өтті, олардың көпшілігі бұған дейін түрмеде отырды.

1949 жылы парламентке сайлау өткізілді, бұл ретте Үкімет дауыс беру барысына араласпады. Нәтижесінде оның құрамында оппозиция қайраткерлерінің айтарлықтай саны болды. Мысалы, Кабулдан екі мандатты үкіметке сыни көзқарас ұстанған либералдар – тәжіктер А. Махмуди мен М. Губар алған болатын. Оппозициялық депутаттар «Біріккен Ұлттық майдан» фракциясын құрды. Олар барлық негізгі парламенттік комиссияларды басқарып, депутаттардың талқылауына жаңа заңдардың, соның ішінде сайлау туралы, Конституцияға өзгерістер енгізу туралы, биліктің үш тармағын бөлу туралы, Үкіметтің Парламент алдындағы жауапкершілігі туралы демократиялық жобаларды ұсына алды. Оппозиция

қысымымен мәжбүрлі тегін жұмыс – бегар, астықты төмен бағамен мәжбүрлеп сатып алу және қосымша заңсыз салықтар жойылды. 1949 жылы сайланған Парламенттің қызметі елдегі саяси өмірдің айтарлықтай жандануына алып келді. Ырықтандыру басталуының маңызды қорытындыларының бірі әртүрлі деңгейдегі саяси партиялардың құрылуы болды.

1947 жылы «Виш Замильян» либералды қозғалысы құрылды. Бірақ ол көбінесе пуштундық болды, оның құрамында азшық ұлттылықтардың өкілдері болмады. Андхой қаласы, Фарьяб Солтүстік провинциясынан парламентке сайланған өзбек Абдұл Кәрім Назехи, «Виш Замильянға» ұзақ мерзімге қалған жалғыз пуштун емес қайраткер болды. Бұл ретте ол осы Ұйымның парламенттік фракциясының құрамына кірмегені тән. 1951 жылдың басында «Ватан» партиясы ұйымдастырылды. Сол жылы А. Махмудидің басшылығымен «Хальк» партиясы құрылды. 1951 жылы парламент либералды-демократиялық бағыттағы газеттер шығаруға негіз болған баспасөз туралы заңды қабылдады. «Газеттер либералды-демократиялық оппозицияның заңды мінбесі болатын тіл болды. Жеке баспасөздің пайда болуы оппозициялық бағыттағы жаңа қоғамдық ойдың рәсімделуіне ықпал етті».<sup>26</sup> Сондай-ақ дербес студенттік ұйым – 1950 жылдың соңында тыйым салынған Кабул университетінің студенттер одағы пайда болды. Сол жылы С. Балхи және Х. Наим бастаған «Иттехад» ислам партиясы ұйымдастырған төңкеріс әрекетінің алды алынды.<sup>27</sup> Негізінен хазарейлер мен тәжіктерге сүйенген исламшылардың мақсаты ислам республикасы болды.

Өз тарапынан билік негізінен ірі шенеуніктер – бірінші кезекте қорғаныс министрі Мұхаммед Дәуіт кірген «Ұлттық демократия» жеке саяси партиясын құруға тырысты. «Жаңа партияны құру үкімет бағытын ырықтандыру нәтижесінде пайда болған оппозициялық идеялармен тез толтырылған идеологиялық вакуумды толтыру керек еді».<sup>28</sup> Іс жүзінде, мемлекеттік партиясын құру 1952 жылы өтуі тиіс келесі парламенттік сайлауға дайындықтың бір бөлігі болды. Нәтижесінде билік 1949 жылы Парламентке сайлауға араласпағандағы секілді экспериментті қайталауды жөн көрген жоқ.

Ауғанстандағы саяси ырықтандыру өте ауқымды сипатқа ие болды және биліктің бақылауынан бірте-бірте шыға бастады. Саяси аренада өте солшыл «Хальк» партиясынан бастап, «Иттехад» – діни экстремистерге дейін әртүрлі саяси күштер пайда болды. Билік бұл үдерісте қауіп көрді. Олар жаңа саяси күштермен, әсіресе идеологиялық майданда ашық бәсекелестікке дайын емес болды. Премьер-Министр Шах-Махмуд бастаған үкіметтен келген жас реформаторлар өз мүмкіндіктерін асыра бағалады.

Ырықтандыру өзі елді жаңғырту үшін жағдайды қамтамасыз ете алмады, бұған шын мәнінде, биліктегі реформаторлар ұмтылды, бірақ ол түрлі саяси күштердің белсенділігін арттыруға әкелді. Соның салдарынан бұл Ауғанстанда билік тарапынан жауап берілмеген, соншалықты өткір сұрақтар қойылған бәсекелі саяси күрестің басталуына алып келді. Либералды, солшыл және діни қозғалыстары бар мемлекеттік партия ашық бәсекелестік жағдайында оның зақымдану қаупі болды. Нәтижесінде 1952 жылы билік жағдайды бақылауды жоғалтудан қауіптеніп, 1947-1949 жылдардағы демократиялық эксперименттің қайталануына жол бермеді. Репрессия басталды. Либералды партиялар таратылып, оппозициялық газеттерге тыйым салынды. 1952 жылғы парламенттік сайлау әкімшілік ресурсты пайдаланумен өтті, Парламентке либералды оппозицияның бірде-бір өкілі өтпеді.

Кабулда сайлау нәтижелері жарияланғаннан кейін оппозиция ұйымдастырған наразылық көрсету орын алды. Бұл биліктің қатаң реакциясын тудырды, «Ватан», «Хальк», «Виш Замильян» Қандағар бөлімшесінің көшбасшылары, Студенттер Одағының басшылары, атап айтқанда, солармен қоса Ауғанстанның болашақ көшбасшысы Бабрак Кармаль тұтқындалды. Осылайша, биліктің Ауғанстанды саяси ырықтандыру арқылы жаңғыртудың кезекті кезеңін бастау әрекеті сәтсіз аяқталды. Ресми Кабул жағдайды бақылауды жоғалту қаупіне тап болған соң, ырықтандыру үдерістері тоқтатылды. Дәуіттің басшылығымен реформаторлар құрған саяси партияда ашық саяси бәсекелестік жағдайында либералды және солшыл қозғалыстарға тең қарсы тұру

мүмкіндігі өте аз болды. Сондықтан билік тәуекелге баруды жөн көрген жоқ.

Бірақ 1947-1952 жылдардағы Ауғанстанның ішкі саясатындағы либералдық кезең елдің саяси өміріндегі кейінгі өзгерістер үшін жағдай жасады. Бұл кезең барлық негізгі саяси қозғалыстарға сахнаға шығуға мүмкіндік беріп қана қоймай, олардың негізгі идеологиялық бағдарламаларын тұжырымдады. Ырықтандырудың тағы бір маңызды нәтижесі – өкілдері саясатқа белсенді кіріскен азшық ұлттылықтардың айтарлықтай белсенділігі болды. Бұл ретте олардың көпшілігі пуштундардан бөлек әрекет етуді жөн көрді.

Пуштундық билеуші элита ырықтандыру үдерісін бастағанда, ол азшық ұлттылықтардың рөлінің артуымен бетпе-бет келді, атап айтқанда, кейбір қалалардағы билік олардың өкілдерінің қолына өтті. Ауғанстанда қоғамдық және этникалық ынтымақтастық идеологиялық артықшылықтармен салыстырғында әлдеқайда үлкен рөл атқарды. Әсіресе, Хашим-ханның азшық ұлттылықтарға қатысты өте қатаң басқару кезеңінен кейін. Сондықтан да тәжіктер Губар мен Махмуди 1949 жылы даритілді Кабулдағы сайлауда жеңіске жетті, ал исламшылар хазарейлік Балхи мен тәжік Наим 1950 жылы өз көтерілісін Кабулдан солтүстікке қарай көтеруге тырысты. Ырықтандыру Нәдір-шах пен Хашим-хан дәуіріндегі қатты пуштундық ұлттық саясаттың кезеңімен шектелді.

Сонымен қатар, билеуші элитаның проблемаларының бірі – ырықтандыру биліктің тайпаларға тәуелділік деңгейін автоматты түрде арттыра түскені болып табылады, өйткені пуштун халқының едәуір бөлігі, әсіресе елдің оңтүстік-шығысында бұрынғысынша тайпалар бойынша ұйымдастырылған. Демек, ырықтандыру үдерісінде сайлаушылардың ұйымдасқан топтарының рөлін арттыру автоматты түрде тайпа көсемдерінің мәнін күшейтті, олар алдымен сайлауда, содан кейін Парламентте жұмыс істеу кезінде оларды қолдауды қамтамасыз етуге қабілетті болды. Орталық биліктің тайпаларды электоралды қолдауға деген айқын қажеттілігі соңғылардың ішкі саясатта маңызының өсуіне алып келді. Осылайша, орталық биліктің әлсіреуі

кезінде, ырықтандыру үдерісінде сөзсіз болған, тайпалар дербес рөл атқара бастады. Оларды қолдауды қамтамасыз ету орталық биліктен елеулі күш-жігер мен материалдық шығындарды талап етті.

Ауған мемлекетінің бұрынғы заманында тайпалардан мылтықтар, ал ырықтандыру жағдайында – сайлаушылардың дауыстары талап етілді. Бұл жағдайда Ауғанстандағы билеуші клан яхьяхельдің тайпалар арасында позициялары әлсіз болды. Бұл отбасы дуррани тайпасының баракзай кланы, мохамадзай руының бір тармағы болған. Тіпті дуррани арасында корольдік отбасы үшін маңызды электоралды қолдау болған жоқ. Бұл мағынада 1947 жылы дурранидің басты қызметі – Қандағардың мәрін сайлау нәтижесінде Аманулла-ханды жақтаушысы Әзиз-ханның жеңісі айқын.

Сондықтан 1947-1952 жылдардағы ырықтандыру үдерісі Ауған қоғамында жинақталған барлық қайшылықтар кешенін көрсетті. Нәтижесінде билік саяси өмірдегі өзгерістердің әлеуетті үрдісінен әуреленіп, ырықтандыру реформаларынан бас тартты. Алайда, өзгерістер үшін идеологиялық негіз сақталды. 1952 жылдан кейін режимнің қатаңдығы нәтижесінде, Яхьяхель (Нәдір-шах, Хашим-хан) отбасымен құрылған орталықтандырылған мемлекеттің әлсіреу үдерісінің басталуын Аманулла-хан қабылдаған Ауғанстанды жаңғыртудың бұрынғы сәтсіз әрекеттерінен кейін тоқтата алмады.

Ауғанстанда 1947 жылы саяси ырықтандырудың басталуы неліктен орын алды деген сұраққа жауап бере алатын тағы бір маңызды жағдай британдықтардың Үндістаннан кетуімен байланысты болуы мүмкін. Осы жағдайға байланысты Ауған биліктері Британдық Үндістанның бұрынғы солтүстік-батыс шекаралық провинциясының (СБШП) пуштундарына ықпал ету үшін жаңадан құрылған Пәкістан мемлекетінің элитасымен бәсекелесуге мәжбүр болды.

Бұл бәсекелестіктің тең емес екені алдын ала белгілі болған, себебі британдықтар тиісті институттар түрінде айтарлықтай едәуір мұра қалдырды. Олардың ішінде білім беру жүйесі, құқық, нарықты реттеу тетіктері, армия, сондай-ақ сайлау жүйесі бар. Британдық институттардың әрекеті

жеті тайпалық агенттіктің аумағына таралмаса да, олар солтүстік-батыс шекаралық провинцияның пуштундары мекендеген қалған бөлігінде әрекет етті. Әрине, оның қатаң консервативті билігімен және архаикалық институттарымен артта қалған Ауғанстан бұрынғы Британдық Үндістанның пуштун элитасы үшін тым тартымды емес көрінді. Сондықтан 1947 жылы ырықтандырудың басы Британдық Үндістанның орнында пайда болған Пәкістанның пуштундарын өз жағына тарту жөніндегі бағдарламаның бір бөлігі болуы әбден мүмкін еді. Бірақ 1952 жылға қарай Кабул Пәкістанның солтүстік-батыс шекаралық провинциясының пуштундарына сене алмайтыны белгілі болды. Тиісінше, ауған билігі кезекті сайлауда тәуекелге барудың мағынасын көрген жоқ.

## 7-тарау.

### **Ауғанстан: сыртқы саясат және Британ империясының ыдырауы**

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы әлемдегі елеулі өзгерістерге алып келді. Ең маңызды салдардың бірі Ұлыбритания және КСРО статустарындағы өзгерістер болды. Бұл екі ел де дәстүрлі түрде Ауған саясатында үлкен рөл атқарды. Алайда, егер Кеңес Одағы соғыстан әлдеқайда күшті болып шықса және Шығыс Еуропада өзінің гегемониясын орнатып, сондай-ақ Азиядағы, атап айтқанда Қытай мен Кореядағы әсерін күшейте бастаса, онда Ұлыбритания керісінше, қатты әлсіреді. Оның әлемдегі әсері төмендеді, экономикалық әлеуеті қысқарды, сыртқы қарыздарының ауқымы өте үлкен болды. Атап айтқанда, Ұлыбританияның басқа қарыздарының арасында бір ғана Үндістанның өзіне, соғыс кезінде оның ресурстарын пайдаланғаны үшін 1 млрд. 375 млн. фунт қарыз болды.<sup>1</sup> Оны аяқтағаннан кейін Ұлыбритания әлі де инерция бойынша, атап айтқанда, Шығыс Еуропаның кейбір елдерінде және Иранда КСРО-ға геосаяси бәсекелестік орнатуға тырысты. Жоғарыда келтірілген мысалда көрсетілгендей, мұндай әрекет Ауғанстанда да жасалды (Ланкастердің миссиясы). Бірақ Британдық империяның нақты мүмкіндіктері оның бұрынғы империялық амбицияларына сәйкес келмеді.

Екінші дүниежүзілік соғыс барысында жұмсалған барлық орасан шығындарынан және осыған байланысты пайда болған үлкен қарыздардан кейін мұндай үлкен аумақты отарлық саясатты басқаруды жалғастыру Лондоннан тым үлкен ұйымдастырушылық және қаржылық күш-жігерді талап етті. Өз тарапынан, Үндістан метрополияның бұрынғы табысын



әкелмеді, сонымен қатар әкімшілік аппаратты ұстауға айтарлықтай шығындарды талап етті. Сонымен қатар, соғыс барысында Ұлыбритания Үндістанның саяси қозғалыстарына байланысты бірқатар мәселелерге жол беруіне мәжбүр болды. Бұл Лондонның соғыс жылдарында Үндістаннан пайдаланған үлкен ауқымды адам және материалдық ресурстары үшін төлеуге тиіс болатын баға болды.

Жол берулер арасында колонияның мәртебесін арттыруға, оған өзін-өзі басқаруды ұсынуға уәде де болды. Мәселен, 1942 жылдың наурыз айында Ұлыбританияның жабдықтау істері жөніндегі министрі Стаффорд Крипс Үндістанға арнайы сапармен келіп, Үнді ұлттық конгресінің (ҰҰК) көшбасшыларына Британдық Үндістанның соғыс аяқталғаннан кейін доминион мәртебесінде болуы үшін, оның соғыс кезеңіне кво-статусын сақтауға деген Лондонның ресми ұсынысын әкелді. Бұл колонияның мәртебесін арттыруға мүмкіндік берер еді. Осы жоспарға сәйкес соғыстан кейін бірден провинциялардың заңнамалық жиналысына сайлау өткізілуі тиіс еді, және онда депутаттар Құрылтай жиналысына сайланып, оларға Үнді княздіктерінен тағайындалған өкілдер қосылатын еді. Бұл ретте кейбір провинциялар мен князьдіктер дербес доминиондар құқығында Британ империясының құрамында қалуы мүмкін еді.<sup>2</sup> Дегенмен, бұл ұсыныс ҰҰК көшбасшыларымен қабылданбады. Негізінен, ол Үндістанда Британдық қатысудың, оның аумағындағы жеке иеліктерге ықпал етуді сақтау арқылы жалғасуын білдіргендіктен болды. ҰҰК бүкіл Үндістанның дербестігіне ұмтылып, оның құрамына князьдіктер мен барлық провинцияларды кіргізуге тырысқан еді. Британдық билік пен ҰҰК өкілдері арасындағы Үндістанның өзін-өзі анықтау мәселесі бойынша туындаған қарама-қайшылықтардың нәтижесінде соңғылары соғыстың соңына дейін репрессияға ұшырады. Атап айтқанда, бұған себеп «Августов революциясы» деп аталатын британ қатынасына қарсы ұйымдастырылған наразылық акциялары болды. Соғыс уақытында бұл биліктің қатаң іс-әрекеттері үшін жеткілікті негіз болды.

Дегенмен, соғыс аяқталғаннан кейін Лондонда Крипстің бұрынғы жоспарына қайта оралды. 1945 жылдың 19 қыркүйегі

Ұлыбританияның жаңа лейбористік Үкіметі жоғарыда көрсетілген жоспар бойынша Үндістанда әрекет ету ниеті туралы мәлімдеген бірінші Үнді декларациясы деп аталатын мағлұмдаманы жариялады.

Үндістандағы жағдай бірте-бірте күйреп, мұнда толқулар басталды, олар ағылшын-үнді армиясының жекелеген бөліктерін, атап айтқанда флотты қамтыды. Үнді әскерлеріндегі толқулар британдықтарға әскери күшке толық сене алмайтындығы туралы барлық жағдайды көрсетті. Сонымен қатар Үндістан ішіндегі күштердің арақатынасы олардың пайдасына қалыптаспады. Егер 1930-шы жылдары Үндістанда еуропалық бөліктерде 152 мың үнділерге қарсы 81 мың британ жауынгері болса, соғыстан кейін арақатынас 389 мың үнділерге қарсы 64 мың еуропалық болды. 1946 жылға қарай Британдық Үндістанда тек 500 Британдық азаматтық қызметкер мен 500 полицей қалды.<sup>3</sup> Колония негізінен британдықтар құрған мемлекеттік институттарға сүйенген үндістердің өздерімен едәуір дәрежеде басқарылды.

«Тальвар» оқу кемесінің бортындағы Бомбейде 1946 жылдың 18 ақпаны дұрыс тамақтанбау себебінен толқулар басталды, оларға 20 басқа әскери кемелердің экипаждары қосылды. Келесі күні қалада барлық саяси қамаудағыларды босату және Үндістаннан барлық ағылшын әскерлерін шығару деген саяси талаптар қойылған саяси ереуілдер өткізілді. 20 ақпанда Бомбейде артиллерияны пайдалана отырып, көтерілісшілер мен жіберілген әскерлер арасындағы әскери қақтығыстар орын алып, олар белгілі бір нәтижеге әкелмеді. Нәтижесінде бітім жасалды. Бомбейдегі оқиғалардан кейін Карачи, Калькутта, Мадраста және басқа қалаларда Үнді флотының басқа бөліктерінде, сондай-ақ Калькутта және Бомбейде әскери-әуе базаларында ұшқыштар арасында толқулар басталды. 22 ақпанда Бомбейде жаппай ереуіл басталды. Көтерілісті басу барысында 300 адам қаза тапты. Тәртіпсіздік ҰҰК және Мұсылман лигасы басшылығының араласуынан кейін ғана аяқталды.<sup>4</sup> Бұл аталған ұйымдардың саяси мәнінің артуының алғышарты болды.

Лондон үшін бұл үрейлі белгі болды. Бомбей көтерілісі Үнді армиясының қолдауынсыз шағын ағылшын әскерлері

Британдық Үндістанның үлкен аумағын қажетті бақылаумен қамтамасыз ете алмайтынын көрсетті. «1857-1859 жылдардағы оқиғалардың ұйымшылдықтың басқа дәрежесімен, жедел тәжірибе мен техникалық жарақтандырудың көмегімен еселеніп қайталануынан қорқу – егер британ үкіметінің билікті үнді халқына беру туралы шешім қабылдауының басты себебі болмаса, негізгілердің бірі болды».<sup>5</sup> Жағдайдың салдарынан ағылшындар тактиканы ауыстыруға мәжбүр болды. Мәселе жекелеген провинциялар мен князьдықтарға доминион мәртебесін беру туралы болған жоқ, бұл ағылшындарға олардың арасындағы қарым-қатынаста арбитр қызметін орындауға және сол арқылы Үндістанда ішінара ықпал етуді сақтауға мүмкіндік бергін еді. Мәселе күтім туралы, яғни биліктің әкімшілік жүйесін беруге болатын жауапты күш іздеу туралы болды.

Бомбей оқиғаларынан кейін екі аптадан кейін 1946 жылдың 15 наурызы, Ұлыбританияның премьер-министрі Эттли Парламентте екінші Үнді декларациясын оқыды, онда Үндістанға доминион мәртебесін беру туралы жариялады. 1946 жылдың қыркүйегінде Үндістанның Уақытша үкіметі құрылды. Оған ҮҰК-ің жеті өкілі, екі тәуелсіз мұсылман, бір сикх, бір парсы және «кесапаттылар» кастасының бірі кірді. Мұсылман лигасы оның құрамына кіруден бас тартты. 1947 жылдың 6 ақпанында премьер Эттли Үндістандағы саясат туралы үшінші декларацияны жариялады, онда британдықтар 1948 жылдың шілдесінен кешіктірмей кетеді және осы уақытқа орталық үкімет құрылмаса, онда билік провинцияларға берілетін болады делінген.<sup>7</sup> Үндістандағы барлық ауқымды қауымаралық және басқа да қарама-қайшылықтарды ескере отырып, жауапты үкіметті құру үдерісі мұнда өте күрделі міндет ретінде ұсынылды.

Британдық басқару жылдарында дәстүрлі Үндістан қатты өзгерді. Халықтың едәуір бөлігі жаңғырту үдерістеріне тартылды. Британдықтар Ұлыбританияда өмір сүрген барлық қажетті мемлекеттік институттарды – армияны, полицияны, заң жүйесін, нарықты реттеу тетіктерін, өзін-өзі басқару жүйесін, базалық сайлау институттарын құрды. Үндістанды басқару жүйесінің қажеттіліктерін қамтамасыз ету еуропалық

білімнің кең таралуына әкелді. Дәл осындай білімі бар адамдардан Тәуелсіздікке белсенді қатысқан Үндістанның саяси қозғалыстары да, сондай-ақ үнді бюрократиясы да болды. Бұл жағдайда ҰҰК, Мұсылман лигасының және басқа да ұйымдардың Үнді саясаткерлерінің мүдделері отарлық әкімшіліктің үндістандық шенеуніктерінің мүдделерімен тұспа-тұс сәйкес келуі уақыт еншісіндегі ғана мәселе болды. Үнді провинцияларында сайлау өткізу билікті жергілікті халықтың қолына берудің алғашқы қадамы болды. Бұл ретте институционалдық тұрғыдан Үндістан мемлекеттік дербестікке әбден дайын болды.

Әрине, Британдық әкімшілік мұра «князь» деп аталатын архаикалық Үндістанның үстінде жаңғырту үдерістерінің нәтижесінде пайда болған Үндістанның жаңа элитасының ұйымдық артықшылығын қамтамасыз етті. Соңғысы Ұлыбританияның тікелей қамқорлығындағы және онымен байланысты шарттар жүйесінің астында болған көптеген жекелеген Үнді мемлекеттерінен тұрды. «Үндістанда 565 мемлекеттің әрқайсысы Үкіметпен жеке келісімге ие болды».<sup>8</sup> Олардың ішінде өте ірі, атап айтқанда 20 млн. тұрғыны бар Хайдарабат князьдігі немесе Кашмир болды. Оларды басқару жергілікті саяси дәстүр негізінде жүзеге асырылды. Мысалы, Хайдарабатта оның негізінен индуистік халқы бар билікте мұсылман әулеті болған, ал Кашмирде, керісінше, раджа, сикх шыққан жері бойынша мұсылман көпшілігін басқарған.

Сонымен қатар, Британдық Үндістанда өзіндік ұқсастығы бар әртүрлі этникалық топтар өте көп болды, атап айтқанда, олардың арасында солтүстік-батыс шекаралық провинциядан пуштундар да болды. Әрине, мұндай топтар да этникалық бірегейліктің негізінде дербестікке үміттеніп алды. «Сикх ұлтшылдығы, төменгі касталардың («кесапаттылар») дербес діни қауым идеясында оқшаулану идеясы, пуштундардың бір бөлігінің өз мемлекетін, Пуштунистанды құруға ұмтылуы, Хинду Махасабхидің үнді ұлтшылдығы...»<sup>9</sup> Әрине, жоғарыда көрсетілген үрдістер Үндістанның тәуелсіздігін ұсыну туралы мәселені талқылау барысында ескерілмеуі мүмкін емес еді. Жекелеген ірі князьдіктер мен күшті ұлттық қозғалыстар осы үдеріске өзінің жеке қатысуына үміткер бола алады. Біріншісі

өз дербестігін сақтағысы келеді. Екіншілері өз этникалық аумақтары үшін мемлекеттік алғысы келді. Бұл жағдайда Британдық Үндістан тәуелсіздікке үміткер бірқатар жекелеген аумақтарға бөлінуі мүмкін болды.

Әртүрлі дербес ұқсастықтарға қарама-қайшы, Үндістанда бір мемлекет шеңберінде барлық Үнді қауымдастықтарын біріктірудің саяси идеясы болды, бұл идеяны Үнді ұлттық конгресі қорғап қалды. Мұндай идея этникалық және аймақтық ұқсастықтарға қарсы қойылған жалпыүнділік бірегейлікке негізделген. Бұдан басқа, жалпымұсылмандық бірегейлікке негізделген Үндістанның барлық мұсылмандарын біріктіру жөніндегі саяси идеяның болғаны белгілі. Бұл идеяны Мұсылман лигасы ұсынды. Үндістандағы ұлттық-азаттық қозғалыстағы осы екі ұйымның әсері өте үлкен болды. Алайда, Үндістан мен Пәкістанның жаңа мемлекеттерін құруда басты рөлді таза түрде идея емес, Британдық Үндістанды басқару жүйесімен Британдықтар құрған ұйымдастыру мүмкіндіктері ойнады.

Себебі, оларды өз қолына алатын саяси күш кез келген дәстүрлі князьдіктер мен барлық мүмкін болатын дербес ұлттық қозғалыстардан әскери-әкімшілік және қаржылық артықшылыққа ие болуы тиіс. Алайда, ағылшын-үнді бюрократия институттары негізінде тәуелсіз мемлекет құру үшін этникалық немесе аймақтық бірегейлікпен байланысты болмайтын тиісті жаңа идеология қажет болды. Мұндай идеология бір жағынан, жалпыүнділік, ал екінші жағынан – жалпымұсылмандық бірегейлік болды. Халықтың жаңа жаңғыртылған топтары Британдық басқару жүйесін ауыртпалықсыз сақтауға және мұра қылуға мүмкіндік беретін жаңа мемлекеттік бірегейлікті қажет етті. Ол дегеніміз, яғни, барлық қажетті институттармен заманауи мемлекет құруды білдірді.

Осыған байланысты Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың дамуы барысында үнді қоғамының модернизацияланған топтарының жаңа идеологиясын қалыптастыру үдерісінде жүзеге асырылғаны өте маңызды.

Үнді мұсылмандарының жаңғыртылған шеңбері, сондай-ақ еуропалық тұрғыда қалыптасқан үндістер де Британдық

ұйымдастыру негізінде қазіргі заманғы мемлекеттің стандарттарына ұмтылды. Сонымен қатар, олар өздерінің мүдделері дәстүрлі демократиялық рәсім шеңберінде ескерілмейтіндіктен қауіптенді. Өйткені, жаңа Үндістанда мұсылмандар үндістерден аз болды, бұл сайлау өткізу үдерісіне әсер етуі тиіс еді. Тиісінше олар мемлекеттік басқару аппаратына қол жеткізе алмайды және олардың жаңа мемлекеттің өміріндегі мәні автоматты түрде төмендейді.

Осыған байланысты, Ұлыбритания 1946 жылдың ортасында провинцияларға автономия беру жоспарын ұсынды, бұл орталық биліктің тек қорғаныс, сыртқы байланыстар және коммуникация салаларында ғана өкілеттіктер қалуы үшін жасалған қадам болды.<sup>10</sup> Бұл жалпы Үндістандағы мұсылман азшылығының мүдделеріне жауап берді, өйткені жекелеген провинцияларда халықтың мұсылман көпшілігіне ықпал етті. Сондықтан Мұсылман лигасының көшбасшысы Әли Жинна осы жоспармен келісті, бірақ ҰҰК басшысы Джавахарлал Неру орталық биліктің әлсіреуімен келіспей, бұл жоспарды қабылдамады. «Конгресс (ҰҰК) ақыр соңында мықты орталығы және әлсіз провинциялары бар федеративті республика орнатуға ұмтылды.<sup>11</sup> Осы келіссөздер сәтсіз болғаннан кейін жаңғыртылған, еуропалық білімді халықтың екі тобы бұрынғы Британдық Үндістанның әкімшілік мұрасын бөлуге кірісті.

Жаңа идеология мен британдық қоғамдық-саяси институттар жиынтығы қазіргі заманғы мемлекет құрылысы үшін барлық жағдай жасады. Нәтижесінде Үндістан мен Пәкістанның жаңа мемлекеттері Хайдарабад сияқты дәстүрлі түрде ұйымдастырылған князьдіктерден және пуштундық сияқты кез келген мүмкін болатын ұлттық қозғалыстардан басымдыққа ие болды. Бұған бұрынғы Британдық Үндістан институттары, атап айтқанда армия, қауіпсіздік жүйесі, білім беру және т. б. басты рөл атқарды, жаңа мемлекеттік бірегейліктердің этникалық ынтымақтастық пен жергілікті монархияның артықшылығын қамтамасыз етті. Жалпы алғанда, осы ұқсастықтардың пайда болуы британдық ұйымдастыру негізінде жаңа мемлекеттердің болуын негіздеу қажеттігіне халықтың жаңғыртылған топтарының реакциясы болды.

Нәтижесінде екі жаңа бірегейлік өте ұқсас ұйымдық негізі бар екі жаңа мемлекеттің пайда болуына алып келді. Бұл мемлекеттер ұлттық шеңберден тыс және Үндістанның дәстүрлі қоғамдарынан тыс жерлерде мемлекеттік құрылыстың идеологиясын қалыптастыруға қабілетті бұрынғы Британдық Үндістанның құрылған элитасының жаңғыртылған қабаттарымен құрылды. Бұл оларға Британдық институционалдық жүйені сақтауға мүмкіндік берді, бұл дәстүрлі қоғамдар мен ұлттық топтардан басымдықты қамтамасыз етті. Олар британдықтардан қалған институттарды өзара бөліп, дербестікке үміткер дәстүрлі князьдіктер мен түрлі этникалық топтарды іске асырды. Мұндай топтардың бірі Ауғанстанның шекараларынан Үнді өзеніне дейінгі аумақ шегінде дербестікке үміткер, СБШП-дан алынған пуштундар болды.

1947 жылдың 14-15 тамызында билік ауысуы мен екі жаңа тәуелсіз мемлекеттерінің – Үндістан мен Пәкістанның пайда болу үдерісі өтті. Содан кейін олар аумақты демаркациялауға кірісті, атап айтқанда екі маңызды провинция – Пенджаба және Бенгалия бөлінді. Бөлім үдерісі жаппай тәртіпсіздіктермен, мәжбүрлі қоныс аударушылардың орын ауыстырумен және кісі өлтірумен сүйемелденді. Осыған байланысты ең үлкен мәселелердің бірі – Британдық Үндістанның бұрынғы қуатты әскери-әкімшілік жүйесі бөлім барысындағы қайғылы оқиғалардың алдын ала алмауы болды. Ең алдымен, мәселе билік институттарының уақытша әлсіреуі әкімшілік мұраны бөлу қажеттілігімен және осыған байланысты тұрақты емес шешімдер қабылдауға жауаптылардың жоқтығымен байланысты болды. Әсіресе, бұл әскерге қатысты болды, ол теориялық жағынан тәртіпті қамтамасыз етуге тиіс еді. «Үндістанның діни белгісі бойынша бөлімі тікелей ешқандай таза мұсылман немесе үндіс бөлімшесі жоқ әскерді қозғады».<sup>12</sup>

Британдық билік енді жауапкершілікті өз мойнына алғысы келмеді, ал Үндістан мен Пәкістанның жаңа билігі бұған дайын болған жоқ. «Темір жолдағы жылжымалы құрамдардан кітапханалардағы кітаптарға дейін, қоймалардағы қару-жарақтан кеңседегі жиһазға дейін, жағдандағы алтын құймалардан жындыханадағы жындыларға дейін барлығын

бөліп алу талап етілді. Әскер, әскери-теңіз флоты және әскери-әуе флоты да бөлінді». <sup>13</sup> Бұл британдық басқару жүйесін ұйымдастырудың күрделілік деңгейін ескере отырып, өте ауқымды міндет болды. Қоғамда жүріп жатқан бірегейлік үшін күреспен қатар, оның ішінде жаппай кісі өлтірулерде де, осындай күрес әкімшілік бюрократиялық машинаның тыныштығында да жүргізіліп жатты.

Алайда әкімшілікті екі бөлікке бөлу аяқталған соң екі жаңа мемлекет – Үндістан мен Пәкістан бірден тұрақтанып, зорлық-зомбылық толқынын жойды. Содан кейін олар біртіндеп өз құрамына өз дербестігін сақтап қалған жеке князьдіктерді біріктіре бастады. Мысалы, Үндістан 1948 жылдың қыркүйегінде Хайдарабадты күшпен алып, ондағы телугу, каннара және маратхи халықтарынан шыққан үнді халқының жергілікті билеуші, саяси үстемдікке ие мұсылман халқына тірек жасаған Низам Мир Осман Әли Ханның билігіне қарсы көтерілісті басты. <sup>14</sup>

Пәкістанның пайда болуы кезінде өз қиындықтары болды, проблемалардың бірі СБШП-мен байланысты жағдай болды. Мұнда Абдұл Гаффар-хан бастаған ықпалды пуштун қозғалысы болды. Британдық Үндістанда саяси тұрғыдан жергілікті пуштундардың ең ықпалды көшбасшылары Мұсылман Лигасына емес, ҰҰК-ке бағдарланды. Абдұл Гаффар-хан СБШП конгрессистік ұйымының басшысы, оның бауыры Хан Сахиб – СБШП-ның үкімет басшысы болды. Алайда британдық мұраның бөлімінің басы провинциядағы антиүнділік көңіл-күйдің өсуіне алып келді. Абдұл Гаффар-хан мен оның жақтастары қиын жағдайға тап болды. Пуштундардың көшбасшысы ҰҰК кеңесінің отырысында Үндістанның бөліміне қарсы шықты. Егер бұл мәселе шарасыз болса, ол СБШП-да плебисцит өткізуді талап етіп, бюллетеньге провинцияның тәуелсіздігі туралы және Пуштунистанды құру туралы мәселені енгізуді талап етті. Оның пікірінше, тек қана тәуелсіздік туралы мәселені бюллетенге енгізу Пәкістанға қосылу идеясынан дауысты алаңдатуы мүмкін. <sup>15</sup> Дегенмен британдықтар мен Мұсылман Лигасы осындай шешімге қарсы шықты.

Мұндай қарсылық орынды болды, себебі бұл жағдайда жағымсыз жағдай орын алуы мүмкін еді. Британдық



Үндістанда этникалық және діни топтардың көп санының болуын ескере отырып, бұл ауыр зардаптарға әкеп соқтыруы мүмкін еді. Ал британдықтар үшін өзінің әкімшілік аппаратын басқарудың жауапкершілігін басым партиялардың – ҰҰК және Мұсылман Лигасының біріне беру барынша қолайлы болды. Жаңа ұлттық мемлекет – Пуштунистанды құру – теориялық тұрғыда Пәкістанды әлсіретіп, мұндай жағдай ҰҰК-ке тиімді болуы мүмкін еді. Алайда, іс жүзінде ҰҰК Мұсылман Лигасымен Британдық Үндістанды пакеттік келісімге сәйкес бөліскен. Олардың ортақ мүдделері болды, яғни олар этникалық белгілері бойынша бөлімді бастауға мүмкіндік бермеуді көздеді. Сондықтан британдық тарап мүдделі делдал ретінде және екі басты партия да таңдау Үндістан мен Пәкістан арасында жасалатынын анықтады.

Нәтижесінде Абдұл Гаффар-хан мен оның ұйымы 1947 жылдың 4-20 шілде аралығында плебисцитке бойкот жасауға шешім қабылдады. Плебисцитке сайлаушылардың жалпы санының 51% 572 798 адам қатысты, оның 289 244 адамы Пәкістан үшін және 2874 адамы Үндістан үшін дауыс берді.<sup>16</sup> Бұл провинцияның тағдырын шешті. Плебисцитте Ауғанстанмен шекараның бойымен жеті агенттіктен тұратын пуштун тайпалары қатыспағаны белгілі.

Соңғы жағдай үлкен маңызға ие. Плебисцит Британдық Үндістандағы жаңғырту үдерістеріне тартылған, жазықтықта тұратын пуштундарға қатысты болды. Мысалы, СБШП-да ХІХ ғасырдың ортасынан бастап Пешауар университеті жұмыс істеді. Әрине, британдық үлгідегі әкімшілік жүйенің құрамдас бөлігі болған (әскердегі қызмет, шенеунік аппаратта, заң корпусында және т.б. арқылы) СБШП жазықтық пуштундары үшін, жалпы жаңа мемлекет – Пәкістан жақын болды. Жер туралы мәселе де маңызды рөл атқарды. Жерге меншік Британдық Үндістанның заңдарымен қамтамасыз етілді. Жер иелері үшін нарықтық тетіктердің, сондай-ақ тиісті заң жүйесінің жұмыс істеуі маңызды болды.

Жалпы алғанда, СБШП жазықтық бөлігіндегі пуштун элитасының мүдделері, оның ішінде экономикалық мүдделері Ауғанстанның мүдделеріне қарағанда Британдық Үндістанның бюрократиясы мен буржуазиясының шығу тегі

бойынша мұсылмандардың мүдделеріне көбірек сәйкес келді. Сондықтан олар Пәкістан мемлекетін құруға негіз болған жалпымұсылмандық бірегейліктің идеяларын бөлісіп отырды.

Пуштундық ұлтшылдар СБШП-да Пуштунистан үшін сөз сөйлегенде, олар ұлттық (этникалық) негізде дербес мемлекет туралы идеалды ұғымдарға негізделді. Әрине, мұндай мемлекет халықтың пуштундық көпшілігімен және дуррани тайпасынан династиясы бар ел ретінде көрші тәуелсіз Ауғанстанға бағдарлануы тиіс еді. Әлбетте, Кабул өз тарапынан бұл идеяны белсенді қолдап, Британ империясының мұрасын бөлуге ұмтылды. Сонымен қатар, СБШП жерлері бір кездері Ахмад-шахтың және оның мұрагерлерінің бастапқы ауған мемлекетінің құрамына кірген.

Ауған билігінде бұрынғы Британдық Үндістанның пуштундарымен этникалық ынтымақтастық негізінде бұл жолы кек алуға қол жеткізуге тырысу идеясының пайда болуы әбден мүмкін еді. Кабулдағы билік үшін пайда айқын болды. Бұл жағдайда Ауғанстан өз аумағының мөлшерін, СБШП жазығы мен жергілікті буржуазиясы бар жер меншік иелерінің есебінен салық төлеушілердің санын айтарлықтай ұлғайтты. Сонымен қатар, Кабул бұрынғы британдық басқару инфрақұрылымының (әкімшілік, білім беру, әскери) бөлігін сатып алды. Бұл жағдайда Ауғанстанның мемлекеттік мәртебесі айтарлықтай өсер еді. Кабул үшін бұл Британдық мұраның есебінен өзінің мемлекеттік дамуында сапалы серпіліс жасауға тырысу мүмкіндігі болды.

Алайда, ұлттық ынтымақтастық идеясы әрдайым үлкен әлеуетке ие болса да, нақты жағдайда объективті қиындықтар туындады. Мәселе тек қана СБШП-дағы әкімшілік бұрынғы Британдық Үндістанның истеблишментінің бір бөлігі болуында және ұйымдастыру тұрғысынан оған Пуштунистан жеке мемлекетінен гөрі Пәкістанның идеясы жақын болғанында ғана емес. Сондай-ақ, Пәкістанның жаңа мемлекетінің саяси элитасы үшін, негізінен, қандай да бір аумақтық жол беру мүмкіндігі туралы мәселе болған жоқ. Мұсылман Лигасы Британдық Үндістан аумағында тұрған барлық мұсылмандардың мүдделерін, соның ішінде олардың саны мен СҚПП-дан пуштундарды да білдіруге үмітті болды.

Сондықтан Британдық Үндістанның сыртқы шекаралары Жаңа Пәкістан саяси элитасының көз алдында қосымша заңдылық алды, өйткені жаңа бірлестік – Пәкістан мемлекетіне Британ империясының саяси мұрасы ретінде қарастырылды. Тиісінше, басқа да ұлттық (этникалық) қозғалыстар сияқты СБШП-дағы пуштун ұлттық қозғалысы үшін британдық әкімшілік жүйесінің барлық қуатына сүйенген елеулі жауы болды. Пәкістан мен Үндістан мемлекеттік құрылымды біріздендіруге ұмтылды және осы негізде өз құрамына бұрынғы дербес князьдіктерді енгізді және этникалық сепаратизмнің ықтимал дамуына жол бермеді.

Жазықтықтағы бейтрайбалданған пуштундар Пуштунистанның жобасы жүзеге асырылмауында маңызды рөл атқарды. Тәуелсіз Ауғанстан қырқыншы жылдардың соңында СБШП-дан пуштундарға бұрынғы Британдық Үндістан шекарасындағы әдеттегі өзара қарым-қатынас жүйесін өзгертуге тырысатын ештеңе ұсына алмады.

Алайда Британдық Үндістанда Ауғанстанмен шекаралас тайпалардың аймақтарынан тайпалы пуштундар да болды. Олар тарихи түрде Ауғанстан билігімен тығыз байланыста болды. Атап айтқанда, билеуші династия 1930-шы жылдардың басында СБШП-дан шыққан бірқатар тайпалардың негізінен уәзірлер мен масудтардың қолдауымен билікке келді. Теориялық тұрғыдан тайпалар Пуштунистан идеясын қолдауда үлкен рөл атқара алар еді. Алайда, Пәкістан британдықтардан пуштун тайпаларымен тұрақты қарым-қатынасты қолдау механизмін қоса алғанда, басқарудың барлық жүйесін мұра етті. Сонымен қатар, Пәкістан билігі осы қатынастарды дамыта алды. Мысалы, олар Кашмирге шабуыл жасау үшін пуштундық тайпалық жасақтарды пайдаланды, жергілікті раджа Хари Сингх Үндістанның мұсылмандық халқымен бұл князьдікті бергеннен кейін, бұл бірінші Үнді-Пәкістан соғысының басталуына себеп болды.

1947 жылдың 23 қазанында пуштун тайпалары африди, масудтардың және уәзірлердің жасақтары Кашмирге басып кірді, осы уақытта кашмирлік раджи әскерлері мен провинцияның батыстық бөлігінен шыққан мұсылмандар арасында шайқас жүріп жатты. Пәкістан билігі бұл мұсылман еріктілерінің

көтерілісі болды деп мәлімдеді. 27 қазанда Кашмирге Үнді әскерлері жіберіліп, жергілікті билеуші князьдіктің Үндістан құрамына кіруі туралы шартқа қол қойды.<sup>17</sup> Пуштун тайпаларының Кашмирге жорығының басында Пәкістан билігі тұрғаны сөзсіз. Олар шетін миссияны орындауға пуштундарды тарту үшін СБШП әкімшілігімен бұрынғы байланыстарын пайдаланғаны әбден ықтимал. Сол арқылы олар еркін пуштун тайпалары аймағындағы жеті пуштун агенттіктеріне қатысты жаңа мемлекеттің сабақтастығын растады. 1947 жылы Кашмир операциясына ауған-пәкістан шекарасының ең маңызды тайпалары – африди, уәзір және масуда қатысуы кездейсоқ жағдай емес.

Алайда, пуштун тайпаларына қатысты британдықтар мен Пәкістанның саясатындағы айырмашылық болды. Британдықтар үшін ең бастысы тәуелсіз тайпаларды ұстау болды, пәкістандықтар оларды өз мақсаттары үшін пайдалану тәжірибесіне көшті. Кашмирге шабуыл ауған шекарасындағы пуштун тайпаларын осылай пайдаланудың бірінші, бірақ соңғы емес үлгісі болды.

Жалпы Британ империясының ыдырауы және Үндістаннан британдықтардың кетуі өте ауқымды үдеріс болды. Ағылшындардың кетуі өңірдегі саяси жағдайды түбегейлі өзгертті. Бүкіл әлем бойынша өз мүдделері болған үлкен отарлық империяның орнына тікелей Ауғанстан шекараларында жаңа мемлекет – Пәкістан құрылды. Бұл мемлекет Үнді өзенінің алқабын толығымен алып, Үндістанның осы бөлігімен қарым-қатынас Ауғанстан мен пуштун тайпалары үшін тарихи тұрғыдан үлкен мәнге ие болды. Алайда жаңа тәуелсіз мемлекет Британдық мұраның есебінен Ауғанстан алдында ұйымдастырушылық артықшылыққа ие болғаны аса маңызды болды. Бұл ретте оның мүдделері соңғысының мүдделеріне қайшы келді.

Бірінші кезекте екі мемлекет арасындағы шекара туралы мәселе болды. Осы ауданда Британдық Үндістанның мұрагері ретінде қалыптасқан Пәкістан шекараның өту сызығының өзгермейтіндігін мәлімдеді. Өз кезегінде, Ауғанстанда британдықтардың кетуі олармен жасалған келісімдердің күшін жояды деп ойлады, себебі ол келісімдерге отарлық империя

тарапынан күштеп қысым жасау арқылы қол қойылған болатын. Мемлекетаралық қарым-қатынастағы басқа проблема пуштундық мәселемен байланысты болды. Дәлірек айтқанда, Пәкістан аумағында этникалық пуштундардың едәуір саны тұрғанына байланысты болды.

Пәкістанның мемлекет ретінде қалыптасуы жаңа геосаяси шындықтың пайда болуына да ықпал етті. Британдық Үндістанның бөлімі кезінде екінші дүниежүзілік соғыс бойынша бұрынғы одақтастар – батыс елдері мен КСРО арасындағы қарым-қатынастардың шиеленісуі орын алып, қырғи-қабақ соғыс басталды. Пәкістанның Үндістанмен қақтығысы көп жағдайда екі елдің геосаяси бағдарының түрлі бағыттарын анықтады. Мұсылман лигасының көшбасшысы «Жинна, оның жаңа ұлтын: коммунистік Ресей мен тербелмелі Үндістан арасындағы буферлік аймақ, сондай-ақ Қытай мен Таяу Шығыс арасындағы маңызды пункт ретінде маңызды стратегиялық одақтас ретінде көрсетуге ұмтылды».<sup>18</sup> Тиісінше, Пәкістан АҚШ-қа қарай бағдар ала бастады. Үндістан жалпы бейтараптық жағдайда КСРО-мен тығыз қарым-қатынас орнатты.

Бұл жағдайда Ауғанстан өте қиын жағдайға тап болды. Біріншіден, ол Британдық Үндістанның ыдырауымен байланысты пайда болған ыңғайлы мүмкіндікті пайдалана алмады. Екіншіден, Пәкістанның құрылуы осы елмен қарама-қайшылықтардың жаңа кешенін (пуштун мәселесі мен Дюранд желісі) қалыптастыруға алып келді. 1947 жылы қыркүйекте Ауғанстан Пәкістанның БҰҰ-ға кіруіне қарсы дауыс берді.<sup>19</sup> Бұл ретте Пәкістан Ауғанстан үшін іс жүзінде өте маңызды сауда серіктесі және теңіз порттары арқылы сыртқы нарықтарға шығудың жалғыз мүмкін жолы болған еді. Үшіншіден, КСРО мен Батыс елдері арасындағы қырғи-қабақ соғыстың басталуы Ауғанстанды қиын геосаяси жағдайға қойды. Ол бүкіл әлем ауқымында кеңінен тараған ұлы державалардың мүдделерінің өшпенділік күресінің шеткері болып шықты.

Бір жағынан, Ауғанстан жаһандық қарсы тұру ауқымында үлкен маңызға ие болған жоқ. Екінші жағынан, қырғи-қабақ соғыс оның ең қатаң қақтығыстарына қатысқан тәуелсіз мемлекеттердің нақты анықтығын талап етті. Кабул мұндай

анықтамаға объективті дайын емес еді. XIX ғасырдағы екі ұлы держава – Ресей мен Ұлыбританияның арасында өмір сүріп, бар жинаған тәжірибесі оның қақтығысқа тікелей қатысуды қаламайтындығын айқын көрсетті. Үшінші жағынан, Ауғанстан КСРО аумағына тым жақын болды.

Тиісінше, бұл ел Кеңес Одағына тікелей қол жетімді болды. Сондықтан да қырғи-қабақ соғыс барысында, Мәскеу өз мүдделеріне аз ғана қауіп төнетін болса, ол Ауғанстандағы жағдайға араласуы әбден мүмкін еді. «Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Ауғанстанның стратегиялық маңызын мойындау біраз уақыт сақталған. Содан кейін, 1947 жылы Британдық Үндістанды екі мемлекетке бөлгеннен кейін АҚШ үшін стратегиялық серіктес және одақтас Пәкістан болды және Ауғанстан Иран мен Пәкістанмен бірге аймақтық әскери топтарға қатысудан бас тартқаннан кейін АҚШ үшін өзінің тартымдылығын жоғалтты. Осындай ұстанымның негіздемесі де әзірленген болатын. Ол негіздемеде АҚШ-тың Ауғанстанмен жақындасуы КСРО-ның наразылығын, Ауғанстанның тікелей бағынуы бойынша оның іс-қимылдарын, соның ішінде әскери жолмен қарсы әрекетін тудыруы мүмкін деп мәлімделген. Бұған Батыс та, Ауғанстанның өзі де кедергі бола алмайды. Сондықтан Ауғанстанға кең мағынадағы америкалық көмек тек зиян келтіруі мүмкін еді».<sup>20</sup>

Бұл жағдайлардың барлығы Ауғанстанның өзінің тікелей көршілерінен, оның ішінде – тәуелсіз Пәкістаннан, кеңестік Орта Азиядан, сондай-ақ Ираннан жалпы артта қалуының жай-күйін консервациялауға әкеп соқтырды. Ол дамымаған мемлекет жағдайында қалып отырды. Кабулда бұрынғысынша жаңғыртудың жалпы стратегиясы да, оны өткізуге арналған ресурстар да болған жоқ. Сонымен бірге оның сыртқы саяси оқшаулануы және жалпы бейтарап мемлекет статусы жаңғырту үдерісін жүргізуге қажетті қаражатты алу үшін ұлы державалардың біріне арқа сүйеуге мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар қырғи-қабақ соғыс әдеттегі аймақаралық сауда байланыстарын дамытуға кедергі жасады, бұл транзитте табыс табуға мүмкіндік бермеді. Біріншіден, КСРО шекарасы жабық болды. Екіншіден, Ауғанстанда тиісті көлік инфрақұрылымы, атап айтқанда темір жолдар болмады.

Бұл жағдай Ауған билігінің алдына қиын мәселе қойды: мұндай қиын жағдайда не істеу керек. Бірінші орынға жаңғырту идеясы, оны жүргізу әрекеті әбден қисынды болып шықты және ХХ ғасырдың екінші жартысында Ауғанстанның одан әрі дамуын айқындай бастады. Жаңғырту саясатын жүргізудің кезекті талпынысы әмір Захир-шахтың немере ағасы Дәуітпен жасалды.

## 8-тарау.

### Ауғанстан: Дәуіттің он жылы

Осылайша, 1952 жылы ауған билігі 1946 жылы өздері бастаған ырықтандыру үдерістерін тоқтатты. Олар үшін саяси тәуекелдер тым үлкен болды және нәтижесінде олар тәуекелге бармауды жөн көрді. Алайда, әмірдің ағасы, премьер-министр Шах Махмуд үшін бұл, әрине, Ауғанстандағы билеуші отбасының ішіндегі бәсекелестермен бәсекелестікте оның жеке позицияларының әлсіреуін білдірді. Әрине, елдің 1946-1952 жылдардағы мемлекеттік саясаты және оның барлық сәтсіздіктері бірінші кезекте премьердің есімімен байланысты болды. Шах Махмудқа наразылықтардың арасында ол басқарған ауған билігінің Британдық Үндістанның ыдырау жағдайын өз мүдделеріне сәйкес пайдалана алмауы, сондай-ақ ел ішінде ырықтандыру жүргізу жобасының сәтсіздігін атап өтуге болады.

Сол уақытта басқа әмір Захир-шахтың ағасы, бұрынғы премьер Хашим-хан заманының бұрынғы, аса қатаң консервативті саясатына қарапайым оралу, 1950-ші жылдардың бірінші жартысында мүмкін болмады. Ауғанстанның күн тәртібінде жаңғырту жүргізу міндеті өткір мәселе болып тұрды. Елдің артта қалуы тым елеулі және осыған байланысты Ауған элитасы үшін қолайсыз болды. Бұл әсіресе Ауғанстанмен көршілес болған жаңа Пәкістан мемлекетімен салыстырғанда үлкен проблема болып отырды.

Британдықтардан алынған мұра Пәкістанды еуропалық институттармен, әсіресе Азияның осы ауданының өлшемі бойынша өте дамыған мемлекет жасады. Кем дегенде, Пәкістан Ауғанстанмен салыстырғанда экономикалық тұрғыдан



неғұрлым дамыған және әскери тұрғыдан неғұрлым күшті болып көрінді. Ауған элитасы үшін бұл өте жағымсыз тосын сый болды. Кабул Британдық Үндістан бөлімі барысында ештеңе істей алмағаны өте көрнекті жағдай. Оған себеп, сол кезде Ауғанстан СБШП пуштундық халқының, оның екі бөлігінен де – жазықтық пуштундар мен таулы тайпалар көзайымы үшін күресте жеңілгенінде ғана емес. Дегенмен, бұл Кабулдағы билікке ауыр тимеуі мүмкін емес еді. Ауған элитасына ең жағымсыз әсер еткен жағдай – Ауғанстанның бұрынғы британдық отарымен әскери қуатта да салыстыруға келмейтіндігі болған шығар.

Британдық Үндістанның ыдырауынан кейін Пәкістан бұрынғы ағылшын-үнді армиясының жалпы санының кем дегенде үштен бір бөлігін алды. Жоғарыда аталғандай, Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін бірден соңғысының құрамында Үндістаннан шыққан – екінші дүниежүзілік соғыс майдандарында әскери іс-қимыл тәжірибесі бар 400 мыңға жуық үндістер мен мұсылмандар болды. Сонымен қатар, армия авиация, танктер, артиллерия сияқты тиісті заманауи техникалық жабдықтарға ие болды. Әскердің Пәкістандағы мемлекеттік құрылыстың маңызды институттарының бірі болғаны анық.

Пәкістанда қуатты әскердің болуы Кабулдың британдық мұра үшін күресте неліктен дипломатиялық әрекеттерден басқа ешқандай белсенді іс-әрекеттер жасамағанын түсіндіретін себептердің бірі болуы мүмкін. Және бұл, СБШП-да Абдұл Гаффар-хан бастаған, негізінен пуштун халқы құраған және оның өкілдерінен осы провинцияның үкіметі құрылған тәуелсіз Пуштунистанды жақтаушылардың күшті қозғалысының болуына қарамастан орын алды.

XIX және XX ғасырдың басында ауған билігі Солтүстік-батыс шекаралық провинциядағы жағдайға әсер етуге тырыса отырып, уақыт өте белсенді тұрғыда араласып отырған атап өткен жөн. Алайда, 1947 жылы олар ештеңе істей алмады, артта қалған Ауғанстан мен заманауи Пәкістан арасындағы айырмашылық тым айқын болды. Пәкістанмен шекара маңындағы негізгі пуштун тайпалары – африди, масудтар және уәзірлер Кашмирге қарсы жасалған әскери операцияда

Пәкістан жағында болды. Олардың уәждемесі әртүрлі болуы мүмкін – тікелей қаржылық мүдделіліктен бастап, мұсылман халқымен күрескен идеологиялық уәждемеге дейін. Алайда бұл жерде маңыздысы басқада – шекара маңындағы пуштун тайпалары үшін Пәкістан Ауғанстанға қарағанда қамқоршы ретінде тартымды болды.

Бұл ретте аграрлық Ауғанстанның жалпы артта қалуы және осыған байланысты оның қаржы ресурстарының жетіспеушілігі маңызды рөл атқарғаны сөзсіз. Естеріңізге сала кетейік, 1919 жылдан бастап Кабул Британдық үкіметтен көмекқаржы алған жоқ. Бұл ретте, үкіметтің барлық мүмкіндіктері аграрлық елдің ішінен жинай алатын ресурстарымен шектеліп, оларды жинау әрекеттері жиі ортағасырлық әдістермен іске асатын. Сонымен қатар, пуштун тайпалары Нәдір-шахтың билікке келуі кезінде көрсеткен көмегіне байланысты олардың рөлі қатты өсті. Бұл жағдайдың дербес пуштун тайпалары Ауғанстандағы ерекше орынға үміткер болуына байланысты салық салынатын негіздің қысқаруына әсер етпеуі мүмкін емес еді. Нәдір-шах, оның бауырлары Хашим-хан мен Шах Махмуд, және оның ұлы Захир-шах тиесілі Мусахибин отбасы, әмірлер Абдуррахман, Хабибулла және Аманулла кезінде орын алған тайпалардың дербестігін шектеу жөніндегі саясатты одан әрі жалғастыра алмады.

Кабулға 1946-1952 жылдардағы ырықтандыру саясаты да көмектескен жоқ. Ол мемлекетке күтілген күшеюді жүзеге асырмады және нәтижесінде жалпы жүйенің әлсіреу тәуекелдерінің пайда болуына байланысты саяси реформаларды бұруға мәжбүр етті. Бұл саясат сондай-ақ жаңғыртуды жүргізуге бағытталған болатын. Ауған билігі осылайша елді неғұрлым заманауи етіп жасауға, соның ішінде британдық үлгідегі өзін-өзі басқарудың дамыған жүйесімен Пәкістанға бәсекелестік жасауға ұмтылған көрінеді.

Осылайша, Пәкістанның құрылуы Ауғанстан үшін ең үлкен сын-тегеурін болды. Сондықтан 1950-ші жылдардың басында, либералды реформалардың құлдырауынан кейін, Кабул үшін басты проблема Ауғанстанды жаңғыртуды саяси жүйе үшін ең аз тәуекелдермен жүзеге асыру болды. Бұл сұраққа жауапты әмір Захир-шахтың немере ағасы және оның әпкесінің күйеуі Мұхаммед Дәуіт табуы тиіс еді.

1953 жылы қыркүйекте премьер-министр Шах Махмуд лауазымынан босатылды. Дәуіт үкіметтің жаңа басшысы болды. Жігерге толы Дәуіттің кандидатурасы, өзінің ағасы Шах Махмуд сәтсіздікке ұшыраған жерлерде оңтайлы нәтижеге қол жеткізе алатын тиімді кандидатура болып көрінді. Өз қызметін саяси ырықтандырудан бастаған ағасынан айырмашылығы, Дәуіт жоғарыдан ұйымдасқан авторитарлы жаңғыртуды жақтаушылардың бірі болған. Сондықтан ол премьер-министр лауазымында болған кезеңде ырықтандыру жылдарында (1946-1952) пайда болған либералдық қозғалыстарға қатысты елдің ішкі саясаты жеткілікті дәрежеде қатаң болды. Жаңа премьер-министрдің тұсында мемлекеттік саясаттың басты басымдықтары армияны, экономиканы және білім беру жүйесін жаңғырту болды.

Сонымен қатар осындай ауқымды міндеттерді шешу қомақты ресурстарды талап етті. Артта қалған Ауғанстанның ішінде жаңғырту жүргізу үшін қажетті қаржыландыру көздерін табу мүмкін емес еді. «1952 жылы мемлекеттің ішкі кірісінің тек 18%-ын ғана жер мен жануарларға салынған салық қамтамасыз етті, ал 40%-ы сыртқы саудадан, 13%-ы корпоративтік салықтардан және 10%-ы импорттық тауарларға (мұнай мен темекі) үкіметтік монополиядан алынды. Ішкі кірістер барлық мемлекеттік шығыстардың 74%-ын жабатын, шетелдік көмек барлық шығыстардың 18%-ын қамтамасыз ете отырып, салыстырмалы түрде аз болды».<sup>1</sup> Демек, жаңа үкімет елді негізгі бағыттар бойынша жаңғыртуды қаржыландыруға тырысу үшін ауқымды сыртқы қолдау алу тәсілін табу қажет болды.

1950 жылдардың ортасындағы нақты жағдайларда сыртқы ресурстарды алудың ең қисынды тәсілі қырғи-қабақ соғыс барысында КСРО мен АҚШ арасында орын алған бәсекелі күресті пайдаланумен байланысты болды. Естеріңізге сала кетейік, Ауғанстан тарихында Кабул британдық көмек есебінен мемлекеттік шығыстардың едәуір бөлігін қаржыландырған кездер ертеректе орын алған. Бұл көмек, өз кезегінде, үлкен ойын кезінде Ресей және британдық империялар арасындағы мүдделер күресіне байланысты болды. Теориялық тұрғыдан, жаңа геосаяси жағдайда Кабул қарсылас ұлы державалардың

біреуі тарапынан, мәселен, оның Ауғанстандағы басымдықты жағдайын мойындау арқылы қолдау алуға әбден сене алды.

Алайда, XX ғасырдың ортасындағы жағдай Ауғанстанның ертедегі ағылшын-ресейлік қарсыластық аясындағы тек Ұлыбритания мен Ресей мүдделерінің арасындағы жалғыз буферлік мемлекет болған кездегі жағдайдан біршама ерекшеленді. Енді Британдық Үндістанның орнында Пәкістан мен Үндістан пайда болды. Мемлекеттік шекарадан өту проблемасына, сондай-ақ пуштун мәселесін шешуге байланысты Ауғанстан мен Пәкістан арасындағы мүдделер қақтығысы Кабулдың сыртқы саяси маневр жасау мүмкіндігін объективті түрде шектеді. Осыған байланысты қарсылас әлемдік державалар осы сәтті ескеруі тиіс еді.

Сонымен қатар, Ауғанстан КСРО-ға тым жақын орналасқан. Сәйкесінше, қырғи-қабақ соғыс жағдайында Мәскеу үшін ерекше құнды болды. Ауғанстанның АҚШ-пен тым тығыз байланысы КСРО тарапынан теріс реакция тудыруы мүмкін болғаны айдан анық. Бұл ретте, Мәскеу мен Вашингтон арасындағы жағдайдың Ауғанстан үшін қандай-да бір шиеленісуі жағдайында американдықтар осы елдің көлік қол жетімділігінің әлсіздігінен, сондай-ақ ауған-пәкістандық қатынастардағы проблемаларға байланысты ауған бағытында әрекет ете алматын еді. Соңғы жағдай Ауған аумағына кіруді өте қиындататын еді.

Сондықтан Вашингтон Мәскеуді арандатқысы келмеді. Нәтижесінде АҚШ та, КСРО да өз қарсыластығын ауған аумағына таратуға ұмтылған жоқ. Олардың басқа аудандарда, мысалы, Еуропада да қарама-қайшылықтары жеткілікті болды. Сонымен қатар, АҚШ тарапынан да, КСРО тарапынан да айтарлықтай күш жұмсауды талап еткен Кореядағы соғыс тек 1953 жылдың шілдесінде ғана аяқталды.

АҚШ үшін Пәкістан үлкен қызығушылық тудырды. Біріншіден, ол Иран, Пәкістан және Ауғанстан арасындағы Оңтүстік Азия аймағында маңызды стратегиялық орынға ие болды. Екіншіден, Пәкістан мен Үндістан арасындағы қарама-қайшылықтар осы елдің ауқымының айқын өлшемсіздігіне байланысты Пәкістан элитасы үшін ықпалды сыртқы саяси әріптес іздестіруіне негіз болды. Сонымен қатар, үнді билігі

жалпы қырғи-қабақ соғыстан тыс қалуға тырысты. АҚШ үшін америкалық одақтастық ретінде Пәкістанды таңдау оның даулы мәселелер бойынша, соның ішінде Дюранд желісінің өту мәселесі бойынша ұстанымына қолдау көрсететін тарап ретінде маңызды болды.

Осыған орай, Вашингтон өңірдегі барлық жағдайды ескере отырып, өзінің басымдықтарын айқындауы тиіс болатын. 1954 жылдың басында шешім қабылданды. «1954 жылдың ақпанында президент Эйзенхауэр Пәкістанға АҚШ-тың әскери көмегін мақұлдады, ал желтоқсанда Мемлекеттік хатшы Джон Фостер Даллес Ауғанстанның әскери көмек туралы өтінішін қабылдамады. Бір айдан кейін Дәуіт Кеңес одағы тарапынан қолдау туралы ұсынысын қабылдады».<sup>2</sup> Осылайша, Ауғанстан негізгі серіктесі және доноры ретінде КСРО-ны таңдады.

Айта кету керек, бұл шешім көп жағдайда мәжбүрлі болды, себебі Дәуіт та, корольдік отбасы да коммунистік қозғалыстарды қолдауға бағытталған КСРО саясатын ұнатпады. Сонымен қатар, дәл осы кезеңде, 1954 жылы Иракта және Мысырда жергілікті монархиялар құлдырап, билікке солшыл-радикалды офицерлер келді. Ирак және Мысыр революционерлері социалистік бағдар ұстанғаны көріністі жағдай болып табылады. Бірақ 1954 жылы Ауғанстан билігінің басқа таңдауы болған жоқ. Олар геосаяси шындыққа негізделуі тиіс еді.

Американың Пәкістанды аймақтағы басты одақтас ретінде таңдауы Ауғанстанның әскерді жаңғыртуда АҚШ-тың көмегіне бұдан былай сене алмайтынын білдіреді. КСРО ғана енді Ауғанстанды жаңғыртудың жоспарланған бағдарламаларына кең қолдау көрсете алатыны аса маңызды болды. Сонымен қатар, Ауғанстанның КСРО-ны таңдауы оның бұрын артта қалған қоғамдарды, соның ішінде азиялық қоғамдарды жедел кешенді жаңғыртудың бай тәжірибесін пайдалануды да білдірді. 1950 жылға қарай Орта Азияны жаңғырту нәтижелері толығымен көрініс тапты. Ақыр соңында, сол кезде кеңестік жаңғырту тәжірибесі өте тиімді болды. Атап айтқанда, мемлекеттік жоспарлау жүйесі өте тартымды болды. Нәтижесінде 1956 жылы Дәуіт үкіметі Ауғанстанның бірінші бес жылдық даму жоспарын қабылдады, оның шеңберінде

бірқатар ауқымды бағдарламаларды жүзеге асыру басталды. Әрине, бұл кеңес ықпалының тікелей салдары болды.

Айта кету керек, 1954 жылдан кейін КСРО мен АҚШ арасындағы Ауғанстан төңірегіндегі геосаяси бәсекелестіктің жалпы жағдайы ХІХ ғасырдың үлкен ойыны кезіндегі бәсекелестік жағдайынан ерекшеленді. Басты айырмашылық, егер ХІХ ғасырда Ұлыбритания Үндістандағы өзінің стратегиялық маңызды иеліктерін қорғауға ұмтылса, онда КСРО ХХ ғасырдың ортасында Орта Азияға қатысты ұқсас позицияға ие болды. Тиісінше, бірінші жағдайда Лондон Ауғанстанды британдық мүдделерге адал буфер ретінде пайдалана отырып, экономикалық жағынан қолдады. Екінші жағдайда Мәскеу Кабулды кеңестік мүдделерді қорғайтын буфер рөлін атқаруы үшін ауған үкіметінің негізгі экономикалық қажеттіліктерін қамтамасыз етті.

Бұл жағдайда ауған үкіметі сыртқы саяси маневр жасау өнерін көрсеткені көрнекі болып табылады. Кабул Мәскеумен тығыз байланысты болса да, дегенмен ол маневрдің белгілі бір еркіндігін сақтап қалды және сол арқылы экономикалық өрісте ұлы державалардың арасындағы бәсекелестік үшін жағдай жасады. «1956 жылдан кейін Құрама Штаттар Кеңес Одағымен даму үшін көмек көрсетуге қарсыласты. Осы сәттен бастап 1973 жылға дейін шетел гранттары мен қарыздары Ауғанстанның инвестицияларға және дамуға кеткен шығындарының 80%-ын құрады».<sup>3</sup> Екі ұлы державадан бөлек Ауғанстанға Франция, Германия, Ұлыбритания және Шығыс Еуропаның басқа да социалистік елдері көмек көрсетті.

Дәуіттің Ауғанстан мүддесі үшін ұлы державалардың арасындағы қарсылықты пайдалану тәсілін тапқаны мақтауға тұрарлық жағдай. Әрине, КСРО көмектің қомақты бөлігімен қамтамасыз еткенімен, алайда ол Ауғанстанның жалғыз доноры болмағаны маңызды болды. «Ауғанстанның бірінші бес жылдық жоспарын жүзеге асыру үшін (1956-1961 жж.) Кеңес Одағы ауған үкіметінің сыртқы көздерден алған барлық қаражатының 54%-ын ұсынды».<sup>4</sup> Бұл ретте Дәуіт үкіметі әртүрлі сыртқы көздерден даму бағдарламаларына ақша алу мүмкіндігіне ие болды. «Қырғи-қабақ соғыс жағдайы, оның американдық-кеңестік бәсекелестігі Ауғанстанды көмек

тарту ниетіне ықпал етті».<sup>5</sup> Ауғанстандағы КСРО мен АҚШ арасындағы бәсекелестік орын алғаны сөзсіз, бірақ ол белгілі бір жарияланбай белгіленген шекаралардан аспады.

Атап айтқанда, американдықтар өз саясатында КСРО-ны Ауғанстандағы әскери мәселелерде арандатпауға дәйекті болды. «Пәкістан АҚШ-тың заманауи қару-жарағы мен көмегін алғанымен, ауғандықтардың АҚШ-қа әскери құрал-жабдықтарды жеткізу туралы өтініштері үнемі қабылданбады».<sup>6</sup> АҚШ Кабулдың Мәскеуге деген бір жақты бағдарының туындауына жағдай жасамау үшін экономика саласында КСРО-мен бәсекелесуді жалғастыруды жөн көрді. Нәтижесінде ауған үкіметі үшін стратегиялық өте тиімді жағдай қалыптасты. Дәуіттің «би-тарафи» деп аталатын, «тараптардың ешқайсысын жақтамайтын» қосылмау саясаты екі тараппен де оң қабылданғандай көрінді.<sup>7</sup> Кабул ұлы державалардың қақтығысының эпицентрінде қалудан қауіптенбей, екі қарсылас жақтан да қолдау ала алды.

Дәуіт тұсындағы Ауғанстан ауқымды сыртқы көмек алу есебінен елді жаңғыртуға арналған шығындарды күрт арттырды. Егер 1952 жылы ел бюджетінің әдеттегі шығыстары 660 млн. ауғаниды құраса, оның 38%-ы әскерге жұмсалды, ал 1960 жылы бұл шығыстар 1,558 млрд. ауғаниды құрады, олардың 41%-ы әскерге кетті. Алайда, даму бағдарламасына жұмсалған шығындар өте көрнекі болып табылады. 1952 жылы оларға 170 млн. ауғани жұмсалды. Оның ішінде білім беруге 15%-ы, көлік, байланыс, ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, индустрияға ештеңе бөлінген жоқ. Сәйкесінше, 1960 жылы 1,550 млрд. Ауғани бөлініп, оның ішінде 61%-ы көлік және коммуникацияға, 7%-ы ауыл шаруашылығына, 12%-ы индустрияға, 10%-ы білім беру саласына және 4%-ы денсаулық сақтау саласына жұмсалды.<sup>8</sup> Дәуіт билігі кезіндегі Ауған үкіметі шығындарының өсуі шынымен әсерлі болды. Бұл ретте, 1952 жылы барлық даму бағдарламаларына жұмсалған қаражат 1960 жылы тек білім алуға ғана жұмсалғанын атап өткен жеткілікті болар.

Әрине, білім беруге жұмсалатын шығыстардың өсуі жаңғыртуға жұмсалатын шығындардың ұлғаюымен тікелей байланысты болды. Жаңғырту жөніндегі жобаларды іске асыру

үшін бірінші кезекте тиісті түрде дайындалған кадрлар талап етілді. Егер 1952 жылы білім алуға шамамен 25 млн. ауғани жұмсалған болса, сәйкесінше 1960 жылы 155 млн. ауғани жұмсалды. Бұл дегеніміз, білім беру халықтың кең жіктеріне қол жетімді болды, және ол негізінен элитарлық сипатқа ие болуын тоқтатқанын білдірді. «Дәуіттің премьерлігінің соңғы сегіз жылында (1955-1963), шет елдік көмек көп мөлшерде түскен кезде, бастауыш және қайталама мектептердегі оқушылар саны үш есеге, ал студенттер саны, негізінен Кабул университетінде төрт есеге өсті».<sup>9</sup> Осымен бір уақытта, елде әскери білім алатын адамдардың саны артты.

Дәуіт кезінде Кабул әскерді нығайтуға үлкен көңіл бөлді. Ауған әскерін жаңғыртудың ауқымды бағдарламалары, оны заманауи техникамен толықтыру даярланған кадрлардың үлкен санын талап етті. Ауғанстанның негізінен КСРО-дан қару алуына байланысты, сәйкесінше, ауған жауынгерлерінің көп бөлігі Кеңес Одағында білім алды. «1961 жылға қарай 7000 кіші офицер КСРО мен Чехословакияда дайындалды және тек 600 ғана АҚШ-қа және одан да азырақ саны Түркияға, Британияға және Үндістанға жіберілді».<sup>10</sup> Әрине, КСРО-да және басқа да социалистік елдерде ауған жауынгерлерінің мұндай санын оқыту салдары болмауы мүмкін емес еді. Сонымен қатар, кеңестік идеология тарапынан ықпал ету мәселесінде ғана емес, бір елде білім алған әскери мамандардың бір тілде және бірыңғай даярлау бағдарламалары бойынша бірлескен ынтымақтастығы пайда болуы да мүмкін болды. Келесі әскерде қызмет ету барысында білім алатын ел бойынша осындай ынтымақтастық өз маңызына ие болды.

Бұл ретте мүмкін болатын сыртқы идеологиялық ықпал ету мәселелерін тұтастай жаңғырту үдерістері контекстінде қарау қажет. Кез келген жағдайда бұл үдерістер қоғамда жаңа білімді халықтың пайда болуына әкелді. Бұл, әрине, дәстүрлі қоғамдарды ұйымдастырудың элеуметтік құрылымындағы өзгерістерге алып келді. Жаңа қабаттар негізінен жаңғыртуға бағытталған, білім беру оларға өз елдерінде бар шындыққа қатысты мәселелерді қалыптастыруға мүмкіндік берді. Оның ішінде олардың наразылығы мемлекеттік құрылысты ұйымдастырудың дәстүрлі нысандарын тудырды.



Монархиялық мемлекеттер үшін жаңғырту бірінші кезекте мемлекеттік қуатты арттыру құралы болды. Олар көптеген адамдардың білім алуына байланысты қоғамдық санадағы өзгерістердің әсерін тиісінше бағаламауға бейім болды.

Алайда әскери қызметшілер қоғамның жаңа білімді қабаттарынан бірінші кезекте өзінің ұйымшылдығымен және таптық ынтымақтастығының жоғары дәрежесімен ерекшеленді. Бұл оларға ортақ мүдделерді қалыптастыруға мүмкіндік берді. Әскери қызметшілер өздерінің корпоративтік іс-қимыл бағдарламасын тұжырымдауға қабілетті болған соң, олар билеуші монархиялық режимдер үшін проблема тудыра бастады. Бұл жергілікті монархиялар жаңғырту үдерісін жоғарыдан бастаған барлық шығыс мұсылман елдері үшін ортақ үрдіс болып табылды. Осындай үрдістер Иракта, Мысырда, Либияда, кейінірек Иран мен Ауғанстанда болды.

Бұл жағдайда сыртқы идеологиялық ықпал ету мәселесі әскери элита білім алған ел сияқты маңызды, бірақ шешуші емес рөл атқарды. Мысалы, Мысырда, Иракта және Либияда әскерилер алғашында социалистік құндылықтарға бағдарланды, бірақ олардың ешқайсысы КСРО-да оқымаған еді. Сондай-ақ, Иранда шах Реза Пехлеви жанында әскери білім негізінен батыс елдерінде алған, бұл әскери мамандарға 1979 жылғы Ислам революциясында маңызды рөл атқаруға кедергі келтірмеді. Бұл ретте олардың көпшілігі солшыл-радикалды көзқарастарды ұстанды.

Әскери таптың корпоративтік ынтымақтастығы үлкен мәнге ие болды. Бұл білім алу елінің басым идеологиясына қарағанда аса маңызды фактор болды. Мысалы, Гамал Насер кезінде Мысырдағы әскерилер КСРО-ға және социалистік идеологияға бағдарланды, содан кейін Анвар Садат кезінде АҚШ-қа бағдарланып, және капиталистік принциптерді алға қойды. Бұл ретте Мысыр әскері ішкі корпоративтік ынтымақтастықты сақтап қалды.

Сол сияқты Дәуіт тұсындағы Ауғанстанда КСРО-дағы осындай әскери қызметкерлерді оқыту олардың Мәскеуге және социализм принциптеріне дереу бағдарлануын білдірмеген. «Кеңестік блок елдерінде оқыған кіші офицерлер марксизмге Кеңес Одағында алған тәжірибенің салдарынан

ғана жүгіне алмады. Ауғанстанға қайтып оралғаннан кейін олардың басым бөлігі оқуға кеткен сәттегімен салыстырғанда радикалды емес еді. Алайда парламентпен, содан кейін Дәуіт режимінің реформасын жүргізу уәделерімен байланысты сәтсіздіктері көптеген офицерлердің марксистік әдістерге қызығушылық танытуына алып келді.<sup>11</sup> Сол уақытта осындай әскери қызметшілердің арасында топтық ынтымақтастық пайда болып, мұндай ынтымақтастық олардың арасында ортақ мүдделерді қалыптастырды. Идеология келесі қадам болды, оған деген қажеттілік әскерилердің өз мүдделерін қалыптастырғаннан кейін пайда болды. Сондықтан, кейін ауған әскері арасында елдегі жағдайға, соның ішінде жаңғырту қарқынына жалпы наразылық таралып, олардың КСРО-да алған тәжірибесі сұранысқа ие болды. Ауғанстанмен болған жағдайда топтық ынтымақтастық пен идеологиялық бағдар көбіне офицерлік корпусының көп бөлігі КСРО-да білім алуына байланысты сәйкес келді.

Ауғандық билік осындай қиын жағдайда тәуекелдердің болуын жоққа шығармауы тиіс еді. Бірақ Дәуіт үкіметі КСРО-дан әскери техниканы жеткізумен байланысты болды, сондықтан да әскери құрылыс негізінен кеңес стандарттары бойынша жүзеге асырылды. Сонымен қатар, КСРО-да Ауғанстанның әскери білімі Ауғанстанға көмек аясында жүзеге асырылды, бұл артық қаражаты болмаған Кабул үшін өте тиімді болды.

Тағы бір маңызды жағдай офицерлік корпусы жасақтаумен байланысты болды. Әскерді жаңғырту білімді офицерлердің санын арттыруды талап етті. Бұл ретте олар негізінен шығыс пуштундар санынан алынды. «Сондай-ақ премьер-министр Дәуіттің үкіметі әскери жабық мектептер құрды, онда кейінгі офицерлік корпуста мансап жасауға арналған негізінен шығыс тайпалары мен гильзайлардан шыққан пуштундар оқыды».<sup>12</sup> Офицерлік корпусы қалыптастыру кезінде пуштундарға берілетін басымдық көп ұлтты Ауғанстандағы билеуші пуштун элитасы үшін өте орынды болды. Шығыс қоғамдарында әскер дәстүрлі түрде мемлекеттік биліктің табиғи негіздерінің бірін құрайды. Оның үстіне, пуштундық бірлік идеясы ресми Кабул саясатындағы негізгі идеяның бірі болды.

Сонымен қатар, офицерлік корпусты жинақтау негізінен Пәкістан шекарасына жақын орналасқан провинцияларда тұрған шығыс пуштундар санынан жүзеге асырылды. Олардың ерекшелігі бұл аудандарда тайпалы ұйымдастықты сақтау болды. Олар көптеген басқа пуштундардан, атап айтқанда Кабул облысындағы, сондай-ақ батыстағы және солтүстіктегі ірі қала орталықтары бар, басқа аудандарда тұрған пуштундардан ерекшеленді. Мұнда пуштундар бейтрайбалданған болды, олардың тайпалық құрылымдармен байланысы тайпалардың шығыс аймағындағы пуштундарға қарағанда төмен болды. Сонымен қатар, олар ірі экономикалық орталықтардың айналасында шаруашылық қызметке тартылды. Олар үшін әскери мансап басты басымдық болған жоқ. Керісінше, тайпалар аймағынан шыққандарға әскери қызмет өте тартымды болды. Бұл жерде мәселе тек қана әлеуметтік мәртебені арттыруға мүмкіндік алу ғана емес, сондай-ақ, Ауғанстанға тән ерекшелігі тайпалы жасақтар базасында құрылған милициялық құрылымдардың болуы болды. Олардың саны бойынша олар тұрақты әскерден асып түсті. Тиісінше, тайпалық пуштундар үшін әскери мансап олардың ортасында әдеттегі дәстүрдің жалғасы болды.

Сондықтан офицерлік корпус елдің шығысындағы тайпалық пуштун аудандарынан шыққандығы таңқаларлық жайт емес. Олар Ауғанстандағы әскери мансап аясында қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Дегенмен, офицерлердің арасында гильзайлар тайпасының түрлі бөлімшелерінен шыққан көптеген адамдар болды. Бұл негізінен Шығыс пуштундарының арасында олар халықтың өте әсерлі бөлігін құрғанына байланысты. Сәйкесінше, олар Ауған армиясының жаңадан оқитын кіші офицерлерінің арасында да көп болды.

Бұл осы елдің екі ірі пуштун тайпалары – гильзайлар мен дуррани арасындағы Ауғанстан тарихында белгілі тарихи қайшылықтарды ескере отырып, өте қызықты үрдіс болды. Бұл ретте Ауған армиясының командалық құрамы негізінен дурранидан тұрды. Әсіресе, дуррани тайпасының билеуші кланы Мұхаммед зайлардың сардарлары ерекше орын алды.

Ауғанстанның билеуші элитасы гильзайлар мен басқа да тайпалы пуштундарды әскери қызметке жаппай тарту

мәселесінде ерекше қиындық көрген емес сияқты. Керісінше, жалпы мемлекеттік ауғандық, жалпымектептік бастауды күшейту және осылайша оны жекелеген тайпалардың мүдделеріне қарсы қою жоспарланған. Естеріңізге сала кетейік, тайпалар Кабулдағы орталық билікке қарсы көтерілісті ХХ ғасырдың ортасында да көтерген болатын. Күшті әскер, маңызды мемлекеттік институт ретінде Кабул мен өте дербес пуштун тайпалары арасындағы қарым-қатынаста тұрақтандырушы фактор бола алар еді. Сонымен қатар, Дюранд желісі мен пуштун мәселесінің төңірегіндегі Пәкістанмен қақтығыс жалпыұлттық идеяның пайда болуы үшін объективті түрде негіз құрды.

Шығыс пуштундарын әскерге жаппай тарту Ауғанстанның сол кездегі тағы бір проблемасын шешуге ықпал етті. Әлбетте, жаңғырту үдерістерін дамыту және білім алу мүмкіндіктерін кеңейту дари тілінің таралуына объективті тұрғыда ықпал етті. Ауғанстанның көптеген солтүстік, орталық және батыс аудандарында, әсіресе астанасы – Кабулда даритілді ауғандықтар басым болды. Және дари тілінде көптеген пуштундар да сөйлеген. Соғысқа дейінгі кезеңде Хашим-хан дари тілінде сабақ беруге тыйым салуға тырысты, бірақ 1946 жылы тыйым алынып тасталды. Тиісінше, білім берудің кең таралуы дари тілінде сөйлеген білімді халық санының артуына алып келді. «1950 жылдардың ортасынан кейін мектепте білім беру жүйесі шетелдік, көп бөлігі американдық көмекпен құрылды. Үкімет ауылдарда және аудан орталықтарында алғашқы (primary) мектептер, негізгі провинциялық орталықтарда екінші (secondary) мектептер және Кабулдағы провинциялық бастауыш мектептерді аяқтағандар үшін secondary boarding schools құрды.<sup>13</sup> Кабулдағы дари тілінің басымдығын ескере отырып, мектеп білімінің соңғы сатысы осы топтың негізінен осы тілді пайдалануын болжады. Кез келген жағдайда дари тілі Ауғанстанның зияткерлік ортасындағы өз позициясын жаңғырту үдерістерінің дамуына және білімді халық санының артуына қарай күшейді. «Мусахибан отбасы көбінесе даритілді азаматтық қызметті пуштундандырудың келісілген болғанымен, сәтсіз талпынысын жасаған болатын».<sup>14</sup>

Осы орайда әскери мектептер жаңғыртуға бағытталған білімді пуштутілді офицерлердің әсерлі тобын дайындаумен ерекшеленді. Дәуіт жаңа әскерді және оның офицерлік корпусын Ауғанстан ішінде де, одан тыс жерлерде де ұлттық пуштундық жобаларды іске асыру үшін маңызды институт ретінде қарастырғаны әбден мүмкін.

Білім берудің алғашқы және екінші мектеп білімі англосаксондық модель бойынша құрылғаны белгілі жайт болып табылады. Білім беру саласындағы Кабулдың мұндай саясаты ауғандық билік үшін сыртқы қарсыластықты өз мүддесінде пайдалануға және қарсылас сыртқы державалардың біріне тәуелділікті болдырмауға ұмтылу басты нысан екенін айқын көрсетті.

Дегенмен, білім берудің ағылшынсаксондық моделіне бағдарлану, сондай-ақ Ауғанстанның алдында тұрған Пәкістанның пуштундарына ықпал ету үшін күрес міндетімен байланысты болуы мүмкін. Пәкістанда білім беру британдық білім беру жүйесінің стандарттары бойынша құрылды. Егер ауған билігі пәкістандық пуштундарға қатысты өз жоспарларын іске асыруға ниет білдірсе, онда оларға СБШП жазықтық пуштундары үшін үйреншікті болған сияқты өз мемлекетінің заманауи мәртебесін көрсету қажет болды.

Осылайша, Дәуіттің тұсындағы Ауғанстан мемлекеттің жалпы дамуында әсерлі серпіліс жасады. Әсіресе, мемлекеттік даму ауқымдылығы ұлы державалардың арасындағы жасырын бәсекелестікке негізделген сыртқы көмек есебінен жүзеге асырылды. Бұл ретте тараптар бір-бірімен ашық қарсыластық жағдайына түскісі келмеді, сондықтан бәсекелестік экономика саласында болды. КСРО әскерді жаңғыртуды қамтамасыз етті, ал АҚШ өз кезегінде білім беру жүйесінің дамуын едәуір дәрежеде қолдады. Басқа елдермен бірге олар экономикалық даму бағдарламаларын қаржыландырды. Бұл жағдайда Дәуіт үкіметі державалардың біріне тәуелді болған жоқ. Дәуіт толық дәрежеде дербес ойыншы болды, ол оны 1950-ші жылдардың ортасындағы Пәкістанмен шиеленіс жағдайында көрсете алды.

Ауғанстан мен Пәкістан арасындағы қарым-қатынас соңғысының құрылған сәтінен бастап шиеленіскен. Атап

айтқанда, Ауғанстан Пәкістанның БҰҰ-ға қабылдануына қарсы дауыс берді. Пуштундық мәселе және екі ел арасындағы шекараның өту желісі олардың арасындағы қарым-қатынастың басты нүктелері болды. Әрине, ауған билігі өз елін жаңғыртуды Пәкістанға қарсы тұрудағы ұстанымды күшейтудің құралы ретінде қарастырған. Осыған орай, Пәкістан оған қатысты аса достық емес көзқараспен қараған Ауғанстанды өз мүдделеріне ықтимал қауіп ретінде, сыртқы саясаттың факторы ретінде ескеруі тиіс еді. Осыған байланысты екі ел өзінің сыртқы саяси байланыстарын өз ұстанымын күшейту немесе өз мүдделерін қорғау тәсілі ретінде бағалады. Сондықтан 1954 жылы Пәкістанға әскери көмек туралы американо-пәкістандық шартқа қол қойылғанда, бұл жағдай Ауғанстанда алаңдаушылық тудырды. Бір жағынан, Пәкістанның оңтүстік Азиядағы АҚШ-тың бас одақтасына айналуы Ауған билігіне сыртқы саяси маневрге арналған кеңістікті тарылтқан, себебі оларда КСРО-мен жақындасудан басқа амал болған жоқ. Екінші жағынан, бұл Пәкістанның мүмкіндіктерін нығайтуға ықпал етті, бұл пуштун мәселесін, сондай-ақ Дюранд сызығының бойындағы мемлекеттік шекараның өту сызығын таяу перспективада шешу ықтималдығын төмендетті.

Алайда, Дәуіт үкіметі КСРО тарапынан әскери көмек туралы ұсынысты қабылдағаннан кейін, ол өзін сенімді сезінді. Кем дегенде, Пәкістанға қысым жасау үшін сенімдік пайда болды. Атап айтқанда, 1954 жылдың жазында шекараның екі жағынан пуштун тайпалары өкілдерінің джиргасы өткізілді. Сонымен қатар Кабул Пәкістан қатысқан аймақтық ұйымдарға қатысудан бас тартты, атап айтқанда бұл Бағдад пактісіне қатысты болды.

Өз кезегінде Пәкістанда Ауғанстанның пәкістандық пуштундарды қолдауға қатысты белсенділігін арттыруына байланысты алаңдаушылық туындамауы мүмкін емес еді. Британдық империяның мұрагері бола отырып, Пәкістан шекара маңындағы пуштун тайпаларымен қарым-қатынасын да мұра етті. Исламабадта Кабулды пуштун бағытында белсендіруге байланысты ықтимал қауіп-қатерлерге есеп бере алмады. Әсіресе, ауған билігі 1950 жылдардың ортасында КСРО-ның қолдауын пайдаланғанына байланысты. Қырғи-

қабақ соғыс жағдайында бұл АҚШ-та ресімделген бағдарымен Пәкістан үшін өте маңызды мәселе болды.

Қырғи-қабақ соғысқа байланысты жағдайлар Кабул мен Исламабад арасындағы қайшылықтарға жаңа серпін берді. 1950 жылдардың ортасындағы бұл жағдай он жыл бұрынғы істердің жағдайынан ерекшеленді. Дәуіт үкіметі Шах Махмуд үкіметінен гөрі батыл болды. Әрине, ресми Кабулға қосымша ынталандыру КСРО-мен тығыз байланысты қамтамасыз етті.

Нәтижесінде 1955 жылы Ауғанстанның Пәкістанмен қарым-қатынасы күрт ушығып кетті. Оның құрамына елдің сол кездегі батыс бөлігінің барлық провинциялары – Пенджаб, Синд, Белуджистан және СБШП кірді. Мұндай шешімнің қисыны Ауғанстанда СБШП-ға оның басым бөлігі пуштундық халық құрағандықтан дербестік беру туралы мәселені қоюға мүмкіндік бермеу болғаны анық.

Дәуіт үкіметі дереу наразылық білдірді. 1955 жылдың мамырында Пәкістан Ауғанстанмен қарым-қатынасты үзді, соңғысының барлық өкілдіктері жабылды және ең маңыздысы Пәкістан аумағы арқылы Ауғанстан үшін жүктердің транзиті тоқтатылды. Іс жүзінде бұл құрлықтың тереңдігінде оқшауланған елдің тікелей блокадасы болды. Кабул өз тарапынан төтенше жағдай мен жұмылдыру жариялады. Алайда, іс ашық қақтығысқа жеткен жоқ. Маусым айында екі елдің аумағы арқылы тауарлар транзиті туралы кеңес-ауған келісіміне қол қойылды. Қыркүйек айында қақтығыс реттелді, блокада тоқтатылды.<sup>15</sup> Ауғанстанда Пәкістанмен ашық қақтығыста жеңіске жету үшін ешқандай мүмкіндік болмағаны анық. Оның үстіне, 1955 жылы Ауған экономикасы мен армияны жаңғырту бағдарламасы әлі іске асырылмаған еді.

Бірақ Дәуіт пайда болған мәселеге барынша қатаңдығын көрсеті білді және АҚШ сияқты қуатты серіктесі бар, әлдеқайда күшті қарсыласына сын айта білді. Ауған премьер-министрі нақты соғысқа сенбеген шығар. Ең алдымен, жағдайдың күрт шиеленісуі, Пәкістанға Кабулдың табандылығын көрсетуге мүмкіндік берді, бұл табандылық өткен жылдардағы Ауғанстанның әлдеқайда сақ саясатының фонында өте әсерлі көрінді. Сонымен қатар, Дәуіт, әрине, ықпалды бәсекелестері

болған Ауғанстанның билеуші әмірінің отбасын КСРО-мен тығыз өзара қарыс-қатынас жасауға баруға келістіру үшін осындай қадам жасауы әбден мүмкін еді.

Осы қақтығыстың нәтижесінде Кабулдың Мәскеумен тығыз байланысы орнады. Ауған биліктері Кеңес Одағына және оларға берілген ресурстарға басым бағытпен жедел жаңғыртуды жүргізе бастады. 1955 жылдың желтоқсанында Ауғанстанға Кеңес үкіметі делегациясы келді. Келіссөздер барысында бейтараптандыру және өзара шабуыл жасамау туралы 1931 жылғы кеңес-ауған шартының қолданылу мерзімін ұзарту, сондай-ақ ынтымақтастықты кеңейту туралы шешім қабылданды.<sup>16</sup> Келесі 1956 жылда бірінші бес жылдық жоспарды іске асыру басталды.

Жалпы, 1955 жылы Пәкістанмен болған осы қақтығыс Ауғанстан ішіндегі дау ұстанымдарын күшейтудегі маңызды сәтке айналды және бір мезгілде жаңғырту үдерістерін жеделдетуге ықпал етті. Өйткені КСРО-да ауған үкіметінің Пәкістанға, АҚШ-тың аймақтағы ең маңызды одақтастарына қарсы тұрудағы табандылығын көрді. Бұл КСРО тарапынан Ауғанстанға көмек көрсетудің одан әрі ұлғаюына ықпал еткен шығар.

Әрине, елдің ішкі және сыртқы саясатын одан әрі анықтаған Дәуітті күшейту билік элитасында наразылықты туғызбауы мүмкін емес еді. Атап айтқанда, Дәуіттің билік жүйесінде қарсыластар болғанының жанама куәсі, оның жақтастарының бірі – экономика және қаржы министрі Абдурахимзайдың 1957 жылы қамауға алынуы мүмкін.<sup>17</sup> Бір жағынан, бұл әмір Захир-шахтың төңірегіндегі тікелей бәсекелестердің арасында алаңдаушылық тудырды. Екінші жағынан, елдің дәстүрлі өмір салтының күрт өзгеруі оны жаңғыртуға байланысты истеблишменттің консервативті бөлігінің мүдделерін қозғаған. Алайда, Дәуіт кезінде ішкі саясаттың қатаңдығы қоғамдық наразылықтың кең көрінуіне мүмкіндік бермеді. Сонымен қатар, елді жаңғыртудың жалпы тиімділігі оның ұстанымдарын нығайтуға объективті тұрғыда ықпал етті. Бұл қысқа мерзімде жүргізілген авторитарлық жаңғыртудың үлгісі болды.

Жалпы алғанда, бірінші бес жылдық жоспардың табысты аяқталуы елді жаңғырту жөніндегі жоспарларды кеңейту



туралы мәселені алға қойды. Бұл үшін сыртқы қаржыландыру көлемін ұлғайту қажет болды. Ал сыртқы қаржыландырудың маңызды көздердің бірі КСРО болды. 1961 жылдың қазанында, екінші бес жылдық жоспарды жүзеге асыру кезеңінде экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы кеңес-ауған келісіміне қол қойылды. 1962-1963 жылдары кеңестік экономикалық көмек Ауған экономикасына барлық күрделі салымдардың 50%-ын және шетелдік көмектің 75%-ын құрады.<sup>18</sup>

Сол 1961 жылы Пәкістанмен жаңа қақтығыс басталды. Ауғанстан кезекті рет көлік қоршауына түсіп, Пәкістан аумағы арқылы жүк транзиті тоқтатылды. Жанжал Кабулдың СЕАТО (Оңтүстік-Шығыс Азия Келісім Ұйымы) мен СЕНТО (Орталық Келісім Ұйымы) аймақтық ұйымдарына кіруден бас тартуымен байланысты болды. Дәуіт Пәкістанға қатысты өте қатаң позиция ұстанды болды. Мүмкін, бұндай қатаңдық кеңес-ауған келісіміне қол қоюмен тұспа-тұс келуі кездейсоқтық емес шығар. Ресми Кабулдың және жеке Дәуіттің Пәкістанға дәстүрлі теріс қарым-қатынасынан басқа, Ауған премьеры осылайша Мәскеуде өзінің сыртқы саяси басымдықтарын көрсетті. Оның мақсаты ауғанды жаңғырту үдерістеріне кеңестік қолдауды арттыру болды.

Алайда, Дәуіт қалыптасып жатқан жаңа жағдайларда Пуштунистан туралы мәселені шешуге мүмкіндік бар деп есептеуі мүмкін. «1962-1963 жылдары оның нұсқауы бойынша осында (Пәкістанда – авт.ескерт.) бірқатар диверсиялық топтар түсірілген болатын, олардың бірін ауғандық әскери шеңберде танымал, табиғи авантюрист, майор-десантшы Сафи басқарды. Бұл топтар «Пуштунистанның ұлттық моджахедтері» («моджахедин-е мелли-йе Пуштунистан») түрінде әрекет ете отырып, көпірлерді, коммуникациялар желілерін және маңызды шаруашылық объектілерді басып, шекара бекеттері мен полиция учаскелеріне қарулы шабуыл жасады, мемлекеттік қызметшілерді өлтірді, жергілікті тұрғындар – пуштундар мен т.б. өз отрядтарына тартты. Алайда, олардың барлық күш салулары айтарлықтай жетістікке әкелмеді».<sup>19</sup> Бұл ретте, Кеңес жағынан Дәуітпен келіссөздерге қатысушы М. Солинкин, Мәскеу әрқашан партизан соғысын жүргізу бойынша

мамандарды дайындау туралы Дәуіттің өтінішін орындаудан үзілді-кесілді бас тартты деп айтқан.

«М. Дәуіттің осы авантюрадан айныту мақсатында 1961 жылдың қазан айында Кабулға Кеңес Одағының Маршалы В.Д. Соколовскийдің басшылығымен жоғары шенді кеңес әскери делегациясы келді. М. Дәуітке оның пуштундық мәселені күшпен шешуге деген ұмтылысы әлеуетсіз және СЕАТО әскери-саяси одағының мүшесі Пәкістан аумағында партизандық соғысты өршіту талпыныстары бірден Кеңес Одағын үшінші дүниежүзілік соғысқа өршу қауіпі бар, кең ауқымды соғысқа әкеп соқтыратыны туралы тура айтылған болатын».<sup>20</sup> Дегенмен Дәуіт Пәкістанға қатысты қатаң саясатын жалғастырды, бұл өз кезегінде қырғи-қабақ соғысы жалғасып жатқаны туралы факторды ескере отырып, тек аймақта ғана емес, жалпы халықаралық қарым-қатынастарда өте мазасыздық жағдайын туғызып отырды.

Егер 1955 жылы қақтығыс тез аяқталса, онда 1961 жылы ол біразға созылды. Ауғанстан толық қоршауда болмаса да, транзит кеңес шекарасы арқылы әрекет етті, бірақ Пәкістан теңіз порттарына кіру Ауған экономикасы үшін стратегиялық маңызды болды. КСРО-ның бүкіл аумағына қарағанда жүктерді Пәкістан арқылы жеткізу экономикалық жағынан анағұрлым орынды болғаны анық. Сонымен қатар, алшақтық шекара маңындағы саудаға да теріс әсер етті, демек, Ауғанстанда да, Пәкістанда да халықтың қалың жігінің мүдделерін қозғады. Иранмен жүк транзиті туралы келісімге қол қою Кабул үшін проблеманы ішінара шешуге мүмкіндік туғызды. Көп жағдайда Иран бағытында тиісті көлік инфрақұрылымы болған жоқ.

Жалпы, дау созылып және уақыт өте Ауғанстандағы қоғамдық көңіл-күйге әсер ете бастады. Бірақ ең маңыздысы, оның аясында билеуші элитаның ішінде Дәуіттің позицияларының біртіндеп әлсіреуі орын алды. Ауғанстанда Пәкістан қоршауына байланысты туындаған проблемалар премьер-министрдің бәсекелестері тарапынан іс-қимылдарын сынауға тамаша себеп болды. Олардың арасында билеуші отбасының мүшелері Шах Уали мен Абдұл Уали ерекше көзге түсті.

Дәуіт билік жүйесіндегі өз позицияларының әлсіреуін жақсы түсінген болар. Оның билік жүйесіндегі әмірі

тағайындаған премьер-министр ретіндегі жағдайы тым осал болды. Елде жүргізіліп жатқан жаңғырту нәтижесінде Дәуіт Ауғанстанның саяси истеблишментіндегі ең ықпалды тұлға болды. Сонымен бірге, өзі басқаратын үкіметтің ішкі және сыртқы саяси курстарының қаттылығы нақты саяси шешімдерді қабылдау тетігін, демек, билікті премьер-министрдің қолына шоғырландыруға алып келгені сөзсіз. Бұл жағдайда әмір Захир-шах пен оның жақтастары жеткілікті деңгейде ықпал жасай алмады. Олар өздері үшін тиімсіз жағдайға тап болды. Бірақ әмірдің кез келген уақытта премьер-министрді отставкаға жіберуге ресми құқығы болды.

Дәуіт жаңғырту бағдарламаларында өзінің ықпалы мен табыстарының шыңында болғанда, Захир-шах және ауладағы табысты премьер-министрдің бәсекелестерінде де оны биліктен шеттетуге мүмкіндіктері аз болды. Оның үстіне Дәуіт әскерде үлкен ықпалға ие болды, оның позициясын күшейту жаңғыртудың маңызды нәтижесі болды. Алайда, Пәкістанмен ұзақ қақтығыс премьер-министрдің қарсыластарына жақсы себеп болды.

Өз тарапынан Дәуіт саяси жүйенің шамалы ырықтануы ол үшін мәселенің шешімі болуы мүмкін деген қорытындыға келді. Оған өкілеттілік жетіспеді және ол оларды ырықтандыру барысында алуға үмітті еді. «Дәуіт елді саяси партияның көшбасшысы ретінде басқаруға ниетті болды. Ол сайлауда өз партиясының жеңіске жетуіне және жаңа үкіметті қалыптастыру құқығын алуға сенімді болды. Сондықтан да, өз хаттарында, негізінен, екі партиялы жүйе туралы айтылса да, алғашқы 4-жылдық кезеңде ол бір партиялы жүйемен шектеуді ұсынды».<sup>21</sup> Осылайша, Дәуіт әмір мен оның ортасының тәуелділігінен құтыла алады деп ойлады.

Дәуіт тарапынан либералды реформалардың талаптары елді басқаруға заңды мандатты алу мақсатында тактикалық әрекет болуы мүмкін. Бұл ретте ол тәуекелге барғысы келмеді, сондықтан оның ұсыныстарының бірі бойынша қазіргі үкімет сайлаудан, жаңа Парламент шақырылғаннан және жаңа Парламент құрылғаннан (бір немесе екі партиялы негізде) кейін ғана отставкаға беруге тиіс еді.<sup>22</sup> Әрине, Дәуіт

оған үкіметті бақылауды ұсынған әкімшілік ресурсқа сүйене отырып, жеңіске жетуді меңзеді.

Билікті орталықтандыру деңгейі жоғары қоғамдар үшін ішінара бақыланатын ырықтандыруды басқару элитасының ықпалды өкілдері қоғамдағы өз жағдайын заңдастырудың құралы ретінде жиі қабылдады. Бұл жағдайда ырықтандыру өз жағдайын нығайту тәсілі ретінде қабылданады, атап айтқанда биліктегі бәсекелестер тарапынан қауіп-қатерден қорғау үшін. Осыған байланысты «Дәуіттің саяси реформаларды өткізудің бастамашысы болуға ұмтылуы ең алдымен Ауғанстанның қоғамдық даму барысы салдарынан олардың сөзсіз болуына негізделген» деген баға ақталмауы екіталай.<sup>23</sup> Дәуітпен болған жағдайда оның мемлекетте үстемдік ете алуы, сондай-ақ оны әмір мен оның ортасы жағынан биліктен шеттетудің кез келген әрекетін бейтараптандыру мақсатында жаңа ережелерді белгілеуге ұмтылғандығы анық.

Пәкістанмен қақтығыстың ұзақтығы және ымыраға келе алмаған Дәуіттің қаттылығы, әмір Захир-шах пен оның айналасындағы қайраткерлердің алаңдаушылығын тудырды. Бұл Ауғанстанның экономикалық қиындықтарымен ғана байланысты емес. Мәселе, сондай-ақ, Пәкістанмен жалғасып жатқан қақтығыс Кабулдың Мәскеуден тәуелділік дәрежесін күшейтті. Әмір Захир-шах пен оның ортасы Ирактағы (1958) және Йемендегі (1962) соңғы қанды республикалық революцияларға байланысты алаңдаушылық тудырып, Дәуіттің жоғарыда аталған екі революцияны қолдаған Кеңес Одағынан тәуелділігінің өсіп келе жатқанына алаңдады.<sup>24</sup> Сондай-ақ, Пәкістанда да Дәуітке теріс қарады. Исламабадта Ауғанстан басшылығында болжалды саясаткердің болғанын қалар еді. Әрине, олар қарым-қатынастардың шиеленісуін және шекаралардың жабылуын Ауған басшылығына қысым жасау құралы ретінде пайдалана алды.

Жалпы, барлық аталған жағдайлар Дәуіттің саяси сахнадан кетуі үшін жағдай жасады. 3 наурызда Дәуіт отставкаға кету туралы арыз жазды, 9 наурызда Захир-шах оны қабылдады. Дәуіттің орнына премьер-министр болып Мұхаммед Юсуф тағайындалды. Үкімет басшысына Германияда білім алған адам қойылды. Осылайша, Кабул жаңғырту курсының

сабақтастығын атап, бірақ бір мезгілде оған белгілі бір түзетулер енгізу мүмкіндігіне ие болды.

1963 жылдың мамырында Ауғанстанның жаңа үкіметі Пәкістанмен қарым-қатынасты реттеп, транзит қайта жанданды, елшіліктер мен консулдықтар ашылды.<sup>25</sup> Дәуіттің кетуі пәкістандық-ауғандық қарым-қатынастарындағы жағдайды бәсеңдетіп, қақтығыстың өткір фазасын аяқтауға мүмкіндік берді.

Өз басқармасының он жыл ішінде Дәуіт әсерлі нәтижелерге қол жеткізді. Оның тұсында Ауғанстан өзінің дамуында серпіліс жасады. Бұрын артта қалған архаикалық саяси-экономикалық жүйесі бар ел он жыл ішінде қатты өзгерді. Елде экономиканы, білім беру жүйесін жаңғырту жөніндегі ауқымды бағдарламалар іске асырылды, мықты әскер құрылды. Жаңа өзгерген Ауғанстан Пәкістан үшін күрделі мәселе тудырды, бұл көп жағдайда 1961-1963 жылдардағы бұрын-соңды болмаған ұзақ қоршаудың себебі болды. Дәуіт жаңғырту жөніндегі жобаларды қаржыландыру үшін ұлы державалардың бәсекелестігін пайдалана алды. Бұл ретте олардың ешқайсысына толықтай тәуелді болған жоқ.

Сонымен қатар, Дәуіттің ауқымды жобалары болашақ күйзелістер үшін негіз қалады. Оның басты жобаларының бірі офицерлік корпусты жасақтау үшін әскерге байланысты болды, ол негізінен ауылдық жерлерден шыққан этникалық пуштундарды қолданды. Негізгі жиынтық шығыс пуштундар деп аталатын тайпалардан жүзеге асырылды, олардың арасында гильзай тайпасынан шыққан көптеген адамдар болды. Нәтижесінде КСРО-да білім алған осы әскери топ, алдымен монархияға қарсы, содан кейін Дәуіттің өзіне қарсы бағытталған қозғалыстың негізін құрады.

## 9-тарау.

### Ауғанстан: «Жаңа демократия» (1963-1973)

#### *Ырықтандырудың жаңа әрекеті*

Дәуіттің отставкасы Ауғанстандағы жаңғырту үдерістерінің жалпы барысына әсер етпеді, атап айтқанда, 1961 жылы басталған екінші бес жылдық жоспардың орындалуы жалғастырылды. Кабулдың негізгі сыртқы саяси серіктестері, атап айтқанда, жалғасып жатқан қырғи-қабақ соғыс жағдайындағы бәсекелес ұлы державалар, оның даму бағдарламаларын қаржыландыруды жалғастырды. Жағдай іс жүзінде өзгерген жоқ, және бұл таңқаларлық емес, себебі әмір де, жаңа премьер-министр де Дәуіт саясатына күрт өзгерістер енгізуді қажет көрмеді.

Бұл елді жаңғыртуды жалғастыруға және ол үшін осы уақытқа дейін ретке келтірілген сыртқы қаржыландыру жүйесі шеңберінде қаражат алуға деген ұмтылыспен ғана байланысты емес болды. Бәлкім, Дәуіттің жеке тұлғасы да маңызды болды. Тіпті отставкадан кейін де ол елдің ішкі саясатының маңызды факторларының бірі болып қала берді. Он жыл билік пен оларға қол жеткізген нәтижелер Дәуітті ауған саясатындағы ең салмақты тұлға қылды. Тиісінше, әмір мен оның ортасы оған қызметінің тиімсіздігіне және жаңғырту бағдарламаларының бұзылуына байланысты айып тағуға себеп бергісі келмеді. Сонымен қатар, Дәуіт жаңа үкіметтің іс-қимылдарын сынау үшін ғана емес, жаңғыртумен байланысты проблемаларды пайдалана алды. Оның батылдығы армиядағы, сондай-ақ пуштун ұлтшылдарының арасындағы беделімен қатар, ішкі саясатта дербес рөл атқаруға тырысуға ұмтылуға әкелуі мүмкін еді.

Жалпы Дәуіттің отставкасы әмірдің алдына қиын міндет қойды. Дәуіт кезінде премьер-министрдің сыртқы және ішкі саясатты жүргізу жөніндегі өкілеттіктері айтарлықтай артты. Мұндай өкілеттілігі бар кез келген жаңа премьер-министр әмір билігі үшін проблема болуы мүмкін. Дәуіттің отставкасының мәні керісінше, билік құрылымының қосындылығынан арылу, әмірге үкімет пен күшті премьер-министрге тәуелді болмау қажеттігінен болды. Сонымен қатар, Дәуіттің авторитарлық жаңғыртудағы бағытын қарапайым жалғастыру жаңа премьер-министрдің жауапкершілігінің жоғары деңгейін талап етті. Ауғанстанда осы функцияларды тиімді орындауға қабілетті беделді саясаткерді табу оңай болған жоқ. Әсіресе, елдің сыртқы саяси жағдайының барлық күрделілігін, сондай-ақ ішкі саяси жағдайды есепке алатын болсақ. Егер осындай саясаткер табылса, онда тым дербес Дәуітпен болған жағдай қайталануы мүмкін еді.

Бұл жағдайда әмір мен оның ортасының алдында авторитарлы жаңғыртуға және билікті орталықсыздандыру бағытын жалғастыру арасында таңдау тұрды. Бір жағынан, билік мемлекеттің даму қарқынынан айырылып қалғысы келмеді. Екінші жағынан, оларға әмірдің орталық билігінің бәсекелестігін құруға қабілетті кезекті күшті саясаткер қажет емес еді. Билік ағымдағы саясатты жүргізу жауапкершілігін өз мойнына алғысы келмеді, бірақ атқарушы органдарға толық бақылау мүмкіндігін сақтауға ұмтылды. Нәтижесінде Кабулда ішінара орталықсыздандыру жолын таңдады. Бұл өте қисынды болды, өйткені билік те, истеблишмент те жаңа Дәуіттің пайда болуына жол бермеуге тырысты. Нәтижесінде елдің саяси өміріндегі ырықтандырудың жаңа кезеңі басталды.

Жаңа премьер-министр Мұхаммед Юсуф технократ болды. Ол Германияда білім алып, жаңғыртудың батыс үлгісіне бағытталған. «Оның министрлер кабинеті көп жағдайда Кабулдың құрылған элитасының өкілдерінен тұрды. Министрлер кабинетінің 12 мүшесі PhD ғылыми дәрежесіне ие болды».<sup>1</sup> Оның ішкі саясатының басты басымдықтарының бірі Ауғанстанда саяси ырықтандыруды өткізудің кезекті әрекеті болды. Кейіннен бұл кезең «Жаңа демократия» деп аталды.<sup>2</sup> Мұхаммед Юсуф Дәуіт сияқты қатаң саясаткер болған жоқ.

Оның ел өмірінде осындай елеулі өзгерістер жасау үшін өз өкілеттігі болған жоқ. Оның өкілеттігі, әрине, әмір және оның ортасымен берілген болатын. Осыған байланысты әмір Захир-шахтың ықтимал уәждемесі қызықты.

Еске салайық, ішінара ырықтандырудың алдыңғы талпынысы 1946-1952 жылдары Захир-шахтың ағасы Махмуд шахтың тұсында жасалды. Ол сәтсіз және реформалардың үзілуімен аяқталды. Одан кейін 1961-1963 жылдары ішінара, жоғарыдан бақыланатын саяси реформалар туралы идеяларымен Дәуіт шықты. Бірақ оның мүдделері премьер-министр ретінде елдегі билікті алуға және осылайша Захир-шахтың өзіне тәуелділіктен құтылуға байланысты болды. Тиісінше, келесі сұрақ туындайды: неліктен әмір ырықтандырудың жаңа талпынысын іске асыруға мүдделі болды? Оның үстіне, бұл үйірімпаз Дәуіттің билікке деген жолын ашуы мүмкін еді. Іс жүзінде Захир-шах өзгертілген шарттармен Дәуіттің ұсынысымен келісті.

Себебі, Дәуіт өзі басқаратын үкіметті реформалаудың негізгі элементіне айналдыруды ұсынды. Ол конституцияны өзгерту жөніндегі кәсіпқойлардан, заңгерлерден және басқа да мамандардан тұратын комиссияның жұмысына жетекшілік етуі тиіс еді. Жаңа заңның төңірегіндегі барлық пікірталастар комиссия мен үкімет арасында өтуі тиіс болатын. Содан кейін Лойя Джирга шақырылып, ол жаңа конституцияны бекітуі керек еді. Содан кейін бір немесе екі партиялы негізде сайлау өткізіліп, жаңа үкімет құрылуы болжанған.<sup>3</sup> Бұл сызбада кең қоғамдық пікірталас қарастырылмағандығын атап өткен жөн. Лойя Джирга қабылданған шешімді мақұлдау керек еді. Іс жүзінде, билік сол кездегі үкімет басшысы Дәуітке ауысатыны туралы сөз болды. Яғни, елді басқару жүйесінде биліктің қатаң орталықтандырылуы сақталды. Дәуіттің көзқарасы тұрғысынан оның авторитарлық курсы елді басқаруды сапалы жаңа деңгейге көшіруі керек еді. Өйткені ол әмірге және оның айналасына тәуелді болмайтын еді.

Дәуіт идеясына қарағанда жаңа премьер-министр Мұхаммед Юсуф ұсынған саяси реформа жобасы либералдық жұртшылықтың қатысуын, демек, либералдық іс-қимыл бағдарламасын да қарастырды. 1963 жылдың наурыз айының



ортасында, Дәуіттің отставкасынан кейін, бірден жаңа конституциямен жұмыс басталғаны туралы жарияланды. Жоба бойынша жұмыс істеу үшін комиссия құрамына кәсіби заңгерлер ғана емес, 1940-жылдардың соңы – 1950-жылдардың басында либералды оппозицияның кейбір көшбасшылары да шақырылды. Атап айтқанда, комиссияға либерал Мир Мұхаммед Фарханг кірді, басқа да белгілі либерал Губар шақырылды, бірақ ол шақырудан бас тартты.<sup>4</sup> Комиссия жұмысының нәтижесінде 1964 жылдың 19 қыркүйегінде Лойя Джиргада қабылданған конституцияның либералды жобасы пайда болды. Содан кейін 1 қазанда ол әмір Захир-шахпен бекітілді.

Жаңа конституция Ауғанстан тарихындағы ең либералды болса керек. Парламенттің рөлі күшейе түсті, ол үкіметке сенімсіздік білдіру құқығын алды. Бұдан басқа, сондай-ақ, биліктің үш тармағын бөлу және улемдер табының соттық тәжірибеге араласу құқығын шектеу жүргізілді. Сонымен қатар, ресми дін ретінде исламның ханафи мазхабы жарияланды. Қоғамдық ұйымдар мен саяси партияларды құру құқығын қоса алғанда, азаматтық бостандықтар жарияланды. Сайлауға әйелдер жіберілді. Нәтижесінде Ауғанстан де-юре конституциялық монархия болды. Дегенмен, әмір үлкен өкілеттікті сақтап қалды. Атап айтқанда, ол сот билігін бақылады, оған жоғарғы сот бағынды. Ол сондай-ақ парламенттің жоғарғы палатасы – ақсақалдар Кеңесі депутаттарының үштен бірін тағайындай алады. Бұл ретте елдегі нақты билік әмірдің және оның ортасының қолында қалды.

Жаңа конституцияның басты ерекшелігі оның Дәуітке қарсы бағытталған баптарымен байланысты болды. Атап айтқанда, конституцияның өте қызықты 24 бабы монархтың туыстарына мемлекеттік қызмет атқаруға тыйым салумен байланысты болды. Бұл тыйым Захир-шахтың және оның ортасының Дәуіттің ықтимал саяси белсенділігімен байланысты қауіптерін айқын көрсетті. Сонымен қатар, Лойя Джирганың жұмысы кезінде 24 бабқа маңызды толықтырулар енгізілді. Олардың бірі әмірдің туыстарына саяси партияларды құруға немесе оларға кіруге тыйым салынды. Басқа пункт монархтың отбасынан бас тартуға тыйым салды. Билік Дәуіт

отбасынан шығып, белсенді саяси қызметке араласуынан қорықты.<sup>5</sup> Осы шешімдер Дәуіттің белсенді саясатқа оралуын болдырмауы тиіс еді. Сонымен қатар, оның кеудемсоқтығын жүзеге асыру үшін барлық заңды арналарын жауып, билеуші отбасы, кейінірек, 1973 жылы болған монархияға қарсы төңкеріс үшін жағдай жасады.

Ауғанстанда ішінара ырықтандыру саясатын жүргізудің айқын мәселелерінің бірі ұлттық мәселе болды. Жалпы алғанда, елде пуштундар саны басым болғанымен, азшық ұлттылықтар халықтың едәуір бөлігін құрады. Атап айтқанда, олар Кабул қаласында, сондай-ақ Гератта көп болды, олар Солтүстік Ауғанстанда да басым болды. Тиісінше, елде либералдық негізде сайлау өткізу жаңа парламентте азшық ұлттылықтардың елеулі өкілдігінің пайда болуын болжады. Бұл елдің саяси өміріндегі пуштундық үстемдіктің, тіпті билік бақылайтын сайлау өткізу кезінде де біршама қысқаруы тиіс екенін білдірді.

Жаңа Парламентте пуштундық көпшілікті сақтауға ұмтыла отырып, билік, атап айтқанда, округ өлшемдерімен айла-шарғы жасады. «Пуштундық халқы бар аймақтарда уездер 8-12 мың адам, ал пуштундық емес халық тұратын өңірлерде, кейде 100 мың және одан да көп адам болды».<sup>6</sup> Мұндай саясат билік үшін екі түрлі әсер етті. Бір жағынан, олар парламентте кепілдік берілген пуштун көпшілігін ала алды. Екінші жағынан, патриархалдық қауымдық дәстүрлері бар өңірлердің өкілдері, әсіресе пуштундар, парламентте белгілі бір қала либералдарының пайда болуына қарсы әрекет етуі тиіс еді. Мысалы, Кабул либералды саясаткерлерді таңдайтыны анық еді.

Парламент сайлауы 1965 жылдың тамыз-қыркүйек айларында өткізіліп, 216 депутат сайланды.<sup>7</sup> Кабулдан сайланған депутаттар арасында оппозициялық жөнге салынған саясаткерлер пайда болып, олардың ішінде Ауғанстан коммунистерінің болашақ көшбасшысы Бабрак Кармаль болды. 1965 жылдың 24 қазаны парламенттің бірінші отырысында депутаттар Мұхаммед Юсуф үкіметіне сенім білдіру үшін дауыс беруге тиіс болды. Бірақ сол күні Кабулда оқитын жастар, негізінен Кабул университетінің студенттері арасында тәртіпсіздік басталды. Олар келесі күні жалғасты және

қауіпсіздік күштерімен басылды. 3 адам қаза тауып, көпшілігі тұтқындалды.<sup>8</sup> Дегенмен, 26 қазанда үкімет сенім вотумын алды және әмір Захир-шахпен бекітілді. Бірақ тәртіпсіздіктер жалғасып жатты. Олар күтпеген нәтижеге әкелді. 29 қазанда премьер-министр Мұхаммед Юсуф отставкаға кетті. Жаңа премьер Мұхаммед Хашим Майвандаль болды. Ол Юсуф үкіметінде ақпарат және баспасөз министрі болған.

Тәртіпсіздік елорда тұрғындарының тек белгілі бір бөлігін ғана қамтығаны, негізінен студент жастарды қамтығаны және іс жүзінде елдің қалған бөлігіндегі істің жағдайына әсер етпегендігі белгілі. Сонымен қатар, билік тәртіп орнатуда шешім қабылдады, толқулар басылды, үкімет бекітілді. Дегенмен, премьер-министр отставкаға кетті.

Бұл жерде мәселе Мұхаммед Юсуф либерал болғаны және оның қызметі Ауғанстандағы саяси өмірді ырықтандыруға бағытталғандығында ғана емес. Сондықтан ол студенттік наразылықтарды басуға сыни қарайды. Мәселе билік ішінара ырықтандыруды жоғарыдан нақты мақсатпен жүргізгенінде болды. Олар бір жағынан, Дәуіт сияқты қатаң саясаткердің қолында шоғырлануын болдырмау үшін билікті орталықсыздандыруды жүргізуге ниеттенген. Екінші жағынан, ішінара либералды реформалар елді одан әрі жаңғыртудың, ол туралы халықаралық аренадағы пайымды жақсартудың маңызды бағыты болуы тиіс еді. Белгілі бір дәрежеде бұл сыртқы саяси бағытты ауыстыру ретінде көрінуі мүмкін.

Өйткені Ауғанстанның көпвекторлы саясаты шеңберінде Дәуіттің қатаң режимі прагматикалық пайымдаулардан әлі де көп дәрежеде КСРО-ға бағдарланды. Тиісінше, ішінара саяси ырықтандыру Кабул енді батысқа қарай бағдарлануы мүмкін дегенді білдіруі мүмкін еді. Сонымен қатар, 1965 жылдың 24-25 қазанындағы митингтерді АХДП адамдары ұйымдастырды деген пікір бар. Атап айтқанда, Сұлтан Әли Кештманд пен Тахер Бадахши есімдері аталған болатын.<sup>9</sup> Егер ауған коммунистерінің Мәскеумен байланысын ескерсек, негізінен, бұл Кабулдағы билікке қысым көрсету тәсілі болуы мүмкін деп болжауға болады.

Алайда орталықсыздандыру міндеті, дегенмен, маңыздырақ болды. Әмір Захир-шахтың ортасы, сондай-ақ басқа да

ықпалды ауғандық саясаткерлер бір күшті саясаткерге, бұл жағдайда Дәуітке тәуелді болғысы келмеді. Оның орнында басқа біреу де болуы мүмкін еді. Мәселе биліктің орталық вертикалінде өкілеттілікті қажетсіз шоғырлануында болды. Орталықсыздандыру кейбір жағдайда дәстүрлі билік құрылымындағы ықпал етудің түрлі топтарына өздерін жайлы сезінуге және өзінің экономикалық және саяси мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Алайда билік елдегі өмірді нақты ырықтандыруға дайын емес еді. Мәселе жоғарыдан бақыланатын үдеріс туралы болды. Сондықтан да студенттердің саяси талаптары бар манифестациялары басылды. Бірақ Мұхаммед Юсуф бұған келіспеді. Билік премьердің отставкасын бастамашылық етуі екіталай. Жаппай толқулар аясында бұл қысым астында қабылданған шешім ретінде, митингке қатысушылардың талабын орындау ретінде көрінуі мүмкін еді.

1965 жылғы қазан толқулары көп жағдайда елде бұрын жүргізілген жаңғырту үдерістерінің, содан кейін ырықтандырудың салдары болғанын атап өткен жөн. Оларды іске асыру нәтижесінде халықтың белсенді бөлігі қозғалысқа келіп, өз талаптарын қоя бастады. Биліктің көтерілістерді басуы студенттік қозғалыстардың, сондай-ақ елді жаңғыртуды жалғастыруға мүдделі халықтың әлеуметтік топтарының одан әрі радикалдануына алып келді.

Қарама-қайшылық билеуші элита мен жаңғырту үдерістерін дамыту нәтижесінде Ауғанстанда пайда болған халықтың бір бөлігінің арасындағы ырықтандыруды түсінудің әртүрлілігінде болды. Элита үшін бұл елдегі билікті бөлу барысында елеулі өзгерістер көзделмеген тактикалық қадам болды. Сондықтан мұнда ырықтандыруға формальды түрде қарады. Билік жариялаған ырықтандыру салдарынан қозғалысқа келген қоғамның белсенді бөлігі үшін жаңа конституцияда мәлімделген либералдық бағдарламаны орындау мәселесі өткір тұрды. «Елдегі саяси өмірді реттейтін жаңа негізгі заңның баптары, сол конституцияның кең құқықтық және әлеуметтік декларацияларын іске асыру үшін ашық сөз сөйлеуге белгілі бір конституциялық мүмкіндік туғаны сөзсіз. Осы бағытта Ауғанстанда кейінгі жылдары ішкі саяси күрес

басталды».<sup>10</sup> Жоғарыда аталған билік жүргізген ішінара ырықтандыру саяси пікірталасты жандандыруға, түрлі саяси күштердің іс-қимыл бағдарламаларын тұжырымдауға, елдің болашақ даму жоспарларына қатысты олардың арасындағы қарама-қайшылықтарды белгілеуге мүмкіндік берді. Және де бұл әрекеттер жаңа саяси күштердің билікпен қарым-қатынастарындағы қайшылықтардың шиеленісуіне әкеп соқты. Нәтижесінде соңғылары жаңғырту жолында кедергі ретінде қабылдана бастады.

Белгілі бір дәрежеде 1965 жылғы қазан оқиғалары және Мұхаммед Юсуфтың отставкасы символикалық аралық болды, одан кейін билік пен қоғамның белсенді бөлігі арасындағы ашық жанжал басталды. Бұл ретте жаңа премьер-министр Майвандальдің басты міндеттерінің бірі студенттермен болған қақтығысты реттеу әрекеті болды. «Жаңа премьер-министр үкіметтің жұмысшылар мен ұсақ жер иеленушілердің жағдайын, партиялар мен басылымдардың еркін қызметі үшін жағдай жасау мәселелерімен шындап айналысу ниетін атап өтті».<sup>11</sup> Яғни, билік ырықтандырудан бас тартқан жоқ. Олар үшін ырықтандыру орталықсыздандырудың қажетті шарты болды. Олар қоғамдағы жағдайды бақылауда ұстай аламыз және жүргізіп отырған саясаттың салдарынан пайда болған қозғалыстардан қауіп күтпеуге болады деп пайымдады.

Сонымен қатар, әмір мен оның ортасы жаңадан сайланған парламентті де бақылай алады деп ойлады. Депутаттардың басым бөлігін провинциялық элита өкілдері құрады. «Парламент діни, тайпалық және ауылдық көшбасшылары және азғана қалалық зияткерлер ұсынған ескі билік үшін жаңа форумға айналды».<sup>12</sup> Олар әмірдің орталық билігінің консервативті саясатының сенімді тірегі ретінде шығып, либералды депутаттарға қарсы тұру керек еді. Алайда парламенттегі жағдай билік үшін күтпеген сценарий бойынша дами бастады.

Себебі, қалыптасқан жағдайда шет аймақтық депутаттардың нақты мүмкіндіктері пайда болды. Ол мүмкіндіктерді өздері ұсынған қауымдардың мүдделерін қолдау мақсатында қолданды. Парламенттің жаңа рөлін ескере отырып, билік депутаттардың қолдауына, атап айтқанда, оппозициялық

көңіл-күйдегі депутаттарға қарсы тұру мақсатында теориялық тұрғыдан мұқтаж болды. Сонымен қатар, жалғасып келе жатқан ырықтандыру үрдісі, тіпті билік бақылауында болса да, ымыраға келуді көздеген.

Шығыс қоғам жағдайында бұл мемлекет позициясының салыстырмалы әлсіздігі ретінде қабылданды. Мәселен, қызметтегі депутаттар өздерінің билікке деген белгілі бір деңгейдегі қажеттілігін сезініп отырды. Бұл тәуелділік ретінде қабылданды. Нәтижесінде депутаттар өз тараптарынан билікке деген қолдаудың орнына, өздерінің мүдделерін білдірген қауымдар үшін артықшылықтар талап етті. «Шет аймақ депутаттары артықшылықтар мен көмекқаржылар алу үшін өз қауымдарының (qauim) өкілдері ретінде сөз сөйледі».<sup>13</sup> Билік үшін бұл өте тиімсіз жағдай болды. Оларға шет аймақтық қауымдардың көп өкілдерімен іс жүргізуге тура келді.

Сондай-ақ, мәселе ресми Кабул дәстүрлі түрде қарым-қатынас жасауға мәжбүр болған пуштун тайпалары туралы ғана емес, сонымен қатар жергілікті жерлердегі басқа да қауымдастықтар туралы да болды. Бұл ретте соңғылары елдегі саяси өмірге бұрын қатыспаған. Парламент сайлауы оларға осындай мүмкіндік берді. «70-ші жылдардың басында заң шығарушы және атқарушы билік арасындағы қарым-қатынас созылмалы қарама-қайшылыққа айналды, бұл кезде үкімет парламентпен бекітілген іс-шараларды жиі орындамай отырды, ал заң шығарушылар тіпті бюджеттік мәселелерді талқылауды елемеді».<sup>14</sup> Парламент пен үкімет арасындағы мұндай жанжал елдегі жағдайға тікелей әсер еткен жоқ. Билік әмір мен үкіметтің қолында болды, және олардың парламентті елемеуге барлық мүмкіндіктері болды. Бірақ мұндай жағдай биліктің тұрақтылығының дәстүрлі негізін бұзды, оның десакрализациясына ықпал етті. Дегенмен, 1965 жылғы сайлау бүкіл елден қауым өкілдерін парламентке әкелді. Және де қауым алғаш рет өздерін саяси үдерістердің тікелей қатысушысы ретінде сезіне алды.

Этникалық, діни және тайпалық қауымдардың ықпалының өсуі Ауғанстандағы «Жаңа демократия» кезеңінің маңызды нәтижелерінің бірі болды. Сонымен қатар, бұл батыс демократиялық үлгісін енгізу әрекеті батыс

демократиясына көшуге кепілдік бермейтінін көрсетті. «Демократиялық эксперимент мазмұны жоқ құрылыс болды. Батыс демократиясы белгілі бір жағдайлар: азаматтық қоғамның мемлекетпен бірегейленуі және саяси театрдан бөлек болып табылатын саяси сананың эволюциясы болған кезде ғана маңызды».<sup>15</sup> Осы үзіндіде көрсетілген азаматтық қоғам мен саяси сана идеяларының бәсекелестігі негізінде индивидтердің батыс үшін тән саналы өзара іс-қимылына қатысы бар. 1965 жылғы Ауғанстан мысалында демократияға алғашқы жақындау осы елде қауымдастықтардың күшеюіне және олардың артықшылықтар үшін күресінде бәсекелестікке алып келгенін көрсетті. Кабулдағы орталық билік қауымдарға парламент шеңберінде де, одан тыс жерлерде де ашық бәсекелестік күрес жүргізуге рұқсат берген жоқ, бірақ олар үшін мұндай мүмкіндікті белгілеген болатын.

### *Партиялық құрылыс: АХДП құрылуы*

Сонымен қатар Ауғанстандағы ырықтандыру үдерісінің маңызды салдарының бірі партиялық құрылыстың басталуы болды. 1965 жылдың 1 қаңтары Кабулда парламентке сайлау өткізгенге дейін Нұр Мұхаммед Таракидың пәтерінде Ауғанстан халық демократиялық партиясының (АХДП) құрылтай съезі өтті. Съезге сайланған 30 делегаттан 27 делегат қатысты. Олардың арасында 13 пуштун, 8 тәжік, 3 хазарей және 3 өзбек болды. Бұл жаңа ұйым 1940-1950 жылдардағы либералдық қозғалыстардан ерекшеленді.<sup>16</sup> Жоғарыда либералдар сол кезеңде негізінен этникалық негізде саяси қозғалыстарды қалыптастырғаны көрсетілген. Мүмкін, АХДП жаңа партиясының көп ұлтты құрамының себептерінің бірі ол интернационализм принципі табиғи болатын марксистік идеология негізінде құрылуымен байланысты болды. Партия төрағасы болып Тараки, оның орынбасары болып Бабрак Кармаль сайланды.

Жаңа партияның өкілдері жеке негізде 1965 жылғы сайлауға қатысты. Парламентке партияның төрт мүшесі таңдалды, олардың ішінде Кабулдан Кармаль болды. Қазан айындағы

студенттер толқулары басылғаннан кейін де олар парламенттегі жұмысын жалғастырды. Сонымен қатар, Кармаль әмірмен және оның ортасымен үнемі кездесіп отырды.<sup>17</sup> Бұл бір жағынан, билік бұрынғысынша бақыланатын ырықтандыруға арналған бағытты жалғастыруға бағдарланғанын көрсетеді. Сондықтан елде ауқымды қуғын-сүргін болған жоқ, сондықтан да АХДП мүшелерінің де парламенттік қызметі мүмкін болды. Оливье Руаның пікірінше, Кармальмен болған жағдайда шығыс қоғамы үшін орынды болып табылатын патронаж және дербес байланыс қарым-қатынастары өз рөлін атқарды. ««Парчам» коммунистері (оларды сондай-ақ «корольдік коммунистік партия» деп атайтын) корольдік истеблишментпен тығыз байланысты болды».<sup>18</sup> Екінші жағынан, биліктің мұндай саясаты АХДП ішіндегі ішкі қайшылықтардың өсуіне ықпал етті. Партияда бірқалыпты да, одан да қатаң саясат жүргізудің жақтаушылары болды. Соңғылары өздерін 1965 жылғы қазан толқулары кезінде көрсетті.

1967 жылы АХДП ішіндегі қарама-қайшылықтар партияның бөлінуіне алып келді. 1967 жылдың 4 мамырында Кармаль өз жақтастарымен партия басшылығынан шығып, өз фракциясын қалыптастырды. Ол «Парчам» («Знамя») деп аталатын газеттің атын алды, оның редакторы 1968 жылдан Кармаль болды. Партияда қалған Тараки мен оның жақтастары «Хальк» («халық») фракциясын құрды.<sup>19</sup> Партия «Хальк» газетін 1966 жылдың сәуірінен бастап кейбір үзілістермен шығарған. Кеңес уақытында АХДП-ның ыдырауы өте байсалды қабылданды. 1982 жылы шығарылған Ауғанстан тарихында оны ауған коммунистік қозғалысының «өсу ауруы» түрінің көрінісі ретінде қарастырды. «Партия қызметінің сипатына оның қатарларының әртүрлілігі әсер етті. Онда зиялы қауым өкілдері, негізінен мұғалімдер, студенттер, ұсақ шенеуніктер және кіші офицерлер басым орын алды. Барлық осы объективті және субъективті факторлар АХДП қалыптасуының бірінші кезеңінде өсу ауруларынан құтылмауына алып келді».<sup>20</sup> Классикалық кеңестік идеологиялық көзқарас тұрғысынан АХДП-ның партиялық құрылымында жұмыс сыныбы өкілдерінің жеткілікті санының болмауы партияның тұрақсыздығын, оның классикалық теорияның сәйкессіздігін түсіндіре алды. КСРО



дәстүрлі түрде Ауған коммунистік қозғалысының ішіндегі қарама-қайшылықтарды өте жағымсыз деп қарастырды және әдетте АХДП екі фракциясын біріктіруді талап етті.

Сонымен қатар, АХДП-ның ыдырау себептері туралы мәселе ел дамуының негізгі үрдістерін түсіну үшін үлкен қызығушылық тудырады. Әрине, екі жарқын көшбасшылар – Тараки мен Кармаль арасындағы тұлғааралық бәсекелестік белгілі рөл атқарды. Бірақ әлі де жүйелі айырмашылықтар үлкен мәнге ие болды. Бірінші кезекте, Кармаль және оның «Парчам» ұйымындағы серіктестерінің көпшілігі Кабулдың тумалары болғанын атап өткен жөн. ««Парчам» фракциясының өкілдері барлық революциялық топтардың арасындағы өз құрамына Кабулдан шығушылардың (кабули) едәуір санын қосқан бірден-бір топ болып табылады».<sup>21</sup> Ауғанстанда оларды этникалық қатыстылығы жоқ кабули деп атаған. Бұл ретте көптеген кабулдық пуштундар дари тілін белсенді қолданды, олардың кейбіреулері пуштуды мүлдем иеленбеген. «Көпшілік «Хальк» фракциясының өкілдері пушту тілінде сөйлеген, ал «Парчам» фракциясының өкілдерінің көпшілігі тек дариде сөйлеген».<sup>22</sup> Бұл Ауғанстан үшін ескі мәселе болған, оның өзектілігі туралы Махмуд-бек Тарзи Хабибулла және Аманолла әмірлердің тұсында айтқан болатын. Сондай-ақ, Кабул мен маңайдағы халықтың көпшілігін азшылық ұлттардың өкілдері – негізінен дәритілді тәжіктер мен хазарлар құрғаны да маңызды. Әрине, Кабулдағы жалдамалы қызметкерлер арасында да тәжіктер мен хазарейлер басым болды.

«Парчам» тобының ұйымдастырушылық ерекшеліктері осыған байланысты болды. Оның бір бөлігін жалдамалы жұмысшылар құрады, олар негізінен азшылық ұлттардан шыққан адамдар болды. Бұл партиялық құрылыстың марксистік принциптеріне сәйкес келді. Фракцияның басқа бөлігіне білімді кабулилер кірді, олардың көпшілігі даритілді пуштундар болды. «Азшылық ұлттар «Парчам» фракциясының өкілдері арасында маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, «пуштундардың» көпшілігі қалаланған және парсы тілінде сөйлеген».<sup>23</sup> Кармальдің кабулиге жалпы тиістілігі, оның билеуші элитамен тығыз байланыстарын түсінуге мүмкіндік береді. Соңғылары негізінен білімді кабулилерден тұрды,

олардың арасында дуррани тайпасынан шыққан даритілді пуштундар көп болды.

Керісінше, «Хальк» фракциясы «Парчамға» қарағанда көбінесе пуштундық болды. «Хальк» пуштундары негізінен Ауғанстанның оңтүстік-шығыс провинцияларының ауылдық аудандарынан шыққан. Олар пушту тілінде сөйлеген және басымдықты дуррани тайпасына тиесілі емес болған. «Хальк» фракциясының өкілдері дуррани тайпаларына жатпайтын, пуштун халқы басым орналасқан провинциялардың тумалары болған». <sup>24</sup> Халькистер арасында кіші әскери офицерлер мен ұсақ шенеуніктер көп болғандықтан, олар елді жаңғырту нәтижесінде пайда болған халық топтарын ұсынды. Жоғарыда аталғандай, Дәуіттің тұсында әскерде қызмет ету үшін шығыс тайпалардан пуштутілді адамдарды белсенді жинаған. Әрине, олардың кабулилер мен азшылық ұлттар қатарынан шыққан қалалық даритілді пуштундармен қарама-қайшылықтары болғандығы анық. Мысалы, бұл соңғылардың дари тілін пайдалануымен байланысты болуы мүмкін. АХДП-ның бірінші бағдарламасы алдымен дари тілінде жазылған, содан кейін пуштуге аударылған. <sup>25</sup> Мұндай жағдай шеткері аймақтардағы ұлтшылдық көңіл-күйде болған пуштутілді халықтың көңілінен шықпағаны түсінікті. Сонымен қатар, олардың ауылдан шыққанына байланысты, олар білімді кабулилерге деген зияткерлік тәуелділікті ұнатпады.

Барнетт Рубин 1978 жылғы революцияға дейінгі кезеңде «Хальк» және «Парчам» басқарушы органдарының мүшелерін санауды жүргізді. Оның мәліметтері бойынша, «Парчам» Орталық Комитетінің 24 мүшесінен 14 пуштундар (5 дуррани, 9 басқа тайпалардан), 8 тәжік және 2 хазарей болды. Тізімнің жартысы, яғни 12 адам кабули болды. «Хальк» Орталық Комитетінің 31 мүшесінің 24-і пуштундар (тек 4 дуррани, 19 басқа тайпалар), 4 тәжік және 2 хазарей болды. Барлық халькистер арасында тек 2 адам ғана кабули болды. <sup>26</sup> «Хальктың» шеткерлік сипаты, пуштун тайпалық ортасынан шыққандардың халькистер арасында басым болуы оқиғалардың одан әрі дамуында өз рөлін атқарды.

Атап айтқанда, «Хальк» өз құрамы бойынша шығыс тайпалық пуштундар қатарынан әскерді жаңғырту барысында жинаған

кіші офицерлердің массасына жақын болғаны өте маңызды жағдай болды. Тайпалардан шыққан адамдар бір-бірімен тығыз ішкі байланыстарды қалыптастырған. «Хальк» партиясының ішінде тайпалық және кландық байланыстар кеңінен таралған болатын. Халькистер дәстүрлі тайпалық ұстанымдарға сәйкес өз ауылдарынан шыққан әйелдерге үйленген». <sup>27</sup> Тайпалық байланыс әскердің кіші командалық құрамы арасында, сондай-ақ пуштутілді кіші шенеуніктер мен білім беру саласы қызметкерлерінің арасында халькистердің ықпалының таралуына едәуір дәрежеде көмектесті. «Хальк» әскердегі әсерінің өсуі де КСРО-дағы ауған офицерлерінің едәуір санын жаппай оқытумен байланысты болды. Пуштундық офицерлер арасында тайпалық қарым-қатынас болған жағдайда КСРО-дағы оқыту олардың арасындағы байланыстарды нығайтуға ықпал етті.

Осылайша, Ауғанстанда «Жаңа демократия» кезеңінде марксистік толқудың екі негізгі саяси ұйымы – «Хальк» және «Парчам» ресімделді, олар одан арғы оқиғаларда елеулі рөл атқарады. Олардың татуласуы мен бірігуінің барлық әрекеттеріне қарамастан, олардың арасындағы қайшылықтар тым терең сипатқа ие болды.

Бірақ марксисттер ырықтандыру басталғаннан кейін пайда болған елдегі жалғыз саяси күш емес еді. Атап айтқанда, премьер-министр Майвандаль 1966 жылы Прогрессивті демократтар партиясын құрды. 1967 жылы осы премьердің отставкаға шығуымен бұл жоба бірте-бірте өз қызметін тоқтатты. Іс жүзінде бұл салыстырмалы түрде бәсекеге қабілетті басқару партиясын жасауға талпыныс болды, оның идеологиясы экономикалық тұрғыдан социализм, либерализм, ислам және монархизм идеяларын біріктірді. Орташа консервативті басқару партиясын құру тұрғысынан, мүмкін, бұл әрекетті ақтауға болатын шығар. Алайда, бұл жоба Майвандальдің өзі және оған жақын зияткерлер тобының ісі болып қалды. Атап айтқанда, «Моссават» партиялық газеті Ауғанстанның Майвандальден кейінгі премьер-министрлер – Эттемади мен Мұса Шафиктің әрекеттерін сынға алды. <sup>28</sup> Бұл ұйымның кең қолдауы болған жоқ, себебі ол тікелей мағынада билеуші партия болған жоқ, биліктің вертикалын ұсынған

жоқ. Бұл басым көпшілігі сол Кабулдың тұрғындарының, либералды көңіл-күйдегі қалалықтардың партиясы болды.

Сонымен қатар, Ауғанстанда «Ұлттық Одақ», немесе басқаша айтқанда, «Ұлттық бірлік» деп аталатын өкіметтің де өз партиясы болды, оны әмірдің мәдениет жөніндегі кеңесшісі Халилулла Халили құрған.<sup>29</sup> Партияға Кабул мэрі, ішкі істер министрі, кітапхана директоры, ақпараттық агенттік басшысы сияқты ірі шенеуніктер мүше болды.<sup>30</sup> Билік партиясы ретіндегі өз ұйымының ерекшелігіне байланысты ол айтарлықтай ықпалды емес еді. Көп жағдайда, ол либералды орта болған жерде әрекет еткенінен және идеология тұрғысынан өте қуатты қарсыластармен бәсекелесуге тура келгендігінен шығар. Бұл ретте партия әкімшілік басқару жүйесінің бір бөлігі болған жоқ, ол бәсекелік саяси ортада орналасты. Яғни Халилидің партиясы бөлек, ал әкімшілік жүйе бөлек болды. Естеріңізге сала кетейік, Дәуіт 1960-шы жылдардың басындағы әмірге жасаған ұсыныстарында мемлекеттік басқару вертикалінің бір бөлігі ретінде биліктің жалғыз партиясын қарастырған болатын.

### *Саяси исламның қалыптасуы*

Алайда Ауғанстанды ырықтандыру мен жаңғыртудың ең маңызды салдары сахнада саяси исламды жақтаушылардың қозғалыстарының пайда болуы болды. Ауғанстан тарихының алдыңғы кезеңдерінде біз улемдердің елдің саяси өмірінде жиі маңызды рөл атқарғанын көрдік. Мысалы, олар Аманулла-хан реформаларының саясатына діни оппозиция жасады. Жеке улемдер узурпатор Хабибулла-ханға (Бачаи Сакао) қолдау көрсетті.

Бірақ бұл жерде Ауғанстанда улемдердің жандануы осы елде орталық биліктің әлсіреуі кезеңінде болғанын атап өту маңызды. Ал күшті билік кезінде діни қайраткерлер әдетте мемлекеттің бақылауында болған. Атап айтқанда, XIX ғасырда Абдуррахман-хан оларға қатысты қатаң саясат жүргізіп, оларды қаржыландыруды қысқартты, араларындағы ең дербестерін қудалады. «Ол улемдерді медресе, вакфтар мен олардың

табысын бақылау арқылы мемлекет институттарымен біріктіруге тырысты».<sup>31</sup> Негізінде кез келген мұсылман мемлекеті улемдердің адалдығын қажет етеді. «Бірақ улемдердің артық дербестігі жағдайында мемлекет олардың қолдауына байланысты болуы мүмкін. Сондықтан улемдерді бақылай білу кез-келген орталықтандырылған мемлекеттің негізгі міндеті болып табылады».<sup>32</sup> Оның үстіне улемдер елдің истеблишментінің бір бөлігі болып табылады.

Алайда, XX ғасырдың ортасында исламдық саяси қозғалыстар жаңа ұйымдық негізде пайда болады. Олар ислам әлемінің көптеген елдерінде өтіп жатқан жаңғыртуға жауап болып табылады. Бұл ретте дәстүрлі қоғамдарды жаңғырту салдарынан пайда болған халықтың топтарынан шыққан адамдар осындай қозғалыстардың жақтаушылары болып табылады. Атап айтқанда, алғашқы ауған «исламшылдары дәстүрлі қоғам ішіндегі жабық жаңғыртушы топтардың өнімі және зияткерлер болды. Олардың әлеуметтік мәртебесі мемлекеттік буржуазия – мемлекеттік аппаратта ғана жұмыспен қамтуды қамтамасыз еткен мемлекеттік білім беру жүйесінің өнімдері ретінде анықтаумен байланысты болды. Теология факультетіндегі «профессорлар» тобынан басқалары өздерін ғалым (scholars) (улама) деп емес, зияткерлер (goshanfikr) деп анықтаған».<sup>33</sup> Олардың арасында зайырлы білім алған адамдар да болған.

Қалыптасқан дәстүрді консервациялауға бағытталған улемдерге қарағанда, 1960-шы ауған исламшылары мұсылмандық қоғамның бұрынғы бірегейлігін жоғалтуға төнген қауіп алдында бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында исламды жаңғыртуды қолдады. Бұл ретте исламға қауіп-қатерді бір мезгілде коммунистік идеология және батыс құндылықтары көрсетті. Исламшылдар тұрғысынан бұл сын-қатерлерге қарсы тұру үшін бастапқы ислам қауымдастығына оралу қажет еді. Діни теория тұрғысынан, олар исламға ұзақ уақыт ішінде енгізілген артық дүниелерден тазартуға ұмтылуы керек болды. Осы арқылы олар бұрынғы Ресей империясы аумағындағы джадидтердің және Аманулла-хан дәуіріндегі Ауғанстандағы кіші феодалдардың қозғалыстарын еске түсірді. Идеологиялық тұрғыда ауғандық исламшылдар мысырлық

Сайид Кутбтың және Үндістанның Әбу әл-Аласынан шыққан Маудидидің идеяларына бағдарланғандығы қызықты жайт болып табылады.

Мәселенің мұндай мәнге ие болуы исламшылдар мен көптеген улемдер арасындағы қарым-қатынастарда қақтығыстық жағдай туғызбауы мүмкін емес еді. Өйткені, исламшылдар теорияда улемдердің таптық ықпалының негізін құрайтын діни дәстүрден бас тартуға шақырды. Ауғанстанда олардың айтарлықтай саны болды, олар пуштун аумағында, сондай-ақ азшылық ұлттар тұратын жерлерде де таралған. Сондықтан, ислам құндылықтары үшін күрескен кезде, олар аймақтағы исламның көптеген жүзжылдықтарында жинақталған барлық әдеттегі діни тәжірибені де атап өтті. Ал исламшылар мұндай тәжірибеден бас тартуға шақырды.

Бұл теориялық тұрғыдан улемдер мен исламшылдар арасындағы мүдделер қақтығысына әкелуі тиіс еді. Олар қандай да бір тактикалық мәселелер бойынша одақтас бола алды, мысалы, зайырлы билікке қарсы тұру үшін. Бірақ Ауғанстанда олардың арасындағы айырмашылық соншалықты үлкен болған жоқ. «Ауғанстан улемдер мен исламшылдар арасындағы кооперацияның сирек мысалын көрсетеді. Бұған себеп, мүмкін, ауған исламшылдары дәстүрлі қоғамнан ажырамағандығында шығар».<sup>34</sup> Алайда, бұл біріншілерінің және екіншілерінің де жергілікті коммунистермен, содан кейін Кеңес Одағымен күрестерге қатысуымен байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, себептердің бірі ретінде келесі жағдай болуы мүмкін еді: Ауғанстанның жаңғырту үдерісінің деңгейі, оның барлық ауқымын ескергеннің өзінде, мұсылман әлемінің басқа елдеріндегі деңгейге жете алмады. Мұнда жаңғырту негізінен ел астанасы Кабул мен оның халқын ғана қамтыды. Исламшылдар пайда болуының бірінші кезеңінде қалалық феномен болып, ауылдық жерлерде негізінен жергілікті улемдер басым болды.

Алайда, ақыр соңында бастама исламшылдарға көшті. Улемдер өз бетінше әрекет етуге тырысты, алайда ынталандыру мен ұйымдастыру жағына келгенде, исламшылдардың саяси қозғалыстарынан жеңіліп отырды. Улемдердің уәждемесі заттардың бұрынғы тәртібін қалпына келтірумен, демек, мемлекеттің бұрынғы дәстүрі мен рөлін қалпына келтірумен

байланысты болды. Аманулла-ханға қарсы тұрудағы талпыныстары туралы, содан кейін узурпатор Хабибулла-хан (Бачаи Сакао) мен үміткер Нәдір-хан арасындағы күресте олардың қатысуын еске алуға болады. Ал исламшылар болса, негізінен зайырлы адамдар болған және саяси мақсаттарды көздеген. Олар Ауғанстанның саяси өмірінде бастаманы бірте-бірте өз қолдарына алып, улемдерді тек көмекші рөл атқаратындай қылып, екінші орынға ысырып тастайды.

Исламшылдардың ең белсенді көшбасшылары Кабул студенттері мен оқытушылары қатарынан шықты. 1969 жылы Кабул университетінде «мұсылман жастары» ұйымы құрылды. Оның идеологы дін мамандығы факультетінің деканы Гулам Мұхаммед Ниязи болды.<sup>35</sup> Кабул университеті мен политехникалық институтта және бірқатар колледждерде исламшылдар марксистерден кейінгі ең ықпалды топ болды. Олардың қатарынан болашақ исламдық саяси қозғалыстардың бірқатар қайраткерлері шыққан, олар: Гүлбеддин Хекматиар, Абдұл Расул Сайяф, Бурхануддин Раббани, Ахмад Шах Масуд және басқалар.

Брықтандыру жағдайында олар саяси өмірге белсенді қатысты, оның ішінде өздерінің одан арғы іс-қимылдарының бағыттары мен бағдарламасын анықтады. 1972 жылдың 19 маусымында, «Мұсылман жастарынан» келген исламшылдар мен «Шоала-йе джавид» солшыл-экстремистік ұйымының мүшелері арасындағы студенттік қақтығыстар барысында соңғысының жақтаушылары қатарынан студент қаза тапты. Кабул университетінің Жоғары студенттер одағының отырысында исламшылдар көпшілік дауыспен оқу орнынан шығарылды.<sup>36</sup> Ауғанстандағы либералдық орта жас студенттердің саяси белсенділігінің артуына ықпал еткені сөзсіз.

Бұл жағдайда жоғары оқу орындары бәсекеге қабілетті саяси ортаны қалыптастырудың басты орталығына, елдің ықтимал саяси дамуының үлгісіне айналды. Университеттердегі әртүрлі топтар арасындағы ішкі бәсекелестік ымыраға келмей, керісінше қарсыластық жағдайна ауысқаны үлкен мәселе болып табылады. Мәселе ең белсенді студенттер солшыл-экстремистік, немесе радикалды ислам ұрандарына бағдарланғандығында

ғана емес. Мәселе шығыс жағдайындағы ырықтандыру өзі батыс типті тұрақты демократиялық қоғамның қалыптасуына алып келмейтіндігінде. Шығыста либералды орта күшті бірлескен топтарға өзін көрсетуге мүмкіндік береді.

1960-1970 жылдардағы Ауғанстанның ерекшелігі мұнда айқын идеологиялық ұстанымдары бар топтар – марксисттер мен исламшылдар болды. Олар негізінен Кабулда және кейбір басқа да ірі қалаларда шоғырланса да, олардың арасындағы қайшылықтардың тереңділігі, тіпті, ұзақ перспективадағы ішкіауғандық қақтығыстың негізін құрады. Егер идеологиялық қарама-қайшылықтар аз болса немесе жоқ болса, шығыстағы ырықтандыру этникалық, діни, тайпалық және басқа қауымдастықтар арасындағы бәсекелестікке алып келер еді.

Сондықтан Ауғанстандағы «Жаңа демократия» кезеңі осы елдің тарихындағы ең қызықты кезең болды. Биліктің орталықтандырылған вертикалі жоғарыдан бақыланатын саяси жаңғыртуды жүргізу мақсатында уақыт бойынша өте ұзақ либералды экспериментке барды. Ырықтандыру бастамашылары Ауғанстанды заманауи мемлекет етіп жасауға ұмтылған елдің жоғары истеблишментінің құрылған шеңберлері болды. Олар шағын марксистік және ислам топтарының қызметінде биліктің орталық вертикалі үшін қауіп көрген жоқ. Сол сияқты олар 1965 және 1969 жылдары сайланған парламент тарапынан билікті оппоненттеу саясатында үлкен қиындықтарды көрген жоқ. Жоғарыда аталған аймақтардағы парламент депутаттары өз қауымдарының мүдделерін қолдау үшін оның мүмкіндіктерін пайдаланды, олар іс жүзінде Кабулдағы орталық билікті қолдауға айырбасқа преференцияларды талап ете отырып, пұрсаттады.

Жалпы алғанда, билік елдегі либералды реформаларға бастама жасаса да, бұл ретте жеткілікті дәрежеде ұстамды ұстанымға ие болды. Олардың одан әрі реформалауға қатысты іс-қимыл бағдарламасы болған жоқ. Әлбетте, олар бұдан да көп ырықтандыруға, мысалы, 1965 жылғы Конституцияда көзделген муниципалдық және өңірлік сайлауды өткізуге дайын емес еді.<sup>37</sup> Себебі, бұл орталық биліктің әлсіреуіне алып



келер еді, бірақ, сонымен қатар, билікте реформаларды бұруға да ниет болған жоқ.

Мұндай жағдай билікті тығырыққа әкеп соқтырды. Әрине, наразылық саны тез өсті. Жалпы алғанда, наразылықтар Кабулда қоғамның құрылған бөлігінің арасында, билеуші элита өкілдерінің арасында, сондай-ақ марксистер мен исламшылдардың жаңа саяси қозғалыстары арасында шоғырланды. Ауған истеблишментінің арасында бір жағынан, ресми Кабулдың саясатын оның тиімсіздігі мен биліктің жалпы әлсіздігіне байланысты мақұлдамаған қатаң шаралардың жақтаушылары болды. Екінші жағынан, либералдар болды, олар реформалар жүргізудің төмен қарқынына наразылық білдірді.

Бүгін Ауғанстанды ырықтандырудың одан да ауқымды бағдарламасы нәтижесінде қандай нәтижелерге алып келуі мүмкін болғанын айту қиын. Қазір жергілікті және жалпы мемлекеттік деңгейдегі еркін сайлау, партиялар туралы заң, парламент алдында жауапты үкіметті қалыптастыру және басқа да либералдық сипаттағы шаралар Ауғанстанға жағдайды дамытудың ең жақсы нұсқасын қамтамасыз ете алады деп айтуға бола ма? Алайда, ырықтандыру салдары ретінде билікті одан әрі орталықсыздандыру жергілікті қауымдардың ықпалының өсуіне алып келуі мүмкін деп болжауға болады. Өңірлік сайлау 1965 жылдан бастап парламент жұмысының барысында айқын көрсетілген бұл үрдісті күшейте түсер еді. Қауымның ықпалының өсуі пуштундар мен азшылық ұлттар арасындағы, мысалы, тілдік мәселе бойынша мүдделер қақтығысына әкеп соқтырар еді. Сонымен қатар, ырықтандыру марксистер мен исламшылдар ұйымдарының қызметін жандандыруға ықпал етер еді. 1970-ші жылдардың басында олар ұйым ретінде қалыптасып, өз саяси мақсаттарын белгіледі.

Бұл жағдайда тек Захир-шах және оның ортасының өз мақсаттары болған жоқ. Олар ішінара саяси ырықтандыруды көздеген жаңғырту бағытын ұстануды жөн көрді. Назылыққа еш назар аудармады. Егер 1970-ші жылдардың басында Ауғанстанда проблемалар туындамаса, мүмкін, мұндай тұрақсыз жағдайды салыстырмалы түрде ұзақ ұстап тұруға болар еді.

## 10-тарау.

### Күйзелістің басталуы

#### *Либералдық саясат дағдарысы және Дәуіттің төңкерісі*

1970-ші жылдардың басында Ауғанстандағы жағдай күрделене түсті. Біріншіден, құрғақшылыққа байланысты объективті қиындықтар пайда болды, ол үш жыл қатарынан жалғасты (1969-1972). Екіншіден, сыртқы саяси жағдай өзгерді, бұл шетел мемлекеттері тарапынан Ауғанстанға көмек көрсету бағдарламаларына әсер етті. Үшіншіден, Ауғанстандағы «Жаңа демократия» кезінде ішінара ырықтандыру саясатының ұзақ кезеңі жалпы наразылықтың туындауына ықпал етті. Мемлекет саясатына қарсы тек идеологиялық дәлелді топтар – марксистер мен исламшылдар ғана шыққан жоқ. Сондай-ақ, ырықтандыруды жалғастыруға қатысты билік саясатымен қанағаттанбаған либералдар да өз наразылығын білдірді. Мемлекеттік билік қызметінің төмен тиімділігі, оның әлсіздігі Дәуіттің жақтаушыларына да ұнамады болды. Соңғыларды шартты түрде авторитарлық жаңғыртуды қолдаушылар деп атауға болады. Бұл ретте мемлекеттің шет аймақтық элиталармен қарым-қатынасында да өз қиындықтары болды. Естеріңізге сала кетейік, 1965 және 1969 жылдардағы парламентке сайлау Кабулға шет аймақтық истеблишменттің көптеген өкілдерін әкелген болатын. Олар Кабулдан өз қауымдары үшін артықшылықтарды алуға тырысып баққан болатын.

Жалпы, экономикалық және саяси тұрғыдан алғанда жағдай билік үшін тым қиын болып көрінген жоқ. Мемлекет саясатына наразылықтың әрбір факторы өте маңызды болған

жоқ. Негізгі саяси үдерістер негізінен Кабулда болғанын, демек, бақылауға алынғанын ескеру қажет. Шет аймақтар патриархтық болды және оларға жаңғырту және саясаттандыру үдерістері аз дәрежеде әсер етті. Басты проблемалар елдегі ресурстардың жетіспеушілігіне байланысты болды, сондықтан билік жаңғырту саясатын қаржыландыру және мемлекеттік шығыстар деңгейін қолдау үшін үнемі сыртқы қаражат көздерін іздеді.

Бірақ, сонымен қатар, билік үшін жағымсыз наразылық факторларының саны өте маңызды болды. Олардың барлығы бірге елдің ішкі саяси өміріндегі тұрақсыз тепе-теңдік жағдайын құрды. Бұл ретте, билік үшін жағдай тұйық болды. Бір жағынан, олар жаңғырту бағдарламасын тоқтатқысы келмеді, бірақ оны жалғастыру үшін жеткілікті ресурстар болмады. Екінші жағынан, олар бақыланатын ырықтандыру саясатын жалғастырды, бірақ оның тиянақсыздығына деген наразылықтың сыни массасының туындауына назар аудармады. Сонымен қатар, олар көпвекторлы саясатты жалғастырды, бірақ оның басым бағытын айтарлықтай өзгертті – Дәуіт кезіндегі КСРО-ға басым бағытталудан батысқа көбірек бағытталуға ауысты.

Атап айтқанда, Дәуіттің отставкасынан кейін Кабул Пәкістанмен болған қарсыластық саясатынан бас тартып, оған 1965 және 1971 жылдардағы Үнді-Пәкістан соғыстары барысында жанама қолдау көрсетті (мысалы, логистика мәселелерінде). Бұл Ауғанстанның сыртқы саяси басымдықтарын ішінара өзгертті деп айтуға маңызды негіз болды. Бұған дейін Дәуіт белсенді антипәкістандық саясатын жүргізіп, бұл жалпы КСРО-ның сыртқы саяси бағытымен бір арнада болды. Қырғи-қабақ соғыс кезінде, Пәкістан мен Үндістан арасындағы қақтығыста Мәскеу дәстүрлі түрде үнді жағын қолдады. Сонымен қатар, Захир-шахтың батыстық либералдарға сенім артуы және олар бастаған ырықтандыру ресми Кабулдың сыртқы саяси артықшылықтарына қатысты Мәскеуді мазаламауы мүмкін емес еді. «Захир-шахтың демократияландыру жөніндегі бағдарламасы және оның ұлы державалар арасындағы бейтараптықтың саясатына қайта оралуы Мәскеуде Кеңес Одағы Ауғанстандағы өз

инвестицияларын жоғалтады деген қауіп тудырды».<sup>1</sup> Соңғы жағдай өте тәжірибелік мәнге ие болды, себебі Дәуіт кезінде КСРО ауған даму бағдарламаларының ең ірі доноры болды.

Дәуіттің отставкасынан кейін де Ауғанстанды жаңғыртуға және оның әскерін дайындауға деген кеңестік қолдау өте маңызды болып қала берді. «1970 жылы 2000 кеңесшілердің жартысы КСРО-дан, 200 Қытайдан, 200 – БҰҰ өкілдері, 152 – Батыс Германиядан, 105 – АҚШ-тан, 85 – Франциядан, 59 – Үндістаннан, 46 – Чехословакиядан және Болгариядан болған».<sup>2</sup> КСРО-ның мұндай үстемдігі таңқаларлық емес еді. Әсіресе, Ауғанстанды жаңғырту негізінен Мәскеу ұсынған қаражатқа жүзеге асырылғанын ескерсек. Кеңесшілер бес жылдық жоспарларды іске асыру үшін де қажет болды. Кезекті үшінші жоспар 1967 жылы әзірленді.

Алайда, басты проблема Ауғанстан дамытудың барлық бағдарламаларын іске асыру кезінде сыртқы көмекке өте қатты мұқтаж болды. «1973 жылға дейін шетелдік гранттар мен көмек Ауғанстанның инвестиция мен дамуға кеткен шығынының 80%-ын құрады».<sup>3</sup> Кабул саясатының ішінара өзгеруі сыртқы көмекке әсер етуі мүмкін еді. «Ауғанстан 1966 жылдан кейін күрт қысқарып, артынан мемлекеттік қаржы дағдарысын туғызған, шетел көмегінің түсуін бақылауға мүмкіндігі болмады».<sup>4</sup> Көмек екі бағыт бойынша бір уақытта қысқарды. КСРО көмекті елдің сыртқы саяси бағдарындағы өзгерістерге реакция ретінде қысқартты. Ал өз кезегінде, «американдықтар Вьетнам соғысына кеткен шығындар себебімен көмек деңгейін төмендетті».<sup>5</sup> Тиісінше, Ауғанстанды жаңғырту бағдарламалары мен оның экономикалық жағдайы тұтастай алғанда тым құбылмалы негізге сүйенді. Үш жыл бойы созылған күйзеліс істің жағдайын күрделендірді. Бұл тұрақсыз жағдайда, 1973 жылдың шілде айында Дәуіт басшылығымен мемлекеттік төңкеріс орын алды.

Еуропадағы ресми сапарда болған Захир-шахтың болмауын пайдаланып, Дәуіт 1973 жылдың 16 шілдесінен 17 шілдесіне қараған түні әскердің қолдауымен елдегі билікті басып алды. Ол монархияны жойып, республиканы жариялады. Мемлекеттік биліктің жоғары органы Мемлекет басшысы мен премьер-министр ретінде Дәуіттің басшылығымен Республиканың

Орталық Комитеті болды. 27 шілдеде Парламентті тарататын жарлықтар шығарылды, 1964 жылғы конституцияның күші тоқтатылды, барлық саяси партиялардың қызметіне тыйым салынды, жеке газеттер жабылды.

Дәуіт төңкерісінің тән ерекшелігі коммунистік ұйымдар тарапынан қолдау болды. Олардың бірі – «Парчам» мүшелері жаңа басшылықта кеңінен ұсынылды. «Кабинеттің М.Дәуіттен басқа 11 мүшесінен 5 адам АХДП өкілдері, немесе оның жақтаушылары болды». <sup>6</sup> «Парчамның» жақтаушылары провинциялық деңгейде, сондай-ақ полицияда бірқатар лауазымдарды алды. Сонымен қатар, АХДП-ның басқа бөлігі – «Хальк» төңкерісті қолдағанымен, бірақ жаңа билікпен өзара іс-әрекет жасай алмады. «М. Дәуіт Н. М. Таракидің ынтымақтастық туралы барлық ұсыныстарын қабылдамады». <sup>7</sup> Дегенмен, кейбір халькистердің жанашырлары ел басшылығының құрамына кірді. Бұл өте қызықты жағдай болды.

Атап айтқанда, неліктен Дәуіт АХДП-ның басқа бөлігі – «Хальктың» орнына «Парчамға» сенім артты? Дәуіттің пуштун мәселесі бойынша белгілі позициясын ескере отырып, ол теориялық тұрғыдан халькистерге жақынырақ болуы керек деп ойлауға болады. Атап айтқанда, олардың арасында елдің шығыс провинциясынан шыққан пуштутілді пуштундар көп болды. Парчамистер негізінен даритілді қалалық пуштундар мен азшылық ұлттардың өкілдерінен тұрды. Сонымен қатар, халькистер әскерде үлкен әсер етті, онда шығыс пуштундар санынан кіші офицерлер көп болды. Олар 1953-1963 жылдары әскерді жаңғырту бойынша Дәуіт саясатының салдарынан әскери болды. Армияның пуштун бөлігі Дәуіттің табиғи одақтасы болуы керек еді. Бұдан басқа, келесі сұрақ туындайды: төңкерісті ұйымдастыру кезінде Дәуітке ауған коммунистерінің көмегі неге қажет болды және болған оқиғаларға кеңестік ықпал ету туралы айтуға бола ма?

Дәуіттің билікке келуі жалпы Кеңес Одағының мүдделеріне жауап берді. Біріншіден, 1953-1963 жылдары билікте болған кезде ол КСРО-ға көбірек бағдарланды. Екіншіден, Дәуіт күшті орталық билік пен бір мезгілде жаңғырту саясатының жақтаушысы болды. Тиісінше, ол оны КСРО одақтасымен мойындау үшін прогрессивті болды, сонымен қатар оның

антилибералды саясаты батысқа деген бағдарды өзгертуден белгілі бір кепілдік берді. Үшіншіден, кеңестік идеология тұрғысынан монархияны құлату және республикаға көшу, әрине, прогрессивті қадам болды. Төртіншіден, Ауғанстанда жақсы ұйымдастырылған коммунистік қозғалыс болды. Оның өкілдері 1973 жылғы шілде төңкерісінде үлкен рөл атқарды және Ауғанстан басшылығының құрамына кірді. Сонымен қатар, Дәуіт 1974 жылдың маусымында өзінің алғашқы ресми сапарын дәл КСРО-ға жасады.

Осы ойлардың барлығы Мәскеуде Ауғанстандағы төңкерісті өзінің жергілікті табысы ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Қырғи-қабақ соғыс жағдайында бұл кеңес басшылығы үшін маңызды болды. Ұлы державалар үшінші әлемнің түрлі елдерінде әсер ету үшін қатал күрес жүргізді. Бұл жаһандық қарсы тұру барысында тайталасушы тараптардың қандай да бір стратегиялық позициясының артықшылығы үшін күрес болды.

Бірақ Дәуіт төңкерісіне Мәскеудің тікелей қатысуы туралы мәселе ашық қалды. Алайда, әрине, Мәскеуде өздерінің коммунистік фракциялармен тығыз байланыстары салдарынан жоспарланған төңкеріс туралы білмеуі мүмкін емес, олардың өкілдері төңкерістерде басты рөл атқарды. Атап айтқанда, бұл халькист капитан Аслам Уатанджар және парчамист, танк әскерінің майоры Фаиз Мұхаммед және ӘӘК-нің подполковнигі Абдұл Қадыр болды. Соңғысы «Халькқа» да, «Парчамға» да кірмеді, ол әскердегі ықпалды құпия коммунистік ұйымды басқарды. Төңкерісті дайындау сол әскерилердің арасында алдын ала ұйымдастыруды талап еткендігі анық.

Бұл Дәуіт төңкерістен кейін парчамистер мен кейбір халькистердің өз үкіметінің құрамына неге қосылғанын түсіндіреді. Бұл, әрине, олар мен коммунистер арасындағы алдын ала келісімдердің салдары болған шығар. Соңғыларымен салыстырғанда, Дәуіттің әскерінде оған жанашырлары болды, алайда ұйымдық құрылымдары болған жоқ. Сондықтан ол осындай құрылымы бар коммунистердің қолдауын қажет етті. Коммунистер өз кезегінде КСРО-да білім алған офицерлерге сүйенді. Ауған армиясында осындай көптеген адамдар болды және бұл Дәуіт саясатының тікелей салдары болды.

Бұл жағдайда Дәуіттің неліктен, теориялық жағынан пуштундық басымдығы бар халькистерге жақын болуы тиіс екеніне қарамастан, артықшылықты парчамистерге бергендігі түсінікті болады. Бірақ Дәуіт үшін «Парчам» «Халькке» қарағанда жеңіл проблема болды. Мәселе тек қана «Парчамның» «Халькке» қарағанда кем радикалды болғанында ғана емес. Естеріңізге сала кетейік, «Жаңа демократия» кезінде «Парчамды» әмір Захир-шахпен сенімді қарым-қатынас орнатқаны үшін «корольдік партия» деп те атаған болатын. Жоғарыда көрсетілгендей, «Парчам» негізінен кабули деп аталатын Кабулдың білімді тұрғындарынан құралғандығы туралы жағдай аса маңызды болып табылады. Әрине, олар елдің истеблишментінің құрамына кірген басқа кабулилермен тығыз байланысты болды. Сәйкесінше, халькистер пушту тілінде, ал кабулидің көпшілігі дари тілінде сөйлегеніне қарамастан, Дәуіт үшін шет аймақтардан және төменгі әлеуметтік топтардан шыққан «Хальк» өкілдеріне қарағанда, кабулилермен ортақ тіл табу жеңілрек болды. Пуштун ұлтшылы Дәуіт үшін оның контрагенті қолданған тіл, бұл жағдайда оның әлеуметтік мәртебесіне қарағанда аз мәнге ие болды.

Сонымен қатар, Дәуіт үшін кабулилердің арасында дәстүрлі дурраниден шыққан көптеген адамдар болғаны ерекше маңызға ие болды. Жалпы қала тұрғындары үшін тайпалық ынтымақтастық уақыт өте келе бұрынғы мәнінен айырылады. Қалаларда саяси мүдделердің маңызы молырақ болды. Мысалы, Бабрак Кармаль гильзай тайпасының моллахель кланының пуштуны деп саналды. Бұл ретте, ол қала тұрғыны болған, тайпалық құрылымдармен байланысы болмаған, оның негізгі тілі дари болды.<sup>8</sup> Бірақ ауылдық жерлерден шыққан халькистердің арасында тайпалық ынтымақтастық әлі де маңызды болды. Сондай-ақ, олардың арасында дуррани тайпасының бұрынғы бәсекелестері – гильзайлардан шыққан көптеген адамдар болды.

Гильзайларды күшейтудің болашағы Дәуіттің мүдделеріне және оның қоршаған ортасына жауап бермеді, олар сол билеуші клан Мұхаммед зай дуррани тайпасының атынан өкілдік етті. Олар Ауғанстанда биліктің тарихи көзі болған дуррани

монархиясын тақтан тайдырғанына қарамастан, Дәуіт және оның серіктестері өз тайпасының өкілдері болып қала берді. Оның үстіне, бұл жолы тайпалық гильзайлар коммунистік идеологиясы және КСРО-да байланысы бар «Хальк» саяси ұйымы шеңберінде біріктірілді. Тиісінше «Хальк» шеңберінде саяси құрылым тайпалық ынтымақтастыққа ие болды. Бұл халькистерді барлық ауған истеблишменті және Дәуіт пен оның қоршаған ортасы үшін аса қауіпті қарсылас жасады. Парчамистер әлдеқайда ыңғайлы серіктес болды.

Жалпы, Дәуіт үшін жаңа жағдай оның премьерлік кезеңіне қарағанда қиын болды. Бір жағынан, ол әмір Захир-шахтың бақылауынан құтылды. Бірақ, екінші жағынан, енді елде санасуды қажет ететін ықпалды күштер болды. Мысалы, 1953-1963 жылдары оның КСРО-мен қарым-қатынасы ел ішіндегі кеңес беру ұйымдарымен келісу қажеттілігімен күрделенбеген. Сонда ол Захир-шахтың факторына қарамастан, сыртқы саясатқа қатысты еркін сезінді. Енді Ауғанстанда КСРО-ның қатысуы өте маңызды болды. Тіпті 1973 жылдың төңкеріс жағдайы Дәуітке Кеңес Одағында оның бастамасы бойынша оқытылған ауған армиясының көптеген офицерлері уақыт өте келе алған маңызын көрсетуі тиіс еді.

Дәуіт үшін «Парчаммен» одақ құру оған билікке келуге мүмкіндік беретін тактикалық маневр болды. Дәл сол сияқты, прагматикалық тұрғыда ол КСРО-мен қарым-қатынас жасады. Дәуіт Мәскеуді бірінші кезекте Ауғанстанды жаңғырту үдерістері үшін маңызды донор ретінде және Пәкістанға қысым көрсету үшін қолдау алудың ықтимал нұсқаларының бірі ретінде қарастырды. Мүмкін, ол бұрынғы премьер-министр кезіндегі жағдайға оралуға ниеттенген болар.

### *КСРО мен АҚШ арасындағы Дәуіт*

Алайда әлемдегі жалпы жағдай өзгерді. Атап айтқанда, мұны КСРО-ның Мәскеу бұрын өздерінің табиғи одақтастары ретінде қараған Шығыстағы билік саясатына қатысты айтуға болады. «Үшінші әлемге қатысты кеңестік саясат 1970 жылы прагматикалық және идеологиялық себептерге



байланысты өзгерді. Индонезиядағы Сукарноның биліктен кетуі және Садат тұсындағы Мысырдан кеңес кеңесшілерінің босатылуы коммунистік бағдар ұстамаған ұлтшылармен КСРО одақтарының тұрақсыздығының белгісі ретінде қабылданды. Сонымен қатар, Кеңес Одағының қолдауын тауып, Вьетнамдағы, Анголадағы, Мозамбиктегі, Оңтүстік Йемендегі және Эфиопиядағы марксист-ленинистердің жеңістері Кеңес Одағы қолдайтын марксист-ленинистердің партиялары басқаратын режимдер КСРО-ның үшінші әлем елдеріндегі сенімді серіктестері болып табылады деп ойлағандарға дәлелдер берді.<sup>9</sup> 1973 жылға қарай КСРО жалпы сыртқы саяси аренада айтарлықтай жетістіктерге қол жеткізді деп айтуға болады.

Мәскеу Мысырдағы ықпалын да қалпына келтіруді бастады. Мұнда Анвар Садат, 1973 жылы қазан айында басталған Израилмен соғысқа дайындалып, КСРО тарапынан қару-жарақтың жеткізілімін қажет етті. Аталған оқиғалардан екі жыл өткен соң, 1975 жылы Сайгондағы қуыршақ режим құлдырап, АҚШ коммунистермен жүргізген жаһандық қарсыластықта ең жойқын жеңіліс тапты. Әрине, Ауғанстан үшін жағдай Дәуіт премьер-министр болған кезден, 1950-ші жылдардағы және 1960-шы жылдардың басындағы істер жағдайынан ерекшеленді. 1974 жылы Мәскеуге сапары барысында Дәуіт айырмашылықты сезінгені мүмкін.

Дәуіттің қалыптасқан жағдайды ескермеуі мүмкін емес еді. Сапар алдында ол өз жағдайының тәуелсіздігін Мәскеуде көрсетуге тырысты және барлық халькистер мен көптеген парчамистерді отставкаға жіберді. 1974 жылдың көктемінде халькистердің өкілдері – шекара министрі Пача Голь Вафадар және байланыс министрі Абдұл Хамид Мохдад отставкаға жіберілді.<sup>10</sup> КСРО-ға іс-сапарына дейін бір ай қалғанда, 1974 жылдың мамырында, «М. Дәуіттің «әскери үкіметінің» билігі кезеңінде «Парчам» мен «Хальк» саяси партия атауынан айырылып, оларға саяси қызметпен айналысуына тыйым салынады», деп жарияланған болатын.<sup>11</sup> Осылайша Дәуіт ең қауіпті қарсыластардың қызметін шектей отырып, ел ішінде өз билігін нығайтуға ұмтылып қана қоймай, КСРО басшылығына тікелей белгі жіберді.

Айта кету керек, Мәскеу үшін бұл өте қиын жағдай болды. Оған Дәуіт пен оған адал ауған коммунистік ұйымдардың арасында таңдау жасауына тура келді. Бір жағынан, Кеңес Одағы Дәуіттің билікке келуін құптады. Екінші жағынан, Ауғанстандағы билік тарапынан кеңестік бағытталған ұйымдарға қысым ең қолайсыз түрде тек ауғандықтар арасында ғана емес, барлық халықаралық коммунистік қозғалыста да КСРО имиджіне әсер етті. Сонымен қатар, Дәуіт тым тәуелсіз бола бастады. Мәскеу үшін Мысыр және Индонезияда болған сияқты сыртқы саяси вектордың өзгеруіне жол бермеу үшін Ауғанстандағы істің жағдайын белгілі бір дәрежеде бақылау маңызды болды. Қырғи-қабақ соғыс жағдайында қарсылас державалар үшін әрбір елдегі бақылауды жоғалту үлкен мәнге ие болды.

Нәтижесінде Кеңес Одағында, біріншіден, «Хальк» пен «Парчамға» деген қарым-қатынасты өзгертуге мәжбүр ету мақсатында Дәуітке қысым көрсетуді жүзеге асыру туралы шешім қабылдады. Екіншіден, даму бағдарламаларын қаржыландыру көмегімен Ауған көшбасшысын қолдау және осылайша 1953-1963 жылдары оның премьерлік ахуалына қайта оралу. КСРО СІМ Леонид Брежневтің атынан Дәуітке «республикалық режимнің сенімді тірегі болып табылатын прогрессивті күштерге қатысты репрессивті шараларды қабылдауға қарсы алдын ала ескертуі» бар үндеу жіберді. Бұл Кеңес Одағының оңтүстіктегі достас көршісінің ішкі істеріне ресми араласуының алғашқы оқиғасы болды.<sup>12</sup> 1974 жылдың маусым айында КСРО-ға сапары барысында Дәуітке «Хальк» және «Парчамға» қарсы әрекеттер бойынша кезекті жоғарғы деңгейдегі ескертулер айтылды. Сонымен қатар, Мәскеу Ауғанстанның қарызын төлеуге мораторийге келісті және Кабулға экономикалық көмек ретінде 428 млн.доллар берді.<sup>13</sup> Сонымен қатар, Ауғанстанмен сауда қатынастарын кеңейту туралы келісімге қол қойылды, соның нәтижесінде екі ел арасындағы тауар айналымы артты.

Сонымен қатар, Кеңес басшылығы «Хальк» және «Парчам» басшылықтарына осы екі ұйымды біріктіруге және өзара айыптауды тоқтатуға ұсынымдарымен құпия жеделхат жіберді.<sup>14</sup> КСРО Ауғанстанға экономикалық көмек көрсетіп, оның орнына кеңестік сыртқы саяси бағдарлануды талап ете

отыра, Дәуітке қатысты бұрынғы саясатты жалғастыруды дұрыс деп ұйғарды. Алайда, КСРО-да Дәуітке толықтай сенім білдіре алмады. Сондықтан оған көмек көрсетумен бір мезгілде өзара қарсыласқан коммунистік фракцияларды біріктіруге сенім білдірді. Мұндай бірлестіктің мақсаты Ауғанстанның ішінде осы ел үкіметінің саясатына әсер етудің пәрменді құралының пайда болуы болды. 1973 жылдың төңкерісі Ауған коммунистерінің мүмкіндіктерін көрсетті. Ол сондай-ақ Ауған армиясының офицерлік корпусының рөлін көрсетті, оның басым бөлігі КСРО-да білім алды.

Әрине, Мәскеуге сапар Дәуіт үшін алаңдаушылық туғызбағаны мүмкін емес. Ол кеңес басшылығының үні сияқты жағдайдың да өзгергенін түсінген болар. Сонымен қатар, КСРО-ның ауған коммунистеріне қарсы іс-қимылдарға жол берілмейтіндігі туралы табанды нұсқаулар, олар Ауғанстандағы Мәскеудің негізгі одақтастары ретінде қарастырылатынын көрсетті. Сондықтан Дәуіт кеңес көмегінің айырбасы ретінде бұл фактімен келісуі немесе Мәскеудің «бесінші бағанасы» ретінде қаралған ауған коммунистерін бейтараптандыруға тырысуы керек болды.

АХДП өкілдерін бейтараптандыру саясаты Дәуіттің Кеңес Одағына сапарынан кейін бірден басталды. Мәскеудің барлық ескертулеріне қарамастан, 1974 жылда КСРО-да білім алған 200 офицер отставкаға жіберілді. 1973 жылғы төңкерістің негізгі фигураларының бірі, аталған оқиғадан кейін ӘӘК қолбасшысының орынбасары болып тағайындалған Абдұл Қадыр әскери қасапханалардың директоры қызметіне ауыстырылды. 1975 жылы көптеген парчамистер – ішкі істер министрі Файз Мұхаммед, Ауыл шаруашылығы министрі Джелани Бахтари және басқалар жұмыстан босатылды. 1975 жылдың аяғында билікте маңызды қызметтерде АХДП-ның бірде-бір өкілі қалған жоқ.<sup>15</sup> Дәуіт осы оқиғаларға КСРО-ның қалай жауап беретінін жақсы түсінді. Бұл жағдайда оған Мәскеу позициясына тәуелді болмауы үшін сыртқы саяси балама қажет болғаны әбден қисынды.

Қырғи-қабақ соғыс жағдайында сыртқы саясаттағы кез келген балама ұлы державалармен байланысты болды. Сондықтан Дәуіт АҚШ-тан қолдау сұраса, бұл КСРО тарапынан

жауап реакциясын тудыруы мүмкін және керісінше. Дәуіт 1950-ші және 1960-шы жылдардағы екі жақтан да қаржыландыру алған жағдайды 1970-ші жылдардың басында қайталау мүмкін емес еді. Сол кезде ұлы державалар Ауғанстанды дамыту бағдарламасын қолдады, оны бейтараптандыру олардың мүдделеріне қисынды болды. Кабулда сыртқы саяси маневр үшін мүмкіндіктер көп болды.

Алайда, Дәуіт билікке келгеннен кейін әлемде Ауғанстан үшін жаңа балама жасаған маңызды өзгерістер болды. Араб елдерінің коалициясы мен Израиль арасындағы 1973 жылғы қазан айындағы соғыс маңызды рөл атқарды, ол мұнай бағасының өсуіне алып келді. Баға Парсы шығанағының мұнай өндіру елдері іске қосқан, оны Израильді қолдаған Батыс елдеріне жеткізу үшін эмбаргоның нәтижесінде өсті. Нәтижесінде Шығанақта жаңа аймақтық державалар пайда болды. Олардың арасында Сауд Арабиясы мен Иран болды. Олардың табысы олардың сыртқы саяси мүмкіндіктері сияқты қатты өсті. Бұл елдермен байланыс Дәуітке сыртқы қаржылық көмек алу мәселелерінде балама ұсынды.

Дәуіт Кеңес Одағына қатысы жоқ елдердің сыртқы қолдауын белсенді іздей бастады. 1974 жылы ол Иран мен Сауд Арабиясына сапар жасады. «1974 жылы Ауғанстан Иранмен экономикалық көмек ретінде 2 млрд. доллар беру туралы (бұл соманың өте аз бөлігі пайдаланылғанына қарамастан) 10 жылдық келісімге қол жеткізді.<sup>16</sup> Иранның шахы Дәуіт Пәкістанмен қарым-қатынасты реттеп, Пуштунистанның идеяларынан бас тартқан жағдайда қаражат беруге келісті.

Дәуіттің ағасы Мұхаммед Наим Қытайға іс-сапар жасады. Дәуіт өзі Мысыр, Түркия, Кувейтке барды. АҚШ-тың Мемлекеттік хатшысы Генри Киссинджер 1974 және 1975 жылдары Кабулға екі рет барып, Дәуіттің Пәкістанмен қарым-қатынасын ретке келтіруге сендірді. Президент Джими Картер Дәуітті 1978 жылдың қыркүйегінде АҚШ-қа ресми сапармен келуге шақырды. 1976 жылдың соңында кеңес әскери кеңесшілердің саны 1000-нан 200-ге дейін қысқарды.<sup>17</sup>

КСРО үшін Дәуіт өз елінің сыртқы саяси даму бағытын өзгертуге ұмтылғандығы түсінікті болды. Оның Иран, Сауд Арабиясы және басқа елдермен байланыстарына деген

кеңестік бағалау тиісті болды. Мысалы, жоғарыда аталған Иран кредитіне қатысты Ауғанстанның кеңестік тарихында былай деп жазылған: «Батыспен байланысты ирандық топтардың маневрлерінің мақсаты айқын болды: дәстүрлі ауған-кеңестік ынтымақтастықты бұзып, Ауғанстанды империализм мен оның одақтастарының аймақтағы ықпалының орбитасына тарту».<sup>18</sup> Қырғи-қабақ соғыс аясында бұл Кеңес Одағымен шекаралардың жанында орналасқан стратегиялық маңызды елдегі кеңестік ықпалдың жоғалу ықтималдығы ретінде көрінді.

КСРО бұл жағдайда 1976 жылдан бастап АХДП-ға қарсылас фракцияларды біріктіру үдерісін жандандырды. Мәскеу нәтижесінде ауған коммунистерінің билікті басып алуға қатысуын жоспарлады ма деген сұрақ ашық күйінде қалып отыр. Бұл мәселе бойынша, тіпті, батыстық сарапшылар да өте сақ болды. «Орта мерзімді перспективада Мәскеу Дәуіт өлсе немесе биліктен шеттетілген жағдайда біріккен сайлау ұйымына ие болуға ұмтылды».<sup>19</sup> КСРО АХДП-ны Дәуітке қысым көрсетудің мүмкін құралы ретінде пайдалануға ниетті болды деп болжауға болады. Дәуіт бұл жағдайды жақсы түсінді және жауап ретінде кеңестік коммунистерге қысымын күшейтті.

Нәтижесінде тығырықты жағдай пайда болды. Бір жағынан, Дәуіттің АХДП-ға қатысты КСРО саясатына сенімсіздігі оны осы ұйымға қатысты қатаң саясат жүргізуге мәжбүр етті. Екінші жағынан, КСРО-ның Дәуітке сенімсіздігі оны АХДП қолдауын күшейтуге мәжбүр етті. Тиісінше АХДП Дәуіт пен Кеңес Одағы арасындағы мүдделер қақтығысының эпицентрінде көрсетілді. АХДП-ны заңды алаңнан ығыстырып, Дәуіт оның тарапынан күш қолдану іс-әрекеттері үшін жағдай жасады. 1960 жылы Захир-шах Дәуіттің өзін заңды саяси өрістен ығыстырып, сонымен 1973 жылдың төңкерісіне объективті жағдай жасағандығы қызықты жайт болып табылады.

1977 жылы Дәуіт елдің ішкі саясатында өзінің үстемдігін бекітуді жөн деп шешті. Лойя Джиргада жаңа конституция қабылданды, ол бір партиялы жүйені бекітті. Билеуші партия болып Ұлттық революция партиясы жарияланды.<sup>20</sup> Бұл шешім негізінен АХДП-ға қарсы бағытталған. Дәуіт осылайша, ел ішінде баламалы саяси күштің болуын қабылдамайтынын мәлімдеді.

КСРО-да тиісті қорытындылар жасалды. 1977 жылдың сәуір айында Дәуіт Мәскеуге сапар жасады, оның барысында Дәуіт пен Бас хатшы Брежневтің арасында қақтығыс болды. Соңғысы Дәуіттен Ауғанстандағы «империалистік кеңесшілердің» көзін құртуды талап етті. Дәуіт былай деп мәлімдеді: «Бізге өз елімізді қалай басқару керектігін және жұмысқа кімді шақыру керектігі туралы ешкімнен рұқсат сұрамаймыз. Шетелдік сарапшыларды қалай және қайда жалдауымыз туралы мәселе ауғандық мемлекеттің айрықша ерекшелігі болып табылады».<sup>21</sup> Кеңес басшылығы Дәуіттің саясатынан бас тартуға осылайша қол жеткізуге ұмтылғаны екіталай. Дәуіттің осы сәтте сыртқы саясатта балама мүмкіндіктері болды. КСРО-да оның позициясын айқын анықтағысы келді. Осыдан кейін «Парчам» мен «Халькті» біріктіру үдерісі жылдамдатылды.

1977 жылдың мамыр айында Тараки мен Кармальдің кездесуі өтті, онда біріккен партиялық конференцияны өткізу туралы шешім қабылданды. Ол 1977 жылдың 3 шілдесінде өтті. Бас хатшы болып Тараки, хатшы болып Кармаль сайланды. Алайда «Парчам» мен «Хальк» өздерінің әскери құрылымдарын біріктіре алмады.<sup>22</sup> АХДП фракцияларының бірігуі Дәуіт үшін маңызды оқиға болды. Бұл оған дұшпандық саяси күштің шоғырлануы болды, бұл бір партиялы жүйені бекіткен елдің қабылданған конституциясының қағидаттарына қайшы келді. Сонымен қатар АХДП КСРО қолдауын пайдаланды және кеңес білімін алған әскери қызметшілердің арасында күшті позицияға ие болды. Соңғы жағдай Ауғанстандағы барлық үлкен саясат Кабулға шоғырланғанын, ал 1973 жылғы төңкеріс жинақталған қайшылықтардың күштік шешімінің прецедентін құрғанын ескере отырып, маңызды мәнге ие болды.

### *1978 жылғы сәуір төңкерісі*

1978 жылдың сәуірінде болған оқиғалар Ауғанстандағы жағдайды күрт өзгертті. 17 сәуірде Кабулда «Парчам» фракциясының әскери қанаты үшін жауап берген АХДП мүшесі М. Хайбар өлтірілді. 19 сәуірде АХДП жаппай демонстрацияға айналған жерлеу кезінде партия көшбасшылары Хайбардың

өліміне Дәуітті жауапты деп, айыптады. Дәуіт жауап ретінде АХДП көшбасшыларын тұтқындау туралы бұйрық берді. Сәуірдің 25-нен 26-на қараған түні Тараки мен Кармаль және олардың бірқатар жақтастары тұтқындалды. 27 сәуірде Кабулда АХДП-мен байланысты әскерилердің басшылығымен төңкеріс орын алды. Президенттік сарай шабуылмен алынды, Дәуіт, оның отбасы мүшелері және үкіметтің кейбір шенеуніктері өлтірілді.

1973 жылдағыдай, 1978 жылғы төңкерісте екі офицер – Абдұл Қадыр және Аслам Уатанджар маңызды рөл атқарды. Кем дегенде, олар Дәуіттің құлдырауы және Әскери-революциялық комитеттің құрылу туралы жариялады. Бұл жолы олар АХДП мүддесінде тікелей әрекет етті. 29 сәуірде полковник Қадыр, Тараки бастаған Ауғанстанның революциялық Кеңесіне Әскери-революциялық комитеттің өкілеттігін тапсырды және қорғаныс министрі лауазымын алды.<sup>23</sup> Төңкерістің табысты аяқталуы көптеген оқиғалардың қатысушылары үшін күтпеген жағдай болды. Оның үстіне, 1973 жылы дәл осындай әскери төңкеріс нәтижесінде билікке келген Дәуіт тиісті қорытынды жасауы тиіс еді.

Дегенмен, Дәуіт белгілі бір іс-әрекеттер жасады. Жоғарыда көрсетілгендей, ол коммунистермен байланысқан көптеген офицерлерді, атап айтқанда Абдұл Қадырды отставкаға жіберді. Ол күтпеген шабуылдан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс болатын өзінің президенттік гвардиясын қалыптастырды. Бірақ Дәуіт үшін проблема екі коммунистік ұйымда да болды – «Хальк» және «Парчамда» әскердің ішінде КСРО-да білім алған адамдар санынан әлеуетті жақтаушылар тым көп болды. «1978 жылы Кеңес Одағында даярланған персонал мемлекеттік бюрократияда кәсіби және техникалық позициялардың көп бөлігін алып, әскери-әуе күштерінің көпшілігін қоса алғанда, әскердегі офицерлердің үштен бір бөлігін құрады».<sup>24</sup> Коммунистердің әсерін түбегейлі қысқартуға кез келген әрекеттер офицерлік корпустың тым көп бөлігін қозғауы тиіс еді.

Сонымен қатар, бұл кеңес басшылығы тарапынан қосымша наразылық тудыруы мүмкін еді. Ал Дәуіт өз кезегінде Мәскеумен дұрыс қарым-қатынасты сақтауға мүдделі болды. Алайда, 1977-

1978 жылдары ол көрші Пәкістан мен Иранмен жақындастыру үдерісін жылдамдатқан болатын, және 1978 жылы Пәкістан Президенті Зияуль-Хак пен АҚШ президенті Джимми Картердің Ауғанстанға сапары жоспарланған. Бірақ бұл Кабул КСРО-мен қарым-қатынасты бұзуға ынталы дегенді білдірген жоқ. Дәуіт 1950 және 1960 жылдармен салыстырғанда жаңа сапалы деңгейде көпвекторлы саясатта теңгерімді қалпына келтіруге ұмтылды. Өйткені ол Ауғанстанды жаңғырту саясатын жалғасқан қырғи-қабақ соғыстың екі жағынан бір уақытта көмекті пайдалана отырып жалғастыруды жоспарлаған шығар.

Мұндай нұсқа келесі сұраққа жауап беру мүмкін: билік неге ауған коммунистеріне қарсы одан да қатаң шараларды қабылдамады? Оның үстіне Ауғанстанда бір партиялы жүйе енгізілгеннен кейін олардың қызметі мүлдем заңсыз болды. Бұл жағдайда АХДП-ның біріккен съезі 1977 жылы партия құрылымына қысым жасауға жеткілікті себеп берді. Сонымен қатар, неге астаналық гарнизонда, тікелей Кабулда немесе Бағрам авиабазасында орамдалған бөлімдерде тазалау жүргізілмеді деген сұрақ қызығушылық тудырады. Ықтимал адал емес коммунист-офицерлер, мысалы, шет аймақтық бөлімшелерге ауыстырылуы мүмкін еді.

Бірақ, мұнда ауған билігінің АХДП-ға қарсы кез келген ықтимал әрекеттері Мәскеудің позициясын ескеруі тиіс болғандығын түсіну қажет. Соңғымен қарым-қатынастың нашарлауы ресми Кабулдың жоспарына енбеген. 1977 жылы Брежневпен кездескендегі екі ел арасындағы қарым-қатынас тең негізде құрылатыны туралы айтқан Дәуіттің сөздері оның кеңес-ауған қатынастарына нақты көзқарасын толық бейнелейтіндігі әбден мүмкін. Тиісінше, Кабулдың Мәскеуден белгілі бір тәуелділігі АХДП үшін іс-қимылдардың салыстырмалы еркіндігін қамтамасыз етті. Нәтижесінде коммунистер әскерде өзінің заңсыз құрылымдарын, сондай-ақ мемлекеттік аппаратта жақтастардың көп санын белгілі бір дәрежеде сақтай алды. Ақыр соңында, олар 19 сәуірде Хайбардың өліміне байланысты үкіметке қарсы көп мыңдаған митингті ұйымдастыруға және оны өткізуге қабілетті болды.

Сонымен қатар, 19 сәуірдегі митинг пен Дәуіт үкіметінің құлауына үндеулер айтылып, 26 сәуірде АХДП көшбасшыларын



тұтқындау аралығында көп уақыт өткенін атап кету керек. Осы митингте айтылған мәлімдемелердің қаттылығын ескере отырып, биліктің реакциясы күштірек болуы тиіс еді. Билік түпкілікті шешімді салыстырмалы түрде ұзақ уақыт бойы қабылдай алмаған сияқты. Мұның жалғыз себебі тек биліктің коммунистерге қарсы қуғын-сүргініне Мәскеудің ықтимал реакциясы туралы қауіптерінен ғана туындауы мүмкін. Дәуіттің АХДП-дан қорықуы екіталай, әйтпесе бірден қатал әрекеттерге барар еді. Бірақ ол КСРО-мен қарым-қатынастың толық үзілуіне дайын емес болды.

Бір жағынан, бұл Кеңес Одағының Ауғанстанды жаңғыртуды қолдауға деген көмектің автоматты түрде тоқтатылуына әкеп соқтырар еді. Екінші жағынан, бұл Кабул көпвекторлық саясатты жүргізу мүмкіндігін жоғалту салдарынан нашар жағдайға тап болатындығын білдірді. Ауғанстан ұлы державалар арасындағы геосаяси қарсыластықтың субъектісі болуды тоқтатып, олардың арасындағы бәсекелестік объектісіне айналар еді. Әрине, бұл оның қырғи-қабақ соғыстың екінші жағы – Пәкістан, Иран, Парсы шығанағы елдері және АҚШ-пен өзара іс-қимылдағы ұстанымын әлсіретер еді. Бұл әсіресе Пәкістанға қатысты үлкен мәнге ие болды. Тараптар ұстанымдарының тактикалық жақындасуына қарамастан, Дәуіт пуштун ұлтшылы болып қала берді және Пәкістан саясатына тікелей тәуелді болғысы келмеді. Дәуіт үшін Пәкістанды қоса алғанда, олардың барлық одақтастарымен КСРО мен АҚШ арасындағы қайшылықтарға ойнауды жалғастыру тиімдірек болар еді.

Мүмкін, 19 және 26 сәуір аралығындағы жағдайды бағалаудағы Дәуіттің қатесі, ол бірінші кезекте Кеңес Одағының реакциясын бақылап отырғанында болар. Ол жағдайды Ауғанстан мен Мәскеу позициясының стратегиялық орналасуын ескере отырып бағалады. Бірақ бұл жағдайда АХДП сөзсіз Кабулдағы билік үшін Кеңес Одағының қуыршақ ұйымы ретінде қарастырылды. 19 сәуірдегі митингте Дәуітті құлатуға шақыруды естігеннен кейін, ауған коммунистерінің осындай мәлімдемесінің артында КСРО тұрмағанын анықтау үшін біраз уақыт қажет болды. Бір мезгілде Дәуітке оқиғалардың ықтимал дамуына қатысты негізгі сыртқы ойыншылардың

позициясын анықтау қажет болды. АХДП көшбасшыларын тұтқындау туралы бұйрық жағдай түсінікті болған кезде ғана берілуі мүмкін еді.

Дәуіт стратегиялық тұрғыдан ойлады, бірақ ол тактикалық жағдайды ойластырмағандығы анық. АХДП бұл сөздің тікелей мағынасында кеңестік марионетка болған жоқ. Алайда, Кеңес Одағында сәуір төңкерісі қарсаңында АХДП-ны негізінен Дәуіт үкіметіне қысым құралы ретінде қарастырған болатын. Мәскеу екі қарсылас фракцияны – «Хальк» және «Парчамды» бірлестікке шақырғаны белгілі. Кеңес жағы екі коммунистік топта да әскерде құпия құрылымдардың бар болғанын білсе керек. Мүмкін, Мәскеуде әскери төңкеріс жоспарларының болуы туралы да білген шығар. Бірақ КСРО-да халькистер мен парчамистер арасындағы қайшылықтар туралы да, олардың бірігуінен кейін де АХДП ішіндегі әрбір топ өздерінің астыртын әскери құрылымдарын сақтағаны туралы да хабардар болды. Бұл жағдай екі бәсекелес фракцияның келісілген, бірлескен іс-қимылдарының мүмкіндігін жоққа шығарды, бұл кез келген ықтимал жолды әлсіретті. Нәтижесінде билік жоспарланған іс-қимыл туралы уақытында біліп және оны тез басуға мүмкіндігі болар еді.

Сонымен қатар, Мәскеуде Дәуіт теориялық тұрғыдан 1973 жылдың төңкеріс тәжірибесін ескеріп, өз билігін қорғау үшін тиісті шараларды қабылдауы тиіс болғандығын жақсы түсінді. Сондықтан, әскери коммунистердің қарулы көтерілісі, олардың жеңіліске ұшырауына, артынан кеңестік ұйымдардың ауқымды қуғын-сүргініне әкеп соқтыруы мүмкін еді. Әрине, бұл ауған саясатындағы КСРО жағдайын автоматты түрде нашарлатар еді. Сонымен қатар, 1978 жылға қарай Ауғанстандағы кеңес көмегінің бағдарламалары, әсіресе ел ішінде ықпалды коммунистік ұйымдардың болуы Кабулмен Мәскеудің қарым-қатынасындағы тактикалық маневрлер үшін қолайлы жағдай жасады. Сонымен қатар, Ауғанстанда кеңес әскери мамандарының белгілі бір саны қалды. «Дәуіт коммунистік төңкеріс қарсаңында кеңестік әскери кеңесшілердің санын 200-ге дейін қысқартты».<sup>25</sup> Дегенмен, олар Ауғанстанда әлі де бар болды. Бұл 1977 жылы орын алған кеңестік басшылықпен кездесудегі осы мәселе бойынша жанжалға қарамастан, Дәуіттің

КСРО-мен әріптестікті толығымен тоқтатпайтыны туралы белгі болды. Жалпы, КСРО көпвекторлы саясат шеңберінде Дәуітті ұстап тұруға мүмкіндік алды, және бұл салыстырмалы ұзақ уақыт бойы жалғасты.

Тиісінше, КСРО-да кейіннен «сәуір төңкерісі» деп аталатын төңкерісті жоспарламаған болар. Бұл туралы кеңес дереккөздері де айтады, және де мұны батыстық зерттеушілер де мақұлдайды. КСРО жағынан ең лайықты позиция келесідей болды: «1978 жылғы сәуір төңкерісі Кеңес Одағы тарапынан қандай да бір бастаманың және қолдаудың болғанын жоққа шығарады, сонымен қатар, бұл оқиға оның позициясына қарамастан пайда болды. Ауғандық революционерлер КСРО-ны болар іс болып қойған соң хабардар етті».<sup>26</sup> Мұнымен келісуге болады, себебі Мәскеу өзіне стратегиялық маңызды бағытта ұтылу қаупі жоғары кепілсіз нәтижеге басымдық бермес еді.

Нәтижесінде, неліктен бәрі осылай болды деген сұрақ туындайды. Өйткені, егер АХДП Дәуіт үкіметіне қысым ретінде әрекет етсе, онда оның қызметі билікке қажетті әсер ету мақсатында тиімді болуы тиіс еді. Сондықтан әскери ұйымдар мен халькистер мен парчамистер тиісті нақты іс-қимыл жоспарларына ие болды. Бұл жоспарлар 1973 жылдың белгілі оқиғаларының тәжірибесінен туындады. Яғни, ауған коммунистерінің өздері төңкеріске дайындалғаны анық.

Алайда, егер де астыртын әскери құрылым дайын болса, оған тиісті шешім бар болса, онда ол кез-келген уақытта қозғалысқа келтірілуі мүмкін. Мұнда оның тікелей басшылығы маңызды. Нәтижесінде мұндай шешімді Тараки мен Кармаль тұтқынға алынғаннан кейін Хафизулла Амин қабылдады. Аминнің өзін тұтқындауға келген болатын, алайда ол төңкеріске шығу туралы бұйрық беріп үлгерді. Оған бұл шешімді келістірудің қажеті болған жоқ, себебі, екі фракцияның басшылары қамауға алынды. Осылайша, іс жүзінде бір адам – Амин, пайда болған қауіпке қарсы әрекет етіп, екі коммунистік жасырын әскери ұйымдардың бірін іске қосты.

Осы оқиғалардың ішіндегі ең қызықтысы – ауған билігінің іс-қимылдары болып табылады. Алдымен Дәуіт және оның ортасы Хайбарды жерлеу кезіндегі арандатушылық пікірлерге реакция туралы ұзақ шешім қабылдайды. Содан кейін ол АХДП

басшылығын тұтқындау туралы бұйрық береді, бірақ әскердегі және мемлекеттік аппараттағы коммунистердің көптеген жақтаушыларына қарсы қажетті шараларды қабылдамайды. Сонымен қатар, үйінен қару мен құжаттарды тауып алған Аминді қамауға алу орындаушылардың тиісті ынта-ықыласынсыз өткізілді. Өз кезегінде бұл жағдай өте қисынсыз көрінеді. Себебі, Дәуіттің арнайы қызметі әскерде көптеген жақсы ұйымдасқан жақтаушылары бар ұйым басшылығын қамауға алып жатқанын білмеуі мүмкін емес жайт. Сондықтан, АХДП көшбасшыларын тұтқындау туралы бұйрық бере отырып, әрине, коммунистердің, әсіресе әскерилердің қарсы реакцияларына дайындалу қисынды болар еді.

Дегенмен, 27 сәуірдегі төңкеріс билік үшін аңдаусызда орын алған жағдай болды. Көтерілісшілер басты факторды – күтпеген жағдайды пайдалана алды, ал Дәуіт қабылдаған шаралар төңкеріс табысының алдын алу үшін жеткіліксіз болды. Осылайша, президенттік гвардия қорғанысты біраз уақыт ұстай алды, бірақ 4-ші танк бригадасының танкілері және Бағрам авиабазасының авиациясы оның қарсылығын баса алды. Қорғаныс министрі Расули үкіметке адал әскерлерді, атап айтқанда 7-ші және 8-ші жаяу әскер дивизиялары және кейбір басқа да бөлімдерді көтеруге тырысты, алайда көтерілісшілердің әуедегі үстемдігі Кабулдағы қарулы қақтығыстардың нәтижесін алдын ала анықтады.

Кабулдағы билік проблемасы тек қана ауған коммунистерінің шешімін жете бағаламағандығында болды деп болжау қате болар. Мүмкін, Дәуіт АХДП көшбасшыларын ғана тұтқындап, бірақ жалпы коммунистерге қарсы ауқымды қуғын-сүргіндерді өткізгісі келмеген шығар. Яғни, ол коммунистік көшбасшылардың оған қатысты дұшпандық пікірлеріне жауап беруі керек еді, бірақ олардың қозғалысын толығымен талқандауға ниет етпеді. Мүмкін, ол Мәскеудің тыныштығына сеніп, мүмкін, 19-25 сәуір аралығында ол өз іс-әрекетіне деген Мәскеудің реакциясын тексерген болар. Кез келген жағдайда, өзінің ойлары оған билікті көрсету үшін АХДП басшылығын уақытша оқшаулауымен шектелуге сендірді.

Сонымен қатар, қамауға алынғандардың арасында кабулидің қатарына жататын және әрдайым билеуші элитаға жақын

деп саналған Кармаль да болды. Дәуіт қамауға алынғандарға қатысты тым қатаң шараларды жоспарлағаны екіталай. Сол Кармаль билікке коммунистер тым радикалды болмауы үшін қажет болды. Сонымен қатар, 1973 жылғы төңкеріс қансыз болғанын еске саламыз. Дәуіттің басқару кезіндегі жалғыз оқиға 1973 жылғы желтоқсан айында, қастандық үшін тұтқындалған бұрынғы премьер-министр Майвандальдің түрмеде қаза болуына байланысты болды. Сондықтан АХДП басшылығын тұтқынға алу тек ескерту шарасы болды деп болжауға болады.

Алайда жергілікті жерлердегі партия өкілдері өз басшылығын тұтқындаудан не күтетінін білмеген. Олар сондай-ақ үлкен саясаттың барлық мән-жайларынан хабардар болған жоқ, әсіресе Дәуіттің КСРО-мен күрделі қарым-қатынасына қатысты. Бұл әсіресе «Хальк» өкілдері үшін лайықты тұжырым болды. Халькистер негізінен шығыс провинцияларынан шыққан ауылдық пуштундар болды, және де олардың дуррани тайпасына қатысы болмады. Олардың өзара байланыстары тайпалық ынтымақтастық арқылы қолдау тапты. Сонымен қатар, ауыл тұрғындары Кабулдың білімді қала тұрғындарына сенімсіздікпен қарады. Ақыр соңында, тайпалық ортадан шыққан халькистер шешуші әрекеттерге дайын болды, және мұндай дайындық деңгейін келесі оқиғаларда көрсетті.

### *«Хальк» фракциясының билігі*

Төңкеріс шын мәнінде халькистермен ұйымдастырылған. Аминнен төңкеріске шығуға бұйрық алып, олар батылдық пен қатыгездік көрсетті. Мысалы, Бағрам авиабазасында капитан Тарун төңкеріске қосылудан бас тартқан бірнеше ондаған офицерлерді атып тастады. Халькистер қала жағдайында авиацияны кеңінен қолданған. Ақыр соңында, олар Дәуітті балаларымен қосып, бүкіл отбасын өлтірді.

«Парчам» және оның әскери ұйымы төңкеріске іс жүзінде қатысқан жоқ. 30 сәуірде халькистер төңкерісті «Хальк» фракциясы ұйымдастырғанын мәлімдеп, үкіметтегі қызметке «Парчам» өкілдерін тағайындауға қарсы шықты.

«Ықтималдығы бойынша «Парчам» фракциясы өте тиімсіз жағдайда болды және өз ұсыныстарын талап ете алмады. Шынында да, көптеген сарапшылардың пікірінше, өз позицияларын айқындап, көтерілісшілердің жағына қосылған М. Рафи мен майор Дәуіттен басқа «Парчам» әскери ұйымының мүшелері басшылықтың нұсқауынсыз қандай да бір қадам жасай алмады. Сондықтан Х. Амин «Парчам» басшылығын әрекетсіз деп, оның әскери ұйымы М. Дәуітке деген адалдығын сақтауда, деп айыптады «.<sup>27</sup> Бұл АХДП-дағы екі топтың 1977 жылы партияның бірігуіне қарамастан, әскердегі астыртын құрылымдарының дербестігін сақтау шешімімен туындағаны анық. Сондықтан АХДП-ның бір құрылымдық бөлімшесінің, яғни «Хальктің» бұйрықтары, әрине, «Парчамға» адал офицерлерге жете алмады.

Сонымен қатар, «Парчам» басшылығы негізінен төңкерісті мүлдем жоспарламауы мүмкін. Мүмкін, Кармаль және оның ортасы «Хальк» адамдарына қарағанда Кабул мен Мәскеу арасындағы үлкен саяси ойынның мән-жайлары туралы хабардар болған шығар. Мүмкін, олар сақ болып, Мәскеуден бұйрық алмай немесе онымен келіспей әрекет етуге бел бұмаған шығар. Сонымен қатар, олар төңкерістің жетістігіне сенімді болмады, өйткені Дәуіттің дайындықтары (президенттік гвардия және т.б.) туралы білген және өз мүмкіндіктерін сын тұрғысынан бағалаған деп пайымдауға болады. Сондай-ақ, әскердегі «Парчамның» астыртын ұйымы өзінің ауқымы бойынша «Хальк» ұйымынан аз болғандығы тағы бір маңызды түрткі жайт болып табылады. «Негізінен шығу тегі тайпалық болып табылатын шет аймақтық пуштундардан құралған «Хальктің» офицерлік корпусының орта және кіші командалық құрамының әлеуметтік құрылымы жақтастарды тартуда «Парчамға» қарағанда артықшылыққа ие болды».<sup>28</sup> Тиісінше, бұйрық та болмады. Сондықтан, парчамистер 1978 жылғы төңкерістің белсенді қатысушылары болған жоқ.

Сондықтан, төңкерістен кейін «Хальк» өкілдері өздерін жеңімпаз деп сезінгені таңқаларлық емес. Бұл бірден «Парчаммен» қарама-қайшылықтардың шиеленісуіне алып келді. Сонымен қатар, үдеріске КСРО араласты. Кабулға МҚК-нің жоғары лауазымды өкілі Крючков бастаған Кеңес делегациясы

шұғыл түрде келді. Мәскеудің қысымы астында халькистер билікті парчамистермен бөлісуге келісті. Кармаль Таракидің екі лауазымындағы – революциялық кеңестің төрағасы және премьер-министр орынбасары болды.

Алайда маусым айында Кармальді қоса алғандағы «Парчам» басшыларының көпшілігі, барлық қызметтерінен алынып, шетелге елшілікке жіберілді. Бір уақытта парчамистерге қарсы қуғын-сүргін басталды. 1978 жылдың тамыз айында «Парчам» тарапынан қастандықтың әшкерленуі туралы жарияланды. Қорғаныс министрі Қадыр, бас штаб бастығы Шапур Ахмадзай, жоспарлау министрі Сулеймен Кештманд, қоғамдық жұмыстар министрі Рафи тұтқындалды. Нәтижесінде Қадыр мен Кештманд өлім жазасына кесіліп, Рафи 20 жылға түрмеге қамалды. КСРО-ның қысымымен өлім жазасын түрмеге қамаумен алмастырды.<sup>29</sup> Осылайша, төңкерістен бірнеше ай өткеннен кейін халькистер шын мәнінде коммунистік қозғалыс бойынша өздерінің бұрынғы бәсекелестерін талқандап, Ауғанстандағы басым күшке айналды.

Халькистердің әрекеттері олар КСРО мүдделерін ескермей әрекет еткенін айқын көрсетеді. Әлбетте, Мәскеу «Парчамның» талқандалуына мүдделілік таныта алмады. Біріншіден, АХДП-да бұл фракция тежеуші рөлді орындай отырып, тым радикалды халькистерге қарсы болды. Екіншіден, парчамистер арасында елді басқару үшін қажет болған елордадан шыққан білімді адамдар көп болды. Үшіншіден, «Парчам» құрамында КСРО-да кеңінен ұсынылған азшылық ұлттардың, әсіресе даритілді тәжіктер, хазарейлер және басқалардың өкілдері көп болды. Тиісінше, Кеңес Одағында парсы тілінің (фарси), яғни тәжік тілінің нұсқасы болған даритілді мамандар көп болды. Бірақ көптеген халькистер пайдалануды қалайтын пушту тілі бойынша мамандар аз болды. Сонымен қатар, «Хальк» жалпы алғанда, азшылық ұлттарға, дуррани тайпасынан шыққан үстем элитаға қарсы және Кабул астанасының қалыптасқан халқына қарсы болды.

Екі төңкерістің қаһарманы полковник Қадырмен орын алған жағдай өте көрнекі болды. Әртүрлі дереккөздер оның саяси қатыстылығын әртүрлі қылып көрсетеді. Кейбіреулері оны халькист болды деп санайды, басқалары ол әскерде

дербес жасырын коммунистік ұйымды басқарды және жалпы АХДП-ға тиесілі болмаған деп пайымдайды. Бірақ, ол парчамист болмағаны шындыққа жақын. 1978 жылдың сәуір айында ол офицер-халькистермен бірге жұмыс істеді. Алайда, 1978 жылдың тамызында оны «Парчамның» қастандығына қатысты деп айыптап, өлім жазасына кесті. Мүмкін, бұл Қадырдың чаар-аймақтың даритілді азшылығының өкілі болғанына байланысты болған шығар. Пуштундық офицерлердің көпшілігі үшін чаар-аймақ өкілінің Қорғаныс министрінің негізгі позициясында болуы, әрине, сұрақтар тудырды. Сондықтан «Хальк» басшылығы парчамистердің сөз байласуымен жағдайды пайдаланды және Қадырды да сөз байласты деп айыптады.

Бірақ Мәскеу үшін ең үлкен мәселе оның ауған бағытындағы саясаты сәуір төңкерісінен кейін бір ғана топ – «Хальктің» іс-әрекетіне тәуелді болды. Бұл ретте КСРО оның іс-әрекетін толық бақылай алмады, бірақ Ауғанстанның стратегиялық маңызына байланысты оған барынша қолдау көрсетуге міндетті болды. Бұл өте күрделі жағдай жасап, оның дамуы нәтижесінде кеңес әскерлерін осы елге енгізуге әкелді. Бір жағынан, халькистер өзін өте қатаң және сонымен қатар өте тиімді басқарушылар ретінде көрсете білді. Екінші жағынан, Ауғанстан ішіндегі шиеленістің өсуі геосаяси үдерістердегі жағдайдың біртіндеп нашарлауы үшін жағдай жасады. Ауғанстан қырғи-қабақ соғыстың шеткері аймақ рөлінен оның эпицентріне айналды.

Осы бөлімнің соңында 1978 жылғы сәуір төңкерісінің тағы бір қызықты жағдайын атап өткен жөн болар. Жоғарыда көрсетілгендей, Ауғанстан үшін жаңа екі саяси күш – коммунистер мен исламшылдар жаңғырту үдерістерінің дамуы салдарынан пайда болып, негізінен Кабулда шоғырланды. «Жаңа демократия» кезеңінде олардың негізгі қызметі астанамен байланысты болды. Бұл ретте исламшылдар мен коммунистер бір саяси алаңда, атап айтқанда Кабул жоғары оқу орындарында бәсекеге түсті. Бұл екі күш елдегі билікті басып алуға және оны жаңа стандарттар бойынша қайта құруға бағытталған. Әр қозғалыстың өз стандарттары болды.

Исламшылдар бірінші болып 1975 жылы көтерілісті көтеруге тырысты. Олар ауылдық жерлерден бастағаны белгілі. Атап



айтқанда, Ахмад Шах Масуд Панджшер аңғарында көтеріліске шығып, кейіннен атақты дала командирі болып танылды. Бірақ бұл жергілікті көтерілістерді үкіметтік күштер оңай басып алды. Бұлай болудың себебі жергілікті халықтың, әсіресе элита өкілдерінің өте консервативті болуында жатыр. Өздерінің, көп жағдайда абстрактілі болған, саяси мақсаттары үшін билікпен ашық қақтығысқа түсу, исламшылдардың мүдделеріне жауап бермеді. Сонымен қатар, көптеген мақсаттар ауыл халқына түсініксіз болды, өйткені Ауғанстандағы саяси ислам сыртқы әлемнен, Мысырдан және Британдық Үндістаннан әкелінген жаңа идеяларға сүйенді. Осы орайда, діни мәселелер бойынша жергілікті тұрғындар дәстүрлі түрде улемдерге бағдарланды, және олардың көбі сопылық тарикаттарға тиесілі болды.

Исламшылдарға қарағанда коммунистердің әлеуметтік базасы кең болды. Ең бастысы, олар армия мен мемлекеттік аппаратта кеңінен таралды. Сондай-ақ, олардың әлеуметтік базасы Ауғанстандағы жаңғырту үдерістерінде маңызды рөл атқарған Кабулда шоғырланғаны маңызды. Ауған қоғамының аса маңызды әлеуметтік құрылымы жағдайында астана саяси қызметтің басты орталығы болды. Шын мәнінде, барлық саяси белсенділік осында болды. Сонымен қатар, реформалар жылдарында қол жеткізілген билікті қатаң орталықтандыру оны бір соққымен басып алу үшін барлық жағдайды жасады. Бұған астаналық гарнизонның әсерлі өлшемдері де ықпал етті.

Сондықтан да Дәуіттің тұсында исламшылдар үшін Ауғанстандағы билікті басып алуға қажетті ресурстар болған жоқ. Олардың армияда да, мемлекеттік аппаратта да, ауылдық жерде де жақтаушылары болған жоқ. Коммунистердің мүмкіндіктері көп болды, және осы мүмкіндіктерді елорда билігін басып алу үшін пайдаланды. Алайда, ауған әлеуметтік-экономикалық ақиқатын түбегейлі өзгертуге ұмтыла отырып, коммунистер қоғам ішіндегі тепе-теңдікті бұзды. Олар шеткері аймақтардың саяси белсенділігін белсендірді, сондай-ақ жергілікті қоғамда орын алған барлық қайшылықтардың пайда болуына ықпал етті. Нәтижесінде, 1978 жылдан кейін маргиналды топ белсенділерінен антикоммунистік қарсылық көшбасшыларына айналған исламшылдар өз мүмкіндігін алды.

*Кеңестік басып кіру қарсаңында: Таракиден Аминге дейін*

АХДП-ның Ауғанстандағы билікке келуі Кабулда орналасқан ел басқару саяси орталығының ауған коммунистерімен күштеп басып алуына байланысты болды. Кабулды басып алу автоматты түрде оларға барлық мемлекетте билік берді. Бұл ретте ауған коммунистері аз, бірақ жақсы ұйымдастырылған топ болды. Бірінші кезеңде олар, мысалы, пуштун тайпалары тарапынан айтарлықтай қарсылықты кездестірмегені тән. Бұл елді басқару жүйесін орталықтандыру бойынша бұрын қабылданған күш-жігердің тікелей салдары болды. Осындай орталықтандырудың маңызды элементтерінің бірі ең ықпалды мемлекеттік институт – армияны нығайту болды.

Ауғанстанды 1950 жылдардың басынан бастап жаңғырту барысында армия сөзсіз елдің басым әскери күшіне айналды. Бұл мемлекеттің және дербес пуштун тайпаларының өзара қарым-қатынасына негізделген күштердің ішкі балансының өзгеруіне әкелді. 1930-шы жылдары Нәдір-шахтың және Мұсахибин отбасының билікке келгеннен кейін пуштун тайпалары едәуір автономияға ие болды. Естеріңізге сала кетейік, 1930-шы – 1940 жылдары әртүрлі себептер бойынша жекелеген тайпалардың көтерілістері болды. Заманауи қару-жарақпен күшті әскерді өз билігіне алып, мемлекет тайпаларға үстемдік ете бастады. 1950-ші және 1960-шы жылдары көтерілістер іс жүзінде болған жоқ. Сонымен қатар, мемлекет дәстүрлі улемдерден де артықшылық алды.

Мемлекет жалпы күшті болды. Бұл Дәуітке оның бірінші премьерлігі кезінде елді жаңғырту бойынша белсенді саясат жүргізуге, улемдердің әсерін шектеуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ, Дәуіттің отставкасынан кейін орталық биліктің жинақталған қуаты Захир-шахқа «Жаңа демократия» (1963-1973 жылдар) жылдары либералдық саясатты он жылға жуық жүргізуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, орталық билік өкілдері Парламентке кірген дәстүрлі қоғам тарапынан бәсекелестіктен қорықпады. Соңғылары жергілікті жерлерде – тайпалық, діни және басқа да өз қауымдарының мүдделерін білдірді, бірақ орталық билікке қарсылық көрсете алмады. Мысалы, әмір елдің премьер-министрі лауазымына либералды

саясаткерлерді тағайындай алатын. Жергілікті жерлердегі депутаттар парламентті қауымдық мүдделерді қолдау құралы ретінде ғана пайдалана алды.

АХДП Кабулдағы билікті жаулап алған кезде, әскерді бақылауға алды, демек, Дәуіттен елді басқарудың орталықтандырылған жүйесін мұра етіп алды. Бұл республикалық билік болды, монархиялық жүйе осы сәтте талқандалды. 1978 жылы бұл билік толығымен «Хальк» тобына өтті. Жүйенің инерциясы өте жоғары болды, сондықтан Кабулдағы биліктің ауысуы әлі де жаһандық күйзелістерге әкелуі мүмкін емес болды. Алайда халькистер дәстүрлі қоғамның өмірін қайта құру бойынша ауқымды реформалар жүргізе бастады, олар ауғандық шеткері аймақтарды тікелей қозғап, оны қозғалысқа алып келді.

Реформалар Революциялық кеңестің декреттерімен жүргізілді. № 6 декрет (1978 жылғы шілде) кепіл беру процедурасын реттеп, жалпы өсімқорлықты кепілге салынған жерлердің бір бөлігін меншік иелеріне қайтарумен, сондай-ақ ауыл халқының кедей жіктерінің борыштарының көптеген санаттарын алып тастады. № 7 декрет ерлер мен әйелдердің тең құқылығын орнатты, № 8 (1978 жылдың қараша айы) жер реформасын жүргізу туралы жариялады.

Сегізінші декретте жерді қайта бөлу қарастырылған. Декретке сәйкес бір қарапайым (нуклеарлық) отбасы жақсы Ауыл шаруашылығы жерінің алты гектар (30 жеріб) баламасынан артық жерге ие бола алмады. Бұл ретте олардың сапасына байланысты ауыл шаруашылығы жерлерінің бірнеше санаты анықталды.<sup>30</sup> Күйеуі, әйелі және 18 жасқа дейінгі балалары бар нуклеарлық отбасы жер иелігінің басты субъектісі болуы тиіс еді. Артық жерлер өтемсіз алынып, ауыл тұрғындарының кедей топтарына берілді.

Әрине, алтыншы және сегізінші декрет елдегі істің жағдайына ең қатты әсер еткені сөзсіз. Негізінен, олардың ел халқының басым көпшілігі тұрған Ауғанстанның ауылдық қоғамын ұйымдастыру негіздерін қозғауына байланысты болды. Сонымен қатар, ауған коммунистері бірінші кезекте Кеңес Одағының тәжірибесін негізге алды. Сондықтан теориялық тұрғыдан бұл шаралар АХДП-ға ауыл халқының

кедей топтарының барынша қолдау көрсетуін қамтамасыз етуі тиіс еді. Бұл өзі жоғарғы төңкеріс арқылы билікке келген партия үшін өте маңызды саяси міндет болды.

Алайда, коммунистер, сонымен қатар, ішкі саяси қарым-қатынаста ойын ережелерін өзгертуге тырысты. Олар қоғамдағы үдерістерге мемлекеттің тікелей бақылауын орнатқысы келді. Ол үшін мемлекеттік аппарат пен ауылдық халық арасындағы делдалды – дәстүрлі жергілікті элитаны алып тастау қажет болды. Реформаның негізгі соққысы қауым мен мемлекет арасындағы қарым-қатынаста дәстүрлі байланыстырушы буын болып қызмет еткен жергілікті элитаның ұстанымдарына жасалды.

Ауғанстан үшін Шығыс елдеріне тән патрон-клиенттік қатынастар жүйесі тән болды, олардың шеңберінде ықпалды хандар, маликтер олардың клиенттері болып табылатын шаруалардың массасына қатысты патрон рөлінде болды. Сондықтан да, жергілікті қауымдастықтар ұйымшылдықтың үлкен дәрежесіне ие болды. Мемлекет халықтың негізгі бөлігі өзінің патроны мен қауымына емес, мемлекеттен байланысты болу үшін ішкі қауымдық байланыстарды бұзуы қажет болды. «Отбасын бірге ұстап, оларды қауымға біріктірген клиенттік байланыстар нуклеарлық отбасылардың партияға және үкіметтік бюрократияға тікелей тәуелділігімен ауыстырылуы тиіс. Ұжымдық күш-жігер қажет болған жерде олар хандар тарапынан патронажға қарағанда мемлекетпен байланысты кооперативтер түрінде ұйымдастырылуы тиіс».<sup>31</sup> Ауған коммунистерінің логикасы оған жергілікті жерлерде элитамен қарым-қатынас орнатуды талап етпейтіндей, жалпы алғанда, мемлекеттің билігін орталықтандыруды күшейтумен байланысты болды.

Негізінен бұл Шығыс мемлекеттегі орталық биліктің оны нығайту, орталықтандыруды күшейту, ірі қауымдастықтармен және олардың көшбасшыларымен уағдаластыққа қол жеткізу саясатын бюрократия көмегімен тікелей басқару саясатына ауыстыру жөніндегі іс-қимылының әдеттегі қисынына сай келді. Парадокстық болса да, бірақ дәл осындай жағдай ежелгі Қытайдағы Цинь империясында да болды. Шан Янның реформасы барысында, бірінші кезекте қауымдардың дербестігі

жойылды. Бір уақытта бірнеше ұрпақ кірген үлкен отбасылар мәжбүрлі түрде қирады. Соңғысы салық салу мақсаттары үшін ғана жасалды. Есепке алудың негізгі бірлігі қарапайым отбасы болуы тиіс еді. Мұндай реформалардың мақсаты әрбір адамды бақылауға рұқсаты бар мықты бюрократиясы бар мемлекетті құру болып табылады.

Белгілі бір дәрежеде мұндай саясатты Ауғанстанның бұрынғы билігі де жүргізді. Олар сондай-ақ елдегі орталық билікті күшейтуге тырысты. Алайда олар мемлекеттің жекелеген институттарын, мысалы, армия мен білім беру жүйесін күшейтті. Ал қауыммен және олардың көшбасшыларымен қарым-қатынас өзгеріссіз қалды. Бір жағынан, мықты әскер қауымға сыртқы бақылауды қамтамасыз етті. Екінші жағынан, Захир-шахтың «Жаңа демократия» дәуіріндегі ырықтандыру парламенттегі олардың өкілдерінің ықпалының өсуі арқылы қауымдардың маңызын күшейтті.

Дәуіт та, және ол 1963 жылы отставкаға шыққаннан кейін Ауғанстанның басқа да премьер-министрлері елді жаңғыртуды негізінен сыртқы көмек есебінен қаржыландырғандығы белгілі жағдай. Олар ішкі табыс көздеріне сене алмады, өйткені бұған жергілікті қауымдардың едәуір дербестігі кедергі жасады. Атап айтқанда, бұл дәстүрлі дербес пуштун тайпаларына қатысты болды. Алайда, қалған қауымдар да дәстүрлі экономикалық қатынастарға көбірек тұйықталған болды. Ауылдық жердің табыстарының басым бөлігі жалға алушыларға, өсім алушыларға, сондай-ақ улемдерге жеткізілді. Дәстүрлі ауған қоғамындағы экономикалық қатынастар жүйесі ақшалай да, заттай да элементтерді, атап айтқанда несие түрінде тұқым беруді ұштастырды.

Алайда Дәуіт та, Захир-шах та жағдайды түбегейлі өзгертуге шешім қабылдаған жоқ. Олар қоғамды сыртқы бақылауды күшейтуді және сыртқы қаржыландыруға сүйене отырып, олар жүргізген жаңғырту арқылы өзгерістерге ықпал етуді жөн көрді. Бір жағынан, бұл жаңғыртуды сыртқы көздерден тәуелді етіп, және негізінен қалалардағы қоғамның бір бөлігін ғана қамтып отырғанына әкелді. Екінші жағынан, оларға ауылдық аудандардағы кең мемлекетке қарсы көтерілістерден қорықпауға мүмкіндік берді. «Мұсылман жастарының»

1975 жылы ауылдық аудандарда қарулы көтерілісті ұйымдастырудағы сәтсіз әрекеттері өте жақсы мысал болды.

Ауған коммунистері батылырақ болды. Олар ауқымды өзгерістерге бағытталып, олардың мақсаттарының бірі дәстүрлі ауыл қоғамы болды. «Реформаның мақсаты Ауғанстанның ауылдық жерлерінің әлеуметтік-экономикалық құрылымын бұзу болды».<sup>32</sup> Халькистер ерекше радикалды ұстанымды ұстанған. Бұл ауған тарихындағы өте қызықты сәт. Парчамистерге қарағанда ауылдық жерлерден шыққан өкілдері көп болған халькистер, неге ауылдағы осындай радикалды өзгерістерге барды? Теориялық тұрғыдан, олар реформалардың осындай қатаң сценарийін пайдаланудың барлық ықтимал тәуекелдерін және өз билігіне әсер ететін салдарларын түсінуге тиіс еді.

Мүмкін, себептердің бірі халькистердің көпшілігі пуштун тайпалық ортадан шыққандығына қарамастан, оның дәстүрлі элитасына тиесілі емес болғанында жатқан шығар. Олар білім алып, соның арқасында әскерде және басқа да мемлекеттік институттарда орын алды, бірақ бұл олардың өз тайпаларының ішінде мәртебесінің артуына алып келген жоқ. Олар жергілікті жерлерде дәстүрлі патрон-клиенттік байланыстарға қосыла алмады. Өз тарапынан тайпалық көшбасшылар оларды мемлекеттегі өз өкілдері ретінде қабылдай алды. Шығыс тайпаларының көпшілігі, мысалы, гильзайлар, бұны, әрине, қолдады. «Кейбір гильзай аймақтары «Халькке» адал болып қалды. Олардың көсемі, Амин, дуррани билік еткен жүз жылдан кейін осы тайпадан бірінші болып ел басқарған».<sup>33</sup> Бірақ нақты тайпалық құрылымның ішінде ықпал ету көзі әлі де жергілікті дәстүрлі элитаға тиесілі болды. Егер монархия мен Дәуіт заманының тәжірибелерін ұстанса, мемлекет басшысындағы халькистер жергілікті қауымдардың көшбасшыларымен келісулері керек еді.

Тиісінше, халькистер ауылда дәстүрлі элитаның билігін әлсірету мақсатында өте қатаң реформаларға барды деп болжауға болады. Біріншіден, бұл жағдайда оларға азшылық ұлттар тұратын аудандардағы қауым көшбасшыларымен келісудің қажеті жоқ еді. Жергілікті шаруалар тікелей мемлекеттік басқару ықпалына түсті. Екіншіден, олар бұрынғы

дурранийлік элитаның өкілдері қатарынан жер ақсүйектерінің әсерін жойды. Үшіншіден, олар өз тайпаларында – гильзайлар мен басқа да шығыс пуштундар арасында маликтер мен хандар арасынан бәсекелестерді алып тастауға ұмтылған. Бұл оларға дәстүрлі патрон-клиенттік қатынастарда патрондардың орнын алуға мүмкіндік берер еді. Сонымен қатар, мемлекеттік бюрократия өкілдері ретінде тайпалар арасында өз мәртебесін арттыруға мүмкіндік беретін еді.

Алайда реформалар сәтсіз аяқталды және мүлдем қарама-қарсы нәтижеге алып келді. Ауылда барлық ауғандық провинцияларды қамтыған ауқымды көтерілістер басталды. Бұл ауған коммунистерінің Ауғанстанның ауылдық қоғамын ұйымдастырудың ішкі құрылымына түбегейлі араласуының тікелей салдары болды. Мұндай араласу елдің барлық ауыл тұрғындарының мүдделеріне тікелей әсер етті және ол үшін өте үлкен мәселелер туындады.

Атап айтқанда, алтыншы декретке сәйкес борыштардың бір бөлігінің күшін жою, сондай-ақ кепілдіктерді қайтару ауыл өндірісін ақшалай және заттай нысанда несиелермен қамтамасыз етудің бұрынғы жүйесін бұзды. Бұл ретте шаруашылық қызметті қаржыландырудың жаңа нысандары құрылмаған болатын. Тиісінше шаруашылық қызметі бұзылды, өйткені бұл шешімге реакция ретінде өсім алушылар мен жер иелері қарызға ақша мен тұқым беруді мүлдем тоқтатты. Әрине, бүкіл ел бойынша көптеген шаруа қожалықтары айналым қаражаттарынсыз қалды.

Тағы бір мәселе коммунистер Ауғанстан жағдайында ауыл шаруашылығын жүргізу ерекшеліктерін ескермеуімен байланысты болды. «Жер емес, су Ауғанстандағы ауыл шаруашылығы өндірісінің басты құрамдас бөлігі болды, бірақ реформалар жерді ирригация үшін жағдайсыз бөлді».<sup>34</sup> Бұдан басқа, реформалар ауған ауылдық қауымдарының мүдделерін тікелей қозғаған. Ауылда ұйымның қауымдық формасы тайпалардың маликтерінен қарапайым шаруаларға дейінгі қауымның барлық мүшелері енгізілген қатынастар жүйесінің болуын болжады. Мұндай қарым-қатынастар бірінші кезекте дәстүрлерге негізделген жергілікті құқықты реттейтін өзара тәуелділікті болжады. Атап айтқанда, «маликтер мен хандар

әлеуметтік функцияны мемлекетпен қарым-қатынаста делдал ретінде және шаруаларға қорғау мен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін «босс» ретінде орындады». <sup>35</sup> Сондықтан да, коммунистердің ауылдағы халықтың бай және кедей қабаттарының арасында, қанаушылар мен Ауғанстан жағдайында пайдаланылатын адамдардың арасында қарама-қайшылықтардың болуы туралы классикалық түсінігі қате болды. Коммунистер реформаның көмегімен кедей шаруаларға сенім артуға және оларды ауыл халқының бай топтарына қарсы қоюға тырысты. Іс жүзінде, олар ауылдық қауымдардың ішкі құрылымына араласуды жүзеге асырды, олардың дәстүрлі ішкі ынтымақтастығын бұзуға тырысты.

Сонымен қатар, артық жерлерді алу саясаты да ауылдық қауымдардың мүдделерін тікелей қозғаған. «Монархия кезінде жергілікті қауым мемлекеттік шенеуніктердің талаптарына жауап ретінде ортақ меншіктің болуын мойындамаған және жер бір жеке тұлғаға тіркелуді талап еткен, клан немесе тайпаның басшысының атына қауымдық жерлерді тіркеуді талап еткен. Нәтижесінде қағазда үлкен жер иеліктері болған, бірақ шын мәнінде олар мүлдем болмаған». <sup>36</sup> Сәйкесінше қауым маликтер мен хандардың жерді тәркілеуді өз мүдделері бойынша соққы ретінде қабылдады. Сондай-ақ, алып қойылған жер учаскелерін билік кімге берді деген сұрақ өте өзекті болды. Жерді шаруаларға елдің басқа аудандарынан берген жағдайда, ол бүкіл жергілікті қауымның мүддесіне қастандық ретінде қабылданды. Бұл ел ішіндегі күрделі этникааралық, тайпааралық және қауымаралық қатынастарды ескере отырып, саяси мәнге ие болды.

Жалпы алғанда, реформалар асығыс жүргізілді, халькистер оларға өте нашар дайындалды. Олар абстрактілі теориядан шығып, ауылдағы дәстүрлі қарым-қатынастарға араласудың ықтимал салдарын зерттемеген. Нәтижесінде ауылдық жерлерде көтеріліске ұласқан толқулар басталды. «2% пайдаланушы класына халықтың 98% арасалмағына қарамастан, бұл «реформалар» ауылдық жердің 75%-ын жалпы көтеріліске алып келді». <sup>37</sup> Ауғанстандағы ауыл көтерілісі тек «Халькті» ғана емес, Кеңес Одағын да ауыр жағдайға ұшыратты.

Іс жүзінде, 1978 жылы Мәскеу «Парчам» фракциясының



талқандалуына көзді жабуға мәжбүр болды. Өйткені КСРО халькистерді қолдауды жалғастырудан басқа амалы болған жоқ. Соңғылары коммунистік ұрандарды ұстанды, бұл өз кезегінде оларды Кеңес Одағының табиғи одақтастары жасады. Сонымен қатар, «Хальк» көшбасшыларының социалистік теория рухында реформаларды жылдам өткізуге ұмтылысы, оларды өткізу кезінде олардың артық қатаңдығы қарсылықтың өсуін тудырды, бұл Мәскеуді күрделі жағдайға қойды. Халькистер өз әрекеттерімен бір кездері тыныш, артта қалған елді КСРО үшін проблемалардың көзіне айналдырған. Нәтижесінде КСРО ауған бағытында «Хальк» саясатына байланысты болды.

Бұл ретте Мәскеуде ауған коммунистерінің ішкі саясатына ықпал етудің ерекше мүмкіндіктері болған жоқ. Жанама түрде бұл бірнеше жағдайды растайды. Біріншіден, Кеңес Одағы алдын ала алмаған парчамистердің саяси талқандалуы. Екіншіден, қарулы қарсылық бастауына себеп болған ауылдағы жеткілікті деңгейде ойластырылмаған реформалар. Үшіншіден, КСРО-ға адал болғандарды да қозғаған кең ауқымды қуғын-сүргіннің басы.

Нәтижесінде парадокстық жағдай орын алды. КСРО геосаяси пайымдауларға сүйене отырып, халькистерді қолдады, Ауғанстанға кеңесшілерді жіберді, қару-жарақ жіберді, материалдық көмек көрсетті. 1978 жылдың 5 желтоқсаны Кеңес Одағы мен Ауғанстанның арасындағы достық пен ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды. Сол арқылы Мәскеу ауған коммунистерінің бір радикалды тобының саясатына үлкен тәуелділікке ие болып, жағдайға ықпал ете алмады. КСРО үшін бұл стратегиялық тығырық болды.

Аминнің тақтан кетуінен кейін ғана, КСРО-да 1978-1979 жылдардағы Ауғанстанда қалыптасқан жағдай үшін ақталуға тырысты. Сол уақыттардың тиесілі бағасы келесідей болды: «кешігу, икемділіктің болмауы, даму кезеңдерінің аралықтарында әрекет ету маңызды реформаларды жүргізу кезінде байқалды».<sup>38</sup> Мұнда негізгі фраза «даму кезеңдерінің аралықтарында әрекет ету» болып табылады. Марксистік теория тұрғысынан, белгілі бір қоғамдық-экономикалық формациялармен байланысты белгілі бір даму кезеңдерінен өту маңызды болды. Ауғанстанмен болған жағдайда «даму

кезеңдерінің аралықтарында әрекет ету» деп феодалдықтан капиталистик кезеңді ескермей, бірден социалистик формацияға көшу тұспалданды. Бұл әмбебап формула дамудың кеңестік моделін ұстануға тырысқан елдердің тәжірибесіне социализмнің классикалық теориясын қолдана отырып, барлық сәтсіздіктерді түсіндіруге мүмкіндік берді.

Сол «Ауғанстан тарихынан» алынған дәйексөздің жалғасында 1982 жылғы кеңестік Орта Азиядағы түбегейлі өзгерістерге салыстыру жасалған, яғни «1918 жылы тек патша тегіне тиесілі, отаршылдық билік шенеуніктерінің және жекелеген помещиктердің жерлері ғана тәркіленсе, АДР-да тіпті әскери қызметкерлер үшін де жерді тәркілеу бойынша өтемақылар ескерілмеген болатын, бұл жағдай өз кезегінде олардың көпшілігін үкіметке қарсы насихатқа сезімтал қылды».<sup>39</sup> Кеңестік Орта Азияның кейінгі тарихында жерге деген жеке меншік және барлық жергілікті тәртіптер толығымен жойылғандығын ескере отырып, осы «Ауғанстан тарихының» авторлары халькистерді жер реформасының өзі үшін емес, оны жүргізудің аса жоғары қарқыны үшін сынға алды.

Салыстыру ретінде 1918 жылғы Орта Азиядағы Кеңес өкіметінің орнауының басы келтірілгені кездейсоқтық емес. Мұндағы құбылыстарды қатарластыра салыстыру айқын болды. КСРО-да кеңестік Орта Азия үлгісі бойынша азиялық қоғамның толық өзгеруін қарастыратын теориядан бас тартқан жоқ. Кеңес Одағында болған оқиғалардың қорытындысы бойынша халькистердің кінәсі, олар «революция» өз дамуының бастапқы кезеңінде болғанын ескермегенінде деп қорытынды жасады... Тиісінше, олар қоғамды қайта құру жөніндегі кеңестік теорияны іске асыруға толық дайын емес еді.

Алайда, халькисттер өте батыл болуына байланысты, олар өздерінің саясатына көңілі толмағандарға қатысты қатаң шараларды қолдануға үміт білдірді. Қуғын-сүргін нәтижесінде, Ауғанстанда бұрын-соңды болмаған жағдай орын алды. Саяси халькистердің қарсыластары (парчамистер, исламистер, монархистер және солшыл-радикалды ұйымдардың өкілдері), сондай-ақ дәстүрлі элита өкілдері де қуғын-сүргінге ұшырады. Оның ішінде, 1979 жылдың қаңтар айында сопылық

накшбандийя тарикатының беделді басшысы Хазрат Шур Базар (Моджадедди), отбасының 70 мүшелерімен бірге атылды.<sup>40</sup> Ауған тарихында дәстүрлі түрде Моджадедди отбасы мен накшбандийя тарикаты ойнаған рөлді есепке ала отырып, осы отбасы басшысының жазасы халькистердің дәстүрлі қоғаммен байланысты ұзу туралы демонстрациялы акт болды. Әлбетте, халькистер үшін өз билігіне деген қарсылықтың өсімін басу маңызды болды.

Моджадеддидің өлім жазасы дәстүрлі үлемдер тарапынан діни оппозицияны бейтараптандыруға бағытталған болатын. Сонымен қатар, накшбандийя тарикаты тарихи Орта Азиямен тығыз байланысты болды. Атап айтқанда, ол Ауғанстанның азшылық ұлттарының – тәжіктер мен өзбектердің арасында ықпал етті. Ауғанстанның ауылдық оңтүстігінен келген халькист-пуштундар үшін соңғы жағдай белгілі бір мәнге ие болды.

Моджадеддидің өлім жазасынан кейін Гул Джан Сахиб атты бір молда, 1979 жылдың 26 қаңтарында АХДП режиміне қарсы джихад жариялады.<sup>41</sup> Улемдердің мұндай реакциясы болжауға келерлік болды, алайда, нәтижесінде АХДП билігіне қарсылықты олар емес, сол уақытта Пәкістан аумағында эмиграцияда болған саяси ислам өкілдері бастады. Әлбетте, халькистердің дәстүрлі улемдерге қарсы қуғын-сүргіндері белгілі бір дәрежеде исламшылдарға оңтайлы жағдай жасады. Атап айтқанда, сол Моджадедди отбасындағы басшылық позицияны болашақтағы моджахедтердің көшбасшысы және 1992 жылғы Ауғанстанның уақытша президенті – Сибгатулла Моджадедди иеленді. «Хазрат Сахиб (Хазрат Шур Базар Моджадедди – авт.ескерт.) дәстүрлі улемдердің өкілі және суфизммен тығыз байланысты болды, ал Сибгатулла суфизмді жоққа шығаратын жаңа буын өкілі болып, кейіннен саяси партия құрды».<sup>42</sup> Сибгатулла Моджадеддидің саяси ислам өкілдерінің жаңа толқынының жақтаушысы болғанына қарамастан, ол 1979 жылдың қаңтарынан кейін накшбандийя тарикатының жақтаушыларынан қолдау ала алды. Мұндай қолдауға Хазрат Шур Базардың өлім жазасы жеткілікті негіз болды.

Сондай-ақ, өлім жазасына кесілген адамдар арасында аймақтардың этникалық топтары арасында үлкен ықпалға

ие болған, Фарах провинциясынан шыққан накшбандийя тарикатының беделді пирі Қажы Бахауддин Жан мен оның екі ұлы болған. Меймене провинциясында 1979 жылдың жазында маулави Алауддин бірнеше ондаған шәкірттерімен қоса өлім жазасына кесілді. Гор мен Қандағар провинцияларында бірқатар діни қайраткерлер ізсіз жоғалып кетті. 1979 жылы ақпан айында Мухамадийя медресесінің шииттік дін қайраткерлері жоғалып кетті.<sup>43</sup> 1979 жылдың маусым айында Кабулдағы Пул-и Чахри қалалық түрмесінде 1975 жылы Дәуіттің тұсында тұтқындалған Кабул университетінің профессоры, Аминнің бөлесі – Абдұл Расул Сайяфтан<sup>1</sup> басқа, 200 жас исламшылдар өлім жазасына кесілді.<sup>44</sup> 1980 жылдың ақпанында Кармаль Бабрактың үкіметі ресми түрде 12 мың адам қаза болғанын мойындады. «Бұлардың ішіне тек Пул-и Чахри түрмесінде жоғалып кеткендер ғана енгізілген (провинциядағы өлім жазасына кесілген және жоғалған адамдардың саны да өте ауқымды болды, бірақ бұл құрбандар туралы Кабулда қаза болғандарға қарағанда аз белгілі болды). Жалпы, халькисттердің басқару жылдарында жоғалғандар саны 50 және 100 мың адам арасында болды.<sup>45</sup> Қуғын-сүргіндердің ауқымы өте үлкен болды, ол ауған қоғамына өте ауыр әсер қалдырды.

Өз кезегінде, қуғын-сүргіндер қарсыласудың өсуіне алып келді. Бұл жерде жалпы ынтымақтастық деңгейі жоғары және көптеген ауғандық қауымдарда, атап айтқанда пуштун тайпаларында қарудың болуы өз рөлін атқарды. Сонымен қатар аграрлық реформаның сәтсіз барысы ауыл халқының

---

<sup>1</sup> Абдұл Расул Сайяфтың тарихы өте қызықты. Кеңес мәліметтері бойынша, ол Аминнің бөлесі емес, оның немере әпкесімен некелі болған. Қараңыз: Ежов Г. П. Афганистан: краткий биографический - справочник. – М.:Ключ С, 2002. С. 277-278. Ол дәл Амин сияқты гильзай тайпасының харути рулық қауымына тиесілі болғаны маңыздырақ болып табылады. Тайпалық ынтымақтастық факторы Сайяфтың қуғын-сүргіннен құтылуында өз рөлін атқарған шығар. Жоғарыда кейбір гильзайлар жер реформасы мен қуғын-сүргінге қарамастан, Амин режиміне адал болғандығы көрсетілген болатын. Сондай-ақ, провинциядағы көптеген қуғын-сүргіндер солтүстік және батыс провинцияларының азшылық ұлттар өкілдеріне қарсы жүргізілгендігі тән. Қуғын-сүргінге ұшырағандардың арасында - шиит беделділері, өзбектер мен тәжіктер мекендеген Меймене провинциясының беделді діни қайраткерлері болды.

қозғалысына және оның наразылығының өсуіне алып келді. Нәтижесінде Ауғанстанда ішкі жанжал басталды, ол мемлекет тарапынан қуғын-сүргіннің ауқымын ескере отырып, бірден қатал формаға ие болды.

Осы тұста Ауғанстанның айналасындағы сыртқы саяси ахуалдың өзгеруі орын алды. 1978 жылы – 1979 жылдың басында Иранда кейін ислам революциясы деп аталатын оқиғалар жалғасты. 1979 жылдың 1 ақпаны аятолла Хомейни эмиграциядан оралды. 9-11 ақпан аралығында Иранда көтеріліс нәтижесінде шах Реза Пехлеви тақтан тайды. АҚШ дәстүрлі түрде шах режимін қолдағанын ескере отырып, оның тақтан құлауы аймақтағы Америка саясатына айтарлықтай жеңіліс туғызды. Бір мезгілде бұрын болған тежемелік пен тепе-теңдіктің өңірлік жүйесі іс жүзінде жойылды. Жалпы алғанда, Ауғанстандағы өкіметтің 1978 жылы кеңестік коммунистік күштердің қолына көшуімен қатар американдықтардың Иранды жоғалтуы қырғи-қабақ соғыс шеңберінде аймақта бұрын болған тепе-теңдікті бұзды.

Бұл жағдайда 1979 жылдың 14 ақпанында Кабулдағы солшыл-радикалды Ауғанстан фedayлар еңбекшілерінің ұйымының (АФЕҰ) жауынгерлері Ауғанстандағы АҚШ елшісі Адольф Даббсты тұтқынға алды. Олар ұйым көшбасшысы Бахруддин Баэсты босатуды талап етті.<sup>46</sup> Сол күні америкалық елші оны босату бойынша полицияның іс-әрекеті нәтижесінде қаза табады. АҚШ сияқты елеулі шетел мемлекетінің елшісін тұтқынға алу – өте қатты оқиға, бірақ оның өлімі әлдеқайда күштірек болды. Оның үстіне, бұл ұлы державалардың мүдделер күресі жүріп жатқан өңірдегі жаһандық дағдарыс жағдайында орын алды. Әрине, бұл оқиғаны бағалауда кеңестік және американдық көзқарастар әртүрлі болды.

Осылайша, дәстүрлі кеңес нұсқасына сәйкес «Даббс босату бойынша сәтсіз операция нәтижесінде қаза тапты, өйткені Амин АҚШ елшілігінің өтініші мен Кеңес кеңесшілерінің уақытты созу ұсынымдарын елемеді».<sup>47</sup> Кеңес нұсқасында болған оқиға үшін кінә Аминге жүктелді. Сонымен қатар, Батыс көзқарастарына сәйкес – «кеңес мамандарының кеңестеріне сүйене отырып, халькистердің полициясы барлығы қаза тапқан қонақ үйді шабуылдады».<sup>48</sup> Іс жүзінде батыс зерттеушілері негізгі кінәні

кеңестік кеңесшілерге жүктеді. «Ауған полицейлері кеңестік кеңесшінің басшылығымен тұтқынға алынған елші болған бөлмеге қарама-қарсы тұрған шатырға жайғасып, бөлмеге бір дүркін атты. Ауған полицейлері мен сарбаздары нөмірді шабуылмен жаулап алды. Көптеген жарақат алған Даббс көп ұзамай қайтыс болды».<sup>49</sup> Даббс денесінде табылған 20 оқтың 9-ы 22 калибрлі қарудан шығарылды, лаңкестерде мұндай қару болған жоқ. «Даббстің өліміне кеңестік араласуға қатысты жақсы негізделген күдік бүгінгі күнге дейін жоққа шығарылмайды».<sup>50</sup>

Бүгінгі күні операция халькистік полицияның бастамасы болды ма немесе кеңестік кеңесшілер өз рөлін ойнады ма деген баға қаншалықты әділ екенін айту қиын. Кез келген жағдайда америкалық елшінің қаза болуы Ауғанстанға АҚШ тарапынан көмек көрсетудің қалған бағдарламаларының жойылуына себеп болды. Сондай-ақ, Ауғанстандағы елшімен болған оқиға Ирандағы оқиғалармен қатар, нәтижесінде АҚШ-ты аймақтағы белсенді саясатқа көшу қажеттігіне итермелеген себептердің арасында болған шығар.

Дегенмен, әйтеуір біреу Даббсты ұстап тұрған қонақүйдегі нөмірді шабуылдау туралы шешім қабылдады. Қабылданған шешімнің бір салдары жаңа ауған билігінің АҚШ-пен қарым-қатынасының нашарлауы және соңғыларының Ауғанстандағы өз қатысуын тоқтатуы болды. Бұл мағынада операция КСРО мүдделеріне теориялық түрде жауап бере алды. Ауғанстанда американдықтардың қатысуы ауған элитасы үшін олармен формальды және формальды емес қарым-қатынас жасауға мүмкіндік берді. Бұл Кабулдағы биліктің сыртқы саяси бағдарды ауыстыру мүмкіндігімен байланысты Мәскеуді алаңдатты. Бұл мағынада елшінің өлімі КСРО-ға халькистердің бағытын күшейтуге және олардың американдықтармен байланысын үзуге ықпал етті. Сонымен қатар, оқиға үшін жауапкершілік сол кезде Сыртқы істер министрі болған Аминге жүктелді, себебі ол американдық өкілдерді істің мән-жайын тергеуге жіберуден бас тартты. Ақырында, 14 ақпан күні болған оқиғалар 9-11 ақпанда Ислам революциясы аясында болды. Бұл жалпы аймақтағы АҚШ позициясы бойынша тағы бір ауыр соққы болды.

Сонымен қатар халькисттер тарапынан қуғын-сүргіндер елде батыл қарсылық тудыра бастады. 1979 жылдың 15 наурызы Гератта 17-ші жаяу әскер дивизиясының көтерілісі болды. Сәуір айында Хазарджатта көтеріліс орын алды, содан кейін Бадгис және Фарьяб солтүстік-батыс провинциялары көтеріліс жасады, маусым айында көтеріліс Мейменені қамтыды. Бастапқыда толқулар парсы тілінде сөйлейтін провинцияларды қамтыды, пуштун аумақтары толқуларға аз әсер етті. Осыған байланысты Оливье Руа екі фактор бөледі. Бір жағынан, халькистер пуштундар болды, және бұл оларға пуштун халқының арасында қосымша заңдылық дәрежесін берді. Екінші жағынан, тайпалық аймақта исламшылдардың ықпалы басқа аудандарға қарағанда айтарлықтай аз болды, үкіметке тайпалармен қарым-қатынасты қолдау оңайырақ болды.<sup>51</sup> Сонымен қатар, халькистер азшылықтарға қарсы тайпаларды бағыттауға ұмтыла отырып, ауған әмірлерінің бұрынғы саясатын ұстануға тырысты.

Мысалы, кеңес шекарашы-генералы Юрий Нешумовтың кітабында КСРО МҚК Аминге пуштундардың күшімен Гор, Бамиан және Урузган провинцияларындағы хазарейлерге қарсы жазалау операциясын ұйымдастыруға жол бермеу үшін қысым көрсеткеніне мысал келтірілген. Еріктілерге қуғын-сүргінге ұшырағандардың мүлкі уәде етілді.<sup>52</sup> Тағы бір мысал, ауған үкіметінің 1979 жылдың сәуірінде уардак пуштун тайпасына Хазарджатқа жазалау экспедициясына қатысу туралы ұсынысымен байланысты.<sup>53</sup> Бұл хазарейлер мен кейіннен Нуристан деп аталған Кафиристанға қарсы жорықтарды ұйымдастырған кездегі, XIX ғасырдың соңында әмір Абдуррахман-хан дәуірінің тәжірибесін еске түсіреді. Бірақ әмірге қарағанда халькистерде кеңес кеңесшілері атынан елеулі шектеулер болды. КСРО үшін «Хальк» тарапынан ауқымды саяси қуғын-сүргіндер үлкен проблеманы тудырды. Егер «Хальк» XIX ғасырдың рухында шиит-хазарейлерге қарсы пуштун тайпаларының жазалаушы экспедицияларын да ұйымдастырса, онда бұл ел ішіндегі жағдайдың шиеленісуінен басқа сыртқы саясаттағы қиындықтарға әкелуі мүмкін еді. Әлбетте, Иран тарапынан өте теріс реакция болатын еді. Сондықтан КСРО үшін ауған билігінің әрекеттері үлкен қиындықтарды тудыра бастады.

Гераттағы наурыз көтерілісі Мәскеу алдында ерекше күрделі мәселе болды. Халькистер Кеңес әскерлерін Ауғанстанға енгізуге дейін көмек сұрап, КСРО-ға жүгінді. 17 наурызда КОКП ОК Саяси бюросының бірінші отырысы өтті. «Отырыста келіп түскен өтінішті дұрыс қарау мүмкіндігі туралы пікір айтылады. Осыған байланысты Қорғаныс министрі Д. Ф. Устиновқа Ауғанстанның аумағына ерекше команда бойынша кіру үшін қажетті әскери бөлімдерді алдын ала бөліп, дайындау ұсынылады».<sup>54</sup> 18 наурыз күні А. Косыгин мен Н.Тараки телефон арқылы сөйлесті. Әңгіме барысында соңғысы былай деп мәлімдеді: «Өз танктеріңізге және ұшақтарыңызға ауғандық белгілер қойюыңызды ұсынамын, осылай ешкім ештеңеге күдіктенбейді. Сіздің әскерлеріңіз Кушки мен Кабул жағынан жүре алар еді».<sup>55</sup> Осы әңгімеден кейін 18 наурызда Саяси бюроның жаңа отырысы өтті.

Әскерлерді енгізуге қарсы МҚК төрағасы Юрий Андропов, Сыртқы істер министрі Анатолий Громыко және Саяси бюроның бірқатар мүшелері сөз сөйледі. Қорытынды сөзінде отырысқа төрағалық етуші Андрей Кириленко: «Біз әскерді енгізуге ешқандай негіз жоқ деген көзқарасты ұстанамыз», – деді.<sup>56</sup> Келесі күні, 19 наурызда, отырысқа Бас хатшы Леонид Брежнев қатысты. Ол жалпы пікірді қолдады: «Менің ойымша, Саяси бюро мүшелері біздің қазіргі уақытта осы соғысқа қатысуымызға ешқандай себеп жоқ деп дұрыс анықтады».<sup>57</sup> Сонымен қатар, ауған мәселесі бойынша ұзақ пікірталастар барысында әскерлерді енгізудің теориялық мүмкіндігі талқыланып, тиісті өкімдер берілді. Саяси бюро мүшелерінің барлығы әскерлерді енгізуге қарсы шыққан болса да, олар осы елді бақылауды сақтау қажет деген қорытындыға келді. «Наурыз айы кеңес басшылығының Кабул режимі танымалдығының төмендеуі туралы нақты түсінумен және Ауғанстандағы жалпы жағдайдың нашарлауының ішкі көздерімен қатар «Ауғанстанды бермеу» деген қатты нұсқамасын көрсетті».<sup>58</sup> Ауғанстан КСРО үшін әлі де маңызды геосаяси мәнге ие болды, Мәскеу оны жоғалтпау үшін барлығына дайын еді. Бұның мәні Ирандағы ислам революциясынан кейін тек күшейе түсті, ол аймақтағы күш конфигурациясын және ұлы державалар арасындағы қарым-қатынастардағы тепе-теңдікті өзгертті.



Ауғанстанның ықтимал жоғалуы КСРО-ны оның аса осал оңтүстік шекараларында тікелей өте ауыр жағдайға қоятын еді. Сонымен қатар, Кеңес Одағында теориялық тұрғыдан Ауғанстандағы орталық биліктің әлсіздігімен АҚШ-тың қолдану ықтималдығы қатты алаңдатты. Вашингтон Ауғанстанның саяси эмигранттары дәстүрлі түрде бағытталған Пәкістанда айтарлықтай әсер етті. 1979 жылдың көктемінде олардың саны айтарлықтай артты. Кеңес тұрғысынан американдықтар Ауғанстанда Ирандағы геосаяси ысыраптарын өтеуге тырысуы әбден мүмкін еді. Сонымен қатар, елші Даббстың қазаға ұшырауына байланысты ақпан оқиғасы және осыдан кейін Ауғанстанға америкалық көмек көрсету бағдарламаларынан бас тарту Мәскеудегілерге АҚШ белсенді іс-қимылға көшуі мүмкін деп пайымдауға негіз болды.

Өте әдеттегі кеңестік көзқарас келесі дәйексөзде көрсетілді. «Егер АҚШ Ауғанстанды өз ықпалы астына қойса, онда КСРО үшін дұшпандық режимді орнатса, олар Кеңес Одағы үшін аса маңызды және ұзақ мерзімді қауіп туғызуға мүмкіндік алар еді».<sup>59</sup> Мұндай қауіптер қырғи-қабақ соғыс жылдарында ұлы державалардың арасындағы қарама-қарсы тұру логикасына толық сәйкес келді. Алайда 1979 жылдың көктемінде американдықтар ауған мәселесі бойынша әлі белгілі бір позицияға ие болған жоқ. «1979 жылдың 3 шілдесінде Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі көмекші Збигнев Бжезинский АҚШ президенті Джими Картерді заңсыз қаражатпен, 500 мың доллар көлеміндегі ауған босқындарына көмек көрсету бағдарламасын бастауға сендірді. Кеңес Одағын арандатпау үшін көмек пакеті дәрі-дәрмектермен, байланыс құралдарымен және насихаттық материалдармен шектелді. Бұл бағдарлама 1980 жылдарға миллиардтаған долларға дейін өсті».<sup>60</sup> 1979 жылдың ортасында АҚШ бұдан көбіне әлі дайын емес еді. Себебі, Мәскеу мен Вашингтон арасындағы аймақтағы ресми тепе-теңдік әлі бұзылған жоқ болатын. Ирандағы ислам төңкерісі осы елдегі америкалық әсердің тоқтауына алып келді, бірақ ол Тегеран КСРО-ның ықпал ету саласына түскенін де білдірмеді. Өңірде ұлы державалардың арасындағы ашық конфронтацияға себеп болған жоқ. Дегенмен, американдық «қаршығалар» АҚШ-тың бұрынғы Вьетнамда малтығып

қалғаны сияқты КСРО-ның да Ауғанстанда малтығуын қалар еді.<sup>61</sup>

Сонымен қатар, Гераттағы, содан кейін Жалалабаттағы, Ауғанстанның басқа аудандарындағы көтерілістер кеңес басшылығын осы елдегі істің жағдайы үшін қатты алаңдатты. Іс жүзінде елде азаматтық соғыс басталды, өте белсенді жауынгерлік әрекеттер жүргізілді. Орталық билік кейбір алыс таулы аудандарды, атап айтқанда, Нуристанда және Хазарджатта бақылауды жоғалтты. Әскер саны да шығынға ұшырады. «1979 жылдың бірінші жарты жылдығында (әскери қарсы барлау мәліметтері бойынша) 6 батальон жоғалды (бір бөлігі қирады, бір бөлігі бүлікшілерге қосылды), 3,5 мыңнан астам әскери қызметші тұтқынға түсті немесе жауға қосылды, оның ішінде 200-ге жуық офицер кетті. Осы уақыт ішінде бүлікшілердің қолына 8 танк, 30 БТР және БРДМ, екі жүзден астам пулеметтер, 2000-ға жуық автоматтар түскен».<sup>62</sup> 1979 жылғы көктемге қарай қуғын-сүргін, қашу және қызметтен босатылуына байланысты «елдің әскери-әуе күштеріндегі екі мың адамнан тұрған ұшқыштар құрамынан 500 ғана қалды».<sup>63</sup> Осындай қиын жағдайда халькистердің билікті ұстап қалмау ықтималдығы КСРО үшін басты мәселе болды. Сол уақытта КСРО-да ауған коммунистерінің ішкі саясатына ықпал ету мүмкіндігі болған жоқ, тек оларды қолдау ғана қалды. Осы жерден Ауғанстанға әскери және материалдық көмектің қосымша көлемін жіберу туралы шешім қабылданды.

Кеңес әскерлерін Ауғанстанға жіберуден жүйелі түрде бас тартуына қарамастан, 5 шілде күні полковник Бояринов бастаған «Зенит» МҚК арнайы тобы Кабулға ұшып келеді. 7 шілде күні Бағрам әуеайлағын күзету үшін Ферғанадан ауғандық формаға киінген әуе-десант батальоны келеді.<sup>64</sup> Мамыр айында Орта Азия әскери округінде Орта Азияда туған әскери қызметшілерден тұратын 154-ші арнайы жасақтың құрылысы басталды. Кейіннен ол «мұсылман батальоны» деп аталды. Бір жағынан, бұл шаралардың барлығы халькистерге КСРО-да көмек көрсету туралы олардың сұрауларына түсіністікпен қарайтынын көрсетуі тиіс еді. Естеріңізге сала кетейік, Тараки наурыз айында кеңестік өзбек, тәжік және түрікмендерді ауған формасына киіндіруді ұсынған болатын. Екінші жағынан,

Ауғанстанның ішінде кеңестік арнайы бөлімшелерінің болуы осы елдегі жағдайға ықпал ету бойынша Мәскеудің мүмкіндігін едәуір кеңейтер еді. Содан кейін бұл мүмкіндіктер 1979 жылғы желтоқсан оқиғасында көрсетілді. Әрине, ауған астанасында арнайы күштердің болуы Кеңес басшылығында осындай қажеттілік туындаған жағдайда оны қолдану туралы қызығушылығы болмады деп айтуға келмейді.

Сонымен қатар, Ауғанстандағы жағдай тым тұрақсыз болып бара жатты. 5 тамызда Кабулдағы Бала-Хисар бекінісіндегі ауған арнайы жасақ күштерінің бүліктері орын алды. 6 тамызда Кунар провинциясында оппозиция жағына 9-шы тау-кен ату дивизиясының 2 мың әскери қызметшісі өтеді. 11 тамызда Пактия провинциясында 12-ші жаяу әскер дивизиясы жеке құрамының бір бөлігі әскерден қашады.<sup>65</sup> Соңғы жағдай халькистерді өте қиын жағдайға қойды. Пактиядағы көтеріліс бірте-бірте аудандардан, азшылық ұлттар – тәжіктер, хазарейлер, аймақтар, нуристандықтар, «Хальк» офицерлері шыққан пуштун тайпалық аумақтарға тарайтынын көрсетті. Осыған байланысты Пактия провинциясындағы көтеріліс халькистерге өте маңызды жаумен – пуштун тайпаларының ұйымдасқан жасағымен қарсыласуға тура келетінін білдірді. Қыркүйек айында тайпалардың тарихи аймағындағы бірқатар провинцияларда – Заболь, Газни, Кунарда көтеріліс басталды.<sup>66</sup> Халькистер үшін бұл өте қауіпті белгі болды. Олардың билігі тіпті туысқан халық арасында да тірегін жоғалта бастады.

Билік тайпалық аймақтағы көтерілістерге өте байыпты қарады. Тарихи тұрғыдан алғанда Кабулдағы орталығы бар кез-келген ауған мемлекеті үшін тайпалармен қарым-қатынас әрқашан ерекше маңызға ие болды. Қарулы тайпалар орталық биліктің мүдделеріне жиі қауіп төндірді. Оливье Руаның көзқарасы бойынша, «тайпалардың мықтылығы туралы аңыздың тамырлану деңгейі өте жоғары болған, тіпті Амин қыркүйек айынан қазан айына дейін созылған Пактиядағы толық ауқымды әскери операцияны жүргізуге шешім қабылдады. Ол қираумен аяқталып, Гардезден Хостқа дейінгі жол жүздеген жанып кеткен көліктер мен бронетехникамен толтырылды. Бұл жеңіліс қыркүйектегі Аминнің Таракиді биліктен тайдыруымен қатар Кеңес Одағының мемлекет

аумағына әскер енгізу туралы шешімді қабылдаудағы маңызды факторлардың бірі болды».<sup>67</sup> Пактиядағы ауған әскерінің сәтсіздігі пуштун тайпаларына мемлекеттің әлсіздігін көрсетті. Мұның алысқа апарар салдары болды. Адал емес тайпалар мемлекетке деген қысымын күшейтті. Сонымен қатар, билікке адал болып қалған адамдар үкіметтің күш-жігерін қолдау үшін көбірек қаражат талап етті, бұл мемлекет үшін үлкен қаржылық жүктеме құрды.

1979 жылдың күзіндегі ауған әскерінің қызметтен қашушылығы, бүліктері және жеңілістері халькистердің билік негіздерінің қирауына әкелді. Дәуіттің 1950-1960 жылдардағы еңбегінің нәтижесінде күшті әскер Ауғанстандағы орталықтандырылған мемлекеттің басты институты болды. Ол жалпы үстемдік етуді, сонымен қатар, пуштун тайпаларына да үстемдік етуді қамтамасыз етті. Ел аумағының басым бөлігінде көптеген жергілікті қауым өкілдеріне қарсы соғыс жүргізу қажеттілігі әскер рөлінің әлсіреуіне алып келді. Жалпы, ол тәртіп орнатуға қабілетті емес еді. Бұл үдерісті Кеңес Одағында мазасыздықпен бақылап отырды.

*Амин төңкерісі:*

*Ауғанстандағы кеңес саясатының дағдарысы*

Әрине, КСРО қалыптасқан қиын жағдайдан шығуға тырысты. Нәтижесінде Мәскеуде АХДП-дағы партияаралық күреске араласу туралы шешім қабылданды. Күрес 1979 жылдың көктемінен бастап халькистердің екі басшысы – Тараки мен Амин арасында, сондай-ақ олардың жақтастары арасында жүргізілді. Олардың арасындағы мүдделер қақтығысы, ең алдымен, партия мен елдегі жеке билікті жүзеге асыру мәселесімен байланысты болды. Әрбір тарап үстемдікке ұмтылды. Белгілі бір дәрежеде бұл қоғам ұйымының шығыс жүйесінің көрінісі болды. Сонымен қатар, «Хальктің» екі көшбасшысы да оңтүстік-шығыс провинциясынан шығып, пуштунның гильзайлар тайпасына тиесілі болды. Олар алдымен бірігіп, бәсекелестері – дуррани тайпасын жеңіп, Дәуітті биліктен тайдырды. Содан кейін, негізінен кабулилерден –

Кабул қаласының тұрғындарынан құралған парчамистерді жеңді, олардың ішінде көптеген даритілді пуштундар болды. Одан кейін исламшылдармен, сондай-ақ азшылық ұлттардың өкілдерімен күрес жүргізді. Тайпалық пуштундардан шыққан адамдарға тән үстемдік пен қатаңдық үшін күрес логикасы алдымен Тараки мен Аминді өзара сенімсіздікке, содан кейін жеке-дара үстемдік үшін партияшілік күреске алып келді. «1979 жылдың шілдесінде Амин Таракиды үкіметтің қателіктері үшін айыптады. Тамыз айында Тараки Аминді өз туыстарын қызмет бабында қамқорлыққа алды деп айыптады».<sup>68</sup> Екі көшбасшының арасындағы қарым-қатынас айтарлықтай шиеленісті.

КСРО-да Тараки Мәскеудің мүддесі үшін ыңғайлы тұлға болып табылады деп шешті. Аминге қарсы, біріншіден, оның АҚШ-та алған білімі болды. Екіншіден, ауқымды қуғын-сүргін барысында көрнекі түрде көрсетілген оның тым қатты қатаңдығы. Ол Кеңес басшыларына Сталиннің заманы туралы еске салды. Сонымен қатар, қуғын-сүргін тиімді емес болды. Олар көптеген аудандарды қамтыған кедергінің өсуіне ғана әкелді. Үшіншіден, оның дербестігі, Мәскеудің кеңесін алғысы келмегендігі.

Сонымен қатар, Тараки неғұрлым қолайлы кандидатура көрінді. Бір жағынан, ол зияткер болды. Екінші жағынан, Аминге қарағанда жұмсақ саясаткер болды. Тиісінше, АХДП ішкі саясатына түзетулер енгізу үміті болды. Сонымен қатар, ол орыс тілінде сөйледі. Мәскеуде Ауғанстандағы басты проблемалар ауған коммунистерінің жалпы біліксіздігімен, олардың мемлекетті басқаруға дайын еместігімен байланысты деген ойға көбірек келді. Осы жерден қалыптасқан ауған тығырығынан шығудың жалғыз жолы елді басқаруға кеңестік қатысу дәрежесін арттыру болып табылады деген қорытынды жасауға болады. Демек, КСРО-дағы халькистердің екі көшбасшыларынан нәтижесінде сыртқы әсерге бейімдісін таңдау керек болды.

1979 жылдың 1 қыркүйегінде КСРО МҚК төрағасы Андропов және оның орынбасары Крючков Саяси бюроға меморандум ұсынды. Онда Амин биліктен шеттетілуі тиіс, ал Таракиді парчамистердің қатысуымен коалиция құру қажеттілігі

туралы сендіру керек деп тұжырымдалды.<sup>69</sup> КСРО-да Аминге қарсы Таракиді ғана қолдауды дұрыс емес деп қабылдады. Бұл жағдайда Тараки елде жеке билік алар еді. Әрине, мұндай нұсқа Ауғанстанға қатысты кеңес саясатының басты міндетін – ауған коммунистерінің іс-қимылдарын неғұрлым жоғары дәрежеде басқаруды шешуге ықпал етпеді. Хасан Какардың пікірінше, КСРО-да «Аминді шетелге елші етіп жіберу және екі фракция өкілдерінен («Хальк» және «Парчам»). – Авт.ескерт.)» жаңа үкіметті құру үшін негіз дайындау жоспарланған.<sup>70</sup> Мәскеуде халькистерді парчамистермен татуласуға мәжбүрлеуге және осылайша олардың арасындағы қайшылықтарды пайдалануға мүмкіндік алуға ұмтылды.

Тараки 1979 жылдың 10 қыркүйегінде Кубадан Мәскеу арқылы Ауғанстанға оралды. Мұнда ол Жоғары кеңес басшылығымен бірқатар кездесулер өткізді. Жеке кездесу кезінде КОКП ОК Бас хатшысы Брежнев Таракиге Мәскеудің пікірінше, Амин өз қолында шексіз билікті шоғырландырғанын және бұл ауған революциясы үшін және жеке Таракидің өзіне қауіп төндіретінін хабарлады.<sup>71</sup> Мәскеуде Тараки, сондай-ақ, партия бірлігін қалпына келтіру туралы мәселені талқылау үшін қуғынға ұшыраған Кармальмен кездесті.<sup>72</sup> Кеңес басшылығында Тараки Аминді жеңе алады деп ойлауға барлық негіздер болды. Біріншіден, ол мемлекет басшысының рөлін атқарды. Екіншіден, оның жақтаушылары арасында қауіпсіздік қызметі мен ішкі істер министрлігінің басшылары болды. Үшіншіден, КСРО оған қолдау білдірді. Сонымен қатар, Тараки Мәскеудегі келіссөздерден кейін бірінші болып әрекет жасауы керек еді, бұл оған Аминнен стратегиялық артықшылық берер еді.

Алайда, барлығы жоспар бойынша жүзеге аспады. Мәскеудегі Таракидің кездесулері Аминнің байқауынсыз қалмады. Атап айтқанда, ауған делегациясының құрамында оның сенімді адамдары болды.<sup>73</sup> Демек, күтпеген әсер бірден жоғалды. Тараки 11 қыркүйекте Кабулға оралып, сол сәтте бас штабтың бастығы Якуб әуеайлақтың күзетін Аминнің сенімді адамдарына ауыстырды.<sup>74</sup> Нәтижесінде тұйық жағдай пайда болды. Тараки Аминді тұтқынға ала алмады, өз кезегінде, соңғысы Таракиге қарсы төңкеріске баруға дайын емес еді.

Қарсы күресуші тараптардың әрқайсысы қауіпсіздік, армия және милиция күштерінде өздерінің қарулы қолдау топтарына ие болған жағдайда, ашық жанжал нәтижесі тым болжалсыз болар еді. Сонымен қатар, Аминді КСРО-ның Таракиді айқын қолдауы алаңдатпауы мүмкін емес еді.

Кеңес Одағында делдалдық күш қолдану туралы шешім қабылдады. 12 қыркүйекте Мәскеуден Ауғанстандағы кеңес елшісі Пузанов, әскери кеңесшілер тобының жетекшісі Павловский және МҚК өкілі Иванов Тараки мен Аминді сыртқы татуластырумен аяқталған кездесу өткізуге мәжбүр етті. Алайда, 13 қыркүйек күні Амин Таракиден оған жақын төрт министр – ішкі істер министрі Ватаджар, байланыс министрі Гулябзой, қауіпсіздік министрі Сарвари және шекара істері министрі Маздурьярды босатуды талап етті. Аталған министрлер сол күні кеңес елшілігіне келіп, Амин сөз байласуды жоспарлайтынын және ол ОББ агенті болып табылатынын мәлімдеген. 14 қыркүйекте елші Пузанов үш кеңес генералымен бірге Таракиге келді. Тараки Пузановтың талабы бойынша Аминге қоңырау шалып, оны кездесуге шақырды. Амин ғимаратқа кірген кезде атыс басталып, Таракидің адъютанты подполковник Сайид Дәуіт Тарун қаза тапты. Атыстан аман қалған Амин 7-ші және 8-ші жаяу әскер дивизияларына, 4-ші және 15-ші танк бригадаларына қалада позиция алып, Таракидың резиденциясын қоршауға бұйрық берді. Радио арқылы Бас хатшының отставкаға кетуі туралы хабарлады. Сол күні Тараки тұтқындалды.<sup>75</sup> Амин билікті өз қолына алды.

Әрине, қабылдау барысында Таракидің Аминге қастандық жасау тарихы өте қызықты көрінеді. Біріншіден, егер КСРО-да Аминді өлтіру жөніндегі жоспар құрылған болса, онда оны орындау неғұрлым тиімді болар еді, және Амин, ең алдымен, өлтірілетін болар еді. Екіншіден, қарқынды атыстың нәтижесінде жалғыз қайтыс болған Таракидің адъютанты Тарун болды. Бір мезгілде ол ауған коммунистерінің көшбасшысының тұсында Аминнің сенімді тұлғасы болды. Үшіншіден, Тараки кабинетінде атыс кезінде кеңес өкілдерінің болуы олардың қауіпсіздік кепілдіктерімен қатар, КСРО-ны ақталушы тараптың жағдайына қою үшін өте ыңғайлы болды.

Төртіншіден, қастандық Таракидің ығысуына тамаша себеп берді, ол Аминге әскерге жүгінуге мүмкіндік берді. Әскердің пуштундық бөлігі қонақжайлылық заңының бұзылғандығына және қонақты өлтіруге деген әрекетке қатысты түсіністікпен қарар еді. «Елшіліктегі (КСРО елшілігіндегі – Авт.ескерт.) кеңесшілер, шамасы, қастандықты Амин өзі жасады деген қорытындыға келді. Мұндай болжамның пайдасына кейбір фактілер айтылды. Неліктен Тараки қастандықты өз үйінде ұйымдастырды, бұған басқа да жерлер бар емес пе? Таракиге күдік ешқандай жағдайда түспес еді, ол қастандық жасауды басқа біреуге тапсыруы мүмкін еді. Қастандық жасаушылар Аминге тимей, тек Тарунды өлтіргені қалай болды? Баспалдақпен екеуі де көтеріліп келе жатыр еді ғой».<sup>76</sup> 1979 жылы Ауғанстандағы КСРО Қорғаныс министрлігінің жедел тобы бастығының орынбасары, генерал Виктор Меримский былай деп жазды: «Біз Аминге қастандық жасау фактісін бірнеше рет талқыладық және қастандық Аминнің өзімен ұйымдастырылғаны туралы қорытындыға келдік... Біреуді өлтіріп не керек? Басшылықтың құлауына себеп беру үшін қастандық жасау әрекетін боямалау жеткілікті болар еді. Мүмкін, подполковник Тарун көп білген шығар. Мүмкін, ол осы қастандық көрінісінің ұйымдастырушысы болған шығар, ал саяси ойындарда көп білетін куәгерлер қажет емес».<sup>77</sup>

Ақыр соңында, егер КСРО-да Таракидің резиденциясындағы Аминді өлтіруді жоспарласа, онда бұл туралы Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін белгілі болар еді. Себебі оқиғалардың көптеген қатысушылары болған оқиғалардың барлық бөлшектерінің сипаттамасын қалдырды. Атап айтқанда, 1979 жылдың жазынан бастап Кабулда болған «Зенит» МҚК арнайы топ өкілдерінің бірі Курилов елшілікті қорғауды формальды түрде қамтамасыз ете отырып, қыркүйек оқиғалары туралы өз айғақтарын қалдырды. «Мәскеуден шифрлеу келді. «Зенит» арнайы мақсаттағы жасағының күшімен Аминді ұрлау және оны КСРО аумағына жеткізу бойынша іс-шара өткізу ұсынылды. Егер ұрлау іске аспаған жағдайда, Аминді өлтіру керек. Операцияны ойластырып, бұйрықты күту ұсынылды».<sup>78</sup> 15 қыркүйекте отряд жауынгерлік дайындыққа келтірілді, бірақ бұйрық берілмеді. Әлбетте, бұл Таракидің осы кезде



тұтқындалғанына байланысты болды. Жаңа жағдайда операция сәтсіз аяқталуы мүмкін еді.

15 қыркүйекте Мәскеуде Саяси бюро отырысы өтіп, қалыптасқан жағдайға баға берілді және шешім қабылданды – «Аминмен және ол басқаратын басшылықпен, оның тұлғасы мен ниеттері түпкілікті анықталмайынша іс жүргізуден бас тартпауға тиістіміз».<sup>79</sup> Шын мәнінде, Мәскеудің басқа таңдауы болмады. Аминді шеттетудің жоспары құлап кетті, Мәскеудің қолшоқпары Тараки жеңіліске ұшырады және қамауға алынды. Алайда Ауғанстан КСРО үшін әлі де стратегиялық мәнге ие болды. Сонымен қатар, Ауғанстан кеңес көмегіне тәуелді болды. Бұл ынтымақтастықты жалғастыруға мүмкіндік берді. Мәскеу бұл жағдайда қолынан келетін жалғыз іс-әрекет: Ауғанстаннан қуғынға ұшыраған министрлерді – Ватаджар, Сарвари және Гулябзойды алып шығу болды.

8 қазан күні, кешке, Таракиді Амнинің жеке гвардиясының офицерлері өлтірді. Бұл кеңес басшылығына ауыр әсер қалдырды, себебі бір ай бұрын онымен ең жоғары деңгейде құпия әңгімелесулер өткізген болатын. Сонымен қатар, Амнинің билік үшін күресте КСРО-ны жеңгені және оларды өз ережесі бойынша ойнауға мәжбүр қылғаны Мәскеуді қатты алаңдатқаны түсінікті. Бұл тұрғыда ең бастысы, Мәскеудің ауған басшылығының саясатына ықпал ету мүмкіндігін жоғалтқандығы болып табылады. Ол тиімсіз және басқарылмайтын режимді қолдауы тиіс еді. Яғни, Кеңес Одағының халықаралық аренадағы мүдделері кеңес басшылығы сенім білдірмеген саясаткерге тәуелді болды. «Ауғанстан Кеңес Одағының өңірдегі дәстүрлі достық мемлекеттен шиеленістің қауіпті ошағы мен тұрақты тұрақсыздық көзіне айналды».<sup>80</sup> КСРО ұлы державасының басшылығы үшін бұл өте кемсітушілік жағдай болды, ол сондай-ақ қысқа мерзімді перспективада Ауғанстанның ішінде де, оның айналасында да маңызды проблемалар туғызуға қауіп төндірді.

КСРО-да Ауғанстандағы жағдайды бағалауда МҚК мен армия арасында бәсекелестік орын алған. Әскер өкілдері Амин мен халькистерге жақын болды. Өз кезегінде, МҚК парчамистерді қолдады. Атап айтқанда, Амнинің ығысуы жөніндегі стратегияны МҚК басшылары Андропов пен Крючков ұсынған

болатын. Аминді оқшаулауда шешуші рөл атқаруы тиіс болған «Зенит» тобы да Кеңес Одағының арнайы қызметтеріне қатысты болды.

Осыған байланысты генерал-шекарашы Юрий Нешумов, өз кітабында келтірген әскерилермен орын алған қарама-қайшылықтар туралы мысалдар өте маңызды. Ведомстволық бағыныстылығы бойынша ол МҚК-ға қатысты болды. Таракидың Мәскеуге сапары қарсаңында, 10 қыркүйек күні Кеңес елшісі Пузановтың жиналысында Мәскеуге жеделхат жіберу туралы шешім қабылданды, онда Аминнің билікті басып алуға дайындығы туралы сенімді ақпараттың болуы туралы және қарсы әрекет ету шаралары ұсынылды. Алайда Қорғаныс министрлігінің өкілі генерал Павловский бұл жеделхатқа қол қоюдан бас тартты. Ол Мәскеуге басқа жеделхат жіберді, онда Аминнің қастандық жасау туралы қауесетке сенбеуді ұсынды, оны өзінің досы және мықты тұлға деп атады.<sup>81</sup>

КСРО ыдырағаннан кейін де бұрынғы қайшылықтар мен пікірталастардың өзектілігі сақталғаны қызықты жағдай болып табылады. Мысалы, генерал Махмуд Гареев 1990 жылдары «АХДП-да Тараки мен Амин кезінде, мемлекеттік аппаратта «халькистер» басым болды», деп жазған. «Олар халықтың еңбек қабатына жақын болды және әскердің офицерлік құрамы арасында, әсіресе орта және төменгі буында көпшілікті құрады. Б. Кармалдың билікке келуімен «парчамистер» үстемдік жағдайда болды. Көптеген адамдар үшін, оның ішінде мен үшін де, МҚК талабы бойынша жасалған мұндай өзгеріс күтілмеген еді».<sup>82</sup> Тағы бір генерал Виктор Меримский былай деп жазды: «Біздің МҚК ертеден бері оларды либералды деп, солшыл ойлары жоқ деп, келісімге келуге қабілетті деп санай отырып, парчамистермен қарым-қатынасты қолдаған. Олардың ұсыныстарын басшылыққа ала отырып, КОКП ОК Саяси бюросы қайта бағдарлап, парчамистер мен олардың көшбасшысы Б. Кармальға баса назар аударды. Халькистер қоғамдағы барлық негізгі ұстанымдарды атқарды. Мемлекетті басқаруда белгілі бір тәжірибе жинақтап, халыққа жақын болды. «Өткелдегі жылқыны ауыстырмайды» деген жақсы сөз бар. Ал біз ауыстырдық».<sup>83</sup> Кеңестік әскерилердің мұндай позициясы толықтай ойға қонымды.

Олар басым бөлігі КСРО әскери училищелерінде оқыған ауған офицерлерімен жұмыс істеді. Тиісінше, оларда корпоративтік ынтымақтастықтың дәрежесі жоғары болды. Сонымен қатар, халькист офицерлері, көбінесе ауылдық жерлерден шыққан адамдар болды, көпшілігі қаладан шыққан парчамистерге қарағанда, олар әскери міндеттерді шешу үшін икемді болды. Сондай-ақ, парчамистер негізінен даритілді пуштундар мен тәжіктер болды, бұл олардың негізгі жауынгерлік іс-қимылдар орын алған оңтүстік-шығыс Ауғанстанның пуштун аудандарындағы іс-қимылдарын қиындатты.

Сонымен қатар, МҚК жағдайға Қорғаныс министрлігінің өкілдеріне қарағанда біршама кең қарады. Олар жағдайды тек әскери ғана емес, кең ауқымды міндеттер шеңберінен бағалауға тиіс еді. Сонымен қатар, МҚК-да дари, сондай-ақ осы тілге қатысты тәжік және парсылді адамдар көп болды. КСРО арнайы қызметтері дәстүрлі түрде Ауғанстанның солтүстігінде және елдің саяси орталығы Кабулда жұмыс істеді. Әрине, оларда халькистерге қарағанда парчамистермен тығыз байланыс болды. Амин АҚШ-та оқыған, сонымен қатар орыс тілінде сөйлеген жоқ. Қырғи-қабақ соғыс жағдайында бұл сенімсіздік үшін елеулі себеп болды.

Жалпы, 1979 жылдың қыркүйек-қазан оқиғаларынан кейін Мәскеудегі Аминге деген сенімсіздік қатты өсті. Оның үстіне Амин өз тарапынан АҚШ-пен қарым-қатынас орнатуға әрекет ете бастады. 17 қыркүйекте ол АҚШ-тың Уақытша сенімді өкілі Брюс Амстютцті қабылдады. БҰҰ Бас Ассамблеясы сессиясының кулуарларында Сыртқы істер министрі Шах Уали Мемлекеттік хатшының орынбасары Эрик Джеймс Ньюспен кездесу өткізді. Қазан айының басында Кабулға АҚШ-тың Делидегі миссия басшысының орынбасары Арчер Блад келді.<sup>84</sup> Заманауи американдық бағалау бойынша «Аминнің Кеңес Одағына тәуелділік деңгейін төмендету әрекеті сәтсіз болды. Ауғандық деспотқа деген сенімсіздік және оның ауғандықтар арасында өсіп келе жатқан наразылығы шетелде жаңа патрондарды табу әрекеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді».<sup>85</sup> Бірақ КСРО-да бұл туралы білмеген.

Мәскеуде Амин сыртқы күштермен, Кеңес Одағы мүдделеріне дұшпандық мемлекеттермен байланыс орната

алады деп күдіктенген. «КОКП ОК Саяси бюро мен Кеңес үкіметі Ауғанстандағы контрреволюцияның жеңісін немесе Аминнің батысқа саяси бағдарлануын болдырмау үшін барлық мүмкіндіктерді жасауға тырысты».<sup>86</sup> Атап айтқанда, Мәскеу өзінің Ауғанстандағы елшісі Пузановты кері шақырып алды, оны Амин Таракидың резиденциясындағы оқиғаға, Тарунның өліміне кінәлі деп санады. Оның орнына елші болып Фикрят Табеев тағайындалды. Сонымен қатар, діни бірегейлігі мұсылман және этникалық татардың, жоғары лауазымды партия функционерінің елші болып тағайындалуы Аминді тыныштандыруға, онымен қарым-қатынасты реттеуге талпыныс болды. 28 қарашада Ауғанстанға Ішкі істер министрінің орынбасары В. Папутин жіберілді. Ол ауғандық билік өкілдерімен, Аминнің өзімен бірқатар кездесулер өткізді.<sup>87</sup> 30 қарашада КОКП ОК Саяси бюросы Ауғанстан бойынша Қаулы қабылдайды. Ондағы мәлімдеде: «Аминмен іс жүргізгенде, оның билікқұмарлығын, ерекше қатыгез және залым қайраткер екенін ескеруіміз қажет. АХДП-ның ұйымдық әлсіздігі және оның мүшелерінің идеялық бейхабарлығы жағдайында Амин жеке билігін сақтау үшін тәртіптің саяси бағдарын өзгертуге бара алады деген қауіпті жоққа шығармау керек», деп айтылған.<sup>88</sup> Бір уақытта, «Ауғанстанның халықтық-демократиялық партиясында және Ауған армиясында елдегі қалыптасқан жағдайға елеулі алаңдаушылық білдіретін сау күштер сақталғандығы аталды. Алайда, бұл күштер бытыраңқы және іс жүзінде заңсыз жағдайда болды».<sup>89</sup> Жағдайдың мұндай мән алуы Аминді «дені сау күштерге» алмастырудан басқа, оқиғаларды дамытудың басқа нұсқаларын қалдырмады. Бұған басты себеп, кеңес мүдделеріне тікелей қауіп төндірген Аминнің Ауғанстанның сыртқы саяси бағдарын ауыстыру қаупі болды.

Сол уақытта Амин Мәскеуге әскери көмек туралы жаңа өтініштерді бірінен соң бірін жіберіп отырды. Ол маневр жасауға, қалыптасқан қиын жағдайдан шығу жолын табуға тырысты. Атап айтқанда, желтоқсан айының басында Амин Пәкістан Президенті Зия уль-хакпен байланысты іздеді, 22 желтоқсанда Кабулға Пәкістан Сыртқы істер министрі Ага Шахи ұшып келуі тиіс еді, қар салдарынан ұшып келмеді. 31 желтоқсанға жаңа

кездесу тағайындалды.<sup>90</sup> Бұл ретте Амин кеңестік қолдаудан бас тарта алмады, өйткені режимнің әлсіреуі ол үшін тым ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін еді.

Қараша айының соңына қарай бұл қолдау белгілі бір кейіп ала бастады. 29 қарашада Бағрам әуеайлағында әуедесанттық әскерлер күшейтілді. 4 желтоқсанда Амин күзетіне 500 адамнан жасақталған батальон жіберілді. 6 желтоқсанда Бағрамда жалпы саны 2,5 мың адам болатын үш батальон орналастырылды. 8 және 10 желтоқсанда олардың күш-жігері тағы 600 адамға есейді. 9-12 желтоқсан аралығында Бояринов басқарған арнайы топ және «мұсылман батальоны» жіберілді. 8 желтоқсанға қараған түні Бағрамға 105-ші әуе-десанттық дивизияның полкі жіберілді.<sup>91</sup> Осылайша, Мәскеу Ауғанстан ішінде әсерлі әскери топ құрды және, тиісінше, оперативтік араласуға мүмкіндік алды.

10 желтоқсанда Қорғаныс министрі Дмитрий Устинов министрлік алқасын өткізеді, онда «таяу күндері КОКП ОК Саяси бюросының әскерлерді АДР-да қолдану туралы шешімі күтілуде және осыған байланысты КСРО ҚМ Бас штабының бастығы жаңа жалпы әскери армияны қалыптастыруға кірісуге тиіс. Алайда, Бас штабтың басшылығы өз министрін осындай әрекеттердің орынсыздығына сендіруге тырысады».<sup>92</sup> Басып кіру туралы саяси шешім 12 желтоқсанда Бас хатшы Леонид Брежнев, Сыртқы істер министрі Андрей Громыко, Қорғаныс министрі Дмитрий Устинов, КОКП ОК идеология жөніндегі хатшысы Суслов, МҚК төрағасы Юрий Андропов кірген Саяси бюро мүшелерінің тар шеңберімен қабылданды.<sup>93</sup> Ауғанстан тарихы үшін кеңес басшылығының бұл шешімі қатерлі нәтижеге алып келді. Алайда, КСРО тарихы үшін де бұл шешімнің салдары өте қайғылы болды. Ауғанстанға Кеңес Одағы жасаған экспедиция, оның құлдырау себептерінің бірі болған соңғы ірі іс-әрекет болды.

## 11-тарау.

### Кеңес Одағының басып кіруі: Кармальдан Наджибуллаға дейін

#### *Кеңес басшылығы үшін ауған дилеммасы*

Кеңес Одағы үшін Ауғанстанға басып кіру туралы мәселе оқиғаның жағымсыз дамуымен байланысты болғаны анық, Мәскеудің 1979 жылдың бірінші жартысында әскерлерді енгізуден бас тартқаны кездейсоқ емес. Сонымен қатар, жоғары кеңес басшылығы әскерлерді енгізу идеясында ерекше үлкен проблеманы көрмеді. Біріншіден, сол кезде КСРО бірінші дәрежелі әскери держава болды және социалистік елдердің әскери блогын басқарды. Олардың жиынтық қуаты қырғи-қабақ соғыс барысында Батыс елдерінің блогына қарсы тұру үшін жеткілікті болды. Сондықтан артта қалған Ауғанстанда операция жүргізу осындай әскери машина үшін үлкен проблема болмауы тиіс еді. Бұл ақпаратты жанама түрде басып кіруге арналған әскерлердің Түркістан әскери округінің кадрленген дивизиялары<sup>2</sup> базасында құрылғандығы және негізінен жергілікті резервшілермен жасақталғандығы туралы түрткіжайт растайды.<sup>1</sup>

<sup>2</sup> Кеңес әскерінде кадрленген дивизиялар әскери техниканы сақтайтын базалар болды деп айтуға болады, олардың жанында тиісті командалық және техникалық құрам болған. Соғыс жағдайында мұндай дивизиялардың құрамы жергілікті халық арасындағы резервтегі қызметшілермен толықтырылатын. Бұл КСРО-ға әскерді қысқа мерзімде жұмылдыруға мүмкіндік берді. Сонымен қатар, мұндай жүйені қамтамасыз ету үшін айтарлықтай қаражат қажет болды.

Екіншіден, КСРО-ның 1920-шы жылдары Орта Азияда жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу және осы өңірді одан әрі кеңестендіру бойынша тәжірибесі мол болды. Аймақ тыныштығын сақтау жөніндегі операцияларға жергілікті көтерілістердің бүкіл ұзақтығы мен мезгіл-мезгіл қатаңдығы кезінде біраз кеңес әскерлері қатысты. Үшіншіден, Мәскеу Аминді шеттеткеннен кейін оның АХДП ішіндегі саяси қарсыластары кеңестік қолдау арқылы елді бақылауды қалпына келтіре алады деп есептей алды. Бұл біртіндеп әскерлердің көп бөлігін шығарып, Кабулмен бұрынғы қарым-қатынас жүйесін орнатуға мүмкіндік берер еді.

Сондай-ақ, КСРО-ның әскер енгізуіне қатысты оңтайлы дәлелдер жиынтығы сыртқы саяси мәселенамамен байланысты болды. Біріншіден, Ауғанстанның ықтимал жоғалуы оңтүстік кеңес шекарасына КСРО-ның дұшпандық күштерінің шығу ықтималдығын білдірді. Бұл жерде мәселе тек Кеңес Одағының стратегиялық жағдайын нашарлататын, КСРО үшін кез келген жағдайдағы американдық қатысудың жағымсыздығында ғана емес еді. Мәселе исламшыл қозғалыстарда да болды, егер олар шекараға жақындаса, олардың ықпалы мұсылман халқы көп кеңестік Орта Азияға қауіпті болар еді. Екіншіден, жалғасып жатқан қырғи-қабақ соғыс жағдайында Ауғанстанның жоғалуы КСРО беделіне, әсіресе үшінші әлемдегі беделіне аса теріс әсер етуі мүмкін еді. КСРО осы сәтке Мысырда (1978-1979) және Сомалиде (1977) әсерін жоғалтты. 1975 жылы американдық режим құлаған Вьетнамдағы кеңес саясатының айқын табыстарынан кейін, Мысырдағы және Сомалидегі жеңіліс КСРО үшін жағымсыз тосын сый болды. Үшіншіден, 1979 жылы АҚШ-та пайда болған Ирандағы проблемалар жалпы алғанда оңтүстік стратегиялық бағытта кеңестік мүдделер үшін өте тиімді жағдай жасады. Алайда КСРО Ауғанстандағы өз позицияларын жоғалтқан жағдайда бұл артықшылық жоғалуы мүмкін еді. Сонымен қатар, мұндай перспектива кеңес шекараларына тікелей жақын жерде тәртіпсіздіктің пайда болуына қауіп төндірді, себебі тек Ауғанстанда ғана емес, 1979 жылдың соңында Иранда да жағдай өте тұрақсыз болды. Нәтижесінде КСРО үшін стратегиялық маңызды ауданда тұрақсыздық аймағы пайда болуы мүмкін еді.

Ақырында, Батыстан ғана емес, үшінші әлем елдерінен басып кіруге мүмкін болатын реакцияны жете бағаламау да өз рөлін ойнады. Атап айтқанда, Кеңес басшылары АҚШ президенті Джими Картердің қызметін жоғары бағаламады. Бұған Картер әкімшілігінің 1978-1979 жылдардағы Ирандағы оқиғаларға қатысты саясаты объективті түрде ықпал етті. КСРО-да Вашингтон аймақтың ең ірі еліндегі – Ирандағы ықпалының жоғалуымен келіссе, соңында Ауғанстанға кеңестік басып кірумен де бітісуі мүмкін деген қорытындыға келді. Бұл ой Тегерандағы 1979 жылдың 4 қарашасында американдық елшіліктегі қызметкерлерді ирандық студенттер тұтқынға алған соң тек нығая түсті. Бір жағынан, АҚШ тұтқындармен байланысты дағдарыста болды, теориялық жағынан олар үшін Ауғанстанға назар аударуға уақыт болмады. Екінші жағынан, тұтқындармен жағдайдың созылуы Мәскеуді американдық әкімшіліктің жалпы шешім қабылдай алмауы туралы артық рет сендірді.

Осыған байланысты КСРО әскерлерін Ауғанстанға енгізу жағдайында Картер әкімшілігінің қызметіне американдық баға беру өте көрнекі болып табылады. Леон Поулада Картердің доктринасынан дәйексөз келтіреді. «Парсы шығанағына бақылау жасауға кез келген сыртқы күштің әрекеті АҚШ-тың өмірлік мүдделеріне шабуыл ретінде бағаланады және осындай шабуыл әскери күштерді қоса алғанда, кез келген қажетті құралдармен тойтарылады», және «мұндай белгісіз тұжырым КСРО-ны Парсы шығанағына қарай жылжуды шешкенге дейін Ауғанстанда қалуға шақырды» деп көрсетеді.<sup>2</sup>

Сондықтан кеңес басшылығы қырғи-қабақ соғыстың логикасына байланысты әрекет етті. Осы тұрғыда Мәскеудің аймақтағы стратегиялық жағдайды және КСРО мүмкіндіктерін, сондай-ақ оның ықтимал қарсыластарының әрекеттерін бағалауы әбден қисынды болды. КСРО-да Ауғанстан ісіне тікелей араласудан үлкен қауіп көрмеді. «Орыстардың пікірінше, американдықтар көп жылдар бойы өте тұрақты қарсылық шеңберін қамтамасыз еткен тепе-теңдікті бұзуға тырысады деп ойлады. Кеңес өкіметі аянатын ешнәрсе жоқ деп сенді».<sup>3</sup> Кеңес Одағы үшін стратегиялық маңызды осы елдегі жағдайды бақылауды қалпына келтіру



әлдеқайда маңызды болды. Барлық мүмкін шығындар елеулі емес деп саналды.

Бұл жолы Кеңес тарапының Аминге қарсы іс-қимылы Ауғанстан ішіндегі адамдарды кеңінен тартпай жоспарланғаны белгілі жағдай. Дайындалып жатқан оқиғалардан хабардар болған аздаған ауғандықтар саяси эмигранттар – парчамистер, Кармаль, Ратебзад, сондай-ақ сарвари халькистері, Уатанджар болды. Желтоқсан айының басында оларды Бағрам базасына жасырын жеткізіп, содан кейін Кеңес Одағына қайта әкеткен. Олар 1979 жылдың желтоқсан айының жиырмамыншы күнінде қайтып келді. Мүмкін, мұндай сақ болу Кеңес басшылығының 1979 жылдың қыркүйек оқиғасынан сабақ алуына байланысты болған шығар. Енді барлық жұмысты кеңес мамандары жасауы керек еді. Төңкеріс кезінде, Ауғанстанда олардың саны көп болды, бұл белсенді іс-қимылдарды жүргізу үшін кең мүмкіндіктер ашты.

Әскерлерді енгізу Кабулдың өтініші бойынша жүзеге асырылды. Демек, бұл Кеңес армиясының бөлімшелерін Ауғанстанға ресми түрде жіберуге, соның ішінде төңкерісті тікелей қамтамасыз ету үшін мүмкіндік берді. Осыған орай келесідей сұрақ туындайды: Кеңес Одағы неліктен әскерлерді енгізу мен Амінді құлату үрдістерін біріктіруді шешті? Неге бұл Мәскеу үшін маңызды болды? Теориялық тұрғыдан алдымен әскерлерді енгізуге болар еді, сол арқылы олардың Ауғанстанда болу үшін заңды негіз алып, содан кейін «биліктік» төңкеріс жасауға болар еді. Мұндай ресмилендіру Кеңес әскерлерінің басып кіруіне байланысты әлемдегі шиеленісті бірнеше төмендетуі мүмкін еді. Кем дегенде, Ауғанстан аумағына әскерлерді енгізу осы елдің үкіметінің құлауымен тұспа-тұс болуына байланысты ақталуға тура келмеді.

Бірақ КСРО-да Аминге Кеңес әскерлерінің Ауғанстанға кіруі туралы жариялауға жол бермеуге ұмтылды. Мысалы, оның осы мәселе бойынша ресми сөз сөйлеуінің мәтіні Мәскеуде келісуге алынды. Мәтін Сыртқы істер министрі Андрей Громыконың басшылығымен ең жоғары деңгейде талқыланды, және төңкеріліс басталған сәтке дейін жалғасты.

Мүмкін, Кеңес Одағында Аминнің әскерлерді енгізу туралы хабарлауын қаламаған себебі, бұл Мәскеу үшін маңызды оқиғаның онымен байланысты болуынан шығар. Өйткені, бұл Аминді заңдастыруды қамтамасыз етеді және белгілі бір мағынада КСРО-ны оның атымен байланыстырар еді. Кез келген кейінгі төңкеріс Мәскеудің имиджіне, мысалы, КСРО-ның үшінші әлемдегі әртүрлі одақтастарының арасында жағымсыз әсер етеді. Сонымен қатар, егер Амин әскерді енгізу туралы жарияласа, онда кеңес биліктеріне біраз уақыт оны билікте табумен бейбіт өмір сүруге тура келер еді. Атап айтқанда, сол заңды қамтамасыз ету үшін. Кеңес әскерлері Аминнің жеке режимін қолдап, ол Кеңес Одағын өз мүддесінде пайдаланатын еді.

Сонымен қатар, әскери жағдайлар да маңызды болды. Бірінші кезекте ауған әскерлерімен қақтығыстың басталу қатерін болдырмау қажет болды. Сондықтан Ауғанстан билігі тарапынан ресми шақыру қажет болды. Бұл заңды негізде төңкеріс басталғанға дейін әскерлерді енгізуге мүмкіндік берді. Себебі КСРО-да Кабулдағы арнайы топтың Аминге қарсы операцияны орындау кезінде асқынулар болмайтынына кепілдік болған жоқ.

Әрине, ауған астанасында осы уақытқа дейін бірнеше мың десантшы, «мұсылман батальонының» жауынгерлері және МҚК-ның арнайы жасағы болған. Алайда, егер кенеттен Кабулдың барлық гарнизонымен соғысуға тура келген жағдайда олар жеткіліксіз болар еді. Егер арнайы күштерде Амин мен Ауғанстан басшылығына қарсы акция болмаса, мұндай мүмкіндікті жоққа шығаруға болмады. Сондықтан кеңес өкіметі сақтануға ұмтылды. Демек, биліктің әскерлерді енгізуге келісімі төңкеріс пен басып кіруді табыстың қажетті шарты болды. Бірақ бұл тактикалық мәселелерді шешуден туындаған жағдай Мәскеуді күрделі стратегиялық жағдайға қойды, себебі әскерлерді енгізу және Үкіметтің құлату уақыты бойынша сәйкес келуі тым айқын болды. Бірақ басып кірудің тиімділігін қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты тактикалық пайымдаулар үлкен басымдыққа ие болды.

*Кеңес одағының араласуы  
және Аминнің биліктен шеттетілуі*

Операция 25 желтоқсанда басталды. Осы күннің екінші жартысында Ауғанстан аумағына Хайратон ауданында 108-ші мотоатқыштар дивизиясы енгізілді. Бір уақытта Кабулға ауамен 103-ші әуе-десанттық дивизиясының бөлімшелерін лақтыра бастады. Сонымен қатар, жеке 860-ші полк Ош қаласынан Памир арқылы ауғандық Бадахшан провинциясына шығарылды. 27 желтоқсанда 108-ші дивизия Ауғанстанның солтүстігінен Кабулға аттануға бұйрық алды, онда ол келесі күні таңертең болған. Сол күні Кеңес Кушкасынан ауған аумағына 5-ші мотоатқыштар дивизиясы кіріп, Герат пен Қандағарға бет алды.<sup>4</sup> 108-ші дивизияның мотоатқыштар бөлімдері Кабулда ауған әскері бөлімдерінің қарсыласуы басталған жағдайда десантшыларды сақтандыруы тиіс еді. Сондықтан да Аминге қарсы акция басталғанға дейін ауған аумағына толық дивизияны енгізу маңызды болды.

Егер КСРО-да әскерлерді енгізуге шешім қабылданса, онда жағдайды барлық басқаруды өз қолына алу қажет болды. Ауған ішкі және сыртқы саясатын бақылау басып кірудің қажетті шарты болды. Сондықтан да Ауғанстанның жаңа билігін жариялау үшін Кеңес әскерлерінің ресми кіруіне дейін Аминді саяси сахнадан алып тастау маңызды болды. Келесі оқиғалардың ресми кеңестік нұсқасы келесі түрде айтылды: «1979 жылдың 27 желтоқсанында АХДП патриоттық, сау көпшілігі, революциялық Кеңес және АДР Қарулы Күштері Х. Аминнің құрылысын биліктен шеттетті».<sup>5</sup> Мұндай тұжырым КСРО-ға басып кіру үшін формальді ақталуды қамтамасыз етті. Осылайша, Мәскеуде басқа мемлекеттің аумағына деген агрессия туралы айыптауларды болдырмауға ұмтылды.

Кеңес өкілдері 25 және 26 желтоқсанда әскерлердің енгізілуіне байланысты Амин және ауған ресми тұлғаларымен тұрақты байланыста болды. Осы оқиғаның құрметіне әртүрлі кеңес өкілдері, атап айтқанда Кабулда болған КСРО байланыс министрі Николай Талызин 27 желтоқсанда бірқатар іс-шаралар ұйымдастырды. Олардың нәтижесінде шақырылған ауғандық жоғары шендік қонақтар тұтқындалды. Осындай жағдай кейбір

маңызды гарнизондарда қайталанды. 27 желтоқсан күні Кеңес арнайы жасағы ішкі істер министрлігін, ӘӘК штабын басып алды, байланыстың бас торабы үзілді. Қалада Бағрамнан келген кеңес десанттары негізгі позицияларды алды. Кабулдағы ауған армиясы мен полицияның негізгі бөлімдері бұғатталды.<sup>6</sup> 4-ші танк бригадасын бейтараптандыруға белгілі халькис Уатанджар қатысты.<sup>7</sup> Дәл осы Уатанджар бригаданы басқарып, 1973 және 1978 жылдардағы төңкерістерде маңызды рөл атқарды.

Сондай-ақ, Кабулға бақылау жасау операциясын жүргізудің табыстылығы арнайы операция нәтижесінде елдің саяси басшылығының көп бөлігін істен шығаруға ықпал еткендігі сөзсіз. 27 желтоқсан күні Амин ештеңеден күдіксіз бола тұрып, АХДП ОК хатшысы Панджширидін Мәскеуден қайтуына арналған түскі ас береді. Түскі асқа арнайы қызметтер мен армияның басшыларын қоса алғанда, мемлекеттің барлық басшылығы қатысады. Түскі ас кезінде барлық қатысушылар өздерін нашар сезініп, есінен танып қалады. Бүгін бұл МҚК арнайы операциясы болғаны белгілі. Шамамен қатысушыларды аспазшы ретінде енгізілген Михаил Талыбов уландырды.<sup>8</sup> Кейіннен МҚК өкілдері тамаққа күшті ұйықтататын зат қосылғанын айтты. Бұл шындыққа жанасады, өйткені, Кеңес билігінің жоспарына Ауғанстан партиясы мен үкіметінің барлық басшылығын жоғалту кірмегені анық. Оларды бейтараптандыру қисынды болды. Алайда, Аминге қатысты сенімді болу мүмкін болмады, оны уландырғылары келгені әбден мүмкін.

Аминнің әйелі мен оның күзет бастығы майор Джандад әскери госпитальдан, жүргізіліп жатқан арнайы операция туралы хабарсыз болған кеңес дәрігер полковниктерін, Анатолий Алексеев пен Виктор Кузнеченковты шақырған. Дәрігерлер улануды анықтап, Аминді оңалтуды жүргізді. Нәтижесінде кешкілік сағат алты шамасында пайда болған күтпеген жағдайларға байланысты Бас әскери кеңесші С. Магомедов «Дауыл-333» операциясының бастауына бұйрық берді, содан кейін Тадж-бек сарайында Амин резиденциясының шабуылы басталды. Шабуыл барысында Амин өлтірілді. Сонымен қатар, медицина қызметінің полковнигі Кузнеченков та қаза тапты.<sup>9</sup>

Тадж-бек сарайында жоғары ауған басшылығының улануына байланысты өз орындарында болмауы ауған армиясы мен қауіпсіздік күштерін бейтараптандыруда өз рөлін атқарды.

Кеңес әскері Бағрам әскери-әуе базасын, демек Кабул үстіндегі әуе кеңістігін бақылағанын ескере отырып, тіпті олар мүмкіндік алған болса да, ауған билігі ешқандай қарсылық көрсете алмас еді. Тек Аминнің жеке күзеті қарсылық көрсетті. Дегенмен, армия мен полицияның бейтараптандырылуына байланысты қалада Кеңес десанттары болды (8 мыңға дейін), қалаға жақындауда 108-ші мотоатқыштар дивизиясы болды, сондай-ақ толық үстемдік жағдайында президенттік сарайдың қорғаушылары сырттан қолдау ала алмады.

Жалпы, әскери жоспарда операция шабуылшылар үшін ең аз шығындармен сәтті өтті, олар шабуыл жетекшісі полковник Бояриновтан айырылып қалды. «Мұсылман батальоны» мен десантшылардың 9-шы ротасының 5 солдаты, сондай-ақ Бояриновты қоса алғанда, МҚК 5 қызметкері қаза болды. 35 ауыр жарақат алды.<sup>10</sup> Сондай-ақ, ел ауқымында жағдайды тез бақылауға алуға қол жеткізілді. Кабул астында 1980 жылдың 5 қаңтарына дейін 8-ші ауған жаяу әскер дивизиясының қарсылығы жалғасты. Қандағарда 15-ші жаяу әскер дивизиясы көтеріліс жасады. Қақтығыстар Герат пен Жалалабатта да байқалды.<sup>11</sup> Бірақ Ауғанстандағы саяси билік орталығын бейтараптандыру және шабуылдың күтпеген факторы, және КСРО-ның маңызды әскери қуаты Мәскеуге қажетті нәтижені қамтамасыз етті.

### *Қырғи-қабақ соғыстың аяқталуының басы*

Сол сәтте, Кеңес Одағының Ауғанстанға басып кіруіне байланысты халықаралық реакция өте теріс болды. БҰҰ Бас Ассамблеясында 1980 жылдың 14 қаңтары Ауғанстанға интервенцияны айыптайтын қарарға 104 ел дауыс берді. Үндістан қалыс қалған делегациялар арасында болды. 18 мемлекет қарарға қарсы дауыс берді. Олардың арасында КСРО өзі, Ауғанстан, үш кеңес республикасы және Шығыс Еуропа мен үшінші әлем елдеріндегі КСРО одақтастары болды. Кеңес

Одағы басып кіргеннен кейін бір апта өткен соң АҚШ Қорғаныс министрі Гарольд Браун әскери саладағы қытай-американдық ынтымақтастықты күшейту мақсатында Қытайға сапар жасады. 1980 жылы 28 қаңтарда Ислам ынтымақтастық ұйымының 35 мүшесі Кармаль режимін мойындамайтынын және Кеңес әскерлерін Ауғанстаннан шығаруға шақырды. Басып кіруден екі күн өткен соң, исламдық Иран үкіметі Кеңес Одағының Ауғанстанға басып кіруін мұсылман әлеміне қатысты жаушылық әрекет деп бағалады.<sup>12</sup> Мәскеу үшін мұндай реакция күтпеген болуы мүмкін емес. Бұл КСРО орналасқан «дұшпандық орта» тұжырымдамасына әбден сай келді. Мысалы, қытай-американдық байланыстар көптеген мұсылман елдерінің кеңестік саясатына деген қарым-қатынас сияқты үлкен құпия емес. Алайда, Кеңес Одағында бұл, әсіресе ислам әлеміне қатысты үлкен қауіп төндірмейді деп ойлаған. Дегенмен, сайып келгенде, мұсылман әлемінің дәл осы реакциясы ауған оқиғаларында шешуші рөл атқарды.

КСРО-да 1970 жылдары Ислам әлемінде болған өзгерістерді ескермеді. Жағдай 1973 жылғы қазан соғысынан кейін,<sup>3</sup> және мұнай өндіруші араб елдерінің Батыс елдеріне мұнай жеткізуге эмбарго енгізгеннен кейін өзгерді. Бір жағынан, нәтижесінде мұнай бағасы қатты өсті, бұл араб мемлекеттерінің мүмкіндіктерін арттырды. Екінші жағынан, мұсылман мемлекеттері Батыспен қарым-қатынаста өз дербестігін көрсетті, бұл олардың жаңа сыртқы саяси мәртебеге ие болуының көрінісі болды. Бір мезгілде жаңғырту жүргізген мұсылман мемлекеттерінде ішкі саяси үдерістер қарқынды болды.

Осы тұста алғашқы мұсылман қауымының құндылықтарына қайта оралуды сөз еткен саяси исламның жақтастарын жандандыру басталды. Олардың біреуі үшін исламды өткен

---

<sup>3</sup> 1973 жылдың қазан айында Мысыр пен Сирия бастаған араб мемлекеттерінің одағы Израильді жеңуге тырысты. Бұл қақтығыс Израильде «Қиямет күнінің соғысы» атауымен белгілі. Мысыр әскерлері Синай түбегінде жергілікті табыстарға қол жеткізе алды. Бұл жолы Израиль араб әскерлерін жеңу үшін үлкен күш жұмсады, олардың дайындық деңгейі айтарлықтай өсті. Қазан айындағы жеңіліс Египет президенті Анвар Садаттың Израильмен Кэмп-Дэвид бейбіт келісімдерін жасау себептерінің бірі болды.

жүзжылдықтар үшінде жиналғанның барлығынан тазарту, оның қазіргі әлемдегі бәсекеге қабілеттілік деңгейін арттыру мақсат болды. Басқа адамдар үшін кез келген қарыз алудан бас тарту және дін тазалығына қайтару аса маңызды болды. Саяси исламның барлық бағыттарының өкілдері зайырлы, сондай-ақ рухани да өз мемлекеттерінің дәстүрлі элитасына қарсы шықты. Бұл саяси белсенділікке, соның ішінде Ислам мүдделерін қорғауға ықпал етті. Өйткені биліктің ішкі ислам саяси оппозициясымен қарсы тұрудағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік берді. Әрине, Кеңес әскерлерінің Ауғанстанға кіруі ислам мемлекеттерінің элиталарына айтарлықтай мүмкіндіктер берді. Бір жағынан, олар өзінің атеистік идеологиясымен КСРО тарапынан агрессияға қарсы Ислам мүдделерінің қорғаушысы ретінде әрекет ете отырып, ел ішіндегі ұстанымдарын нығайта алды. Екінші жағынан, олар өз Ислам белсенділерінің қуатын Ауғанстандағы КСРО-ға қарсы тұруға жұмсай алады.

Мысалы, «Ауғанстанға кеңес шабуылы Сауд королі Халед пен оның бауырлары үшін ең жақсы уақытта орын алды. Жохайман және оның тобы ұлы мешіттің жертөлелерінде жатты <sup>4\*</sup>, ал шиит көтерілісі, Кеңес әскері ауған шекарасынан өткен кезде, Хаса провинциясында жалғасып жатты. Сауд монархиясы өзінің Ислам қорғаушысының имиджін жақсарту, Иранды ұстау, Сауд діни истеблишментімен қарым-қатынасты қалпына келтіру және Сауд-Америка ынтымақтастығын күшейту үшін тез әрекет етті».<sup>13</sup> Басқа мұсылман елдерінде де билік өздерін Ислам қорғаушылары ретінде белсенді түрде көрсетті. Сонымен қатар, АҚШ пен батыс елдері қырғи-қабақ соғыс шеңберінде Ауғанстандағы КСРО-ға қарсы тұрғанына байланысты, нәтижесінде олардың және ислам әлемі арасындағы өзара іс-қимыл айтарлықтай нығая түсті. Осылайша, Ауғанстанға кеңестік басып кіру Батыс пен Ислам

<sup>4</sup> 1979 жылы 20 қарашада Жухайман әл-Утайби бастаған «Әл-Мәсжид әл-Харам» ұйымының содырлары Меккедегі Ұлы мешітті басып алды. Ұлы мешітте дауыс зорайтқыш арқылы өз сөздерінде олар Сауд Арабиясының билігін қатаң сынға алып, оларды құлатуға шақырды. 1979 жылдың 4 желтоқсанында Сауд қауіпсіздік күштері Пәкістан мен Француз арнайы күштерінің қолдауымен мешітке шабуылды бастады.

елдерінің мүдделерін жақындастыруға ықпал етті. Сонымен бір мезгілде бұл олардың Батыспен ынтымақтастық саясатының қажетті заңдылығын қамтамасыз етті.

Шын мәнінде, осы жағдайларда Батыстың ұстанымы Ауғанстандағы жағдайды дамыту үшін маңызды мәнге ие болды. 1979 жылдың желтоқсанына қарай елде кең ауқымды соғыс жүріп жатқанын ескере отырып, билік өте маңызды халқы бар кең аумақты бақыламаған, жергілікті көтерілушілерге қолдау көрсету қырғи-қабақ соғыс контекстінде өте қисынды қадам болды. Ауғанстанға Кеңес әскерлерін енгізу туралы шешім сияқты дәл сол екі жүйе арасындағы қарама-қарсы тұрудың дәл сол логикасымен үстемдік етті. Әрине, КСРО-да әскерлерді енгізгенге дейін АҚШ-ты ауған оппозициясын қолдайды деп күдіктенген. Сол кездегі типтік тұжырымдардың бірі «КСРО-ға қарсы «жарияланбаған соғысты» жүргізу үшін басты плацдарм Пәкістан болды, онда Ирандағы шах режимінің күйреуінен кейін Орталық Барлау Басқармасының (ОББ) орталық-шығыс штаб-пәтері орналасты. Онда антиауғандық бандаларын дайындау бойынша 30-дан астам арнайы базалар мен лагерьлер құрылды».<sup>14</sup> Сонымен қатар, егер кейбір қолдаулар орын алса да, ол Кеңес Одағының басып кіргеннен кейін ауқымды сипатқа ие болды.

28 желтоқсанда Президент Джимми Картер Леонид Брежневке Кеңес әскерлерін Ауғанстаннан шығаруға шақырған хат жолдады. Жауап хат 31 Желтоқсанда жіберілді. Екі сәт өте қызықты болып табылады. Біріншіден, Брежнев Кабулдағы үкіметті құлатуға КСРО-ның қатысуын жоққа шығарды. «Кеңес Одағы Ауғанстан үкіметін құлату үшін бірдеңе қолданған сияқты, Сіздің жолдауыңызда айтылған тұжырым мүлдем қолайсыз және шындыққа жауап бермейтін болып табылады. Ауған Үкіметіндегі өзгерістер ауғандықтардың өздерімен ғана жасалғанын айқын атап өту керек».<sup>15</sup> Екіншіден, Брежнев АҚШ-тың оппозиция әрекеттерінің артында тұрғанын түспалдайды. «Ал біздің Сізге кеңесіміз. Америкалық тарап Ауғанстан аумағына сырттан қарулы басып кіруді тоқтатуға өз үлесін қосуы мүмкін еді».<sup>16</sup> Бұл хат КСРО Ауғанстандағы тактикалық мәселені шешу тәсіліне-Аминді құлатуға байланысты қиын стратегиялық жағдайға тап болғанын көрсетеді, енді кеңестік



басып кіру осы елдің үкіметінің құлауына сәйкес келетін айқын жағдайды жоққа шығаруға мәжбүр болды. Осыған байланысты басшылықта кез келген сыртқы сынға қатысты қатаң ұстанымды алудан басқа балама болған жоқ. Демек, КСРО ауған мәселесі бойынша өзінің қарсыласымен, АҚШ-пен уағдаластыққа қол жеткізуден бас тартты, себебі бұл ұтылуды білдіретін еді. Мәскеу бұған жол бермеуге ынталы болды және сол арқылы қарсыластыққа жол ашты.

1980 жылдың басында Батыс елдері Кеңес Одағы әскерлерді шығарған жағдайда Ауғанстанды бейтараптандыруға кепілдік бере алады деген ұсыныстарды КСРО-ға ұсынғаны тән. Президент Картер бұл туралы Югославияның Президенті Иосип Броз Титоға жазды, ол Мәскеу мен Вашингтон арасындағы делдал рөлінде сөз сөйлеуі тиіс еді. АҚШ-тағы Кеңес елшісі Анатолий Добрынин Мәскеуге АҚШ президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі көмекшісі Збигнев Бжезинскийдің АҚШ-тың Финляндияда сияқты мәртебеге ие бейтарап Ауғанстанның Достық КСРО үшін әрекет ететіні туралы бейресми ұсынысын берді. Бұл ұсыныс КОКП ОК Саяси бюросының отырысында 1980 жылдың сәуірінде талқыланды, бірақ ол қабылданбады.<sup>17</sup> 1980 жылы Мәскеудің барлық осындай ұсыныстарға бас тартуы әбден қисынды болды.

Бір жағынан, кеңес басшылығы Ауғанстандағы соғыс кезінде проблемалар көрген жоқ. Оның үстіне барлық әскери міндеттер өте тиімді орындалды. Екінші жағынан, әскерлерді шығаруға байланысты кез келген уағдаластықтар әлсіздік және халықаралық қоғамдастық тарапынан қысымға жауап ретінде қабылдануы мүмкін болды. 1980 жылдың 14 қаңтарында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының тиісті қарарларына және ауған мәселесі бойынша түрлі елдердің басқа да осыған ұқсас көпшілік мәлімдемелеріне сәйкес келетін дауыс бергеннен кейін Мәскеу жол бере алмады.

Жағдайдың парадоксы Ауғанстанның қырғи-қабақ соғыс кезінде қарсылас державалардың арасындағы жасырын уағдаластықтардың салдарынан бейтарап аумақ болып табылатыны болды. Бұл ретте АҚШ осы елдің көмегінен бас тартпай, КСРО-ның Ауғанстандағы басым әсерін мойындады. Жоғарыда көрсетілген, 1950-1960 жылдары Вашингтонда

Жалпы, Пәкістаннан ұйымдастырылған саяси партиялар арқылы ауған қарсылығын қаржыландыру жүйесі кеңестік қатыстылыққа қарсы күресті ұйымдастыру үшін өте тиімді болды. Сонымен қатар, оның нәтижесі ұзақ жылдар бойы сыртқы қолдау алған және ауған коммунистеріне қарсы күреске қатысқан әртүрлі қауымдастықтардың күшеюі болды. «Әр партияның саяси элитасы көшбасшыдан, штаб-пәтер қызметкерлерінен және командирлерден тұрды. Командирлер әдетте партияларға тиесілі болды, бірақ моджахедтер жергілікті әлеуметтік желілер негізінде өз командирлеріне адалдықты сақтап қалды. Саяси бағдарын өзгерткен командирлер өз ізбасарларын өздерімен алып шықты. Тек «Хезбе-и ислами» партиясы (Гүлбеддин Хекматиар) Ауғанстанның ішінде мүшелік карточкаларын тарата отырып, жеке партиялық мүшелікті орнатуға тырысты. Ал дәстүршілдік партиялар ауған қоғамының түрлі әлеуметтік сегменттерінің коалициясы ретінде жұмыс істеді».<sup>77</sup> Осылайша, Пәкістандағы моджахед партиялары емес, жергілікті жерлердегі саяси ұйымдар қарулы қауымдастықтар және олардың мүдделерін білдіретін саяси ұйымдар ұзақ перспективада ауған саясатының басты субъектілері болды. Бұл үрдіс ресми Кабул саясатымен күшейтілді, ол да жеке қауымдардың нығаюын қолдады. Біз бұған толығырақ тоқталамыз.

*Кармальдан Наджибуллаға дейін*

Ауғанстандағы Кеңес Одағы қатысуының бірінші кезеңінде Мәскеу үшін жағдай ерекше қиын болған жоқ. Кеңес әскері

жергілікті қарсыласудан басым әскери артықшылыққа ие болды. Сонымен қатар Ауғанстанға алғашқы жылдары АҚШ, Пәкістан, араб елдері тарапынан ауқымды әскери көмек түскен жоқ. Демек, ауған көтерілістерінің әскери мүмкіндіктері жергілікті ресурстармен шектелді. Бұл оптимизм үшін белгілі бір себеп болды. Юрий Нешумов 1980 жылдың маусым айында Ауғанстандағы МҚК басшылығымен кездесуде генерал Ахромеевтің айтқан сөздерін келтіреді: «Әскер өз миссиясын орындады. Қазір АДР-да ірі бандформациялар жоқ. Бадахшанда жүргізілген операция соңғы болып табылады. Әскер шешуші рөлді ойнаған кезең аяқталды. Бүлікшілер жаңа тактикаға көшті: диверсиялар, террор, қалалардағы ұсақ топтардың әрекеттері. Онда әскердің іс-қимылының тиімділігі төмендейді, онда қауіпсіздік күштері қызметінің өрісі бар».<sup>78</sup> Кеңес генералының бұл сөзі Кеңес әскері мен арнайы қызметтер арасындағы күрделі қарым-қатынасты одан әрі бейнелесе де, Ауғанстанға әскерлерді енгізуге қарсы болған әскер, арнайы қызметтерге соғысты одан әрі жүргізу үшін жауапкершілікті жүктегісі келді. Бірақ сонымен қатар бұл 1980 жылдың ортасына қарай қауіпсіздік жағдайы өте қиын емес екенін көрсетеді.

КСРО-ның экономикалық жағдайы өте тұрақты болды, өйткені мұнай бағасы салыстырмалы түрде жоғары болды. Ауғанстанға байланысты халықаралық қатынастардағы асқынулар тым үлкен проблема тудырмады. Оның үстіне, қырғи-қабақ соғыс жағдайында бұл өте қисынды болды. Ауғанстанға басып кіруіне байланысты Мәскеу Олимпиадасына Батыс елдері жариялаған бойкот жағымсыз тосын болды, бірақ ол КСРО-ның халықаралық жағдайына тым қатты әсер еткен жоқ. Мәскеу үшін бұл жалғасып жатқан қырғи-қабақ соғыстың тағы бір эпизоды болды.

Мәскеудің басты күш-жігері Ауғанстанда тәртіп орнатуға және КСРО үлгісі бойынша басқару құрылымын құруға бағытталған. Сондықтан 1980-1983 жылдары Кеңес әскерлері өз күш-жігерін оппозицияны талқандау бойынша ұлғайтты. Сонымен қатар КСРО-ға тән тиісті институттарды құру үрдістері жүрді. Бұл ауған комсомолы – Жастар одағы, Ауған кәсіподақтары бірлестігі, Әйелдер одағы және т. б. сияқты

ұйымдар болды. Атап айтқанда, «АХДП-ның КОКП-ға толықтай еліктегенінің куәсі 1981 жылдың 19 наурызында болған АХДП ОК V пленумының шешімі болды. Онда КОКП XXVI съезінің қорытындылары талқыланды».<sup>79</sup> Сонымен қатар, ауған әскері мен қауіпсіздік күштерінің жауынгерлік қабілетін қалпына келтіру бойынша әрекеттер жүзеге асырылды.

Әрине, кеңес өкілдері елді тікелей басқаруды де-факто жүзеге асырды. Ауған билігі бағынышты рөл атқарды. Айта кету керек, АХДП басшысы Кармаль мен Кабулдан шыққан, қала тұрғындары болған (кабули) көптеген парчамистер үшін шеткері аймақтардағы дербес ішкі саяси қызметке қарағанда, кеңестік үлгідегі институттарды құруға қатысу анағұрлым ыңғайлы болды. Әсіресе, бұл Ауғанстанның пуштундық оңтүстігі мен оңтүстік-шығысы үшін әділ болды. Бұл жерде тілдік фактор да өз рөлін ойнады. Көптеген парчамистер – даритілді солтүстік адамдары мен Кабул тұрғындары болып, елдің оңтүстігінде сөйлеген пушту тілін иеленбеген. Кабулдың парчамистік билігі ішкі саясатта Мәскеудің басымдығы жағдайында пуштун мәселесіндегі жалпы бастаманы және осы бағыттағы жауапкершілікті Кеңес өкілдеріне беруді жөн көрді.

1980 жылдың 3 маусымында КСРО елшісі Табеевтің Мәскеуге жазған жеделхатында<sup>5\*</sup> көрсетілген ақпарат өте көрнекі болып табылады: «Кармальдің тайпалар өкілдерімен бірде-бір кездесуі өткен жоқ. Тайпалармен байланыс негізінен шекара және тайпалар істері министрлігімен, сондай-ақ жекелеген жағдайларда әскери қолбасшылықпен жүзеге асады».<sup>80</sup> 1984 жылдың қаңтарында Владимир Басов жазған аналитикалық жазбада былай делінген: «белгілі деңгейде бүгінгі күнге дейін сақталып отырған негізгі саяси мәселелер қатарына, бірінші кезекте, бірқатар жоғары шендегі ауғандық билеушілердің антипуштундық көңіл-күйін жатқызуға болады. Олар ТІМ-ің (тайпалар істері жөніндегі министрлігі. – авт.ескерт.) «аумақтағы» (пуштун тайпалары өмір сүретін аумақ. – авт.ескерт.) тайпалармен жұмысын тежеп отырады. Пуштун тайпаларымен достық ынтымақтастықты орнату туралы мәселенің маңыздылығын түсінбеумен қатар,

<sup>5</sup> Бұл жеделхатты елшіліктің қызметкері Владимир Басов дайындаған және оның Ауғанстанда болған кезеңі туралы еңбектерінің жинағында келтірілген.

партиялық басшылықтың кейбір мүшелері арасында пуштун гегемониясын тоқтату және «тайпаларға қажет болған жағдайда, осы мақсатта қару күшін пайдалана отырып, олардың жаңа революциялық мемлекеттегі орнын көрсету» керек деген пікір де болды. Мұндай ұлтшыл көзқарастың түбінде анық «антихалькизм», АХДП-дағы жалпы релін әлсірету мақсатында халькистердің «тайпалар аумағындағы» беделін жою идеясы жатты». <sup>81</sup> Бұл ретте «Парчам» мен «Хальк» арасындағы фракциялық күрес белгілі бір дәрежеде шартты даритілді солтүстік пен пуштутілді оңтүстік арасында орын алған қарама-қайшылықтарды білдіргені анық.

КСРО мен Кабулдың тайпалық пуштундарға қатысты саясаты жаңа биліктің іс-қимылындағы әлсіз орындардың бірі болды. Тән мысал пуштундық шекаралық тайпалардың бақылау астындағы аумақтардағы және Пәкістанмен шекаралардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету қызметіне ақы төлеудің белгілі практикасымен байланысты. Бұл тәжірибені кез келген ауған биліктері кеңінен пайдаланды, олар тайпалардың адалдығы үшін қаражат төледі. Елші Табеевтің 1980 жылғы 3 маусымдағы Мәскеуге жолдаған жеделхатында «тайпалардың өкілдерінен милиция жасақтарын құруды жылдамдату» қажеттілігі көрсетілген. <sup>82</sup> Бұл, өз кезегінде, ауған саяси дәстүріне толықтай сәйкес келді. Алайда, Ауғанстанда Кеңес Одағы болуының ерте кезеңінде Мәскеуде мұндай қадамның қажеттілігін нақты түсінген жоқ. Сондықтан өтініштер жиі жағдайда қанағаттандырылмады. Шекара және тайпалар істері жөніндегі министрлігінің деректеріне сәйкес, «Файз Мұхаммедтің бағалауы бойынша, 1980 жылы елдің төрт провинциясында жалпы саны 6 390 адамды құрайтын үш милиция полкын құру үшін, сондай-ақ 1000 молданы қамтамасыз ету үшін 244 млн. 956 мың ауғани (3 млн. 698 мың рубльге шаққандағы шетел валютасы, немесе 5 млн. 443 мың 466 АҚШ доллары) бөлу қажет». <sup>83</sup> Осыған байланысты Ауғанстанның шекарасын қорғауға жауап берген, Ауғанстандағы шекара қолбасшылығының өкілі Юрий Нешумов былай деп жазған: «Пәкістанмен шекараны қорғау мақсатындағы 6 мың адамнан тұратын пуштун тайпаларының жасақтарын қамтамасыз ету үшін 5 млн. доллардан астам қаражат талап етілген.

Бірақ Кабулда мұндай ақша болмады, ал Мәскеуде осындай шаралардың орындылығына күмән келтірді». <sup>84</sup> 1980 жылдың қыркүйегінде шекара және тайпалар істері жөніндегі министрі Файз Мұхаммед Пактия провинциясында қаза тапты. <sup>85</sup> Ол тайпалармен келіссөздерге қабілетті, пуштундық тайпалық аймақтан (уәзір тайпасы) шыққан аздаған парчамистердің бірі болды.

Бір жағынан, осындай құзыретті министрдің өлімі Кабулдың пуштун тайпалары арасында жұмыс істеу мүмкіндігін біршама әлсіреткендігі сөзсіз. Бірақ, екінші жағынан, Кабул билігі үшін оларға қатысты қатаң саясат жүргізуге қосымша себеп болды. Осы мағынада, дзадран тайпасының өкілі Жалалудин Хаккани адамдарының Файз Мұхаммед пен оның екі жақтаушысын өлтіруі маңызды оқиға болды. <sup>86</sup> Сонымен қатар, Файз Мұхаммед Пактия провинциясында билікке емес, дәстүрлі пуштун заңдарына сүйенгені маңызды жағдай болып табылады. Оған қоса, АХДП мүшелерінің арасында Пактия провинциясынан көптеген адамдар болды. Хаккани дзадран тайпасының тайпалық құрылымдарына сүйенгенімен, ислам қозғалысының қатысушысы болғаны белгілі. Жоғарыда аталғандай, ол Юнус Халестің «Хезбе-и ислами» ислам партиясы құрамында болған. Кейін 2000 жылдары оны «Талибан» қозғалысының негізгі құрылымдық бөлімшесі – «Хаккани желісінің» негізін қалаушы деп санаған.

Белгілі бір дәрежеде жалпыисламдық құндылықтары бар исламшылдар және дәстүрлі тайпалық ұйымы бар тайпалар бір-біріне антипод болды. Сондықтан, ресми Кабул теориялық тұрғыдан ауған әмірлерінің тайпаларға қатысты саясатын жалғастыра алатынына сене алды. Атап айтқанда, олардың бір бөлігін ислам партияларына қарсы қоюға тырысты. Бірақ, бірқатар факторлардың үйлесуі, олардың арасында жалпы пуштун тайпаларына деген қаланың бейтрайбалданған пуштундары мен солтүстіктегі даритілді халықтың тысқары пікірлері, сондай-ақ көп жағдайда осы пікірлердің салдары болған күштік қысым саясаты тайпалардың ауған қарсылығының маңызды бөлігіне айналуына алып келді. Сонымен қатар, күштік қысым саясаты Кеңес әскерлерінің күшімен жүзеге асырылды, бұл Ауғанстанның оңтүстігі

мен оңтүстік-шығысындағы пуштундардың наразылығын күшейтті. Кәдімгі жағдайда Кабулдағы күшті орталық билік, мысалы, бір тайпаны басқаларға қарсы қоя алар еді. Бұл фактіні Кабулдағы билік және кеңес басшылығы кейінірек келіп бірақ түсінді.

Жалпы алғанда, парчамистердің Ауғанстанның билік органдарында қызмет жасаған кезінде азшылық ұлттар өкілдігі айтарлықтай өсті. Мысалы, 1986 жылдың қаңтарына АХДП-ның 150 мың мүшесінің 43%-ы пуштундар, тәжіктер – 44%, өзбектер – 7%, хазарейлер – 3% құрады. «Ресми статистика бойынша АХДП-да ұлттар өкілдігінің нормалары олардың ел тұрғындарының үлесіне пропорционалды болды. Тәжіктермен жағдай ерекше болды. Олардың АХДП-дағы пайызы жалпы халыққа қарағанда 2 есе жоғары болды, өйткені АХДП қатарын толықтырудың басты негізі тәжіктердің үлесі әрдайым маңызды болған қалалық қабаттар болды».<sup>87</sup> Ұқсас үдерістер әскерде де көрініс тапты. Мысалы, 1987 жылдың мәліметтері бойынша ішкі істер министрлігінің бөлімшелерінде пуштундар – 46,9%, тәжіктер – 40,9, өзбектер – 5,7%, хазарейлер – 4,5% құраған.<sup>88</sup> Белгілі бір дәрежеде, бұл ауған үкіметінің бақылауындағы аумақтардың қысқаруының салдары болды. Сондықтан әскерлерге рекруттарды жинау негізінен тәжіктер тұратын солтүстік провинцияларда және Кабул ауданында жүзеге асырылды.

Алайда, қатарында даритілді пуштундар да болған, негізгі бекеттерде «Парчам» құрамындағы кабулидің басым болуы өз рөлін атқарғаны сөзсіз. Даритілді пуштундарға объективті түрде оңтүстіктегі пуштутілді халыққа қарағанда, солтүстіктегі даритілді халықпен өзара іс-қимыл жасау оңайырақ болды. Осылайша, Кеңес Одағының қатысуы мен «Парчам» басқармасы биліктің негізгі институттарының құрамындағы маңызды өзгерістерге алып келді. Монархияның, сондай-ақ «Хальк» басқармасының заманымен салыстырғанда мемлекет пуштундық емес және сонымен бірге тайпалық емес бола бастады. АХДП-дағы пуштундар арасында Кармальмен байланысты Кабулдың тумалары көп ықпалға ие болды. Алайда, Кеңес үстемдігіне байланысты АХДП ішіндегі барлық көрсетілген үдерістер және «Хальк» пен «Парчам» арасындағы

жалғасып келе жатқан бәсекелестік маңыздылығы бойынша екінші орында болды. Олардың ауған саясатына әсері Кеңес әскерлерін Ауғанстаннан шығарғаннан кейін ғана күшейеді.

Жалпы 1980 жыл Кабулдағы кеңестік билік пен КСРО үшін ең шиеленісті емес еді. Жаһандық өзгерістер 1981 жылы басталды. АҚШ-та 1981 жылдың қаңтарында Рейган президент болды, көктемде ол ауған көтерілістерінің қолдауын жариялады. АҚШ пен олардың одақтастары Ауғанстандағы қарсылықты қару-жарақ пен жабдықтарды жеткізуге қаржыландыра бастағаннан кейін, КСРО үшін жағдай күрт күрделенді. Ауғанстанның ерекше жағдайларында ауқымды сыртқы қаржыландыру кез келген ішкі қарсылықты күшейтуге қабілетті болды. Оның үстіне сыртқы шекараларға толық бақылау орнату мүмкін болмады.

Кеңес әскерлері жергілікті қарсылықты талқандау және елде бақылау орнату үшін үлкен күш-жігер жұмсады. Бұл ретте кеңес әскері өзінің тактикасы мен қару-жарағын үнемі жетілдіріп отырды. Олар кең ауқымды шабуылдарды жүргізіп, басты ұстанымдарды, сондай-ақ елге қару жеткізудің негізгі арналарын бақылауға алуға тырысты. Алайда, әскери күш жеткіліксіз болды. Қарсыласу тоқтатылмады, КСРО жағынан әскери және материалдық шығындар тек өсіп отырды.

Іс жүзінде, Мәскеу үшін Ауғанстандағы соғыс едәуір ауыртпалыққа айналды. Алайда, мұнай бағасының төмендеуі басталған кезде, 1980 жылдардың ортасында жағдай айтарлықтай нашарлады. «Сауд Арабиясының өндіруді үш еседен астамға ұлғайту туралы шешімінен кейін, 1981-1984 жылдары басталған мұнайдың нақты құнының баяу төмендеуі сала тарихында теңдесі жоқ баға құлдырауына алып келді. 1985-1986 жылдары Кеңес Одағының бюджеті, оның сыртқы сауда балансы, тұтыну нарығының тұрақтылығы, жылына ондаған миллион доллар астық сатып алу мүмкіндігі, сыртқы борышқа қызмет көрсету қабілеті, армия мен ӘӨК қаржыландыру қабілеті тәуелді болған ресурстар бағасы бірнеше есе төмендеді».<sup>89</sup> Кейінірек бұл КСРО-ға қатысты «мұнай қаруын» қолдану деп аталады. Оның үстіне, бағаның құлдырауына себеп болған нарыққа мұнай шығаруды Сауд Арабиясы жүзеге асырды.



Осы сәтте бұл ел ауғандық қарсылықтың басты демеушілерінің бірі болды. Сондықтан оның мүдделері айқын болды. Сауд Арабиясының мұндай шешімі өзінің экономикалық мүдделеріне соққы жасағанымен, бірақ оның Ауғанстандағы саяси мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік берді. Сауд Арабиясының КСРО-ға тудырған проблемалар ауқымдығы өте үлкен болып, нәтижесінде осы мемлекеттің құлдырауына бірақ әкеп соқты. АҚШ президенті Рейган 1986 жылы, мұнай дағдарысының алдында ұлттық қауіпсіздік жөніндегі №166 директиваға қол қойғаны тән. Бұл директива КСРО-ны Ауғанстаннан әскерді шығаруға мәжбүр ету үшін барлық шараларды қабылдауды көздеді. Бұл ауған көтерілісшілеріне америкалық көмек көрсетудің күрт артуына әкелді. 1984 жылы АҚШ пен Сауд Арабиясы тарапынан көмек 250 млн.долларды, 1986 жылы – 470 млн. долларды және 1987 жылы 610 млн. құрады.<sup>90</sup> Бұл ретте Кеңес Одағы тарапынан ауған билігінің қызметін қолдауға және өз әскери тобын қамтамасыз етуге жұмсаған жиынтық шығындары, әрине, аталған соммалардан айтарлықтай көп болды.

Бұл жағдайда КСРО-да ауған тығырығынан шығуды іздеуге мәжбүр болды. 1985 жылдың наурызында КОКП ОК Жаңа хатшысы Михаил Горбачев болды. Басқа шаралар арасында ол «Ауғанстан бойынша Саяси бюро комиссиясын қайта жасақтап, Шеварднадзені МҚК басшысы мен Қорғаныс министрінің әсерін теңдестіру мақсатында оның төрағасы етіп тағайындады. Добрынин (Анатолий Добрынин – КСРО-ның АҚШ-тағы бұрынғы елшісі, Горбачевжанындағы КОКПОК Саяси бюросының құрамына енгізілді. – Авт.ескерт.) осы комиссияда төртінші орын алды. Рыжковтың көмегімен (Николай Рыжков – КСРО үкіметінің төрағасы, Горбачевпен тағайындалған. – Авт.ескерт.) Горбачев, Шеварднадзе және Добрынин Кеңес әскерлерін Ауғанстаннан шығару үшін негіз құру мақсатында маневр жасады».<sup>91</sup> КСРО билігі үшін ауған проблемасын шешу және әскерлерді шығару қажеттілігі Горбачевке дейін айқын болған, алайда дәл осы Горбачев мәселені тәжірибелік тұрғыда іске асыруды бастады. Мәскеу әскерін бірден шығара алмайтыны анық болды. Мұнда 1979 жылы әскерлерді енгізу үшін негіз болған себептер әрекет етті.

Өйткені қырғи-қабақ соғыс жалғасып жатты және Ауғанстанды жоғалту КСРО-ның геосаяси тұрғыда жеңілуін білдіретін еді. Елдің оңтүстік шекарасы жабылмай, Кеңес Одағының стратегиялық жағдайы күрт нашарлайтын еді. Тағы бір маңызды жағдай болды. Жалпы алғанда, әскер елдің жаңа басшылығының экономикаға түсетін жүктемені қорғанысқа арналған шығындар есебінен төмендету талпыныстарына күдікпен қарады. Сондықтан, ол Кеңес Одағының орасан зор әскери бюджетін қысқартудың кез келген талпынысына қарсылық білдірді. «Экономиканы әскери жүктемелеу, КСРО экономикасын осал етуші факторлардың бірі болды».<sup>92</sup> Ауғанстандағы соғыс жалғасып жатқанда, әскерилер мен арнайы қызметтерде, әрине, КСРО-ның дұшпандық ортада болуына байланысты бұрынғы саясаттың жалғасуы үшін елеулі дәлелдер болды. Сонымен қатар, олар елдің саяси басшылығының Ауғанстандағы іс-қимыл тиімділігін арттыру талаптарын елемеуге мүмкіндіктері болмады.

1985 жылдың маусымында Ауғанстанға МҚК төрағасының орынбасары Крючков келді. Оның сапарының мақсаты жағдайды бағалау болды. 1985 жылдың 8 қазанында Мәскеуде жоғары деңгейде кездесу өтті. Ауған жағынан оған Бабрак Кармаль, Сұлтан Али Кештманд, Зерай, Наджиб, Назар Мұхаммед, Сүлеймен Лаек қатысты. Кеңес Одағы жағынан – Михаил Горбачев, Министрлер кеңесінің төрағасы Николай Рыжков, МҚК төрағасы Виктор Чебриков, Сыртқы істер министрі Эдуард Шеварднадзе, Қорғаныс министрі Сергей Соколов қатысты. Кездесу барысында ауған өкілдеріне саясатты қайта қарау, әлеуметтік базаны кеңейту және мәселені бейбіт шешу жолдарын іздеу ұсынылды. Сонымен қатар, кеңес тарабы Ауғанстаннан әскерлерді шығару ниеті туралы мәлімдеген болатын, бірақ қару-жарақ пен материалдық ресурстарды жеткізуді жалғастыратынын растады.<sup>93</sup> Нәтижесінде Ауғанстанға қатысты Мәскеу саясатындағы өзгерістердің басталуы туралы жарияланды. Тиісінше, ауған билігі қорытынды жасауы тиіс еді.

Қараша айында Кабулда АХДП ОК XVI пленумы өтті, онда саяси бюро және партия ОК құрамына әскер мен қауіпсіздік күштерінің бірқатар өкілдері енгізілді. Жаңадан

тағайындалғандар пуштундар болғаны тән. Осылайша, ОК хатшысы болып Мемлекеттік ақпарат қызметінің (ХАД) басшысы Наджиб тағайындалды. Оның орынбасары Голям Фарук Якуби, Кабул царандойының (полиция) қолбасшысы Сайфулламен бірге ОК мүшесі болды. Саяси бюро мүшелігіне Қорғаныс министрі Назар Мұхаммед пен Тайпалар мен халықтар істері жөніндегі министр Сулеймен Лаек үміткер болды. Бір мезгілде, бұрынғы чараймақтың Қорғаныс министрі Абдұл Қадыр Саяси бюро мүшелігіне үміткер міндетінен босатылды.<sup>94</sup> Сонымен қатар, Нажиб, Лаек және Якуби парчамистер, ал Назар Мұхаммед және Сайфулла – халькистер болды.

Олардың партия сатысымен жылжуы Мәскеу қойған жаңа міндеттермен байланысты болған шығар. Арнайы қызметтер мен әскерден шыққандар, көп жағдайда, Кеңес әскерін шығарған жағдайда тәртіпті сақтау үшін жауапкершілікті өзіне алуға қабілетті болды. Сонымен қатар, олар пуштундар, оның ішінде тайпалық аумақтан шыққандығы (Лаек, Назар Мұхаммед, Сайфулла) ауғандық қарсылықтың пуштундық бөлігімен қарым-қатынасты реттеу жолдарын іздеу үшін қажетті шарт болды.

Владимир Басов 1984 жылдың қаңтар айында жазылған хатта былай деп жазды: «1979 жылдың ортасында партия, мемлекет, үкімет және армия басшылығында тек пуштун-гильзайлар (Н.М. Тараки, Х.Амин, М.А. Уатанджар) болды, ал 1982 жылдан бастап бұл посттарда бірде-бір «таза» пуштун болған жоқ».<sup>95</sup> Бұл жерде Басов «таза» пуштундар деп тайпалық аумақтан шыққан адамдарды меңзеп тұр. Өйткені, Кабул мен солтүстіктен шыққан көптеген пуштундар бейтрайбалданған және пушту тілін меңгермеген болатын. Негізгі жауынгерлік іс-қимылдар көбінесе пуштундық оңтүстік және оңтүстік-шығыс аудандарында болған. Яғни 1984 жылы Кеңес басшылығында қалыптасқан жағдайға тиісті баға берілді.

Егер Мәскеудің орын алған оқиғалардағы рөлі өте маңызды болса, онда Ауғанстан басшысы лауазымында Кармальді ауыстырған ХАД басшысы Наджибтің жоғарылығы әбден қисынды болды. Біріншіден, ол парчамис болды, демек, оның тағайындалуы АХДП ішінде күштерді орналастырудағы өзгерістерді білдірмеді. Сонымен қатар, «Парчам» мүшесі бұл

фракцияны дәстүрлі түрде қолдайтын азшылық ұлттардың өкілдерін қабылдамауы тиіс емес еді. Екіншіден, ол Кабулда дүниеге келді, яғни кабули болды. Демек, ол Кармаль қоршауын құрған адамдар үшін бөтен болған жоқ. Үшіншіден, ол гильзай тайпасының ахмадзай рулық қауымының пуштуны болды. Оның атасы Гаусуддин Жандад Пактия провинциясындағы ахмадзайлар тайпасы көсемдерінің бірі болды.<sup>6</sup> Тиісінше, ол елдің басшысы ретінде, сондай-ақ келіссөздердегі серіктес ретінде пуштундар үшін де, атап айтқанда, гильзайлар үшін де қолайлы болды. Оның ізашары Кармальға <sup>6</sup> қарағанда тиімді басшы болды. Естеріңізге сала кетейік, ауғандық қарсылық арасында гильзайлар саны көп болды, атап айтқанда, «Хезбе-и ислами» көшбасшысы Гүлбеддин Хекматиар.

Кеңес мүдделері үшін Наджибтің кеңес МҚК қолшоқпары болғаны маңызды екенін атап өткен жөн. 1979 жылдан бері МҚК Ауғанстанға қатысты саясатты анықтауда басты рөл атқарғанын ескере отырып, кеңес стандарттары бойынша құрылған ауғандық ХАД арнайы қызметінің басшысы Мәскеу үшін өте ыңғайлы фигура болды. МҚК тарапынан Наджибтің кандидатурасын ұсыну КСРО-ның жаңа басшылығы ауған үкіметінің тиімділігін арттыру міндетін қойғанына байланысты табиғи шешім болды. Дегенмен, Кармаль бас хатшылар Леонид Брежнев, Юрий Андропов және Константин Черненко дәуіріне, яғни идеология басты рөл ойнаған, ал Кеңес Одағы Ауғанстандағы жағдайды тікелей басқарған кезеңге жақын болды. Кармаль коммунистік риториканы толық игеріп, дәуірдің талаптарына сәйкес келді. Өзінің жұмысының ерекшелігіне байланысты Наджиб үлкен прагматик болды және МҚК тұрғысынан 1985 жылы КСРО басшылығы ауысқаннан кейін пайда болған жаңа міндеттерге жақсы үйлесті.

Виктор Коргунның пікірінше, Наджиб, «өзінің тәлімгері, МҚК министрі Ю. Андропов сияқты, 1981 жылы Саяси бюро

---

<sup>6</sup> Бабрак Кармаль да өзін гильзайларға жатқызды. Оның әкесі Пактия провинциясының бұрынғы губернаторы, генерал-майор Мұхамед Хусейн болды. Ол гильзайлардың құрамына кіретін моллахель тайпасынан шыққан. Моллахейль тайпасы Кабулдан шығысқа қарай қоныстанып, дари тілін пайдаланды. Кармальдің анасы тәжік болды. Қараңыз: Ежов Г. П. Афганистан: краткий биографический -справочник. – М.:Ключ С, 2002. С. 131.

мүшесі болып, жоғары партиялық қызметке қадамды кезең-кезеңімен жүргізді. Және тағы да, Андроповтың ізімен жүріп, 1985 жылдың қазан айында мемлекеттік қауіпсіздік қызметінің (ХАД) бастығы қызметін тастап, ОК хатшысы болып «сайланады». Ақырында, жарты жылдан кейін ол жоғары партиялық орында Б. Кармальді алмастырды». <sup>97</sup> Бұдан басқа, Ауғанстан сияқты соғысушы елдегі арнайы қызметтің көпжылдық басшысы кез келген басқа жергілікті саясаткерге қарағанда Мәскеуден көп тәуелді болды.

Соғыс жағдайында ХАД өте қатаң әрекет еткендігі анық. Демек, Мәскеу Наджибке оппозициямен диалог орнатуға мүмкіндік бере алды, өйткені оған басқа ауған саясаткерлеріне қарағанда көбірек сенім білдірді және оның сыртқы саяси бағдарды өзгертуінен қорықпады. Біріншіден, МҚК-мен тығыз байланыстарға байланысты, екіншіден, ХАД-ты басқару жылдарында жинақталған іс-әрекеттерге деген жеке жауапкершілігі үшін және оның көптеген жеке жауларының болуына байланысты сенім білдірді.

1986 жылдың ақпан айының соңында КОКП ОК XXVII съезі өтті. Өз сөзінде Михаил Горбачев саяси реттеуге қол жеткізгеннен кейін Ауғанстаннан әскерді шығаруға ұмтылу туралы мәлімдеді. Сол жылдың сәуірінде Кармаль Мәскеуге емделуге келді. 30 сәуірде Горбачевпен кездесті. 1986 жылдың 4 мамырында, Кабулда АХДП Орталық Комитетінің кезекті пленумы өтті, онда Кармальдің денсаулық жағдайы бойынша оның отставкаға кетуі туралы мәлімдемесі жария етілді. Оған Ауғанстанның барлық әскери және саяси басшылығы қолдау көрсетті, содан кейін ауған коммунистерінің Бас хатшысы болып Наджиб тағайындалды. <sup>98</sup> 1986 жылы КСРО-ның жаңа басшылығы бүкіл Кеңес Одағы бойынша жүйе жұмысының тиімділігін арттыруға тырыса отырып, бұрынғы басшыларды белсенді түрде ауыстыра бастады. Кармальдің тұсында ұйымдастырудың ауғандық партиялық құрылымының кеңестік үлгіге сәйкес барынша бірегейлендіру деңгейіне қол жеткендіктен, биліктің ауысуы да КСРО-ның тиісті риторикасы және формальды қажетті іс-әрекеттері бойынша жүзеге асты.

Наджибті тағайындау кезінде кеңес басшылығында, елдің саяси басшылығы, сондай-ақ МҚК және әскер арасында

арнайы қызметтің бұрынғы басшысының кандидатурасы оппозициямен уағдаластықтарға қол жеткізу міндетін орындауға қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы мәселе бойынша қызу пікірталастар туындады. Мысалы, Сыртқы істер министрі Шеварднадзе Наджибке қарсы сөз сөйледі, алайда Қорғаныс министрі Язов пен МҚК төрағасы Крючков оның кандидатурасын қолдады.<sup>99</sup> Бүгінгі таңда бұл таңдау Ауғанстандағы өтпелі кезеңді ұйымдастыру үшін қаншалықты сәтті болғаны туралы ұзақ айтуға болады. Мүмкін, бұл лауазымда азаматтық саясаткер оппозиция үшін неғұрлым қолайлы болар еді және нәтижесінде Ауғанстандағы мемлекеттік институттардың қорытынды сақталуын жақсы қамтамасыз ете алар еді. Бірақ кеңес басшылығының консервативтік бөлігі үшін ауған билігінің іс-әрекетінің жалпы тиімділігін арттыру аса маңызды болды. Мұнда қауіпсіздік қызметінің бұрынғы басшысы кез келген ықтимал азаматтық саясаткерге қарағанда қолайлы кандидатура болып көрінді. Сонымен қатар, Наджиб ауғандық қарсылықтың ірі фигураларымен келісе алмағандығы анық. ХАД басшысы ретінде оның өткені осы маңызды рөл атқарды.

Ауғанстанның жаңа басшылығының келуі Кабулдың іс-қимыл тактикасының ауысуын білдіреді. 1986 жылдың 11-14 желтоқсаны Наджиб Мәскеуге сапар жасады. 30 желтоқсанда ол бітім туралы жариялады, бірнеше мың саяси тұтқындар босатылды. 1987 жылы 3 қаңтарда Кабулда ұлттық татуласу жөніндегі комиссияның құрылтай отырысы өтті. Сондай-ақ алдағы сайлау туралы да жарияланды.<sup>100</sup> 1987 жылы 30 қараша – 1 желтоқсанда Кабулда Лойя Джирга ашылды. Ауғанстанның жаңа Конституциясы бекітілді, бұрынғы Ауғанстан Демократиялық Республикасы орнына Ауғанстан Республикасы жаңа атауы бекітілді.

Лойя Джиргада Наджиб Президент болып сайланды және Наджибулла деп аталды. Сол кезде ол оппозициямен бейбітшілік туралы келіссөздер жүргізуге дайын екенін жариялады. 1987 жылдың 8 ақпаны Горбачев әскерлердің 1988 жылдың 15 мамырынан бастап шығарылатыны туралы мәлімдеді. 7 сәуір күні Ташкентте Наджибулланың Горбачевпен кездесуі өтті, онда тараптар аталған күні әскерлерді шығарудың басталғанын

растады. Сәуір айында Ауғанстанда парламентке сайлау өтті. 1978 жылы құрылған революциялық Кеңес Парламентке өкілеттікті берді және таратылды. 1987 жылдың мамырында Мұхаммед Дәуіт басқарған Ауғанстан үкіметінің бұрынғы вице-премьері, тәуелсіз саясаткер Мұхаммед Хасан Шарк, құрылған жаңа үкіметтің басшысы болды.<sup>101</sup> Ол «Парчаммен» тығыз байланысты болды деп саналады, соның салдарынан Дәуіттің кабинетін тастап кетуге мәжбүр болды, өйткені соңғысының парчамистермен қарым-қатынасы нашар болатын.

Негізінде, теориялық жағынан, бұл шаралардың барлығы жағдайды өзгерте алды. Көп жағдайда Кабул саясатындағы өзгерістер кеңестік әскерлерді елден шығару туралы хабарлаумен қатар жүрді. Кеңес Одағының әскери қатысуының тоқтатылуы Ауғанстанның жаңа Президентінің елеулі дәлелі бола алды. Сонымен қатар, ұлттық татуласу саясаты кейбір жергілікті қауымдастықтармен өзара әрекеттесуді жолға қоюға мүмкіндік берді.

Жоғарыда көрсетілгендей, Пәкістанда болған оппозициялық партиялар негізінен жергілікті қауымдастықтармен қарым-қатынаста делдалдардың рөлін атқарды. Олардың басты рөлі АҚШ пен араб елдерінен келіп түсетін қаражатты КСРО мен ауған коммунистеріне қарсы соғысқан қарсылық өкілдері арасында бөлуде болды. Кеңес әскерлерінің кетуі және ұлттық татуласу саясаты қауымдар бөлігінің Кабулдағы орталық билік жағына өтуі үшін жағдай жасады. Бұл ретте КСРО-дан материалдық және әскери ресурстардың ауқымды жеткізілімдерінің сақталуы Наджибуллаға қажетті тұрақтылық берді. Бұдан басқа, олар оны ұлттық татуласу саясатының нәтижелерін пайдалануды шешкендердің барлығын қаржыландыру үшін қаражатпен қамтамасыз етті.

АХДП парламенттік сайлауда тек 22,6% дауыс, басқа партиялар тағы 9% жинады. Қалған дауыстар тәуелсіз үміткерлерге бұйырды. Барлығы 64 сенатор және ұлттық кеңестің 184 депутаты – Парламенттің төменгі палатасының депутаттары таңдалды. Сенаттағы 13 орын, және ұлттық кеңесте 48 орын оппозиция өкілдері үшін сақталды.<sup>102</sup> Негізінде бұл ұлттық татуласу саясатына толық сәйкес келді. Кем дегенде жергілікті қауым өкілдерінің кейбір бөлігі билік орталығында

орын алып, олардың мүдделерін білдіруге мүмкіндік алды. Бұл билік үшін олармен байланыс орнату үшін кең мүмкіндіктер ашты. Және Наджибулла үкіметі бұл үшін айтарлықтай күш-жігер жұмсады.

1985-1987 жылдары оңтүстік-шығыс пуштун тайпалары аймағында жергілікті әкімшіліктің жанында 88 «кеңестік тайпалық джиргалар» құрылды. Тайпалардың кейбір өкілдері мемлекеттік аппараттың құрамына енгізілді, оларға мемлекеттік бюджеттен қаражат төленеді. 1986 жылдың қарашасында Наджибулла 1987 жылы тайпалардың экономикалық даму қажеттіліктеріне екі есе көп қаражат бөлінетінін мәлімдеді – 650 млн. ауғани.<sup>103</sup> 1987 жылдың қыркүйегінде хазарейлердің бірінші бүкілауғандық джиргасы өткізілді.<sup>104</sup> Мұнда, сондай-ақ мәмілеге негіз бола алатын хазарей қауымына өте маңызды ұсыныстар жасалды.

Осылайша, ұлттық татуласу саясаты көптеген қауымдастықтармен тікелей келісімдерге қол жеткізуге бағытталған. Де-факто Кабул оппозициямен жергілікті қауымдастықтар көшбасшыларына әсері үшін белсенді бәсекелесе бастады. Мұндай саясат бұрын да жүргізілді, бірақ ол жүйелі сипатқа ие емес еді. Мәселен, 1981 жылдың басында Гератта Ауғанстанның батысындағы ең тиімді билік милициясын қалыптастырған маулави Шир Ага билік жағына көшті. Бұған дейін ол улемдер кеңесінің басшысы болды.<sup>105</sup> 1984 жылы ресми Кабул жағына өз адамдарымен бірге Қандағар мен Пәкістан шекарасы арасындағы аумақты бақылайтын дуррани тайпасының дәстүрлі көсемі Исматулла Мүслім көшті.<sup>106</sup> Әлбетте, Кармаль тұсында мұндай саясатты ұстану өз шектеуіне ие болды.

Атап айтқанда, 1988 жылы жазған Владимир Басовтың жазбасында: «АДР билігінің пуштундық емес бөлігінің қарсылығымен тұрақты әскерге «аумақ» жастарын шақырмай, оларды жергілікті беделділердің басшылығымен тайпалық милиция (малиштер) ретінде жасақтауды дұрыс деп танылды. (1986 жылға мұндай әскери құрылымдардағы адам саны 20 мыңға жетті)».<sup>107</sup> Мәселе мұнда тек қана Кармальдің даритілді ортасы асыл тұқымды пуштундар мен пуштун тайпаларының ниеттестігін қолдаудың дәстүрлі институттарының маңызын



төмендетуге ұмтылды. Бұл жерде мәселе тек Кармальдің даритілді жақтастарының тайпалық пуштундардың және пуштундық тайпалардың адалдығын қолдайтын дәстүрлі институттардың мағынасын төмендетуге ғана емес еді. Мәселе, сонымен қатар, «Парчамда» өкілдерінің көбі мүшелік еткен, Кабулдың қалалық жаңғырған зияткерлері, жалпы алғанда, Исмадулла Мүслім немесе маулави Шир Ага, немесе оңтүстік-шығыстағы пуштундық беделділер сияқты тайпа көсемдеріне сыни тұрғыдағы көзқараспен қараған. Олар үшін бұл заманауи жаңғыртылған мемлекет туралы пікірлерге сәйкес келмейтін ескі мемлекеттік құрылым элементтері болды.

Алайда, айтарлықтай үлкен прагматик Наджибуллада мұндай күмән болған жоқ. Оның алдында нақты саяси міндет тұрды және оны орындау үшін барлық құралдар мен кез келген одақтастар жарап жатты. Сондықтан ұлттық татуласу саясаты этникалық азшылықтар арасында және пуштундық тайпалық жасақтар арасында да мүмкін одақтастарды іздеуге бағытталған. Атап айтқанда, Наджибулла 1987 жылдың 1 желтоқсанында Лойя Джиргада сөз сөйлеу кезінде Ахмад Шах Масуд, Жалалуддин Хаккани және басқа да бірқатар оппозицияның ең ықпалды дала командирлерінің аттарын атап, оларға отты тоқтату туралы келісімге қол қоюды ұсынды.<sup>108</sup> Оппозициямен келісімге қол жеткізілмеуіне байланысты, Наджибулла кезінде үкімет жергілікті жерлердегі қарулы құрылымдармен тікелей келісімдер жасасуға шоғырланды.

Әрине, мұндай саясат азшылық ұлттардың қоныстанған аудандарында аса белсенді түрде жүргізілді. «Наджибулла тұсында ұлттық саясат «орталық билік – этникалық қауымдастықтар» схемасы бойынша тікелей диалог негізінде құрылып, соңғыларын контрреволюциялық қозғалысқа тойтарыс беру үшін жұмылдыра бастады».<sup>109</sup> Біріншіден, азшылық ұлттар Пәкістаннан алыс болды, онда ауғандық қарсылықтың негізгі базасы және оның ресурстарының негізгі көздері орналасқан. Тиісінше, Пәкістанның әсері аз болды. Екіншіден, ауған оппозициясының көшбасшылары, «Жамиат» партиясынан (Ауғанстанның Ислам қоғамы) басқалары, негізінен пуштундар болды. Бұл азшылық ұлттардың өкілдері үшін елеулі дәлел болды. Үшіншіден, Солтүстік азшылықтар

КСРО-ның шекарасына жақын орналасқан. Бұл, бір жағынан, Кабулдағы билік көз алдында олардың мәртебесін арттырды. Екінші жағынан, оларды ресурстармен қамтамасыз етуді жеңілдетті, өйткені мұндай жеткізілімдер Кабулдағы жергілікті милицияның билікке адалдығын қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болды.

Елдегі ұлттық мәселе өте өткір тұрғандығы туралы түрткіжайт 1987 жылы сайланған ауғандық Парламенттің жұмысы барысында қосымша растама алды. Мысалы, Премьер-министр Мұхаммед Шарк ұсынған Министрлер кабинетінің құрамы оның ұлттық құрамына байланысты депутаттар тарапынан өткір сын тудырды. Кабул провинциясынан келген Фазль Ахмад Сагейан өз сөзінде «өзбектер, түркмендер және тәжіктер Ауғанстан экономикасында үлкен рөл атқарады. Елдің қарулы күштерін жасақтау үшін олардың мәні кем емес. Дегенмен, Министрлер кабинетінің ұсынылған құрамында Ауғанстанның солтүстігінен өзбек және түрікмен халықтарының бірде-бір өкілі жоқ, ал Пактия провинциясынан 8 адам, Қандағардан 3 адам бар. Кабинетте белуджи, нуристандықтар, пашаилар, көшпенділер ұсынылмаған. Сондай-ақ, тәжіктер (5) мен пуштундардың (19) арақатынасы әділетсіз. Бұл ретте Үкіметтің 8 мүшесі Кабул қаласынан таңдап алынды. Үкіметтің құрылымын талдай келе, біріншіден, пуштундар үшін, екіншіден, Кабул қаласы үшін, үшіншіден, Пактия провинциясы үшін басымдықтар құрылатынын атап өтуге болады», деп тұжырым жасаған.<sup>110</sup> Бұл сөз азаматтық соғыс жылдарында болған өзгерістерді көрсетті. Шарктың үкіметі сол кезде, пуштундар Ауғанстанның саяси өмірінде мүлдем басым болған күштердің бұрынғы арақатынасына сүйене отырып қалыптасты.

Бұл жерде Дәуіт төңкерісі, сәуір төңкерісі және кейіннен АХДП-дағы мүдделер күресі жаңғыртылған пуштун элитасының қызметімен байланысты болғанын еске салу керек. Бір жағынан, бұл Кабул (кабулилер) тұрғындары болды. Екінші жағынан, жаңғырту үдерістерінің нәтижесінде пайда болған, шет аймақтардан келген пуштун элитасының жаңа қабаттары болды. Осы жерден депутат Сагейанның баяндамасында Пактияның аталу себебі де бар. Бұл пуштундық провинциядан

АХДП көшбасшылары, әсіресе ауған әскери элитасының өкілдері шықты. Кабулдан шығушылардың үкіметте осындай үлкен қатысу себебі де осыдан. Онда пуштундар неліктен көп болғаны да түсінікті. Өйткені Наджибулланың билікке келуі «Парчам» саясатындағы пуштундық бағытты және АХДП-ны да күшейтуді білдірді. Әрине, Кабулдағы пуштундық жаңғыртылған элитаның көрнекті өкілі Мұхаммед Шарк бұл көңіл-күйге толығымен қосылған.

Бірақ пуштундар АХДП басшылығында азшылық ұлтсыз бола алмады. Ауғанстандағы соңғылардың мәні қатты өсті. Ауған оппозициясына қарсы күресті жалғастыру қажеттілігі Наджибулланы этникалық азшылықтардың әскерилендірілген құрылымдарына көбірек сүйенуге мәжбүр қылды. Жергілікті этникалық негізде құрылған көптеген әскери бөлімдердің пайда болуы да осыдан.

Билік жанындағы күштер құрылымындағы ең маңызды құралым – генерал Абдұл Рашид Дустумның қолбасшылығындағы, Жаузжан провинциясының өзбек милициясы болған. 1988 жылы оның базасында 53-ші дивизия құрылды, ол Президент Наджибулланың тікелей қолбасшылығында болды және Қорғаныс министрлігіне бағынбады.<sup>111</sup> 1987 жылы өзбек дала командирі Расул Пахлаван үкімет жағына көшті, ол өзінің ағалары Абдұл Мәлік пен Голь Пахлаванмен бірге алдымен тайпалық өзбек батальонын құрды. Содан кейін оның негізінде Фарьяб провинциясын бақылауға алған 511-ші бригада құрылды.<sup>112</sup> Бағлан провинциясында шииттік ислам бағыттарының бірі болған, жергілікті исмаилиттер қауымы өкілдерінен, Саид Жафар Надеридің басшылығымен 80-ші дивизия құрылды. Ол ауғандық исмаилиттер қауымының басшысы Саид Мансұр Надеридің ұлы болды. Бұл дивизия Бағлан провинциясын бақылап, Хайратоннан Кабулға дейінгі жол бөлігінің қауіпсіздігін қамтамасыз етті.<sup>113</sup>

Жергілікті жерлердегі қауіпсіздік мәселелерін шешу және қосымша әскери құрылымдарын алуға талпыну барысында Кабулдағы билік, іс жүзінде, жергілікті жерлердегі ұлттық және діни қауымдастықтарды қаруландыруға және нығайтуға ықпал етті. Азшылық ұлттардың әрбір қалыптасуы, өз кезегінде,

КСРО-дан бұл үшін қаражат алған орталық биліктің көмегімен қамтамасыз етілген әсерлі әскери әлеуетке ие болды.

Мұндай саясат азшылық ұлттарға ғана қатысты емес болғандықтан, Наджибулланың тұсында мемлекет қызметіндегі дербес әскери құрылымдардың жалпы саны айтарлықтай артты. Олардың санының артуы тұрақты әскерге нұқсан келтірді. Мысалы, 1989 жылы Герат провинциясында «17-ші жаяу әскер дивизиясында (Герат) тұрақты әскерлер саны 3400 адамы және оларға жедел бағыныңқы тайпалық бөлімдердің 14 мың адамы болды. 21-ші жаяу әскер дивизиясында (Шиндант) барлығы 1645 адам және тайпалық бөлімдерде 14 мың адам болды. Бірніші және екінші дивизияда 500-700 адам офицерлер, 20-40 сержант және 1 мыңнан 2 мыңға дейін солдат болды. Тұрақты әскерлердің үлес салмағының біртіндеп қысқаруы орын алды».<sup>114</sup> Әскери жоспарда әскердің маңызы айтарлықтай қысқарды.

1988 жылы Нангархар провинциясының губернаторы болып оппозиция өкілі, Вакиль Азам Шинвари тағайындалды. Бұл тағайындау шинваридің пуштундық тайпасының провинциясында ықпал етуді қамтамасыз ету қажеттілігімен байланысты болды, оның көшбасшыларының бірі жаңа губернатор болды. Ол Кеңес әскерлерін шығару жағдайында осы маңызды провинцияны ұстап тұру тұрғысынан үлкен мәнге ие болды.

Алайда кеңес кеңесшілері мұндай саясаттың өз шектеулері бар деп түсінді. Василий Христофоров Нангархардағы тайпалық құрылымдармен қалыптасқан жағдайға қатысты айтқан пікірі тән. 1988 жылдың тамыз айында провинцияға сапары кезінде, сол кездегі МҚК төрағасы Крючковтың тайпалық полкінің командирі Жахангирмен кездесуі өтті. Соңғысы «Наджибулла режимін жан-жақты мақтап, оған азық-түлікпен, киім-кешекпен, қарумен және оқ-дәрілермен көмек көрсетуді сұрады. Бұл ретте, тайпалық полк шайқаста ерекше жетістіктерімен ерекшеленбеген. Алайда, оны үкіметтік билік тарапынан ұстап тұру үшін уәде беріп қана қоймай, сондай-ақ осындай бөлімдер мен бөлімшелерді қолдауға тура келді».<sup>115</sup>

Мұндай саясатты бүкіл Ауғанстанның ауқымында жүргізу КСРО-дан айтарлықтай қосымша шығындарды талап

еткендігі сөзсіз. Батыс бағалаулары бойынша, Наджибулла режиміне кеңестік көмек 1991 жылдың соңына дейін жылына 3-4 млрд. долларды құрады.<sup>116</sup> Бұл сан КСРО-дан әскери және азаматтық мүлікті, бірінші кезекте әскери мүлікті жеткізудің барлық ауқымды көлемін нарықтық бағалауды қамтитынын ескеру қажет. Мысалы, 1989 жылы Ауғанстанға 2,6 млрд. рубль сомасына әскери техника қойылды. Келесі жылы кемінде 1,4 млрд. рубль жұмсалды.<sup>117</sup> Сол кездегі бағам бойынша рубльдерді долларға аудару дұрыс емес еді. Мысалы, жинақталған үлкен кеңес резервтерінен жүзеге асырылған сол әскери авиацияның жеткізулері бойынша. Кез келген жағдайда КСРО үшін мәселенің бағасы өте маңызды болды.

Бірақ Мәскеуде ерекше таңдау болған жоқ, ол Ауғанстаннан әскерді шығарып, режимнің құлдырауына жол бермеуі керек еді. Сондықтан Кеңес Одағы Ауғанстанның орталықтандырылған мемлекеттік құрылымының негізін бұзса да, әртүрлі милициялық құрылымдардың адалдығы үшін ақша төлеуге дайын болды. Өйткені жеткізілімдердің кез келген тоқтатылуы немесе олардың төмендеуі орталық биліктің тұрақтылығына қауіп төндірді. Әрине, егер әртүрлі қауымдастықтар мен тайпалардың артық дербес құрамаларын ұстауды одан әрі қамтамасыз ете алмаса, Кабул үлкен қиындықтарға тап болады. Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген Герат мысалында біз тұрақты әскерлер, бірқатар жағдайларда, милициялық құрылымдардан сан көрсеткіші бойынша ерекше төмен болғанын байқадық.

Жалпы тактикалық тұрғыдан ұлттық татуласу саясаты режимнің жалпы тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік берді. Стратегия тұрғысынан алғанда, орталық биліктің мұндай әлсіреуі тергеусіз өтуі мүмкін емес, себебі мемлекеттік институттардың әлсіреуімен қатар жүрді. Шын мәнінде, бұл кейіннен әсер етті.

Кеңес кеңесшілері мен Наджибулланың үкімет өкілдері де қалыптасқан жағдайдың барлық күрделілігін түсінгені анық. Алайда, ауған билігі маңызды мемлекеттік институттардың бірі – әскерді саналы түрде әлсіреткендігі белгілі. «Хальк» фракциясының өкілдері басым болған әскерге сенімсіздік «Парчам» фракциясы мүшелерінің саясатының басты қозғаушы

себебі болып қала берді. Мұндай ұстанымды ауған бағытына жетекшілік еткен МҚК өкілдері де бөлісті.

Мысалы, 1989 жылы Ауғанстанға жедел топтың жетекшісі болып жіберілген генерал Махмуд Гареев сапар алдындағы өзінің МҚК төрағасы Крючковпен әңгімесін сипаттап берді. «Мен (М. Гареев – авт.ескерт.) кеңес басшылығына Ауғанстан Президентінің ауған әскеріне деген сенімсіздігінен бас тартуға кеңес беру керектігін түсіндіруге тырыстым... Осының барлығына МҚК төрағасы еш ынтықпай, салқын жауап берді: «Егер сіз осындай көңіл-күймен Ауғанстанға барсаңыз, онда сізге табысты жұмыс істеуге сенім артуға болмайды». Одан кейін ол Кабулда жұмыс істейтін кейбір кеңестік әскери кеңесшілердің дұрыс емес ұстанымына наразылығын білдірді... Кейін әскерге деген қарым-қатынас біздің президентімізбен жұмысымыздың және біздің МҚК өкілдерімен ынтымақтастықтың ең қиын мәселелерінің бірі болғанын түсіндім».<sup>118</sup> Әскер мен халькистерге сенімсіздік бірнеше параллель әскери құрылымдардың бір мезгілде болуына себеп болды.

Бұл тек қана, әскер басшылығына емес, Президентке тікелей бағынатын этникалық милицияның жаңа құрылымдары туралы емес. Қауіпсіздік күші (ХАД) және царандоядан (милиция) басқа, 1988 жылдың мамырында, Наджибулланың өзі жеке басқарған, ерекше мақсаттағы Гвардия құрылды. 1989 жылдың басында оның құрамында 17,5 мың әскери қызметші болды. Дәл осы гвардияға Кеңес әскерлерін шығару кезінде Кабул маңындағы барлық негізгі қауіпсіздік бекеттері берілді.<sup>119</sup> Осылайша, әскер орталық биліктің қарамағында болған әскери құрылымдардың бірі ғана болды. Оның мәні айтарлықтай азайды. Мұндай жағдай, өз кезегінде, көбінесе халькистік болып қалған офицерлік корпус арасында наразылық тудырды.

*Кеңес әскерін Ауғанстаннан шығару және Наджибулла режимінің тұрақтылығы үшін күрес*

Осындай қиын жағдайда Кеңес әскерлерін Ауғанстаннан шығару орын алады. 1988 жылдың 14 сәуірінде Женева

келісіміне қол қойылды. Негізгі келісімдерге Ауғанстан мен Пәкістан арасында қол қойылды. Біріншіден, олар өзара қарым-қатынас қағидаттары, араласпау және интервенциядан бас тарту туралы екіжақты келісімді қамтыды. Екіншіден, Ауғанстанға қатысты жағдайды реттеу үшін өзара байланыс туралы келісім. Оған Ауғанстан, Пәкістан, сондай-ақ КСРО және АҚШ сыртқы істер министрлері кепілгер елдер ретінде қол қойды. Үшіншіден, жасалған келісімдерді «түсіну меморандумына» қол қойылды. Төртіншіден, АҚШ пен КСРО қол қойған халықаралық кепілдіктер туралы декларация.<sup>120</sup> 1988 жылғы 15 мамырда келісімдер күшіне енді.

7 сәуірде, оларға қол қойғанға дейін, КСРО Қорғаныс министрі Дмитрий Язов әскерлерді шығару туралы жалпы директиваға қол қойды. 15 мамырдан тамызға дейін әскерлердің 50% шығарылуы тиіс болатын. Екінші кезең 1988 жылдың 15 қарашасынан 1989 жылдың 15 ақпанына дейін өтуі керек еді. Ауғанстан аумағында әскерлерді шығару туралы шешім қабылдау қарсаңында 672 танкімен, 1574 бронетранспортерлермен, 2862 бронемашинамен, 2136 минометпен, 326 тікұшақтармен, 160 жауынгерлік және көліктік ұшақтармен және 18 автомобильдермен қарулы 110 мың адамнан тұратын кеңес тобы болды.<sup>121</sup> Кеңес әскерлерін шығару еш қиындықсыз өткен жоқ. Алайда, жалпы міндет мерзімінде, 1989 жылдың 15 ақпанына дейін орындалды. Үлкен шығындарды болдырмау мүмкін болды. Тиісінше тактикалық мақсаттарға қол жеткізілді.

Бірақ Мәскеу үшін ең бастысы Кабулдағы режим әскерлерді шығарғаннан кейін өз позицияларын ұстап тұруы болды. Бұл ретте, әрине, ұлттық татуласу саясаты маңызды рөл атқарды. Атап айтқанда, Кабул және кеңес кеңесшілері, соның ішінде этникалық милициялық құрылымдарды құру көмегімен Ауғанстаннан әскерлерді шығарудың негізгі бағыттарында солтүстіктегі қарсылық күштерін бейтараптандыра алды. Үкімет әскерлері бас тірек пункттерін де ұстап тұрды.

1989 жылы Жалалабатты қорғау режимнің тұрақтылығын демонстрациялаудағы маңызды сәттің бірі болды. Кабулдан Пәкістанға созылып жатқан жол бойында орналасқан Нангархар провинциясы және оның орталығы Жалалабат

маңызды стратегиялық мәнге ие болды. Бұл қаланы жоғалту Ауғанстан аумағына Пәкістаннан оппозиция құрған үкіметті көшіруге әкеп соқтыруы мүмкін еді. 1989 жылы АҚШ пен Пәкістанның стратегиясы мынадай болды: «сунниттік Пешауар альянсының негізінде ауғандық өтпелі үкімет қалыптастыру, содан кейін бұл үкіметті әскери шабуыл арқылы билікке келтіру».<sup>122</sup> Кабул, мысалы, хазарейлер қоныстанған Бамиан елді мекенін жоғалтуға көне алды, бірақ Жалалабат тым маңызды болды. Бұл Кабулдың бақылауындағы пуштун аумақтарының санының қысқаруына алып келеді және орталық үкіметтің азшылық ұлттарға тәуелділігін күшейтеді. Сондықтан Жалалабат ерекше маңызға ие болды. Дәл осы жерде ұлттық татуласу саясаты өз нәтижелерін көрсетті.

Жалалабатты ұстау тек қана үкіметтік әскерлердің күш-жігерінің көп шоғырлануының арқасында ғана мүмкін болды. Атап айтқанда, Нангархар провинциясында Кабулдан көшірілген бірінші әскери корпус, шекара бригадалары, қауіпсіздік күштері мен ішкі істер құрылымдары орналастырылды. Провинциядағы үкіметтік әскерлердің барлық тобы 33 танкіге, 107 бронетранспортерге, жүзден астам артиллериялық зеңбірекке ие болған 20 мың адамды санады. Авиациялық қолдау Бағрамнан көрсетілді.<sup>123</sup> Бірақ, мүмкін, осы провинциядағы Кабул билігі тұрақтылығының маңызды себебі жергілікті губернатор болған шинвари провинциясының үш ірі тайпасының бірімен келісімге қол жеткізу болған шығар.

Нангархарда барлығы үш пуштун тайпалары – момандтар, шинвари және хугиани провинция халқының 61%-ын және оның пуштун бөлігінің 76%-ын құрады.<sup>124</sup> Хугиани тайпасы ауған оппозициясы қатарында болған «Хезбе-и ислами» партиясын (Ауғанстан Ислам партиясы) басқарған, осы тайпадан шыққан Юнус Халеспен тығыз байланысты болды. Бұл партия Кеңес Одағының басып кіруіне қарсы күрестің бастапқы кезеңінде Гүлбеддин Хекматиардың «Хезбе-и ислами» партиясынан бөлініп шықты. Алайда, мұнда да жағдай бірқалыпты емес еді. Мысалы, хугианидің көпшілігі Халеске Жалалабатқа шабуыл жасау үшін көмек көрсетуден бас тартқаны туралы пікір болды.<sup>125</sup> Теориялық тұрғыдан, бұған себеп, біріншіден, ұлттық татуласу саясаты билікке хугианиді



де тарта алғандығында. Екінші жағынан, шинвари мен басқа да бірқатар қауымдастықтардың қолдауын пайдаланатын ауған армиясының жалпы басымдығын ескере отырып, Жалалабатқа тікелей шабуыл жасау өте қауіпті іс-шара болды.

Жергілікті тайпаларды нығайтылған позицияларды шабуылға көтеру өте қиын болды. Мысалы, Пактия провинциясындағы басқа Хост қаласының айналасындағы жағдайды атап көрсетуге болады. Оған Юнус Халестің Ауғанстан ислам партиясына тиесілі, дзадран тайпасынан шыққан Жалалуддин Хаккани жасақтары шабуыл жасаған. Хаккани мен дзадрандарда ірі гильзай тайпасы – ахмадзайлармен күрделі қатынастар болды. «Сибгатулла Моджадедди партиясы командирлерінің бірі Наим Кучи, Хаккани Пактияның солтүстік бөлігінің ахмадзайы болған Наджибке қарағанда, оның тайпасының мүддесі үшін үлкен қауіп төндіреді деп санады».<sup>126</sup> Сондықтан, Жалалабат пен Хост шабуылдарға тойтарыс бере алды. Демек, Пәкістанда болған суннит және пуштун оппозициясы үшін Ауғанстан аумағында қоныстануға мүмкіндік болмады. Наджибулла режимі негізгі қалалық орталықтар мен олардың арасындағы коммуникациялар желілерін берік ұстап тұрды. Яғни, 1989 жылы Кабулдағы режим жағдайы тұрақты болды.

Сол уақытта Мәскеу халькистер мен парчамистер арасындағы тепе-теңдікті сақтау үшін күш салды. 1988 жылдың 26 мамырында Владимир Басовтың жазған «Ауғанстаннан КӘШК шығару жағдайында АХДП мен мемлекеттік билікті одан әрі нығайту жөніндегі ұсыныстар» жазбасында «КӘШК әскерлерін шығаруға дейін қалған қысқа уақыт кезеңінде АХДП-ның органикалық идеялық және ұйымдастырушылық-кадрлық бірлігін қамтамасыз ету мүмкін емес», – деп көрсетілген. «Сондықтан қазір бар шындықты мойындау, сырттан партиялық күрестің күрделі мәселелерін шешуге тырыспау, ең алдымен партияның әскери қанаты шеңберінде бірлескен іс-қимыл бірлігіне қол жеткізуге баса назар аудару маңызды».<sup>127</sup> Бұдан әрі тәжірибелік ұсыныстар берілді: «Президент (Наджибулла – авт.ескерт.) тек МҚМ мен гвардияны, ал Зерай – әскер мен царандойды бақылауында болсын. Танай Қорғаныс министрі болып, ал АХДП ОК Қарулы күштері бөлімінің меңгерушісі

болып генерал Назар Мұхаммед тағайындалсын». <sup>128</sup> Яғни, КСРО үшін әскери іс-қимылдарды табысты жүргізу халькистердің мәртебесін біршама жоғарылатуды көздегені айқын болды. Жоғарыда көрсетілген тұлғалардың ішінде «Хальк» мүшелері Зерай, Танай және Назар Мұхаммед болды. Айта кететін жайт, Таңай нәтижесінде 1988 жылдың жазында Қорғаныс министрі болды.

Халькистер Мәскеуге, әсіресе пуштундық аудандарда үкіметтің іс-қимылының тиімділігін арттыру мақсатында қажет болды. Мысалы, Жалалабатты қорғау кезінде 1-ші әскери корпусты пушту тілін білмеген, «Парчам» фракциясының генералы Мұхаммед Асеф Делавар басқарды. <sup>129</sup> Бұл елдің пуштундық оңтүстігінде Кабул саясатының тиімділігіне ықпал етпегендігі анық.

1992 жылдың басында Ауғанстанда орталықтандырылған мемлекеттіліктің ыдырауы үдерісінің катализаторы азшылық ұлттардың солтүстік құрылымдарының шеруі болды. Ақпан айында Ауғанстандағы Ресей елшілігі Мәскеуге «солтүстік провинцияларда Ауғанстан басшылығы тарапынан әрекет ететін ұлттардың әскери құрамалары мен әскерлердің арасындағы қарулы қақтығыс сақталатынын хабарлады. Ақпан айында Ауғанстандағы Ресей елшілігі Мәскеуге «солтүстік провинцияларда Ауғанстан басшылығы тарапынан әрекет ететін ұлттық құрамалар мен әскерлер арасындағы қарулы қақтығыс сақталатынын хабарлады. 13 ақпан күні таңертеңнен бастап ІІМ 4-бригадасы Жаузжан провинциясының Арч уезінде 53-ші жаяу әскер дивизиясының (өзбек) позициясына шабуыл жасады. Екі жағынан да тірі күш пен техникада шығындар бар. АИҚ дала командирлерінің Пешауардағы штаб-пәтеріне жасаған баяндамасы бойынша Президент жақтастарының бір тобы Хак-тың 70-ші механикаландырылған бригадасының командирі генерал-майор Муминді Хайратонда тұтқындады. Осыған байланысты 53-ші жаяу әскер дивизиясының командирі генерал-полковник Дустом Наджибулламен

ынтымақтастықтың тоқтатылғаны туралы мәлімдеді. 14 ақпан күні таңертең 53-ші жаяу әскер дивизиясы құрамынан 511-ші жаяу әскер бригадасының бөлімшелері Даулатабадта (Фарьяб провинциясы) орналасқан 525-ші пгбр штаб пен әскери қалашыққа оқ атуды бастады». <sup>24</sup>

Ұлты тәжік, генерал Абдул Мумин 1970 жылы Өзбекстанмен шекарадағы негізгі Хайратон қаласын бақылайтын 70-ші дивизияны (бригадамен) басқарды. <sup>25</sup> Ол солтүстік топ қолбасшысының, генерал Жума Ацақтың оны басқа бөлімге ауыстыру туралы бұйрығына бағынудан бас тартты. Косимшо Искандаровтың пікірінше, генерал Мумин мұндай қадамға Дустумның, Надеридің және, мүмкін, Масудтың қолдауынсыз шешілмеген болар еді. <sup>26</sup> Азшылық ұлттар қатарынан үкімет әскерінің генералдары оппозицияның далалық командирлерімен, бірінші кезекте Масудпен келіссөздерге кірісуі әбден мүмкін. Бұл оппозиция қатарынан пуштундар-коммунистер мен пуштундар арасындағы байланыстарға реакция болуы мүмкін.

Оппозицияның ең ықпалды дала командирі Масудпен жасалған келісім Кабул билігіне қарсы коммунистік тәртіптің солтүстік құрылымдарының іс-әрекет етуі үшін өте маңызды шарт болды. Бұл Дустумға, Надериге және басқа да көптеген азшылық ұлттардан келген генералдарға қызығушылық өте айқын болды. Басқа мәселе, неге Масуд өзі Пешауарда Пешауарлық альянстың жеті партиясының өкілдері арасында жаңа үкіметті құру туралы келіссөздер жүргізгенде осындай қадамға барды?

Әрине, Масуд Ауғанстанның ішінде өзінің күшті позициясына ие болды, атап айтқанда ол дала командирлерінің шеруін басқарды. Алайда, ол, формальді түрде болса да, Пәкістан аумағында саяси үдерісте белсенді қатысқан Бурхануддин Раббанидің «Жамиат-и ислами» партиясына тиесілі болды. Құрамында тәжіктер басым болған «Жамиат» партиясының мүмкіндіктері негізінен пуштундық партияларға, әсіресе исламшыл және дәстүршілдік партияларға қарағанда кем болды. Сондықтан Раббани партиясы маңызды саяси құрылым болғанымен, бірақ ауған қарсылығының пуштундық партияларына өз мәні бойынша жол берді. Әрине, Пешауарлық

альянс аясындағы кез келген мүмкін болатын саяси комбинациялар кезінде «Жамиат» болашақта Ауғанстандағы көшбасшы орынға үміткер бола алмайды.

Бұл жағдайда Масуд Ауғанстанның солтүстігіндегі азшылық ұлттар қауымдастықтарымен келісімге келуге әбден мүмкін еді. Бұл оған бірқатар артықшылықтарды қамтамасыз етер еді. Біріншіден, осылайша, ол ішкі уағдаластықтардың нәтижесінде елдің барлық мемлекеттік басқару аппаратының пуштундық партиялардың бірінің қолына, мысалы, сол Хекматиардың қолына жасырын беру бойынша жоспардың алдын ала алды. Мұндай жоспарлар туралы Ауғанстандағы Ресей елшілігінің хабарламасында айтылған. «А. ж. ақпан айының бірінші күні Наджибулланың өкілдері мен Майданшахр ауданында (Уардак провинциясы) бірнеше күн бойы болған, АИП көшбасшысы Г. Хекматиармен кездесу өткені байқалды. Мұндай кездесуді ұйымдастыру бастамасы АР президентіне тиесілі болды, ол Г. Хекматиарды барлық қақтығысушы тараптар арасында ымыралы келісім жасау негізінде ауған проблемасын шешуге қатысуға шақырды. Келіссөздер барысында Наджибулла өкілдері АИП басшысының ұлттық көзқарастары мен көңіл-күйлерінде ойнауға тырысты. Олар Хекматиарға Солтүстік провинциялардағы антипуштун қозғалысына қарсы әрекет ету үшін «Ауғанстанның ыдырау қауіп-қатерін жою үшін» АИП қарулы құрылымдарын қоса алғанда пуштундардың күш-жігерін біріктіруді ұсынды».<sup>27</sup> Бұдан басқа, бейбіт реттеу бойынша қолданыстағы жоспарлар да (Севанның жоспары, Захир-шахтың римдік жоспары) жүзеге аспады. Осы жасырын да, ашық та келісімдердің барлығы пуштундар үстемдігін қалпына келтіруге және азшылық ұлттардың әсерін төмендетуге әкелді.

Екіншіден, Солтүстік азшылықтардың құрамалары Кабулдағы режимге қарсы шыққан жағдайда оның құлауы сөзсіз болды. Бұл жағдайда Масуд коммунистік үкіметтің жақтастары қатарынан барлық тәжіктерді өз жағына тартуға сене алады. 1992 жылға қарай тәжіктер армияның, милиция мен қауіпсіздік қызметінің барлық құрамының кем дегенде жартысын құрауына байланысты, оқиғалардың мұндай дамуы Масуд күштерінің бірнеше рет ұлғаюын қамтамасыз

етті. Үшіншіден, Масуд Наджибулла режимінде жинақталған әскери және материалдық ресурстардың елеулі бөлігін алды. Ол сондай-ақ Кабулға бақылау жасай алады. Төртіншіден, Ауғанстандағы саяси үдерістердегі тәжіктердің мәні, яғни «Жамиат» – Пешауар жетегінде олардың жалғыз өкілі ретіндегі рөлі күрт өсті.

Сондықтан Масудтың солтүстік азшылықтардың командирлерімен уағдаластыққа қол жеткізуі күшті және оның қарсыластары үшін күтпеген қадам болды. Бұл келісімдер Ауғанстандағы ішкі саяси жағдайды түбегейлі өзгертті. Олар тек тәжіктер мен басқа да азшылық ұлттардың өкілдеріне өздерінің пуштундық қарсыластарын жеңуге мүмкіндік беріп қана қоймай, келісілген бейбіт жоспарды қабылдаудың барлық әрекеттерін де құнсыздандырды. Сондықтан да, сәуір айында Дустумның жауынгерлері Наджибулла елінен кетті, өйткені режим басшысының кетуі БҰҰ өкілі Бен Севанның бейбіт жоспарының бір бөлігі болды. Оған сәйкес Наджибулла қорғаныс министрінің орынбасары және Кабул гарнизонының командирі генерал Мұхаммед Наби Азимидің басшылығымен әскери кеңеске билікті беруі тиіс болатын. Белгілі бір дәрежеде мұны пуштундық үстемдіктің қайтарылуына жол бермеуді қалайтын және орталықтандырылған ауған мемлекетін қалпына келтіру идеясына қарсы үндесуді қалайтын азшылық ұлттар тарапынан алдын алу шаралары ретінде бағалауға болады.

Масуд тарапынан бұл жұқа саяси ойын болды. Ресми түрде ол ислам үкіметінің тез арада құрылуын жақтап, Пешауарда осы партияға шақырды. Теориялық тұрғыдан мұндай үкімет коммунистік Кабулдағы билікті ұстауы керек еді. Сонымен қатар, Масуд өз тарапына мемлекеттік күштерден тәжіктерді тарту есебінен өз ұстанымдарын күшейту мақсатында коммунистік тәртіптің мұрасын бөлуге ұмтылды. Осылайша, ол Ауғанстанның саяси сахнасында ең күшті тұлға болды. Сонымен қатар, ол басқа да азшылық ұлттар арасында әсер етті, олармен де-факто Ауғанстанның солтүстігі мен орталығын ықпал ету аймақтарына бөлді. Масудтың мұндай әрекеттері Пешауарда қалыптасқан кез келген мүмкін болатын ислам үкіметін автоматты түрде өте күрделі жағдайға қойды. Мұндай

үкіметте өз әскері болмас еді, ел аумағының көп бөлігіне бақылау жасамас еді, және ең күрделісі, ол барлық мемлекеттік институттарды бақылай алмас еді.

Пешауарда да күрделі үдерістер болды. Кувейт дағдарысы Пешауар альянсы партияларының ішінде күштерді орналастыруға өз әсерін тигізбеуі мүмкін емес еді. АҚШ пен Сауд Арабиясы Хекматиар мен Сайяф партияларын қолдау деңгейін төмендетті. Сонымен қатар, олар Иракқа қолдау көрсеткен Раббанимен қарым-қатынасты сақтап қалды. Петер Томсен 1991 жылдың наурыз айында Раббанимен кездескені туралы жазды. Әңгіме барысында Раббани «Хекматиар мен Сайяфты бейтараптандырудың әрбір мүмкіндігін қолданғандығы туралы айтты. Бұл маған өтірік сияқты көрінді. Ол Шураға қолдауын дала командирлеріне растады және Моджадедди, Гейлани, Наби, Халес және шииттер өкілдерімен келісімге қол жеткізу мақсатында біріккен «майдан» құруды ұсынды. Бұл жақсы жаңалық болды».<sup>28</sup> Мұндай әңгіме, егер ол шынымен болса, өте көрнекі болып табылады.

Әлбетте, халықаралық коалицияның күштерімен Ирактың құлағанынан кейін Раббани үшін бұрынғы желіні ұстаудың ешқандай мағынасы болмады. Сонымен қатар, ол Пәкістанның фавориті Хекматиар болып қала беретіні туралы жақсы түсінді. Ол, сондай-ақ Масудтың Ауғанстан ішінде саяси ұпай жинап жатқанын көрді. Масуд 1990 жылдың мамырында пәкістандықтардан тәуелсіз моджахедтер командирлерінің Ұлттық Шурасын құрды. Қазан айында аталған Шура Пәкістан ISI барлауы әзірлеген Кабулға тікелей шабуылдарды ұйымдастыру стратегиясына қарсы қарар қабылдады.<sup>29</sup> АҚШ, Сауд Арабиясы, бір жағынан, екінші жағынан, Пәкістан арасында да қарама-қайшылық болды. Раббани үшін АҚШ-қа белгілі бір қадамдар жасау және Иракты қолдауға коалицияға қатысудан теріс әсерді жою керек болды.

АҚШ үшін де Раббани қызығушылық тудырды, біріншіден, ол Пәкістанның айқын фавориті болған жоқ. Екіншіден, оның «Жамиат» партиясына Масуд және басқа да ықпалды командирлер, мысалы Герат провинциясының Исмаил-хан тиесілі болды. Атап айтқанда, Исмаил-хан 1987 жылы моджахедтер конференциясында «Кабулдағы коммунистік

тәртіптің ұлттық татуласу саясатын және шетелде жүрген моджахедтердің көшбасшылардың ел ішіндегі командирлерге жұмыс істемейтін шешімдерді тағуға талпыныстарынан» бас тартты.<sup>30</sup> «Жамиаттың» 30 көрнекті командирлері Пәкістанмен қарым-қатынаста белгілі бір қашықтықты қолдады. Үшіншіден, Раббани ауғандық қарсылық көшбасшыларының қатарында жалғыз пуштун емес адам болды. Төртіншіден, ол Хекматиар мен Сайяф сияқты идеологиялық тұрғыдан уәждемелі болған жоқ, өте икемді болды.

Пәкістан, АҚШ және Сауд Арабиясы арасындағы қайшылықтар үкіметтің қалыптасуына өз әсерін тигізді. Петер Томсен 1991 жылдың наурыз айында өткен Пәкістанның ISI барлау басшысы генерал Дурранимен өз әңгімесін келтіреді. Оның айтуынша, «Ауғанстанда болып жатқан жағдай Пәкістанның өмірлік мүдделеріне қатысты. Мұндайды Құрама Штаттар мен Сауд Арабиясы туралы айтуға болмайды. Оларда кетуге мүмкіндік бар, ал Пәкістанның ондай мүмкіндігі жоқ».<sup>31</sup> Алайда, Пәкістанның ауған саясатында АҚШ-ты толығымен елемей мүмкін емес еді. Ол, өзінің Сайяф сияқты, АҚШ пен Сауд Арабиясы өз көмек бағдарламаларынан шығарып тастағандарына қарамастан, Хекматиарға қолдау көрсетуді жалғастырды. Әрине, мұндай ұстаным аталған мемлекеттер үшін Хекматиардың болашақта ауған үкіметінде басым күш ретінде қолайсыз кандидатура болып табылады деп болжанған. Дегенмен, Пәкістан осы саясаткерді қолдауды тоқтатпады. Нәтижесінде Пешауар альянсы үкіметті қалыптастыру мәселесінде үлкен қиындықтарға тап болды. Оның қалыптасу үдерісі Ауғанстанның ішінде болған қызу оқиғалар болмаса, өте ұзақ созылуы мүмкін еді.

Ауғанстанның солтүстігінде 1992 жылдың наурыз айына қарай Наджибулла үкіметі Ауғанстанның бүкіл солтүстігін жоғалтты. Бұл жерде Кабулдағы билікке қарсы генерал Дустумның 53-ші өзбек дивизиясы, Саид Надеридің исмаилиттерінің 80-ші дивизиясы, тәжік Муминнің 70-ші дивизиясы қарсылық көрсетті. Мазари-Шариф қаласы бүлікшіл генералдардың бақылауына өтті. Бұл ретте, ұлты бойынша өзбек, АХДП ОК мүшесі, Мазари-Шарифтегі дивизия командирі, Парван провинциясының генерал-губернаторы,



провинция гарнизонының бастығы, генерал-полковник Абдур Рауф Беги үлкен рөл атқарды. Наджибулла режимі құлағаннан кейін ол А. Дустумның әскер штабы бастығы болды.<sup>32</sup> Солтүстіктегі қақтығыс ұлтаралық қақтығыс сипатына ие болды. Азшылық ұлттардың құрылымдары негізінен пуштундармен жинақталған бөліктерге қарсы күрес жүргізді. «Балх уездік орталығында орналасқан 588-ші шбр қолбасшылығы (негізінен пуштундармен жасақталған) АИП құрылымдарына көшу туралы мәлімдеді. Ұлтаралық негізде қарулы қарсыластық ауқымын кеңейтуді болдырмау мақсатында генерал-полковник Р. Дустом Жаузжан мен Сари-Пуль (580-ші және 607-ші пп) провинцияларындағы бағынышты бөлімшелерге ИМ (4-ші бр, 34-ші және 53-ші шп, 74-ші полк, 80-ші тау полкі, 3-ші бр, 790-ші полк) және МГБ (44-ші пп) бөлімдерін қарусыздандыруға, сондай-ақ жергілікті басшылық арасындағы пуштун ұлтының адамдарын қамауға алуға бұйрық берді».<sup>33</sup>

Наджибулла солтүстік шекарадан шеттетілді, енді бұл Өзбекстанмен шекара болды. Бұл КСРО-ның жұмыс істеуі кезінде, осы елден жүктерді жеткізуді қамтамасыз ету қажеттілігі болған кезде осындай сыни мәнге ие болған жоқ. Дегенмен солтүстікте, атап айтқанда Хайратонда және Мазари-Шарифте қару-жарақ пен материалдық ресурстардың қомақты қоры жинақталған. Олардың жоғалуы Кабулды жабдықтау үшін өте қиын болды.

1992 жылдың наурыз-сәуір айларында Наджибулла үкіметі елдің солтүстігін іс жүзінде күреспей жоғалтты. Бұл, көбінесе, бұрын коммунистік режимнің жүргізген ұлттық татуласу және жергілікті милицияға тірек саясатының салдары болды. Көптеген милициялық құрылымдар ауған әскерінің әскери мүмкіндіктерінен асып түсті. Жоғарыда Гератпен мысал келтіріліп, онда тайпалық жасақтардағы адам саны шет аймақтардағы әскери бөлімшелердегі адамдарға қарағанда көп болғандығы айтылған. Ауғанстанның солтүстігінде әрқайсысы «3 мың адамнан тұратын 2 әскер дивизиясы болған. Полиция шамамен 30 мың адам және 11 гвардиялық бригадаларда ұйымдастырылған 12-ден 13 мың адамға дейін милиция құрылымдарын есептеді. Әскер Кабулдағы тәртіпті

көрсетті, гвардиялық бригадалардың жергілікті бақылауымен болды».<sup>34</sup> Бұл деректер 1987 жылы АҚШ-та шығарылған кітапта келтірілген. Бірақ жалпы үрдіс дұрыс белгіленген. Солтүстіктегі әскери бөлімдер өте аз болды. Жағдайды бақылауды Кабулға тікелей бағынатын жергілікті милициялық құрылымдар жүзеге асырды. 1987 жылдан кейін үрдіс күшейе түсті, жаңа милициялық бөлімдер – атап айтқанда, Расул Пахлаван бригадасы және басқалары құрылды. 1992 жылы Дустумның 53-ші дивизиясы ғана 40 мың адамға жетті. Әрине, солтүстік аудандардағы шағын әскери бөлімдер көптеген жергілікті милицияға қарсы тұра алмады.

Жалпы алғанда, наурыз айында елдің солтүстігін жоғалтқаннан кейін Наджибулла үкіметінде келіссөздер үшін де, бейбіт шешім іздеу үшін де көп уақыт қалған жоқ. 1992 жылдың сәуір айының басында Бағрам стратегиялық маңызды әуежайының айналасында қызу оқиғалар орын алды. «Парван провинциясында Бағрам әуеайлағы мен Шарикар және Жабал-Уссараж әкімшілік орталықтары аймағындағы АИП мен АИҚ құрамалары арасындағы шиеленіс орын алды. Қарулы қақтығысқа 2-ші және 40-шы жаяу әскер дивизиясы құрамындағы бөлімшелердің бір бөлігі тартылған. Бұл ретте әскери қызметшілер ұлттық белгі бойынша межелеп бөлінген, сол арқылы бұрын қабылданған бейтараптықтың ұстанымын бұзды».<sup>35</sup> Нәтижесінде, Масудтың ықпалды командирлердің бірі тәжік Бисмилла ханның Бағрам әуеайлағы гарнизонымен және 40-шы дивизияның әскери қызметшілерімен келіссөздерінен кейін 15 сәуірде Бағрам мен оның гарнизоны Масуд жағына ауысты. Бисмилла Хан Бағрамадағы базаның қолбасшысы болып тағайындалды.<sup>36</sup> Кейіннен, 2001 жылы талибтердің құлауынан кейін Бисмилла Хан жаңа ауған армиясы мен қауіпсіздік күштерінің маңызды элементі болды. Сонымен қатар, пуштундар, қорғаныс министрі Аслан Уатанджар, ӘӘК қолбасшысы генерал Фаттах, вице-президент Рафи Хекматиармен байланыс іздеді. Ал, ықпалды тәжіктер, билеуші партияның Саяси бюросының мүшелері Фарид Маздак пен Дәуіт Кавьяни Масудты қолдады.<sup>37</sup> Ауғанстандағы билік жүйесі құрамдас бөліктерге ыдырай бастады. Бұл ретте оның әрбір элементі оның саяси өмір сүруіне кепілдік бере алатын

адамдарға жақындауға ұмтылды. Көбінесе мұндай таңдау этникалық қауымдастықпен байланысты болды.

Бұл жағдайда ауған коммунистері арасында ескі бәсекелестер өздерін қалай ұстағандығы тән. Бір жағынан, «Хальк» пуштундары Хекматиарды қолдады. Екінші жағынан, «Парчам» жақтастары едәуір дәрежеде Масудқа қосылды. Бұл, бірінші кезекте, даритілді кабулиге, оның ішінде пуштундарға қатысты болды. Ифтикар Муршедтың пікірінше, дәл осы парсылды (дариілді) парчамистер сәуір айында төңкеріс ұйымдастырып, нәтижесінде Наджибулла БҰҰ өкілдігінде қашып кетуге мәжбүр болды. Содан кейін олар Масудқа елордаға кіру туралы өтініш білдірді.<sup>38</sup> Бұл ретте Масудты қуғынға ұшыраған Ауғанстанның көшбасшысы Бабрак Кармалдың жақтастары қолдады. Кабул тұрғындары (кабули), пуштундар, тәжіктер үшін Хекматиардың билікке келуі тек қана саяси исламды жақтаушылардың осы жерден туындайтын барлық салдарымен жеңіске жетуін ғана білдірмеді. Олар сондай-ақ пуштун ұлтшылдығынан қорқуы керек еді. Даритілді кабулилерге, әсіресе қалалық пуштундар үшін бұл үлкен проблема болуы мүмкін еді.

Сондай-ақ, парчамистер Хекматиардың жақтастары арасында көп болған радикалды халькистердің қайтуына байланысты қатты алаңдады. Олар Танайдың жеңілісінен кейін оған жақындады. Бұл екі фракция өкілдерінің арасындағы күрделі қарым-қатынас Ауғанстанның ауылдық оңтүстігінен шыққан Хекматиар мен пуштутілді халькистердің жеңісі, «Парчамға», әсіресе даритілді кабулилердің жақтастарына жақсы әсер берілмейтініне күмән тудырмады. Сондықтан олар үшін Масуд пен тәжіктер серіктес ретінде анағұрлым қолайлы болды. Атап айтқанда, кабули Масуд пен Панджшерден келген тау тәжіктеріне Кабулдағы мемлекеттік аппараттарды басқару бойынша өз қызметтерін ұсына алды.

1992 жылдың сәуірінде Кабулдағы билікке Кухистан тау ауданынан шыққан тәжік Бачай Сакао келген 1929 жылдың тарихы белгілі бір дәрежеде қайталанды. Ол, сондай-ақ, тау тәжіктеріне сүйенді, бірақ Кабулды басқаруда оған Ауғанстанның бұрынғы билеуші элитасының даритілді кабулилері көмектесті.

Бұл контекстiде тау тәжiктерi туралы еске алу өзiнiң маңызына ие болып табылады. Кiтаптың мәтiнi бойынша жоғарыда аталғандай, бiз Орталық Ауғанстанның бiрқатар таулы аудандарынан шығушылар мен қалалар мен ауылдық жерлердiң тұрғындары арасындағы айырмашылыққа бiрнеше рет назар аудардық. Халықтың осы екi тобы да ирантiлдi болды, кейiннен оларды даритiлдi деп атады. Бiрақ таулы тұрғындар өзiнiң қоғамдық ұйымы бойынша жазықтық халықтан ерекшелендi. Олар әртүрлi мемлекеттерге аз дәрежеде тәуелдi болды, салық төлемедi, қару-жарақ пен iшкi қақтығыстарда топтасқан қарулы күш түрiнде жиi әрекет жасады. Осы ирандық таулы тұрғындар тиiмдi әскери күш ретiнде әртүрлi көшпелi тайпалардың бәсекелестерi болды. Тарихтан Гуридтердiң державасын құрған Гура (Қазiргi Ауғанстандағы Гор провинциясы) тұрғындарын еске алуға болады. Замандастар Иранның таулы және жазықтық тұрғындарының арасындағы айырмашылықты нақты түсiнiп, Кабул провинциясының тұрғындары туралы Бабурдың жұмыстарынан жоғарыда мәтiн бойынша мәлiметтер келтiрiлген. Сәйкесiнше, кухистандық Бачаи Сакао мен панджшерлiк Ахмад Шах Масудтың жақтастары тау тәжiктерi болды. Олар әскери көшбасшылар рөлiнде өнер көрсете алды, бiрақ мемлекеттi басқару үшiн қалалық элита өкiлдерiн талап еттi. Парчамистер арасындағы кабули (пуштундар және тәжiктер) осы орынды иеленуге ұмтылды. Бұл тарихи архаикаға оралу болды, алайда Ауғанстандағы жағдай тым алысқа кетiп қалған болатын. Сондықтан парчамистер мен кабулилер үшiн Хекматиар мен халькистердiң билiгiмен келiскеннен гөрi, олар үшiн Масуд бола алатын жаңа әмiрдi қабылдау қолайлы болды.

Осындай оқиғалардың нәтижесiнде билiк құрылымындағы Ауғанстанның екi iрi этникалық топтарының өкiлдерi – пуштундар мен тәжiктер олар бақылайтын барлық ресурстармен бiрге екi iрi әскери-саяси топтар – Хекматиар мен Масуд арасында бөлiндi. Олардың әрқайсысы бұрынғы үкiмет әскерiнiң ресурстары есебiнен өзiнiң әскери қуатын айтарлықтай арттырды. Салыстырмалы түрде шағын партизан құрамалардан олар ауыр қару-жарақпен, артиллериямен, зымырандармен, танктермен және авиациямен қуатты

әскерилендірілген топтарға айналды. Олардың мүдделерінің қақтығысы уақыт мәселесі болды. Оның үстіне, қалыптасқан жағдайда қандай да бір саяси шешім табу өте қиын болды. Наджибулла режимінің 1992 жылдың сәуір айының ортасында тез құлдырауы оның сынықтарында мүдделері бір-біріне қарама-қарсы болатын өз әскерлері бар бірқатар ірі әскери-саяси топтарды құруға алып келді. «Ауғанстанның ең маңызды мемлекеттік институты – әскер этникалық және фракциялық желілер бойынша бөлінді. Жалғыз саяси ұйымдар этникалық немесе аймақтық қағидаттар бойынша біріккен адамдардың әскерилендірілген желілері болды».<sup>39</sup>

Бір мезгілде күшті қайшылықтар Пәкістан мен АҚШ арасында байқалды. Олардың нәтижесі, Пешауар альянсының айтарлықтай әлсіреуі, барлық оппозиция партияларының атынан барлық ауғандық қарсылас күштер үшін біріктіруші рөлде бола алатын жалпы саяси фигураның болмауы болды. Хекматиар мен Сайяф АҚШ пен Сауд Арабиясының алдында өзін беделін түсірді, Раббани тәжік болды, Гейлани бұрынғы әмір Захир-шахпен байланысты болды. Нәби Мұхаммеди мен Халес жалпыұлттық ауқымдағы фигуралар болған жоқ. Олар негізінен тайпалық аудандарда әсер етті. Іс жүзінде бұл саяси тығырық болды.

Алайда сәуір айында қандай да бір шешім табу керек екені анық болды. Бұл Кабулдағы оқиғалардың дамуын талап етті. Ақыр соңында ымыралы шешім табылды. 24 сәуірде алты партияның көшбасшылары Пәкістан басшылығының қатысуымен Пешауар келісіміне қол қойды. Жетінші партияның басшысы Хекматиар оған қол қоюға қатысқан жоқ. Келісім бойынша президент болып Себгатулла Моджаддди екі айға сайланды, содан кейін оны Раббани төрт айға ауыстыру керек еді. Алты ай өткеннен кейін екі уақытша президент үкіметті қалыптастыратын үлкен джирганы шақыруы тиіс еді. Бұл ретте қорғаныс министрі болып Масуд тағайындалды.

Оппозиция қатарынан дәстүрлі партияның көшбасшысы Моджаддди, сол кезде барлығының дерлік көңілінен шыға алатын жалғыз кандидатура болды. Сондай-ақ, ол сопылық накшбандия тарикатының беделді басшысы болды. Оның ата-бабалары ХХ ғасырдың саяси үдерістерінде, мысалы, 1920-

шы жылдардағы Аманулла-ханның құлауына байланысты тарихта маңызды рөл атқарды. Сонымен қатар, Сибгатулла Моджаддидің Ауғанстандағы мүмкіндіктері 1992 жылы шектеулі болды. Соғыс жылдарында сопылық тарикаттардың әсері айтарлықтай азайды. Оларды Хекматияр, Сайяф, Раббани, Халес жақтаушылары сияқты исламшылдар ығыстырып тастады. Естеріңізге сала кетейік, соңғылары 1979-1991 жылдары Пәкістан, АҚШ және Сауд Арабиясының қолдауына ие болды.

Бәлкім, Моджаддиді таңдау Батыс саясатындағы жаңа үрдісті көрсеткен болар. 1991 жылдан бастап Кувейт дағдарысынан және Алжирдегі сайлау мәселелерінен кейін исламшыл-модернистердің саяси қозғалыстары қауіп ретінде қабылданды. Ислам әлеміндегі дәстүршілдік қозғалыстарды Батыс көбірек қолдай бастағаны қисынды болып табылады. Мысалы, Батыс Исламдық құтқару майданының жеңісіне және сайлаудың тоқтауына алып келген, Алжирдегі ырықтандыру үдерістерінің тоқталуына көз жұмды. 1970 жылы Кабулда исламшыл болған Моджадди, 1992 жылы дәстүршіл болды.

Алайда, Моджаддиге берілген екі айлық президенттік оған ешқандай ерекше мүмкіндік бермеді. Жалпы, Пешаурда Моджаддиді және оны ауыстырған Раббаниді ауған билігінің шыңында тұрақты фигуралар ретінде қарастырмаған. Олар уақытша саясаткерлер болуы тиіс еді. Әсіресе, бұл Раббаниге тән. Пуштундық саясаткерлер де, Пәкістан да оны Ауғанстанның көшбасшысы ретінде қарастырмаған шығар. Оның тағайындалуы Наджибулланың құлдыраған режимінен қуатты әскери-саяси күш құра білген Масудтың жетістіктеріне реакция болып табылады. Бәлкім, президент Раббани мен қорғаныс министрі Масудтың жанында, соңғысының топтастығының әскери және саяси ресурстары мемлекеттік институттарға біріктіріледі деп болжанған болар. Кейіннен бұл тәжіктерді биліктен, мысалы орталық басқару аппаратының негізгі фигураларын ауыстыру арқылы шеттетуге мүмкіндік берер еді.

Пәкістан бұл сәтте екі жақты ойын өткізді. Барлық Пәкістан басшылығы Пешаурлық келісімге қол қою кезінде қатысып, оның заңдылығын мойындады, дегенмен Хекматиар

Ауғанстанның ішінде белсенді саясат жүргізуді жалғастырды. Ол пуштундық функционерлер мен бұрынғы басқару режимінің сарбаздарын өз жағына тартты. «ИСИ тікелей қолдауына сүйеніп, Хекматиар мен көбінесе ПМ царандой күшінен шыққан бұрынғы халькистер жоспарлаған құпия әскери операция, Кабулды басып алуға және Хекматиарды үкімет басшысының орнына қоюға бағытталған. Бұл жоспар Масуд пен оның одақтастарын Кабулға кіруге мәжбүр етті. БҰҰ бейбіт жоспары қағазда қалды».<sup>40</sup> Пәкістан тарапынан қолдау болмаса, ол ойдағыдай табысты болмас еді.

Егер Моджададди билікке келсе, Хекматиардың жағдайы нашарлайтыны анық болды. Ол үшін заңдылық мәселесі бойынша қиындықтар пайда болар еді. «Хекматиар Моджадеддидің Кабулға келіп, билікті беру рәсімін өткізуінен бұрын соққы жасауы тиіс еді».<sup>41</sup> Әрекет жасау үшін Кабулда генерал Дустумның өзбек бөлімдерінің болуы себеп болды. Хекматиар оларды қаладан шығаруды талап етті. 25 сәуірде Хекматиар өз әскерлеріне қалаға кіруге бұйрық берді. Оны Дустум бөлімдері қарулы шайқаспен қарсы алды. Осымен бір уақытта, Масуд Бағрамдағы базадан авиацияны ауаға көтерді. 26 және 27 сәуір күндері Масуд қарсы шабуыл жасап, Хекматиар әскерін қаладан шығарды. 28 сәуірде Моджадедди ресми түрде Ауғанстан президенті болып жарияланды.

Бірақ ол әлсіз президент болды, өйткені оның өз әскері болмады және оның сүйенген қандай да бір қауымы болған жоқ. Накшбандия тарикаты Ауғанстанның азшылық ұлттарының барлық дерлік қауымдастықтарын өз әскерлерімен иеленген жағдайда жеткілікті тірек болған жоқ. «Әртүрлі сопылық тарикаттардың ықпал ету деңгейі төмендеуінің басты түрткіжайты өзара соғыс болып табылады. Оның салдарынан экономикалық құлдырау орын алып, арасында сопыларды дәстүрлі түрде қаражатпен қолдаған қоғам қабаттары бар, мемлекет аумағындағы жүз мыңдаған адамдардың көші-қоны орын алды».<sup>42</sup> Көпшілігі сопылар болған, дәстүрлі улемдер күйзеліс заманының басталуына дейінгі кезеңдегідей билеуші режимнің тіреуі болған жоқ. Олардың орнына саяси исламның жігерлі жақтаушылары келді. Ең бастысы, мемлекеттік институттар өз тұтастығын жоғалтты. Ел дербес анклавтарға

бөлінген, бұл жағдайда мемлекеттің бұрынғы институттары да ықпалды топтар арасында бөлінген. Сондықтан барлық мемлекеттік лауазымдар өзінің бастапқы мазмұнын жоғалтты. Мысалы, Пешауар келісіміне сәйкес оппозиция партиясының көшбасшылары бір-бірімен министрлік портфельдерін бөлді. Нәби Мұхаммеди әділет министрі, ал Юнус Халес білім министрі болды. Бірақ бұл маңызды емес еді. Қандай да бір саясатта немесе топтастықта қарулы күштің болуы ғана маңызды болды.

Осылайша, 1978 жылдың сәуір айында басталған коммунистік эксперименттің ұзақ кезеңі аяқталды. Бұл дәстүрлі ауған қоғамын кеңестік үлгі бойынша жаңғырту үдерістерін жеделдетуге түбегейлі әрекет болды. Алайда ол қоғамдық ұйымда үлкен өзгерістерге алып келді және белгілі бір дәрежеде мемлекеттілік дағдарысы мен оның институттарының қирауы үшін жағдай жасады.



## 13-тарау.

### **Ауғанстан: Наджибулланың құлдырауынан «Талибан» қозғалысына дейін**

1992 жылдың сәуір айында Хекматиарға қарсы бірнеше әскери-саяси топтар қарсылық көрсетіп, Кабулды шабуылдау сәтсіздікпен аяқталғаннан кейін, Ауғанстанда тараптар күштерінің тұрақсыз тепе-теңдігі пайда болды. Хекматиар өз құзырлығына пуштундар құраған бұрынғы ауған әскерінің едәуір құрылымдарын алғанымен, ол Кабулдың жанындағы өз бәсекелестерінен артықшылыққа ие болмады. «Хезбе-и Вахдат» хазарейлері, Масудтың тәжіктері, Дустумның өзбектерінің күштері оның әскери мүмкіндіктерінен кем түспеді.

Сонымен қатар, Хекматиардың проблемаларының бірі ол Ауғанстанның пуштундарының барлық әскери мүмкіндіктеріне сүйене алмайтыны болды. Әсіресе, Хекматиардың дәстүршілдік пуштундық элита арасында, оңтүстік-шығыс аудандардағы гильзайлар мен басқа шығыс тайпалары арасында да, оңтүстік-батыс аудандардағы дуррани тайпасы арасында да қолдауға ие болмағандығы үлкен мағынаға ие болды. «Хекматиар гильзай болды, бірақ шығыста (Ауғанстанда, пуштун тайпалары, оның ішінде гильзай тұрған. – авт.ескерт.) ешқандай туыстық қатынастары болмады, өйткені оның адамдары ол тұмай тұрып солтүстікке қоныс аударылған болатын. Тиісінше, оған қолдау көрсетуге кепілдік бере алатын шығыстағы гильзайлармен байланысы болмады, бірақ мемлекеттегі билік үшін күресте ол өзін пуштун қозғалысының көшбасшысы деп жариялай алар еді».<sup>1</sup> Хекматиар Раббани мен Масудқа қарсы күресте пуштундық

дәстүршілердің көптеген күштерін пайдалануға сене алмады. Жергілікті дала командирлері мен пуштун тайпаларының өкілдері бейтараптықты сақтауды жөн көрді.

Бұл ретте моджахедтердің көшбасшылары арасындағы ішкі бәсекелестік қана емес, идеологиялық фактор да өз рөлін ойнады. Идеологиялық тұрғыдан Хекматиар заманауи ислам мемлекеті үшін күресті. Ол үшін пуштундардың дәстүрлі құндылықтары және олардың ұйымның әдеттегі формалары архаика болып табылады. «Орталықтандырылған және жаңғыртылған ислам мемлекетін құруға талпынуда жергілікті саяси және мәдени автономияларды құрбандыққа шалуды жоспарлаған Хекматиар сияқты жаңғыртылған исламшылдар».<sup>2</sup> Әрине, көптеген пуштундық дәстүршілер үшін мұндай тәсіл жөн болмады. Олар үшін пуштундық қауымдар мен тайпалар Ауғанстан мемлекетінің саяси өмірінде ерекше рөл атқаратын дәстүр үлкен мәнге ие болды.

Сондықтан да, Хекматиардың тәжіктер мен басқа да азшылықтарға қарсы жалпыпуштундық қозғалысты басқару әрекеті сәтсіз болды. Алайда, пуштундардың Кабулдағы билікте тәжіктердің болғаны және басқа азшылықтар елдің басқа да солтүстік және батыс провинцияларын бақылайтындығы көңілдерінен шықпаса да, Хекматиардың кандидатурасы да олардың мүдделеріне жауап бермеді. Ауғанстанда Хекматиар, теориялық тұрғыдан, қалалық пуштун халқының жаңғыртылған жіктері тарапынан қолдауға сене алады. Сондықтан оған Кабул қажет болды. Ол, сондай-ақ, түрлі себептермен дәстүрлі қоғаммен байланысы әлсіреген пуштундарға сүйеніп отырды. Біріншіден, бұл «Хальк» партиясының бұрынғы коммунистері болды. Коммунистік идея күйрегенімен, бірақ халькистер әлі де ел жаңғыруының жақтастары болды. Танайдың бүлігі жеңілгеннен кейін, содан кейін кеңестік режим құлағаннан кейін Хекматиарға және оны қолдайтын пәкістандықтарға бағдардан басқа, оларда басқа нұсқалар қалған жоқ. Екіншіден, ауған босқындарының лагерлерінен шыққан адамдар. Олардың көпшілігі пәкістандық діни ұйымдардың көмегімен құрылған медресе желісінде оқудан өтті. Нәтижесінде, олардың пуштун қоғамының дәстүрлі құрылымдарымен байланысы айтарлықтай әлсіреген.

Осылайша, Хекматиар тегі бойынша пуштун болған коммунистер мен исламшылдардың парадоксты одағына сүйеніп, пуштундық басымдығы бар орталықтандырылған ислам мемлекетін құруға мүдделі болды. Бұл кейбір пуштундық ұлтшылдардың көңілінен шыққанымен, көптеген пуштундық дәстүршілдердің мүдделеріне жауап бермеді. Сонымен қатар, Хекматиар Пәкістан мен оның саясатына байланысты болды. Көптеген ықпалды пуштун қайраткерлері Ауғанстандағы пәкістандық саясатқа қатысты өте сыни күйге ұшырады. Бұл қарама-қайшылықтар коммунистік билікке қарсы күрестің соңғы кезеңінде айқын көрінді.

Сондықтан да көптеген жергілікті пуштун көшбасшылары жергілікті автономияны тәжіктер, өзбек және хазарейлер коалициясы бар Кабулға қарсы күрестің айқын келешегін таңдады. Мысалы, Қандағарда билік өңірлік кеңестің қолына өтті, онда жетекші позицияларды Пир Сайед Ахмет Гейлани басқаратын «Махаз-и Милли» партиясының жақтастары атқарды. Елдің оңтүстік-шығысында Жалалабатта, Юнус Халес басшылығымен Ауғанстанның екінші ислам партиясының жақтастары («Хезбе-и ислами») басым болды.<sup>3</sup> Қандағарда Гейлани ықпалды кадирий сопы тарикатының шебері және әмір Захир-шахтың отбасына жақын адам ретінде жергілікті пуштун-дурранилердің арасында танымал болды.

Жалалабатта ахмадзай тайпасынан шыққан Қажы Абдұл Қадыр, Нангархар провинциясының негізгі тайпаларының өкілдері кірген Жалалабат Шурасын басқарды. Абдұл Қадырдың отбасы, атап айтқанда, оның ағасы Абдұл Хак Ауғанстандағы Пәкістан саясатына сын-пікір білдірді. Олар, сондай-ақ, Хекматирді қолдамады. Мысалы, Абдұл Хак 1992 жылдың сәуір айында «генерал Гул Раннның тізе бүгуін Саробидегі, Кабул қорғанысының батыс периметрінде тұрған корпустың штаб-пәтерінде қабылдады. Хак пен Ран екеуі де ахмадзай тайпасынан шыққан пуштундар болып, Нангархар провинциясындағы бір ауылдан шыққан».<sup>4</sup> Тиісінше, бұрынғы коммунистік әскердің барлық пуштундары Хекматиарға көшкен жоқ. Сәуір айында Кабулға шабуыл жасау әрекеті кезінде Абдұл Хак Петер Томсенге хабарлама жіберді, онда «оның Саробидегі муджахединдері Хекматиардың батыстан

Кабулға кіруге деген кез-келген талпыныстарына кедергі келтіретінін» хабарлады.<sup>5</sup>

Тіпті Хекматиардың адамдары әсер еткен аудандарда да, олар оны басқа далалық командирлармен бөлісті. «Фарах Хекматиар, Гейлани және Исмаил хан адамдарының бақылауында, Газниде Хекматиар мен Сайяф партияларының далалық командирлерімен бірге губернатор Кари-баба (Нәби Мұхаммед идің жақтасы) болған. Қундуздағы билікте Масуд, Дустум және Надеридің жақтастарының триумвираты тұрды».<sup>6</sup> Әрине, мұндай жағдайда азшылық ұлттармен күресу үшін пуштундардың барлық күштерін жұмылдыруды ұйымдастыру мүмкін болмады. Ал тәжіктер, өзбек және хазарейлердің құралымдары Кабулдағы ұрыста өз өңірлерінен қолдау алуға әбден сене алды. Олар Ауғанстанның солтүстігі мен батысының барлық ресурстарына сүйене алды. Олардың сенімді тылдары болды, мұндайды Хекматиар туралы айтуға келмеді.

Атап айтқанда, Ауғанстанның солтүстігінде 1992 жылдың маусымынан бастап «Ауғанстанның солтүстік провинцияларының жоғары әскери кеңесі» деп аталатын базасында құрылған «Ауғанстанның халықтық ислам қозғалысы» (АХИҚ) ең ықпалды күшке айналды. Біріншісі 1992 жылдың сәуір айында құрылды және бұрынғы коммунистік режимнің қалыптасуын да, жергілікті моджахедтерді де біріктірді. Сол жылдың маусым айында Мазари-Шарифте АХИҚ құрылтай съезі өтті, оның басында генерал Абдұл Рашид Дустум болды. Қозғалыс құрамына Дустумның айналасында біріккен ауған өзбектері қауымының өкілдері ғана емес, сонымен қатар тәжіктер мен хазарейлерді қоса алғанда, солтүстік аудандардан келген басқа да этникалық топтардың өкілдері кірді. АХИҚ-қа, сондай-ақ, Кармальдің жақтастары, бұрынғы парчамистер де қосылды. АХИҚ талаптарының арасында Ауғанстанның федеративтік құрылғысы болды.<sup>7</sup> Сондай-ақ Бағлан провинциясында үлкен ықпалға ие болған исмаилиттер лидері Сайид Надери АХИҚ-қа өте жақын болды.

АХИҚ, «Жамиат» және «Хезбе-и Вахдат» шиит-хазарейлердің қозғалысы елдің солтүстігінде, батысында және орталығында, Кабул астанасын бірлесіп бақылайтын күшті қарулы күштерге ие болғаны анық. Сондай-ақ, Ауғанстанның батысындағы

Гератта, Иранның шекарасындағы осы маңызды провинцияның дербес билеушісі болған Исмаил-хан да «Жамиат»-пен тығыз байланыста болған.

Сонымен қатар, Хекматиарда Пешауарлық келісімге қол қойылғаннан кейін оның іс-әрекетін заңдастыру мәселелері де болды. Өйткені, Пәкістанның билігі Пешауарлық келісімді және Моджаддиді уақытша президент қып сайлауды формальды түрде қолдады. Пешауардағы уағдаластықтарға олардың тікелей қатысуымен қол жеткізілді. Бұл Хекматиардың мүмкіндігін автоматты түрде әлсіретті, бірақ ол пәкістандық ISI барлау жағынан ең кең қолдауын пайдалануды жалғастырды.

Бұл ретте Пәкістан екі жақты саясат жүргізуге мәжбүр болды. Өйткені 1991 жылдан кейін АҚШ-пен қарама-қайшылықтар байқалып, оған қарсы Преслер түзетулерін қолдануға әкелді. АҚШ пен Сауд Арабиясы Ирак кампаниясы кезінде Саддам Хусейннің қолдауымен Хекматиардың кандидатурасына қарсы шықты. Пәкістан Хекматиардан бас тартпаса да, 1992 жылы сәуірде Пешауарда қол жеткізілген уағдаластықтарды қолдауға мәжбүр болды. Мұндай екі жақты саясат көрші елдің Ауғанстан үшін маңызды саяси жағдайы 1992 жылға қарай қалыптасқан Ауғанстандағы айтарлықтай тұйық саяси ахуалдың себептерінің бірі болды.

Нәтижесінде Ауғанстандағы үлкен пуштундық реставрацияға әрекет жасау мүмкін емес болды. Себебі мұндай реставрациядан ұлттық қауымдардың өкілдері қатты қорққан және олардың шоғырлану себептерінің бірі болған. Пуштундар түрлі топтарға бөлінді, олардың күшін біріктіру мүмкін болмады. Бұл жағдайда Сибгатулла Моджаддидің қысқа билігі өте айқын болды.

Кабулда Моджаддидің өз әскери ресурстары болған жоқ. Демек, 1992 жылдың көктеміндегі аса қиын жағдайында, саясаткердің қуаты қол астындағы әскери құрылымдармен анықталған кезде оның әсері өте шектеулі болды. Моджаддиді өзін «Ауғанстанның терең этникалық және діни бөлінуін жеңе алатын жалғыз адам» деп сипаттаған болатын.<sup>8</sup> Осылайша, ол өзінің кандидатурасы барлық саяси күштерді құра алады деп ойлады. Сонымен қатар, Моджаддидің отбасының дәстүрлі түрде накшбандия тарикатының желісі бойынша пуштун

аудандарында да, солтүстік азшылық ұлттар арасында да берік байланыстары болды. 1919 жылы Ауғанстанның билігін күшпен алған тәжік, Бачаи Сакао Моджадедди руының бір өкілінің мюриді болғанын еске алуға болады. Жоғарыда, тиісті тарауда бұл отбасы Бачаи Сакаоға ұзақ уақыт бойы, оған адал Сулейменхель гильзай тайпасының көмегімен қолдағаны аталған болатын. Сонымен қатар, накшбандия тарикаты Орта Азия өңірімен, әсіресе Бұхарамен байланысты болды.

Моджадеддидің мүмкіндіктері шектеулі болғандықтан, өзінің қысқа басқару кезінде ол өзбек генералы Абдұл Рашид Дустумның күштеріне сүйенуге тырысты. Бұл накшбандияның Орта Азиямен дәстүрлі қарым-қатынасы арнасында болды. Моджадедди Дустумды төрт жұлдызды генералға дейін көтерді және оның өзбек милициясын Кабулдың тоналуының алдын алуға шақырды. Сонымен қатар, ол билікте оған берілген мерзімнен артық қалуға тырысты. Моджадедди азшылық ұлттарға тіреу жасау әрекеттерімен қатар, бұл жағдай Пешауар келісіміне сәйкес жаңа үкіметтің ұлттық қауіпсіздік министрі болған Абдұл Расул Сайяфпен қақтығыс тудырды. Сайяф Кабулдан шығып, Пагман қаласының ауданында орналасып, жергілікті халықты шиит-хазарейлерге қарсы күреске шақырды. Моджадедди жауап ретінде Сайяфты ұлттық қауіпсіздік министрі қызметін алып, оны хазарейлік «Хезбе-и Вахдат» партиясының өкілдеріне берді.<sup>9</sup> Жалпы, Моджадеддидің іс-әрекеттері әбден қисынды болды. Ол өзбектер мен хазарейлерді пуштундар арасындағы өзінің ықпалды бәсекелестеріне қарсы қоюға тырысты. Тарихта ауған әмірлері мұндай мүмкіндіктерді жиі пайдаланды. Сол Аманулла-хан хазарейлердің қолдауын пайдаланды, ал Ахмад-шах дуррани өзбек құрылымдарын пайдаланды.

Бірақ Моджадеддидің уақыты өте аз болды, тиісінше оның күші өте тұрақсыз болды. Сонымен қатар, ол негізгі мемлекеттік институттарды, атап айтқанда әскерді бақыламады. Мысалы, ол Сайед Ахмет Гейланиді де өз жағына тартуға тырысты. Алайда, Ахмад Шах Масуд Моджадеддидің әскери кеңесшісі Гейлани Рахим Уардақтың қорғаныс министрлігіндегі штаб бастығы қызметіне тағайындалуын мойындаудан бас тартты.<sup>10</sup> Масуд билікті Бурхануддин Раббаниге беруге дайын екені

анық болды. Оның әскери мүмкіндіктері өте маңызды болды, және бұл жаңа уақытша президенттің кезінде Моджадеддиге қарағанда басқа жағдай және саяси тұрақтылықтың басқа деңгейі болады дегенді білдірді. Оған түрлі топтардан қолдау іздеудің қажеті жоқ болар еді. Ауғанстанда 1992 жылы «Жамиат» партиясының әскери әлеуеті ең маңызды болған шығар. Бірақ бұл күштер елде толық үстем болу үшін жеткіліксіз болды, сондықтан Раббани тобы мен басқа саяси күштер арасындағы қатынастардың шиеленісуі әбден күтімді болды. Мұндай шиеленіс тек пуштундар мен қалғандары арасында ғана емес, сондай-ақ, қарама-қайшылықтар азшылық ұлттар қауымдарының арасында да орын алды.

Раббани 1992 жылдың маусымында Пешауар келісіміне сәйкес уақытша президент болды. Осы жылдың тамыз айында Хекматиар Кабулға жаппай ракеталық оқ жаудырды, оның барысында азаматтық халықтан 1800 адам өлтірілген, қаладан жарты миллионға жуық адам қашқан.<sup>11</sup> 1992 жылдың желтоқсанында Кабулда Уәкілдер кеңесі (Шура-и халу акд) деп аталатын кеңес өтті, онда Раббани көпшілік дауыспен Ауғанстан президенті болып сайланды.<sup>12</sup> Сайлау нәтижелерін Хекматиар және ауған әскери-саяси топтарының басқа да өкілдері мойындамады. Бұл «Жамиаттың» және тәжіктердің билікті тартып алу ретінде қабылданды. Өйткені шақырылған Раббани уәкілдер Кеңесінің қатысушылары арасында, әрине, оның жақтаушылары басым болды.

Раббаниді Президент деп жариялау және елдегі биліктің «Жамиатқа» ауысуы тәжіктер ұстанымының нығаюын білдірді. Олар Астананы және барлық негізгі мемлекеттік институттарды бақылап отырды. Бұл институттар объективті түрде «Жамиат» бақылауындағы аумақтардан тыс жерде қызмет етпеген болса да, бұл тәжіктерге белгілі бір артықшылықты қамтамасыз етті. Бір мезгілде бұл пуштундардың мемлекеттегі үдерістерге әсер ету әулетінің төмендеуіне ықпал етті. Олар Астананы жоғалтып, олардың әсері елдің оңтүстігі мен шығысындағы перифериялық пуштун провинцияларымен шектелді. Осыған байланысты Ауғанстан үшін дәстүрлі күрделі тіл саласындағы жағдай өте маңызды. «1992 жылдың сәуірінен кейін пушту тілін дамыту бағдарламасы түбегейлі қысқарды және пушту

үшін ресми баспа медиа аз кеңістік бере бастады».<sup>13</sup> Раббанидің тәжіктер басымдық еткен үкіметі мен азшылық ұлттардың басқа да қозғалыстары үшін пушту тілін дамыту міндеті басымдықтар қатарына жатпағандығы айқын. Тәжіктер, хазарейлер, исмаилиттер, сондай-ақ олардың саны мен қалалық пуштундарды қоса алғанда, кабулилер, тіпті өзбектер жағынан Ауғанстанның солтүстік және орталық бөліктерінің тұрғындары үшін лингва франк ретінде дари тілін пайдалану оңайырақ болды.

Сондықтан да, пуштундық ұлтшылдардың наразылығы үшін өз негізі болды, бірақ де-факто жалпыпуштундық мүдделерді қорғау исламшыл Хекматиарды монополиялады. Оның саяси ұстанымының белгілі ерекшелігіне байланысты бұл жалпыпуштун қозғалысының мүмкіндігін объективті түрде шектеді. Алайда Хекматиар Кабул ауданындағы жағдайды өз пайдасына өзгертуге үнемі әрекет жасады. 1992-1993 жылдың қысында ол қаланың ішінара қоршауын ұйымдастырып, оңтүстіктен Кабулға жолды жауып тастады. Халық үшін қиын жағдай қалыптасты, себебі 1992 жылдан кейін Ресейден жүк түсуді тоқтатқан кезде Пәкістанға оңтүстік бағыт Кабулды жабдықтаудың басты көзі болды. Бірақ бұл Хекматиарға нәтижеге қол жеткізуге және қаланы алуға көмектесті. Нәтижесінде 1993 жылдың басында Ауғанстанда ауыр жағдай қалыптасты.

Бұл жағдайда жағдайды реттеу жөніндегі бастаманы негізгі өңірлік державалар – Пәкістан, Иран және Сауд Арабиясы өзіне алуға тырысты. Олар дұшпан жақтарын татуластыруға әрекет жасады. 1993 жылдың наурыз айында Пәкістан, Иран және Сауд Арабиясы өкілдерінің қатысуымен Раббани Хекматиармен келіссөздер жүргізді. Нәтижесінде келісімге қол қойылды, оған сәйкес Хекматиар премьер-министр лауазымын алды, Раббанидің билікте болған уақыты екі жылдан 18 айға дейін қысқарды, ал президент пен қорғаныс министрі бір партиядан шыға алмады. Содан кейін, бұл келісім Сауд Арабиясына және Иранға жіберілді, оған мемлекет басшылары – әмір Фахд және Хашеми Рафсанджани қол қойды.<sup>14</sup> Осылайша, аймақтық мемлекеттер Ауғанстандағы қақтығысты аяқтауға өз ұмтылысын көрсетті. Ол үшін олар келісімге екі дұшпанды,



бірақ негізінен идеологиялық тұрғыдан жақын болып келетін, этникалық шекаралармен бөлінген топтарды – «Жамиат» және «Хезбе-и ислами» саяси ислам жақтастарын шығарды.

Иранның осы қақтығысты реттеу әрекетіне қатысуына назар аудару керек. Дегенмен, суннит Сауд Арабиясы мен шиит Иран арасында дәстүрлі күрделі қатынастар болды. Сунниттік исламшыл қозғалыстары әдетте антишииттік көзқарастарды ұстанған Иран мен Пәкістан арасындағы қарым-қатынаста осындай ұқсас мәселелер болды. Осыған сәйкес Тегеранның қатысуы иран тарапының Пәкістан мен Сауд Арабиясымен татуласу шарттары туралы уағдаластыққа қол жеткізгенін көрсетті. Демек, Ауғанстандағы келісімге ирандық шиит-хазарейлер және сунниттік исламшыл партиялар сияқты антагонисттер, мысалы, сол Хекматиар қолдау көрсетеді деп сенуге болады.

Алайда бұл келісім Масуд мүдделерін қозғаған. Ол Раббани көшбасшысы болған «Жамиат» партиясының құрамына кірсе де, оның өзінің саяси мүдделері әрдайым болған. Кабулдағы коммунистік үкіметке қарсы соғыстың соңғы кезеңінде ол моджахедтердің Ұлттық Шурасы сияқты дербес саяси ұйымдарды құрған. Теориялық тұрғыда Раббани саяси басшылықты жүзеге асырды, алайда іс жүзінде ол Масудқа тәуелді болды. «Масуд оның (Раббанидің – Авт.ескерт.) әскерін басқарды және де әскер Раббаниге емес, Масудқа адал болды».<sup>15</sup> Әрине, президент пен қорғаныс министрі лауазымдарын бір партияның өкілдеріне атқаруға тыйым салу туралы тезис Масудқа қарсы бағытталған. Сондықтан ол осы идеяға өте теріс қарады. Оның үстіне, Раббани Пәкістан аумағында келісімге қол қойды.

Ықпалды аймақтық державалардың кейпіндегі ықпалды сыртқы күштер Масудты ауғандық реттеудің шешілмеуінің басты мәселесі ретінде көрді және оны саяси үдеріс шеңберінен шығаруға тырысқандай көрінді. Өз кезегінде, Раббани олардың қысымына жол бергендей болды. Мүмкін, ол Масудқа деген тәуелділікті ауыртпашылық ретінде қабылдаған болар. «Жүрексіз Раббани ISI нұсқауларын орындап, Масудты елемеген кездер болған».<sup>16</sup> Сонымен қатар, Раббани Дустуммен қарым-қатынасты да қолдады.<sup>17</sup> Теориялық тұрғыдан, бұған

дейін басқа уақытша президент Моджаддди жасағандай, ол өзбек генералының қолдауын табуға тырысты.

Өз кезегінде Масуд өз ұстанымдарынан кем түспеуге тырысты. Оның иелігінде әлі де коммунистік режимнің әскерінен қалған өте маңызды әскери ресурстар болды. Естеріңізге сала кетейік, Масуд жағына Наджибулла үкіметтің әскери және арнайы қызметтерінен этникалық тәжіктердің көп бөлігі өтті. Бірақ оның жеке әскерінің негізін және оның әскери-саяси топтарының тұрақтылығының негізін Панджшер және Кабулдан солтүстікке қарай басқа таулы аудандардың тумалары құрады. Тау тәжіктер қауымдастығы Ауғанстанның жазығындағы сауда, қолөнер және егіншілікпен айналысатын тәжік халқынан әскери және ұйымдастырушылық қасиеттерімен ерекшеленді. Ауғанстандағы хаос пен соғыс жағдайында өз қауымының болуы саясаткер үшін маңызды артықшылық болды. Масудтың жеке ұйымдастырушылық қасиеттері панджшерліктердің табысты болуын қамтамасыз етті. Олар, өз кезегінде, тіпті ең қиын жағдайларда да оны толығымен қолдады. Бұл Масуд пен панджшерліктерге Ауғанстан жағдайында бұрын-соңды болмаған әскери-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етті. Олар қауымдық аумағы елордаға жақын орналасқан ең ұйымдасқан топ болды.

Масудтың позициясы Раббанимен келісім орындалмауында үлкен рөл атқарды. Хекматиар премьер-министр болса да, астанадан оңтүстікте орналасқан штаб-пәтерінде қалып, Кабулға келмеді. Біраз уақыттан кейін ол қалаға ракеталық оқ жаудыруын қайта бастады. 1992 жылдың аяғында қалыптасқан тұйық жағдай қайта жанданды. Бірақ істердің жалпы жағдайында белгілі бір өзгерістер болды.

Біріншіден, 1993 жылдың басында Ауғанстанда пуштундарды азшылық ұлттарға қарсы олардың билігін қалпына келтірудің жалпы идеясы шеңберінде шоғырландыру қаупі жоқ екендігі айқын болды. Осыған байланысты азшылық ұлттарға өз күш-жігерін біріктірудің қажеті жоқ еді. Тиісінше, олардың қауымдық мүдделері бірінші орынға шығып, бұл олардың барлығының арасындағы қайшылықтардың шиеленісуіне алып келді. Осыдан кейін қақтығыстар және әртүрлі тактикалық мүдделермен біріккен түрлі коалициялардың қалыптасуы

басталды. Косимшо Искандаровтың пікірінше, «пуштундар үшін өздері басым болған бұрынғы орталықтандырылған мемлекетті қалпына келтіру үшін күреске түсуге дайын емес екендігі айқын болғанда, этносаяси топтар арасында ықпал ету салалары үшін күрес басталып, пуштундық емес этностар арасында этникалық қарама-қайшылықтар күшейе түсті».<sup>18</sup>

Екіншіден, өңірдегі сыртқы саяси жағдай өзгерді. Пәкістан, Сауд Арабиясы және Иран 1992 жылдың желтоқсанында Ауғанстанның айналасында өз күштерін біріктіргендігі туралы фактінің өзі назар аударуға тұрарлық. АҚШ-та бір уақытта билікке, 1993 жылдың қаңтарында Билл Клинтонның жаңа президенттік әкімшілігі келді. 1992 жылдың қарашасында АҚШ қауіпсіздік проблемаларына байланысты Ауғанстанда елшілік ашпауға шешім қабылдады. Жалпы, АҚШ-тың жаңа әкімшілігі бұрынғы Рональд Рейган мен Джордж Буш сияқты Ауғанстанға мүдделі емес еді. Стив Коллдың пікірінше, «Клинтон президенттігінің бірінші мерзімінде Ақ үй Ауғанстанға қатысты БҰҰ-ның бейбіт келісімдер өткізу туралы қалшылдаған донкихоттық әрекеттерін екіұшты қолдаудан басқа ешқандай саясат қалыптастырған жоқ».<sup>19</sup> Петер Томсен, Клинтонның әкімшілігі «кейіннен, АҚШ саясатының ауған бағыты үшін жауапкершілікті Пәкістанға берді, және бұл 1990-шы жылдары Ауғанстандағы соғыстардың жалғасуының себебі болды» деген пікір айтты.<sup>20</sup>

АҚШ-тың моджахедтермен байланыс жөніндегі арнайы елшісінің соңғы пікірі өте қызықты. Өйткені, ол 1990 жылдардың барлық кезеңі туралы айтады, ал осы онжылдықтың екінші жартысынан бастап АҚШ-тың аймақтағы саясаты өте белсенді болғандығы белгілі. Сонымен қатар, ол жауапкершілікті Пәкістанға беру туралы айтады. Осыған байланысты АҚШ-тың осы кезеңде, әрине, толығымен өңірден кетпегенін болжауға болады. Олар мұнда өз мүдделерін алға тартты. Бұл жерде, ауған бағыты үшін жауапкершілік Томсен жұмыс істеген мемлекеттік департаменттен, дәстүрлі түрде, тиісті Пәкістан қызметтерімен байланысты құпия қызметтердің қолына көшуі мүмкін деген мәселе.

Сол Томсеннің айтуынша, ОББ дәстүрлі түрде пәкістандық ISI барлауымен тығыз байланыста болды және бұл байланысты

қисынсыз деп санаған. Ол былай деп жазды: «Менің арнайы елші қызметіндегі үш жыл ішінде, агенттік (ОББ. – Авт. ескерт.) және ISI, моджахедтердің қайсысы жүздеген миллион доллар тұратын американдық көмекті алатыны туралы шешім қабылдаған болатын. Нәтижесінде, американдық қару мен қаражат тікелей немесе жанама түрде, Американың дұшпандарын – Хекматиар мен оның радикалды араб және пәкістандық жақтастарын күшейтіп отырды».<sup>21</sup> Егер Клинтон кезінде Вашингтонның ауған саясаты үшін жауапкершіліктің көп бөлігі ОББ-ға берілгенімен келісетін болсақ, онда бұл, әрине, осы ұйым қызметінің жабықтығына байланысты оның форматын өзгертті. Атап айтқанда, көптеген бақылаушыларда осы уақытта АҚШ-тың аймақтан кеткені туралы әсер болды, бірақ форматтың өзгеруі олардың Ауғанстандағы саясаттан түбегейлі бас тартуын білдірмеді. Арнайы қызметтер желісі бойынша Пәкістанмен серіктестікке деген бетбұрыс орын алды.

Мысалы, Душанбе қалалық атқарушы комитетінің төрағасы (қала мэрі) Максуд Икромов 1986 жылдан бері осы қызметті атқарып, оппозицияны қолдады. Бұрын ол Куляб облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болды. Мұндай ауқымдағы партия функционерінің оппозициясына көшуі тәжік бюрократиясының бірлігі туралы айтуға тура

келмейтінін білдіреді. Бұл ретте Икромов Самарқанға жақын жерде Өзбекстанмен шекарадағы Пенджикенттің тумасы болған.

Сонымен қатар, 1992 жылдың наурыз айында Жоғарғы кеңес төрағасы Сафарали Кенджаев пен ішкі істер министрі Мамадаез Навджуванов (1989 жылдан бері бұл қызметті атқарған) арасында жария жанжал орын алды. Кенджаев Ленинабад қауымының өкілі болып саналды, бірақ негізінен Ленинабад облысында тұратын ягнобтықтардың аздаған халықтарынан шыққан. Навджуванов болса, Бадахшандағы Памирден шыққан. Әрине, ленинабадшылар Навджуванов үшін ыңғайлы адам болған жоқ, оның үстіне президенттік сайлауда олардың қарсыласы Худоназаров памирлік болды, ал оппозициялық топтардың арасында «Лали Бадахшон» қозғалысы өз белсенділігімен ерекшеленді.

Бұл жеке мысалдар кеңестік тәжік бюрократиясы ішкі бірлікті сақтап қала алған жоқ деп айтуға мүмкіндік береді. Мұның себептерінің бірі – Өзбекстанда және Түрікменстанда орталық вертикаль билігінің сабақтастығының болмауы. Тиісінше, бюрократияның едәуір бөлігі Нәбиевтің жеңісін бұрынғы билік жүйесін қалпына келтіру ретінде емес, Ленинабадтан шыққан жеке бюрократиялық қауымның жеңісі ретінде қабылдады деп айтуға болады. Бұдан басқа, халықтың жекелеген топтарының, мысалы, сол ленинабадшылар немесе памирліктер мүдделерін бөлу жағдайында бюрократия өкілдері өздері өкілдері болып табылатын халықтың топтарына барды. Яғни 1992 жылдың көктеміне қарай қоғамның жекелеген қауымдарға бөлінуі белгіленді, олардан кейін бюрократия да бөлінді.

1992 жылдың наурызында дағдарыс ашық сатыға өтті. 6 наурызда Душанбе мэрі Икромов тұтқындалып, 11-күні «Растохез» басшыларының бірі жала таққаны үшін екі жылға бас бостандығынан айырылды. 22 наурыз күні Демократиялық партия басшыларының қудалауына қарсы митинг өтті. 25-і телеарнаның тікелей эфирінде Жоғарғы кеңес төрағасы Кенджаев пен ішкі істер министрі Навджуванов арасында жанжал болды. 26 наурыз күні Шохидон алаңында митинг жиналды, оған алғашында Памирлік халық келді, олар жерлестері Навджувановқа қолдау көрсетті. Содан кейін

шерушілер санын Қаратегін тумалары толықтырды. 1 сәуірде Озоди алаңында президент Набиевті қолдау үшін баламалы митинг өтті. 4 сәуірде Шохидон алаңына 50 мың адам жиналды.<sup>10</sup> 1992 жылдың көктемінде тәжік саяси элиталары көшеге жүгіне бастағаны тән, бұл Тәжікстан жағдайында өз қауымдарына қолдау көрсету үшін жүгінуді білдіреді.

Орталық биліктің зорлық-зомбылыққа монополия болмағанын ескере отырып, ішкі істер министрлігі памирлік Навджувановпен бақыланды, Тәжікстанда әскер әлі болмаған жағдайда, қақтығыс тез қауымдастық деңгейінде қарсы тұруға өтті. Әрине, әрбір митинг, Шохидон мен Озодиде, ең алдымен, белгілі бір ұйымшыл қауымдардың өкілдерін жинады. Әсіресе, бұл ауылдық жерлердегі митингтерге келген адамдарға тән болды. Нәтижесінде, елордаға жақын жерде қандай қауымның тұрғанына, астана алаңдарында шерушілер санының көп қатысуын ұйымдастыруға қабілетті болғанына мән берілді. Атап айтқанда, президент Нәбиевтің жерлестері мен жақтастары тұратын Ленинабад облысы Душанбеден алыс болды. Демек, олар елордада көшедегі қақтығыста өз қауымының өкіліне айтарлықтай қолдау көрсете алмады.

Әрине, осы кезеңдегі қарама-қарсы тұрудың қауымдық сипаты, әсіресе бөгде бақылаушыларға айқындаушы болып көрінген жоқ. Ішкі тәжік қақтығысының бетінде идеологиялық концепциялардың күресі болды. Осы тұрғыда 1992 жылы тәжік оппозициясын исламшылдар, сондай-ақ «Растохез» қозғалысынан либералдар немесе демократтар ұсынды. Өз кезегінде оларға қарсы тұратын күштер ескі құрылысты жақтаушылар – коммунистер деп аталды. Нәтижесінде барлық жағынан ескі партиялық номенклатура демократиялық және либералдық түрдің саяси қозғалыстарына қарсы тұратындай болып көрінді.

Алайда, егер қақтығыс идеологиялық ретінде басталса, ол тез қауым қақтығысына айналды. Тәжікстан үшін қарсы тұру Оңтүстік Тәжікстанның екі ірі қауымдастығы арасындағы қарама-қайшылықтардың шиеленісуіне әкеп соқтырғаны маңызды болды. Бір жағынан, бұл Душанбеден шығысқа қарай орналасқан Куляб тау ауданынан шыққан адамдар болды. 1992 жылдың көктемінде олар президент Нәбиевті қолдады. Екінші

жағынан, Душанбеден солтүстік-шығыс бағытта орналасқан Гарма және Қаратегін таулы аудандарының тумалары болды. Олар негізінен демократиялық және ислам оппозициясы жағында әрекет етті.

Неге кулябтықтар Ленинабад қауымын басқарған Набиев жағында әрекет етті? Мүмкін, ең ықтимал себеп бұған дейін гармдықтар мен қаратегіндіктер демократиялық және исламдық оппозицияны қолдағандығымен байланысты болған шығар. Екі таулы аудандардан шыққан халықтың – Куляб пен Гармның басты қарама-қайшылықтары Қорғантөбе облысындағы Уахш алқабына байланысты болды. КСРО ыдырауы бұрынғы мемлекеттік жерлерді бөлу мәселесін алға шығарды. Әрине, Кеңес уақытында жергілікті тұрғындар да, Гармнан, Кулябтан, Бадахшаннан, тіпті Өзбекстаннан қоныс аударушылар да араласқан даладағы қарым-қатынас өте шиеленіскен болды. Осы қиын жағдайда адамдар өз қауымдарының шеңберінде қорғаныс іздеуге мәжбүр болды. Осының салдарынан қауымдық қатынастар мен осыған байланысты ұйымдық құрылымдардың құрылуы мен қалпына келуі өте жылдам болды. Дәл осы құрылымдар негізінен ауылдық жерден Душанбе қаласына Озоди және Шохидон алаңдарындағы митингтерге қатысу үшін адамдардың келуін қамтамасыз етті.

1992 жылдың 5 мамырында президентке адал күштер қақтығысты күшпен шешуге әрекет жасады. Оппозиция жауап ретінде әуежай, теміржол вокзалы және президенттік сарайын басып алды. 7 мамырда президент Нәбиев пен оппозиция арасында келісімге қол қойылды. 11-і күні ұлттық татуласу үкіметі құрылды, онда оппозиция өкілдері орындардың үштен біріне ие болды.<sup>11</sup> Нәтижесінде, елдің астанасында тараптар күштерінің тұрақсыз тепе-теңдігі пайда болды. Алайда, ішкі саяси жағдайдың қалыптасқан белгісіздігі саяси күштер мен олардың артында тұрған қауымдардың арасындағы өзара іс-қимылға алып келді. Керісінше, ол үстемдік үшін күресті жалғастыруға ықпал етті.

Осы ретте Тәжікстанда, жалпы Кеңес Одағынан шыққан басқа елдердегі сияқты мемлекеттің де, сондай-ақ нарықтық экономиканың да жұмыс істеуін қамтамасыз ететін тиісті



институттар болмаған жағдай әсер етті. Уахш алқабында жер үшін күрес көп жағдайда қақтығыстың астанадан провинцияға таралуына алып келді және жергілікті қауымдарды шоғырландыруға мәжбүр етті. Жер аз болды, бұрынғы кеңестік мемлекеттік меншік жүйесінің күйреуі болған жағдайда оған құқықтар белгісіз болды. Сондықтан, жергілікті қауымдардың алдында олардың арасында жерді бөлудің күрделі міндеті тұрды. Уахштағы қауым көп болғандықтан, жер мәселесі бойынша қарама-қайшылықтар бірден ортақ сипатқа ие болды. Тәжікстан астанасындағы саяси келіспеушіліктер қауым арасына идеологиялық сипат берді.

Нәтижесінде басты оқиғалар Уахш өзенінің алқабы орналасқан, Қорғантөбе облысында орын алды. Бұл жерде Гарм, Куляб, Бадахшан, сондай-ақ жергілікті өзбектер қауымдары арасында мүдделердің күресі басталды. Тәжік оппозициясының көрнекті қайраткерлерінің бірі Давлат Усмон, кейіннен Уахш алқабындағы жағдай мәнмәтінінде Тәжікстандағы қақтығыс туралы былай деп жазған: «Келесідей ішкі факторларды бөліп көрсетуге болады. 1. Тау аудандарынан қоныс аударушыларға қатысты жергілікті халықтың түрлі реніштері мен қызғаныштары. 2. Жаңа саяси шындықтардағы, әсіресе билік үшін күресте таулықтардың белсенділігі».<sup>12</sup> Елордада саяси қарсы тұру дау-жанжалдағы қандай да бір тараптың таңдауына әсер еткендігі сөзсіз. Сондықтан, жергілікті кулябтықтар Гарм мен Бадахшанның тумаларына қарсы шықты. Мұндай бөлу сол кезде болған Душанбеде саяси күштердің орналасуын айқын көрсетті.

Сонымен қатар, жергілікті өзбектер кулябтықтармен бірге олардың гармдықтармен және бадахшандықтармен қақтығысын қатысты. Мысалы, тәжік демократиялық және ислам оппозициясына қарсы Қорғантөбе облысында соғысқан көптеген көрнекті дала командирлері этникалық өзбектерге жақын болды. Атап айтқанда, бұл локай тайпасынан шыққан адамдар, Файзули Саидов пен Сухроб Қасымов, сондай-ақ Махмұд Худайбердыев болды. Тәжікстанның өзбектерін таңдауға әсер еткен факторлар арасында Өзбекстанның, әсіресе Намангандағы оқиғалардан кейін исламдық саяси қозғалыстардың қызметін теріс қабылдағаннан кейінгі

ұстанымын атап өтуге болады. Әрине, Ташкент үшін Тәжікстанда жергілікті ислам оппозициясына қарсы шыққан адамдарды қолдау қисынды болды.

Жергілікті өзбектер үшін Қорғантөбе ішіндегі қақтығыста жақтардың бірін қолдау әбден қисынды болды. Бұл ретте, бұрынғы билікті жақтаушылар мен демократиялық және ислам оппозициясынан оның оппоненттері арасында емес, тәжік таулы тұрғындарының үш тобы арасында – кулябтықтар, гармдықтар мен бадахшандықтар арасында таңдау жасау керек еді, олар 1992 жылғы саяси үдерістерде басты рөл атқарды. Бұл жағдайда жергілікті өзбектер кулябтықтарды таңдап алды, және бұл қисынды болды, себебі, Куляб Қорғантөбеге жақын орналасқан. Аудандардың гармдық тобы солтүстікке қарай орналасқан.

Осылайша, 1992 жылы Тәжікстан өзбектерінің саяси ұстанымын анықтауда басты рөлді екі фактор ойнады. Бір жағынан, бұл көрші Өзбекстанның ұстанымы болды. Екінші жағынан, қарсы күресуші тараптардың мүмкіндіктерімен байланысты тактикалық ойлардың маңызы болды. Қорғантөбе облысында Кулябтан шыққан адамдар тактикалық артықшылыққа ие болды, олардың өңірі көршілес болған. Бұдан басқа, Куляб пен Қорғантөбе Ауғанстанмен шектесіп, демек, оңтүстіктен кулябтықтар мен жергілікті өзбектердің арасында Ресей шекара әскерлері болған. Ал, батыс өңір Өзбекстанмен шекаралас болды. Өзбекстан мен Ресейдің ұстанымдарын ескере отырып, бұл 1992 жылы қалыптасқан таулық кулябтықтар, сондай-ақ жергілікті өзбек және тәжіктер одағына сыртқы қолдауды қамтамасыз етті.

1992 жылдың жазында Қорғантөбе облысында қарсы күресуші тараптардың қарулы қақтығыстары орын алды, көптеген босқындар пайда болды. Сонымен қатар, Душанбеде саяси қақтығыс жалғасып жатты. Президент Набиев, елдің негізгі саяси институттары сияқты, нақты билікке ие болмады. Билік жергілікті жерлердегі дала командирлерінің қолына тез өтті. 1992 жылдың 24 тамызы Душанбеде тағы бір оқиға болды, Ленинабадтың (Худжанд) тумасы, бас прокурор Нұролла Құбайдуллаев өлтірілді. Бұл Ленинабад және Куляб облыстарының наразылықтарын және Душанбедегі

билік құрылымдарындағы елеулі дағдарысты тудырды. 7 қыркүйекте президент Набиев Ленинабадқа (Худжанд) ұшуға тырысты, алайда тобырмен тоқтатылып, нәтижесінде орнынан түсу туралы мәлімдемеге қол қойды.<sup>13</sup> Нәтижесінде, Тәжікстанда жалғыз заңды мемлекеттік институт – Жоғарғы Кеңес қалды. Оның төрағасы Бадахшаннан шыққан Акбаршо Искандаров нәтижесінде аса ықпалды фигура болды, бірақ оның заңдылығы, сондай-ақ, Жоғарғы Кеңестің заңдылығы елдегі тәртіпті қалпына келтіру үшін жеткіліксіз болды.

Бұл жағдайда Тәжікстандағы оқиғалардың дамуына Ресей мен Өзбекстан тікелей араласты. Президент Набиевтің биліктен зорлықпен шеттетілуі ішкі тәжік қақтығысының тым алысқа кеткенін көрсетті. Бірінші кезекте, бұл көрші Ауғанстандағы жағдайдың бақылаусыз дамуын ескере отырып, бүкіл өңірдің қауіпсіздігіне қатер төндірді. Бұдан басқа, Өзбекстанды қоса алғанда, Орталық Азияның жаңа тәуелсіз республикалары мемлекеттік құрылыспен қарқынды айналысты және олар үшін Тәжікстандағы тұрақсыздық жағдайы елеулі қауіп төндірді. Сонымен қатар, Ресей мен Өзбекстанда аймақта өте әсерлі әскери мүмкіндіктер болды. Бұл ретте, 1992 жылғы мамырда Ташкентте қол қойылған Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-қимылдың қажетті заңдылығын қамтамасыз етті.

Барнетт Рубиннің пікірінше, «Ресей мен Өзбекстан қауіпсіздік мүдделері Тәжікстанда тәртіп орнатуды талап етеді және мұндай тәртіпті қалпына келтіруге қабілетті жалғыз күш бұрынғы коммунистер мен олардың жақтастары болып табылады».<sup>14</sup> Алайда, мұндай тәсіл өте қарапайым болып табылады. Мәскеу мен Ташкент аймақтық тәжік рулық қауымдарға – кулябтықтарға, ленинабадтықтарға, Қорғантөбенің өзбектеріне, гармдықтар мен бадахшандықтарға қарсы қолдау көрсетті. Олардың уәждемелері жоғарыда айтылған. Бірақ, Ташкент позициясы шешуші рөлді ойнаған шығар. Өйткені өзбек элитасы үшін, әсіресе Намангандағы оқиғалардан кейін, кез келген исламдық саяси қозғалыстар, демек, Тәжікстанның исламдық қайта өрлеу партиясы да қолайсыз болды. Сонымен қатар, оппозиция басшылығындағы қақтығыстың бастапқы кезеңінде «Растохез» қозғалысы сияқты жергілікті либералды

қозғалыстар тұрды. Кейінгі КСРО-да болған ырықтандыру үдерістерін талқандауға бағыт алған Ташкент үшін бұл тәжік оппозициясын қабылдамау үшін өте маңызды негіз болды.

Ресейдің уәждемесіне қатысты жағдай қиын болды. Біріншіден, 1992 жылы жаңа Ресей үкіметі, тұтастай алғанда, осы өңірде өзінің қатысуын сақтаудың орындылығына күмән келтірді. Бұл негізінен экономикалық себептерге және мемлекеттік құрылыс мәселелерін шешуге назар аудару қажеттігіне байланысты болды. Екіншіден, 1992 жылы жаңа ресейлік саяси элитаның едәуір бөлігі демократиялық топтардан шықты және, әрине, жаңа Азия республикаларында өзін демократиялық мемлекет деп жариялаған елдерге көбірек көңіл бөлді. Үшіншіден, 1991 жылғы тамызда төңкеріс жасау әрекеті сәтсіз болғаннан кейін, әскери және арнайы қызметтердің саяси үдерістерге әсері айтарлықтай төмендеді.

Сонымен қатар, жаңа Ресей басшылығының жауапкершілік аймағында болған бұрынғы КСРО мұрасының арасында, бірінші кезекте Ауғанстанмен байланысты өңірдегі қауіпсіздік мәселелері болды. Мәскеудің Наджибулла үкіметіне материалдық қолдаудан бас тартуы оның 1992 жылдың сәуірінде құлауына алып келді. Мамыр айында Ташкентте Ұжымдық қауіпсіздік туралы келісімге қол қойылды. Өйткені, барлық жаңа тәуелсіз мемлекеттер өкілдеріне ауған қақтығысының бұрынғы кеңестік Азия аумағына таралуына жол берілмейтіні анық болды. Сондай-ақ, бұл жерде Мәскеусіз болу мүмкін емес еді. Өйткені, біріншіден, ЖТМ экономикалық саясаты Мәскеу саясатына, атап айтқанда, ақшалай қамтамасыз ету мәселесіне байланысты болды. Екіншіден, Ресей КСРО ыдыраған кезде аймақ аумағында болған бұрынғы Кеңес әскерінің көптеген әскери әсерлеріне ықпал етуді жалғастырды.

Әрине, бұл ресейлік әскери истеблишмент үшін мүмкіндік болды. Тәжікстандағы қақтығыс қауіпсіздікке, соның ішінде Ресей үшін қауіп-қатерді белгіледі, демек, туындаған проблеманы шешу үшін жауапкершілікті өзіне алуға тиіс ресейлік күштердің рөлі өсті.

1992 жылдың 7 қыркүйегінде, тәжік президенті Набиев күшпен отставкаға шыққаннан кейін, 8 күннен кейін Тәжікстанға әскери бекіністер жіберілді. Қыркүйектің 15-

нен 16-на қараған түні Өзбекстаннан Тәжікстанға бұрын Ауғанстанда соғысқан бұрынғы Кеңес арнайы жасағының 15-ші бригадасының бөлімшелері жіберілді. Операцияға Александр Чубаров басшылық етті. Оның айтуынша, Кокайды ауданындағы өзбек қаласы Термездің жанынан Қорғантөбе қаласына Ми-24-тің қорғауында 28 Ми-8 тікұшағымен әсерлі десанттар жөнелтілді. Чубаровқа бұйрықтарды Өзбекстан қорғаныс министрі беріп отырды.<sup>15</sup> Алайда, шешім, Ресейдің қорғаныс министрлігінде келісілгенімен, жасырын болуы мүмкін. Кейінірек, 28 қыркүйекте Мәскеу әскери округінен Тәжікстанға, Куляб және Қорғантөбе қаласына осы қалаларда орналасқан 201-ші дивизияның мотоатқыштар полктерін толықтыру үшін тағы екі ресейлік арнайы жасағының батальоны жіберілді.<sup>16</sup> Бұл қиын жағдайда қисынды болды, мысалы, 1992 жылдың күзінде Қорғантөбе қаласындағы 201-ші дивизияның полкінде «50 офицер мен прапорщиктер, солдаттар өте аз қалды, бірақ олар 1991 жылдан бастап үнемі қаша бастады, өйткені барлығы дерлік жергілікті болды. Қазіргі уақытта (күз, 1992 жыл. – Авт.ескерт.) шамамен 2,5 мың адамға арналған техниканы, қару-жарақты, азық-түлікті, ЖК, оқ-дәрілерді 15 офицерден тұратын қарауыл күзетеді».<sup>17</sup>

Әлбетте, Набиевтің шеттетілуі аймаққа басып кіру үшін жағдай жасады. Сонымен қатар, Ресей және өзбек әскерілері Тәжікстандағы басқа да гарнизондар сияқты Қорғантөбе гарнизонындағы гарнизонның жағдайы сыни болып табылады және олардың саны аз Ресей әскерлерін ұзақ ұстай алмайды. Тәжік тарапының гарнизондарды олардың қару-жарақ қорларымен жаулап алуы міндеттің әскери шешімін күрделендіре түсті. Сондықтан Тәжікстанда араласуға шешім өте жедел қабылданды.

Ресей мен Өзбекстанның араласуы Тәжікстандағы әскери-саяси жағдайды түбегейлі өзгертті. 27 қыркүйекте Қорғантөбе басып алынды. Ислам және демократиялық ұрандар астында әрекет еткен тәжік қауымдары үшін жағдай қиынға соқты. Олар әлі де Душанбе астанасын бақылап отырды, бірақ оңтүстік Қорғантөбе облысында соғысты жеңілді.

1992 жылдың 2 қарашасында Алматыда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан президенттерінің, Тәжікстан прези-

дентінің м.а. Акбаршо Искандаровтың және Ресейдің Сыртқы істер министрі Андрей Козыревтің кездесуі өтті. Алматыда өткен кездесуде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың сөйлеген сөзінде Орталық Азия мен Ресей мемлекеттері тарапынан дағдарысты реттеу бойынша Тәжікстанға қойылатын талаптар айтылды. «Тәжікстан – егеменді мемлекет, және ол дамудың қай жолы бойынша жүруді өзі таңдауы тиіс. Бірақ, бұл жолда қантөгіс болмауы керек. Біз Тәжікстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Акбаршо Искандаровқа 20 қарашаға дейін халық депутаттарының кезектен тыс сессиясын жинауды ұсындық. Оны өткізу орны Худжанд қаласы – республиканың ең тыныш және тұрақты қаласы деп белгіленген. Депутаттар бұл мәселе бойынша өз көзқарасын білдірсін. Қан төгілуі дереу тоқтатылуы тиіс».<sup>18</sup> Бұл Тәжікстанда елемеуге болмайтын өте нақты ұсыныс болды.

1992 жылдың 9 қарашасында ленинабадтық Әбдімәлік Абдұллажанов басқарған Тәжікстан үкіметі отставкаға кетті. 16 қарашада Ленинабадта (Худжанд) Тәжікстанның Жоғарғы Кеңесінің отырысы өтті. 230 депутаттың 198-І сессияға келді. Акбаршо Искандаровтың орнына Жоғарғы Кеңестің төрағасы болып кулябтық Эмомали Рахмонов сайланды. Гармдықтар және памирліктердің өкілдері, оның ішінде А. Турадзонзода қауіпсіздік кепілдігінің жоқтығына сүйене отырып, Худжандтағы сессияға қатысудан бас тартты.<sup>19</sup> Дегенмен, сессияға депутаттардың көпшілігі келгені тән. Олар кеңес заманында таңдап алынды және оның көпшілігінде кеңес заманының бюрократиясына тиесілі болды.

Тактикалық тұрғыда Жоғарғы Кеңес барлық қарсы күресуші тараптардың ұстанымдарын ескере отырып, ымыралы шешім табуы тиіс еді, бірақ оның отырысы де-факто Ленинабад, Куляб, Гиссар өкілдері және бұрынғы КСРО аумағында құрылған басқа мемлекеттердің қолдауымен Тәжікстанның өзбек қауымдастығы өкілдерінің тәжік мәселесі бойынша жалпы пікір қалыптастырғаны туралы болды. Бұл пікір, кейіннен Біріккен тәжік оппозициясын құратын, олардың қарсыластарының мүдделерін ескермеді. Бірақ, тіпті Худжандта шешім қабылдағаннан кейін де оппозиционерлер Душанбе қаласын бақылап отырды. Олардың жағдайы Ресей мен

Өзбекстанның әскери араласуынан, сондай-ақ Қорғантөбенің жеңілісінен кейін күрт нашарлағанына қарамастан бақылауды жалғастырды.

1992 жылдың 6 желтоқсанында негізінен кулябтықтардан тұратын Халық майданының құрылымдары Душанбеге шабуылды басталды, 11 желтоқсанда қала алынды. Осыдан кейін оппозицияның соңғы қорғандары солтүстік-шығыста Гармның таулы аудандары мен Душанбеден оңтүстік-шығыстағы Бадахшанда қалды, мұнда ұрыс қимылдары 1993 жылдың күзіне дейін жалғасты. Әскери әрекеттер Ресей мен Иранның делдалдығымен тәжікаралық реттеуге қол жеткізілген 1997 жылға дейін кезең-кезеңмен өтті.

Тәжікстандағы азаматтық соғыс салдарының бірі, негізінен Ауғанстанның солтүстік аудандарына бағытталған босқындар санының артуы болды. Қауымаралық қақтығысқа байланысты босқындар негізінен жеңіліс тапқан қауымдардың өкілдері – негізінен Гармнан шыққан адамдар арасынан болды. Тәжік оппозициясының өкілі Давлат Усмонның пікірінше, «таулы аудандардан шыққан халықтың жартысынан астамы, яғни қоныс аударушылар тұрған Қорғантөбе облысында ұлттық татуласу үкіметін қуып шыққаннан кейін, 55 мыңнан астам үй өртелді, тіпті кейбір жерлерде үйлер техника көмегімен, тұрғындар өз туған жерлеріне қайтып келмес үшін, жермен тегістелді».<sup>20</sup> Кез келген жағдайда, бұл қақтығыстағы басты жүлде жерді бақылау болды. Егер де жеңіске басқа тарап жеткен болса, жағдай дәлдікпен керісінше қайталануы мүмкін еді.

Әрине, жеңілгендер үшін жағдайдың бағасы өте үлкен болды. Бұл 1997 жылға дейін тәжіккаралық қақтығыстың жалғасуының себебі болды. Алайда, Ауғанстандағы жағдайдың ерекшелігі, Біріккен тәжік оппозициясы іс-әрекеттерінің артында Орталық Азияға айналған бұрынғы кеңестік Азиядағы жағдайды тұрақсыздандыруға мүдделі шет мемлекеттің болмауына алып келді. Бұл рөлге теориялық тұрғыдан неғұрлым нақты кандидатура тек Иран болуы мүмкін, бірақ 1994-1996 жылдары Ауғанстандағы қақтығыс логикасы Тегеран мен Мәскеу арасындағы мүдделердің жақындауына алып келді. Сонымен қатар, тәжік оппозициясы Солтүстік Ауғанстанда болған 1993-1994 жылдары, мұнда Өзбекстанның

әсері қатты болған. Ташкент генерал Дустум арқылы, дәл солай Ресей – Ахмад Шах Масуд арқылы әсер етті. Осы ауған командирлерінің екеуі де Орталық Азияда сенімді тылдың болуына мүдделі болды.

Жалпы Тәжікстанның Солтүстік Ауғанстандағы эмигранттары таныс тілдік ортада болып, ауған тәжіктерінің қонақжайлығына сене алды. Егер, әрине, соңғыларына тым үлкен проблемалар тудырмаса. Бұл ретте, Ауғанстанда шамамен осы уақытта пайда болған Өзбекстаннан келген эмигранттар Ауғанстанның өзбек қауымында осындай қарым-қатынасқа сене алмайтындығы тән. Ол үшін генерал Дустум Ташкентпен тым тығыз байланыста болды.

Бұл жерде Тәжікстандағы қақтығыстың салдарынан Ресей Орталық Азияда әскери қатысуын сақтап қалған жағдай болғанын атап өткен жөн. Тәжікстанда КСРО ыдырауы кезінде күшті орталық билік болған жоқ және тиісінше бұрынғы Кеңес әскерінің қарулы құрылымдарына бақылау жасайтын ешкім болмады. Тәжікстанда бұл 201-ші мотоатқыштар дивизиясы болды, оның полктері Қорғантөбеде, Кулябта және Душанбеде орналасты, сондай-ақ Ауғанстанмен бұрынғы кеңес шекарасындағы шекара әскерлері болды. Содан кейін, тәжікаралық қақтығыс Ресейдің араласуын талап етті. Нәтижесінде, Мәскеу Тәжікстанда Ауғанстанмен шекарада қалды.

«Бір қарағанда, Орталық Азиядағы ресейлік қатысуды сақтаудың өткір қажеттілігі жоқ болып көрінді. Сондай-ақ, 1992 жылы бүкіл Орталық Азия аймағында нақты ресейлік саяси қатысудың түпкілікті тоқтатылуы туралы айтуға болатындай жағдай қалыптасқан секілді көрінді. Алайда, Тәжікстандағы оқиғалар мұндай тұжырымды жоққа шығарды. Бұл Орталық Азия еліндегі азаматтық жанжал 1991-1992 жылдары Ресейді Орталық Азияда ұстап тұрған зәкір рөлін ойнады. Орталық Азия аймағында ресейлік қатысуы сол кездегі ресми ресейлік басшылық саясатының арқасында емес, дәстүрлі тәжік саяси элитасының мемлекеттік құрылыс үдерісін бастауға қабілетсіздігі салдарынан сақталып қалды».<sup>21</sup> Өз кезегінде, Тәжікстанда ресейлік әскери қатысуды сақтау Ауғанстандағы оқиғаларға да әсер етті. Егер Мәскеу ауған шекарасында өзінің



қатысуын сақтамаса, оның Ауғанстандағы кейінгі оқиғаларда белсенді рөл атқаруы қиын болар еді. Тиісінше, ол ықпалды аймақтық державаның мәртебесін сақтап қалды.

Ауғанстан үшін КСРО-ның ыдырауы оның шекараларымен көршілес ұлы еуропалық державалар болған дәуірдің аяқталуын білдірді. Петер Томсеннің пікірінше, «Наджибтің (Ауғанстан президенті Наджибулланың. – Авт.ескерт.) құлдырауы XVIII ғасырдан басталған Оңтүстік Азиядағы батыс империализм дәуірінің аяқталғанын білдірді».<sup>22</sup> 1947 жылдан кейін Ауғанстанның оңтүстік шекарасында Британдық империя емес, Пәкістан болды. 1991 жылдан кейін солтүстік шекарасында Кеңес Одағының орнында Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттері орын алды. Алайда, олардың аясында Ауғанстанның өзі жақсы жағдайда болған жоқ. Ал 1992 жылға қарай Ауғанстан бір-бірімен перманенттік соғыс жағдайында болған бірқатар дербес иеліктерге бөлінген. Ауғанстан үшін мәселе, оның негізгі көршілері сыртқы стандарттар бойынша жаңғырту үрдістерінен өтті, олар өз кезегінде әртүрлі үлгілер бойынша, соның ішінде британдық отарлық және кеңестік коммунистік үлгілер арқылы жүзеге асырылды. Бұл мұра Пәкістан мен Орталық Азия елдеріне әлі күнге дейін әсер етеді. Ал барлық ауғандық дамуды қуып жетуші үлгілері сәтсіз болып, нәтижесінде Ауғанстан өзінің бұрынғы мемлекеттілігін жоғалтты.

Ұлы державалар өңірден кетті, бірақ олардың орнына бірінші орынға өте өршіл жаңа азиялық мемлекеттер шықты. Енді Ауғанстан олардың мүдделерінің күрес алаңына айналды. «Ауғанстанның аймақтық көршілері – Пәкістан, Иран және Өзбекстан Наджибтің құлауынан кейін ұлы ойынның алдыңғы жоспарына шықты».<sup>23</sup> Алайда, Пәкістан мен Иран Ауғанстанға қатысты басым күш рөлін атқарды. Олар тіл, мәдени және экономикалық қатынастармен тығыз байланысты болды.

Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттері үшін Ауғанстан олардың мүдделеріне қауіп ретінде қабылданған. Олар Ауғанстаннан өз елдеріне тұрақсыздықтың таралуынан қауіптеніп қана қоймай, олардың алдында сыртқы ислам әлемімен қарым-қатынасты қалпына келтіру міндеті тұрды. Соңғылары КСРО құрылған жылдары үзілді. Ауғанстанда

қазіргі ислам әлемінің негізгі қайшылықтарын кездестіруге болады. Сондай-ақ, олардың түбегейлі нұсқасында да қарама-қайшылықтар бар. Тиісінше, бұл елдегі тұрақсыздық оларға барлық жағдай жасады, сондай-ақ осы тұрақсыздықты таратуға ұмтылуы да мүмкін болды. Жаңа тәуелсіз мемлекеттердің билігі оларға оңтүстіктен қауіп-қатерді күтуге болатынын білмеген, бірақ олар бұл жағдайды өздерінің кез келген іс-әрекеттері кезінде ескеруі тиіс болатын.

## 15-тарау.

### «Талибан» қозғалысы: Қандағардан Гератқа дейін (1994-1996)

*Ауғанстан және Пәкістан: аралықта*

Бірінші кезекте «Талибан» қозғалысының феномені және оның Ауғанстанда пайда болу жағдайлары туралы сұраққа әлі күнге дейін нақты жауап жоқ екенін атап өткен жөн. Әрине, бұл осы ұйымның тек Ауғанстанда ғана емес, сонымен қатар Пәкістанда да қазіргі уақытқа дейін қандай да бір түрдегі саяси үдерістердің белсенді қатысушысы болып табылатындығымен байланысты. Сонымен қатар, «Талибан» қозғалысы өз уақытында жабық сипатқа ие күрделі ішкі және сыртқы саяси комбинациялардың нәтижесінде пайда болды. Бұл ретте, ауған саясатында және оның айналасында соңғы 20 жыл ішінде оған белсенді қатысқан адамдар мен ұйымдардың көбі осы күнге дейін қатысады. Әрине, бұл «Талибан» қозғалысының пайда болуы туралы көптеген сұрақтарға жауап іздеуге және ол жүргізіп отырған саясаттың көптеген бөлшектеріне ықпал етпейді. Сондай-ақ, Ауғанстанның төңірегіндегі аймақтағы, ұлы және аймақтық державалардың мүдделері арасында қызу күрестің себебі болған, геосаяси қарама-қайшылықтар ешқайда кетпегені сөзсіз. «Талибанның» пайда болуына аталған қарама-қайшылықтардың шиеленісуі негізгі себеп болып табылады. Дәл сол 1990-шы жылдары Ауғанстанға әсер еткен сияқты, белгілі бір дәрежеде, бұл мүдделер күресі әлі де жалғасуда және әлі де Ауғанстандағы жағдайға әсер етеді.

Жалпы, қазіргі заманғы саяси үдерістер «Талибан» қозғалысы тарихының көптеген сұрақтарына объективті

жауап беруге мүмкіндік бермейді. Көп жағдайда, ол ағымдағы саяси шындық сияқты өзінің аяқталуынан алыс. «Талибан» бүгінде ауған саясатының бір субъектісі болып табылады, оның өкілдерімен келіссөздер жүргізілуде, бұл ұйым АҚШ-тың Ауғанстаннан кеткен жағдайда билікке үміткерлердің бірі ретінде жиі қарастырылады. Сондықтан, мұндай перспектива бір кездері Ауғанстанда өзінің өте қатаң бағдарламасын іске асыра жаздаған, радикалды исламшылдар қозғалысының тарихына назар аудартпауы мүмкін емес. Теориялық тұрғыдан, таяу болашақта олар көршілер үшін қиындықтар тудыра алады. Бұл, әсіресе Орталық Азияның жаңа тәуелсіз мемлекеттері үшін маңызды, олар саяси исламның түрлі қозғалыстары тарапынан болған сын-қатерлердің алдында ерекше осал болып табылады.

1994 жылға қарай, «Талибанның» ауған саяси сахнасында пайда болған уақытында Ауғанстандағы жалпы жағдай тығырыққа тірелді. Ел аумағында тараптар күштерінің тұрақсыз тепе-теңдігі қалыптасты. Ауғанстанның президенті Бурхануддин Раббани болып қала берді, яғни, мұнымен ол 1992 жылғы 24 сәуірдегі Пешауарлық келісімнің шарттарын бұзды. Осы келісімдерге сәйкес Раббани өзінің ізашары Моджаддиді тек алты айлық мерзімге алмастырған болатын. Бірақ оның билігінде Ахмад Шах Масудтың басшылығымен күшті қарулы күштердің болуы оны үкіметке орнықтылықтың қажетті деңгейін қамтамасыз етті.

Атап айтқанда, үкімет Кабулды толығымен бақылап отырды, осыдан кейін 1994 жылғы қаңтар шайқастарынан кейін Дустумның өзбек әскерлері ығыстырылды. Сонымен қатар, ол ауған валютасының эмиссиясына билік етіп, БҰҰ-да Ауғанстанның орнын алды. Алайда, Кабулдан басқа оның әсері тек кейбір провинцияларға ғана таралған. Кабулдағы орталық үкімет үшін Дустуммен қақтығыстан кейін Балх, Жаузжан, Фарьяб және т.б. провинцияларын қоса алғанда, Ауғанстанның солтүстігіндегі оның бақылауындағы аумақтардан айырылған. Сонымен қатар, шиит-хазарейлердің бір бөлігіне қарсы тұру Кабул үшін астанадан батыс бағытта Бамиан провинциясында қиын мәселе тудырды. Қаңтар айының қарсылығы басталмай тұрып, Дустум мен хазарейлер өз аумақтарын бақылауда

ұстағаны, және Раббанидің тәжік үкіметіне оларға назар аударуға тура келмегендігі белгілі. Кабулдағы билік бұл аумақтарды 1992 жылы сияқты сенімді тыл ретінде қарастыра алмады.

Дегенмен, Масудтың тәжік құрылымдары Кабулды және елдің солтүстігі мен орталығында, тіпті басқа да азшылық ұлттармен шиеленіскен және Хекматиармен жалғасып жатқан қарсы тұру жағдайында да өз позицияларын берік ұстап тұрды. Бұл жерде Наджибулланың кеңестік үкіметі қызмет етуінің соңғы жылдары жинақтаған едәуір әскери және материалдық ресурстар үлкен рөл атқарғаны сөзсіз. Сонымен қатар, кабулиден Панджшер мен Бадахшан таулы тұрғындарына дейінгі тәжік қауымы, іс жүзінде, оқшауға түскеніне қарамастан, үкіметті қолдауда ұйымшылдық пен этникалық ынтымақтастықтың жоғары деңгейін көрсетті. Этностық және діни қауымдардың деңгейінде болған шиеленіс жағдайында халықтың жекелеген топтары мен есімнамалардың өз халқына қосылудан басқа амалы болған жоқ. Тәжіктер ауған коммунистері кезінде үлкен рөл атқарғанына байланысты, олардың ұйымшылдығы ең жоғары көрсеткіш болып шықты.

Бұл ретте, Хекматиардың Кабулды басып алуға талпыныстары сәтсіз аяқталды. Алайда, Масуд сияқты ол да ауған коммунистерінен жан-жақты әскери ресурстарды мұраға алды, атап айтқанда, оның жағына әскер мен арнайы қызметтердің пуштундық бөлігі тұрды. Сонымен қатар, ол Пәкістан тарапынан қолдау тапты. Оның Дустум мен шиит-хазарейлер сияқты жаңа одақтастары пайда болды, бұл Пәкістан дипломатиялық күш-жігердің жағдайын реттеуге қатысты қабылдаған тікелей салдары болды. Алайда, барлық жағдайларға қарамастан, Хекматиар екі жыл ішінде елорданы алып, елдегі күш-жігердің орналасуын өзгерте алмады.

Кабулды бақылауға осы эпикалық екі жылдық шайқаста КСРО қолдауымен бір рет құрылған, 1992 жылы шартты түрде этникалық белгілері бойынша екі бөлікке бөлінген, бұрынғы орталықтандырылған ауған әскері жойылды – тәжік және пуштун әскері. Естеріңізге сала кетейік, XX ғасырда әскер Ауғанстандағы ең маңызды мемлекеттік институт болды. Оның екі бөлікке бөлінуімен, содан соң астананы бақылауға арналған

ұрыстарда іс жүзінде қаза болуымен, орталықтандырылған мемлекеттілікті қалпына келтіру үлкен мәселе болды.

Алайда, ең қиын жағдайда Пәкістан болды. 1992 жылдан кейін, ұлы державалардың Ауғанстанға деген қызығушылығы айтарлықтай төмендеді, бұл АҚШ-қа да, жаңа Ресейге де тән болды, Пәкістан ауған саяси сахнасында іс жүзінде жалғыз белсенді сыртқы ойыншы болды. Ауғанстандағы басты оқиғалар Пәкістанның сценарийі бойынша өрбіді. Барлығы Ауғанстандағы 1979-1992 жылдардағы соғыстың соңғы нәтижесінен барынша дивидендтерге ие болған осы мемлекет сияқты болып көрінді. Алайда, Хекматиардың сәтсіздігіне байланысты Ауғанстанға толық пәкістандық бақылау орнату жөніндегі жоспарлар әлі де орындалмады.

Бір жағынан, Пәкістан бір стратегиялық маңызды міндетті шеше алды. Ол 1992 жылы пуштундық дәстүршілдердің Кабулдағы билікке, соның ішінде бұрынғы әмір Захир-шахқа жақындарының келуіне жол бермеді. Тиісінше, Исламабад Дюранд желісі бойынша екі ел арасындағы шекараның өтуі туралы мәселе бойынша ауған биліктерімен пікірталасты қайта жандандырудан қорықпауы мүмкін. Раббанидің тәжік үкіметі үшін бұл мәселе пуштун мәселесіне қарағанда қызықты болғаны түсінікті. Бірақ, екінші жағынан, Ауғанстан ішіндегі азаматтық соғыс Пәкістан үшін айқын проблемалар тудырды. Біріншіден, Ауғанстандағы тұрақсыздық Пәкістаннан шыққан ауған босқындарының отанына оралуына ғана емес, сонымен қатар Кабулға қарсы шайқастардың нәтижесінде жаңа босқындардың пайда болуына себепкер болды. 1992 жылдан кейін Пәкістанның сыртқы қолдауы күрт қысқарды. Ол оны босқындарға көмек көрсету үшін де пайдаланды. Екіншіден, Пәкістанның жалпы экономикалық жағдайы өте күрделі болды. Ол аумақтық түрде Үндістан мен Иран арасында болды. Исламабадта Делимен саяси қарым-қатынас өте қиын болды. Кашмирдегі қақтығыс Үнді-Пәкістан қарым-қатынасы үшін басты мәселе болып қала берді.

Сонымен қатар, Пәкістанда Иранмен де өте қиын қарым-қатынас болды. Себептерінің арасында суннитер және шииттер арасындағы Пәкістан ішінде, сондай-ақ мемлекетаралық деңгейдегі қарама-қайшылықтар болды. Екі

ел ислам мемлекетін салу идеясын жүзеге асыруға тырысты. Бірақ олардың исламның суннит және шиит нұсқаларының арасындағы айырмашылықтарға негізделген әртүрлі тәсілдері болды. Бұл екі ел арасындағы қарым-қатынастарға әсер етті. Екі ел арасындағы ықпал етуге деген бәсекелестікті де атамауға болмайды.

Мұндай жағдайда Орталық Азиядағы солтүстікте, КСРО ыдырағаннан кейін ашылған жаңа мүмкіндіктер Пәкістан үшін өте тартымды болды. Бірінші кезекте бұл, әрине, жаңа өткізу нарықтары мен шикізат көздеріне қол жеткізу. Әрине, бұл Исламабад үшін үлкен қызығушылық тудырды. Бірақ, Пәкістанның ықпалды аймақтық держава ретінде рөлінің артуы үлкен мәнге ие болды. «Орталық Азия аймағындағы энергетика мен оның нарығы Пәкістанға экономикалық тұрғыдан көмектесуі тиіс болатын. Олар сондай-ақ өңірлік күш ойынында Иран мен Үндістанмен бәсекелесу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс еді».<sup>1</sup> Әрине, Ауғанстандағы тұрақсыздық осы тартымды мүмкіндіктерді жүзеге асыруға кедергі болды. Сондықтан аймақтық саясатта Пәкістан мүдделерін іске асыру үшін ауған проблемасын шешуге қол жеткізу қисынды болды.

1990 жылдың қазанынан бастап Пәкістанда Наваз Шариф бастаған үкімет болды. Бұл үкімет Наджибулла режимінің құлдырауы кезінде және одан кейін Ауғанстанда саясат жүргізуге жауап берді. Сол кезде Наваз Шариф Ислам демократиялық альянсын (ИДА) басқарды. Сондай-ақ, «Жамиат ислами» діни партиясы да осы альянстың құрамына кірді. Бұл діни партияның рөлі Пәкістанда да, Ауғанстанда да өте үлкен болды. Ол Гүлбеддин Хекматиардың «Хезбе-и ислами» партиясының артында тұрды. «Жамиат исламиды» қолдау және Пәкістанның маңызды көшбасшылығын мойындау Хекматиарға ауған босқындарының арасында неғұрлым ұйымдасқан қарулы және саяси топты қалыптастыруға көмектесті».<sup>2</sup> 1993 жылы премьер-министр Наваз Шариф пен президент Гулам Ысхак Ханның арасындағы жанжал нәтижесінде «Жамиат ислами» өкілдері ИДА құрамынан шығып кетті.<sup>3</sup> «Жамиат ислами» өкілдері ИДА құрамында болған кезде, оның ауған істеріне қатысуы жалпы Пәкістан мемлекеттік саясатының бір бөлігі болды. Атап айтқанда, «1993 жылдың наурыз айында Раббани

Хекматиармен келіссөздер жүргізген кезде ISI басшысы генерал Хамид Голь және Пәкістан «Жамиат ислами» партиясының көшбасшысы делдалдар ретінде сөз сөйледі». <sup>4</sup> Әрине, Наваз Шарифтен ИДА-нан «Жамиат исламидің» кетуі, содан кейін соңғы үкіметтің құлауы осы ұйымның Пәкістан саясатына, соның ішінде ауған бағытына әсерін әлсіретті.

1993 жылдың қазан айында Пәкістан премьер-министрі Пәкістан халық партиясының (ПХП) көшбасшысы Беназир Бхутто болды. Әрине, жаңа үкімет басқалардың арасында Пәкістанның ауған саясатының тиімділігі туралы мәселе қойды. Ол үшін іс жүзінде жергілікті арнайы қызметтер (ISI), сондай-ақ Ауғанстанда жалпы клиенті және қолшоқпары Хекматиар болған «Жамиат ислами» жауап берді. Жаңа үкімет тұрғысынан Хекматиардың Ауғанстандағы билік үшін күрестегі тұрақты сәтсіздіктері бір мезгілде пәкістандық ISI ведомствоаралық барлаудың және «Жамиат исламидің» сәтсіздігі сияқты айқын көрінді. Сондықтан жаңа үкімет ауған бағытында іс-қимыл тактикасын ауыстыру туралы мәселені қисынды түрде қойды.

Бірінші кезекте Бхутто үкіметі келесідей сұрақты қоюы тиіс еді: неге Пәкістан тарапынан жаппай қолдау көрсету кезінде Хекматиар табысқа жете алмады? «Неліктен Хекматиар босқындардың лагерьлеріндегі және медреселердегі жас ауғандықтарды тартуға айрықша мүмкіндікке, ықпалды таныстарға, сондай-ақ тұрақты қаржыландыруға ие бола тұрып, тұрақты жүйені қалыптастыра алмады?». <sup>5</sup> Осы сұраққа жауаппен оқиғалардың одан әрі дамуы байланысты болды, және мұны Исламабад, жағдайды өзгерту үшін жүзеге асыра алды.

Хекматиардың басты қиындықтары оның ауған саяси сахнасында орнығуы болды деп болжауға болады. Мәселе, тіпті оның жеке амбициялары мен үстемдікке наразылықтарында емес, өз кезегінде, бұлар оның көптеген ықпалды дала командирлерімен қарым-қатынасын шиеленістірді. Хекматиар, идеологиялық тұрғыдан, модернистік тұрғыдағы исламшыл болғаны маңызды. Оның Кабулдағы мұғалімдері «Мұсылман бауырлары» қозғалысының идеологиясына жақын болған Мысырдың «Әл-Азхар» университетінен шыққан. Сондықтан,



ол ислам саяси жобасының көрнекті өкілдерінің – әл-Банн, Кутб және Маудуди идеяларына сүйенген «Жамиат-и исламимен» тығыз байланысты. Сондай-ақ, бұрынғы Британдық Индиядағы Хайдарабаттың тумасы, Маудуди «Жамиат-и исламидің» негізін салушы болып табылады.

Жалпы мағынада исламшыл-модернистер ислам мемлекетін құруға кедергі келтіретін кез келген қалыптасқан дәстүрге қарсы шықты, оның аясында олар барлық мұсылмандардың теңдігін мойындады. Мысалы, Маудудидің пікірінше, «қауымда каста да, сыныптар да, діншілдер де жоқ. Ислам мемлекетінде қоғамдастық мүшелері заң шығарушы және атқарушы билікті сайлайды. Әрбір адам, егер ол иджитихад (беделді пікір) үшін қажетті қабілетке ие болса, заң шығару үдерісіне қатыса алады».<sup>6</sup> Соңғы жағдай модернистер үшін өте маңызды болды, өйткені иджитихад діни және құқықтық мәселелер бойынша түсіндіру мүмкіндігін, Құран мен Сүннетте көрсетілмеген мәселелер бойынша пікір шығару құқығын көздейді.

Мұндай пікірді шығару мүмкіндігі Х–ХІ ғасырларда мұсылмандар үшін жабық болды (иджитихад қақпасы жабық болды. – авт.ескерт.). Оның орнына өткен шақтың беделділеріне сөзсіз мойынсыну – таклид қағидаты бекітілді. Әрине, бұл қағидаттың пайда болуы мұсылман мемлекеттеріндегі рухани тап орнын де-факто алған улемдердің табын күшейтумен және түпкілікті орнықтыруымен тығыз байланысты. Бастапқыда қоғамда зайырлы және рухани билікке бөліну болған жоқ. Улемдер үшін уақыт өте келе қалыптасқан дәстүр мен қоғамдағы өз орнын қорғау басты фактор болды. Таклид қағидаты олардың тұрақтылығының қамтамасыз етілуіне ықпал етті. Ал, «иджитихад тәжірибесін қалпына келтіруге шақыру ортодоксалды руханият беделін жоққа шығарды, яғни исламдағы революцияны білдірді».<sup>7</sup> Улемдер үшін бұл олардың дәстүрмен қорғалған мәртебесіне деген елеулі қатердің пайда болуын білдірді. Әрине, дәстүрлі улемдер мен ислам модернистерінің түрлі қозғалыстары арасындағы қарым-қатынаста, осыған байланысты шиеленіс болмауы мүмкін емес болды.

Іс жүзінде Хекматиар және оның артында тұрған пәкістандық «Жамиат исламидің» исламшылдары ислам мемлекетін

құруға шақырды, онда шариғат ережелерін қатаң сақтау ғана емес, сонымен қатар сайлау, атқарушы және заң шығарушы билікті бөлу орны болуы тиіс еді. Бірақ бұл дәстүрден бас тарту дегенді білдірді, ол тек улемдердің әсерін ғана емес, сондай-ақ ауған қоғамының тайпалық ұйымының дәстүрлі тәсілдерін де қамтиды. Сондықтан, көп жағдайда Хекматиарда пуштундар арасында, әсіресе тайпалар арасында кең қолдау болмады.

Елдегі билікті басып алуға оның талпыныстарын азшылық ұлттары ғана емес, сонымен қатар, дәстүрлі пуштун тайпалары да, соның ішінде гильзай элитасы және дуррани тайпасы теріс қабылдады. Хекматиарды көптеген улемдер де қолдамады. Сондықтан ол жалпыпуштундық қозғалысты басқара алмады. Тайпалар оның билік үшін күресіне қатысқысы келмеді. Соңғы жағдай маңызды болды. Өйткені тайпалар Хекматиардың идеологиялық тәсілдерімен келісе алмады, ол өйткені олардың өмір сүруінің негізгі дәстүрлерін жоққа шығарды, олар: әдеттегі құқық (пуштунвали), көптеген әдет-ғұрыптар, соның ішінде қасиетті зираттарға табыну. Бұл ретте пуштун-гильзайлардан шығу тегі оған көмектесе алмады. Өйткені, ол ауған солтүстігінен шықты, зайырлы Кабул білімінің өнімі және тайпалармен байланысты емес еді.

Бұл жағдайда Пәкістандағы көптеген ауғандық босқындар, медресе түлектері есебінен Хекматиардың қарапайым күшеюі қажетті нәтижені қамтамасыз етпеді. Хекматиар оның бақылауындағы аумақтардың аздаған ресурстарын пайдалану есебінен олардың қажеттіліктерін қамтамасыз ете алмас еді. Мұны Пәкістанға жасау керек еді. Сонымен қатар, барлық пуштундық аумақтар жергілікті командирлердің бақылауында болған. Олардың көпшілігі жергілікті улемдер сияқты Хекматиарға сын көзбен қарады.

Ауғанстандағы Пәкістанның басты мәселесі тайпаларда болды. Тайпалық байланыстарға ықпал ету тәсілін табу, пуштун қоғамының өміріндегі олардың маңызын төмендету қажет болды. Сонымен қатар, ұлттық бағдарланған пуштун мемлекетін қалпына келтіруге әкеп соқтырмайтындай, жалпыпуштун қозғалысы үшін күреске қажетті олардың айтарлықтай әскери әлеуетін пайдалану қажет болды. Тиісінше, мұнда «Жамиат-и ислами» идеологиясы қисынсыз

болды. Ол пуштун ортасында тым күшті наразылық тудырды. Ол азшылық ұлттар арасында көп қолдау табуы мүмкін еді, олардың көпшілігі, Кабулды де-факто басқарған Раббанидің басшылығындағы, «Жамиат» ауған партиясын қолдады.

Алайда, Пәкістан үшін пуштундар аса қажет болды. Бір жағынан, Исламабадтың Ауғанстанға қарсы күресінің мәні көп жағдайда пуштундық мәселені шешу болды. Ол үшін жергілікті пуштундарды ұйымдастыру және басқару қажет болды. Екінші жағынан, Пәкістанның өзінің истеблишментінде, әсіресе әскер мен арнайы қызметтерде этникалық пуштундар саны көп болды. Тиісінше, олардың мүдделерін ескеру қажет болды. Сонымен қатар, олардың Пәкістан элитасында болуы пуштундық ортада саясат жүргізу үшін кең мүмкіндіктерді қамтамасыз етті. Кейбір мағынада мұнда бұрынғы КСРО-мен параллельді өткізуге болады. Кеңес Одағында парсытілді тәжіктердің болуы бірінші кезекте Ауғанстанның солтүстік азшылықтарымен өзара іс-қимыл жасауға үлкен мүмкіндіктер ашты, олар парсы тіліне өте жақын дари тілінде сөйлеген. Бұл Ауғанстандағы КСРО саясатына өз ізін салды. Мұндай үрдіс қазіргі заманғы Ресейде де сақталды, оның әскери-саяси топтары ауған тәжіктері көзқарастарының призмасы арқылы ауған ахуалына көп көңіл бөледі.

Хекматиардың және «Жамиат-и исламының» күш-жігері Ауғанстанда табысқа жетпегендіктен, Бхутто үкіметінің алдында ықтимал балама іздеу туралы мәселе тұрды. Пәкістанда әртүрлі бағыттағы діни партиялар мен қозғалыстар көп болды, бірақ солардың арасында айрықша беделге екі негізгі партия – «Жамиат-и ислами» және «Жамиат-и улема-и ислами» ие болды. Пәкістанда екі діни партия маңызды рөл атқарды. Бірінші, бұл Кази Хусейн Ахмет басқарған «Жамиат-и ислами Пәкістан» (Jamiat Islami Pakistan – JIP) және екінші – «Жамиат-и улема-и ислами Пәкістан» (Jamiat-i Ulema Islami Pakistan – JUIP), оның көшбасшысы Маулана Фазл-ур Рахман болды. Бірінші партия – JIP идеологиялық тұрғыдан «мұсылман бауырлар» қозғалысымен байланысты болды, ол Хасан әл-Банн, Саид Кутб және Маудуди еңбектеріне сүйенді. Екіншісі – JUIP осы аймақ үшін дәстүрлі көзқарастарды ұстанды. Идеологиялық тұрғыдан ол белгілі Деобанд ислам университетіне жақын

болды. Соңғы партия – JUIP Пәкістан үкіметі оны Awami National Party – ұлттық пуштун сепаратистік партиясын солтүстік-батыс шекара провинциясында қарсы қою үшін қолдады».<sup>8</sup> Егер «Жамиат-и ислами «Ислам мемлекетін жақтап, осыған байланысты көптеген жергілікті дәстүрлерден бас тартса, «Жамиат-и улема-и ислами» керісінше, дәстүрді қорғауға шақырды.

«Жамиат-и улема-и ислами» Үндістандағы Деобанд қаласындағы белгілі мұсылман діни орталығымен тығыз байланысты болды. Исламшыл-модернистерге қарағанда деобандтықтар исламды қоғамдағы бұрынғы рөліне қайтаруға, ескі діни дәстүрді, өткенді идеализациялауға шақырды. Осы тұрғыдан Ауғанстандағы «Талибанға» тән стилге айналған ортағасырлық дәуірдің аса қатаң діни тәжірибесін ұстануға ұмтылу көрініс алады. «Талибан» кезінде мемлекетті діни қайраткерлер басқарғаны тән, өйткені қозғалыстың барлық басшылары молда мәртебесіне ие болды. Осылайша, олар мемлекетті улемдердің таптық өкілдері басқаратынын көрсетті.

Бір жағынан, мұнда 1979 жылдан бастап теократия басқармасы бар мемлекет құру бағдарламасын жүзеге асырған Иранның ықпалы анық. Бірақ, екінші жағынан, «Талибан» және «Жамиат-и улема-и ислами» идеологтары осылайша мұсылман қоғамының өмірінде алғашқы мұсылман қауымының өміріне тән болған рухани және зайырлы бастауды қалпына келтіруге ұмтыла алды. Себебі, олардың пікірінше, ислам негіздерін тек улемдер ғана түсінді және бірлікті қалпына келтіру улемдер табының басшылығымен жүзеге асуы керек.

Исламдағы реформалар жүргізу бойынша көрсетілген екі ауқымды жоба арасында идеологиялық көзқарастар тұрғысынан айтарлықтай қайшылықтар болған. Жалпы, исламшыл-модернистер мен дәстүршілдер мұсылман әлемінің түрлі бөліктерінде бір-бірімен жиі кездеседі. Бұл XIX ғасырдың басында ислам әлемін батыс үлгісінде жүргізіліп жатқан жаңғыртулар қозғап, осыған байланысты сын-қатерлерге жауап табуға тырысқан кезде басталды. Жоғарыда атап өткендей, ресейлік Орта Азияда, XX ғасырдың басында дәстүрлі улемдер мен жадид-модернистер бір-біріне қарсы тұрды.

Қазіргі таңда, осындай күрес ресейлік Солтүстік Кавказдағы улемдер мен исламшылдар арасында орын алып жатыр.

Радикалды исламшылдар шығыс қоғамдарын жаңғыртуға реакция ретінде пайда болғаны өте маңызды, ал олардың оппоненттері – радикалды ұстанымдағы дәстүршілдер, өз кезегінде, исламшылдарға реакция ретінде пайда болды. Дәстүршілдер қолданыстағы практика шеңберінде қалуға ниеттенген, бірақ, бұл ретте, дәстүрді қатаң сақтауды талап етті. Егер оларға Ауғанстандағы «Талибанмен» болған жағдай сияқты, беделді зайырлы билік атынан шектеулер қойылмаса, онда дәстүршілдер қоғамды ортағасырлық архаикаға әкелуі мүмкін еді. Өз тарапынан радикалды исламшыл-модернистер тайпалардың, дәстүрлі элита мен улемдердің әсерін қамтамасыз еткен дәстүрлерден бас тартуға шақырды. Олар жалпы ислам мемлекетін қолдады. Іс жүзінде, екі тарап үшін қоғам өміріндегі исламның рөлін арттыру ортақ мақсат болды, бірақ, осы мақсатқа жету жолдары әртүрлі болды.

Бұл жерде орын алған үдерістердегі суфизмнің рөліне назар аудару керек. Бұл өте қызықты жағдай, өйткені дәстүршілдер мен исламшыл-модернистер арасында күрес жүріп жатқан аудандарда сопылар дәстүрлі түрде радикалды исламшылдарға (атап айтқанда сәләфилерге) қарсы тұратын күш ретінде қабылданады. Мысалы, Солтүстік Кавказда жергілікті сопылық тарикаттар уаһһабшылар (сәләфилер) деп аталатын адамдардың ықпалымен күресті бастады.<sup>9</sup> Екінші шешен соғысында Ресей жағына Шешен Республикасының муфтиі Ахмат Кадыровтың өтумен байланысты белгілі оқиға орын алған. Ол кадирий тарикатына қатысты болды. Оның уаһһабшылар (сәләфилермен) байланысты шешен саясаткерлерімен болған қақтығысы Шешен Республикасындағы жергілікті діни дәстүрді әртүрлі түсінумен байланысты болды.

Бұл ретте дәстүршілдер көбінесе сопылық дәстүрлермен тығыз байланысты болды. Бұл «Дар уль-улам Деобанд» деобандтық қозғалысы үшін де әділ, ол өзінің дәстүршілдігіне байланысты белгілі болды және сонымен бірге сопылықпен (негізінен накшбандия мен кадирий) тығыз байланысты болды. Көптеген оқытушылар үшін маулави мен талиб арасындағы

қарым-қатынас пирлер мен мюридтер арасындағы қарым-қатынастарға сәйкес келді.<sup>10</sup> Мұнда Пәкістан, Үндістанның мұсылман аудандары, Ауғанстан, тарихи Орта Азия, Солтүстік Кавказды қосқан үлкен аумақ бастапқыда сопылар болғанын атап өткен жөн. «Біз Ауғанстанға тарихи әсер еткен Үнді субконтинентіне назар аударатын болсақ, фундаменталистік қозғалыстар мен мистикалық ордендердің арасындағы байланыс үзілмегенін байқаймыз. Фундаменталистік түрдің ең үлкен реформаторлары мистикалық ордендердің ықпал астында болды».<sup>11</sup> Сондықтан, улемдер аталған кеңістіктегі дәстүрлерді қорғағанда, олар дінге деген сопылық көзқарасты жоққа шығармайтын өзінің түсінігін қорғайды. Дәл осы негізде сопылар әдетте радикалды исламшылдардың түрлі модернистік қозғалыстарына ықтимал балама ретінде қарастырылады. Себебі, сопылар жергілікті салт-дәстүрді қорғайды, яғни теориялық тұрғыдан дәстүрлі элита билігін қолдайды. Осы тұрғыда, олардың дәстүрді әлсіретуге ұмтылатын, яғни тарикаттар мен улемдердің ықпалын әлсіретуге ұсталатын жаңа исламшыл ағымдармен қарама-қайшылықтары пайда болады. Бұл Солтүстік Кавказ үшін де, Орталық Азия үшін де, басқа да мұсылман мемлекеттері үшін де тән жағдай. Мысалы, «Мұсылман-бауырлары» әртүрлі елдерде әртүрлі топтарға сүйенеді, бірақ жалпы олар әрқашан ордендерге дұшпандық болды және олардың құлдырауына көп ықпал етті».<sup>12</sup>

Алайда, дәстүр де орнында тұрмайтыны анық. Исламшылдар тарапынан қоғамда улемдердің жағдайына қауіп төндіретін жаңа сын-қатерлерге тап болған соң, соңғылары өзінің мінез-құлқы мен өз мүдделері үшін күрес тактикасын өзгертеді. Бұл жерде тағы бір айта кету керек жағдай, исламда христиан дініне қарағанда рухани тап жоқ болғанымен, мемлекеттіліктің дамуына қарай зайырлы және рухани биліктің бөлінуі орын алды. Бастапқы мұсылман қауымында зайырлы және рухани билік біртұтас болды. Содан соң, мұсылман мемлекеттерінде де-факто улемдердің рухани табы қалыптасты, ол институттардың тұтас жүйесінің көмегімен қоғамда өз жағдайын қорғады. Мысалы, бұл рухани білім болды, ол сол немесе басқа қауымдастықта улем орын алу үшін шарт болды. Сонымен қатар, вакф институтының болуына байланысты мұндай

1994 жылға қарай Орталық Азия Ресей үшін алыс шеткі аймақ болды. Осы кезеңде Мәскеу ішкі реформалармен және олармен байланысты проблемалармен айналысқан. 1993 жылдың қазанында президент Борис Ельцин мен Жоғарғы кеңес арасында Мәскеуде қарулы қақтығыс болды. 1994 жылдың желтоқсанында Шешенстанда соғыс басталды. Осы кезеңнің тән ерекшелігі саяси үдерістер мен экономиканы басқаруды орталықсыздандырудың белгілі бір дәрежесі болып табылады. Бұл елдегі ырықтандыруға тікелей байланысты болды. Экономикалық ырықтандыру жағдайында ірі мемлекеттік корпорациялардың меншікті және ақша ағындарын белсенді қайта бөлу жүргізілді.

Сондықтан «Газпром» басшылығы Түрікменстанды Еуропадағы төлем қабілеті бар нарықтардан кесіп тастағаны әбден қисынды. Оған меншікті сатуды қамтамасыз ету қажет болды. Әрине, ресейлік газ қызметкерлерін аймақтық геосаясаттың мәселелері қызықтырған жоқ. Осыған байланысты ресейлік экономистер Станислав Жуков пен Оксана Резникованың пікірі өте көрнекі: «Біздің ойымызша, «Газпром» мен Түрікменстанның күрделі қарым-қатынасын мемлекетаралық қарым-қатынас жазықтығына аударуға талпыныстар негізден айрылды. «Газпром» және оның капиталына мемлекеттің қатысуының елеулі үлесіне қарамастан, өз мүдделерін ілгерілету мен қорғау үшін жаһандық бәсекелестік күресте жалпы қабылданған құралдар мен әдістер жиынтығын пайдаланатын стандартты нарықтық корпорация болып табылады».<sup>63</sup> Бұл ретте, аталған авторлар егер ол «Газпром» газын сататын үшінші елдердің нарықтарына дербес шығатын болса, онда «келесі қадам Түрікменстан тарапынан әлемдік нарықтағы баға демпингі болуы мүмкін» деп есептей отырып, Түрікменстанның ұстанымын сынға алады.<sup>64</sup> Осылайша, олар негізінен Ашхабадтың Пәкістан саясатын қолдау үшін жағдай жасаған сыртқы нарықтарға

түрікмен газын жеткізуді қоршау жөніндегі «Газпром» саясатын ақтайды.

Осы қадам мемлекеттік құрылыс үрдістеріне шоғырлану үшін Ауғанстанмен шекарадағы жағдайды консервациялау идеясына негізделген Орталық Азиядағы Мәскеу құрған қауіпсіздік жүйесінің тұрақтылығын бұзуға алып келді. Бұл жүйеде 1990-жылдардың ортасында «Газпром» саясатының салдарынан оған мемлекеттік құрылыс үшін аса қажетті қаражатсыз қалған Түрікменстан түріндегі ауыртпалық пайда болды. Бұл Ашхабадтың келіп түскен ұсынысқа келісуіне алып келді. Оның саясатындағы өзгерістер аймақтағы геосаяси қарама-қайшылықтың бірінші қадамы болды, Ол Ауғанстан ішінде де, өңірлік деңгейде де мүдделердің қатал күресінің басталуына әкелді.

Сондықтан Unocal-дың пайда болуы кездейсоқ емес деп ойлауға болады. Шын мәнінде, «Талибан» қозғалысын құруға АҚШ-тың мүмкін болатын мүдделілігі және жанама қатысуы туралы жоғарыда айтылған болжамдар шын сияқты. Ресейдің 1993-1995 жылдардағы айқын дағдарысы аясында Вашингтонда Орталық Азия аймағын оңтүстік бағытта ашу міндетін шешу мүмкіндігін көре алды. Осылайша, АҚШ Мәскеудің осы аймақтың мемлекеттеріне әсер ету деңгейін төмендетуге ұмтыла алды. «Клинтон әкімшілігінің саясаты Ресейдің осы өңірге мұнай тасымалдауды бақылау бойынша монополиясын бұзу және жабдықтау көздерін әртараптандыру арқылы Батыстың энергетикалық қауіпсіздігін адал қамтамасыз ету мақсатында мұнайға бай елдердің тәуелсіздігін қамтамасыз ету болып табылады». Клинтонның жанында Ақ үй Ресей мен Иран аумағы арқылы өтпейтін жолдардың бойындағы Орталық Азиядан «құбыржолдардың көптігі» саясатын қолдады.<sup>65</sup> Алайда, американдық қатысу айтарлықтай болса да, ол тым көзге түскен жоқ. Ең жақсы дәлел Ресей мен Иранның мінез-құлқы болып табылады, олардың Ауғанстандағы жаңа «Талибан» қозғалысының пайда болуына ерекше алаңдаушылық білдірмегенімен байланысты.

Естеріңізге сала кетейік, Иран 1993 жылдың желтоқсанында Пәкістан, Сауд Арабиясымен және Өзбекстанмен Ауғанстандағы реттеуге байланысты бірлескен келіссөздерге қатысқан



болатын. Сонымен қатар, Ресей 1996 жылдың тамыз айында «Газпром» атынан Unocal-мен Түрікменстаннан Пәкістанға газ құбырын салу үшін консорциум құру туралы меморандумға қол қойды. Бұл Мәскеу де, Тегеран да елеулі геосаяси қарама-қайшылықтың басталуын күтпегенін көрсетеді. Демек, олар Пәкістанның да, Unocal компаниясының да іс-қимылдарынан Ауғанстанда экономикалық жобаларды жүзеге асыруға ұмтылудан және осы жерде тәртіп орнату талпыныстарынан басқа күдікті ештеңе көрген жоқ. Сондықтан, олар «Талибан» қозғалысынан да қауіп-қатерді көрмеді, себебі олай болмаған жағдайда Ресей мен Иранның Гераттағы Исмаил-ханға қолдау көрсетіп, Пәкістанның жоспарын бұзуға мүмкіндіктері болды. Алайда, Тегеран мен Мәскеу арасында осы кезеңде Тәжікстандағы азаматтық соғысқа байланысты қарым-қатынас өте күрделі болғанын атап өткен жөн.

Сондықтан, «Талибанның» пайда болуы кең халық қозғалысының нәтижесі болды. Оның қалыптасуы Пәкістан билігінің тиісті қадамдарымен тығыз байланысты болды және Пәкістан тарапынан кең қолдауынсыз іске асуы мүмкін емес еді. Естеріңізге сала кетейік, 1994 жылдың 28 қазанында Пәкістан премьер-министрі Беназир Бхутто Ашхабадта Дустум және Исмаил Ханмен кездесті. Ахмет Рашидтің ақпараты бойынша, келесі күні, 29 қазан күні пәкістандық Кветтадан Пәкістанның бас консулы полковник Имам, сондай-ақ «Талибанның» екі өкілі еріп жүретін көлік конвойы шықты. Бұл жоғарыда аталған Мулла Борджан мен Мулла Тураби болды. Жүк көліктері Пәкістан әскерінің көлік бөлімшесіне тиесілі болды. Қандағар әуежайының маңында жүк көліктерін Амир Лалай, Мансұр Ачакзай және Устад Халим тоқтатты. Олар ақша, тасымалданатын тауарларды бөлуді және Пәкістанның «Талибан» қозғалысын қолдауды тоқтатуды талап етті. Талибтер 1994 жылдың 3 қарашасы конвойды бұғаттағандарды шабуылдап, талқандады. Мансұр Ачакзай өлім жазасына кесілді. Екі күннен кейін олар Қандағарды алды.<sup>66</sup>

Рашид нұсқасында пәкістандық конвойдан ақша талап еткен жергілікті командирлердің әлсіздігіне тағы да назар аударылады. Сонымен қатар, Матинуддин Камалдың нұсқасында Қандағар әуежайында конвойды тек дала

командирлері ғана емес, сондай-ақ ачакзай дуррани тайпасының милициясы тоқтатты деп айтылған. Олардың көшбасшысы Мансұр Ачакзай болды. Бұл ретте, олардың талабы – талибтер Кветта медресесінен қолдау алмайтынымен байланысты болды.<sup>67</sup> Рашид пен Камал нұсқасындағы айырмашылықтар айқын. Қандағардағы дурранилік тайпалар талибтердің пайда болуына және олардың артында Пәкістан және ең бастысы, осы елдің діни ұйымдары тұрғаны алаңдатты. Олар талибтерді жеңе алатынын, бірақ Пәкістан медреселерінің көптеген қарулы оқушыларына қарсы тұра алмайтындығын түсінген шығар. Оларды талибтердің Спинбулдақтағы қоймаларды шағын топпен басып алғандығы үрейге түсірген болар. Сондықтан, тайпалар Кветтаның діни мектептерінен талибтерге көмек көрсетуді тоқтату туралы талап қойды.

Жоғарыда аталғандай, Пәкістан үшін пуштун тайпалары проблемасын, олардың шектен тыс дербестігін шешу қажет болды. Сондықтан, ачакзайлардың тайпалық милициясын талқандау көсемнің және оның ортасын халық алдында өлім жазасына кесумен сүйемелденді. Бұл барлық жергілікті тайпаларға ескерту мақсатындағы демонстрациялық қадам болды. Егер Рашидке қайта оралсақ, келесі фразаға назар аудару керек. Талибтердің шабуылы кезінде «бұл Пәкістан әскерінің рейді болды деп ойлап, командирлер қашып кетті».<sup>68</sup> Бұл іс жүзінде Пәкістан әскери рейді болуы мүмкін деп ойлауға қисынды. Біріншіден, Пәкістан шекарасы жақын болды. Екіншіден, пәкістандықтар «Талибан» клиенттерінің әскери мүмкіндіктеріне толық сенімді бола алмауы мүмкін. Соңғылары тайпалық милицияны жеңе алмады. Барлық кәсіпорынның табысы үшін жылдам нәтиже қажет болса, пәкістандықтар оған қол жеткізді.

Нәтижесінде Қандағардағы дала командирлері ең аз қарсылық көрсетті, 5 қарашада талибтер қаланы алды. Мулла Наджиб, Қандағарда ең үлкен милициясы бар ықпалды аликозай дуррани тайпасының көшбасшысы талибтердің билігін мойындады.<sup>69</sup> Аликозайлар ачакзайлармен болған оқиғадан өз қорытындыларын жасап, күштің нақты орналасуын есепке алуды шешкендігі анық. Рашид былай деп жазды: «Наджибтің кейбір көмекшілері капитуляция үшін ол

қолбасшылық сақтайды деген уәдемен ISI-ден пара алды деп мәлімдеді. Талибтер өз қатарына оның адамдарын кіргізді, ал өзін Қандағардан тыс орналасқан ауылына жіберілді.<sup>70</sup> Әрине, Наджибтың сатылғаны туралы пайымдау өте қиын, алайда аликозайлар басым әскери күшке немесе талибтердің өздерінің немесе Пәкістаннан келген күштерге қарсылық көрсете алмады деп болжауға болады. «Талибан» тайпалық көсемді ауылға жіберді. Сол арқылы талибтер тайпалардың автономиясын сақтап қалғысы келмейтінін көрсетті, демек оларға тайпаның көшбасшылары тайпалар мен билік арасындағы делдал ретінде қажет емес болды. Бұл ретте, талибтер тайпалық милицияны өз қатарына қосты.

1990 жылдардың басында қандағарлық дурранилер қалаға Хекматиардың «Хезбе-и ислами» партиясы жауынгерлерін жібермегені тән. Біріншіден, олар исламшылдар болғандықтан, жергілікті діни дәстүрге қарсы шықты. Екіншіден, олар негізінен гильзайлар болды. Үшіншіден, Хекматиар Кабулдағы қала тұрғыны болды және тайпалық дәстүрмен аз байланысты болды. Жоғарыда аталған үш фактордың ішіндегі ең маңыздысы дуррани мен гильзайлар арасындағы тарихи қарама-қайшылықпен байланысты болды. Алайда, 1994 жылы дуррани қысқа уақыт ішінде басқа радикалды ұйым – «Талибанға» өз позицияларын тапсырды, оны гильзай Мулла Омар басқарды.

Мұның себептері: біріншіден, Пәкістанның оқиғаларына тікелей қатысумен, немесе оның армиясының арнайы бөлімдерін қолдану арқылы,<sup>71</sup> немесе тайпалық көсемдерді сатып алу арқылы байланысты болуы мүмкін. Екіншіден, идеологиялық тұрғыдан «Талибан» Деобандтан шыққан «Жамиат-и улема-и ислами» улемдеріне бағдарланып, Хекматиардан айырмашылығы – Қандағар улемдерінің қолдауына сене алды. Мысалы, талибтер жанындағы Қандағардың Жоғарғы сотына дәстүрлі улемдердің өкілі, 80 жасар Маулви Абдул Саттар Санани басшылық етті. Ол Қандағар медресесінде классикалық діни білім алды.<sup>72</sup> Үшіншіден, талибтердің арасында гильзайлардан басқа пуштун-дурранилер де кеңінен таралған. Оның ішінде, Қандағар губернаторы, ачакзай тайпасының тумасы Мұхаммед Хасан болды. 1997 жылға дейін сыртқы істер министрі болған

нурзайлар тайпасынан шыққан Мұхаммед Гаусс, кеденді попользайлардан шыққан Абдұл Раззак басқарды.<sup>73</sup> Мұның бәрі дуррани тайпасындағы бөлек рулық қауымдардың атаулары болды. Жалпы алғанда, «Талибанның» басшылығында әртүрлі пуштун тайпаларынан шыққан адамдардың тек гильзайлар мен дуррани ғана емес, сондай-ақ азшылық ұлттардан шыққан жеке шығушылардың кең палитрасы ұсынылды. Олар негізінен өз қауымдарының өкілдеріне бағытталған Ауғанстандағы басқа ұйымдардан ерекшеленді.

Тайпалық элита «Талибан» жаңа саяси бірлестігінің біліксіз өкілдеріне орын бере отырып, екінші орынға кетуге мәжбүр болды. Тиісінше, бұл бірлестік тайпалық құрылымдардан жоғары тұрды. Тайпалық ұйымның мәні төмендеді, ал барлық тайпалық жасақтар талибтердің билігіне түсті. Егер олар мұны істеуден бас тартса, онда қарусызданулары керек еді. Осылайша, 1994 жылдың күзінде Қандағар Ауғанстанды қайта құру жөніндегі жаһандық жобаны жүзеге асыруға арналған полигонға айналды.

1994 жылдың желтоқсанында талибтер көрші Гильменд провинциясын жаулап алуды бастады. Мұнда билік түрлі дурранилік рулық қауымдар қолында болды. Негізінен бұл нурзайлар, ализайлар және баракзайлар болды. Шын мәнінде, Гильмендтегі қоғам мен билікті ұйымдастыру құрылымы Қандағардағы осыған ұқсас құрылымнан қатты өзгеше болған жоқ. 500 адамнан аспайтын талибтердің пайда болуы жергілікті рулық қауымдар көшбасшыларының арасында не істеуге қатысты ауытқулар тудырды. Провинцияның ресми губернаторы Абдұл Гафар Ахунзада қарсылық көрсетпеуге шешім қабылдады. Қалған көшбасшылар Шура ұйымдастырып, талибтермен қарым-қатынасты талқылады. Командирлердің басым бөлігі келісімге келуді жөн көрді. Алайда, талибтер командирлерге қарусыздану туралы өз талабын білдіргеннен кейін, бұл соңғылардың қарулы қарсылық көрсетуіне әкелді. Талибтер жергілікті тайпалық милицияны жеке-жеке талқандап, аман қалған командирлер Иранға немесе Гераттағы Исмаил-ханға қашқан. Мысалы, баракзай рулық қауымының көшбасшысы Абдұл Жан 1995 жылдан кейін солтүстіктегі Ахмад Шах Масудқа қосылды.<sup>74</sup>

Гильмендтегі тайпалық көшбасшылар бастапқыда билікке жаңа үміткерлермен келісгісі келді, бұл саяси дәстүрдің бір бөлігі болды. Кез келген билік тайпалармен келісімге келді. Тайпалар өз қалпының дербестігін алмастыра алды. Бірақ талибтер тайпаларға қарусыздануды ұсынды. Олар үшін бұл автономдықты жоғалтуды білдірді. Сондықтан, олар талибтерге қарсы шықты. Бірақ, Гильмендтегі тайпалық рулық қауымдар көп болғандықтан, олардың арасындағы қарым-қатынас мезгіл-мезгіл өте шиеленіскен, олар өз күш-жігерін үйлестіре алмады және «Талибанның» бірыңғай қолбасшылық астында болған, алайда салыстырмалы аздаған күштері оларға жеңіліс әкелді. Орталықтандырылған қолбасшылығы бар, жақсы басқарылатын ұйым, үнемі жеке, тіпті өз деңгейінде топтастырылған тайпалық құрылымдарды жеңеді деген тезис кезекті рет расталды. Бұл ретте, ұйым оған қарсы тайпаларды, олардың кейбіреуінің қолдауына сүйеніп, әрқашан жеке сегменттерге бөле алады.

### *Газни үшін шайқас: талибтер Хекматиарға қарсы*

Талибтер Гильмендті басып алғаннан кейін Заболь провинциясын, ал 1995 жылдың қаңтарында Газни провинциясын өз бақылауына алды. Соңғы провинцияда «Талибанның» және басқа да ауған әскери-саяси топтарының мүдделері тоғысты. Атап айтқанда, Хекматиар жасақтары «Талибанды» басып озу мақсатында, Газниге шабуыл жасады. Жауап ретінде, жергілікті губернатор Кари-баба, Газниді осы шабуылдан қорғау үшін талибтермен бірікті. Масуд авиациясы, бір уақытта ауадан Хекматиар адамдарына шабуыл жасады.<sup>75</sup>

Нәтижесінде, парадоксалды жағдай қалыптасты. Бір-бірімен қақтығысқа екі ұйым – «Талибан» және Хекматиардың «Хезбе-и ислами» ұшырады. Ұйымдардың екеуі де Пәкістанның қолшоқпары болғаны өте көрнекі жағдай. Бұл ретте, келесі жылдары «Талибанның» дәйекті жауы болған Масуд, іс жүзінде, Газни үшін шайқаста оларды қолдады. Масуд үшін ең маңыздысы, талибтер оның ескі қарсыласы Хекматиарға қарсы шыққандығы болды. Ол «Талибанның» бұл мәселеде

ISI барлауымен бәсекелесетін пәкістандық әскери қолдауын пайдаланатынын білген шығар. Осыған орай, Масуд Пәкістанның Ауғанстанға қатысты саясаты өзгеруі мүмкін деп есептеді. Барлық оқиғалар арасынан, губернатор Кари-баба мен «Талибан» арасындағы одақты түсіндіру оңай. Кари-баба КСРО-ға қарсы соғыс жылдарында Нәби Мұхаммед и партиясының, яғни, Мулла Омар тиесілі партияның жақтасы болды. Ол Хекматиардың адамдарымен одақта Қандағарды басқарса да, ол исламшыл-модернистерге қарағанда дәстүршілдерге жақын болған шығар.

Газни мен Логар үшін болған қысқы шайқастардан кейін Исламабад қандай да бір шешімге келуі керек еді. Пәкістан үшін саяси және идеологиялық мәселелер бойынша бір-бірімен шиеленіскен жағдайда болған Ауғанстандағы екі күшке бірден сенім арту қисынсыз болған шығар. Сонымен қатар, Заболь және Газни көбінесе гильзайлардың аумақтары болды. Демек, талибтер дуррани тайпасының тұру аймағынан тыс шыққан. Егер «Талибан» Пәкістанның жобасы болатынымен келіссек, онда Қандағар мен Гильменд шегінен шығу осы жобаны іске асырудың жаңа сапалы кезеңі деп түсінуге болады. Талибтер шығыс пуштун тайпаларының аумағына шықты, ол негізінен пәкістандық ISI барлауының жауапкершілік аймағына кірді. Қандағарға қарағанда бұл жерде әскери қызметкерлер өз іс-әрекеттерін ведомствоаралық барлаумен келісулері тиіс болатын.

1995 жылдың басында Пәкістан ішіндегі және сыртқы күштердің қатысуымен жағдайды одан әрі дамытудың нұсқалары туралы осы мәселе бойынша қарқынды консультациялар жүргізілді. Мәселен, 1994-1995 жылдың қысында Сауд Арабиясынан Қандағарға аңшылыққа сауд барлау басшысы, ханзада Турки келді. Мұнда ол Мулла Омармен кездесті. Кездесуді пәкістандық «Жамиат-и улема-и ислами» көшбасшысы Фазл-ур Рахман ұйымдастырды.<sup>76</sup> Сауд Арабиясы ауған істерінде ойнаған рөлді ескере отырып, сондай-ақ оның айтарлықтай қаржылық мүмкіндіктеріне байланысты бұл кездесу үлкен маңызға ие болды. Айта кету керек, Сауд Арабиясы 1993-1994 жылдары «Талибан» пайда болғанға дейін Раббани мен Масудқа 150 млн. доллар берген.<sup>77</sup>

Теориялық тұрғыдан, бұл Парсы шығанағындағы соғыстан кейін Сауд Арабиясы мен Хекматиар арасындағы күрделі қарым-қатынасқа байланысты орын алуы мүмкін. Сондай-ақ, Хекматиар Ауғанстанның оңтүстігінде, атап айтқанда Кунар провинциясында, сауд әулеті қолдайтын шағын «уаһабит» әмірліктерін талқандауда өз рөлін ойнады. Сондықтан, Сауд Арабиясымен келісім «Талибан» ұстанымын нығайтудағы маңызды қадам болды. Бәрінен бұрын, тараптар өзара түсіністікке қол жеткізді.

Сондай-ақ, 1995 жылдың қаңтарында Пәкістаннан «Жамиат-и улема-и ислами» бақылауындағы медреселерден Қандағарға 12 мың ауған және пәкістандық студенттері келді.<sup>78</sup> Бір жағынан, мұндай талибтердің күшеюі қозғалыстың Ауғанстандағы өз әсерін одан әрі таратуға дайындалып жатқанын айтты. Екінші жағынан, бұл Пәкістан тарапынан талибтердің барынша айқын қолдауын көрсетті. Егер Пәкістанның ішінде екі ауғандық жоба – «Талибан» және Хекматиар төңірегінде бәсекелестік жүрсе, онда осы пікірталаста «Талибанға» қолдау көрсеткендердің көзқарасы біртіндеп жеңе бастады. Талибтердің жетістіктері олардың позицияларын күшейтті.

Бұл жағдайда кенеттен Хекматиар да белсенділік таныта бастады. 1995 жылдың қаңтарында ол өз одақтастарымен – Дустумның өзбектерімен және Мазаридің хазарейлерімен бірге Кабул астындағы Масуд үкіметі әскерлерінің позицияларына шабуыл жасады. Бұл шайқастар Хекматиар жасақтары Газни мен Логардағы талибтермен соғысты жүргізген жағдайда басталды. Яғни, «Хезбе-и ислами» көшбасшысы, іс жүзінде соғысты екі майданда бастады. Бұл тек Ауғанстандағы «Талибан» ықпалының жылдам таралуы жағдайында Хекматиараға және оған қолдау көрсеткен ISI-дің пәкістандық элита бөлігіне қандай да бір практикалық нәтижелерді көрсету қажет болатынымен ғана байланысты болуы мүмкін. Өйткені олай болмаған жағдайда ол Хекматиарға қолдау көрсетуді жалғастыру үшін дәлел болмас еді. Басымдықты «Талибанға» берер еді. «Бхутто үкіметі «Талибанның» артында тұрса да, ISI оның мүмкіндіктеріне күмәнмен қарауды жалғастырды, олар талибтерді пайдалы, бірақ елдің оңтүстігінде перифериялық

күш болып қалады деп сенді».<sup>79</sup> Әлбетте, Бхуттоның өз күш құрылымдарының бір бөлігіне тиесілі пікірін толық елемейді дұрыс болмас еді. Сондықтан, Хекматиарға тағы бір мүмкіндік берілді.

Шабуыл үшін ол Пәкістаннан пәкістандық зымырандардың үлкен санын алды.<sup>80</sup> Алайда, ол нәтижеге қол жеткізе алмады. Сол уақытта, талибтер, ақпан айының басынан бастап Хекматиар позициясына өзінің шабуылын бастап, оған тылдан соққы жасады. 14 ақпанда олар Кабулдан оңтүстікке қарай орналасқан Чарисяб қаласындағы Хекматиардың штаб-пәтеріне ие болды. Хекматиардың жасақтары оңтүстік-шығысқа, Жалалабатқа қарай шегінді.<sup>81</sup> Талибтер, нәтижесінде, Масуд әскерлерімен жанасты. Содан кейін, тараптардың одан арғы іс-қимылдарына қатысты БҰҰ делдалдығы кезінде белсенді консультациялар жүргізілуіне байланысты жедел кідіріс пайда болды. Бұл барлық мүдделі тараптарға қатысты болды.

Мысалы, Пәкістан билігі өз клиенттерінің бірі – «Талибан», екіншіге – Хекматиарға жеңіліс әкелгені қалай орын алды деген мәселені талқылау керек болатын. Сонымен қатар, «Хезбе-и Вахдат» партиясының хазарейлері туралы сұрақ қойылды. Олар Хекматиармен бірге Кабулға шабуыл жасады. Енді оларға жаңа жағдайда не істеу керектігін шешу керек еді. Бұл жерде, хазарейлердің Хекматиармен Масудқа қарсы одақтасуы Пәкістанның делдалдығымен жүзеге асқанын атап өткен жөн. Олардың қатысуы Иранның да осы одақты қолдағандығын білдірді. Иранның мұндай саясаты 1993 жылдың аяғында Пәкістанмен және Сауд Арабиясымен бұрынғы уағдаластықтарына байланысты болды. Хекматиарды талқандағаннан кейін хазарейлер де, олардың артында тұрған Тегеран да енді не істеу керектігін анық түсінбеді.

Пәкістан ауған саяси сахнасында негізгі ойыншыны ауыстырғанымен келісе отырып, Иран мен хазарейлер Пәкістанмен келісімді жалғастыру туралы шешім қабылдады деп болжауға болады. Хекматиардың «Хезбе-и исламидегі» орнын «Талибан» жеңіп алды. Кабулдағы хазарейлерде таңдау болмады. Олар Масуд пен талибтердің арасында қиын жағдайда болды. Сондай-ақ, олар Масудпен соғыс жағдайында болған. Сондықтан, олар үшін пәкістандық өкілдерге сенуден



басқа амал қалмады, өз кезегінде, олар, бәлкім, хазарейлерге талибтерді өз қолшоқпары екені туралы және уағдаластықта ештеңе өзгермегендігі туралы айтқан шығар. Бұл нұсқа хазарейлердің кенеттен қысқа уақытта талибтердің жағында болғанын, неге «Хезбе-и Вахдат» көшбасшысы Али Мазари талибтердің қолына түскенін және оны неге өлтіргенін түсіндіруге мүмкіндік береді.

*«Талибанның» Кабулға алғашқы шабуылы:  
талибтер мен Хекматиар арасындағы Пәкістан*

Одан әрі оқиғалар тез өрбіді. Петер Томсеннің болжамы бойынша, Мазари «8 наурызда «Талибан» күштерінің командирі, генерал-халькис Мулла Борджанмен келісім жасады. Ол Борджанды Кабулдың оңтүстік-батыс хазарейлері алып жатқан аудандарына кіруге шақырды. Сондай-ақ, талибтер Масудты жеңе алады деп үміттеніп, оларға барлық ауыр қару-жарақты беруге келісті. Алайда, Масудтың барлау қызметі Мазаридің Борджанмен жасырын сөз байласуын анықтап, ол бірінші болып соққы жасады. Ол Мулла Борджанның қаладан кетуін талап етті. Борджан бас тартқан кезде Масуд «Талибан» әскерлеріне шабуыл жасады. Хазарейлердің бір бөлігі Масуд жағына өтіп, талибтердің қапталына соққы жасады».<sup>82</sup> Содан кейін, Борджан Мазариді өлтірді. Ахмет Рашидтің болжамы бойынша, Масуд хазарейлерге 1995 жылдың 6 наурызында соққы жасаған. Хазарейлер талибтерден көмек сұрап, олардың жасақтарын Кабулға, өз позицияларына шақырды. Осы сәтте Мазари қайтыс болады. Бұл жағдай хазарейлер мен талибтердің одағын үзеді. Масуд 11 наурызда Кабулдың оңтүстік маңындағы талибтерге шабуыл жасайды және оларды қаладан шығарады.<sup>83</sup> Қалай болғанда да, талибтер ауыр жеңіліске ұшырайды. Олар Чарисябтағы Хекматиардың бұрынғы штаб-пәтерін тастап, Уардакқа шегінуге мәжбүр болды.

Мүмкін, Масуд хазарейлердің «Талибанға» қосылатындығын, өйткені соңғыларының артында Пәкістан тұрғанын және олар оның кепілдіктеріне сенім білдіретіндігін түсінген шығар. Сондықтан, ол хазарейлерді бақылап, кейін оза әрекет

етуге шешім қабылдап, нәтижесінде талибтерді жеңді. Масуд жағдайдың жалпы белгісіздік жағдайында соғыста тактикалық артықшылық алып, елорданы және оған жақын маңдағы шегіністерді өзінің толық бақылауына алуды қалады. Осы қадаммен ол «Талибанмен» толық ауқымды соғысты бастады.

Ең үлкен сұрақ – 1995 жылдың басында Пәкістанда не болды? Пәкістан Ауғанстан аумағында, шынымен, бір мезгілде екі науқанды өткізгені және олардың кураторлары бір-бірімен қиын қарым-қатынаста болғаны туралы тұжырым туындайды. Сондықтан, талибтер Хекматиарға шабуылды, ол Кабулға шабуыл жасаған кезде жасай бастады. Егер Пәкістанның ішінде арнайы қызметтер мен әскер арасында қандай да бір уағдаластықтарға қол жеткізілген болса, онда олар бұзылды. Егер мұндай уағдаластықтар болмаса, әрине, егер әрбір тараптың Ауғанстандағы өз клиенті болғанын есепке алатын болсақ, онда бір тарап екіншісін жеңді. Неге бұлай болды?

Пәкістан көрші елде екі науқанды бір уақытта жүргізуді жүзеге асыра алмайтыны түсінікті. Оның үстіне, олардың арасындағы ашық соғысты болдырмау мүмкін емес еді. «Талибан» жобасы өзінің үлкен тиімділігін, әсіресе тайпаларға қатысты саясатты жүргізуде дәлелдеді. Бірақ, Хекматиар шығыс пуштун аудандарын бақылады және ақырында, оның құрамаларының құрамында ауған әскерінің бұрынғы офицерлері көп болды. Бұл ресурстарды біріктіру Ауғанстандағы Пәкістан саясатының үлкен әсерін қамтамасыз етер еді. Алайда, оның жолында Хекматиар және ISI-дің кейбір ықпалды өкілдері тұрды. Олар қаңтар айында Кабулды алудың тағы бір талпынысын іске асыруға тырысты. Сондай-ақ, сол кезде пәкістандық элитаның басқа бөлігі, әскер қатарынан Кабулға шабуыл жасау әрекеті аяқталғаны анық болғанда, тылдан Хекматиарға соққы беруді шешті.

Нәтижесінде 1995 жылдың ақпанынан кейін Пәкістанда тек бір ғана креатура қалды, ол талибтер болды. «Ауғанстандағы «Талибанның» пайда болуы және Пәкістандағы JUIP ықпалының күшеюі кезінде Хекматиар Пәкістан қолдауын жоғалтты».<sup>84</sup> Алайда, Хекматиар өз күшін ішінара сақтаса да, Кабул астында өз позицияларын жоғалтып, ол Пәкістан саясаты үшін

құндылықты білдіруді тоқтатты. Енді ол бүкіл ел көлемінде жеңіске жете алмады. Сондықтан, оның пәкістандық арнайы қызметтердегі патрондары үшін Исламабадтың жаңа ауған саясатының арнасын ұстанудан және «Талибанды» қолдаудан басқа балама болған жоқ.

Талибтердің Кабулдағы Масуд әскерлерінен жеңілісі оңтүстік-батыс пуштун милициясының жасақтары мен Пәкістан аумағындағы діни мектептердің «студенттері» құрылымдарынан жинақталған ала коалиция әлі де әскерге келмейтіндігін көрсетті. Сондықтан, Хекматиардың жеңілісі талибтерді кадрлық офицер корпусымен қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. «Талибтер Хекматиардың күштерін қарусыздандырғаннан кейін, бұл офицерлер (халькистер. – Авт.ескерт.) Танай мен оның тобын қоса алғанда, «Талибан» әскеріне шақырылды. Ауған дереккөздеріне сәйкес 1600 бұрынғы халькистер «Талибанға» жұмыс істеді.<sup>85</sup>

Негізінде бұрынғы тәртіптің бұрынғы офицерлері талибтердің құрамында Хекматиар құлдырағанға дейін де болған. Ең көрнекі мысал сол Мулла Борджан болып табылады. «Талибан», сондай-ақ, Пәкістанда босқын болған бұрынғы әскери офицерлерді, әсіресе, шығу тегі бойынша пуштун болған адамдарды өз құрамына тартуға тырысты. Мулла Борджан сияқты офицерлер «Талибан» әскерінің негізін құрады.<sup>86</sup> Алайда, пуштундар санынан осындай офицерлердің негізгі массасы Хекматиардың құрылымдарында болды. «Мулла Шахабуддин Кабулдың құлағанына дейін коммунистердің болмағаны туралы мәлідемесімен белгілі бір деңгейде келісуге болады».<sup>87</sup> Алайда, мұнда келесідей түзету жасауға болады: 1996 жылы Кабул құлағанға дейін емес, 1995 жылы Кабул астындағы Хекматиардың жеңілісіне дейін. Хекматиардың жеңілісі олардың «Талибан» әскеріндегі санының күрт артуын қамтамасыз етті. Сондай-ақ, «Қажы Абдұл Қадыр (Жалалабат Шурасының басшысы. – Авт.ескерт.) «Талибанға» ХАД құпия қызметінің мүшелерін қоса алғанда, коммунистердің қосылғанын және ұйымға еніп, қозғалыстың әскери мүмкіндіктерін қамтамасыз еткенін мәлімдеген».<sup>88</sup>

Осылайша, 1995 жылдың көктеміне қарай Ауғанстандағы стратегиялық жағдай түбегейлі өзгерді. Талибтер Кабулға

шықты, ауғандық пуштундар арасындағы ықпал ету бойынша өзінің бас бәсекелесі – Хекматиарды жеңді, бірден Кабулды басып алуға тырысып, үлкен шығынмен соққы алды, бірақ ішінара қалаға жақын маңдағы позицияларды сақтап қалды. Ахмад Шах Масуд астанаға және одан оңтүстікке қарай орналасқан Хекматиардың бұрынғы қорғаныс бекеттеріне толық бақылау орнатты. Өз кезегінде, Хекматиар оңтүстік-шығысқа қарай кетіп, өз әскерлерін жартылай сақтап қалды, бірақ Пәкістаннан қолдау таба алмай қалды. Талибтердің Кабул астындағы жеңілісі оның өз жағдайын ішінара сақтап қалуының себебі болуы мүмкін еді. Өйткені, талибтер бұрын Хекматиармен болған жерде сәтсіздікке ұшырады. Сондықтан, Пәкістанда ISI мен премьер-министр Бхуттоның кеңсесі арасында бұрынғы пәкістандық клиент Хекматиарды жаңа «Талибанға» ауыстыру қаншалықты тиімді болды деген пікірталастар пайда болды.

Тиісінше, 1995 жылдың көктемінде талибтерге олардың мүмкіндіктерін көрсету үшін айқын табыстар қажет болды. Сондықтан, олар басты назарды солтүстік бағытқа – Гератқа аударды. Оның үстіне, басты міндет бұрынғыдай қалды – Орталық Азияға көлік дәлізін ашу.

Солтүстікте оларға, талибтердің пайда болуына дейін батыстың бірқатар провинцияларына бақылау жүргізген, Гераттың губернаторы Исмаил-ханның күштері қарсы тұрды. Оның ықпалында Гильменд провинциясы да болды. Сондықтан да, жергілікті пуштундық дурранилік тайпалардың талибтерден жеңілуі және олардың көшбасшыларының бір бөлігінің Гератқа қашуы Исмаил-ханның мүддесіне тікелей тиді. Өйткені, олар оның клиенттері болды. Жалпы, Герат губернаторы, 1994 жылдың қазан айында, Пәкістан премьер-министрі Бхуттомен жеке кездесуі кезінде оған ұсынған дәлелдерге қанағатты болмаған секілді.

Бұл Иранның көршілес Гераттағы жағдайға ықпал ете алмауы екіталай болуымен байланысты болған шығар, демек, Исмаил-хан кем дегенде ирандық ұстанымды ескеруі тиіс еді. Өз кезегінде, Тегеран Оңтүстік Ауғанстандағы Пәкістан мен Сауд Арабиясының белсенділігі жөнінде алаңдады. Сондай-ақ, оларға Қандағар мен Герат арқылы газ құбырын салу жоспары

туралы белгілі болған шығар. Әрине, Герат Орталық Азияға көлік дәліздерін ашу идеясы үшін маңызды болды. Исмаил-ханның осы жобаға теріс көзқарасы оның жүзеге асырылуына кедергі келтіруі мүмкін еді.

1995 жылдың ақпан айы соңында, Кабул астындағы талибтердің наурыздық жеңілісіне дейін, «Талибан» әскері Исмаил-ханның ықпал ету аймағына кіретін Нимруз және Фарах провинцияларын басып алды және Герат маңындағы негізгі әскери Шиндандқа қарай жылжыды. Масуд Кабулдан Исмаил-ханды қолдау ретінде 2000 сарбаздарды бағыттады және талибтердің позицияларын бомбалауды бастады. Наурыз айының басында талибтер Шиндандтан кетуге мәжбүр болды.<sup>89</sup> Бұл бір айда талибтердің екінші ауыр жеңілісі болды. Алайда, бұл қозғалыстың күйреуіне әкеп соқпады, көп жағдайда Пәкістаннан келген көмектің арқасында, атап айтқанда, талибтер діни мектептерден кезекті көмек алды. Сондай-ақ, Хекматиардың жеңілуінің нәтижесінде талибтер бұрынғы коммунистер қатарынан әскери мамандардың үлкен санын өз билігіне алды. Ең бастысы, олар ауған саяси сахнасында Пәкістанның жалғыз клиенті болды. Мүмкін, бұл «Талибан» үшін, олардың Кабулға жасаған қысқы шабуылының ең маңызды нәтижесі болған шығар. Сондықтан, олардың Кабул мен Герат астындағы ауыр жеңілістері айтарлықтай жойқын болмады. Өйткені, Пәкістан жалғыз қалған клиенттің толық жеңілуіне жол бермес еді.

### *Гераттың құлауы*

1995 жылдың тамызында Исмаил-хан оңтүстікке, Гильменд провинциясына басып кірді. Әлбетте, ол дуррани тайпасының жергілікті пуштундарының қолдауына ұмтылды, олардың кейбір көшбасшылары бір жыл бұрын талибтерден Гератқа қашқан болатын. Бірақ тамыз айының соңында талибтер Пәкістан діни мектептерінің қолдауымен Исмаил-хан әскерлеріне қарсы шабуыл жасап, жетістікке жетті. Оның құрылымдары солтүстікке қарай шығарылды, 3 қыркүйекте олар Шиндандтағы әскери-әуе базасын тапсырды,

5 қыркүйекте Герат құлады. Герат губернаторының жеңілу себептерінің арасында ISI делдалдығымен қол жеткізілген талибтердің өзбек генералы Дустуммен келісімі көрсетілді. Оның техниктері Қандағар әуеайлағындағы жауынгерлік ұшақтарды жөндеуден өткізді.<sup>90</sup> Мұндай түсінік өте қисынды көрінеді, өйткені Исмаил-хан мен оның одақтасы Масудтың авиациясы Герат пен Қандағар арасындағы шөлді жерлердегі ауада толық үстемдік еткен жағдайда талибтердің шабуыл операциялары өте қиын болар еді.

Масуд Бағрамдағы әскери-әуе базасын, ал Исмаил-хан Шиндандтағы базаны бақылағандығын естеріңізге сала кетейік. Сондықтан, Дустумның техниктері талибтерге бірнеше ұшақтарды қатарға енгізуге және осылайша жауынгерлік іс-қимыл барысына ықпал етуге әбден қабілетті болды. Дегенмен, қарсыластың авиациясымен күресу үшін ұшақ саны қаншалықты жеткілікті болды деген мәселе ашық күйінде қалып отыр. 1995 жылдың тамыз айында талибтердің жеңіске жетуінің басты себебі Пәкістанның күш-жігер салуы болды деп болжауға болады. Бұл тек 1995 жылдың жазында талибтерге көмекке келген Пәкістан медресесінің көптеген еріктілері ғана емес. «Талибанның» иелігінде осы уақытта бұрынғы коммунистік режимнің әскерінен офицер-пуштундардың елеулі саны болды. Сонымен қатар, «Талибан» қозғалысына қолдау көрсету үшін ең кең мүмкіндіктер ашты. Исмаил-хан Гильмендқа басып кіріп, Гераттағы базасынан тым алыс болды. Осыған байланысты Энтони Дэвистің қызықты пікірі бар, ол ««Талибанды» жабдықтау мен қайта жарақтандыруда Пәкістанның рөлі дәлелденген деп саналуы мүмкін, алайда, пәкістандық құрлық әскерлері, ауыр қару-жарақ пен ауадан соққы Гератқа блицкригті қамтамасыз етті деген өте шынайы айыптауларды растайтын ешқандай деректер жоқ. Олардың қажет болуы екіталай».<sup>91</sup>

Неліктен Исмаил-хан оңтүстікке шабуылды бастағаны қызықты сұрақ болып табылады. Жергілікті маңызы бар әскери қызметкер үшін, тіпті Гераттың және бірқатар көршілес провинциялардың иесі үшін бұл өте ауқымды операция болды. Оның үстіне, Исмаил-ханның даритілді тәжік әскері, кем дегенде, пуштун аумағында әрекет етуі тиіс

болатын. Сондай-ақ, Исмаил-хан өзінің жорығы барысында Пәкістанмен шекараға жақындап келе жатқанын және бұл ел өзінің клиенті – талибтерді жеңіліске ұшыратпайтынын түсінбеуі мүмкін емес еді. Дегенмен, ол жай ғана жеңіліспен ғана емес, Гератты жоғалтумен аяқталған оңтүстікке шабуылын жүзеге асырды.

1998 жылы жазылған Энтони Дэвистің жұмысында: «тамыз айында үкімет жеңіске мұқтаж бола және Кабулға қысымды әлсіретуге ұмтыла отырып, батыс майданда шабуыл ұйымдастырды», деп көрсетілген.<sup>92</sup> Кейіннен, 2002 жылы жазылған Нематулла Ноджумидің жұмысында Исмаил-хан Гильмендте соғысты жүргізіп жатқан кезде «Раббани үкіметі Исмаил-ханды Герат губернаторы және оңтүстік-батыс қарулы күштерінің қолбасшысы ретіндегі ресми лауазымдарынан шеттеткен. Гератқа жаңа кеңес келіп, ол Исмаил-ханның қарсыластарымен бақыланды», деп жазылған болатын.<sup>93</sup> Бұл жағдайда Гератты талибтердің шабуылынан қорғау мүмкін емес болды. Соңғы нұсқа өте қызықты болып табылады. Ол бойынша, Исмаил-ханға қарсы Гератта сыртқы қолдаумен жергілікті элитаның қарсы шығуы ұйымдастырылды, бұл оның тез әрі жаппай жеңілуіне себеп болды.

Ноджумидің нұсқасы шындыққа жақын болуы мүмкін. Исмаил-хан Кабулдағы билікпен келіспей, өзінің оңтүстікке жорығын ұйымдастырған болуы мүмкін. Атап айтқанда, ол Кабул тарапынан талибтердің позициясына параллель шабуыл ұйымдастыра алатын Масуд әскерімен үйлесім тапқан жоқ. Ақпан айында Масуд жауынгерлері Герат түбіндегі талибтерді талқандауда маңызды рөл атқарды. Исмаил-хан мен Масуд әскерінің бірлескен іс-әрекеттері табысқа жете алар еді. Егер Раббанидың Исмаил-ханды қызметтен босату туралы шешімі болған ақпаратпен келіссек, онда ол Гератты жоғалтуда маңызды рөл атқарды және талибтерге осы стратегиялық маңызды провинцияға жол ашты. Бұрын біртұтас «Жамиат» партиясы болған, екі тәжік топтастықтар – кабулдық Раббани мен Масуд және гераттық Исмаил-хан арасындағы қарама-қайшылықтар айқын болды.

Біріншіден, Раббани мен Масуд оңтүстікке, пуштун аумағына келу идеясын қолдамады деп болжауға болады. Олар Пәкістан

тарапынан қуатты қолдау тапқан «Талибан» қозғалысын толығымен талқандау мүмкін емес деп ойлаған шығар. Екіншіден, Исмаил-ханның іс-әрекеті артында Иран тұрды. Бұл нұсқа Гераттың губернаторы неге оңтүстікке жорыққа бет алғанын түсіндіруі мүмкін. Тегеран 1995 жылдың көктемінде Ауғанстандағы оқиғалар барысына риза емес еді. Бір жағынан, талибтер, яғни, Пәкістан Гератты басып алуға тырысты. Екінші жағынан, талибтер Кабул астындағы хазарейлерді талқандап, олардың көшбасшысы Мазариді өлтірді. Бұл Иранның мүддесі мен 1993 жылғы уағдаластықтардың бұзылуы бойынша соққы ретінде бағалануы мүмкін.

Сонымен қатар, Раббани мен Масуд тобында Тегеранмен қиын қарым-қатынас болды. Әсіресе, оларға 1994 жылы, содан кейін 1995 жылдың көктемінде хазарейлер Кабулда қарсы шыққаннан кейін. Тағы бір жағдай, Раббани мен Масуд үкіметінің Ресеймен өте тығыз қарым-қатынасы болуына байланысты болды. Иран Тәжікстандағы ресейлік үкіметке қарсы күрес жүргізген тәжік оппозициясын қолдады.

Кез келген жағдайда, Кабулдағы үкімет Иран саясатын қолдамады. Тиісінше, Исмаил-хан ұйымдастырған оңтүстікке шабуыл оның мүдделеріне жауап бермеді және қолдамады. Раббани мен Масуд Пәкістанмен, тіпті талибтермен келісу мүмкіндігін жоққа шығармағаны мүмкін. Атап айтқанда, Кабул Пәкістанның АҚШ қолдауымен Қандағар мен Герат арқылы Орталық Азияға жол салуды жоспарлап отырғанын білген шығар. Демек, Раббани мен Масуд үкіметі Кабулда және негізінен тәжік аудандарында өз позицияларын сақтағанда, статус-кво сақтау шарттарымен келісе алатын теориялық мүмкіндік болды. Ал талибтер пуштун аудандарын алатын еді. Сонымен қатар, Хекматиардың талқандалуынан кейін талибтер оңтүстіктен Кабулдың көп жылдық қоршауын алып тастады. Сондықтан 1995 жылдың тамыз-қыркүйек айларындағы Кабулдың тәжік үкіметінің іс-қимылдарында өз логикасы болды. «Исмаил-ханға қарсы операция ISI-мен үйлестірілгендігі белгісіз, бірақ оқиғалар «Талибанның» құпия операциялары мен Исмаил-ханның қарсыластарының іс-әрекеттері арасында логикалық байланыс бар екенін көрсетеді».<sup>94</sup> Егер Исмаил-ханның құлауында Раббани үкіметі өз рөлін атқарған болса,



онда белгілі бір уағдаластықтарға шын мәнінде қол жеткізілді деп болжауға болады.

Кем дегенде, 1995 жылы Дустум өзбектері талибтердің Гератты жаулап алуына белсенді ықпал етті. 4 қыркүйек күні оның авиациясы Гераттағы 17-ші жаяу әскер дивизиясының штаб-пәтерін және әуежайды бомбалады.<sup>95</sup> Орталық Азияда бір мезгілде аймақ шекарасында талибтердің пайда болуына байыпты қарады. Атап айтқанда, Түрікменстан газ құбырының құрылысын және оңтүстік бағыттағы көлік дәліздерінің ашылуын күту күйінде болды. Талибтердің жетістіктері 1995 жылы Ашхабадпен келісім бойынша Түрікменстанның және Ауғанстанның шекарасындағы шекара әскерлеріне жедел басшылықты жүзеге асырған Ресейде де ерекше алаңдаушылық тудырмады. Мәскеу сондай-ақ Unocal компаниясының жобасы бойынша газ құбырының құрылысына қатысуға ниеттенді. Мұндай жағдай, сөзсіз, Пәкістан дипломатиясы мен арнайы қызметтердің айтарлықтай күш-жігерінің салдары болды. Раббани үкіметі де істің ағымдағы жағдайын талқылауға қатыса алды, соның ішінде Пәкістанмен бір жабық уағдаластыққа сенім арта алды деп санауға болады. Мұндай нұсқа кабулдық тәжіктер неліктен 1995 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Исмаил-ханға көмектеспей ғана қоймай, оның құлдырауына да себеп болғанын түсіндіруге мүмкіндік береді. Кез келген жағдайда, Гератты басып алу талибтерді Орталық Азия шекарасына алып келді және осы стратегиялық маңызды аймаққа Пәкістаннан көлік дәліздерін ашуға ешнәрсе кедергі келтірмеді. Бұл жағдайда Раббани үкіметінде және көптеген мүдделі тараптарда талибтердің одан әрі жылжуы тоқтайды деген пікір пайда болды. Бұрын Исмаил-ханды қолдаған Иран да жағдайға араласпауды жөн көрді. Оның үстіне оған жақын хазарейлер өздері тұратын аудандарында ішкі автономияны сақтап қалды. Алайда, келесі жылы Ауғанстандағы және оның шекараларындағы жағдай түбегейлі өзгерді.

## 16-тарау.

### **«Талибан» қозғалысы: Кабулдан Мазари-Шарифке дейін (1996-1997)**

#### *«Талибан» және аймақтың геосаясаты*

Осылайша, 1995 жылдың аяғына қарай «Талибан» қозғалысы Ауғанстанның барлық батысын – Қандағар, Гильменд, Фарах, Нимруз, Герат және басқаларды бақылап отырды. Сонымен қатар, негізгі Оңтүстік-Шығыс провинциялар – Пактия, Кунар, Лағман, Нангархар және басқалары жергілікті пуштундық күштердің басқаруында қалды. Соңғылардың арасында пуштун тайпаларының қалыптасуы да, сондай-ақ Ауғанстан аумағында өз позицияларын ішінара сақтап қалған Хекматиардың адамдары да болды. Солтүстікте өзбек генералы Дустумның – Балх, Саманган, Жаузжан, Фарьяб провинциялары орналасқан. Елдің орталығында және солтүстік-шығысында бірқатар провинциялар – Кабул, Бадахшан, Тахар және басқалары Раббани/Масуд орталық үкіметінің бақылауында болды. Бамиан провинциясында «Хезбе-и Вахдат» партиясының хазарейлері болған. Бұл жағдайда барлық мүдделі тараптар үшін басты мәселе «Талибан» қозғалысының алдағы жоспарлары қандай болмақ? Бірақ, олар үшін талибтерді белсенді қолдайтын Пәкістанның мақсаттарын түсіну маңызды болды. Өйткені мұндай ықпалды ойыншының ауған саяси сахнасындағы оқиғаларға тікелей қатысуы қалыптасқан ішкі саяси тепе-теңдікті бұзды.

Талибтердің Түрікменстанмен шекараға шығуы негізінен Пәкістан үшін оның минимум-бағдарламасының орындалуын білдірді. Егер, әрине, Орталық Азияға көлік дәлізін ашу

мәселесін шешу осындай деп санаса. Сондықтан, теориялық тұрғыдан, Пәкістан Гераттан кейін талибтермен жұмыс істеп тұрған аумақтар бойынша көлік инфрақұрылымын құру жөніндегі жұмысқа шоғырлана алар еді. Атап айтқанда, Қандағар мен Герат арқылы Түрікменстанға бағытталған сол газ құбырын салумен айналыса алды. Жоғарыда Пәкістанның ішкі істер министрі Насрулла Бабардың осы мақсатқа жету үшін Кабул, шын мәнінде, қажет емес деген сөздері келтірілген. Алайда, Исмаил-хан мен Гератты 1995 жылы басып алғаннан кейін мәселе экономикалық мәселенама шегінен, сондай-ақ Ауғанстанның шекарасынан тыс жерлерге шықты.

Бұл жерде талибтердің пайда болуы Иранның мүдделеріне тікелей әсер еткенін атап өту маңызды. Біріншіден, Гератты талибтердің басып алуы Бамиандағы Иранмен тығыз қарым-қатынас орнатқан хазарейлермен қарым-қатынасты бұзды. Екіншіден, газ құбырын салу жобасына американдық компанияның қатысуы және АҚШ-тың түрлі өкілдері тарапынан осы идеяны кең қолдауы, Вашингтон осы елде ықпалынан айырылған, 1979 жылғы ислам революциясынан кейін басталған осы екі ел арасындағы қарым-қатынастардың дәстүрлі күрделі тарихын ескере отырып, Иранда өте жағымсыз реакция тудырды. Үшіншіден, Қандағар мен Гераттың «Талибан» қозғалысымен басып алынуы Иран билігімен АҚШ-тың Пәкістанның көмегімен Иранды шығыс бағытынан стратегиялық қоршауды жүзеге асыруға ұмтылысы ретінде қабылдануы мүмкін. Төртіншіден, ирандықтар «Талибан» қозғалысында жиі байқалатын суннит радикализміне байланысты мазасызданбауы мүмкін емес еді. 1995 жылға қарай талибтер тек Иран үшін стратегиялық маңызды Гератты ғана алды, оның халқы тіл жағынан ирандықтарға ұқсас болса да, исламның сунниттік нұсқасын ұстанған. Бірақ, Гераттан шығысқа қарай шиит-хазарейлердің елді мекендері болған. Суннит радикалдары дәстүрлі түрде шииттерге теріс қарады.

Қалай болғанда да, Тегеран АҚШ-тың өңірдегі саясатқа белсенді түрде қайта оралуына қатысты қатты алаңдауы тиіс еді. Естеріңізге сала кетейік, 1990 жылдардың басында АҚШ Клинтонның бірінші әкімшілігінің жанында аймаққа деген қызығушылықты жоғалтты. Осыған байланысты,

Пәкістан сол уақытта Ауғанстанда өз мүдделерін негізге ала отырып, дербес саясат жүргізді. Шын мәнінде, дәл осы жағдай Ауғанстан жағдайын реттеу туралы Пәкістан, Иран, Сауд Арабиясы және Өзбекстан арасында 1993-1994 жылдары қол жеткізілген келісімдерге жол ашты. Алайда, 1995 жылы Тегеран тұрғысынан АҚШ-тың аймаққа оралуы, олардың әсері тағы да анықтаушы бола бастағандай көрінді.

Атап айтқанда, 1995 жылдың мамырында АҚШ Иранға қарсы жаңа санкциялар енгізді. Сол жылы «Талибан» жауынгерлері алдымен Кабул астында хазарейлерге соққы беріп, олардың көшбасшысы Әли Мазариді өлтіріп, кейін Исмаил-ханды Гератта талқандады. Осы оқиғалардан кейін американдық Unocal компаниясының күшімен газ құбырын салу идеясын іске асыруды бастау туралы мәселе туындады. Шеткі бақылаушыларда АҚШ-тың «Талибан» қозғалысының артында тікелей тұрмаса, кем дегенде, оның жетістіктерінің нәтижелерін өз мүддесінде пайдаланады деген айқын пікір құрылуы әбден мүмкін. Бұл тұрғыда, Ричард Маккензидің пікірі өте көрнекі болып табылады. Оның пайымдауынша, бірқатар американдық ресми өкілдердің, бірінші кезекте Оңтүстік Азия мәселелері жөніндегі мемлекеттік хатшының көмекшісі болған Робин Райфелдің мәлімдемелері «Ауғанстанда және оның айналасында АҚШ-тың Орталық барлау басқармасы (ОББ) арқылы пәкістандық әскери барлау қызметімен (ISI) «Талибанды» құруда және күшейтуде бірлесіп жұмыс жасағандығы туралы сенімділікті тек арттырды».<sup>1</sup> Кейіннен американдықтар осы тұжырымдарды жоққа шығаруға тырысты.

Мысалы, осыған байланысты Стив Коллдың келесі пікірі қызықты: «Райфел және оның әріптестері ОББ, «Юнокал» және «Талибан» арасындағы қарым-қатынас туралы конспирологиялық әңгімелерді жиі және өте сенімді мәліметтермен естіді, нәтижесінде олар жеке түрде Лэнглиден осы пікірлерде ақиқаттың үлесі бар-жоғы туралы бірнеше рет сұрады. Оларға ОББ-ның еш қатысы жоқ екендігі айтылды».<sup>2</sup> Әрине, мұндай мәлімдеме толық қатыссыздықтың дәлелі бола алмайды. Оның үстіне, мұндай мәселе бойынша құпия қызметтің растауы априори тым сенімді бола алмайды.

Бірақ, 1995 жылы Тегеранда АҚШ-тың нақты жоспарлары туралы ештеңе біле алмағандығы түсінікті. Ауғанстанда байқаған үдерістер Иранға қарсы бағытталған АҚШ пен Пәкістанның бірлескен құпия іс-әрекеттері туралы конспирологиялық нұсқаға толық жұмыс істеді. 1990-ші жылдардың соңында Ричард Маккензи «құбыржолдарды салу идеясына байланысты АҚШ үшін маңызды мақсат өте қарапайым және Ауғанстанға қатысы жоқ болды. Ауғанстан арқылы өтетін құбырлар Ирандағы энергия ресурстарын өндірушілер мен Пәкістандағы олардың тұтынушылары арасында байланыс орнату мүмкіндігін болдырмауы тиіс болатын. Иранны оқшаулау Мемлекеттік департаменттің арнайы мақсаты болған жоқ, бірақ ол Конгрестегі топтар тарапынан күшті антиирандық қысым астында болып, ол қысым, Америка-Израиль қоғамдық байланыстар жөніндегі комитеті сияқты ықпал ету топтары тарапынан мәселені қолдау арқылы күшейтілді».<sup>3</sup> Сондықтан, Тегеранға алаңдау үшін толық негіз болды.

Әрине, осыған байланысты ирандық билік Ауғанстанда болып жатқан оқиғаларға өте теріс тұрғыда қарауы тиіс еді. 1996 жылдың ақпан айында Исмаил-хан Ираннан Ауғанстанға қайтып келді, ол ирандық қолдаумен Гор провинциясында талибтерге қарсы партизан күресін бастады.<sup>4</sup> Бұл «Талибан» мен Пәкістан үшін белгілі бір қиындықтар тудырды, бірақ теориялық тұрғыдан көлік жобаларын іске асыру үшін маңызды емес еді. Дегенмен, барлығы Тегеранның Пәкістанға, оның жоспарларын іске асыруға кедергі келтіруіне әзір болу дәрежесіне байланысты болды. Дегенмен, кез келген көлік жобасы әрдайым жоспарлы партизан науқаны үшін өте осал, әсіресе оның шетелде қолдауы болған жағдайда. Әрине, Иран үшін Ауғанстанда маңызды мүмкіндіктер болды. Бұл тек Исмаил-хан ғана емес, хазарейлер. Иранның басқа да ауған әскери-саяси топтарымен тығыз байланыста болғанын айта кету керек.

Бұл ретте, Батыс Ауғанстандағы «Талибан» бақылайтын аумақтар 1995-1996 жылдың басында ауған-ирандық шекараның барлық сызығы бойында – солтүстіктегі Гераттан оңтүстіктегі Қандағарға дейін тар жолақта орналасқан.

Теориялық тұрғыдан, бұл оларды Иран тарапынан болуы мүмкін іс-әрекеттер үшін өте осал етті. Батыстан – Иран шекарасынан да, шығыстан – Гор мен Бамиан провинциялары жағынан да. Сондықтан, мұндай жағдайда газ құбырының құрылысы өте қауіпті жұмыс болды. Сонымен қатар, «Юнокал» оны қарызға алынған қаражатпен салғысы келді. Әрине, белсенді жауынгерлік іс-қимылдар аймағында, мысалы ирандық күштер тарапынан кең ауқымды партизандық соғысты өрістету жағдайында осындай ауқымды жобаны іске асыру үшін ешкім ақша бермейтін еді. Сондай-ақ, заңдық тұрғыдан талибаның заңды мәртебесі жоқ екендігі маңызды. Естеріңізге сала кетейік, осы уақытта БҰҰ-да Ауғанстанның орнын Раббани үкіметі алған болатын. Әлбетте, «Юнокал» үшін газ құбырын салу туралы келісімге қол қоятын ешкім жоқ еді.

Сонымен қатар, бұл жобада «Юнокал» компаниясы неге пайда болғаны қызық. Бастапқыда газ құбырын аргентиналық «Бридас» компаниясы салады деп жоспарланды. Оның қатысуы, бәлкім, Иранның тарапынан болған сияқты наразылыққа тап болмас еді. «Бридас» ауған саяси үрдісінің барлық қатысушыларымен келісімге келді. Атап айтқанда, компания Кабулдағы Раббани үкіметімен қарым-қатынасты қолдады. Мұнда «Бридас» орнына «Юнокалдың» пайда болуы құрылыс үшін қаражат тарту тұрғысынан қажет болды деп болжауға болады. Мұны істеу ірі американдық компания үшін аргентиналыққа қарағанда оңайырақ болды. Демек, жоба жылдам іске асырылар еді.

Тағы бір нұсқа АҚШ-та «Юнокалдың» коммерциялық мүдделерінің әдеттегі лоббиленуімен байланысты. Атап айтқанда, 1996 жылдың жазында Колорадо штатының сенаторы Хэнк Браун Ауғанстан бойынша АҚШ сенатында тыңдау ұйымдастырды. Басты презентация «Юнокал» вице-президенті Марти Миллермен жасалды. Миллер компанияның газ және мұнай құбырларын салу бойынша жоспарларын ұсынды. Оның айтуынша, Ауғанстандағы жағдай жақын арада белгілі болады.<sup>5</sup> Осылайша, Миллер жобаны іске асыруға ықпал ететін Ауғанстандағы кейбір оқиғаларға түспалдау жасады. Сол жылдың күзінде талибтердің Кабулға шабуыл жасауы көрнекі болып табылады.

Ауғанстандағы жобаға «Юнокал» қатысу идеясын жақтаушылардың қаржылық-экономикалық уәждемесі болуы мүмкін деген нұсқа әбден қисынды болды. Белгілі бір дәрежеде, ол тіпті 1990-шы жылдардың ортасындағы Ауғанстандағы оқиғаларға Вашингтонның тікелей қатысуы туралы нұсқаға қарағанда американдықтардың өздерін қоса алғанда, оқиғалардың көптеген қатысушылары үшін неғұрлым қолайлы болып табылды, және нәтижесінде «Талибан» қозғалысы пайда болды. АҚШ-та сол кезеңде Иранның стратегиялық қоршауы бойынша жоспарлар болуы және талибтердің көмегімен Орталық Азияға шығуға ұмтылуы әбден мүмкін.

Кез келген жағдайда, 1995-1996 жылдары айқын көрінген газ құбырын салу жобасында американдықтардың пайда болуы өңірлік геосаясаттағы жағдайды түбегейлі өзгертті. 1995 жылы да, тіпті 1996 жылы да бұл әлі айқын емес еді. Мысалы, Орталық Азияның ішінде Түрікменстан газ құбырын салуға американдық қатысудан, сондай-ақ талибтердің көмегімен Ауғанстанда тәртіп орнату идеясынан тыс болған жоқ. Өз тарапынан, Өзбекстан 1995 жылы осы идеяны қолдады. Атап айтқанда, Өзбекстан «1995 жылдың мамырында енгізілген АҚШ-тың антиирандық санкцияларын батыл қолдаған жалғыз Орталық Азия елі болды, ал Президент И. Кәрімов осы мәселе бойынша: «біз бұл эмбаргоның мақсатын білеміз және оны бір жақты қолдаймыз» деген пікір бар. Сол жылдың шілде айында Өзбекстан СІМ басшысы А. Камилов Иранның Ташкенттегі елшісі С. М. Хашеми-Гольпаеганимен кездесуінде, бұл шешім жоққа шығарылды деп мәлімдеді».<sup>6</sup> 1995 жылы ресми Ташкент ауған мәселесі бойынша қатты ауытқыған сияқты, ол келесі жылдары мұны тағы да бірнеше рет жасайды. 1995 жылы өзбек генералы Дустум Исмаил-ханның Гераттағы құрылымдарын талқандауда талибтерге көмектескен, яғни тікелей Иран мүдделеріне қарсы әрекет еткендігі көрнекі болып табылады.

Шын мәнінде, Ресей тарапы, егер ресейлік «Газпром» газ құбырын салу жобасына қатысатын болса, американдық қатысуға қарсы емес еді. Дегенмен, Ресей Раббани үкіметін де қолдады. Естеріңізге сала кетейік, Мәскеуде Кабулға ақша басып, қару-жарақ пен амуниция жеткізген болатын. Ресей билігінің көзқарасы бойынша 1996 жылғы жағдайларда

қайшылықтар болған жоқ. Оның үстіне, АҚШ та, Пәкістан да және үдеріске белсенді қатысатын БҰҰ өкілдері де, «Талибан» тек қатысушылардың бірі болатын, тайталас ауғандық фракциялар арасындағы келісімге қол жеткізу қажеттігі туралы сөз қозғады.

Сонымен қатар, АҚШ-тың Ауғанстандағы саясаты, әсіресе Орталық Азияны қамтитын барлық аймақта Пәкістан саясатына ұқсас болмағанын атап өткен жөн. Алайда, АҚШ 1994-1996 жылдары негізінен Пәкістанмен келісілген әрекет етті. Олардың стратегиялық мақсаты, тұтастай алғанда сыртқы әлемінен оқшауланған Орталық Азияның аймағына көлік дәліздерін ашумен байланысты болды. Бұл өңір елдерінің сыртқы әлеммен барлық коммуникациялары өткен Ресейден тәуелділік деңгейін төмендетуге мүмкіндік берер еді. «Клинтон жанындағы Ақ үй Ресей немесе Иранның бақылауында болмайтын аумақтар арқылы Орталық Азиядан өтетін «құбырлардың көптігі» идеясын қолдады».<sup>7</sup> Алайда, АҚШ-тың ауғанішілік саясатының тактикалық мәселелерінде дәстүрлі түрде, Ауғанстандағы кеңес құрамына қарсы күрескен уақыттан бері Пәкістанға көбірек сенім артты. Естеріңізге сала кетейік, жоғарыда аталғандай, ОББ ауған моджахедтеріне қару-жарақ, ақша және материалдық ресурстармен көмек көрсеткенімен, оны тікелей таратумен пәкістандық арнайы қызметтер айналысты.

Сондықтан, АҚШ әкімшілігі үшін 1994-1996 жылдары Пәкістанның әртүрлі исламшылдық мәнердегі фавориттері – Хекматиар немесе «Талибан» арасында үлкен айырмашылық болған жоқ. Сонымен қатар, Вашингтонда Парсы шығанағындағы соғыс уақытынан бастап Хекматиарға үлкен сенімсіздікпен қарады. Ол кезде американдықтар Ирактың Кувейтке басып кіруін қолдады. Сондай-ақ, 1996 жылдың басында Ауғанстанға, осы сәтке қарай АҚШ-та іздеу салған, белгілі радикал Усама бен Ладен келген кезде, онда оның келуінің бірінші нүктесі талибтермен бақыланатын аумақ емес, шығысауғандық Жалалабат қаласы болды.<sup>8</sup> Жалалабат Шурасы Хекматиармен байланысты болғанын ескере отырып, өз тарихының ерте кезеңінде талибтер Вашингтон үшін сол Хекматиарға қарағанда анағұрлым қолайлы болуы мүмкін деген әсер тудыруы мүмкін.



1996 жылдың сәуірінде АҚШ мемлекеттік хатшысының көмекшісі Райфел Ауғанстан мен Пәкістанға сапар жасады. Қандағарда, Петер Томсеннің айтуынша,» ол хьюстондық Unocal мұнай компаниясының Түрікменстаннан Батыс және Оңтүстік Ауғанстан арқылы Пәкістанға құбыр салу туралы шындыққа жанаспайтын жоспарларын алға тартты». <sup>9</sup> Бұл жоспарлардың шындыққа жанаспайтындығы Томсен кітабы жазылғаннан кейін, қазіргі уақыт ұстанымынан көрініс тапты. 1996 жылы мұны айтуға болмады. Алайда, осы компанияның мүдделерін лоббирлеу кейіннен Вашингтон «Талибан» қозғалысын құруға қатысы бар деп айтуға мүмкіндік берген себеп болды. Содан кейін, бұл американдықтарды ақталуға мәжбүр етті.

Американдық авторлар, кейіннен «Талибан» қозғалысының қалыптасуы кезіндегі АҚШ-тың әрекетінен жағымсыз әсерді жеңілдетуге тырысты. Стив Коллдың өте жақсы пікірі бар. «Талибанға» құпия қолдау көрсете отырып және оны жария түрде жоққа шығара отырып, Пәкістан «Талибанды» халықаралық дипломатияның факторы жасады және американдықтар олардың заңдылығын мойындады. Сонымен қатар, Райфелдің сөздері «Талибанның» болсын немесе Масудтың болсын жеңісі үшін, штаттар ауған қақтығысын әскери шешудің барлық әрекеттеріне қарсы тұратынын айқын көрсетті. <sup>10</sup> Мұндай түсініктеме шын мәнінде «Талибанмен» байланысты тарихты екі бөлікке бөлуге арналған.

**Бірінші бөлігі** осы ұйымның елге тарқатылатын қайшылықтарды тәртіпке келтіруге және Орталық Азияға көлік дәліздерін жолға қоюға ұмтылуымен байланысты болуы мүмкін. 1990-шы жылдардың ортасында бұл салыстырмалы түрде қолайлы болып көрінді және осы сәтте Американың ең айқын араласуы байқалады. Ол Райфел мәлімдемелерінде де, америкалық «Юнокал» компаниясының Пәкістаннан Түрікменстанға газ құбырын салу көзделген жоспарында да көрініс тапқан. Мұндай жағдайда «Талибан» Ауғанстанда гегемонияға және терроризмді қолдауға ұмтылатын радикалды ислам ұйымы болған жоқ. Немесе, кем дегенде, американдықтарға бұл туралы белгілі болған жоқ, себебі Пәкістан олардан бұл ақпаратты жасырған. Атап айтқанда, 1996 жылдың ақпан айында Пәкістан Сыртқы істер министрі

Асеф Али мен ISI директоры, генерал Насим Рананың АҚШ мемлекеттік хатшысы Строб Тэлботтпен әңгімелесу барысында талибтерді қолдауын жоққа шығарды.<sup>11</sup> Демек, осы оқиға нұсқасына сәйкес Пәкістан, шын мәнінде, орын алған оқиғаға жауапты болып табылады. АҚШ үшін мұндай оқиғалардың нұсқасы өте ыңғайлы болды.

Сонымен қатар, пәкістандық саясаткерлер «Талибанның» пайда болуы үшін жауапкершілікті бір-біріне аударуға тырысты. «Кейін Бхутто айтып өткендей, ISI директоры Насим Рана және оның бірнеше негізгі бригадирлері одан Кабулға соңғы қозғалыс үшін «Талибанды» қару-жарақ, жабдықтау және оқыту үшін рұқсат сұрады. ISI офицерлері, егер «Талибан» ауған астанасына бақылау жасайтын болып жатса, онда Пәкістан генерал Зианың (Пәкістан президенті Зия уль-Хак – авт.ескерт.) арманын – Кабулдағы пуштундармен басқарылатын адал исламшыл үкіметті жүзеге асырады деп сендірді».<sup>12</sup> Алайда, Бхуттоның осы сөздеріне де жағдайға байланысты түзетулер жасау керек. Жоғарыда Бхуттоның және оның адамдарының ISI-ге қарсы болғандығы аталған, өйткені, соңғыларының фавориті Хекматиар болды. Сондықтан, ISI-ге талибтер үшін жауапкершілікті жүктеу, әрине, Бхутто мен оның ортасы үшін сол жауапкершіліктен құтылу міндетімен байланысты болды.

«Талибан» тарихының **екінші бөлігі**, ол Ауғанстанда гегемонияға ұмтылған және өзінің радикалды мәнін көрсеткен сәттен басталды. Бұл АҚШ-тың талибтерге қатысты өз ұстанымын өзгертуіне себеп болды. Мұндай нұсқа Американың саясатындағы жекелеген ықпалды топтары бірінші кезеңде талибтерді қолдағандығын және олардың тарихының екінші кезеңінде олардан неге бас тартқанын түсіндіруге мүмкіндік береді. Бірақ, Пәкістан мұндай нұсқаны ұстана алмады. Олар «Талибанмен», 2001 жылы оның құлауына дейін тығыз байланысты болды.

### *Кабулға шабуыл*

Кез келген жағдайда, 1995 жылдың соңында барлық қатысушыларға шешім қабылдау қажет болды. Әсіресе, бұл

Пәкістан басшылығына қатысты болды. Ол екі мағыналы жағдайға тап болды. Талибтер Ауғанстанның батыс бөлігін берік бақылағанымен, олар Кабул мен елдің шығысын бақылауға ала алмады. Сонымен қатар, ауған пуштундарының негізгі әскери ресурстары Ауғанстанның шығыс провинцияларында болды. Мұнда ұйымдастырылған тайпалар, яғни тайпалық жасақтар көп болды. Сондай-ақ, бұл жерде бұрынғы Пәкістан фавориті Хекматиар да болған. Сонымен қатар, шығыс ауғандық провинциялары солтүстік-батыс шекаралық провинцияда (СБШП) Пәкістандағы пуштун тайпаларының аймағымен тікелей шектесті. Ауғанстанның батыс бөлігі Пәкістанның Белуджистан провинциясымен шекаралас болған. Ауғандық босқындардың негізгі бөлігі мен діни мектептер СБШП-да болды. Олардың арасында гильзайлар мен басқа да шығыс тайпаларынан шыққан адамдар көп болды. 1995 жылы талибтер негізінен Қандағар мен Гильмендтің дурранилік рулық қауымдарынан шыққан пуштундардан жинақталды. Қозғалыстың басшылығында хотаки рулық қауымының гильзайлары (Мұхаммед Омар және оның серіктестері) тұрғанымен, бұл барлық гильзайлардың аз ғана бөлігі болды.

Тиісінше, Исламабад бірнеше тактикалық міндеттерді шешу керек еді. Біріншісі – егер ол «Талибанға» үміт артатын болса, онда өз фавориттерімен қарама-қайшы жағдайды шешуі қажет болды. Сондықтан, пуштундар арасында көшбасшы кім болатынын анықтау керек болды. Демек, Хекматиар мен «Талибан» арасында түпкілікті таңдау жасау керек еді. Хекматиардың Кабул астындағы талибтерден жеңілісінен кейін де, оның Пәкістандағы ISI және «Жамиат-и ислами» қатарларынан қолдау топтары қалыс қалатыны сөзсіз болды. Олар премьер-министр Бхутто мен оның кеңесшілерінің және «Жамиат-и улема-и исламидің» көзқарастарына қарсылық білдіруді жалғастыра алды. Мысалы, Анвар ул-Хак Ахади былай деп жазған: «Пәкістан исламшылдары Иранның күш-жігерін қолдаған, әсіресе «Жамиат-и ислами» партиясының көшбасшысы Гази Хуссайн Ахмад ұзақ уақыт бойы Хекматиарды қолдаған. Гератты талибтер басып алғаннан кейін, Хуссайн Ахмад Иранның – «АҚШ аймақтағы ислам топтарын маргинализациялауға және Иранды оқшаулауға ұмтылғаны

және «Талибан» аймақтағы америкалық мүдделерге қызмет еткені» туралы пікірін қолдаған».<sup>13</sup>

Екіншісі – Ауғанстанға бақылау орнату бойынша кез келген жоспар шығыс пуштундарының әскери мүмкіндіктерін пайдаланбай мүмкін болмады. Өйткені, Қандағардың күшімен ғана бүкіл ел көлемінде табысқа жету өте қиын болды. Шығыс пуштундарының өздері өз аумақтарынан тыс соғысқа қатысуға ұмтылмады. Сонымен қатар, егер «Талибанның» жетістіктеріне Қандағар пуштундарының күшімен ғана қол жеткізілсе, онда бұл болашақта Кабулдағы пуштун үкіметіндегі теңгерімсіздікке әкелуі мүмкін еді.

Үшіншісі – Пәкістан үшін пәкістандық Пешауарынан Кабулға дейінгі ең қысқа жолда СБШП-дан ауғандық босқындар мен діни мектептердің ресурстарын пайдалану мүмкіндігін алу маңызды болды. Босқындар лагерлері мен діни мекемелердің СБШП-ға шоғырлануын ескере отырып, бұл талибтерді күшейтудің ең жылдам тәсілі болды.

Алайда, мұның бәрі тактикалық мәселелер болды. Ең бастысы стратегиямен байланысты болды. Мәселе мынада болды: Пәкістан Ауғанстанның батыс провинцияларымен және Орталық Азияға өтетін көлік дәлізімен ғана тоқтап, шектеле алды ма? Бұлай болуы екіталай деп пайымдауға болады. Пәкістан үшін Ауғанстандағы адал үкімет оның мемлекеттік мүдделерін қамтамасыз ету стратегиясының бір бөлігі болды. Адалдықты қамтамасыз етудің ең жақсы тәсілі – жағдайды бақылау. Сондықтан, Орталық Азияға көлік дәліздерін ашу міндетін шешу барлық Ауғанстанға бақылау орнатумен қатар болды. Оған қол жеткізу үшін елдегі билікке Пәкістанға адал үкіметті орнату қажет болды. Егер бірінші міндет толықтай түсінікті болса және Иран мен Орталық Азия мемлекеттерін қоса алғанда, барлық өңірлік күштермен қабылданса, екіншісімен қиындықтар туындады. Пәкістанның Ауғанстандағы бақылауы аймақта жаңа геосаяси шындық құрды, өз кезегінде, бұл басқа аймақтық державалардың алаңдаушылығын тудырды.

Егер «Талибанның» айналасындағы тарихта бұрылыс сәті болса, онда бұл 1996 жылдың күзінде талибтердің Кабулды басып алғаннан кейін орын алуы мүмкін. Дәл осы сәтте қозғалыстың

өзінің тарихы күрт бұрылды. Бұл оның табыстарының шыңы болды, бірақ үлкен проблемалардың басы да болды. Сондай-ақ, алдыңғы қатарлы елдердің саясаты да, аймақтың өзінде де, Ресей мен АҚШ-ты қоса алғанда, одан тыс жерлерде де өзгерді. Кабулдың шабуылынан кейін Робин Райфелдің «Талибан» мен басқа да ауғандық топтар арасындағы уағдаластықтарға қол жеткізу туралы үндеулері барлық мағынаны жоғалтты. Геосаяси қарсы тұрудың жаңа кезеңі басталды, ол бірте-бірте ауған бағытындағы АҚШ тактикасын өзгертуге алып келді.

1996 жылдың көктемінде талибтер өз билігін заңдастыруға әрекет жасады. 20 наурызда Қандағарда 1200 пуштундық беделді қайраткерлер, соның ішінде көптеген улемдер жиналды. 4 сәуірде олар Мулла Омарға «әмір әл-муминин» (діндарлардың басшысы) атағын берді және Ауғанстанның әмірі деп жариялады.<sup>14</sup> Іс-шараға улемдердің өте ауқымды қатысуы өте көрнекі жағдай болып табылады. Талибтер, өз кезегінде деобандықтарға жақын болған «Жамиат-и улема-и ислами» идеяларына идеологиялық тұрғыдан сүйенгендігін естеріңізге сала кетейік. Олар радикалды улемдердің көзқарастарын көрсетті. Мұнымен олар Хекматиар және «Жамиат-и ислами» секілді исламшыл-модернистерден ерекшеленді.

Сондықтан, Мулла Омарды діндарлардың әмірі деп улемдердің ауқымды өкілдігі қатысқан жиналыста жариялағандығы қызықты жайт болып табылады. Бұл ауған діни қайраткерлері өздерінің пәкістандық әріптестерінің қолдауымен, билік діни тап өкілдерінің қолында болатын діни мемлекет құру ниеті туралы мәлімдегенін білдіреді. Кейбір мағынада бұл Иранда орын алған, билікке діни тап өкілдері келген, ислам мемлекетінің тұжырымдамасын іске асыру ретінде көрінді. Бұл жерде айырмашылық, тек Иранда шииттік діндарлар билікке келсе, ал «Талибанның» бақылауындағы аумақтарда сунниттік діни қайраткерлер билікке иеленді.

«Талибанның» және оның көшбасшысы Мулла Омардың діни қайраткерлер мен пуштундық беделділермен заңдастырылуы оның пуштундар арасында мәртебесін көтерді. Дегенмен, бұл жиналыс пуштун дәстүріне қайшы келді. Әдетте, қиын жағдайларда тайпалардың джиргасы жиналатын. Мулла Омардың «діндарлар әмірі» болып жариялануында дәстүрлі

элита және онымен байланысты тайпалармен елеулі қарама-қайшылық қаланды. Атап айтқанда, XIX ғасырдың басында Пенджабқа жақын жердегі пуштундық аудандарда әрекет еткен, Үндістанның көрнекті діни қайраткерлерінің бірі, Сайид Ахмад Барелви улемдер мен көшбасшылар жиналысында «әмір ул-муминин» деп жарияланды. Бұл Мулла Омарға берілген атақ болды, яғни «діндарлардың басшысы». Барелвидің өзінің пайымдауынша, ол имам болып сайланып, зайырлы билікке үміткер болмады және ислам мемлекетін құруға ғана ұмтылды. Алайда, «Сайид Ахмадтың жариялануын үнді князьдіктерінің феодалдық билеушілері олардың билігіне қастандық ретінде қабылдаған».<sup>15</sup> Өз кезегінде, Мулла Омардың «діндарлардың басшысы» болып сайлануы тайпалық ақсүйектердің теріс әсерін тудыруы тиіс еді. Бірақ, осы уақытта Ауғанстандағы жағдайдың ерекшелігі сол кезде бұрынғы монархия дәуірінің пуштундық ақсүйектері саяси үрдістердегі өз әсерін жоғалтуымен байланысты болды. Пуштун тайпалары бір жағынан өзінің саяси белсенділігін көрсетпеді. Екінші жағынан, олар кеңестік қатысуға қарсы соғыс жылдары құрылған Пәкістанға жоғары тәуелділік дәрежесін сақтап қалды.

Сонымен қатар, пуштундарға діни негіздегі бірлікті, бұл ретте басты дәстүрлерге, оның ішінде тайпалық дәстүрлерге қастандық жасамай ұсыну идеясының өзі олар үшін өте тартымды болуы мүмкін. Жиналысқа тек қана пуштундар қатысты, бұл оған этникалық жұмылдыру сипатын берді. Алайда, ислам қоғамында этникалық белгі бойынша бөліну дұрыс емес екенін ескеретін болсақ, бұл парадоксалды болып көрінді. Бірақ талибтер мұны жүзеге асырды. Олар діни ресімдеуде пуштун ұлтшылдығы туралы мәлімдеді. Бұл құрылымда улемдер дәстүр үшін жауап берді.

Тағы бір маңызды жағдай, пуштун ауданындағы іс-қимыл тактикасының өзгеруіне байланысты болуы мүмкін. Естеріңізге сала кетейік, бастапқыда талибтер тайпалардан қару тапсыруды талап еткен. Мұндай талап Гильмендте және Қандағарда ұсынылды. Бұл осы провинциялардың көптеген тайпалық көшбасшылары талибтерге қарсы шығып, тіпті 1995 жылдың жазында талибтерге қарсы Исмаил-ханның шабуылына қатысқанына әкелді. Талибтердің бұл талабы

туралы ақпарат шығыс пуштун тайпалары үшін жағымсыз болды. Оларға қару тапсыру қолайсыз қадам болды. Мүмкін, бұл Пактияның, Пактиканың, Забольдің, Нангархардың және басқа да шығыс пуштун аудандарының 1995 жылдың күзінде және 1996 жылдың басында талибтерге қосылмағандығының себебі болған шығар. Қандағардағы пуштундық беделділердің көктемгі жиналысы бұл мәселеде «Талибан» саясатына түзетулер енгізе алды. Кем дегенде, 1996 жылдың күзінде орын алған оқиғалар кезінде, Гильмендте болған сияқты тайпалар талибтердің жылжуына қарсылық көрсеткен жоқ. Бұл тұрғыда, Қандағардағы жиналыс маңызды рөл атқарған болар.

Қандағардағы кездесу салдарының бірі – Хекматиар мәртебесінің өзгеруімен байланысты болуы мүмкін. «Талибан» ұйымдастырған іс-шараға пуштун көшбасшыларының едәуір санының қатысуы, Пәкістанның осы жаңа фавориті олардың қолдауына ие екенін көрсетті. Пәкістандық билік Ауғанстанда кімге қолдау көрсететінін анықтады. Тиісінше, Хекматиар өзінің бұрынғы мәнін жоғалтты. Сонымен қатар, талибтер оның Пәкістанмен өзара қарым-қатынас мәселелерінде ғана бәсекелестері болған жоқ, олардың елеулі идеологиялық келіспеушіліктері де болды. Нәтижесінде, 1996 жылдың мамыр айында Хекматиар өзінің бұрынғы қарсыласы – Раббани үкіметімен келісім жасап, оның құрамына премьер-министр ретінде кірді. Маусым айында ол Кабулға кірді.<sup>16</sup>

Нәтижесінде, түбегейлі жаңа жағдай қалыптасты. Хекматиардың пуштундары мен Раббани және Масудтың тәжіктері одағы, теориялық тұрғыдан «Талибанға» қарсы бағытталған қуатты одақтың қалыптасу негізі бола алды. Олардың бірлескен иелігінде елдің едәуір бөлігінің ресурстары болды. Мысалы, Хекматиар шығыс пуштун провинцияларының бірқатарында ықпалға ие болды. Талибтердің Кабулды тек Масудтың адамдары қорғаған кезде шабуылмен ала алмағандығын ескеретін болсақ, онда оларға Хекматиар сарбаздары қосылған кезде табысқа жету қиын болар еді. Сонымен қатар, әскери тұрғыда шайқастарда шыңдалған Масуд пен Хекматиардың ардагерлері Ауғанстанның батысынан келген тайпалық милиция өкілдері мен діни мекемелердің

тәжірибесіз студенттеріне қарағанда маңызды артықшылыққа ие болуы тиіс еді. Теориялық тұрғыдан, Раббани мен Масудты Хекматиармен жақындастырған тағы бір жағдай – үшеуінің де 1970 жылдары Кабулдағы «Мұсылман жастары» ұйымына мүшелік етуімен байланысты. Идеологиялық тұрғыдан олар бір-біріне жақын болды және талибтер ұсынған улемдер басшылық ететін теократиялық ислам мемлекетін құру идеясы олардың саяси сенімдеріне сәйкес келмеді.

Алайда, бұл жаңа одақтың көптеген шектеулері болды. Біріншіден, екі ықпалды дала командирлерінің, Масуд пен Хекматиардың жауынгерлері арасында қайшылықтар сақталды. Олар 1992 жылдың көктемінен бастап Кабул майданында бір-бірімен соғысты. Екіншіден, Масуд тәжіктері мен Хекматиардың пуштундары арасындағы этносаралық қайшылықтар ешқайда кеткен жоқ. Үшіншіден, Масуд жағында бұрынғы парчамистер көп болды, ал Хекматиар жағында бұрынғы халькистер болды. Алайда, соңғы жағдай аса маңызды болған жоқ. Бірақ, басты мәселе 1996 жылдың жазында Раббани мен Масуд үшін Хекматиардың пәкістандық элитамен қандай қарым-қатынасы сақталғаны белгісіз болды. Бір жағынан, олар Хекматиардың мұндай іс-әрекеттері пәкістандық биліктегі бөлінумен, яғни, ISI барлау өкілдерінің және «Жамиат-и ислами» партиясы діни қайраткерлерінің бір бөлігі премьер-министр Бхутто мен «Жамиат-и улема-и ислами» партиясындағы қарсыластарына қарсы шыққан кездегі жағдаймен байланысты деп пайымдаулары мүмкін. Екінші жағынан, Хекматиар өзінің жеке бастамасымен әрекет ете алды.

Бұл сұраққа деген жауапқа одақтастардың іс-қимыл тактикасы байланысты болды. Өйткені, егер Хекматиар жалғыз әрекет етсе, шығыс пуштун провинциялары үшін күрес жүргізудің мағынасы болмады. Пәкістансыз және оның қолдауынсыз Хекматиарда Ауғанстанның оңтүстік-шығыс пуштундарының арасында көшбасшы рөлін ойнауды жалғастыруға мүмкіндік болмады. Оның үстіне, қаржылық көмегінсіз оған өз жауынгерлерінің адалдығын қолдау өте қиын болар еді. Бірақ Раббани мен Масуд оны білмеген. Сондықтан олар Хекматиарда өз ресурстары жеткілікті және



оларды талибтермен күресу үшін пайдалануға болады деп есептеді. Бірақ, нәтижесінде Хекматиармен одақ олардың позицияларын әлсіретті. Олар іс жүзінде өздері бақылайтын аумақтардан тысқары шығып, пуштундардың жерінде күреске кірісті.

Талибтер 1996 жылдың тамыз айында Пактия провинциясында Хекматиардың жауынгерлерін талқандап, оның Пәкістан шекарасына жақын орналасқан басты базасы Спин Шигарды алды. Масуд кейінірек «Хезбе-и ислами» базаларын қорғау үшін Лағман және Нангархар провинцияларына күш жұмсау мақсатында оған қысым жасалғанын айтты.<sup>17</sup> Дегенмен, Масудтың араласуы ештеңе өзгерте алмас еді. Шығыс пуштундары жаппай «Талибан» жағына ауысып жатты. Талибтер Пактиядан Нангархарға қарай бет алды, олар Кабул мен Саробиден үкіметтік әскерлердің гарнизонды күшейтуіне қарамастан, Логар мен Нангархар провинцияларының шекарасындағы Азра елді мекенін алды.<sup>18</sup> 11 қыркүйекте талибтер Нангархар провинциясын алды, оның губернаторы Қажы Қадыр Пәкістанға қашты, 13 Қыркүйекте – Лағман провинциясы, 22 қыркүйекте – Кунар провинциясы алынды.<sup>19</sup> Бұл шынайы блицкриг болды және оны жүзеге асыру Пәкістан тарапынан қолдаусыз мүмкін емес еді. Тіпті, Пәкістан тарапынан тікелей әскери араласу орын алды деген пікір де айтылды. «Ауыр қару-жарақты, авиацияны және жаяу әскерді пайдалана отырып, Дюранд желісі арқылы екі апталық, жаппай, жақсы үйлестірілген шабуыл «Талибанның» жалаңаяқ молдаларымен жоспарлануы және орындалуы мүмкін емес. Пәкістанның өз әскери күштері ғана Кабулдың қорғаныс периметріне күшті шабуыл ұйымдастыру мүмкіндігіне ие болды».<sup>20</sup>

Сонымен қатар, көптеген жергілікті пуштун командирлерінің, негізінен Хекматиар партиясынан «Талибан» жағына көшуі, сондай-ақ, Пәкістанның әсерімен байланысты болды. Әрине, бұл Пәкістан тарапынан елеулі дипломатиялық күш-жігер, сондай-ақ үлкен материалдық шығындарды қажет етті. Атап айтқанда, Нангархар губернаторы Қажы Қадыр Жалалабатты тапсырғаны үшін Пәкістан мен Сауд Арабиясынан 10 млн. доллар пара алғаны туралы мәліметтер

келтірілген.<sup>21</sup> Шығыс провинцияларының пуштун тайпалары негізінен талибтердің шабуылына қарсы тұра алмады. Бұл, ең алдымен, олардың Пәкістанмен келісімдерінің нәтижесі болды.

Ауғанстанның оңтүстік-шығысында бұрынғы моджахедтар мен тайпалық жасақтардың жасақтарынан көптеген қарулы адамдар болды, олар КСРО-ға қарсы соғыс кезінен бастап дәстүрлі түрде пәкістандық көздерден қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, бұл аумақ Пәкістанмен шекарада болған, пәкістандықтардың ықпалы мұнда анықтаушы болды. Бұл, ең алдымен, Хекматиардың бұрынғы пуштундық жасақтарының талибтерге жаппай өтуіне себеп болды. Хекматиар Исламабадтың сенімін, сондай-ақ қаржыландыру мүмкіндігін жоғалтты. Ол үшін Пәкістан енді көмекші болған жоқ және ол өз жауынгерлерін қамтамасыз ету, жекелеген тайпалардың адалдығына ақы төлеу қабілетінен айырылды. Пәкістанда мұндай мүмкіндік болды, оның үстіне оған Сауд Арабиясы жәрдем көрсетті. Кейбір пуштун командирлері үшін Хекматиардың Раббани/Масуд тәжіктерімен одағы теріс әсер еткендігі сөзсіз. Саяси келіспеушіліктер мен тіпті идеологиялық айырмашылықтарға қарағанда, этникалық ынтымақтастық олар үшін үлкен мәнге ие болды.

Өз кезегінде, Масуд Сароби ауданында қорғаныс ұйымдастыруға тырысты. Бірақ мұндағы қорғаныс желісі, Хекматиардың атынан Сароби гарнизонын басқарған, гильзай тайпасынан шыққан ахмадзай Зардадтың талибтерге қосылғанынан кейін құлады. 24 қыркүйек күні Сароби құлады.<sup>22</sup> 26 қыркүйекте Масуд Кабулды эвакуациялау туралы бұйрық берді. Оның әскерлері жеңілістерден кейін күйзелісті көңіл-күйде болды, Кабулдың сыртқы қорғаныс периметрін ұстап тұру мүмкін болмады, Бағрамдағы әуеайлақ қарсыластың қолына түсіп, бұл Масудтың әскери мүмкіндіктерін күрт шектетті, енді ол авиацияны пайдалана алмады, ал қаланың ішінде соғыс жүргізгісі келмеді.

Бұл талибтердің толық жеңісі болды. 25 тамыздан бастап, бір ай ішінде олар барлық шығыс пуштун провинцияларын, сондай-ақ, ертеректе 10 ай бойы қоршауға алған ел астанасы – Кабулды алды. Кабулда олар Ауғанстанның бұрынғы

президенті Наджибулланы және оның ағасын қатал түрде өлім жазасына кесті. Бір мезгілде олар елордада аса архаикалық діни тәртіптерді орнату туралы жариялады.

БҰҰ миссиясында өз баспанасын тастап, Масуд әскерлерімен бірге кетуден бас тартқан Наджибулланың көпшілік алдындағы жазасы талибтер тарапынан демонстрациялық акт ретінде көрінді. Наджибулла Кабулда қалып, пуштундық ынтымақтастыққа үміттенген шығар, оның туған руы ахмадзай «Талибан» жағына өтіп, Саробидің құлауында үлкен рөл атқарды. Сонымен қатар, коммунистік режим құлағаннан кейінгі жылдары оның көптеген бұрынғы функционерлері Ауғанстанның түрлі әскери-саяси топтарының қатарында, соның ішінде талибтердің қатарында өздерін тапты. Сондай-ақ, 1996 жылға КСРО мен кеңес режиміне қарсы соғыс көп жағдайда тарихқа айналды. Сондықтан Наджибулла талибтер оған құрметпен қарамайтын болса да, кем дегенде, Масудтың тәжіктерімен бірге Кабулдан кетуден бас тартқанын бағалай алады деп үміттенді.

Қазіргі таңда талибтер тұрғысынан Наджибулланы өлтіру қаншалықты қажет болғанын айту қиын. Олар осылайша ел тарихының кеңестік кезеңін жабу туралы өз шешімін көрсетіп, жаңа мемлекет үшін ең қатал шараларға дайын екендіктерін көрсетті деп болжауға болады. Бұл ретте, олар ахмадзай мен басқа да тайпалық пуштундардың пікірін елемеулері мүмкін болды. Алайда, бұл тайпалық пуштундық элитаны қорқытумен байланысты науқан болған шығар. Дегенмен, талибтердің пуштундық дәстүрлі элита әсерін ескермеуі мүмкін емес еді, оның бір бөлігі Наджибулла болған. Олармен салыстырғанда, талибтер тек құр кеуделер болды. Сондықтан да, тайпалық беделділерге елдегі нақты күш кімге тиесілі екенін көрсету қажет болды.

Алайда, себебі өте қарапайым болуы мүмкін. Наджибулла ұзақ жылдар бойы Ауғанстанның арнайы қызметін басқарды, олардың қатарында көптеген адам шығындары болды. Өз кезегінде бұл, мысалы, талибтер арасында көп болған бұрынғы халькистер тарапынан кек болуы мүмкін. Бірақ, кез келген жағдайда бұрынғы президенттің көпшілік алдында жазасы көптеген ауғандықтарды таң қалдырды, ол Ауғанстаннан тыс

жерде де жағымсыз әсер қалдырды. Әрине, нәтижесінде өлім талибтердің имиджіне ең теріс әсер етті.

### *Геосаяси бомбаның жарылуы*

Кабулды басып алу аймақта жарылған бомба әсерін қалтырды. Біріншіден, Ауғанстанда да, одан тыс жерлерде де ешкім Кабул тез құлайды деп күткен жоқ. Масуд 1992 жылдан бастап астананы ең қолайсыз жағдайларда ұстап тұрды. Қалада Панджшер шатқалынан шыққан бұрынғы моджахедтер, сондай-ақ бұрынғы коммунистік әскердің тәжік жауынгерлері бар қуатты топ болды. Екіншіден, қала құлағаннан кейін барлық мүдделі тараптарға енді талибтер барлық Ауғанстанға билік етуге үмітті екені анық болды. Тиісінше, оларға деген өз көзқарастарын анықтаулары керек еді. Сонымен қатар, талибтерді Пәкістан мен Сауд Арабиясы АҚШ тарапынан айқын көрінбеген, бірақ белгілі бір ықыласы астында қолдап отырғанына байланысты, бұл аталған елдер Ауғанстанға толық бақылау жасауға ұмтылатынын білдірді. Әрине, бұл Ауғанстанның айналасындағы күштердің орналасуын өзгертті. Талибтердің Кабулды басып алуына байланысты АҚШ тарапының реакциясы туралы Стив Коллдің пікірі көрнекі болып табылады: «1996 жылдың соңында АҚШ үшін «Талибан» дос немесе жауға жататыны белгісіз болды. Кабулдың құлауынан кейін апталар бойы орташа деңгейдегі американдық ресми тұлғалар мәлімдемелердің какофониясын берді – кейбіреулер скептикалық болды, басқалары айқын қолдаушы болды – осыдан АҚШ позициясы туралы нақты қорытынды жасау мүмкін емес еді. Исламабадтағы американдық дипломаттар репортерлерге «Талибан» Ауғанстандағы күшті орталық үкіметті қалпына келтіруде пайдалы рөл атқара алады деп айтқан».<sup>23</sup>

Жоғарыда аталған елдердің әрқайсысының өз мүдделері болды, бірақ басқа аймақтық державаларда да өз мүдделері де болды. Бірінші кезекте, бұл Иран мен Ресейге қатысты болды. Тегеранда 1995 жылдан бастап «Талибан» және Пәкістан мен АҚШ саясатына қатысты иллюзия болған жоқ. Бір жағынан,

Иран басшылығы талибтердің әрекеттерін Ауғанстан ішіндегі ирандық күштерге қатер ретінде, екінші жағынан, Иранды стратегиялық қоршау бойынша АҚШ саясатын жүзеге асыру ретінде қарастырды.

Алайда, талибтердің Кабулды басып алғанға дейін Ресейде ауған мәселесі бойынша айқын позиция болған жоқ. Мәскеу дәстүрлі түрде Раббани үкіметін қолдады, бірақ бір мезгілде «Талибанның» әрекеттерінде қауіп-қатерді көрмеді. Бұл жерде мәселе, тек ресейлік «Газпромның» «Юнокал» жобасына қатысуында ғана емес, сонымен қатар, 1995 жылдан бастап ресейлік шекарашылар Ашхабадпен келісім бойынша Түрікменстанның Ауғанстанмен шекарасында талибтермен көрші болғандығында. Демек, Ресей талибтерден Орталық Азия аймағының қауіпсіздігіне үлкен қауіп-қатер көрмеді, онда Мәскеу 1992 жылдан бастап Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымында (ҰҚШҰ) басым күшке ие болды. Өңірде Ресей билігін Ауғанстандағы соғысқа қарағанда Тәжікстандағы жалғасып келе жатқан азаматтық қақтығыс көбірек алаңдатты. Сонымен қатар, Мәскеудің осы алыс елден басқа да шаруалары көп болды.

Атап айтқанда, 1996 жылдың тамыз айында Шешенстандағы жергілікті сепаратистер басшылығымен Хасавюрт келісімдеріне қол қойылды. Ресей басшылығы үшін келісімге қол қою ауыр жеңіліс болды. Ресей де-факто өз провинцияларының біріне бақылауды жоғалтты. Яғни, геосаяси тұрғыдан ол мемлекеттің әлсіздігін көрсетті. Тиісінше, егер жағдайға сырт көзбен қарайтын болсақ, онда мұндай қиын жағдайда Мәскеудің алыс Ауғанстандағы оқиғаларға араласуға деген ешқандай құлшынысы болмады.

Әлбетте, Ресей үшін Кабулды басып алу және Раббани үкіметінің жеңілісі жағымсыз жаңалық болды, бұл оқиғалар оның өңірдегі мүдделеріне тікелей ықпал етті. Бірақ Хасавюрттен кейін Ресей оқиғалар барысына араласпаса, қисынды болар еді. Өйткені, егер ол Шешенстанда өз аумағының нақты жоғалуымен келіссе, онда Ауғанстаннан кетуі бұл жағдайда өте орынды болды. Конспирологиялық теориялар тұрғысынан, дәл сол Хасавюрт талибтердің шығыс пуштун провинцияларын жаулап алуымен және Кабулдың құлауымен

аяқталған орасан зор операцияны жоспарлау кезінде есептеу нүктесі болуы әбден мүмкін. Өйткені Ресейдің ұстанымы, оның Раббани топтарымен және Орталық Азиядағы әсермен байланысын ескере отырып, Ауғанстандағы оқиғаларды дамыту үшін маңызды мәнге ие болды.

Егер Ресей 1996 жылдың күзінде Ауғанстандағы оқиғалардан тыс қалса, онда Иран «Талибанға» қарсы Ауғанстанда белсенді саясат жүргізуге теориялық тұрғыдан дайын болған және оны қолдайтын мемлекеттерге қарсы жалғыз сыртқы саяси күш болар еді. Бұл ретте, Иранның мүмкіндіктері өте маңызды болғанымен, бірақ ол Ауғанстанда талибтердің гегемониясын орнату үшін тым үлкен мәселелерді ұйымдастыруға мүмкіндігі болмады. Бұл жерде ең бастысы, Иранның Орталық Азияда ешқандай әсер етпеуі болды. Сонымен қатар, Тегеран Тәжікстандағы азаматтық соғыста оппозицияны қолдады, бұл оның Орталық Азия мемлекеттерімен және Ресеймен қарым-қатынасына теріс әсер етті. Өзі жалғыз ол Ауғанстандағы талибтерге кедергі жасай алмайды.

Орталық Азияда әсер ету мұнда негізгі мәнге ие болды, өйткені тек осы өңір арқылы Солтүстік және Орталық Ауғанстандағы антиталибтік топтардың сыртқы жабдықталуын қамтамасыз етуге болады. Бұл ирандық хазарейлер үшін де әділ айтылған тұжырым. Солтүстіктің қолдауынсыз аталған топтар, хазарейлерді қоса алғанда, Пәкістан мен басқа да елдердің қолдауымен Ауғанстанның пуштундарының біріккен күштерінің қуатына қарсы ұзақ уақыт ұрыс бере алмас еді. Демек, талибтердің Кабулды басып алуы және тіпті бүкіл елге бақылау орнатуы Иран үшін стратегиялық жағдайды түбегейлі өзгертпеді.

Сондықтан 1996 жылдың күзінде барлығы, әлі де Орталық Азияда айтарлықтай ықпалға ие болған және талибтердің Кабулды басып алуы туралы фактінің алдында тұрған Ресейдің қандай позицияны иеленетініне байланысты болды. Сонымен қатар, Орталық Азия мемлекеттерінің ұстанымдары да үлкен мәнге ие болды. Әлбетте, олар Ауғанстанда болып жатқан оқиғаларға қатысты анықталу қажет болған қиын жағдайда болды. Бұл ретте, бір жағынан Пәкістан, Сауд Арабиясы және АҚШ оларға талибтердің қауіп төндірмейтінін сендірді.

Екінші жағынан, 1996 жылдың күзіне дейін тек Иран болды. Сондықтан бәрі Ресейдің қандай шешім қабылдайтынын күтті.

Ауған мәселесін талқылау барысында Орталық Азия өңірінің бес елінен Ауғанстанмен шекарада болған үш мемлекет бөлінеді. Олардың ішінде Түрікменстан 1996 жылдың күзіне қарай газ құбырының құрылысына баса назар аударып, талибтерге қатысты толығымен анықталды. Ал, Өзбекстан 1993-1995 жылдары екі жақты позицияға ие болған кезде, Ташкент біраз ауытқып кетті. Өз кезегінде, Тәжікстан билігі азаматтық соғыстан кейін билікке келуді қамтамасыз еткен Ресейге тәуелділіктің едәуір дәрежеде болғанын көрсетті. Қазақстан мен Қырғызстан Ауғанстаннан салыстырмалы түрде алыс болды. Орталық Азия аймағында Ауғанстанға қатысты «майдан шегіндегі елдер» – Түрікменстан, Тәжікстан және Өзбекстанға қарағанда, олар «тыл мемлекеттері» болды. Сондықтан, 1992-1996 жылдары олар ауғандық мәселеде күту тактикасын ұстануды жөн көрді.

Бұл ретте, талибтердің артында тұрған елдер үшін жалпы алғанда Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынаста проблемалар тудырмау өте маңызды екенін атап өту маңызды. Көлік дәліздерін салудың барлық тұжырымдамасы олармен сауда қатынастарын орнатуға бағытталған. Бірақ геосаясат мәселелері де маңызды мәнге ие болды. Жаһандық аспектіде дәліз құру Орталық Азия мемлекеттері үшін көлік баламасының пайда болуын, олар тек Ресей мен Иран арқылы маршруттарға бағдарланбауын білдірді.

Негізінде, 1996 жылдың тамыз-қыркүйек айларында жоспардың Ресей мен Орталық Азия мемлекеттерін фактінің алдына қоюға бағытталғаны айқын болды. Талибтердің шабуылының керемет тез табысы, Ауғанстандағы ең үздік әскерлердің бірі қорғаған, елдің астанасын қоса алғанда, мемлекеттің едәуір аумағын жаулап алуы бұрынғы КСРО аумағындағы мемлекеттерді уақытша цейтнот ахуалында жедел қиын шешім қабылдауға мәжбүрледі. Бірінші кезекте бұл Ресейге қатысты болды, ол енді ғана Хасавюрт бейбіт келісім-шартымен байланысты қиын сәттерді бастан кешірген еді.

1996 жылдың күзінде Мәскеу болған өзгерістермен келісуге мәжбүр болады, ал оның артынан Орталық Азия мемлекеттері

де келіседі деп болжауға оңай болды. Ресейдің ықпалынсыз олар Түрікменстанның үлгісіне еріп кетер еді. Бірақ ресейлік басшылық қысқа мерзімде басқа шешім қабылдады, және ол өңірдегі жағдайды алдағы бес жылға өзгертті.

26 қыркүйекте талибтер Кабулға ие болды, ал 1996 жылдың 4 қазанында Қазақстанда, Алматыда Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары мен ресейлік премьер-министр Виктор Черномырдин жиналды. Бұл кеңесті шақыру жылдамдығы өте әсерлі болды. Себебі, Мәскеу мен Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары кездесуінің алдында өзара консультациялар өткізіп, нәтижесінде өте қатаң болған жалпы шешімді әзірлеу қажет болды. Геосаяси тұрғыдан қалыптасқан күрделі жағдайды ескере отырып, бұл уақыт пен елеулі дипломатиялық күш-жігерді талап етті. Оның үстіне, Өзбекстан Ауғанстанға қатысты кез келген саясат үшін негізгі елдердің бірі, 1993-1995 жылдары осы елдегі үдерістерге өзі өте белсенді қатысты және болып жатқан оқиғаларға деген өз көзқарасы болды.

4 қазанда Алматыда өткен кездесуге Түрікменстан президенті Сапармұрат Ниязов қатысты. Оның елі үшін Ауғанстандағы билікке келу мәселесі Пәкістандағы газ құбыры құрылысының көптен күткен жобасын іске асырудың басталуын білдірді, бұл Ашхабад саясатының басты басымдығы болып табылды. Бірақ Орталық Азия аймағының қалған мемлекеттері үшін жағдай соншалықты айқын болған жоқ.

Қандай себеппен Ресей және Түрікстанды есептемегендегі барлық дерлік Орталық Азия мемлекеттері 1996 жылдың қазан айында, өте қысқа мерзімде ортақ ұстаным бойынша келісіп, Пәкістан, Сауд Арабиясы және, мүмкін, АҚШ мүдделері тұрған идеяға қарсы шыққандығы өте қызықты. Неліктен Раббани/Масуд исламшылдары билігінің жеңілісі олардың мұндай реакциясын тудырды? Неге Ресей 1996 жылдың қазанында Пәкістанмен, Сауд Арабиясымен және, мүмкін АҚШ-пен қақтығысқа шығарған шешім қабылдады? Өз кезегінде, ол тек бір ай бұрын Хасавюртте ымыраға келген емес пе еді? Осы бір ай ішінде қандай өзгеріс болды? Келесі сұрақтың жауабымен ерекше айқындалу қажет: неліктен Өзбекстан нәтижесінде Ресей ұстанымын қолдап, талибтерге қарсы



шығуды жөн көрді? 1995 жылы оның ұстанымы өте айқынсыз еді, ал Ауғанстанда өзбек генералы Дустум талибтерге қолдау көрсеткен.

Орталық Азия мемлекеттері 1996 жылы бірқатар объективті себептер бойынша Ресейдің ұстанымын ескермегені сөзсіз. Біріншіден, мұнда әлі де мемлекеттік құрылыс үдерістері жалғасып жатты. Осыған байланысты жаңа тәуелсіз мемлекеттердің осалдығының жалпы жоғары дәрежесі орын алды және олар кез келген сыртқы қауіптерге ерекше сезімтал болды. Оның үстіне, Ауғанстан тарапынан ықтимал қауіп болды. Екіншіден, Ресейден көліктік тәуелділік сақталды. Орталық Азия елдерінің барлық көлік ағындары 1990 жылдардың ортасында Ресей аумағы арқылы өтті. Үшіншіден, аймақ елдерінің элиталары КСРО-дан мұраға қалған ресейлік истеблишментпен тығыз байланыста болды. Олар үшін Пәкістан, Сауд Арабиясы және тіпті АҚШ өкілдерінің дәлелдерін қабылдау қиын болды. Жақында ғана қырғи-қабақ соғыс кезінде осы елдердің барлығы әлеуетті қарсыластар болды. Сонымен қатар, Орталық Азия мемлекеттерінің элиталарында халықаралық аренада басқа мемлекеттермен өзара іс-қимыл жасау тәжірибесі болған жоқ. Бұдан басқа, аймақ елдерінің зайырлы элиталары радикалды исламшылдықтың кез келген көріністеріне аса сақтықпен қарады. Әлбетте, талибтердің сөзсіз қабілеті және олар Кабулға өзінің аса архаикалық тәртіптерін орната отырып, оны күтпеген жерден басып алуы Орталық Азияның астаналарында ең маңызды алаңдаушылық тудырды.

Атап айтқанда, соңғы жағдай Өзбекстанның позициясын өзгертуде маңызды рөл атқарған шығар. Өзбек элитасына Өзбекстанның Ферғана облысында орын алған 1990-шы жылдардың басындағы оқиғалар, сондай-ақ көрші Тәжікстандағы соғыс қатты әсер етті. Ең алдымен, Ташкент талибтердің блицкригіне қатты алаңдаушылықпен қараған шығар. Өйткені, талибтердің экспансиясының келесі объектісі Ауғанстанның солтүстігіндегі генерал Дустум бақылайтын аумақтар болуы мүмкін. Ташкент үшін талибтердің Кабулды басып алғаннан кейін қайда бағыт ұстайтындығы үлкен үрей тудырды.

Ресей позициясының өзгеруіне байланысты жағдай неғұрлым қызықты болып табылады. Ресейде, 1996 жылдың маусымында Борис Ельциннің Ресей коммунистерінің кандидатты Геннадий Зюгановты жеңген президенттік сайлау өтті. Сайлау жаңа ресейлік буржуазиядан және Ельциннен зор күш-жігерді талап етті. 1996 жылдың тамызында Хасавюрт келісімдеріне қол қойылды. Ресейдің империялық мәртебесінен және онымен байланысты шығындардан ауыртпашылық көрген Ресейлік элитаның бір бөлігі президенттік сайлау аяқталғаннан кейін, өз аумағының бір бөлігін жоғалтуына қарамастан, қоғамда жағымсыз сипатқа ие болған соғысты аяқтауды жөн көрді деп пайымдауға болады. Сайлауда Ельциннің жеңіске жетуі осы шешімге негіз болды.

Дегенмен, әскери және арнайы қызметтерге байланысты Ресей элитасының басқа бөлігі Хасавюрт келісімдерін өте теріс қабылдады. Сондықтан, Мәскеудегі ресми билік Ресейдің Ауғанстанда да өз позицияларын жоғалтумен келісуіне қарсы шыққан әскери және арнайы қызметтердің өткір сынына тап болған шығар. Олардың көзқарасы бойынша, бұл Орталық Азиядағы да ресейлік позицияларды жоғалтуды білдірді, ал одан әрі шегініс, теориялық тұрғыдан Ресейдің шекарасына дейін де жалғасуы мүмкін еді. Әскер мен арнайы қызметтерде наразылық өте маңызды сипатқа ие болды. Атап айтқанда, президент Ельциннің қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі, генерал Александр Лебедь қазан айында «Ресей «Талибан» қозғалысына қарсылық көрсетіп жатқан президент Раббанидің режиміне батыл қолдау көрсетуі және Ауғанстандағы барлық ұйымдасқан әскери күштерге көмектесуі тиіс. Лебедь өзінің алармистік және өте апокалиптикалық сөзінде Мәскеуге кеңінен таралған үрей туғызды. Ол исламдық фанатизмді атап, домино теориясының жеңілдетілген нұсқасын алға тартты. Бұл нұсқа бойынша, егер Ресей исламдық толқынды тоқтату үшін батыл іс-әрекеттерді жүзеге асырмаса, онда Орталық Азия аумағындағы мемлекеттірдің құлдырауы орын алар еді».<sup>24</sup> Ауғанстандағы жағдайды осындай бағалау ықпалды Ресей генералы тарапынан әскери элитаның позициясын тікелей көрсететіні анық.

Хасавюрттен кейін және Шешенстанды жоғалтуынан кейін Ауғанстандағы жаңа жеңіліс қазіргі ресейлік билік үшін орны

толмас қатерге ұласуы мүмкін еді. Сол Лебедь Ауғанстан мен Шешенстан арасындағы оқиғалардың айқын паралелін жүргізді. «Лебедьтің пайымдауынша, Шешенстанның мәселесі, «Талибан» тарапынан қатер бейтараптандырылмайынша, Ауғанстанмен салыстырғанда ештеңе емес».<sup>25</sup> Мұндай тұжырым ескерту сияқты көрінді. Сонымен қатар, Мәскеу өкіметі қыркүйек айында Ельциннің ауруы туралы білді, 1996 жылдың қарашасында Ресей президентінің жүрегіне ота жасалды және ол уақытша әрекетке қабілетсіз болды. Демек, жұмыс істеп тұрған билік орындары әскери және арнайы қызметтердің наразылығынан қорқуы тиіс. Сондықтан да, Алматыға Хасавюрт келісімдеріне жауапты болған Черномырдин барды. Ресейде қалыптасқан жағдайда билік жағдайын өз қолына алуға, яғни, табандылық көрсетуге міндетті болды.

Қазан айында Мәскеудің көрсеткен табандылығы өңірлік геосаяси жағдайды түбегейлі өзгертті. Енді Пәкістанның Ауғанстандағы «Талибанды» ілгерілету жөніндегі күш-жігеріне АҚШ-тың мүдделі қатысуымен Ресей мен Орталық Азия мемлекеттеріне қарсы тұруы мүмкін. Әрине, Мәскеу осы одақтың жетекші күші болды, ал Орталық Азия елдері ілесуші рөл атқарды. Бірақ олардың қатысуынсыз Ресейде ауған бағытында белсенді саясат жүргізуге мүмкіндік болмады. Сондықтан, Мәскеудің ауған саясатының жаңа кезеңінің басталуымен Ресей мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы қарым-қатынаста өзара тәуелділік жағдайы пайда болды. Енді Орталық Азия елдері үшін Ресей қаншалықты қажет болса, соншалықты Ресей үшін де осы елдер қажет болды.

Естеріңізге сала кетейік, КСРО-ның ыдыраған сәтінен бастап Мәскеу бұрынғы Кеңес империясының Азиялық бөлігіндегі оқиғаларға деген қызығушылығынан айырылған. Ресей Тәжікстандағы азаматтық соғысқа байланысты Орталық Азияда өзінің әскери қатысуын сақтап қалды. Дегенмен, 1996 жылдың қазанында Ресейдің өңірлік геосаясатқа оралуы орын алды және бұл жерде жаңа шындық пайда болды. Бұл ретте, Ауғанстандағы ортақ мүдделердің негізінде Мәскеу мен Тегеранның жақындасуы уақыт мәселесі ғана болғаны анық болды.

Ресей мен Иранның Орталық Азия мен Ауғанстандағы мүмкіндіктерін біріктіре отырып, осы екі ел Пәкістанның күш-жігеріне ресми түрде қарсы, ал іс жүзінде өңірдегі АҚШ саясатына қарсы бағытталған қуатты одақ құрды. Кем дегенде, Мәскеу мен Тегеранда өңірлік қақтығыстың мәнін дәл осылай түсінді. «Енді Ресей мен Иран, Түрікменстаннан басқа, Орталық Азияның барлық мемлекеттерінің үнсіз қолдауымен, Ауғанстан аумағында антиталибтік одақ үшін сенімді тыл құра алды. Сол тарихи сәтте Пәкістан мен АҚШ-тың ауған мәселесіндегі барлық күш-жігері күйреп кетті. Ақыр соңында талибтердің соңғы тағдыры 1996 жылдың қазан айында шешілді. Пәкістанның қолдауымен жүзеге асырылған «Талибан» қозғалысының барлық келесі күш-жігері мен табыстары Ауғанстан аумағындағы кез келген антиталибтік одаққа қажетті қатаңдық бере алатын Ресей мен Иранның мықты одағынан жеңіліс тапты».<sup>26</sup>

Пәкістан үшін, сондай-ақ АҚШ үшін де 1996 жылдың қазан айында Ресейдің саяси сахнада пайда болуы, әсіресе Орталық Азия мемлекеттерін біріктіру қабілеті өте күтпеген оқиға болды. Оның үстіне, Мәскеудің бұл қадамы оны Тегеранмен жақындастырғаны сөзсіз. Мұндай перспектива Пәкістан мен АҚШ үшін өте қажет емес, себебі Ауғанстанда енді «Талибан» арқылы бірыңғай үкімет билігіне кіруге қолжеткізу қиын болар еді. Жаңа геосаяси одақтың қалыптасуы үлкен проблеманы тудырды, ол антипәкістандық және антиамерикандық платформада құрылуы мүмкін. Соңғы жағдай Вашингтонды қатты алаңдатты.

АҚШ-та «Талибан» қозғалысын қолдау мәселелерінде Пәкістанға жәрдемдесу саясатының артында – «Юнокал» компаниясының лоббистері болсын, арнайы қызметтер, немесе Клинтон әкімшілігінің жекелеген өкілдері болсын, кім тұрғандығы маңызды емес еді. Бұл саясаттың нәтижесінде АҚШ үшін жағымсыз салдарлар пайда болғаны маңызды. Біріншіден, Ауғанстанда «Талибан» радикалды қозғалысы нығая түсті. Екіншіден, Ресей үлкен геосаясатқа қайта оралып, АҚШ саясатына қарсы тұра бастады. Үшіншіден, Ресей мен Иран арасында дәстүрлі антиамерикандық саясат негізінде одақ пайда болды.

Бірақ ең қиын жағдайда Пәкістан болды. Бұл ел «Талибан» қозғалысын қолдау үшін тым көп күш салды, бірақ оны әрдайым жоққа шығарды. Мәскеу мен Орталық Азия мемлекеттері тарапынан қатаң реакция Исламабад үшін ауған науқанын тез аяқтаудың және Пәкістан саясатының барлық міндеттерін орындаудың орнына, ауған әскери-саяси топтастықтарға қарағанда, аса қауіпті қарсыласпен ауыр күрес күтіп тұрғанын білдірді. Бірақ, Пәкістан элитасының басқа амалы болмады. Ол ауған ойынына үміт артып, жаңа жағдайларға қарамастан ойынды жалғастыруы керек еді. Осы орайда, Пәкістанның Ауғанстандағы арнайы өкілі Ифтикар Муршеданың пікірінше, талибтер аймақтың мемлекеттеріне қауіп төндірмейді және олардың қызметі тек Ауғанстан аумағымен шектеледі. «Ауған астанасын басып алғаннан кейін «Талибан» басшылығы күн тәртібінің тек ішкі сипатқа ие екендігін және олар ешқандай елге, әсіресе өз көршілеріне қауіп төндірмейтіндігін үнемі растап отырды. Осы тұрғыдан, олар сыртқы күштер Ауғанстанның ішкі істеріне араласпайды деп күтті».<sup>27</sup> Алайда, мұндай мәлімдеме Пәкістан үшін Ауғанстан өзінің ықпал ету аймағы ретінде көрсетті. Өйткені, пәкістандық өкіл сыртқы күш деп, талибтерді қолдауға белсене қатысқан өз елінен басқа, барлық мемлекеттерді тұспалдады.

Пәкістан билігі қолайсыз жағдайға ықпал етуге тырысты. «Алматы кездесуінен кейін көп ұзамай Орталық Азия республикаларының астанасында Пәкістан премьер-министрінің арнайы өкілі С.-И.-Х. Заиди және осы елдің президенті Ф. Легари болды. Исламабад өкілдерінің Ауғанстандағы жағдай аймақтық қауіпсіздікке қауіп төндірмейтініне қатысты дәлелдері Алматы, Бішкек, Душанбе және Ташкент үшін сендірерлік болмады».<sup>28</sup> 1996 жылдың қазан айынан кейін және антиталибтік коалициясының қалыптасуынан кейін, Исламабад үшін жағдайға әсер ету қиынға соқты. Орталық Азияда талибтер Кабулды басып алғаннан кейін Пәкістанға сенім білдірмеді.

Осылайша, тұтастай алғанда, 1996 жылдың тамыз-қыркүйек айларында талибтердің блицкригі Ауғанстандағы ахуалға ғана емес, сонымен қатар жаһандық деңгейге шығу перспективасымен өңірлік геосаясаттың ілгерілеуіне алып

келді. Нәтижесінде, жаңа жағдай туындады, бұл Ауғанстандағы оқиғалардың одан әрі дамуына әсер етті.

### *Кабулды талибтер басып алғаннан кейінгі Ауғанстан*

Кабулды талибтердің басып алуының маңызды салдарының бірі, бір одақ шеңберінде бұрын бір-біріне дұшпан болған ауғандық әскери-саяси топтардың бірлестігі болды. Беделді өзбек генералы Дустумның күштердің жаңа антиталибтік альянсына қосылуы негізгі мәнге ие болды. Генерал Дустум және оның «Жумбиш-и Мелли» саяси қозғалысы (АХИҚ – Ауғанстанның халықтық ислам қозғалысы) ауған солтүстігінде айтарлықтай әсерге ие болды. Наджибулла заманынан бері Жаузжан провинциясының өзбек милициясы (53-ші дивизия) әсерлі әскери күшке айналды. Оны жергілікті командирлер, негізінен өзбек және тәжік автономиялық құрамалары да қолдады. 1994 жылдың қаңтарында Дустум Кабулдағы өзінің сәтсіздігінен кейін солтүстікке шегінді. Жоғарыда көрсетілгендей, 1995-1996 жылдары ол талибтерге арналған авиацияны жөндеумен көмектесті. Сондай-ақ, Дустум авиациясы Герат үшін ұрыстарға қатысқандығы мүмкін болып табылады.

Әрине, бұрынғы барлық жағдайларға байланысты Дустумның Масудпен, Исмаил-ханмен және моджахедтердің басқа да бұрынғы командирлерімен қарым-қатынасы өте қиын болды. Бұдан басқа, Дустум бұрынғы режимде ықпалды тұлға болған посткоммунистік Ауғанстандағы барлық ықпалды тұлғалардың арасында жалғыз болған. Сонымен қатар, Дустумның діндарлығы салыстырмалы түрде төмен болды, бұл негізінен әртүрлі саяси ислам қозғалыстарына тиесілі болған моджахедтердің көшбасшылары арасында оны «ақ қарғаға» айналдырды. Бірақ, біріншіден, Дустум ауған халқының 10%-ын құраған ауғандық өзбек қоғамдастығына сүйенді. Оның иелігінде Жаузжан мен Фарьябтағы өзбек милициясы болған елеулі қарулы күштер болды. Екіншіден, 1992 жылы Дустум коммунистік режимнің мұрасын бөлу үдерісінде Хайратоннан Мазари-Шарифке дейінгі жолда Кабулды жабдықтау үшін

негізгі болған барлық әскери және материалдық ресурстарды өз бақылауына алды. Үшіншіден, Дустум Өзбекстан тарапынан қолдау тапты.

Ташкент осы өзбек генералымен және жалпы Ауғанстанның өзбектерімен байланысты әрдайым жоққа шығарғанымен, дегенмен олардың арасындағы белгілі бір байланыстар белгілі болды. Кем дегенде, 1992 жылдан бастап Солтүстік Ауғанстанның өзбектері сыртқы әлеммен байланысты қамтамасыз ету мәселелерінде Өзбекстанға тәуелді болған. Бұл олардың арасындағы тығыз байланыстарды қалыптастыру үшін жеткілікті болды.

Дустум нәтижесінде антиталибтік одаққа қосылуында басты рөлді Ташкенттің әсері атқарғандығы әбден ықтимал. Алайда, ауған қақтығысының қарама-қарсы жағы 1996 жылдың қазан айында Дустуммен белсенді келіссөздер жүргізгендігі белгілі. 1996 жылдың 8 қазанында Дустум «Талибан» өкілі Мулла Раббанимен кездесті, кездесу нәтижесіз аяқталды.<sup>29</sup> 1996 жылдың 10 қазанында ресейлік айтарлықтай ақпараттандырылған «Ұлттық жаңалықтар қызметі» сайтында өте қызықты және жаңа ақпарат пайда болды. «Қазан айының алғашқы күндері (1996 жыл – авт.ескерт.) А. Дустум Түркия және Пәкістан сыртқы істер министрлері Тансу Чиллер мен Сардар Асиф Алимен, сондай-ақ АҚШ мемлекеттік департаментінің ауған секторының меңгерушісі Рубен Рафаилмен телефон арқылы сөйлескен. Олардың барлығы генералды талиб үкіметін мойындауға шақырды. Т. Чиллер Анкарада А. Дустум мен «Талибан» қозғалысының өкілдері арасында кездесу өткізуді және А. Дустумның болашақта үкіметке қатысу мәселелерін талқылауды ұсынды. Сонымен бір мезгілде Пәкістан СІМ оның елі А. Дустум мен талибтер арасындағы делдал рөлінде қызмет атқаратынын хабарлады».<sup>30</sup>

Осы материалдың авторы мемлекеттік департаменттегі ауған бағытына жауап берген Робин Райфелдің есімі мен гендерлік қатыстылығын қате атаса да, алайда оның пайда болуы бірден екі көзқарас тұрғысынан көрінеді. Бір жағынан, материал қарсылас сыртқы күштер арасындағы өзбек генералына әсер ету үшін күрестің айқындығын көрсетеді. Екінші жағынан, материал интернетте 10 қазанда шыққан,

яғни, Алматыдағы кездесуден кейін бірнеше күн өткен соң. Дустумның ықпалды шетелдік мемлекет қайраткерлерімен телефон арқылы келіссөздері туралы ақпарат қайдан пайда болды деген сұрақ туындайды. Ақпарат Дустумның айналасындағы көздерден түсуі мүмкін деп болжауға болады. Оның пайда болуы Өзбекстанның позициясымен байланысты болуы мүмкін.

4 қазанда Ташкент антиталибтік одақ пен Ресеймен одақтың пайдасына таңдау жасады. Осыған байланысты, әрине, Дустумның ұстанымы туралы сұрақ қойды. Егер ол өз бетінше әрекет етсе, онда Пәкістан, Түркия және АҚШ жоғары тұлғалары тарапынан ұсыныстар оған өте тартымды болуы мүмкін. Мұнда Өзбекстанның әсері байқалады. Әрине, Дустум үшін Ташкенттің ұстанымын елемеуге болмайды. Өзбек тарабы үшін Ресейге Ташкент ауған өзбектеріне әсер етуі мүмкін екенін көрсету маңызды болды.

Сондықтан 1997 жылдың жазында талибтердің Ауғанстандағы оппоненттерімен келіссөздерінің өзі емес, тіпті Пәкістан өкілдерінің делдалдығы арқылы жүзеге асырылса да, Пәкістан мен Иранның ресми тұлғаларының тікелей байланыстары маңызды болды. Бұл жағдайда Иранның ықпалының күшеюі жаңалық болды. Ирандық әсердің өсуі Мазари-Шарифтегі мамыр айында болған оқиғаларда Тегеранға адал хазарейлердің атқарған рөлімен байланысты болды. Олар осы қалада басым күш ретіндегі өзбектерді алмастырды. Бұдан басқа, Иранның мәні 1996 жылдың күзінде «Талибанға» қарсы тұру идеясы және оны сыртқы күштерге қолдау көрсету негізінде Ресеймен тығыз қарым-қатынас орнатуына байланысты айтарлықтай өсті.

Атап айтқанда, осы уағдаластықтардың нәтижесі Тәжікстандағы бейбіт реттеу болды. Оған 1997 жылғы 27 маусымда қол қойылды. Бір жағынан оған Президент Э. Рахмонов бастаған Тәжікстан үкіметінің делегациясы, екінші жағынан – Саид Абдулла Нуридін басшылығымен Біріккен тәжік оппозициясының (БТО) делегациясы қол қойды. Келісімге Ресей президенті Б. Ельцин мен Иран сыртқы істер министрі Камал Харазидін қатысуымен қол қойылды.<sup>3</sup> Бірақ Ресеймен уағдаластықтар Иранға Солтүстік Ауғанстандағы антиталибтік одақтың күштеріне қолдау көрсету үшін мүмкіндіктер ашқаны аса маңызды. Енді Тегеран Орталық Азия мемлекеттерінің аумағын пайдалана отырып, мұны жүзеге асыра алды. Әрине, антиталибтік одақ үшін мұндай қолдау ерекше үлкен мәнге ие болды. Иран қару-жарақ пен керек-жарақтарды жеткізу тұрғысынан Ресеймен салыстырғанда көп жасай алды. Өйткені, Иранда идеологиялық (Ауғанстандағы шииттерді қолдау), геосаяси (АҚШ жағынан стратегиялық ортаға қарсы тұру) уәждеме болды. Сондықтан, Канунидін Иранға қатысты мәлімдемесі, ол осы елдің ауғанішілік қайшылықтардағы жаңа рөлін көрсетеді.

Әрине, Пәкістан болған өзгерістерді ескермеуі мүмкін емес еді. 1997 жылдың маусым айының соңында Иранға ресми емес сапармен Ауғанстанның бұрынғы президенті

Сибгатулла Моджадедди келді. Ол Иранның сыртқы істер министрі Али Акбар Велаятимиен кездесті, онда Ауғанстандағы соғысты тоқтату және талибтер мен олардың қарсыластары арасында тұтқындармен алмасу туралы мәселені талқылады.<sup>4</sup> Моджадедди бұрын талибтерді қолдағанын ескере отырып, сондай-ақ, ол Иранға Пәкістан аумағынан келгеніне байланысты тараптарға олардың Ауғанстанға қатысы бар мәселелер бойынша ұстанымдарын түсіндіру үшін делдал қажет болды. Бұл бір жағынан онымен Иран сыртқы істер министрі кездескенін растайды. Моджадедди келгеннен кейін, 1997 жылдың шілде айының басында Иранға ресми сапармен Пәкістан премьер-министрі Наваз Шариф және сыртқы істер министрі Гохар Айюб Хан бастаған өкілдік ұйым келді.

Келіссөздердің басты тақырыбы Ауғанстандағы жағдай болды. Жоғары лауазымды Пәкістан делегациясының сапары маусым айында Кануни ұсынған Иран мен Пәкістан арасындағы тікелей байланыс қажеттілігі туралы идеяны іске асыру болды. Қандай да бір нақты нәтижелерге қол жеткізілген жоқ, бірақ кездесудің өзі өте үлкен оқиға болды. Тегераннан Пәкістан министрі Гохар Айюб Хан алдымен Алматыға, содан кейін Мәскеуге сапарлады. 1997 жылдың 11 шілдесінде Айюб Хан Мәскеуден қайтып оралғаннан кейін, Ресей мен Пәкістан арасындағы қарым-қатынаста түсініспеушілік кезеңі аяқталды деп мәлімдеді.<sup>5</sup> Исламабад антиталибтік коалицияны қолдау үшін маңызы бар барлық елдердің, тек Иранның ғана емес, сонымен қатар Ресей мен Қазақстанның да ұстанымын түсіндіргісі келді.

Бір қызығы, ол барлық Орталық Азия мемлекеттерінен Алматыны таңдады, алайда шекара маңындағы маңызды мемлекет ретінде Ташкентті таңдау қисынды болар еді. Бұл Мазари-Шарифтегі мамыр айында болған Ауғанстанның өзбек қауымында болған ауытқулардың мән-жайларына байланысты болуы әбден мүмкін. Бұл мәселе Өзбекстанның, кем дегенде Мәлік төңкерісінен хабардар болғаны туралы идеяны жанама түрде растайды. Осыған сәйкес, Пәкістан өзбек генералының екінші төңкерісін Өзбекстан да қол жеткізген уағдаластықтарды бұзу ретінде теориялық тұрғыдан қабылдай алды.

Гохар Айюб Ханның Иранға, Қазақстан мен Ресейге сапарлары Пәкістан екіжақты негізде келіссөздер жүргізуге ұмтылуына байланысты қызығушылық тудырады. Исламабадта бұл елдерді Ауғанстандағы антиталибтік одақты қолдайтын біртұтас коалиция ретінде қабылдау қажеттігінен аулақ болғысы келді. Мысалы, Ресей мен Иран арасында тактикалық мәселелер бойынша келіспеушіліктер пайда болуы мүмкін деген пайымдаулар жасалды. Сондықтан, Пәкістан министрінің Ресей мен Пәкістан арасында түсініспеушілік жоқ деген мәлідемесі Иранға да жіберілген. Бұл өте қисынды тактика болды – Ауғанстан мен өңірдегі Пәкістан жоспарларын іске асыруға қарсы тұратын мемлекеттер одағын бұзу.

Ирандықтар жағдайды түсінгендігі анық. Ауғандық шиит-хазарейлер мен даритілді азшылықтардың тағдырына мүдделі Тегеранға қарағанда, Мәскеуде Ауғанстанның ішінде өмірлік маңызды мүдделер болған жоқ. Гохар Айюб Ханның артынша Алматыға Иран сыртқы істер министрінің орынбасары Аббас Малекі сапармен барғаны тән. Осы сапардың тақырыбы Каспий теңізінің мәртебесін талқылау болса да, Тегеранның ауған мәселесі бойынша Орталық Азия мемлекеттерінің ұстанымын анықтауға тырысқан.

Сонымен қатар, 1997 жылдың 8 шілдесінде Ифтихар Муршед Қандағардағы «Талибан» қозғалысының басшыларымен кездесіп, оларды Исламабадтың Ауғанстандағы бейбіт келіссөздерді ұйымдастыруға деген талпыныстарына жауап беруге шақырды.<sup>6</sup> 12 шілдеде Муршед антиталибтік одақтың көшбасшыларымен, Мазари-Шарифте Бурхануддин Раббанимен, сондай-ақ, Тахар провинциясында Ахмад Шах Масудпен кездесті. Алайда, қарсы күресуші ауған тараптары арасында келіссөздерді бастау жолында бірқатар елеулі кедергілер болған. «Талибан» өзінің Мазари-Шарифке басып алынған тұтқындарын босатуды талап етті. Әсіресе, талибтерді сыртқы істер министрі Мулла Гаус пен орталық банктің басшысы Мулла Эхсанулланың тағдыры қызықтырды. Антиталибтік одақ алдын ала талап ретінде Кабулды қарусыздандыруды ұсынды. Шын мәнінде, сол сәтте екі талапты да іске асыру мүмкін емес еді. Өйткені, талибтер үшін Кабулды қарусыздандырумен келісу астананы бақылауды жоғалтуды және өз еркімен оны

қарсыластарына беруді білдірді. Ал Гаус пен Мулла Эхсануллаға келер болсақ, шілде айында олар туралы ештеңе белгісіз болды. Алайда, шілде айында генерал Мәлік олардың тірі екенін және олардың тағдырын антиталибтік коалиция шешуі тиіс екенін айтқан болатын.<sup>7</sup> Кейінірек, Мулла Гаус тұтқыннан қашып, 1997 жылдың тамыз айына дейін жергілікті тұрғындардың арасында жасырынып жүргендігі белгілі болды. Мулла Эхсанулла 1997 жылы мамыр айында қайтыс болса керек. Бірақ олардан бөлек, Мәліктің тұтқынында көп талибтер болуы керек еді. Олардың көбі мамыр айында өзбек милициясымен өлім жазасына ұшырағаны белгілі.

Қалай болғанда да, Ауғанстанда талибтер мен олардың оппоненттері үшін келісімге келу қиын болды. Ифтикар Муршедтің пікірінше, Кабулды қарусыздандыру талабын қоя отырып, «олар Ираннан қару жеткізу үшін уақыт ұтуға тырысты, сондай-ақ Солтүстік альянстың талаптарымен келісу үшін, Мазари-Шарифтегі жеңілістен кейін Талибанның қаншалықты күйзелгенін анықтауға тырысты».<sup>8</sup> Муршедтің пікірі шілдеде болған Ауғанстандағы жағдайдың өзгергенін жанама растайды. 1997 жылдың 20 шілдесінде Ахмад Шах Масуд әскері Кабулға қарай шабуылға өтіп, Бағрам әуеайлағын және Шарикар қаласын алды. Нәтижесінде, талибтердің стратегиялық жағдайы нашарлады және, әрине, қарсылас тараптар арасындағы келіссөздерді жалғастыру үшін қиындықтар туындады. Масудтың Кабулды алу әрекеті антиталибтік одақта өзінің басым жағдайын бекіту бойынша маңызды қадам болды.

Айта кету керек, Дустум Ауғанстаннан қуылғаннан кейін Масуд пен ауғандық тәжіктер антиталибтік одақтың жетекші позициясына үміткер бола бастады. Мәселен, Ифтикар Муршедтің айтуынша, оның «Мәлікпен кездесуі қысқа болды, өйткені ол Ахмад Шах Масудтың мақұлдауынсыз бізге ештеңе айта алмады».<sup>9</sup> Мәлік Дустумға жеке тұлғаның ауқымында жол бергендігі түсінікті, оған бүкіл өзбек қоғамының көшбасшысы рөлін орындау қиын болды, оның үстіне антиталибтік одақтың көшбасшысы рөлін орындау мүлдем мүмкін емес болды. Бұл жағдайда Масуд сияқты күшті саяси фигураны ұстану қиын болды.

Антиталибтік одақтың ішінде күштерді орналастыруда болған өзгерістер 1997 жылдың тамыз айында жүргізілген билік жүйесін қайта құруда өз көрінісін тапты. Естеріңізге сала кетейік, 1996 жылдың күзінен бастап Кабул құлағаннан кейін солтүстікте Дустум басқарған жоғарғы қорғаныс кеңесі болды. Оған барлық антиталибтік күштер кірді. Әрине, Мазари-Шарифтегі мамыр оқиғасынан кейін антиталибтік одақтың мұндай конфигурациясы ешқандай мағынаға ие болған жоқ. 12 тамызда бұл кеңес таратылды, ал оның орнына президент Раббани жаңа үкіметті құрды. Бұл үкіметте өзбек қауымының көшбасшысы Мәлік, сыртқы істер министрі қызметіне тағайындалды, бұл Дустум дәуірімен салыстырғанда оның мәртебесінің айтарлықтай төмендеуі болды. Масуд өзі қорғаныс министрінің позициясын алды. Премьер-министр болып Раббанидің «Жамиат» партиясынан шыққан пуштун Абдур Рахим Гафурзаи тағайындалды. Вице-президент болып шиит-хазарейлердің «Хезбе и-Вахдат» партиясының көшбасшысы Кәрім Халили тағайындалды.

Жаңа үкіметте мұндай күштерді орналастыру өте маңызды болды. Сонымен қатар, ол өзбек қоғамы мен оның сол кездегі көшбасшысы мәртебесінің төмендегенін, сондай-ақ үкіметте «Жамиат» партиясының өкілдері басым болғанын көрсетті. Олар – Масуд, Гафурзаи және Раббани. Сонымен қатар, вице-президенттің маңызды қызметі хазарейге ұсынылды, бұл олардың Мазари-Шарифтегі талибтерді талқандаудағы рөлін ғана емес, сонымен қатар Иранның ықпалының артқанын да көрсетті. Сондай-ақ, Гафурзаидың тағайындалғанын атап өту керек. Ол пуштун, бірақ кабули болды, Раббани атынан БҰҰ-да Ауғанстанды ұсынды. Бұл тағайындау «Жамиат» тәжіктерінің жалпыауған күшінің рөліне деген ұмтылысын көрсетті. Олар «Талибанды» бүкіл ел көлемінде жеңуге үміттенгендігі екіталай. Ең алдымен, олар құрамы негізінен пуштундық болған талибтерге қарсы қою үшін үкіметтің дәл осындай конфигурациясын қалыптастырды. Антиталибтік коалиция Ауғанстанның барлық ұлттық топтарының өкілдігімен әлемдік қоғамдастыққа өз үкіметін көрсете алды, ал талибтер ондайды жасай алмады.

Бұл ретте, егер антиталибтік коалиция Кабулды ала алса, онда ол қалыптастырған үкімет сол Пәкістанмен алдағы келіссөздерде салмақты дәлел болар еді. Яғни, келіссөздер позициясының артықшылығы үшін күрес туралы сөз болды. Масудтың әскери көзқарасы бойынша Кундуз және Талукан астында талибтермен және олардың жергілікті одақтастарымен шайқасудан гөрі өз әскерлерін панджшерлік шатқалдан Кабулға соққысын бағыттау оңайырақ болды. Масуд әскерлері 1997 жылдың 20 тамызында Кабулға шабуыл жасап, ол сәтсіз аяқталды. Келесі күні, 21 тамыз күні таулы Хазаржатта, Ауғанстан үкіметінің қайта сайланған премьер-министрі Абдур Рахим Гафурзаи әуе апатынан қаза тапты.<sup>10</sup> Нәтижесінде, «Жамиат» партиясының бұл жобасы сәтсіздікке ұшырады. Кабулды алуға мүмкіндік болмады, премьер-министрдің өлімі үкіметті ресми басшысыз қалдырды.

Қисынды сұрақ туындайды: антиталибтік коалицияны қолдаған елдер болып жатқан оқиғалар туралы қаншалықты хабардар болды? Бірінші кезекте, әрине, бұл Иран мен Ресейге қатысты айтылған. Егер жазда реттеу туралы келіссөздер жүргізілсе, онда неге Масуд және басқалары осы келіссөздерден іс жүзінде шығып, шабуыл бастады және олар мұны Тегеран мен Мәскеудің келісімінсіз жасай алды ма? Антиталибтік коалиция күштерінің осы екі мемлекеттен қару мен материалдық ресурстарды жеткізуден тәуелділігін ескере отырып, Масуд негізінде олармен өз іс-қимылдарын келісуге тиіс болатын. Егер осы жағдаймен келісетін болсақ, онда Мәскеу мен Тегеран Масудтың жоспарларынан хабардар болды деп болжауға болады. Бұл жағдайда олардың басты дәлелі талибтерге және оны қолдайтын сыртқы күштерге (Пәкістанға) сенуге болмайтындығымен байланысты болуы мүмкін, сондықтан жағдайды өз мүддесінде пайдалану қажет болды. Осы жерден Раббани/Гафурзаи жаңа үкіметінің құрылуы және Кабулға шабуыл туындады. Дегенмен, бұл барлық мүдделі тараптардың біріктірілген шешімі болмағандығы әбден мүмкін. Сондықтан да, Масудтың Кабулға шабуылы табысқа жетуі үшін қажетті күшке ие болмады, атап айтқанда, Мәліктің өзбектері оған қатысқан жоқ.

1997 жылдың жазында болған оқиғалар аясында Ташкент ұстанымы туралы мәселе өте қызықты. Өзбекстан Ауғанстанда антиталибтік коалицияны қолдайтын ел ретінде оның жоспарларынан қаншалықты хабардар болды? Бірінші кезекте бұл жоғары қорғаныс кеңесін таратумен және Мәліктің маңызы төмен сыртқы істер министрі қызметін алған үкіметтің құрылуымен көрініс тапқан өзбек қауымының рөлінің айқын төмендеуінің жағдайына қатысты.

Ташкент бұл жағдайға риза бола алмады деп болжауға болады. Мәлік пен ауғандық өзбектер Масуд пен жергілікті тәжіктерге антиталибтік одақтың жетекші рөлдерін біртіндеп беріп отырды. Бұл Өзбекстан, сондай-ақ, Солтүстік одақ қолдайтын халықаралық коалиция қатарында да өз ықпалын жоғалтады дегенді білдірді. Сол Мәлік 1997 жылдың жазында Иранға сапар жасап, президент Хашеми Рафсанжанимен, сыртқы істер министрі Али Акбар Велаятмен, сондай-ақ Иран әскери қызметшілерімен кездесті.<sup>11</sup> Сонымен қатар, 1997 жылы Тәжікстандағы қақтығыстың аяқталуы да Өзбекстанның осы елдегі жағдайға әсер ету мүмкіндігін қысқартты. 1992 жылы Тәжікстанда азаматтық соғыс басталғаннан бері Өзбекстан тәжік өзбектері мен жекелеген командирлері арқылы, мысалы, Тұрсынзаде қаласындағы Махмуд Худайбердыев арқылы ықпал еткен. Әрине, Ресей мен Иранның делдалдығы кезінде қол жеткізілген бейбіт келісім Өзбекстанды Тәжікстанның ішкі саясатында «артық үшінші» ойыншы жасады. Сондықтан, Өзбекстанның оқиғалардың дамуына ықпалы Ауғанстанда да, Тәжікстанда да бір мезгілде қысқарды. Демек, Ташкенттің аймақтық саясатта рөлі де төмендеді. Бұл жағдайда Өзбекстанда әрекет етудің екі ықтимал нұсқасы болды. Бір жағынан, Ташкент Ауғанстан мен Тәжікстандағы ықпалынан айырылып қалумен келісе алады. Екінші жағынан, өзбек билігі жағдайды өзгертуге тырысады.

1997 жылғы 18-19 тамызда өзінің Орталық Азия мемлекеттеріне жасаған сапары барысында Ташкентке БҰҰ жанындағы АҚШ-тың тұрақты өкілі Билл Ричардсон келіп-кеткені тән. Ол Өзбекстан президенті Ислам Кәрімовпен, сыртқы саясат ведомствосының басшысы АбдұлӘзиз Камилловпен, қорғаныс министрі Рустам Ахметовпен

келіссөздер жүргізді. Кездесуде аймақтық қауіпсіздік мәселелері, атап айтқанда Ауғанстандағы, Тәжікстандағы және тәжік-ауған шекарасындағы жағдай талқыланды.<sup>12</sup> Бұл кездесу Ауғанстанның жаңа үкіметін құрғаннан кейін бір аптадан кейін өтті, онда Мәлік сыртқы істер министрі қызметін атқарады. Әрине, бұл тақырып келіссөздер барысында көтерілген шығар.

Осы уақытта Ауғанстанда дипломатиялық белсенділік кезеңін аяқтайтын қызу оқиғалар басталады. Естеріңізге сала кетейік, 1997 жылдың 20 тамызында Масуд Кабулға шабуыл ұйымдастырды. Алайда, 8 қыркүйек күні талибтер Ауғанстанның солтүстігінде Кундуз провинциясындағы өз базасынан басталып, Саманган провинциясындағы Ташкурған қаласын басып алады. Бақылаушылардың тұжырымына сәйкес, Ташкурғанның құлауының негізгі себебі бірқатар жергілікті дала командирлерінің «Талибан» жағына ауысуы болды.<sup>13</sup> 9 қыркүйекте талибтер Мазари-Шариф әуежайын басып алады және қаланы қоршайды. Бір мезгілде қалада өзбектер мен хазарейлер арасында қақтығыстар болды, оның барысында Мәлік Мазари-Шарифтен кетуге мәжбүр болды.<sup>14</sup> Мазари-Шарифтегі өзбектер мен хазарейлер арасындағы қақтығыс талибтердің пайда болуы жағдайында қисынсыз болды. Оның үстіне, әлгінде және атаулы оқиғалардан кейін де, Мәлік Масуд пен Иран саясатының фарватерін ұстануға дайын болған.

Бірақ өзбек қоғамы тұрғысынан Ауғанстанның солтүстігіндегі саяси бастаманың бес жылынан кейін (1992 жылдан 1997 жылға дейін) тәжіктер мен хазарейлерге көшуі өте жағымсыз деп есептелді. «Шиит-хазарейлер мен өзбектер арасындағы мүдделер қақтығысы Ауғанстанның солтүстігіндегі күштерді орналастырудағы Мазари-Шарифтегі мамыр оқиғасының салдарынан орын алған өзгерістерге байланысты шиеленіскен. Өзбектерді көп жылдар бойы өзбек қауымының бақылауымен болған Мазари-Шариф ауданында хазарейлердің басымдығын ұнатпады. «Талибан» қозғалысының ұстанымды қарсыластары хазарейлерде өзбектердің адалдығына күмәнданудың барлық негізі болды. Өзбек қауымы 1997 жылдың мамыр айында одақтастарына оның талибтерге қарсы күреске деген ұмтылысын есіне



түсіруге бір рет себеп берді».<sup>15</sup> Сондықтан, өзбектер мен хазарейлер арасындағы жанжал, қауымдардың арасында пайда болған шиеленістің салдары ретінде теориялық түрде орын алуы мүмкін.

Бұдан басқа, Балх провинцияларындағы (астанасы Мазари-Шариф) өзбек құрылымдарында және, әсіресе Жаузжанда, дәстүрлі түрде Дустумға адал адамдар көп болды. Ал Мәліктің рулық қауымы негізінен Мазари-Шарифтен батыс аумақтағы Фарьяб провинциясына әсер етті. Сондықтан, 1980-ші жылдардың аяғы мен 1990-шы жылдардың басында Дустумның 53-ші дивизиясының қаңқасын құрайтын жаузжандық өзбектер, тіпті, Мәліктің білуінсіз Мазари-Шарифтегі хазарейлермен қақтығысқа барулары әбден мүмкін болды деп болжауға болады. Алайда, хазарейлер мен өзбектер арасындағы мұндай жанжал Ауғанстанда Дустумның пайда болуымен қаншалықты байланысты болуы мүмкін деген сұрақ бар. 1997 жылдың мамыр айында қуылған өзбек генералы Ауғанстанда 1997 жылдың 12 қыркүйегінде пайда болды. Ол өзбек Термез қаласына, содан кейін ауғандық Шибеганға келді. Осыған байланысты Ахмет Рашидтің қызықты пікірі бар, ол Мәліктің Мазари-Шарифтен кетуі Дустум мен Мәліктің жақтастары арасындағы қақтығыстардың салдарынан болды деп жазған, соңғысының үйін өртеп жіберді.<sup>16</sup> Егер мұндай қақтығыстар шын мәнінде орын алған болса, онда, бұл жағдайда Дустумға адал адамдардың Мәлікке қарсы шығуы, біріншісінің Ауғанстанда пайда болуына жәрдемдесу жөніндегі жоспардың бір бөлігі болуы әбден мүмкін.

Мазари-Шарифте талибтердің шабуылы кезінде кім де кім бір-бірімен соғысса да, өзбек генералының қуғыннан қайтып оралуы Ташкенттің келісімсіз болуы мүмкін емес еді. Бұл өзбек өкіметінің Солтүстік Ауғанстандағы ахуалдың жалпы қолайсыз дамуына реакциясы болған сияқты. Дустум антиталибтік одақтағы өзбек қауымының әсерін қалпына келтіру керек еді, ал ол үшін оған билікті өз қолына алу қажет болды. Тиісінше, осы сәтте оқиғалардың мұндай дамуы, тіпті 1997 жылдың мамыр айында бәрі дәл керісінше болса да, Өзбекстанның мүдделеріне жауап беруі тиіс еді. Өзбекстан антиталибтік коалицияның құрамына кірсе де, оның

аймақтағы саяси процестерге өз көзқарасы болуы мүмкін, және оны Ташкент келесі 1998 жылы көрсетті.

Сондай-ақ, қуғынға ұшыраған Дустум 1997 жылдың мамырынан бастап Түркияда болған. Анкараның саяси мүдделеріне жалпы Тегеранның күшеюі жауап бермегені сөзсіз. Оның үстіне, Иран Ауғанстанның түріктілді халқына әсер ете бастады. 1997 жылдың 9 қазанынан кейін Мәлік Мешхед пен Тегеран арқылы Ашхабадқа келіп, онда Түрікменстанның сыртқы істер министрі Борис Шихмурадовпен кездесті. Кездесу барысында Мәлік «Түркия мен Өзбекстанға Дустумға қолдау көрсеткені үшін наразылық білдірді».<sup>17</sup> Мәлік Тегеран арқылы Ашхабадқа келді, бірақ ол бақылайтын Фарьяб провинциясы Түрікменстанмен тікелей шектескеніндігі қызықты болып табылады.

Жалпы алғанда, Дустумның пайда болуы Ауғанстандағы өзбек қауымының әсерін қалпына келтіру жөніндегі жоспардың бір бөлігі, сондай-ақ, Өзбекстанның аймақтық саясатқа әсері болуы мүмкін. Мәлік ауған тәжіктерінің көшбасшысы Масуд пен Иранға бағдарлануына байланысты бұдан былай Ташкент оны ауғандық өзбектердің басшысы ретінде ұнатпады. Әрине, Дустумның қайтуы 8-9 қыркүйекте Мазари-Шарифтегі оқиғаларға асығыс реакция және бұл жерде талибтермен күрес жағдайын қалпына келтіруге ұмтылу болды деп болжауға болады. Алайда, бұл жерде Өзбекстанның Түркиямен іс-әрекетін үйлестірумен байланысты қиын кезең пайда болды. Анкара теориялық жағынан Дустумды босатпауы мүмкін еді. Негізі, антиталибтік альянстың талибтердің шабуылы барысында әлсіреген ұстанымдарын қалпына келтіру оның мүдделеріне жауап бермеді. Өйткені, түрік билігі 1997 жылы Ауғанстандағы саясатта американдықтар пәкістандықтармен бірлесіп әрекет ете алды деп ойлауға себеп болған АҚШ-тың одақтастары болды. Сонымен қатар, ауған өзбектерінің хазарейлермен, яғни Иранмен қақтығысы Түркияның мүдделеріне сай болуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, Мазари-Шарифте кімнің кіммен соғысқаны туралы мәселе өңірдегі геосаяси маневрлерді түсіну үшін өте маңызды. Біріншіден, Өзбекстанның дербес ойыншы ретінде Ауғанстан мен аймақта өз әсерін қалпына келтіруге ұмтыла отырып, Иранның ауған

өзбектеріне ықпалының күшеюіне қарсы шыққан туыстық Түркияның қолдауын тапты деп болжауға болады. Екіншіден, Түркия Өзбекстанға қолдау көрсетіп, ауған мәселесінде өз бетінше өнер көрсетті деп болжауға болады. Осылайша, қалай болғанда да, бірақ Анкара АҚШ пен Пәкістанның мүдделеріне қарсы әрекет етті, бірақ бұрын 1994-1996 жылдары түріктер «Талибанның» және оны қолдайтын елдердің Ауғанстанда тәртіп орнату жөніндегі күш-жігерін қолдады.

Алайда, егер біз АҚШ мүдделеріне Иранның ықпалының әлсіреуіне байланысты болған барлық сәттер жауап беретінімен келісетін болсақ, онда Дустумның антиталибтік коалицияға оралуы және Түркияның генералды өз елінен шығаруға келісімі америкалық саясат үшін маңызды болуы мүмкін. Ол талибтерге 1997 жылдың күзінде Мазари-Шарифтің шабуылы кезінде тактикалық табысқа қол жеткізуге кедергі келтірді. Өйткені, АҚШ-тың аймақтағы мүдделері «Талибан» қозғалысын қолдауға шоғырланған Пәкістанның саясатына қарағанда тереңірек болды. Дустумның қайта оралуы Өзбекстанның аймақта әсерін күшейтуге ықпал етуді мақсат еткен деп болжауға болады. Бұл жағдай келесі 1998 жылы әсер етті.

Әрине, Дустумның күтпеген жерден оралуы және осыған байланысты жағдайлар тәжіктер, хазарейлер, сондай-ақ Иран мен Ресейдің мүдделеріне жауап бермеді. Себебі, «Ауғанстанда Дустумның пайда болуы өзі әлсіз Солтүстік одақты одан әрі әлсіретіп жіберді. «Жумбиш-и Мелли» қозғалысы маргиналданып, практикалық міндеттерді шешуге көмектесе алмады. Дустумның тұжырымы бойынша, оның қайта оралуын Бурхануддин Раббани, Ахмад Шах Масуд пен Кәрім Халил сұраған болатын. Бірақ мұны Раббани жариялы түрде жоққа шығарды».<sup>18</sup> Іс жүзінде, Өзбекстан Түркияның қолдауымен антиталибтік коалиция бойынша серіктестерін хабардар етпей, өз партиясын ойнағандай болып көрінді.

Кез келген жағдайда, Дустумның оралуы өзбек қауымының ішіндегі билік үшін күрестің басталуын білдірді. 15 қыркүйек күні Мазари-Шарифте Дустум мен Мәлік жақтастарының арасында қақтығыс болды. Соңғысының жақтастары Дустум адамдарының қысымымен қаладан Фарьяб провинциясына,

батысқа қарай кете бастады.<sup>19</sup> 17 қыркүйекте антиталибтік одақ қатарындағы хаос жағдайында талибтер Өзбекстанмен шекарадағы Хайратон портына ие болды. Антиталибтік одақ үшін жағдай өте қиын болды, себебі дәстүрлі түрде Хайратон арқылы Орталық Азиядан негізгі жүк жеткізілімдері жүргізілді. Сонымен қатар, талибтердің өзбек шекарасына шығуы олардың Өзбекстанмен қарым-қатынасындағы қандай да бір проблемаларға әкелмегенін көрсетті. Сондай-ақ, 1994 жылдан бері Түрікменстанда талибтермен қиындықтар болған жоқ.

Бірақ Өзбекстан әлі де антиталибтік коалицияның қатысушысы болған. Егер Ташкент Дустумның қайтарылу жағдайына қатысты болса, онда оның басты мақсаты өзбек жұртшылығын бақылауды қалпына келтіру болды. Әрине, егер Дустум Мәлікпен ғана емес, сонымен қатар хазарейлер мен тәжіктермен күрес жүргізсе, бұл қиын болар еді. Сондықтан, Дустум антиталибтік коалиция шеңберінде өзбек қауымының күштерімен неғұрлым тиімді басқарудың ұраны астында шыққаны қисынды болды. Осыған байланысты Дустумға өзінің тиімділігін көрсету қажет болды. 1997 жылдың 4 қазанында Дустум әскері Мазари-Шарифтің қоршауын алды. Өзбектер мен шииттердің бірлескен күштері «Талибан» қозғалысына адал, жергілікті пуштундармен бақыланатын, Мазари-Шарифтен батысқа қарай орналасқан Жала-и-Жанги фортын басып алды.<sup>20</sup> Кейін Хайратон және Ташкурған қалалары алынды. Талибтер Кундуз провинциясындағы өз базасына оралды.

Осылайша, Ауғанстанның солтүстігіндегі жағдай шет мемлекеттердің қатысуы туралы айтуға кезекті себеп болған, кезекті күтпеген бұрылыс жасады. Кез келген жағдайда, 1997 жылдың тамызына қарай қалыптасқан Раббани/Масудтың тәжіктері және Халилидің хазарейлері басым болған антиталибтік одақ күшінің бұрынғы конфигурациясы бұзылды. Олардың артында негізінен Иран тұрды. «Солтүстік одақта Ахмад Шах Масудтың үстемдігі Дустумның қайта оралуына байланысты сәтсіздікке ұшырады. Ертеректе, 12 шілдедегі біздің Мазари-Шарифке жасаған іс-сапарымыз барысында естігеніміздей, Мәлік этникалық өзбектердің қорқынышын тудырған Масудты солтүстіктің көшбасшысы деп мойындаған болатын. Енді Масуд Дустуммен позицияның

артықшылығы үшін күресуі керек еді».<sup>21</sup> Бұл ретте, Дустум дербес саясат жүргізуге ұмтылды, соның ішінде «Талибанмен» қарым-қатынаста. 1997 жылдың желтоқсанында ол 200 адамды талибтерге беріп, 120 өзбек сарбазын алып, тұтқындармен айырбас өткізді. Дустум, сондай-ақ, Қандагарға келіссөздер жүргізу үшін өз өкілі Мулла Абдұл Баки Түркестаниды жіберді.<sup>22</sup> Әрине, бұл Масуд пен хазарейлерді алаңдатпауы мүмкін емес болды. Дустумның дербестігі ешкім ешкімге сенбейтін жағдайда өзбек қауымының мінез-құлқының әртүрлі мүмкіндіктерін ашты.

Дустумның қайтуымен Ауғанстанның ішінде де, оның айналасында да шиеленіске толы, сондай-ақ одақтастардың радикалды ауысуымен ерекшеленген ауған эпопеясының кезекті шеңбері аяқталды. Ол 1997 жылдың мамыр айында басталып, қыркүйекте аяқталды. Және қарсылас тараптар стратегиялық тығырыққа қайта оралды, олардың алдында тағы да мынадай сұрақ тұрды: әрі қарай не істеу керек?

1997 жылдың желтоқсанында ауғандық реттеу мәселесі бойынша келісімге тағы бір әрекет жасалды. Бұл жолы Тегеранда өтетін Ислам Конференциясы Ұйымының (ИКҰ) кезекті саммитінде орын алды. Аталмыш саммит ислам әлемінің басты мемлекеттері – Иран, Түркия, Сауд Арабиясы, Пәкістан, БАӘ қатысқан геосаяси бәсекелестіктің барлық жағдайларын ескере отырып, үлкен қызығушылық танытты. Бұл ретте соңғы үш ел 1997 жылдың мамырында Ауғанстанның заңды үкіметі ретінде «Талибанды» мойындады. Ал қалғандары Раббани үкіметін қолдауды жалғастырды. Сонымен қатар, саммит Иран аумағында өтті.

Дәстүрлі түрде ИКҰ-да басты рөлді ойнаған Сауд Арабиясы делдал ретінде әрекет етуге тырысты. 8 қыркүйекте Жидда қаласында (Сауд Арабиясы) Ислам Конференциясы Ұйымының (ИКҰ) бас хатшысы Азеддин Лараки Ауғанстан 1997 жылдың желтоқсанында Тегерандағы кездесуге шақырылмайтынын жариялады.<sup>23</sup> Осы уақытта Сауд Арабиясында «Талибанның» уақытша басқару кеңесінің төрағасы Мулла Мұхаммед Раббани бастаған делегация болды, ол Сауд ресми тұлғаларымен және БҰҰ Бас хатшысының эмиссары Лахдар Брахимимен келіссөздер жүргізді.<sup>24</sup> Алайда, Иранмен ауған мәселесі бойынша диалог

сауд әулеті үшін маңызды болды. Әрине, талибтерді Тегеранда қабылдамас еді. Сол кездегі Сауд Арабиясының мұрагер ханзадасы және болашақ королі Абдалла, саммитте Иранның рухани көшбасшысы Аятолла Хаменеимен келіссөздер жүргізді.

Өз тарапынан, Иран Тегерандағы ИКҰ саммитінен Түркия президенті Сулеймен Демірелінің кетуіне мәжбүр болған жағдайды жасады. Ресми түрде бұл отырыстың қалған қатысушыларының Түркия мен Израильдің стратегиялық альянсына қарсы наразылықтары салдарынан болды. Бірақ, ирандық билік аймақтағы өзінің ескі қарсыласын, сондай-ақ АҚШ-тың стратегиялық әріптесін Түркияны кемсітіп қана қоймай, Дустумның қайтуымен және Мәлік билігінің құлауымен байланысты оқиғаларға жауап беру үшін мұны жасаған болар еді.<sup>25</sup> ИКҰ саммитінде ешқандай серпінді шешімдер қабылданған жоқ. Бірақ, АҚШ мемлекеттік хатшысының көмекшісі Карл Индерфут саммиттің өтіп жатқан кезінде, Нью-Йоркте Иран, Қытай, Пәкістан, Түрікменстан, Өзбекстан, Тәжікстан және Ресейден келген елшілермен ауған проблемасын реттеу мәселесі бойынша келіссөздер жүргізді. Ауғанстанның алты көршісі АҚШ пен Ресеймен бірге «6+2» байланыс тобын құрды, ол «Талибан» қозғалысына да, антиталибтік оппозицияға да қысым көрсетуге шақырды.

Бұл оқиға бірнеше көзқараспен қызығушылық тудырады. Біріншіден, бұл Вашингтон мен Тегеран ресми түрде болсын, бірақ өз күш-жігерін біріктірген 1979 жылы Ирандағы ислам революциясы кезінен бергі алғашқы жағдай болды. Екіншіден, Нью-Йоркте «6+2» тобын құру АҚШ-тың Ауғанстандағы жағдайға қатысты өз позициясын өзгертті. Кем дегенде, келесі 1998 жылы АҚШ-тың «Талибанға» қатынасы айтарлықтай өзгерді.

Жалпы, 1997 жылы Ауғанстандағы оқиғалардың дамуы мұнда ішкі жағдай өте тұрақсыз екенін көрсетті. Алайда, осы ел мен аймаққа жетекші елдердің мүдделері өзгеріссіз қалды. 1997 жыл Ауғанстанда – бұл ұлы және өңірлік державалар бір-бірінің мүдделерін нақты анықтауға және өз мүмкіндіктерін анықтауға тырысқан қаламның сынамасы сияқты еді. Олар болашақ қарсыластыққа дайындалды. Атап айтқанда, Ресей мен Иран Тәжікстандағы қақтығысты реттеп, ауған бағытындағы

жалпы саясатқа кедергі келтірмеу үшін реттеп отырды. Шыны керек, олар Мәлік пен ауғандық өзбектерге тікелей бақылауды жоғалтты, алайда, Өзбекстанның антиталибтік коалиция құрамында болуы Мәскеу мен Тегеранға бұл жағынан қиындықтар болмайды деп сенуге мүмкіндік берді. Тараптар 1998 жылға қарай дайындалды, олар жағдайды түбегейлі өзгерте алатын нұсқалар мен қандай да бір стандартты емес қадамдар жоқ деп ойлады. Алайда олар тағы да қателесті.

### *Бетбұрысты 1998 жыл*

1997 жылдың соңында 1998 жылдың басында Ауғанстанда бейбіт реттеудің жаңа әрекеттері жасалды. 1997 жылы 27 желтоқсанда Пәкістанға Бурхануддин Раббани келді. 28 желтоқсанда Ифтикар Муршед Қандагарға барып, Мулла Омармен кездесті. Талибтердің басшысы екі тараптың өкілдері ислам заңдары негізінде мәселені шеше алатын улемдер кеңесін құруды ұсынды. 30 желтоқсанда Раббани Исламабадтан Иранның Мешхед қаласына кетіп, Мулла Омардың ұсынысын қарауға уәде берді. 23-26 наурызда Исламабадта «Талибан» өкілі Мулла Раббани сапармен болды. Бұл жерде БҰҰ-ның Ауғанстан жөніндегі бас хатшысының арнайы өкілі Лахдар Брахимимен кездесті. Кездесу барысында «Талибан» өкілі қару-жарақ жеткізу үшін эмбаргоны енгізуге шақырды және солтүстік одаққа ықпал етуді сұрады. Исламабадта Мулла Раббани Иран мен Өзбекстанды Солтүстік одаққа қару-жарақтың басты жеткізушісі ретінде айыптаған баспасөз конференциясын берді.<sup>26</sup> Әлбетте, улемдер кеңесін шақыру идеясы антиталибтік одақтың саяси қайраткерлері үшін өте сәтті формат емес еді.

Мұндай кеңес қандай да бір шешімге келе алмады, себебі қарсы күресуші тараптар арасында бірінші кезекте елеулі саяси қайшылықтар болды. Пікірталастың діни форматы оларды шешуге көмектеспеді. Бұдан басқа, Солтүстік одақтың көптеген көшбасшылары – Раббани, Масуд, Хекматиар ислам жаңғыртушылары қатарына жатқызылды. Олар үшін, негізінен, талибтер ұсынған улемдердің билігі қолайсыз болды. Талибтер өз жағына азшылық ұлттардан улемдерді

тартуға және осылайша өзінің қарсыластары – исламшылдар мен зайырлы саясаткерлерден артықшылық алуға үміттенген. Сондай-ақ, антиталибтік коалицияның құрамында шииттер болғандығын атап өткен жөн. Олардың суннит-улемдер кеңесіне қатысуы қарама-қайшылық тудыратыны айдан анық болды.

Дегенмен, БҰҰ мен Пәкістанның делдалдығы кезінде ұзақ кеңестерден кейін 1998 жылдың 26 сәуірінде Исламабадта «Талибан» мен Солтүстік одақтың өкілдері алғаш рет бетпесті. Тұтқындармен алмасу және қарулы қақтығысты тоқтату туралы алғашқы келіссөздер барысында антиталибтік оппозиция Бамианның қоршауын алып тастау туралы талабын ұсынды. Мулла Омар онымен келісті.<sup>27</sup> Алайда, ешқандай нақты нәтижеге қол жеткізілген жоқ. Ифтикар Муршедтің ақпаратына сәйкес, Солтүстік одақтың өкілдері келіссөздердің бұзылуы «Хезбе-и Вахдат» хазарейлерінің кінәсінен орын алғанын хабарлады.<sup>28</sup>

Пәкістандық өкіл үшін қарсылас елге сыни көзқараспен қарау қисынды болды. Бірақ Иран тек қана ауғандық реттеу призмасы арқылы ғана емес, мәселеге кеңінен қарауы әбден мүмкін. Мысалы, Тегеранның алдында АҚШ-пен қарсыластықты жалғастыру және соңғылары тарапынан геосаяси қоршаудың қаупі туралы мәселе тұрды. Ал мұнда, 1998 жылдың басында, Иран тарапы үшін алаңдайтын себептер көп болды. Атап айтқанда, Тегеран мен Өзбекстан антиталибтік коалицияның құрамына кіргенін ескере отырып, 1998 жылғы наурызда қабылданған Өзбекстанның Иранға қатысты өзінің барлық қадамдарын АҚШ-тың мемлекеттік департаментімен келісуге міндеттенгендігінен тұратын ынтымақтастық жөніндегі бірлескен американдық-өзбек комиссиясының шешімі Тегеранның наразылығын одан да қатты күшейтті».<sup>29</sup> Аймақтағы геосаяси қарама-қайшылық тұрғысынан Тегеран үшін ауғандық мәселеде тым кем түспеу маңызды болды. Өйткені оның Ауғанстандағы саяси мүмкіндіктері аймақтық геосаясатқа қатысу тәсілі болып табылады.

Сол уақытта өңірдегі геосаяси жағдай айтарлықтай өзгерді. 1998 жылдың 11 және 13 мамырында Үндістан ядролық сынақтарды өткізді, 28 және 31 мамырда Пәкістан өз кезегінде



атом жарылыстарының сериясымен жауап берді. Дели мен Исламабадтың бұл әрекеттері ядролық қаруды таратпау туралы шарттың (ЯҚТШ) бұзылуын білдірді және АҚШ-ты қоса алғанда, жетекші елдер тарапынан өткір сын тудырды. Үндістан мен Пәкістанға қарсы Вашингтон экономикалық көмекті қатыруды қоса алғанда, кейбір санкцияларды енгізді. Сынақтар халықаралық қауымдастықтың назарын Оңтүстік Азия аймағындағы жағдайға аударғаны сөзсіз. Демек, АҚШ әкімшілігі енді Пәкістан мен оның аймақтағы саясатына қатысты нақты анықталуы қажет болды. Түрлі американдық саясаткерлер мен лоббистер 1994 жылдан 1997 жылға дейінгі кезеңде болған «Талибан» қозғалысына қатысты мүлдем әртүрлі белгілер бере алатын бұрынғы жағдай мүмкін емес еді.

Сонымен қатар, АҚШ талибтердің астанасы Қандағарда Усама бен Ладеннің болуына байланысты жағдайға назар аударуы тиіс болатын. 1998 жылдың 23 ақпанында ол «еврейлер мен кірескерлерге қарсы жиһад үшін Ислам фронтының» құрылуы туралы манифест шығарды. Бұл манифестке Мысырдағы, Пәкістандағы, Бангладештегі және Кашмирдегі радикалды исламшылдар қол қойды.<sup>30</sup> Вашингтон үшін бұл қиын жағдай болды. Бір жағынан, Бен Ладен әлбетте, қауіп ретінде, екінші жағынан, өңірлік геосаясаттың проблемаларымен салыстырғанда тым үлкен емес қауіп ретінде қабылданды. Осыған байланысты Стив Колл «американдық дипломат Бен Ладеннің қауіп-қатеріне байланысты Пәкістанның наразылығын 9 наурызда ресми түрде мәлімдеген кезде, ол «Талибанға» әскери құрал-жабдықтарды жеткізуді және Пәкістан билігінің талибтерге өздерінің ұшақтарын пәкістандық әскери-әуе базаларына құюға рұқсат ету шешімін талқылаған. Бірақ, Бен Ладен өте жоғары деңгейдегі емес проблеманың құрамдас бөлігі ретінде анықталды. Сондықтан оның мәлімдемесі кертартпалық демарш болды».<sup>31</sup> Сонымен қатар, оқиғаны мұндай түсіндіру АҚШ-тың Пәкістанды неге қолдап отырғандығын түсіндіруге немесе ақтауға мүмкіндік береді, ол өз кезегінде АҚШ-тың ең радикалды қарсыласына баспана берген «Талибанды» қолдады.

Сонымен қатар, АҚШ-тың өңірдегі геосаясатының негізгі басымдықтары бұрынғыдай қалды – бұл Орталық Азияға

өңірдің ашылуын білдіретін көлік дәліздері, сондай-ақ Иранға қарсы саясат. Бұл жерде Вашингтонда Пәкістанмен кем дегенде ортақ мүдделер болды. АҚШ-тың 1998 жылдың көктемінде Өзбекстанмен қарым-қатынас құрғанына қарағанда, жалпы саясат ерекше өзгерістерге ұшыраған жоқ. Тағы бір мәселе, Үндістан мен Пәкістандағы ядролық сынақтарға, сондай-ақ сол Бен Ладеннің жандануына байланысты өңірдегі жағдайдың жалпы нашарлауының әсерінен жағдай бірте-бірте өзгерді.

1998 жылдың маусым айының ортасында Қандағарға Сауд Арабиясының барлау қызметінің басшысы ықпалды ханзада Турки келді. Ол «Талибан» көшбасшыларын Сауд Арабиясына қарсы іс-қимылдарға байланысты Бен Ладеннің қолдауынан бас тартуға шақырды. Талибтер жауап ретінде ислам заңдарына сәйкес Бен Ладеннің кінәлілігі туралы мәселені талқылайтын улемдердің кеңесін құруды ұсынды. Туркидің пікірі бойынша, «Талибан» осылайша өзіндік «болмысын сақтағысы» келді.<sup>32</sup> Алайда, Сауд Арабиясының қолдауы «Талибанның» өмір сүруінің маңызды факторы болды. Тіпті, бұл қолдаудың материалдық бөлігі Пәкістан арқылы жүзеге асырылғанына қарамастан. Бұл талибтердің Пәкістаннан да, Сауд Арабиясынан да тәуелділігін қалыптастырған шығар. Алайда, аталған елдердің өкілдері барлық уақытта талибтердің дербестігін және бақылаусыздығын көрсетті, олар осы ұйымға әсер ете алмады. Атап айтқанда, бұл сауд әулетіне талибтермен Бен Ладен туралы мәселенің шешілмейтінін түсіруге мүмкіндік берді. Дегенмен, ол 1996 жылдың күзінен бастап «Талибанның» бақылауындағы аумақта болғанын еске түсіруге болады. Бұл Сауд Арабиясының 1997 жылдың мамыр айында талибтерді мойындауына кедергі болған жоқ.

Сонымен қатар, 1998 жылдың маусым-шілде айларында Ауғанстандағы жағдайды реттеу үшін Иран мен Пәкістанның бірлескен комиссиясын құруға әрекет жасалды. Мұндай шешім осы екі елдің ауған қақтығысындағы рөліне байланысты өте қисынды болды. Ифтикар Муршед Иран сыртқы істер министрінің орынбасары Броурджеримен өз келісімдерін сипаттағаны қызықты болып табылады. «Ирандықтар Солтүстік одақпен ақылдасады, ал пәкістандықтар өздеріне тиімді ұсыныстарды алу үшін «Талибанды» тыңдайды», – деп

мәлімдеді.<sup>33</sup> Екі жақ та ауған топтарымен өз байланыстарын көрсетпеуге тырысты. Осылайша, олар маневр үшін мүмкіндік қалдырды.

Ақыр соңында, бұл келіссөздер ешқандай нәтиже бермеді. Муршедтің пікірінше, «Тегеран нәтижесінде пәкістандық-ирандық бірлескен комиссияны құру туралы идеяны мақұлдауға келгенімен, ирандықтар шииттік «Хезбе-и Вахдатқа» теңсіз қолдау көрсету бойынша олардың тактикалық іс-әрекеттері олардың стратегиялық мақсатына – Ауғанстанда үстемдік алуға жетуді қамтамасыз ете алмайтынын түсінді».<sup>34</sup> Алайда, мұндай сынға тек қана пуштундарға сүйенген «Талибанға» қолдау көрсеткен Пәкістанның саясатын да ұшыратуға болады. Әрбір ел өз мүдделерін қорғауға ұмтылды, ал Иран саясаты идеологиялық (діни) дәлелді болды. Сондықтан да, Тегеран үшін бірінші жоспарда шиит-хазарейлер, екінші даритілді тәжіктер, содан кейін қалғандары болған. Мысалы, Иран тактикалық мақсатта пайдалана алатын Хекматиар да болды.

Иран мен Пәкістан келіссөздер жүргізіп жатқан жағдайда Ауғанстанның солтүстігіндегі жағдай күрт өзгерді. Талибтердің 1998 жылдың 12 шілдесінде Фарьяб батыс провинциясын, оның астанасы Меймене қаласын басып алды. Фарьяб 1997 жылдың күзінде, генерал Дустумға өзбек жұртшылығын бақылауға тағы да жол берген, өзбек генералы Мәліктің руылық қауымы үшін негізгі провинция болды. «Жергілікті командирлердің басым бөлігі өз қаруларын талибтерге өз еркімен тапсырды».<sup>35</sup> Фарьябты тапсыру Мәліктің бұрынғы жақтастарының әрекеті болды деп болжауға болады. 1997 жылдың мамыр айында, Дустум қайтып оралғаннан кейін, олардың төңкеріске белсенді қатысуы Дустумның оларға теріс қатынасын тудырды. Сонымен қатар, ресурстар туралы мәселе басты мәнге ие болды. 1998 жылы өз сарбаздарын қамтамасыз ету жөніндегі Дустумның мүмкіндіктері шектеулі болуы әбден мүмкін. Олардың Өзбекстан қолдауына толықтай тәуелді болуы әбден ықтимал.

Ташкенттің 1998 жылдың тамызында болған оқиғаларға деген қатынасы үлкен қызығушылық тудырады. 2 тамызда талибтер, Дустумның отаны, Жаузжан провинциясы алды. Содан кейін, олар Саманган провинциясын және Балх

провинциясының көп бөлігін алды. 8 тамызда олар Мазари-Шарифке кірді. Мұндай жылдам табыс өзбек әскерлерінің «Талибан» жағына көшуімен ғана мүмкін болды. Ал хазарейлер мен тәжіктер талибтер мен өзбектердің біріккен күштеріне қарсы жалғыз тұра алмады. Нематулла Норджумидің «көптеген өзбек командирлері талибтермен сатып алынғандығы» туралы пікірі бар. The Frontier Post Пәкістаннан хабарлағандай, Абдұл Рахим, Абдұл Макан, Тила Мұхаммед сияқты оппозиция командирлері өз жауынгерлерімен бірге «Талибан» жағына ауысқан болатын. Кундузда Дустумның бұрынғы әскер командирі Абдұл Қадыр және оның 500 жауынгері «Талибанға» қосылды.<sup>36</sup> Мүмкін, ол солай болған шығар, бірақ барлық өзбек командирлерінің бір мезгілде өтуі келісілген шешімге ұқсайды. Сұрақ, бұл шешімді кім қабылдады және қандай деңгейде?

Мұндай мәселе келесі оқиғаларға байланысты өзекті болып отыр. 1998 жылдың 9 қыркүйегінде Қырғызстандағы Ош бекетінде Қырғызстан ұлттық қауіпсіздік министрлігінің (ҰҚМ) қызметкерлері қару-жарақ, оқ-дәрі және азық-түлік жүгі бар эшелонды ұстады. Бірақ, қырғыз арнайы қызметтері осы жүкті тұтқындау фактісі туралы мәлімдеген жағдай ең үлкен әсер етті. Ошқа келген 16 темір жол вагондарының ішіндегісін жүк көліктеріне ауыстырып, Памир жолы бойынша Тәжікстан аумағындағы Таулы Бадахшанға, содан кейін Масуд құрамаларына Солтүстік Ауғанстанға жөнелтуі тиіс болатын.<sup>37</sup> Бұл үлкен дау болды. Ресей мен Иран, шын мәнінде, Пәкістан сияқты, Ауғанстандағы соғысушы тараптарға қару жеткізуін жоққа шығарды, бірақ бұл ретте бір-бірін айыптады. Міне, осындай қолданыстағы арналардың бірі табылды. Бұл Ауғанстандағы антиталибтік коалицияның тағдыры қиын жағдайда болған сәтте, яғни ауған өзбектерінің «Талибан» жағына ауысуына байланысты сәтте болды. Іс жүзінде, Қырғызстан өз әрекеттерімен Масуд әскерін жабдықтау үшін өте маңызды жеткізілімдерді үзді, бұл, әрине, оның жеңілуіне әкелуі тиіс еді.

Мұнда ең басты мәселе – Бішкектің уәждемесі. Қырғыз билігі неге Ауғанстандағы антиталибтік коалицияны қолдау бойынша өз серіктестері – Ресей мен Иранға қатысты осындай

достық емес қадам жасады? Тағы бір маңызды мәселе: Өзбекстан ауған өзбектерінің шешімінен шетте қалып, тағы да майдан сызығын ауыстыра ала ма? Ең бастысы, неге осы әрекеттер бір тізбектің буыны ретінде бір-бірімен анық келісілген болып көрінеді? «Бішкектегі ресми тұлғалар осы уақытта Орталық Азияда өз мүдделерін қамтамасыз ету үшін Ауғанстандағы А. Масудтың тобын сақтап қалуға тырысқан Мәскеумен және Тегеранмен қақтығысқа итермелейтін шешімді өз бетінше қабылдай алды ма? Бұл сұраққа жауап белгілі. Әрине, жоқ. Өзбекстан мен Қырғызстанның 1998 жылдың жаз-күзіндегі іс-әрекеттері басты түрде келісілді деп болжауға болады. Олар Ауғанстандағы «Талибан» қозғалысының жеңіске жетуін тактикалық мақсатпен қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл ретте стратегиялық мақсат Ресейді Орталық Азиядан ығыстыру екені түсінікті болды. Бірақ, бұл өзбек немесе қырғыз саясатының міндеттеріне қатысты емес. Олардың мақсаты қарапайым – өздерінің өзекті мәселелерін шешу үшін сырттан қолдау алу. 1998 жылы Өзбекстан мен Қырғызстан Ауғанстандағы «Талибан» қозғалысының мүмкін болатын жеңістерінде үлкен проблеманы көрмегені анық. Мұны тек бір жағдаймен ғана түсіндіруге болады. Олар тиісті кепілдіктер алды. Мұндай кепілдіктердің тек бір ғана түрі болуы мүмкін – Орталық Азия шекарасындағы «Талибан» қозғалысының шабуылдары тоқтатылатын болады. Бұл 1995 жылы Түрікменстанмен шекарада болған. Мұндай кепілдіктерді тек Пәкістан және, мүмкін, АҚШ бере алды. Біз Орталық Азияның стратегиялық маңызды аймағындағы жағдайдың тұрақсыздануы осы мемлекеттердің мүдделеріне жауап бермегенін атап өттік».<sup>38</sup>

Егер біреу Қырғызстан мен Өзбекстанға кепілдік берсе, онда бұл алдын ала келіссөздерді талап етті, бұл осы елдердің сыртқы саяси бағдарының алдын ала дайындаған ауысуы ретінде көрінді. Естеріңізге сала кетейік, 1998 жылы Өзбекстан Ұжымдық қауіпсіздік келісім-шартынан шыққан болатын. Жоғарыда айтылған болжам бойынша, Өзбекстан 1997 жылдың мамыр айында Мәліктің бүлікшілерімен жағдай туралы хабардар болуы мүмкін, бірақ антиталибтік коалицияны қолдау бойынша одақтастардың қысымымен өз

позициясын өзгертті. Сол жолы Ташкент өз саясатында күрт бұрылуға бел буған жоқ, бірақ 1998 жылдың тамызында ол бұған дайын болды.

Нәтижесінде, Өзбекстан мен Қырғызстанның шешіміне сыртқы саяси векторды түбегейлі өзгертуге Ресейде 1998 жылдың жазында орын алған экономикалық дағдарыс әсер етті деп болжауға болады. 1998 жылдың 17 тамызында Ресей үкіметі техникалық дефолт жариялады, келесі жарты жыл ішінде рубль үш еседен артық төмендеді. Бұл жағдайда Ресей экономикалық және саяси тұрғыда өте әлсіз ел болды. Қырғызстан мен Өзбекстан үшін бұл сыртқы саяси векторды ауыстыру үшін жеткілікті негіз болуы мүмкін. Оның үстіне, олар сол АҚШ-тан немесе халықаралық ұйымдардан алуға оңайырақ болатын қаржылық көмекке мұқтаж еді.

Кез келген жағдайда, 1998 жылы Ташкент пен Бішкек Ресей мен Иран үшін үлкен қиындықтар тудырды. Сондықтан, соңғылары 1998 жылдың қыркүйегінде Ош оқиғасынан кейін, олар үшін қиын болған Ауғанстандағы жағдайды құтқару үшін зор күш салуға тура келді. Өйткені, Өзбекстан мен Қырғызстанның сыртқы саяси бағдарын ауыстыру Орталық Азияның үш мемлекеті, соның ішінде осы қатарға Түрікменстанды қоса алғанда, Ауғанстандағы антиталибтік коалицияға қатысушыларға Ресей мен Иран тарапынан көмек көрсетудің кез келген түрі үшін кедергі жасаған жағдайды жасады. Олар, іс жүзінде, Мәскеу мен Тегеран үшін ауған аумағына, соның ішінде Тәжікстанға еркін қол жеткізуін қиды. Сонымен қатар, Тәжікстан Ауғанстанмен шекаралас жалғыз ел болып қалды, онда Ресей мен Иран өз ықпалын сақтап қалды, бірақ ол Өзбекстан мен Қырғызстан тарапынан оқшауланды.

Ресей үшін мәселе Ауғанстандағы Мәскеу қолдайтын антиталибтік одақтың жеңілу қаупінде ғана емес. Барлық Орталық Азия аймағында ресейлік ықпалынан айырылып қалу әлеуеті едәуір үлкен мәселе тудырды. 1998 жылдың тамызында қызықты жағдай пайда болды. «1998 жылдың күзінде Ауғанстанда қалыптасқан әскери-стратегиялық жағдайда осы елдегі А. Масудтың тобы мен Тәжікстандағы ресейлік әскери топ бір-біріне объективті түрде тәуелді болды. Ауғанстанның солтүстігіндегі талибтерге қарсы күрес жүргізген А. Масудтың

әскерінсіз Тәжікстандағы қуатты ресейлік топ Мәскеудің әсерін тек осы елде ғана қамтамасыз ететін еді, ал оның ешқандай тәжірибелік мағынасы жоқ. Ауғанстандағы А. Масуд әскерінің өмір сүруін жалғастырған кезде Ресей ықпалы Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздіктің кез келген жүйесінің маңызды факторы болып қала бермек». <sup>39</sup>

Сондықтан, Мәскеу үшін Ауғанстандағы талибтердің соңғы қарсыласу ошағы – Масуд әскерінің зақымдануына жол бермеу маңызды болды. Тамыздық дағдарыстан кейін Ресейде экономикадағы жағдай қиын болса да, ресейлік арнайы қызметтерден шыққан, Ресейдің сыртқы барлау қызметінің бұрынғы басшысы (СБК) Евгений Примаковтың жаңа үкіметі Масудты қолдау үшін барынша күш-жігерді қолданды.

Осындай мәселе Иран алдында да тұрды. Антиталибтік одақтың толық құлдырауы Тегеранды өте ауыр жағдайға қойды. Оның өңірлік геосаясатта маңызды рөл атқаруға талпыныстары антиталибтік одақтың бір бөлігі болған ауған топтарына әсер етуге негізделген. Соңғыларының жойылуымен Иранның мүмкіндіктері күрт азайды. Сонымен қатар, Иран билігінде олар стратегиялық қоршауда қалады деп ойлаудың барлық негіздері болған. Бұл Пәкістанның, кем дегенде, Түрікменстан мен Ауғанстандағы әсерімен байланысты болды. Иранда Пәкістанның артында АҚШ пен Сауд Арабиясы, оның ескі қарсыластары тұр деп күдіктенгені сөзсіз.

Тиісінше, Тегеран мен Мәскеу талибтердің түпкілікті жеңіске жетуін болдырмау үшін, уақыттың өткір жағдайында, бар мүмкіндіктерді пайдалануы тиіс еді. Демек, олар Масуд әскерін қолдап, талибтерге Ауғанстандағы барлық билікті толығымен алуға жол бермеу керек еді. Бұл ретте, Өзбекстан мен Қырғызстан тарапынан нақты блокада болған жағдайда да, Масуд әскерлеріне қару-жарақ пен құрал-жабдықтарды жеткізу мәселесі Ресей тобының Тәжікстандағы ресурстары есебінен шешілуі мүмкін болды. Мұнда ресейлік 201-ші мотоатқыштар дивизиясы мен Ресейдің шекара әскерлері орналасқан.

1998 жылдың 15 қыркүйегінде Иранда аятолла Хаменеи жұмылдыру туралы жариялады. Мазари-Шарифті алу кезіндегі талибтердің Иранның 10 дипломаты мен ИРНА агенттігінің тілшісін өлтіруі себеп болды. 1998 жылдың қыркүйек-

қазан айларында Тегеран тікелей Ауғанстанмен шекараға жақын 200 мыңға дейін әскери қызметшілердің қатысуымен толық ауқымды әскери оқу-жаттығулар сериясын өткізді. Сонымен қатар, Иранның дәстүрлі оңшыл бұқаралық ақпарат құралдарында науқан өткізілді, ол халықты Ауғанстанмен ықтимал соғысқа дайындауға бағытталған болатын.<sup>40</sup> Иран әскерінің оқу-жаттығулары талибтерді қатты алаңдатып, солтүстіктегі шайқастардың ең жауапты кезеңінде «Талибан» әскерлерінің бір бөлігі ауған-ирандық шекараға қарай созылды. Талибтердің ирандық қатерге деген қарым-қатынасының деңгейін, ирандық әскери басып кіру орын алатын болса, талибтер Тегерандағы үкіметке қарсы Иранда өмір сүретін сунниттердің көтерілісін ұйымдастыратыны туралы «Талибан» басшылығының мәлімдемесінен байқауға болады.<sup>41</sup> Иран әскері талибтерді талқандауға қабілетті болды. Бірақ, Иран басшылығының басты міндеті ауыр геосаяси салдары болуы мүмкін әскери басып кіруде емес. Тегеран, ең алдымен, талибтердің Масуд әскерлеріне қысым беруін әлсіретуге мәжбүрлегісі келді. Бірақ, талибтер мұны білмеген, сондықтан орын алған жағдайға барынша байыпты қарады.

Осылайша, Иран мен Ресей талибтерге 1998 жылдың тамыз айындағы өз табыстарын пайдаланып, шешуші жеңіске қол жеткізуіне жол бермеді. Бұрынғы антиталибтік одақтың қатысушылары қарсыласуды тоқтатқанына қарамастан, Ахмад Шах Масуд өз позицияларын сақтап қалды. 25 тамызда талибтер негізінен исмаилиттер өмір сүрген Бағлан елді мекенін алды. Қыркүйек айының басында олар хазарейлік Бамианды басып алды.

Алайда, 1998 жылдың тамызында тағы да ауғандық жанжал төңірегінде кезекті күтпеген жағдай орын алды. 20 тамызда АҚШ Усама бен Ладенді өлтіру мақсатында Ауғанстан аумағына зымырандық соққы жасады. Стив Коллдың ақпараты бойынша ОББ терроризмге қарсы орталығы 1998 жылдың көктемінен бастап, Бен Ладен базасы орналасқан, Қандағарға жақын маңдағы Тарнак фермасына қарсы операция дайындады. Атап айтқанда, Бен Ладенді тұтқынға алып, содан кейін американдықтарға беруі тиіс болатын жергілікті тайпалардың өкілдерін пайдалану жоспарланған.<sup>42</sup> Алайда, бұл жоспарлар



іске асырылмаған немесе 1998 жылдың 7 тамызында Кения мен Танзаниядағы АҚШ елшіліктеріне өлімшілердің шабуылдары болған кезде дайындық процесінде болған. 20 тамызда американдықтар Хостқа жақын жерде орналасқан Завхар Кили деген жерге «Томагавк» зымырандарымен соққы жасады, онда барлау деректері бойынша Усама бен Ладеннің ізбасарларымен кездесуі өтуі тиіс болды.<sup>43</sup> Бен Ладен екі ондаған қаза тапқандардың арасында болған жоқ, бірақ Ауғанстан бойынша зымырандық соққы Вашингтонның ауған бағытындағы саясатының өзгеруін көпшілік алдында ресімдеген сәтке айналды.

Бұл жағдайда басты мәселе АҚШ-тың неге өз позициясын өзгертуі қажет болғанында емес. Егер «Талибан» билігі кезіндегі Ауғанстанға қатысты олардың саясаты, кем дегенде, белгісіз болса, ол Вашингтонның Орталық Азияға қол жеткізу үшін осы ұйымды пайдалануға, сондай-ақ Иранды стратегиялық қоршауға алуға ұмтылды деп пайымдауға негіз болды. Мұнда барлығы қисынды көрінеді. Ауғанстанда АҚШ-тың жауы Усама бен Ладен болды. Сондықтан, «Талибан» американдықтарға оны беруден бас тартқан немесе оны бақылаудағы аумақтан шығарып жіберуден бас тартқан жағдайда, бұл ұйымды қолдаудың ешқандай мағынасы болмады. Тіпті, американдық истеблишменттің белгілі бір шеңберінде бұрын талибтерді өз мақсаттарында пайдалану көңіл-күйі болса да, Африкадағы АҚШ елшіліктерінің шабуылы тиісті себеп болды.

Теориялық тұрғыдан, президент Билл Клинтонның Ауғанстанға соққы жасау талпыныстары Ақ үйдің тағылымгері Моника Левинскимен болған жыныстық жанжалдың салдарын жоюға тырысқандығымен байланысты болды деп пайымдауға болады. 1998 жылдың 17 тамызында Клинтон осы іске байланысты өтірік айтқаны туралы жариялы түрде мойындады. «Кейінірек, осы кезеңді сипаттай отырып, Клинтон тамыздық көпшілік спектаклі мен оның жеке уайымдары оның Бен Ладенге қарсы әрекет ету ниетіне ешқандай әсер етпегендігін мәлімдеді».<sup>44</sup> Дегенмен, соққы үшін уақытты тактикалық таңдау АҚШ-тың қоғамдық пікірін даудан алаңдату мақсатында жасалды. Сондықтан соққы соншалықты тиімсіз болды. Бірақ, қандай да бір тактикалық ойлар болса

да, стратегиялық тұрғыдан жағдай әлдеқайда қиын болды. Клинтонның ешқандай жеке жанжалы Хостқа жасалған соққы сияқты символдық әрекет үшін басты себеп бола алмады, ол ауғандық бағытта бағдарды ауыстыру туралы мәлімдемені білдірді. Клинтон өзінің жеке міндеттерін шешкісі келсе де, ол тек американдық саясаттың өзгеруін көрсету ретінде соққы уақытын таңдауға мүмкіндік бере алды, бірақ соңғысының стратегиялық бағытын емес.

«Талибанға» қатысты американдық саясатта орын алған өзгерістер себептерінің тағы бір ықтимал нұсқасы әйел мәселесіне байланысты. Осыған байланысты 2001 жылы Ахмет Рашид өте қызықты ақпарат ұсынды. Оның айтуынша, «1997 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін (2001 жыл. – Авт.ескерт.) американдық саясатта 180 градусқа бұрылу алғашында американдық феминисттердің «Талибанға» қарсы науқанымен байланысты болды. Бұл әдетте Клинтонмен болған сияқты, ішкі саясат пайымдаулары одақтастардың сыртқы міндеттері мен қалауларынан асып түсті. Клинтон өзі үшін ауған мәселесін американдық әйелдер оның есігін қаққан кезде ғана ашты... 1998-1999 жылдары талибтердің Бен Ладенді қолдауы, олардың «Юнокал» жобасын қолдаудан бас тартуы және Ирандағы бірқалыпты жаңа билік пен өз қарсыластарымен ымыраға келуден бас тартуы «Талибанға» қатал қарым-қатынастың жаңа себептеріне айналды».<sup>45</sup> Алайда, бұл нұсқа қарапайым болып көрінеді.

Феминисттерді қаншалықты құрметтесек те, бірақ әйелдерге қатысты «Талибанның» қатаң саясаты 1994 жылдан бастап ерекше құпия емес еді. Талибтер ежелгі патриархалдық дәстүрлер негіз болған, оңтүстік-батыс Ауғанстанның шеткі аудандарын басқарған кезде, олардың саясаты батыс елдерінің қоғамдық назарынан тыс болған. Естеріңізге сала кетейік, осы кезеңде талибтер Ауғанстандағы орын алған хаос жағдайында тәртіп орнатуға үлкен назар аударды. Алайда, 1996 жылдың қазан айында талибтер көптеген әйел халқы, студенттер, оқушылар, сондай-ақ көптеген соғыс жесірлері бар зайырлы Кабулға ие болған соң, олардың әйел мәселесіндегі саясаты туралы бүкіл әлем таныды. Дегенмен, бұл американдық ресми тұлғаларға, оның ішінде мемлекеттік департаменттің өкілі

Робин Райфелге талибтер бойынша өздерінің біртекті емес мәлімдемелерін жасауға кедергі келтірген жоқ. «Юнокал» компаниясына да өз жобасын іске асыруға кедергі келтірмеді. «Юнокал» газ құбырын салу идеясынан АҚШ-тың Ауғанстанға соққы жасағанынан кейін ғана бас тартты. Алайда, 1997 жылдың желтоқсанында ғана компания АҚШ-қа талибтер делегациясының сапарын ұйымдастырған болатын.<sup>46</sup>

Талибтердің оппоненттермен уағдаласуына келсек, АҚШ позициясының өзгеру себептерінің бірі, бұл 1990 жылдардың барлық ауған әскери-саяси топтары үшін ортақ сипат болды. Олар уағдаластықтарды жиі бұзды, бұл ретте 1997 жылдың мамыр айындағы өзбек генералы Мәліктің маневрлерінің өзі айтуға тұрарлық болып табылады. Әлбетте, талибтер Ауғанстанда үстемдікке ұмтыла отырып, күш позициясынан әрекет етті. Әрине, олардың азшылық ұлттар қатарындағы қарсыластарға қатысты саясаты өте қатаң болды. Бірақ, елдегі барлық билікті басып алу саясаты Пәкістан тарапынан ауқымды қолдаусыз мүмкін емес еді. Сондай-ақ, Бен Ладен туралы сұрақтарды да АҚШ Пәкістан өкілдеріне де қоя алды. Әсіресе, кейін Бен Ладен Пәкістан әскері орталықтарының бірі болып табылатын пәкістандық Абботабад қаласында американдық арнайы жасақпен өлтірілгендігі туралы түрткіжайтты ескеретін болсақ.

Сонымен қатар, Рашидтің «ішкі саясаттың пайымдаулары сыртқы міндеттерден асып түскені» туралы тезисіне тоқталатын болсақ, 1998 жылдың тамызында Клинтон американдық терминология бойынша «ақсақ үйрек» болғанын атап өткен жөн. Оның екінші президенттік мерзімі аяқталуға жақын болып, Левинскимен дау оның ықпалын одан әрі әлсіреткен. Ауғанстандағы АҚШ бағдарының ауысуын көпшілік алдында жариялау туралы шешім сол бір Клинтонға қатысты шағын ішкі мәселені шешуге қарағанда үлкен стратегиялық тереңдікке ие болды.

Мұнда бірнеше маңызды жағдайларға назар аудару керек. Біріншіден, Ауғанстан бойынша соққы АҚШ-тың радикалды исламшылдармен күрес жөніндегі жаһандық науқанының бір бөлігі ретінде көрінді. Хостқа зымырандық шабуылмен бір мезгілде Судандағы фабрикаға да соққы жасалды. Яғни,

бұл тек Ауғанстанға байланысты оқиға болған жоқ. Судан бойынша соққы және бүкіл іс-шараның жаһандық сипатын көрсету мақсатын көздегені мүмкін, бұл одан әрі маневр жасау үшін мүмкіндік қалдырды.

Екіншіден, Бен Ладеннің Қандағардағы штаб-пәтеріне соққы болған жоқ. Егер АҚШ Қандағардағы оның базасына шабуыл жасаса, онда бұл талибтердің өзіне соққы ретінде қабылдануы мүмкін, бұл қалада олардың саяси орталығы болды, бұл өте сезімтал болуы мүмкін. Үшіншіден, шығыс Ауғанстандағы Хостқа дейін ұшып жетпес бұрын «Томагавк» зымырандарына Пәкістан аумағын кесіп өту керек еді. Зымырандар ұшқан теңізден Хостқа дейін Қандағарға қарағанда алыс болды. Сонымен қатар, Қандағарға дейін зымырандар Белуджистан шөлінен ұшатын еді, ал Хостқа дейін Пәкістанның халқы тығыз қоныстанған аудандарын кесіп өтуге тура келді. Демек, Пәкістан билігі болып жатқан оқиғадан хабардар болуы керек. Немесе, мүмкін, әрекет демонстративті сипатқа ие болды. Төртіншіден, соққы туралы шешім, кем дегенде, Сауд Арабиясымен келісілген болатын. Бұл елдің билігі шабуылдан кейін Кабулдан өз өкілін қайтарып алды. Яғни, өте ойластырылған шешім болды.

Алайда, ең қызықты жағдай 1998 жылдың тамыз-қыркүйек айларында Өзбекстан мен Қырғызстан саясатының өзгеруіне байланысты болды. Қырғызстан 9 қыркүйек күні, американдықтардың ауғандық Хостқа 20 тамыздағы соққысынан кейін, Масудқа ресейлік және ирандық қару жеткізу арнасын «ашып салды». Ауған өзбектері, исмаилиттер және басқалары Ауғанстанның солтүстігінде 20 тамызға дейін және одан кейін талибтерге көшті. Теориялық тұрғыдан, Бішкек және Ташкент талибтердің, сондай-ақ, Пәкістанның жағында болды деп қорытынды жасауға болады. Осыған байланысты ресми Бішкек АҚШ-тың Ауғанстанды біріктіруге талпынуда «Талибан» мен Пәкістанды қолдамайтыны анық болған кезде Ресеймен және Иранмен алшақтауға неге барды? Қалай дегенмен, Өзбекстан мен Қырғызстан Пәкістан мен талибтерге тек қана исламды «ортағасырлық» түсінумен сүйенетіндігі күмән тудырады. Ең алдымен, олар АҚШ-пен қарым-қатынасқа түсті. Сондай-ақ, Ауғанстан бойынша америкалық соққы «Юнокал» жобасымен, сондай-ақ Орталық

Азиядан оңтүстік бағытта көлік дәліздерін ашу идеяларымен тарихқа нүкте қойды.

Сонымен қатар, келесі сұрақ қызықты: егер Вашингтон Өзбекстан мен Қырғызстан саясатының өзгеруіне ықпал етсе, онда неге АҚШ дәл тамыз айында Хостқа соққы жасады, неге талибтер антиталибтік коалицияны талқандамайынша соққыны нақты нәтижеге қол жеткізгенге дейін кейінірек өткізуге болмады? Ауған аумағында зымырандық соққының ешқандай әскери немесе тәжірибелік маңызы болмады, бұл таза символдық акция болды.

АҚШ-тың басты міндеті 1998 жылдың жазында аймақтағы өз саясатын Пәкістан саясатынан және әрине, «Талибан» саясатынан бөліп алу болды. Ол үшін, мүмкін, Хостқа символдық соққы қажет болды. Осыдан кейін Вашингтон «Талибан» және Пәкістанның Ауғанстандағы саясатына теориялық тұрғыдан ықпал ете алды деп айтуға болмайтын еді. Сонымен қатар, соққы өте тиянақты болды, ол талибтерге, олардың астанасы Кабулға бағытталған жоқ, оның мақсаты Бен Ладенге жақын исламшыл-шетелдіктердің өкілдері болды. Ең аз дегенде, бұл «Талибанның» жеңісіне деген ұмтылыс жасаған Пәкістанмен қарым-қатынасты сақтап қалуға мүмкіндік берді.

АҚШ үшін Орталық Азия аймағы өте маңызды болды деп болжауға болады. Сондай-ақ, бұл көбінесе АҚШ-тың Өзбекстанға бөлген көңіліне байланысты. 1997 жылы АҚШ-та белгілі саясаткер Збигнев Бжезинскийдің «Ұлы шахмат тақтасы: Америка басқыншылығы және оның геостратегиялық императивтері» атты кітабы жарық көрді. Бұл жерде «Өзбекстан Орта Азиядағы өңірлік көшбасшы рөліне нақты үміткер болып табылады» деп көрсетілген.<sup>47</sup> Бұдан басқа, Бжезинский «Америка тарапынан күшті геосаяси қолдауға ие болған мемлекеттер Әзірбайжан, Өзбекстан және (осы өңірден тыс) Украина болып табылады: барлық үшеуі – геосаяси орталықтар».<sup>48</sup>

Өзбекстан, шын мәнінде Орталық Азия аймағында стратегиялық маңызды орынға ие болды. Бірақ, 1990-шы жылдардың соңында оның әлсіз жақтары да болды. Атап айтқанда, географиялық жағынан оқшауланған мемлекет Ресей арқылы өтетін көлік дәліздеріне сыни тәуелді болды.

Бұл Ташкент позициясына әсер еткен шығар. Бірақ 1998 жылы Өзбекстан бағдарды ауыстыруға және өз жағдайын тәуекелге түсіруге дайын болды. Егер Ташкентті осы шешімге итермелеген себептердің арасында Ресейдің 1998 жылғы тамыздағы дағдарыстан кейін күрт экономикалық әлсіреуі болды деп келіссе, онда өзбек басшылығы осы жағдайда Өзбекстан үшін жалғыз мүмкін кепіл болатын АҚШ-пен алдын ала байланыс орнату керек еді. Сонымен қатар, Қырғызстан үшін де. Әйтпесе, Ресеймен және Иранмен қатаң қақтығысудың мағынасы жоқ.

Теориялық тұрғыдан кепілдік жалпы қолдаумен, мысалы қаржылық, сондай-ақ Орталық Азияға радикалды исламшылдардың кіруіне жол бермеу міндеттерімен байланысты болуы мүмкін. Бұл тұрғыда ауғандық Хосттағы радикалды исламшылдар лагері бойынша өте ұқыпты соққы Вашингтон позициясының демонстрациясы ретінде көрінеді. Бірақ, АҚШ Өзбекстан мен Қырғызстанның жалпы осал екендігін түсінді. Ресей мен Иранға қарсы соңғы демарш, «Ош инциденті» және ауғандық өзбектердің опасыздығы теориялық тұрғыдан жауапты реакция тудыруы мүмкін. Мүмкін, АҚШ-та 1998 жылғы тамыздық дағдарыстан кейін айтарлықтай әлсіреген Ресей неғұрлым салқын болады деп есептеген шығар. Мысалы, Орталық Азия мен Ауғанстандағы өзінің белсенді саясатын дағдарыстан шығу жөніндегі әрекеттермен алмастырады деп пайымдаулары мүмкін. Бұл жағдайда Ауғанстандағы бұрынғы америкалық саясатпен «Талибанға» қатысты алшақтық өңірдегі Америка-Ресей қарым-қатынасына жол аша алды.

Белгілі бір мағынада «Талибаннан» алшақтану Ресей мен Иранның ықтимал теріс реакциясынан Өзбекстан мен Қырғызстанның мүдделерін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді, және бұдан маңызды не болуы мүмкін? Яғни, АҚШ радикалды исламшылдардың артында тұрмағандығы, соңғыларының Орталық Азияға, содан кейін одан әрі солтүстікке, Ресей шекараларына енуден қорықпауға болатындығы туралы Мәскеу мен Тегеранға белгілі бір белгі жіберген болатын. Американдықтар Орталық Азия аймағында өзін бекітуді қалады. Бұл АҚШ-тың стратегиялық мүдделеріне, тіпті Бжезинский кітабының тұрақты жобаларына жауап берді.

Өйткені, Орталық Азиядағы әсері Ресей үшін және Қытай үшін бір мезгілде ең осал жерлерде стратегиялық тиімді позицияда болуға мүмкіндік берді. 1998 жылға қарай Ауғанстан маңызды емес еді. Орталық Азия маңызды болды. Өзбекстан мен Қырғызстанның сыртқы саяси бағдарын ауыстыру АҚШ-тың Орталық Азиядағы ықпалын қамтамасыз етті. Содан кейін келесі сұрақ тұрды: оны қалай ұстап тұруға болады?

Қалай болғанда да, Мәскеумен және Тегеранмен алшақтық Ташкент пен Бішкектің АҚШ-пен тығыз қарым-қатынас орнатуын білдірді. Осыған байланысты «1998 жылы АҚШ қорғаныс министрлігі Клинтонның құпия өкімі бойынша Өзбекстанмен әскери ынтымақтастықтың шектеулі бағдарламасына кірісті. Бұл бағдарлама талибтер режиміне қарсы әрекет ету бойынша бірлескен американдық-өзбек құпия операцияларын, АҚШ-тың десанттық-диверсиялық бөліктерінде өзбек әскери мамандарын оқытуды және барлау деректерімен алмасуды қамтыды».<sup>49</sup> 2001 жылғы 11 қыркүйектен кейін осы ақпарат жария етілген кезде, Өзбекстанның АҚШ-пен әскери ынтымақтастығы «Талибанға» қарсы тұрудың жалпы жоспарының бір бөлігі ретінде көрінді. Бірақ, 1998 жылы осындай ынтымақтастық басқа мәнге ие болды – әскери құрамдастарды қоса алғанда, Орталық Азияда Американың қатысуын нығайту ретінде.

Алайда, радикалды исламшылдармен күрес жөніндегі науқанның басталуы да орын алған жұмыстың бір нұсқасы болуы мүмкін. АҚШ Ауғанстанда Ахмад Шах Масудпен байланыс орнатуға ұмтылды. Бір жағынан, олар оны «Талибанға» ықтимал балама ретінде қарастырды. Екінші жағынан, осы беделді тұлға арқылы ауған саясатында Иран мен Ресейде әсер етуге тырысты. Масуд өзі де АҚШ-пен жаңа байланыстарды іздеді. 1998 жылы ол «Құрама Штаттардың адамдарына хат» жазды. Онда ол АҚШ-тан 20 жыл бойы кеңестерге, Пәкістанға, «Талибанға» және «Әл-Каидаға» қарсы күрескенін мәлімдеді.<sup>50</sup> Масуд жағдайдың өзгергенін жақсы түсінді. Ол, әлбетте, АҚШ пен Пәкістан арасында қайшылықтар пайда болуы мүмкін екенін және ол оған жаңа мүмкіндіктерді ашады деп санады.

Кез келген жағдайда, АҚШ 1998 жылдың тамызында іс жүзінде өзінің «Талибанға» қатысты жаңа саясатының

басталғаны туралы мәлімдеді. Осы арқылы олар Пәкістан саясатынан, оның іс-әрекеттерімен ықтимал қауымдастықтардан біршама алшақтады. Әлбетте, бұл АҚШ-қа өңірлік саясатты жүргізу үшін жаңа мүмкіндіктер ашты. Енді олар Орталық Азия мемлекеттерімен, сондай-ақ, Иран мен Ресеймен қарым-қатынас жасай алды. «Талибан» көлеңкесі оған кедергі келтірмеді. Сонымен қатар, өңірлік геосаясаттың «ойын алаңынан» «Юнокал» компаниясы және АҚШ-та оның артында тұрған лоббистер кетті. Тоқсаныншы жылдардың ортасында олардың әрекеттері Вашингтон атына «Талибанды» қолдаудағы айыптауларға ықпал етті. Бұл Түрікменстаннан Пәкістанға газ құбырын салу идеясының өзі өз қызметін тоқтатқанын білдірмеді, ол идея әлі күнге дейін бар. Өйткені, Орталық Азияның оқшауланған аймақтарынан көлік дәліздерін ашуда АҚШ-тың стратегиялық мүдделері бар.

Осылайша 1998 жыл түбегейлі өзгерістерге әкелді. Ауғанстанда да, Орталық Азияда да жағдай өзгерді, АҚШ саясатының бағыты да өзгерді. Енді басты мәселе Ресей мен Иран тарапынан осындай ауқымды өзгерістерге ықтимал реакцияға байланысты болды.

### *Орталық Азия үшін шайқас*

1999 жылы негізгі оқиғалар Орталық Азия аумағында болды. 1998 жылдың соңында Өзбекстан мен Қырғызстан тамыз-қыркүйек айларында анықталған бағаммен жүрді. Атап айтқанда, 1998 жылы Қырғызстаннан КСРО ыдырағаннан бері үкіметаралық келісім бойынша осы елде болған ресейлік шекарашылар шығарылды. Бірақ маңызды оқиғалар 1998 жылдың қараша айының басында орын алды. Тәжікстанның солтүстік бөлігіне, Худжанд қаласына Өзбекстан аумағынан Тәжікстанның бүлікші полковнигі Махмуд Худайбердыевтің жасақтары шабуыл жасады.

Ол Тәжікстандағы азаматтық соғыс кезіндегі белгілі дала командирлерінің бірі болды, халық майданының жағында исламшылдарға қарсы соғысты, Тұрсынзаде қаласын және жергілікті алюминий комбинатын бақылады, қорғаныс



министрлігінің жедел әрекет ету бригадасын басқарды, Ташкент тарапынан қолдау тапты, соның ішінде жартылай өзбек болды. Тәжікстанда ұлттық татуласу кезінде, 1997 жылы Эмомали Рахмоновқа қарсы шықты, сол жылдың 11 тамызында Гафур Мирзоевтың президенттік гвардиясы мен Сухроб Қасымовтың арнайы мақсаттағы бригадасынан жеңіліс тапты, содан кейін Өзбекстанға қашып кетті. Естеріңізге сала кетейік, 1997 жылдың мамыр айында Ауғанстанда Мазари-Шарифте өзбек генералы Мәліктің бүлігі орын алған. Содан кейін жағдай өзгерді, бірақ Ресей, Иран және Тәжікстандағы билік үшін жаңа жағдайларда Тұрсынзадеда Өзбекстанға бағдарланатын дербес күш орталығының болуы мүмкін емес еді. 1997 жылдың жазында Мәскеу мен Тегеран Тәжікстандағы татуласудан кейін және осы елдегі азаматтық соғыс аяқталғаннан кейін Душанбе өкіметінің тым дербес Худайбердыевке және оның қарулы құрылымдарына деген қажеттілігі объективті түрде төмендеді. Сондықтан оны елден ығыстырды.

1998 жылдың қараша айының басында Худайбердыев жасақтары солтүстік Тәжікстанда Худжандқа (Ленинабад) шабуыл жасап, сонымен қатар, Ферғана аңғарында орналасқан Тәжікстанның оңтүстік бөлігінен бөлінетін асуын алды. Асуларды басып алу кезінде мақсат елдің оңтүстігінің тәжік құрамаларына оқиға барысына араласуға мүмкіндік бермеумен байланысты екені анық болды. Сонымен қатар, қысқы кезеңде Оңтүстік және Солтүстік Тәжікстан арасындағы асудың қолжетімдігі қиын болады. Сондықтан, шабуыл үшін уақыт таңдау кездейсоқ емес еді. Егер бұл операция сәтті болса, онда Душанбе Ферғана алқабында өз аумақтарын жоғалтатын еді.

Алайда, 6 қарашада Біріккен тәжік оппозициясы (БТО) жасақтарының қолдауымен үкіметтік күштер қарсы шабуылға көшті және 10 қараша Худайбердыев жасақтары талқандалды. 12 қарашада Тәжікстан сыртқы істер министрлігі Өзбекстанға осы шабуылды дайындау мен ұйымдастыруда көмек көрсеткендігі туралы айыптайтын мәлімдеме жасады. Өзбекстан СИМ 13 қарашадағы жауап мәлімдемесінде өз елінің «Худайбердыевтің әрекетіне» қатыстылығын жоққа шығарды.<sup>51</sup> Алайда, факт факт болып қалып отыр, бүлікші тәжік далалық командирінің шабуыл жасауы тек Өзбекстан

аумағынан ғана орын алуы мүмкін болды, және Ташкенттегі билік оның жоспарларынан хабардар болмауы мүмкін емес еді. Сонымен қатар, бұл оқиға Ташкент саясатының жалпы үрдісінің арнасында болды. Естеріңізге сала кетейік, 1998 жылдың жазы мен күзінде Өзбекстан өзінің сыртқы саяси бағытын өзгертіп, АҚШ-қа көбірек бағдар ала бастады.

Тиісінше, Худайбердыевтің Солтүстік Тәжікстанға соққысы осы елді әлсіретудің тәсілі ретінде көрінді, ол осы сәтте Ресей, Иран және ауған тәжіктерінің Орталық Азия бөлігінде қазақстандық шекаралардан оңтүстікке қарай орналасқан жалғыз одақтасы болып қалды. Едәуір экономикалық әлеуеті бар Худжанд (Ленинабад) облысының жоғалуы Тәжікстанның мемлекеттілігі бойынша, сондай-ақ Ресей мен Иранның аймақтық мүдделері бойынша айтарлықтай соққы болар еді. Ресей Худайбердыевті талқандауда шешуші рөл ойнаған сияқты. Тәжік арнайы бөлімшелері ресейлік тікұшақтармен оңтүстіктен солтүстікке қарай тау асуын айналып жеткізілген болатын.

Худайбердыевтің Солтүстік Тәжікстанға шабуыл жасауының тарихы шет мемлекеттің қолдауын айқын пайдаланған Орталық Азия аумағында құпия әскери операцияны жүзеге асырудың алғашқы үлгісі болды. Тәжікстандағы азаматтық соғыстан кейін өзбек және Ресей әскерлері тәжік оппозициясына қарсы күресте бірлесіп қатысқан кезде, тәуелсіз Орталық Азияда мұндай операциялар жүргізілген жоқ. Бұл өңірдегі жанжал шиеленістің жаңа сатысына көшкенін және бұл өте үрейлі үрдіс болғанын көрсетті. Өзбекстанның Тәжікстанмен, яғни Ресеймен және Иранмен қақтығысы шындыққа айналды. 30 қарашада Өзбекстан президенті Ислам Кәрімов Қырғызстан президенті Асқар Ақаевтың сапарына арналған баспасөз мәслихатында, Ресей арнайы қызметтері мен Тәжікстанға бағытталған бірнеше ауыр мәлімдемелер жасады.<sup>52</sup> 4 желтоқсанда Тәжікстанды Өзбекстан арқылы сыртқы әлеммен байланыстыратын автожолдардың нақты жабылуы туралы хабарлама келіп түсті.<sup>53</sup> Ташкент өте бағыл болды.

1999 жылдың 16 ақпанында Өзбекстан астанасы Ташкент орталығында алты жарылыс құрылғысы жарылып, 16 адам қаза тауып, жүзге жуық адам жараланды. Жарылыс үшін

жауапкершілікті Өзбекстанның ислам қозғалысы (ӨИҚ) мойнына алды, бірақ Өзбекстан билігі күдіктілердің кең ауқымдағы адамдар арасынан қамауға алды. Жарылысқа қатысы бар деп ӨИҚ көшбасшылары Тохир Юлдашев пен Джума Намангани, сондай-ақ, «Эрк» партиясының көшбасшысы Мұхаммед Солих айыпталды. Олар сырттай өлім жазасына кесілді. Алты адам лаңкестікке қатысы бар деген айыппен өлім жазасына кесілді.<sup>54</sup> Осы уақытқа дейін Ташкентте 16 ақпанда болған лаңкестік әрекеттерге кім жауапты екені туралы белгілі бір болжам жоқ. Әртүрлі көзқарастар қарастырылды.

Мысалы, Владимир Месамедтің пікірінше, «көптеген құрбандарға әкелген 1999 жылдың 16 қаңтарында (жарылыс 16 ақпанда болды. – Авт.ескерт.) Ташкенттің орталығындағы жарылыс сериясынан кейін, И. Кәрімов терактілер «Хезболла» қозғалысымен ұйымдастырылғанын ресми түрде мәлімдеді. Мұндай кінә тағу Иранға тікелей жолданбағанымен, бірақ Иран билігінің ашық қолдауына ие және олардың мақұлдамауынсыз қандай да бір маңызды іс-әрекеттерді жасамайтын ұйым тарапынан өз елінің ішкі істеріне араласуды білдіретін осындай айыптау, Иран билігінің атына тікелей айып салу деп түсінген жөн».<sup>55</sup> Өзбек президентінің мұндай мәлімдемесі өте көрнекі.

Ол Иранды тікелей айыптаған жоқ, бірақ өзінің ирандық ұстанымы бар белгілі ливандық «Хезболла» ұйымын атап өтті. Алайда, шииттік «Хезболла» Өзбекстанның ішкі бақылаудың қатаң жүйесі бар мәселелерінен тым алыс екені анық. Іс жүзінде, бұл тек Иранға ғана емес, сонымен қатар Өзбекстан 1998 жылдың жазынан бастап, әсіресе Худайбердыевтің Худжандқа сәтсіз рейдінен кейін қарсыластық жағдайында болған Ресей мен Тәжікстанға да айып тағылды. Кәрімов «Хезболланы» айыптай отырып, терактіні аймақ бойынша қарсыластарының жауапты әрекеті деп санайды.

1999 жылдың 31 мамырында Өзбекстан сыртқы істер министрі АбдүлӘзиз Камиловтың Пәкістанға сапары барысында оның Ифтикар Муршедпен кездесуі өтті, онда «Ташкенттегі бомба жарылыстары 1999 жылдың ақпан айында Ахмад Шах Масудтың тәжік президентінің өтініші бойынша арандатушылық үшін жасалды» деп бекітілді.<sup>56</sup> Алайда, әрине,

мұндай мәлімдемелер пайда болған кезде де, оларды жабық келіссөздерге қатысушылардың кейінгі жариялауында да мәнмәтінді әрдайым ескеру қажет. Камитовтың бұлай айтуға дәлелі болды, өйткені, Өзбекстан оның қарсыластары осындай әрекет істей алады деп күтті. Оның үстіне, ол Ресеймен, Иранмен және ауған тәжіктерімен күрделі қарым-қатынаста болған Пәкістанның өкілімен әңгімелесу барысында айтқан болатын. Бірақ, Ташкентте тікелей дәлелдер болған жоқ, ал қалғаны ережесіз соғыстың бір сәті болып қалды.

Мемлекеттер арасында ережесіз соғыс жүріп жатқанда, ешкім құпия операциялар үшін өз жауапкершілігін мойындамайтын анық. Атап айтқанда, Ташкент Худайбердыевтің операциясына қатыстылығын мойындамады, сонымен қатар, Пәкістан «Талибанды» құру мен қолдау көрсетудегі өзінің қатысуын ешқашан мойындамады. Мұндай оқиғалар мүдделер күресінің шиеленісуі кезеңінде кезең-кезеңімен қайталаанады. Шын мәнінде, бұл құпия операциялар мемлекетаралық саясаттың құралына айналғанда тәуекел болып табылады. Нәтижесінде, ресми түрде терактіге радикалды да, бірқалыпты да өзбек оппозициясын айыптады.

Александр Князевтің пікірінше, «ақпандық терактілерге дейін үш күн бұрын ресми Ташкент өзбек тарапы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа (ТМД ҰҚШ) өз қатысуын ұзартпайтынын жариялады... Өзбекстанның шешіміне әсері бойынша басым ресейлік фактор болды. Біріншіден, Ташкенттен жиі мәлімдегендей, өзінің сыртқы саяси бағыты шындықты «империялық» қабылдауға бейілді болып қалған Ресейден өзінің қашықтығын көрсетуге ұмтылу айқын болды. Екіншіден, Өзбекстан мен Ресейдің мүдделері Тәжікстанда қақтығысты».<sup>57</sup> Әрине, бұл Ресеймен байланысты қауіпсіздік құрылымдарымен Өзбекстанның қарым-қатынасының нақты үзілгенінен кейін үш күннен соң болған жарылыстар кездейсоқ сәйкес келуі мүмкін. Сондай-ақ, кейбіреулер өзбек басшылығында Ташкенттің Ресеймен, Иранмен және Тәжікстанмен қарама-қайшылықтары мен 1999 жылғы ақпанда болған қайғылы оқиғалар арасында өзара тәуелділік туралы арнайы әсер жасауға ұмтылуы мүмкін. Әлбетте, мұндай күрделі сұраққа біржақты жауап алу өте қиын. Алайда, кейінгі

оқиғалар аймақтағы мүдделер қақтығысының даму көрінісін нақты көруге мүмкіндік береді.

1999 жылдың 7 сәуірінде өзбек Термез қаласында «Талибанның» жоғары лауазымды өкілдерінің сыртқы және ішкі істер, сондай-ақ энергетика министрлерінің орынбасарлары деңгейінде өзбек үкіметінің шенеуніктерімен кездесуі өтті. Талибтер тарапынан кездесуге босқындар істері жөніндегі министр өзбек Маулави Раджиб және сыртқы істер министрлігінің өкілдері қатысты. Кездесуде Мазари-Шарифке өзбек электр энергиясын жеткізуді қоса алғанда, жұмыс сәттері талқыланды.<sup>58</sup> 1999 жылдың маусым айының басында, сыртқы істер министрі Камилов Қандағардағы «Талибан» қозғалысының штаб-пәтеріне барып, оның басшылығымен келіссөздер жүргізді. 19-20 шілдеде Исламабад қысымындағы талибтер «алты плюс екі» тобының кеңесіне қатысу үшін Ташкентке делегацияны ешқандай шартсыз жіберді.<sup>59</sup> Шын мәнінде, бұл ең қызықты сәт болды. Өзбекстан талибтермен, сондай-ақ пәкістандықтармен жұмыс қарым-қатынас орнатты. Егер Өзбекстанның ҰҚШ-дан шығуын ескерсек, онда Ташкент өзінің аймақтық саясатының бағытын толық өзгертті. Өзбек билігі Ресей мен Иран саясатына қатысудан бас тартты.

Бұл ретте, 1999 жылдың 30 шілдесінде Өзбекстан ислам қозғалысы (ӨИҚ) содырлары Қырғызстан аумағына басып кірді. Олар қырғыз-тәжік шекарасындағы таулы Баткен ауданында пайда болады. Осыған сәйкес, Қырғызстанға тек Баткенімен көрші Тәжікстанның Жырғатал ауданының аумағынан келуі мүмкін болды. Бұл ретте, саны мың адамға жеткен содырлардың шабуылдары 1999 жылдың қазан айының соңына дейін жалғасады, содан кейін әдетте таулы асулар қыста қолжетімсіз болады. Тау аудандарында мұндай ұзақ операция ауыр ұйымды талап еткен. Мәселе, теориялық жағынан батыл көңіл-күйдегі содырлардың тобы Қырғызстанға жете алмауында емес. Бұл мүмкін болды, бірақ бірнеше ай жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу осы жағдайда Тәжікстан аумағынан ғана жүзеге асырылуы мүмкін жүйелі қолдаудың болуын болжады.

Қалай болғанда да, Ташкентте бұған күмән жоқ болды. Келесі 2000 жылы, ӨИҚ содырлары өзбек аумағына шабуыл жасаған кезде, президент Ислам Кәрімов былай деп мәлімдеген:

«егер Тәжікстан әрі қарай да табан тіреп, мойындаудан бас тартып, террористер өзбек және қырғыз жерлеріне Тәжікстан аумағынан кірмегені туралы өтірік айтуды жалғастыратын болса, біз тұтқындардың ресми айғақтарын және басқа да құжаттарды жариялауға мәжбүр боламыз. Тәжікстанның билігінің халықаралық террористер осы республиканың тау бөлігінде – Жырғатал, Тавилдары, Гармская және Матчинская аймақтарында негізделгені туралы фактіні жоққа шығаруы қисынсыз болып табылады. Эмомали Рахмонов бастаған Тәжікстанның басшылығы оның аумағында лаңкестердің негізделгенін, оларды және олардың орталықтарын жою үшін оған қандай көмек қажет екенін ресми түрде мәлімдеуі үшін тағы қандай фактілер қажет. Бұл жағдайда, Өзбекстан ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияның басқа да республикалары да Тәжікстанға мұндай көмекті көрсетеді деп сендіремін».<sup>60</sup>

Содырлардың қайдан келгені және оларға кім қолдау көрсеткені бойынша сұрақтар өте өзекті болды. Бір жағынан, содырлар теориялық тұрғыда әрдайым Тәжікстан аумағында бола алды, онда олар Біріккен тәжік оппозициясы (БТО) жағында жергілікті азаматтық соғысқа қатысты. Билік пен оппозиция арасындағы 1997 жылғы бейбіт келісімнен кейін және Тәжікстандағы соғыс аяқталған соң, билік олардың алдына қарусыздану бойынша талап қоя алды. Өйткені, тәжік оппозициясы өкілдеріне қарағанда шетелдік содырлар мемлекеттік билік құрылымындағы ырықтануға сене алмады. Нәтижесінде, олардың Өзбекстанға шығуға әрекет жасаумен байланысты жалғыз мүмкіндік қалғанын болжау қисынды.

Алайда, бұл олардың ұзақ уақыт бойы тәжік аумағын жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу үшін база ретінде пайдалану мүмкіндігі болғанын түсіндірмейді. Бұл жағдай Душанбеде үкімет оларды бақыламағанына келісетін болса, Тәжікстанның таулы аймақтарындағы БТО-ның бұрынғы құрылымдары тарапынан кем дегенде қолдауды талап етті. 1997 жылғы Тәжікстандағы бейбіт келісімдер Ресей мен Иран тарапынан қысым нәтижесінде мүмкін болғанын ескере отырып, Тегеранның БТО командирлеріне, ал Мәскеу тәжік үкіметіне тиісті әсер еткенін болжау қиын емес. Демек, татуласқаннан кейін Иран мен Ресей Тәжікстанның таулы

аудандарындағы БТО-ның бұрынғы дала командирлерін қоса алғанда, барлық тәжік күштеріне бірге ықпал ете алды. Тіпті, содырлардың алғашқы әрекет жасауы жергілікті тәжік дала командирлерінің күшімен болған болса да, 1999 жылдың шілде айынан қазан айына дейін Тегеран мен Мәскеуде жағдайға араласуға уақыт жеткілікті болды.

Екінші жағынан, содырлар теориялық тұрғыдан Ауғанстаннан келе алды. Алғашқыда, Ауғанстанда исламға деген аса радикалды көзқарасы бар «Талибан» үкіметі үстемдікке ие болуына байланысты бұл қисынды болып көрінді. Идеологиялық тұрғыдан, талибтер үшін Өзбекстандағы зайырлы тәртіпке қарсы ӨИҚ ислам қозғалысы әрекетін қолдау өте табиғи болып көрінді. Алайда, мұнда өте маңызды қарсылықтар бар.

Біріншіден, талибтер 1998 жылдың тамыз айынан бастап Ауғанстанның Өзбекстанмен шекарасын толығымен бақылап отырды және мұнда ешқандай оқиға болған жоқ. Бұдан басқа, жоғарыда «Талибан» және өзбек билігі 1999 жылдың сәуірінде Термез қаласында іскерлік келіссөздер жүргізгені көрсетілген. Екіншіден, әрине, талибтер Өзбекстанмен қарым-қатынасты ашық түрде бұзғысы келмеді және осыған байланысты осы елмен шекарада арандатушылық ұйымдастыра алмады деген гипотетикалық болжам жасауға болады. Сондықтан да, олар ӨИҚ жауынгерлерін Тәжікстанның таулы аудандары арқылы Ферғана алқабына шығу үшін жіберуі мүмкін болатын.

Алайда, бұл нұсқа алдымен Ауғанстандағы Ахмад Шах Масудтың ауғандық тәжіктері бақылайтын Тахар және Бадахшан провинцияларымен қиылысуын болжады. Талибтер үшін олар онымен соғыс жағдайында болуына байланысты өте қиын болар еді. Содан кейін, ӨИҚ содырларына ресейлік шекарашылар бақылауда ұстаған, жақсы жабдықталған тәжік-ауған шекарасын кесіп өту керек еді. Содан соң, Оңтүстік Тәжікстан арқылы өту керек еді, онда 201-ші ресейлік мотоатқыштар дивизиясы, сондай-ақ тәжік үкімет әскерінің бөлімдері орналасқан. Ақыр соңында, «Талибанның» ескі жауы Тегеранға адал БТО жасақтары болған тау аудандарын қиып өту керек болды. Радикалды өзбек исламшылдарының үлкен жасағының (егер олар талибпен байланысты болса)

осындай қозғалыстарының әрбір кезеңі олардан ауыр ұрыс қимылдарын жүргізуді талап ететін еді. Сондай-ақ, егер олар бүкіл Тәжікстан арқылы өткен болса да, өз тылында проирандық БТО құралымдары мен ресейлік үкімет әскерін иемденіп, ӨИҚ содырларының бірнеше ай бойы Қырғызстанға қарсы әскери іс-қимылдарын жүргізе алған мән-жайын түсіндірмейді.

Үшіншіден, аймақтағы негізгі геосаяси қайшылықтар 1999 жылы Ресей мен Иранның Пәкістанға қарама-қарсы тұруымен байланысты болды. Жоғарыда біз Қырғызстан мен Өзбекстан 1998 жылдың жазы мен күзінен кейін АҚШ-қа бағыт ала бастады деген қорытындыға келдік, осыған байланысты олардың Ресеймен және Иранмен мүдделер қақтығысы пайда болды. Осыған сәйкес, тәжік-қырғыз шекарасындағы тауларда ӨИҚ содырларының пайда болуы Өзбекстан мен Қырғызстандағы проблемалардың туындауын қаламайтындардың мүдделеріне сай келмеді. Олар Пәкістан мен АҚШ болды деп болжауға болады.

Ал ӨИҚ содырларының пайда болуы, керісінше, Ресей, Иран және ауған тәжіктерінің мүдделеріне жауап берді. Өйткені, олар үшін 1998 жылы Масуд әскерлеріне қару-жарақ пен жабдықтарды жеткізуді тоқтатқан Өзбекстан мен Қырғызстан саясатының нәтижесінде туындаған Тәжікстанның көліктік қоршауы мәселесін шешу маңызды болды.

Әрине, 2000 жылғы тәжік «Чароги руз» газетінің бас редакторы, көрнекті оппозиционер Дододжон Атавуллоның мәлімдемесі сияқты көптеген тұжымдардың тікелей айғақтары жоқ, алайда оның келесідей сөздері көрнекі болып табылады: «Душанбенің содырлар Өзбекстанға Ауғанстан аумағынан кіргені туралы пікірлері күлкілі. Өзбекстанның Сурхандария облысы Тәжікстанмен тікелей шектеседі. Ал Өзбекстанның ислам қозғалысы Жұма Намангандің өзі 1998 жылы Тәжікстандағы полковник Худайбердыевтің рейдіне (Душанбе оны ұйымдастыруда өзбек билігін айыптады) жауап ретінде құрған болатын. Сол кезде Тәжікстан президенті Эмомали Рахмонов елдің оңтүстігіндегі Ислам Кәрімовтың қарсыластарына базалар беру туралы шешім қабылдаған кеңесті шақырды. Сол кезде Жума Намангани кез келген



кабинетке кіріп, оның жақтаушыларын тасымалдау үшін автобустар мен ұшақтар бөлінді. Оларды тұрақты әскердің сарбаздарынан жақсы қаруландырды».<sup>61</sup> Бірақ, егер кімге тиімді екенін іздеу керек деген логиканы негізге алсақ, онда содырлардың Тәжікстанның ішінде қолдауынсыз тәжік-қырғыз шекарасындағы тауларда бір жылдан артық бола алмайтыны туралы белгілі бір қорытынды жасауға болады.

2000 жылдың жазында Орталық Азиядағы жағдай қайтадан шиеленісіп кетті. 28 шілдеде содырлардың бірінші тобы Өзбекстанның Сурхандария облысында пайда болды. 5 тамыз күні мұнда таулы жерлерде бірнеше қыстаулар алынды. 6 тамызда ұрыс Ташкент-Ферғана автомагистралінде болған Камчик асуында жүрді. 11 тамызда жауынгерлік қақтығыстар Қырғызстанның Баткен және Лейлек аудандарында қайта басталды. 21 тамыз күні оқ ату Ташкенттен 80-90 шақырым жердегі Шымған курорт аймағында жүргізілді. Жауынгерлік іс-қимылдар 2000 жылдың қазан айының басына дейін жалғасты.<sup>62</sup>

2000 жылдың жаз және күз оқиғалары өте көрнекі болды. Біріншіден, содырлардың Тәжікстан аумағында базалар мен жабдықтау көздері болған. Әйтпесе, олардың 2000-шы жылдың бірінші жартысында қалай күн көргенін түсіндіру қиын. Екіншіден, бұл жолы негізгі шабуыл Өзбекстанның Сурхандария облысына жасалды. Сонымен қатар, ӨИҚ жасақтары Тәжікстанның солтүстік-шығыс Жырғатал ауданының аумағынан Қырғызстанның Баткен ауданына шабуыл жасады. Тағы бір шабуыл Ташкент-Ферғана автотрассасындағы Камчик асуына жасалды. Бұл Худжанд облысының солтүстік бөлігі тарапынан іс-қимылды болжады. Яғни, ӨИҚ содырлары тәжік аумағында кең маневр жасап, түрлі стратегиялық бағыттардан шабуыл жасау мүмкіндігіне ие болды. Мұны 1999 жылы Қырғызстанға Шығыс Тәжікстанның таулы аудандарынан шабуыл жасаған жағдайдағы сияқты, бұрынғы БТО жауынгерлерінің өздігінен әрекет етуімен түсіндіруге келмейтіні анық. Әсіресе, бұл Сурхандария аймағына жасалған шабуылға қатысты айтылған. Бұл жерде тәжік тарапының аумағын дәстүрлі түрде мемлекеттік күштер бақылап отырды және Душанбеге жақын болды.

ӨИҚ содырлары Тәжікстаннан Өзбекстан мен Қырғызстанға шабуыл жасап қана қоймай, сонымен қатар қалай ұзақ уақыт бойы мұны жүзеге асырды деген сұрақ тағы да туындады. Бұл ретте олар мезгіл-мезгіл Тәжікстанға шегуге, күш жинауға, елдің барлық аумағы бойынша күштер мен құралдармен күрделі маневр жасауға мүмкіндік алды. Негізінде жағдай айқын болды. Тәжік үкіметінің және бұрынғы БТО күштерінің келісімінсіз мұны істеу мүмкін емес еді. Тиісінше, Ресей мен Иран кем дегенде болып жатқан оқиғадан хабардар болды.

Сурхандария облысының орталығы Ауғанстанмен шекаралас өзбек Термез қаласы болып табылады. Ташкент-Ферғана автожолында Камчик асуына шабуыл жасаумен қатар, 1999 жылмен салыстырғанда ӨИҚ жауынгерлерінің тактикасында жаңа үрдіс пайда болды. Олар Өзбекстан коммуникациясының негізгі желілеріне қауіп төндіре бастады. Біріншіден, бұл Ферғана болды, екіншіден, Ауғанстанмен Өзбекстан шекарасы. Содырлардың шағын жасақтары өзбек әскерін жеңе алуы екіталай болды. Бұл Ташкентке Өзбекстанның позицияларының осалдығын көрсетуі тиіс белгінің бір түрі болды деп болжауға болады.

ӨИҚ содырлары пайда болған кезде Сурхандария облысында Ресей мен АҚШ арасында ауған мәселесі бойынша қарқынды байланыстар жүріп жатқандығы тән. Атап айтқанда, 2000 жылғы 1-2 тамызда Вашингтонда Ауғанстан бойынша ресей-америкалық жұмыс тобының бірінші кездесуі өтті, оның барысында бірлескен мәлімдеме қабылданды: «екі тарап Ауғанстаннан шығатын халықаралық терроризм қаупіне қарсы іс-қимыл, сондай-ақ осы елде кең негізде үкіметті қалыптастыруға мүмкіндік беретін жағдайлар жасау мақсатында заң шеңберінде дипломатиялық, құқық қорғау және басқа да шараларды пайдалана отырып жан-жақты көзқарас қажеттілігін атап өтті».<sup>63</sup> Бұл кездесу Мәскеу мен Вашингтон жанасу нүктелерін іздейтіндігін көрсетті.

Бұл 1998-1999 жылдардың барлық оқиғаларынан кейін, АҚШ-тың іс-қимыл тактикасындағы кейбір өзгерістерді ескере отырып, таңқаларлық жағдай емес еді. Халықаралық терроризмге қарсы күресте айқын ортақ мүдделерден басқа, АҚШ Усама бен Ладенді ұстауға мүдделі болды, ал Ресей

«Талибанның» жеңісіне қарсы шықты, сонымен қатар, Ресей 1999 жылдың 30 қарашасынан бастап Шешенстанда белсенді ұрыс қимылдарын жүргізді, әр тараптың басқа да мүдделері болды. Атап айтқанда, жаңа президент Владимир Путиннің жанында Ресей Батыспен қарым-қатынастарды жалпы реттеуге ұмтылды. Бірақ, бұл ретте Мәскеу өз позицияларын, соның ішінде Орталық Азиядағы мүдделерін жоғалтқысы келмеді. АҚШ Ресей-Америка қарым-қатынасындағы жаңа мүмкіндіктерді ескерсе де, бірақ, бір мезгілде Орталық Азияда негізделуді қалағандығы анық.

Алайда, 1999 жылғы содырлардың шабуылымен болған оқиғалар Өзбекстан мен Қырғызстан тарапы Тәжікстан, яғни Ресей мен Иран тарапынан елеулі қысымға ұшырайтынын көрсетті. Әрине, бұл АҚШ-ты алаңдатпауы мүмкін емес, оның үстіне олардың жағдайға әсер ету мүмкіндігі болмады. Бұл жағдайда Вашингтон үшін Мәскеумен келісімге келу қисынды болды және Өзбекстан мен Қырғызстанға қысымды біршама әлсіретуге тырысты. Сонымен қатар, халықаралық лаңкестікке қарсы күрес бойынша жалпы ұстанымға байланысты жақсы себеп болды.

Ресей мен АҚШ-тың уағдаластықтары, әрине, егер олар тамыз айының басында қол жеткізілген болса, Ресейдің Орталық Азиядағы жетекші рөлін мойындауды көздеген болатын. Оған өңір елдері, бірінші кезекте Қырғызстан мен Өзбекстан келісілуі тиіс еді. Осыған байланысты 2000 жылғы 20 тамызда Қырғызстан астанасында Бішкек саммиті өз жұмысын бастады. Оған Ресей президентінің арнайы өкілі – Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Сергей Ивановтың қатысуымен Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері қатысты. Саммит өз жұмысын өзбек және қырғыз аумақтарындағы ұрыс қимылдарының ең қызу кезінде бастағанын атап өткен жөн. Әрине, саммиттің басты тақырыбы қауіпсіздік мәселелерін талқылау болды. Саммитте осы мәселе бойынша тиісті мәлімдеме қабылданды: «Ұжымдық Қауіпсіздік кеңесінің сессиясында Орталық Азиядағы қалыптасқан жағдайды қарастыру және Орталық Азияның оңтүстік қапталындағы шекараны түбегейлі нығайтуды және олар орналасқан жерлердегі лаңкестерді жоюды қоса алғанда,

оны реттеу бойынша шұғыл шараларды белгілеу қажет деп санаймыз. Тәжік-ауған шекарасында қалыптасқан шиеленісті жағдайды ескере отырып, ТМД-ның Оңтүстік шебі ретінде оны нығайту жөнінде қосымша шаралар қабылдаудың мақсатқа сай екендігіне көз жеткіздік».<sup>64</sup>

Бішкек саммитінің қатысушылары Орталық Азия үшін тәжік-ауған шекарасындағы қауіпсіздік мәселелеріне ерекше көңіл бөлді. Яғни, барлығы лаңкестерге байланысты мәселелердің басты көзі ретінде Ауғанстанмен байланысты деп келісті. Саммитке қатысушылар арасында ымыраға қол жеткізілгендігі айқын. Сондай-ақ, Өзбекстан мен Қырғызстан содырлардың Тәжікстан аумағынан келгеніне көңіл бөлуді бәсеңдетті. Сонымен қатар, олар Ресейдің өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі жетекші рөлін мойындады. «Бішкек саммитінің Ресейге лаңкестікке, саяси және діни экстремизмге, трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа және тұрақтылық пен қауіпсіздікке өзге де қауіп-қатерлерге қарсы күрес жөніндегі бірлескен іс-қимыл туралы Өңірлік шартқа қосылу туралы ұсыныс үндеуінің екі түбі болды. Іс жүзінде, ол Бішкек пен Ташкенттің ӨИҚ мәселесін тек Ресей шеше алатындығын мойындауын білдірді».<sup>65</sup> Өзбектер мен қырғыздар бірінші кезекте саммит күндері өз елдерінің аумағына шабуыл жасаған содырлардың белсенділігін тоқтатуға қол жеткізуге тырысты.

Осыған байланысты Бішкекте осы кезеңде шыққан жұмыстан алынған дәйексөз өте айқын. «Қазірдің өзінде содырлардың тұрақты шабуылына ұшырайтын Қырғызстан енді өздерінің жақын әскери-саяси одақтарынан қауіпсіздіктің жаңа қатаң кепілдігін алады деп айтуға болады».<sup>66</sup> Жағдайдың келесі бағасы да қызықты. «2000 жылы Өзбекстан аумағына содырлардың басып кіруінің басталуымен және Ауғанстанның ТМД-мен шекаралас Солтүстік провинцияларындағы жағдайдың шиеленісуімен ресми Ташкент толығымен Қырғызстанның, Қазақстан мен Ресейдің топтастырылған ұстанымына қосылды».<sup>67</sup>

Жалпы, қалыптасқан жағдайда аймақ елдері үшін Ауғанстан мен талибтер тұлғасындағы сыртқы жаудың бейнесіне ерекше назар аудару қисынды болды. Бұл олардың бір-бірімен қарым-қатынасындағы белгілі күрделі сәттерді айналып өтуге

мүмкіндік берді. Алайда, Бішкек саммитінің мәлімдемесінде көрсетілген тәжік-ауған шекарасы сол кезде ауған тарапынан Ахмад Шах Масуд жасақтарымен бақыланған болатын. Әрине, Ауғанстанда талибтер Бішкек саммитінде жасалған жағдайды бағалауға өте сыни көзқараста болды. «Орталық Азияның кейбір елдеріндегі абыржу – бұл елдер басшылығының жалған саясатының нәтижесі және олар өздерінің саяси мақсаттары үшін басқа елдерді айыптайды. Орталық Азияның төрт елінің – Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Қазақстан президенттері және Ресей президентінің арнайы өкілі, Ресей Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы Сергей Иванов – кеше (20 тамыз) Бішкекте, Қырғызстан астанасында кездесу ұйымдастырып, өз мәлімдемесінде Ауғанстан Ислам Мемлекеті қарсыластарының саяси және әскери қолдауы туралы тағы да жария етті, сондай-ақ өз елдеріндегі тәртіпсіздіктер мен мәселелері үшін Ауғанстан Ислам Мемлекеті жауапты деп жариялады».<sup>68</sup>

2000 жылғы Бішкек саммитінің шешімдері ішкі пайдалануға арналғаны анық. Бұл Өзбекстан мен Қырғызстан арасындағы, бір жағынан Тәжікстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынастардағы проблемаларды шешу болды. Ауғанстан мәселесі мұнда жағдайды түсіндіру және бір мезгілде 1999 және 2000 жылдары Орталық Азияда болған қарсыластықтан кетудің тәсілі ретінде қолданылды. Бұл ретте, Ташкент пен Бішкек үшін олардың содырлармен мәселесін шешу тәсілі болғаны анық. Ол үшін олар Ресейдің аймақтағы рөлін мойындап, өзінің сыртқы саяси бағытын қайта өзгертті. Яғни, Ауғанстандағы антиталибтік одақты қолдауда Ресей мен Иранға бірге қиындықтар тудырған кездегі, 1998 жылғы өз саясатынан бас тарту туралы ресми түрде мәлімдеген болатын.

Алайда, Бішкек саммитінен кейін Қырғызстан мен Өзбекстанға шабуыл тоқтаған жоқ. 24 тамызда соқтығысулар Ташкенттен 80 шақырым жерде болған. 27-29 тамызда ұрыстар Қырғызстанның Баткен және Ляйляк бағыттарында өтті. Түрлі бағыттардағы шабуылдар қыркүйек айында болды. Тәжікстандағы жергілікті билік те, БТО содырлары да, Иран да, Ресей де ӨИҚ содырларына әсер ете алмағандай болып көрінді. Басты тартыс тамыз бен қыркүйек айларында болған қақтығыстар туралы барлық жаңалықтар Қырғызстан мен

Өзбекстаннан келген, бірақ Тәжікстан аумағында содырларға қандай да бір күштік қысым жасау әрекеті туралы ешнәрсе белгілі болған жоқ. Бішкек саммитінен кейін тәжік құрамалары да, мүмкін ресейлік бөлімшелер де тылдағы содырларға қарсы әрекет ете бастағаны қисынды болар еді. Бірақ бұл болған жоқ.

Осы жағдайда Ауғанстандағы талибтер Масуд позициясына жаңа шабуыл жасап, 2000 жылдың 6 қыркүйегінде Тәжікстанмен шекаралас ауғандық Тахар провинциясы мен оның орталығы Талуканды алды. Енді «Талибан» тәжік-ауған шекарасының маңызды бөлігін бақылап отырды. Шекараның бұл учаскесі жазықтықта жатты. Жалпы тәжік-ауған шекарасының көп бөлігі Бадахшан тауларының шығыс беткейінде орналасқан, ол тәжік және ауған бөліктеріне шекарамен бөлінген.

Осылайша, жағдай Ауғанстан мен Орталық Азия үшін де күрт өзгерді. Мәселе талибтер енді Ахмад Шах Масудтың Тәжікстандағы сыртқы жабдықтау көздерінен толығымен кесе алуында ғана емес еді. Ол үшін тек ауғандық Бадахшан провинциясын ғана алу керек. Нәтижесінде Масуд Панджшер шатқалында және оған іргелес аумақтарда толығымен оқшауланар еді. Ол осындай жағдайда өз позициясын қаншалықты ұзақ ұстап тұра алатыны үлкен мәселе болып табылады. Алайда, талибтердің кейбір үзілістерінен кейін Орталық Азияға жақын орналасқан белсенді саясатқа қайта көшкен маңызды мәселе болды. Яғни, іс жүзінде қыркүйек айында талибтердің шабуылы оларды Орталық Азия өңірінің ішкі саясатының маңызды факторына айналдырды. Соңғылары осы сәтте содырлар мен өңірдің жекелеген елдері арасындағы өткір мүдделер қақтығысына байланысты күрделі кезеңді бастан кешірді.

Бішкек саммитінде тәжік-ауған шекарасындағы шиеленіс аймақ ішіндегі жағдайдың ушығуына себеп болатынын айтқан бөлек мәселе болып табылады. 6 қыркүйекке дейін шекараның сол жағында негізінен Душанбе, Мәскеу және Тегеранның одақтастары болған Ахмад Шах Масудтың жасақтары орналасты. Ал шекарада Масуд әскерлерінің орнына «Талибан» қозғалысының жасақтары болған.

Бір жағынан, Қырғызстан мен Өзбекстанға содырлардың шабуылдары, сондай-ақ Тахар провинциясына талибтердің

шабуылдары олардың іс-әрекеттері жалпы үйлестірілген және Орталық Азияны тұрақсыздандыру жөніндегі жалпы жоспардың бір бөлігі болып табылатыны туралы болжамға жұмыс істеді. Осы мағынада Талуканды басып алу талибтердің Орталық Азия ішіндегі өздерінің жақтас-исламшылдарға көмек көрсету формасы ретінде көрінді. Алайда, екінші жағынан, талибтердің пайда болу табысы қазір Тәжікстанға қатысты стратегиялық позицияны алып отырғандығын және осы елге қысым көрсете алатынын білдіреді. Бұл тек тікелей әскери қысым ғана емес, шекарада ресейлік шекарашылар тұрды, ал 201-ші дивизия шекарасынан алыс емес. Талибтер, мысалы, Ауғанстанның солтүстік провинциясынан Тәжікстанға тәжік босқындардың көп санын тудыруы мүмкін.

Яғни, олар Тәжікстанға, сондай-ақ Ауғанстанда антиталибтік күштердің артында тұрған Ресей мен Иранға қиындықтар туғыза алды. Бұл тұрғыда Тахарды басып алу, қанша парадоксалды болса да, бірақ Өзбекстан мен Қырғызстанға содырлардың қысымының әлсіреуіне ықпал етуі мүмкін. Негізінен, Тәжікстанда, сондай-ақ оны қолдағандарда аса өзекті мәселелер пайда болды.

Талибтердің қыркүйек айындағы шабуылдары «Талибан» оқшаулана түскені анық болған жағдайда болғанын айта кету керек. Естеріңізге сала кетейік, 2000 жылдың тамыз айының басында АҚШ пен Ресейдің келіссөздері өткен болатын. 2000-шы жылдардың басынан бері америкалық арнайы қызметтер Масудпен қарқынды байланыс орнатты, ол оларға Усама бен Ладенді ұстап алуға немесе өлтіруге көмектесуі тиіс еді. Бұл ретте АҚШ Масудқа көмек көрсетуден қашқанымен, ол оның «Талибанға» қарсы тұрудағы позициясын күшейте алатын еді.<sup>69</sup> «Ақ үйді және тіпті ОББ жоғары басшылығын Пәкістанның тұрақтылығы туралы мәселе алаңдатты. Егер олар Пәкістан әскерінің ашуына тисе, талибтердің жауы Масудқа көмектескен болса, олар Клинтон әкімшілігінің Пәкістан ядролық бағдарламасын бақылау мақсатында келіссөздер жүргізуге талпыныстарына кедергі келтіруі мүмкін еді».<sup>70</sup> АҚШ-тың стратегиялық басымдықтарының арасында өңірде біріншіден, Пәкістанмен қарым-қатынасты сақтау, екіншіден, олардың Орталық Азиядағы ұстанымдарын нығайту, үшіншіден,

Ресеймен қарым-қатынасты құру, төртіншіден, Иранның төңірегіне желіні жалғастыру. Әрине, бұл тұрғыда Бен Ладен мен «Талибанның» Ауғанстандағы радикалды және аса маңызды саясаты бар факторлары американдықтар үшін үлкен маңызға ие болды, бірақ олар стратегиялық маңызды мәселелер қатарына жатқызылмаған. Пәкістан үшін Ауғанстанға бақылау жасау және тиісінше, талибтер осы бақылауды қамтамасыз ету құралы ретінде стратегиялық басымдықтардың бірі болды. Басқа басымдық Үндістан мен Кашмирдегі даулы аумақтар болды.

1999 жылдың қазан айында Пәкістанда әскери төңкеріс болды, оның барысында армия қолбасшысы генерал Первез Мушарраф премьер-министрдің билігінен Наваз Шарифті азат етті. Осы оқиға қарсаңында Шариф пәкістандық ISI ведомствоаралық барлау бастығы генерал Зияуддинді Мушаррафтың орнына тағайындады. Қыркүйек айында Зияуддин АҚШ-қа сапар жасап, соның барысында ОББ лаңкестікке қарсы орталығының директоры Кофер Блэкпен келіссөздер жүргізді. 7 қазанда Зияуддин қайтып оралғаннан кейін Қандағарда Мулла Омармен кездесіп, кездесуде Бен Ладен туралы мәселе талқыланды. Осы уақытта АҚШ-та Наваз Шарифтің ағасы болды. Мемлекеттік департаментінің ресми өкілі Рик Индерферт журналистермен кездесуде Пәкістан армиясы тарапынан «конституциялық емес әрекеттерден» алдын ала ескерту жасады.<sup>71</sup> Осыған байланысты Пәкістандағы төңкеріс АҚШ-тың Пәкістан әскерлерімен қарым-қатынасына ғана емес, сондай-ақ басшысы Зияуддин үй қамауына алынған Пәкістан барлау әрекетінің тиімділігіне де әсер етті деп болжауға болады.

Мүмкін, 2000 жылдың қыркүйегіне дейін талибтер Ауғанстанның солтүстігінде белсенділік танытпаған шығар. Немесе олардың Пәкістанның қолдауынсыз елеулі табысқа жету мүмкіндігі болмады. 2000 жылдың қыркүйек айының басында бәрі өзгерді. Мүмкін, талибтердің Тахарадағы әскери табысы, бірқатар алдыңғы жағдайлардағы сияқты, пәкістандық арнайы қызметтер мен әскери күш-жігерімен байланысты болған шығар. Тиісінше, Пәкістан 1999 және 2000 жылдары Орталық Азия ішінде өткен күрделі ойынға қатысуға



шешім қабылдады. Тәжікстанмен шекарада талибтердің пайда болуы оларды, демек, Пәкістанды да Орталық Азиядағы қатынастардың маңызды элементі жасады.

АҚШ-тың талибтердің пайда болу сәтіндегі әрекеттері өте тән. Бір жағынан, 2 және 3 қыркүйекте эфирге шыққан «Голос Америки» радиостанциясына берген сұхбатында Рик Индерферт «Талибан» «ел ішінде қолдаудан айырыла бастағанын» дәлел ретінде «Талибанға» бейбіт шешім іздеуді бастауға сендіруге болатынын жоққа шығармады. Оның айтуынша, ауған халқы «Талибан» орнатқан тәртіпке барынша қарсы тұрып жатыр. Бұл туралы Ауғанстанның солтүстік аудандарындағы үкімет жүргізіп отырған жауынгерлік іс-қимылдарды ауғандықтардың қолдамауы айқын көрсетеді.<sup>72</sup> АҚШ 2000 жылдың қыркүйек айының ортасында ӨИҚ-ты шетелдік лаңкестік ұйымдардың қатарына қосты. «Өзбекстанның ислам қозғалысы» халықаралық террорист Усама бен Ладенмен тығыз байланыста болғаны туралы ақпарат осындай шешімге негіз болды. Әдетте белгілі бір террористік ұйымды екі жылда бір рет қайта қарау кезінде «қара тізімге» қосады. Бұл конгресстің мемлекеттік департаментке қоятын талабы. АҚШ-тың мемлекеттік департаментінің лаңкестікпен күрес жөніндегі үйлестірушісі Майкл Шиханның айтуынша, осы жолы американдықтар ӨИҚ-ты лаңкестік топтардың тізіміне кезектен тыс қосуды шешті. Бұл Шиханның айтуынша алғаш рет орын алған жағдай.<sup>73</sup>

Мұндай нұсқаны қабылдауға болады. Дегенмен, эмигрант пуштундардың басым болуы «орташа» талибтер туралы мәселемен байланысты болды деп пайымдауға да болады. Жоғарыда айтылған «орташа» талибтерге саяси үдеріске қатысуға тыйым салу АҚШ пен Ресей (соңғысының артында Иран тұрды) арасындағы ымыраның бір бөлігі болды, негізінде ауған саясатындағы пуштундар санының қысқаруына алып келді деген болжам айтылды. «Талибанмен» байланыста болмаған және ISI назарынан тыс қалған кез келген талибтерге қарсы бапталған ықпалды пуштундарды іздеу нәтиже бермеді».<sup>2</sup>

Нәтижесінде, дәл осы уағдаластықтар Бонн конференциясында Иран мен Ресеймен тығыз байланысты азшылық ұлттар өкілдерінің үстемдігіне алып келді. Теориялық тұрғыдан Солтүстік одақтың өкілдері өздерін Ауғанстанның саяси сахнасынан «Талибанның» кетуінен басты бенефициарлар ретінде қарауға барлық негіз болды. Олар Кабулға ие болып, елдің бүкіл солтүстігін және оның орталық бөлігін бақылап отырды. Сонымен қатар, Солтүстік одақ қатарында ресми түрде халықаралық қоғамдастық

мойындаған мемлекет басшысы – президент Бурхануддин Раббани болды. Ақырында, олардың артында Иран мен Ресей тұрды. Бұл жағдайда оларда күш тұрғысынан келіссөздер жүргізудің барлық негіздері болған.

Сондықтан, әрине, Солтүстік одақ өзінің артықшылығын бекітуге ұмтылды. Атап айтқанда, оның өкілдері халықаралық әскери контингенттердің қатысуына қарсы шықты. Пуштундар, керісінше, бұл идеяны негізінен қолдады. Пуштундар үшін шетелдіктердің болуы Солтүстік одақтың билігіне шектеу қою және уақыт өте келе күштердің бұрынғы теңгерімін қайтаруға тырысу мүмкіндігін білдірді. Сондай-ақ, Солтүстік одақ өкілдері Ауғанстанда Раббани президент екенін және сайлау өткізгенге дейін оның ауыспайтындығын мәлімдеген болатын.

Соңғы мәлімдеменің өз қисыны болды. Ең алдымен, Ауғанстандағы талибтермен қарсыластық әлі аяқталған жоқ, ал Раббани мен оның үкіметі әлемдік қоғамдастық мойындаған болғандықтан, сайлау өткізгенге дейін күтуге болады. Алайда, пуштундар үшін бұл өте тиімсіз болды. Олар Ауғанстанға ықпал ету құқықтарын кем дегенде ресми түрде мойындауды қажет етті. Сондықтан, өтпелі кезеңде тіпті уақытша болса да, бірақ пуштун басшысы қажет болды.

Алайда, желтоқсанның басында Солтүстік одақ өкілдері барлық қарсылықтарынан бас тартты. Оларға еуропалық көшбасшылар, АҚШ тарапынан күшті қысым көрсетілді. Ахмет Рашидтің келесідей пікірі бар: «ақыр соңында Халилзад Раббаниге қоңырау шалып, американдықтардың «Талибанмен» не жасағанын еске салды. Келесі күні америкалық ұшақтан шығарылған зымыран «байқаусыздан» Раббани үйінің жанына құлап кетті. Раббани президент болуға табандылық көрсетпейтінін айтты».<sup>3</sup> Нәтижесінде, басты уағдаластыққа қол жеткізілді. Алты айға уақытша әкімшіліктің басшысы пуштун Хамид Карзай болды. Тараптар алты айдан кейін Лойя Джирганы өткізуге және екі жылдық өтпелі кезеңге мемлекет басшысы мен үкіметті таңдауға уағдаласты. 2001 жылдың 6 желтоқсанында БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі Бонн конференциясының нәтижелерін мойындады.

Ауғандық топтар арасындағы уағдаластықтарға сыртқы қысым арқылы қол жеткізілді. Бұл ретте БҰҰ Қауіпсіздік

Кеңесінің 6 желтоқсандағы шешімін қабылдау фактісінің өзі АҚШ-тың Ауғанстан бойынша ҚК-тің басқа мүшелерімен – негізінен Ресеймен және Қытаймен уағдаластықтарға қол жеткізгенін білдіреді. Егер Ресеймен уағдаластыққа қол жеткізілсе, онда тиісінше олар Иранмен де қол жеткізілді.

Сонымен қатар, Солтүстік одақ үшін «Талибанмен» соғыс барысында алынған Ауғанстанның саяси өміріндегі басымдықты бекіту идеясын бүкіл еліктірушілік кезінде қалыптасқан жағдайда оған қол жеткізу мүмкін емес екені түсінікті болды. Біріншіден, Солтүстік одақ өкілдері талибтерді жеңудің бас сәулетшісі Құрама Штаттар болғанын жақсы түсінді. Мәселе тек ауадан бомбалау туралы ғана емес, сондай-ақ Пәкістанды бейтараптандыру туралы болды. Екіншіден, өзінің барлық әскери қуатында Солтүстік одақ тек елдің солтүстік және орталық бөлігін ғана бақылаған, ал пуштундар мекендеген аумақтарды бақылаған жоқ.

Әлбетте, азшылық ұлттарға пуштундармен қарым-қатынас орнату қажет болды, әйтпесе соғыс қайта басталуы мүмкін еді. Ал мұндай соғыс басталған жағдайда Пәкістан тағы да пуштундар жағында қатысатыны түсінікті болды, бұл жалпы жағдайды түбегейлі өзгертетін еді. Үшіншіден, Солтүстік одақ біркелкі болмады, және «Талибан» төндірген жалпы қауіп болмаған жағдайда, ол өзінің құрамдас бөліктеріне тарап кете алды. Мысалы, ауған өзбектернің позициясы тәжіктер мен хазарейлер позициясына сәйкес болуы міндетті емес. Төртіншіден, «панджшерлік топ» өкілдері Ахмад Шах Масудсыз Солтүстік одақта өзінің үстемдігін сақтау және басқа топтарға ықпал ету қиын болатынын түсінді.

Мұндай жағдайда табысқа кепілдіксіз жаңа қарсыластық тәуекеліне баруға қарағанда, Ауғанстанның болашақ саяси өмірінде көшбасшылық позицияны бекіту және келісімге келу қисынды болды. Нәтижесінде «панджшерліктер» вице-президент және қорғаныс министрі (Мұхаммед Фахим), сыртқы істер министрі (Абдулло Абдулло), ішкі істер министрі (Юнус Кануни) лауазымындағы негізгі ұстанымдарына ие болды. Жалпы Солтүстік одақ 29 министрліктің 16-на ие болды. Қалған позициялар негізінен эмигранттарға, негізінен пуштундарға берілді. Бұл ретте, Солтүстік одақ

өкілдері өз мүдделеріне пуштун эмигранттарынан ерекше қауіп күтпеген шығар. Соңғылардың өз әскери құрамалары болған жоқ, олар Ауғанстан ішіндегі қандай да бір аумақтарды бақыламады, оларда табыс көздері болған жоқ. Белгілі бір мағынада, солтүстік топтар үшін пуштундардың мүдделерін эмигранттар ұсынғандығы тиімді болып көрінді. Дегенмен, олар жергілікті жердегі бұрынғы моджахед көшбасшыларына немесе «Талибан» өкілдеріне қарағанда азшылық ұлттар үшін аса әлсіз оппоненттер болды.

Бұл ретте Иран мен Ресейде Бонн конференциясының нәтижелері ауған саяси өміріндегі олардың протезесінің, Солтүстік одақтың үстемдігін бекітуге мүмкіндік береді деп есептеген шығар. Соңғылары орталық үкіметтің негізгі министрліктеріне бақылау жасады. Сонымен қатар, олар елеулі қарулы күштерге сүйенген жергілікті жерлерде билікті сақтап қалды. «Гераттағы Исмаил-хан, Мазари-Шарифтегі генерал Дустум және Тәжікстанмен шекарада генерал Фахим Ханның күштері, сондай-ақ шығыс провинциялардағы шағын өңірлік командирлердің айтарлықтай саны кедендік баждар мен жол алымдарын жинау мүмкіндігі үшін жақсы мүмкіндік болды, олар өздерінің қомақты милицияларын нығайтуға мүмкіндік берді, сондай-ақ олардың Кабулдағы үкіметпен өзара іс-қимылға қарсы тұруын ынталандырды».<sup>4</sup> Бұдан басқа, АҚШ пен халықаралық қоғамдастық Ауғанстанды қалпына келтіру үшін қаражат бөлу міндетін өзіне алды. Тиісінше, Ауғанстанды қаржыландыру мәселесінде АҚШ пен олардың одақтастарының жауапкершілігін ғана емес, белгілі бір дәрежеде бөлінген қаражатты бөлу Солтүстік одақтың шенеуніктері мен командирлері арқылы жүргізілетін болады деп есептеуге болады. Шығыс ерекшелігін ескере отырып, бұл олардың елдегі ықпалын күшейтуге әсер ететін болады.

Демек, 2002 жылы ізін суытпай шығарылған Ауғанстан бойынша бір ресейлік жинақта көрсетілгендей, «Ресей Ауғанстанға қатысты өзінің геосаяси жоспарларын – «Талибанға» қарсы америкалық операцияны пайдалану арқылы Кабулдағы билікке Ресейге бағдарланған Солтүстік одақты келтіруді жүзеге асыра алмады» деп тұжырымдауға келмейді.<sup>5</sup> Біріншіден, Солтүстік одақ Ресейге бағдарланғаннан

гөрі әлдеқайда Иранға көбірек бағдарланды, ал Ауғанстандағы Тегеранның мүдделері белгілі бір аумақтардан тыс шықпады. Бұл Иранға дәстүрлі жақын хазарейлер, сондай-ақ тәжіктер, әсіресе Иранға стратегиялық маңызды Герат провинциясында орналасқан аудандар болды. Тегеран оңтүстік және оңтүстік-шығыс аумақтарындағы пуштундар үшін жауапкершілікті өзіне алуға әзір емес еді. Екіншіден, Ауғанстанды қалпына келтіру айтарлықтай қаражат талап етті. 2001-2002 жылдары Ресей Кабулдағы кезекті үкіметті қамтамасыз ету бойынша шығыстарды және оның әсіресе пуштундық оңтүстігінде операциясын өзіне алуға дайын емес еді. Сондықтан, Ауғанстанда қол жеткізілген нәтижелер Мәскеу мен Тегеранның көңілінен шығуы тиіс еді. Олар жалпы жауапкершілік минимумында жағдайды барынша бақылауға алды.

Бонн конференциясы Ауғанстанның жаңа саяси құрылымына қажетті заңдылық берді. Оны өткізу нәтижесінде Ауғанстандағы мемлекеттік құрылыс бойынша іс-қимыл реттілігі анықталды. Конференция қорытындысы бойынша Солтүстік одақ пен азшылық ұлттардың елде үстемдік ықпалы расталса да, уақыт өте келе сайлау процедуралары елдің басым бөлігі болған пуштундарға ауған саясатындағы орнын қайта қайтару керек болды. Мүмкін, американдықтар бұрынғы әмір Захир-шахты біріктіруші тұлға ретінде пайдаланғысы келмеді. Әмірдің кез келген лауазымда оралуы пуштундар арасындағы бұрынғы дурранилік гегемонияның қалпына келуін және Ауғанстандағы мағынасы 1970-ші жылдардың соңынан айтарлықтай өскен гильзайлармен қарым-қатынастың шиеленісуін білдіреді. Карзай да попользай рулық қауымынан шыққан дуррани болса да, бірақ ол сайланған президент болды, демек, теориялық тұрғыдан қайта сайлануы мүмкін. Өз кезегінде, мұндай әуелет саяси маневр жасау үшін айтарлықтай мүмкіндіктер ашты.

Сонымен қатар, «Бонндық жоспар ауған технократтары үшін ескі ауған ақсүйектерінің қайта оралуын қамтамасыз етті».<sup>6</sup> Бұл 1978 жылдың Сәуір төңкерісімен үзілген, Ауғанстанның жаңғырту және ырықтандыру саясатын жүргізген кездегі, яғни 1960 және 1970 жылдардағы адамдар болды. Яғни, саяси өтінім өте белгілі болды. АҚШ ауған жаңғырту тәжірибесін

пайдалануға ниет білдірген болатын, бірақ монархияның және Мұхаммед Дәуіт болған сияқты кез келген күшті көшбасшының қатысуынсыз жүзеге асырғысы келді. Бұл тұрғыда Солтүстік одақтың үстемдігі Батыс үшін өте қолайлы болды. Өйткені бұл үстемдік тек ішінара ғана болды, ал билік АҚШ-тың өте белсенді қатысуымен түрлі ұйымдар мен ықпал топтары арасында бөлінді. Американдықтар, ықпал етудің басты құралына – ауған мемлекетінің сыртқы қаржыландыруына ие болды. Бірінші қаржы министрі болып Захир-шахқа жақын болған «римдік топтан» шыққан эмигрант-пуштун, 1992 жылғы Сибгатулла Моджаддеди үкіметіндегі бұрынғы сыртқы істер министрі Хедоят Амин Арсала тағайындалды.<sup>7</sup> Сол кезеңде оның орынбасары Хамид Карзай болды. Кейін қаржы министрі болып 2014 жылдан бастап Ауғанстан президенті болған америкалық Джон Хопкинс университетінің профессоры, басқа эмигрант – Ашраф Ғани Ахмадзай тағайындалды.

Алайда, әрине, Ауғанстанда «панджшерліктердің» өкілдері басым орынға ие болды. Қорғаныс, ішкі және сыртқы істер министрлерінің ұстанымдарынан басқа олар қауіпсіздік күштерін де бақылап отырды. Ахмад Шах Масудтың арнайы қызметінің бұрынғы басшысы, инженер Ареф қауіпсіздік жөніндегі ұлттық директоратты басқарды.<sup>8</sup> Яғни, «панджшерліктер» Ауғанстанның барлық күш құрылымдарын өз бақылауына алды. Бұл жағдай Ауғанстандағы күштердің болашақ орналасуын анықтады.

Бонн конференциясы аяқталғаннан кейін келесі кезең ауған мемлекеті үшін қаржыландыруды іздестірумен байланысты болды. 2002 жылдың 21-22 қаңтарында Токиода халықаралық конференция өтті, онда Ауғанстан үшін 5 млрд.долларға дейін бөлу туралы шешім қабылданды. Бұл «бес миллиард тек уәде болды деген пікір бар. Көмек қашан және қандай нысанда түсетіндігі туралы ақпарат бөлшектерінің айқын кемшілігі болды».<sup>9</sup> Алайда, 2002 жылдан бастап сыртқы қаржыландыру Ауғанстанға қайтадан түсе бастады.

Бұл жағдайдағы ең қызықты мәселе АҚШ ұстанымымен байланысты. Американдықтар «панджшерліктердің» басымдығымен келісті, Иранмен байланыс жасауға барды, Ресеймен келісімге келді, Пәкістанды жол беруге мәжбүрледі,



ауған мемлекеті үшін қаржыландыру тапты. Вашингтон үшін жалғыз айқын артықшылығы тек қана Хамид Карзайды уақытша әкімшіліктің басшысы қызметіне тағайындау және пуштун технократ-эмигранттарының мемлекеттік құрылымдарына жылжыту болды. Сол кезде АҚШ үшін Ауғанстандағы барлық операцияның мәні, әрине, ортағасырлық діни тәжірибелері бар «Талибан» билігін жоюдан басқа қандай болды? Тіпті Усама бен Ладен Пәкістан аумағында жасырынуы мүмкін еді. Және бұл америкалық әскери талибтерге қарсы соғыстың соңғы кезеңінде жауынгерлік іс-қимылдарға ең аз қатысқанын ескере отырып, болжалды қорытынды болды.

Теориялық тұрғыдан сұраққа жауап екі бөлікке бөлінеді. Жауаптың бірінші бөлігі Ауғанстанмен байланысты. Американдықтар ішкі ауған саясатына тікелей қол жеткізуге тырысты. Үлкен қаржылық және саяси мүмкіндіктерге ие бола отырып, АҚШ-тың Иран, Ресей және Пәкістан жергілікті аймақтық мемлекеттерімен қарым-қатынастың алдыңғы тәжірибесіне қарамастан, кез келген әскери-саяси топтармен ортақ тіл табуы мүмкін болды. Демек, бұл оларға саяси маневрлер мен әртүрлі комбинациялар үшін кең мүмкіндіктер ашты, бұл келесі жылдары көрсетілді. Сондықтан, 2002 жылдың басында Ауғанстанда қандай күштердің орналасуы белгіленгені маңызды емес еді. Егер жағдай өзгерсе, ол күштер өзгеруі мүмкін еді.

Жауаптың екінші бөлігі жалпы аймақтағы америкалық саясаттың геосаяси мәнімен байланысты. Бұл мағынада Ауғанстан бір жағынан Орталық Азияға көпір болды, ал екінші жағынан АҚШ-тың ескі жауы Иранның шығыс шекарасындағы маңызды өңір болды. Орталық Азияның стратегиялық мәні оның екі ірі мемлекеттің – Ресей мен Қытайдың неғұрлым осал аумақтарымен көршілес орналасуымен айқындалады. Ресей үшін бұл Орталық Азиямен барлық шекара, Қытай үшін Шыңжаң провинциясы.

Сондықтан, Ауғанстанды бақылау АҚШ-тың геосаяси мүдделеріне толық жауап берді. Егер осы елдегі қақтығысты аяқтай алатын болса, онда Оңтүстік Азиядан Орталық Азияға көлік дәлізін ашуға болады. Мұндай дәліз Орталық Азия мемлекеттері үшін сыртқы саяси маневр икемділігінің үлкен

деңгейін қамтамасыз етер еді. Естеріңізге сала кетейік, 2002 жылы осы аймақтан барлық көлік ағыны Ресей аумағы арқылы өткен.

АҚШ-тың Ауғанстанға қатысуы Орталық Азияға да бағдарлануы мүмкін деп болжауға болады. 2001 жылдың желтоқсанында Қырғызстанда «Манас» базасы ашылды, оның болуы оның жабылуына дейін 2014 жылы Ресей тарапынан қатты наразылықтың мәні болды. Ресейлік автор Александр Князевтің келесідей пікірі көрнекі болып табылады: «арасында өте көп зияткерлер болған, өткен шақта Тараки, Кармаль және Наджибулла үкіметтерімен байланысты пуштундық эмигранттардың (Бонндағы – авт.ескерт.) конференцияға шақырылмағандығы өкінішті».<sup>10</sup> АҚШ тарапынан бұл өте саналы шешім болды. Коммунистік үкіметтердің бұрынғы функционерлері КСРО-да оқып, эмиграцияда негізінен Ресей аумағында болды. Әрине, олардың Ауғанстанның ішкі саясатына қатысуы ресейлік әсердің күшеюін білдіреді.

Сонымен қатар, АҚШ өз саясатында Иранды да мензеді. 2002 жылдың 29 қаңтарында Токиодағы конференция аяқталғаннан кейін бірнеше күннен кейін АҚШ президенті кіші Джордж Буш конгреске жыл сайынғы үндеуінде Иранды «зұлымдық шеңбері» деп аталатын елдер арасында атады, оған соңғысынан басқа Ирак пен КХДР да кірді. Бұл елдер, Америка президентінің пікірінше, лаңкестікке демеушілік көрсетіп, жаппай қырып-жою қаруын жасады. «Бонндағы келіссөздер кезінде жақсы және пайдалы әңгімелесуші болған Иранды, АҚШ президенті кенеттен зұлым жасаған болатын».<sup>11</sup> Ахмет Рашид 2002 жылдың көктемінде Гератта қалыптасқан өте қызықты жағдайды сипаттады, онда ОББ арнайы күштері мен агенттерінен келген 40 америкалық сарбаз Иран консулаты мен Иранның рухани көшбасшысы Аятолла Әли Хаменеиге адал «Сехаб-и Пасадран» (Құдай Әскері) экстремистік ұйымының штаб-пәтеріне көршілес орналасқан үйде болды.<sup>12</sup> Тиісінше, АҚШ-та «Талибан» қозғалысына қарсы күрестен бөлек Ауғанстанға деген қызығушылықтың терең себептері болды деген қорытынды жасауға болады.

Ауғанстандағы «Талибанға» қарсы науқанның басты салдары американдықтардың Ауғанстанның ішінде және бір

мезгілде бүкіл аймақтың ішінде болғаны болды. Олар енді өз саясатын жүргізу, соның ішінде жергілікті саяси алаңдағы бұрынғы ойыншылардан, мысалы Ираннан саяси бастаманы тартып алу мүмкіндігіне ие болды. Сол Исмаил-хан Ахмет Рашидпен әңгімелескенде былай деді: «Иран көп жылдар бойы бізді «Талибанға» қарсы әскери тұрғыдан қолдады, бірақ бүгінде олар бізді қолдамайды. Және мен Құрама Штаттардың досымын, өйткені олар бізді «Талибанға» қарсы соғыста қолдайды».<sup>13</sup> Ықпалды ауғандық аймақтық саясаткерлердің бірі жағдайды барынша прагматикалық бағалау арқылы шынайылықты көрсетті. Исмаил-хан үшін американдықтардың қатысуы сыртқы ықпалдың қосымша орталығының пайда болуын білдірді. Мұндай мінез-құлық басқа да ауғандық әскери-саяси күштерге тән болды.

Кез келген жағдайда, АҚШ 2001 жылдан бастап ауған саяси сахнасында бас басқарушы болды. Осыған сәйкес, олар ауған мемлекеттілігін және онымен байланысты барлық институттарды қайта құру бойынша жауапкершілікті өзіне алды. Күн тәртібінде мемлекеттік құрылыс туралы мәселе көтерілді.

### *Мемлекеттік құрылыс және «әскери лордтар» дәуірі*

Ауғанстандағы талибтердің саяси сахнадан кеткеннен кейін саяси биліктің вакуумы пайда болып, оны ең ықпалды саясаткерлер толтырды, олардың басты артықшылығы өзінің қарулы күштерінің болуы және қандай да бір қауым тарапынан қолдауы болды. «Олар провинциялық губернаторлар (Исмаил-хан, Гул Ага Шерзай, Қажы Дін Мұхаммед), әскери генералдар (Абдұл Рашид Дустум, Атта Мұхаммед, Хазрат Әли) немесе басқа да қызметтерді атқарғанымен (вице-президент Абдұл Кәрім Халили), олар өз лауазымдарын орталықтан тағайындаудың арқасында алған жоқ, олар Құрама Штаттар көмектескен қарулы милицияны басқарғанның арқасында алды».<sup>14</sup> Бұл ретте американдықтардың қатысуы өте аз болды, 2002 жылы 5 мыңға жуық әскери қызметші ғана болды. Тиісінше, олар өңірлердегі ішкі саяси үдерістерге елеулі әсер ете алмады.

Бұл мағынада Гильменд провинциясында Гармсер елді мекеніндегі талибтерден жергілікті тайпалық көсемдерге билікті беру жағдайы өте айқын. Пәкістаннан Гармсерге «Талибанның» жергілікті командирлерінің капитуляциясын қабылдаған тайпалық көсемдер келді. Біріншілері, өз кезегінде, Пәкістанға қуылды. Тайпалардың көсемдері жергілікті джирганы өткізді, онда губернатор болып дуррани тайпасының баракзай рулық қауымынан шыққан, бұрынғы губернатор Абдұллах Жан сайланды. Гармсердің қалған дурранилік рулық қауымдары, негізінен нурзайлармен мен ализайлар, оның кандидатурасымен келісті. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін Абдұллах Жан 300 адамнан тұратын тайпалық милиция құрды, оларды қамтамасыз етуді жергілікті жер иеленушілердің төлемдеріне жүктеді.<sup>15</sup> Бұл жағдайда барлығы ауған мемлекеті мен оның шетелдік кеңесшілерінің қатысуынсыз болды.

Басқа да аса маңызды аудандарда билік ықпалды командирлер мен бір мезгілде саяси қайраткерлердің қолына өтті. Герат пен көршілес аудандарда Исмаил-хан басымдыққа ие болды, Қандағарда Гул Ага Шерзай, Саманган, Жаузжан, Фарьябта – Дустум, Балхта ол Атта Мұхаммед пен билікті даулаған. Кабулда, Бадахшанда, Парванда және Каписсада «панджшерліктер» үстемдік етті. Нәтижесінде, орталық мемлекеттік әкімшілікпен байланысы аз, өзін-өзі басқаратын аудандар, «шағын-мемлекеттер» пайда болды. Сондай-ақ, қандай да бір маңызды саяси фигуралардың қандай ресми лауазым атқарғаны маңызды емес болды, олар жеке қарулы күштеріне сүйенді. «Гератта Исмаил-хан және Қандағарда Гул Ага Шерзай губернатор лауазымында болып, ресми әскери қызмет атқарған жоқ, алайда, де-факто олар өз әскери күштерін ғана емес, көрші провинцияларда да бір мезгілде басқарды. Абдұл Рашид Дустум және Атта Мұхаммед ресми әкімшілік лауазымсыз әскери генералдар болды, бірақ олар солтүстік провинциялардағы азаматтық әкімшіліктерді де бөлісіп, кейде олар үшін күрескен».<sup>16</sup>

Іс жүзінде, ықпалды тұлғалар өзара мемлекеттік функцияларды да бөлісті. Мысалы, олар мемлекеттік салықтарды жинап, олардың бақылауындағы аумақтарға жұмсады. «Ол (Исмаил-хан – авт.ескерт.) иран-ауған

шекарасындағы Ислам Кил өту пунктiнен ай сайын кедендiк алымдардан үш-бес миллион долларға дейiн алым алған... Хан табыспен бөлiсуден бас тартқан». <sup>17</sup> Герат пен Қандағардағы қаржы шенеунiктерi кедендерде жиналған салықтар ешқашан Кабулға жiберiлмегенiн атап өттi. Ауғанстанның солтүстiгiнде 2003 жылдың басында ауған-өзбек шекарасындағы Хайратон өткiзу пунктiнен кедендiк алымдар командирлер арасында келесi пропорцияда бөлiндi: Атта Мұхаммед ай сайын 50%, Дустум – 37%, «Хезбе-и Вахдат» өкiлi Мохакик – 12%. <sup>18</sup>

Ықпалды тұлғалардың әрқайсысы негiзiнен ортақ ынтымақтастық ұстанымдары бойынша құрылған милицияға сүйенiп отырғандығы түсiнiктi. Мысалы, Кабул гарнизоны Панджшер мен Кабулдан солтүстiкке қарай орналасқан Шомали аңғарының тәжiктерiнен қалыптасқан. Гул Ага Шерзай дуррани тайпаларының тайпалық милициясына сүйенiп, олардың арасында оның тайпасы баракзай ерекшеленген, Дустум – өзбектерге, Атта Мұхаммед – Балх тәжiктерiне, Исмаил-хан – Герат провинциясының герати-тәжiктерiне сүйенген болатын. Сол немесе басқа қауымдардың құрамалары арасында қарулы қақтығыстар кезең-кезеңiмен орын алғаны тән. Мысалы, «Исмаил-хан аудан басшысын тағайындаған Шинданд ауданында жағдай губернатор мен Аманулла-ханның жақтастары болған жергiлiктi пуштундар арасындағы шиеленiс ашық әскери қақтығысқа дейiн көтерiлдi. Аманулла-хан Қандағардың губернаторы Гул Ага Шерзай тарапынан қолдау тапты». <sup>19</sup> Ауғанстанның шығысында 2002 жылы «АҚШ қолдауына ие болған Паша Хан Дзадран Пактия және Пактика провинцияларында жеке үстемдiгiн құру туралы жариялады. Ол Пактияның жаңа губернаторы Карзайдың тағайындалуын бас тартты және Карзайдың Пактияның астанасы Гарdez қаласынан кетуi үшiн ультиматум ұсынды. Карзай кетуден бас тартқан кезде, Дзадран қаланы милицияның күшiмен шабуылдады». <sup>20</sup> Яғни үрдiс айқын болды. Орталық билiк өте әлсiз болды, бүкiл билiк саяси үдерiстердiң субъектiсi ретiнде әрекет еткен қауым мен тайпалардың дала командирлерi мен көсемдерiне көштi.

2002 жылдың ақпанында АҚШ-та Ұлттық қауiпсiздiк кеңесiнiң ауған мәселесi бойынша кеңесi өттi. Барлығы ауғандық

дала командирлерін тағдырға тастаса, олар өзара соғысты жалғастыратын болады деп келісті. Ұзақ пікірталастардан кейін Ауғанстанда америкалық әскери «Талибан» және «Әл-Каидаға» қарсы операциялар жүргізеді, бірақ бітімгершілік операцияларына араласпайды деген шешім қабылданды. Бұл дебаттарда Ауғанстандағы оқиғаларға қатысатын америкалық әскерлер мен басқа мемлекеттердің әскерлерінің ұранына айналған «ең аз араласу» сөз тіркесі пайда болды.<sup>21</sup>

Сонымен қатар, мұндай жағдай Ауғанстандағы жағдайдың салыстырмалы тұрақтылығын қамтамасыз етті. Әрбір ықпалды командирлер өзінің бақылауындағы аумақтағы жағдайға жауап берді. Басты мәселе олардың арасындағы қатынастарды реттеу болды. Мұнда американдықтар реттеуші рөлді атқара алды. Олардың қолында қаржы ресурстары, сондай-ақ олар теориялық жағынан бәсекелес командирлердің біріне бере алатын әскери күш болды. 2000-шы жылдардың басында АҚШ-тың иелігінде болған Ауғанстандағы әскерлер елдің жаулап алуы үшін жеткіліксіз болды, бірақ тым дербес дала командиріне проблемалар жасау үшін жеткілікті. Әсіресе, егер соңғысы ықпалды жергілікті бәсекелес болса.

2002 жылы Ауғанстанда жекелеген аумақтар немесе тіпті мемлекеттік функциялар, мысалы, салықтар мен кеден түсімдерін жинау, жергілікті жерлердегі ықпалды адамдарға сеніп тапсырылған аумақта адалдық пен қауіпсіздікті қолдауға айырбасқа берілетін дәстүрлі шығыс азықтандыру жүйесі қалыптасты. Соңғылары, өз кезегінде, тәртіпті сақтау үшін қажетті қарулы күштерді өз есебінен ұстап тұрды.

Әрине, жергілікті саясаткерлер өз құзыреттерін бекітуге ұмтылды. Қоғамды ұлттық, діни және тайпалық қауымдарға бөлу жағдайында мұндай саясаткерлердің тек қана олардың басқаруында болатын халқы біртекті аумақтарды құруға ұмтылысы әбден қисынды көрінеді. Осылайша, олар өз қауымдарының субъектілік деңгейін арттыруға ұмтылды. Мысалы, «2003 жылы хазарейлердің көшбасшысында Мұхаммед Мохакіктің Газни, Урузган және Гор провинцияларының хазарейлік аудандарын орталық хазарей аймағын құруға дайындау мүмкіндігі мақсатында бөлу жоспары болды. Ол Президент Карзайға ұсыныс жасады, ол бас тартты, өйткені осы

уақытта мұндай өзгерістер пуштундар үшін тым арандатушылық болар еді».<sup>22</sup> Алайда, мұндай шешімдер Ауғанстанның жекелеген қауымдарының мекендейтін аумақтарда бөлінуін бекітті.

2002-2003 жылдары АҚШ тарапынан «ең аз араласу» саясаты жалғыз мүмкін саясат болды, себебі американдықтар Иракпен соғысқа дайындалды. Бұл жағдайда Вашингтон Ауғанстанға үлкен әскери күш жібере алмады. Алайда, мәселе соғыс кезінде болған жоқ. АҚШ-тың Ирак кампаниясы аяқталғаннан кейін Ауғанстандағы әскерлердің саны көбейгені белгілі. Басты мәселе – бұл елді қай американдықтар көріп отыр, оның трансформациясы қандай бағытта болуы тиіс және олар «Талибанға» қарсы АҚШ әскери науқанының басты бенефициарлары болған «әскери лордтар» деп аталатын тым дербес дала командирлерімен не істеу керек деген мәселелер алға шықты.

Бонн конференциясынан кейін Кабулда құрылған орталық билікте күш қолдануға монополияның – орталықтандырылған мемлекет билігінің басты құралы болған жоқ. Орталық билік орындары дала командирлерінің ең ірі командирлеріне қарағанда әлсіз болды. Гарри Шроеннің вице-президенті, қорғаныс министрі және «панджшерлік топ» басшысы Мұхаммед Фахимге қатысты берген бағасы көрнекі болып табылады. «2004 жылы «тұрақтылыққа аса маңызды ықтимал қауіп маршал Фахим және оның «панджшерлік тобы» болды. Фахим және оның қолбасшылығы астында он екі мың жауынгер бар милициясы, елдегі жалғыз ең күшті әскери күш болды (мұнда орналасқан америкалық сарбаздардың жиырма мыңын санамағанда)».<sup>23</sup>

Мұндай баға Фахим мен оның милициясы Ауғанстан мен америкалық әскери мемлекет үшін қиындық тудырғанымен байланысты емес еді. Әрине, теориялық жағынан мұндай мүмкіндік болған, бірақ ешқашан іске асырылған жоқ. Шроен мұндай қорытындыны жасау себебі, өйткені «панджшерліктер» және олардың жеке әскері Ауғанстанның күштік мемлекеттік институттары – әскер, қауіпсіздік күштері, полиция ішінде автономды мәртебеге ие болды. Бұл институттар негізінен «панджшерліктерге» адал тәжіктерге тән болатын. Бұл ретте, 2005 жылы Фахимнің 70 мың сарбаз туралы өтініштері

экономикалық себептерге байланысты қабылданбады деген Тим Бердтің деген пікірі бар.<sup>24</sup> Солай болған шығар, алайда, АҚШ Фахимнің басшылығымен ауған әскерін күшейтуді қаламады деп болжауға да болады. Өйткені, бұл әскер азшылық ұлттар, негізінен тәжіктер арқылы жасақталатын еді.

Сол уақытта, 2002 жылдан бастап Ауғанстанда мемлекеттік биліктің бірізді заңдастырылуы өтті. 2002 жылдың 6-10 маусымында Кабулда Лояйя Джирга өтті, онда Карзай 2004 жылғы сайлауға дейін басшы болып сайланды. Осы уақытқа дейін елде конституция қабылдануы тиіс болатын. Конституция төңірегінде елеулі пікірталастар орын алды. Мысалы, президенттің рөлі туралы пікірталастар қызу болды. «Басқа этностық топтардың кейбір өкілдері қосылған барлық делегат-пуштундар президенттік басқару үшін сөз сөйледі. Ал пуштундық емес делегаттардың блогы парламенттік жүйені қолдады. Пуштундар мен реформаторлар үшін президенттік басқарма өзінің таңдаған мемлекет басшысының көмегімен – Карзай президент болатынына ешкім күмәнданбады – пуштундық емес қарулы фракциялармен Боннда қол жеткізілген ымырадан шығу жолын табуға мүмкіншілік берді. Басым көпшілігінде президенттік басқаруға қарсы шыққан пуштундық емес делегаттар бұл ретте жеке және этникалық диктатураның пайда болу қаупін көрді. Парламенттік жүйе, олардың пікірінше, коалициялық үкіметтің пайда болуына алып келеді».<sup>25</sup> Алайда, нәтижесінде президенттік жүйені енгізу туралы шешім қабылданды.

Бұл жерде жалпы халықаралық қоғамдастық және АҚШ өз рөлін атқарғандығы әбден ықтимал. Олар үшін мемлекеттік құрылыс үдерістерін бастау маңызды болды, ал оны 2000 жылдардың басында Ауғанстан жағдайында жасау оңай болмады. Парламент жүйесі өңірлік көшбасшылардың мемлекеттің орталық институттарына әсерін бекітер еді. Мұны, алғашқы кезеңде тек ресми болса да, орталық басшылық тұсында жүзеге асыру оңайырақ болды. Жалпы мемлекеттік билік институттары америкалық қолдаумен кез келген жағдайда «әскери лордтарға» қарсы тұратын еді.

Соңғыларының, 1992 жылы болған сияқты, әскердің бір бөлігі Ахмад Шах Масудқа, екіншісі Гүлбеддин Хекматиарға



ауысқан кездегідей мемлекеттік институттарды өзара бөлуге мүмкіндіктері болмады. Бұл басқа да мемлекеттік институттарға қатысты болды, олар өз қызметін тоқтатты. Сонымен қатар, халықаралық қоғамдастыққа сыртқы шетелдік көмекті бөлуді қамтамасыз ету үшін орталық кеңсе қажет болды. Бұл кеңсе Ашраф Ғани басшылығындағы қаржы министрлігі болды. Ақыр соңында, президент-пуштун азшылық ұлттардан «әскери лордтардың» күшті әсеріне қарсы тұрды. Бұл уақыт өте келе пуштундар мемлекетінде жалпы мемлекеттік саяси үдерістерге, өз халқының үлесіне және Ауғанстан тарихындағы тарихи маңызына сәйкес белсенді қатысады деп есептеуге мүмкіндік берді. Бұдан басқа, бұл олардың азшылық ұлттардың елдегі үстемдігіне наразылығын төмендетуге мүмкіндік берді.

2004 жылы Ауғанстанда президенттік сайлау өткізілді. Осы сәтке дейін АҚШ-тың қысымымен «әскери лордтар» әсерінің әлсіреуі бойынша бірқатар шаралар қабылдады. Мысалы, «панджшерлік» ішкі істер министрі қызметіндегі Юнус Кануниді эмигранттар арасынан шыққан пуштун Жалилимен алмастырды. 2004 жылдың қаңтарында тағы бір «панджшерлік», инженер Ареф Ұлттық қауіпсіздік директорының басшысы қызметінен босатылды. Алайда, оны басқа «панджшерлік» Амрулла Салех алмастырды, ол бұған дейін Арефпен қауіпсіздік директорынан босатылған болатын.<sup>26</sup> Бірақ Салех, Арефке қарағанда, саяси тұрғыдан икемді болып саналды.

Бір жағынан, ол Ұлттық қауіпсіздік директорын тек қана «панджшерлік рулық қауымның» қауіпсіздік қызметінің жалғасы ретінде қарауға тиіс емес еді және, тиісінше, оны әртүрлі этностық қауымдардың өкілдерінен жасақтауды қамтамасыз етуге тиіс еді. Екінші жағынан, ол АҚШ үшін Ареф сияқты ескі мектеп өкілінен гөрі қолайлы болды. Сонымен қатар, ол ағылшын тілінде сөйледі. Ахмет Рашидтің өте көрнекі пікірі бойынша, «Ахмад Шах Масудтың қауіпсіздік жөніндегі бұрынғы көмекшісі және оның ОББ-мен байланыс арнасы 2001 жылдың 9 қыркүйегіне дейін Салех жас панджшерлік тәжік болды, бірақ ол Карзайды қолдау және ОББ мен МИ6 көмегімен Ұлттық қауіпсіздік директорын реформалау мен жаңғыртуды бастау үшін өз тобымен

байланысты үзді».<sup>27</sup> Алайда, Салехтің кандидатурасы маршал Фахим мен Ахмад Шах Масудтың отбасы сияқты ықпалды «панджшерліктердің» мүдделеріне қарсы келмегендігі әбден мүмкін. Бұл американдықтармен «панджшерлік рулық қауым» келісімдерінің бір бөлігі болуы мүмкін. «Панджшерліктер» үшін қауіпсіздік құрылымдарындағы позицияны жоғалтпау үшін, негізінен, аздап жол беру қисынды болды. Олар Ауғанстанның саяси жүйесінде өзінің бұрынғы гегемониясын сақтауға сене алмады, бірақ бұрынғы ұстанымдарды барынша сақтауға ұмтылуы тиіс еді.

2004 жылы Кабул мен ықпалды Герат губернаторы Исмаил-ханның қарым-қатынасында елеулі дағдарыс болды. Осы жылдың наурыз айында Гератта Исмаил-хан құрамалары мен генерал Абдұл Захир Найбзадениң ауған әскерінің бөлімдері арасында нағыз шайқас болды. Қақтығыстардың себебі Исмаил-ханның ұлы Мир Вайс Саддықтың өлімі болды. Жағдайды реттеу үшін Кабулдағы әскери контингентімен қорғаныс министрі Мұхаммед Фахим Гератқа барды. 2004 жылдың қыркүйегінде Гератқа Залмай Халилзад келді, ол Исмаил-ханға Ауғанстан үкіметінде қызмет атқаруды ұсынды, ол одан бас тарта алмады.<sup>28</sup> Осылайша, Герат губернаторы қызметінен ең ықпалды ауғандық аймақтық саясаткер кетті.

Сонымен қатар, американдықтар 2003 жылы «қарусыздандыру, демобилизация, реинтеграция» (DDR) бағдарламасының пайда болуын ынталандырды. Сайлауға дейін бұл үдеріс елде пайда болған қауіпсіздік проблемаларына және оның талаптарын орындауға «әскери лордтардың» табиғи ниетіне байланысты қиынға соқты. 2004 жылдың жазында тек 30% ауыр қару-жарақ жиналды және сарбаздардың тек 12% ғана отставкаға жіберілді.<sup>29</sup> Іс жүзінде, бұл бағдарлама мемлекетке күш қолдануға монополияны қайтаруы тиіс еді. Өйткені, жергілікті жерлерде дала командирлерінің немесе «әскери лордтардың» әсері Ауғанстанда тиімді мемлекеттік жүйені құру жолында елеулі кедергі болды.

Ауғанстандағы президенттік сайлау қарсаңында президент пен парламент сайлауын бір мезгілде немесе бөлек өткізуге қатысты пікірталастар қайтадан туындады. Бұл белгілі бір дәрежеде парламенттік және президенттік республикалардың

артықшылықтары туралы бұрынғы пікірталастың жалғасы болды. «Реформашылар бір мезгілде өткізілген парламенттік сайлау «әскери лордтар» басым болатын парламенттің пайда болуына алып келеді деп қауіптенді». Сондай-ақ, бұл мәселе бойынша терең этникалық бөлініс болды. Пуштундық тайпалық көшбасшылар күшті президент-пуштунды тезірек сайлағысы келді. Пуштун емес халықтың бөлігі пуштундық гегемонияға кез келген түрде қайтып оралуынан қорғайтын күшті парламентті қалады».<sup>30</sup>

Көпұлтты мемлекетте мәселе әрқашан мүдделердің тепе-теңдігі туралы болып табылады. Алайда, этникалық қауым 2000 жылдардың басында Ауғанстанда болған сияқты саяси үдерістің субъектілері болып табылғанда, және де өз билігінде өзінің шағын әскері болса, әрине, қажетті тепе-теңдікті табу өте қиын. Мұнда тағы да басты рөлді сыртқы қатысу атқарды. Ауғанстандағы бірде-бір ықпалды саясаткердің, осында саяси үдерістің басты конструкторы ретінде әрекет еткен АҚШ-тың пікірін елемеуге мүмкіндігі болмады. Тим Берд пен Алекс Маршаллдың пікірінше, 2003-2005 жылдары Ауғанстанда Хамид Карзайдың және Залмай Халилзадтың «диархиясы» болған. Соңғысы Ауғанстандағы АҚШ-тың бейресми вице-королі болды.<sup>31</sup> Петер Томсеннің көзқарасы бойынша Халилзад «Карзай сылбыр болған жерде агрессивті болды, ол өзіне және Ақ үйдің қолдауына сенімді болды».<sup>32</sup> Бұл ретте американдықтар ішкі саяси үдерістерге ықпал ету үшін Ауғанстанда олардың тікелей қатысуына байланысты олардың пайда болған мүмкіндіктерін толық көлемде пайдаланды.

Жоғарыда «панджшерлік» Салехтің жергілікті арнайы қызметтер басшысы қызметіне тағайындалуы, оның «панджшерлік» рулық қауымның басқа өкілі, инженер Арефпен орын алған қақтығысының нәтижесінде болғаны аталды. Тағы бір мысал Карзайдың вице-президент лауазымына кандидатураны таңдауымен байланысты болды. Карзай «панджшерліктердің» формалды көшбасшысы маршал Мұхаммед Фахимнің орнына «панджшерлік» рулық қауымның марқұм көшбасшысы Ахмад Шах Масудтың бауыры Ахмад Зия Масудты таңдады. Бұл Фахим Ауғанстандағы ең маңызды әскери күштерді бақылағанын ескере отырып, өте күшті қадам

болды. Естеріңізге сала кетейік, жоғарыда келтірілген Гарри Шроеннің Фахим «тұрақтылыққа қатер» болып табылады деген пікірі дәл осы кезеңге жатады. Алайда, бұл жағдайда Ахмад Шах Масудтың бауырын таңдау «панджшерліктердің» көтеріліске итермелей алатындай тым теріс реакциясын тудырмауы тиіс еді. Оның үстіне олар әскер мен қауіпсіздік күштеріне жалпы бақылауды сақтап қалды. Сондай-ақ, «панджшерліктер» президенттік сайлауға өзінің кандидаты Юнус Кануниді де қойды.

Нәтижесінде, «панджшерліктер» сайлауда бірден екі сайлау командасына ұсынылды. Карзайдың жеңісі күмән тудырмаса да, «панджшерліктерден» үміткер азшылық ұлттардың, тәжіктер мен басқа да азшылықтардың, мысалы, исмаилиттердің дауыстарын жинауы тиіс еді. Бұл елдің болашақ президентімен өзара іс-қимылда осы рулық қауымның мәртебесін арттыруы тиіс еді. Бұл ретте, таулық Панджшер алқабының халқы бойынша салыстырмалы түрде азырақ өкілдері 2001 жылдан кейін Ауғанстанның саяси өмірінде осындай маңызды рөл атқарды. Жалпы ұлттық деңгейде олар іс жүзінде Ауғанстанның көптеген, бірақ өте біркелкі тәжік қауымының және оған іргелес халықтың даритілді топтарына айналды. Бірақ «панджшерліктерге» негізгі саяси ықпалына Кабулдың тәжік халқы және қалаға іргелес аудандары, сондай-ақ Балх, Бадахшан, Тахар және т.б. провинцияларындағы солтүстік аумақтар қолдауды қамтамасыз етті.

Шамамен ұқсас әрекет тактикасын даритілді хазарейлер таңдады. Мәселен, 2004 жылы Карзаймен бір командада вице-президенттердің бірі лауазымына үміткер ретінде хазарейлердің бір көшбасшысы Кәрім Халили сөз сөйледі. Хазарейлердің басқа ықпалды өкілі Мұхаммед Мохаккик президент лауазымына дербес кандидат ретінде сөз сөйледі. Нәтижесінде, хазарейлердің дауысы қандай да бір көшбасшының қолдауына байланысты бөлінуі тиіс еді.

Жалпы, 2004 жылғы сайлаудағы жағдай жаңа жағдайда Ауғанстанның этникалық қауымдастықтарында бұрынғы бірлік жоқ екенін көрсетті. Мұндай бірлік «Талибан» қозғалысы арқылы жалпы қауіптің болуы нәтижесінде орын алды. Бұл жаңа коалицияларды қалыптастыру үшін және сыртқы

күштердің жағдайымен айла-шарғы жасауға тырысу үшін кең мүмкіндіктер ашты.

2014 жылы Ноа Кобурн мен Анна Ларсон былай деп жазды: «этностылық азаматтық соғыс кезінде жұмылдыру құралы ретінде маңызды болып табылады, бірақ жергілікті топтар, кейде сол этностық топтар америкалық басып кіру нәтижесінде пайда болған ресурстар үшін бір-бірімен бәсекелесе бастаған кезде оның мәні төмендейді. Әрине, этностық көшбасшылардың жақтаушыларды жұмылдыруға және көтеріліс қозғалысының өсу қаупі ұлғайған кезде соңғы жылдары өзін қайтадан сөйлеуге талпынуында әлеуетті біріктіруші күш болып қала береді. Жалпы ереже бойынша, егер этникалық бөліністі басқа саяси немесе экономикалық одақтармен қолдамаса, ол көптеген ауғандықтардың күнделікті өміріне саяси тұрғыдан ең аз деңгейде әсер етеді».<sup>33</sup> Бұл жағдайда этностықтың саяси үдерістерге әсерін төмендетудің негізгі шарты шетелдік қатысумен, яғни сыртқы реттеумен тікелей байланысты болды.

Бұрынғы монархиялық уақыттарда Ауғанстанда негізгі реттеуші Кабулдағы орталық билік болды. Ол кезде этникалық қауымдардың дербес субъектілер ретінде саяси өмірге қатысу мүмкіндіктері болмады. Сондықтан да этникалықтың саяси үдерістерге әсері аз болды. 2001 жылдан кейін Ауғанстанда АҚШ атынан сыртқы реттеуіштің болуы да этникалық қауымдардың шоғырлану деңгейінің әлсіреуіне ықпал етті. Бұл қажеттілік болған жоқ. Бірақ, егер АҚШ сыртқы реттеуіш қызметін атқаруды тоқтатса, онда қауымдарды этникалық белгі бойынша шоғырландыру қажеттілігі қайтадан пайда болуы мүмкін.

2004 жылғы президенттік сайлауда хазарейлер мен тәжіктер түрлі командаларда әрекет етуге мүмкіндік алды. Бұл, көп жағдайда, сайлау үдерісінің сыртқы реттеушісі АҚШ болуымен байланысты. Сәйкесінше хазарейлер мен тәжіктер үшін өз қауымдарының жағдайына алаңдаудың қажеті жоқ еді. Тағы бір себеп сайлау нәтижесі алдын ала анықталғанымен байланысты. Ең бастысы, бір ықпалды пуштундық кандидат – Карзай анықталып, онымен бірге тәжіктердің және хазарейлердің өкілдері болды. Пуштундар арасында бәсекелестіктің

болмауы 2004 жылғы сайлауды болжаудың себептерінің бірі болды, ал бұл жасанды жағдай болды. Сондықтан, Карзайдың қарсыластары өз қауымдары өкілдерінің бір бөлігінің дауысын алды, хазарей Мохаккик – 11,7%, тәжік Кануни – 16,3%. Басқа үміткер, өзбек Абдұл Рашид Дустум 10% дауыс алды, бұл барлық ауғандық өзбектердің дауыстары болды. 2004 жылғы сайлауда өзбек қауымы шоғырландырылған болды, бірақ бұл нақты бәсекелестік болмаған кезде маңызды емес еді. Кейінірек, 2014 жылғы президенттік сайлауда салыстырмалы түрде шағын, бірақ топтастырылған өзбек қауымының позициясы айтарлықтай үлкен мәнге ие болды.

2004 жылғы сайлауда Хамид Карзай 55,4% дауыс алды және осылайша жалпы халықтық өткен сайлау арқылы Ауғанстан тарихындағы заңды түрде сайланған тұңғыш президент болды. Бұл, сондай-ақ, Ауғанстандағы АҚШ әсерінің күшейгенін білдірді. Іс жүзінде, Вашингтон саяси үдерістің бас сәулетшісі болды. Сайлаудан кейін құрылған министрлердің жаңа кабинетінде ағылшын тілінде сөйлейтін пуштун эмигранттары көп болды және сол жерде екі әйел пайда болды. Соңғы жағдай қоғамдық құрылым туралы америкалық түсініктерді көрсетті және мемлекеттік құрылыстағы басымдықтарды көрсетті. Американдықтар Ауғанстанда заманауи стандарттар бойынша мемлекет құруға ұмтылды.

Батыстан келген пуштун эмигранттарына басты рөл берілді. Іс жүзінде, мәселе АҚШ тарапынан сыртқы басқарудағы мемлекеттік құрылыс жобасын жүзеге асыру туралы болды. Сондықтан, президент сайлауына осындай көңіл бөлініп, жалпы парламенттік республикаға қарағанда президенттік республикаға басымдық берілді. Өйткені, мемлекеттік құрылыстың жоғарғы жағында заңды орталықтандырылған биліктің болуы болжалды. Ауғанстанда 2001 жылдан бастап нақты билік жергілікті жерлерде ықпалды адамдарға («әскери лордтарға») тиесілі болған жағдайда американдықтар оларға орталық билікті қарсы қоюға тырысты. Яғни, мемлекеттік құрылысты жергілікті қауымдастықтармен және ықпалды командирлермен уағдаластық арқылы жүзеге асыру арқылы төменнен емес, оларға мемлекеттік құрылыстың дайын

заманауи үлгісін ұсына отырып жоғарыдан жүзеге асыруды басымдықты мақсат етті. Негізінен, бұл Ауғанстандағы жаңғыртудың тағы бір талпынысы және тағы бір үлгісі болды, және бұл жолы АҚШ-тың заманауи мемлекеттік құрылыс туралы идеалды ұсынымдарына сәйкес жоғарыдан жаңғыртуға талпыныс болды.

Ауғанстанда жүзеге асырылып жатқан жаңғырту үлгісі партиялар құру туралы мәселені мүлдем қамтымаған. Атап айтқанда, 2005 жылы парламентке сайлау партиялардың қатысуынсыз өтті, алайда 2001 жылға қарай елде кем дегенде Бурхануддин Раббанидің «Жамиат-и ислами», негізінен хазарейлік «Хезбе-и Вахдат» және өзбектердің «Жумбиш-и Мелли» партиялары болған. Бұрынғы моджахедтердің көшбасшылары Сайед Гейлани, Абдурап Расул Сайяф, Сибгатулла Моджаддидің де өз партиялары болды. «Кейіннен Ауғанстандағы америкалық елші болған Залмай Халилзадтың қолдауына ие бола отырып, ол (Хамид Карзай – авт.ескерт.) мемлекеттің жаңа саяси инфрақұрылымына саяси партияларды енгізу халықты бөліп, қақтығыстың одан әрі өрбу қаупін тудыратынына сенді».<sup>34</sup>

Осы уақытта Карзай саясатына айқындаушы әсер еткен американдықтар бұрынғы 1990-ші жылдардағы үлгілер бойынша партиялық құрылыс ауған тарихының осы кезеңіндегі көшбасшылардың әсерін бекітеді деп ойлады. Мүмкін, олардың көзқарасы бойынша мәселе ескі ауған партияларының көпшілігінің тепе-теңдік сипатымен ғана байланысты болмаған шығар. Ең алдымен, олар этникалық белгісі бойынша партияларды ресімдеуден қашқысы келді. Мысалы, хазарейлер жалғыз «Хезбе-и Вахдат» партиясымен ұсынылған ұйымшыл қауым ретінде әрекет етпей, сол хазарейлердің жекелеген көшбасшылары әртүрлі одақтарға қатысқанын қалаған болар. Оның үстіне, «Хезбе-и Вахдат» ескі партиялық құрылымы Иранның ықпалында болды. Яғни, партиялық тәртіп қоғамдық бөліністі парадоксалды түрде бекітті, ал партиялардың болмауы Ауғанстанның саяси күштерінің кез келген ықтимал комбинацияларын құруға мүмкіндік берді. Шын мәнінде, бұл «әскери лордтар» әсерін әлсіретудің бір жолы болды.

Дегенмен, парламентте соңғылардың қатысуы өте маңызды болды. Мысалы, генерал Дустум, Юнус Кануни және Мұхаммед Мохаккик оларға адал жиырмадан жиырма беске дейін депутаттардың әрқайсысына ие болды.<sup>35</sup> Сонымен қатар, парламенттің төменгі палатасында 249 орынның ішінде моджахедтердің бұрынғы командирлерін, діни қайраткерлерді және тіпті «Талибанның» бұрынғы мүшелерін қоса алғанда, елдің барлық провинцияларының ықпалды тұлғаларының кең спектрі ұсынылды. Бұл ретте, парламент спикерінің сайлауы елдің этникалық бөлінуін тағы да көрсетті. «Панджшерлік» тобының тәжігі Юнус Кануни пуштун Расул Сайяфты аздаған артықшылықпен жеңіп алды. Сондай-ақ, парламент спикерінің екінші орынбасарының қызметін Бадахшан провинциясынан сайланған тәжік әйелі Фаузия Куфи жеңді.<sup>36</sup> Осылайша, «панджшерліктер» парламент спикері мен оның орынбасары қызметін алды.

Осыған байланысты жаңа президенттің Ауғанстандағы ең қуатты топтармен – «панджшерліктермен» қарым-қатынасы өте қызықты. 2004 жылғы президенттік сайлаудан кейін Карзай «панджшерлік» Маршал Фахимді отставкаға жіберді, оны қорғаныс министрі лауазымында эмигранттардан шыққан пуштун, генерал Рахим Уардак алмастырды. Алайда, ауған әскерінің бас штабының бастығы болып Панджшер шатқалынан шыққан, Ахмад Шах Масуд әскерінің беделді қолбасшыларының бірі болған генерал Бисмилла Хан Мохаммади қалды. Бисмилла Хан Кабул бағытында Масуд әскерлерін басқарды, 1992 жылы Бағрам авиабазасының гарнизонының капитуляциясын қабылдады. Әрине, генерал Уардак белгілі бір дәрежеде бас штабтың бастығына тәуелді болды. Өйткені 2005 жылға қарай ауған әскерінің негізін қалаушылар мен жауынгерлік қабілетті бөліктер негізінен Панджшерден және Солтүстік Ауғанстанның басқа да аудандарынан шыққан тәжіктер құрады.

«Панджшерліктерден» президент Карзай да, американдықтар да бас тарта алмады. Тәжік құрамалары астана мен іргелес аудандардағы жағдайды бақылауды және салыстырмалы қауіпсіздікті қамтамасыз етті. Ауғанстанды жаңғырту жобасы жоғарыдан тек салыстырмалы түрде тұрақты орталық билікті ғана жүргізе алды. Тиісінше, «панджшерліктер» оларға қажет



болды. Бір уақытта, маршал Фахимнің және одан ертерек инженер Ариф пен Юнус Канунидің отставкаға жіберілуі арқылы пуштундық ұлтшылдарға «сүйек тасталды». Бірақ әскердегі ең ықпалды адам Бисмилла Хан болып қалды, Ұлттық қауіпсіздік директорын тағы бір «панджшерлік» Салех басқарды. БҰҰ-ның жабық баяндамасына сәйкес қорғаныс министрлігінің 33 директорының 30-ы «панджшерліктерге» тиесілі болған, сондай-ақ, осындай баға инженер Ареф басқаратын барлау қызметі үшін де әділ болды.<sup>37</sup> Сонымен қатар, 2004 жылы Кабул гарнизоны мен полициясын Парван провинциясынан шыққан тәжік Мұхаммед Айюб Саланги басқарды. Қандағарды қоса алғанда, басқа провинцияларда қызмет еткеннен кейін, 2010 жылы ол осы лауазымға қайта оралды, 2013 жылы ішкі істер министрінің орынбасары болды. Сонықтан, 2002 жылдан бастап, Ахмад Шах Масудтың бұрынғы ұйымынан шыққан адамдардың ықпалы әрдайым өте маңызды болды.

Нәтижесінде, панджшерлік тәжіктер мен пуштун эмигранттарының парадоксалды одағы қалыптасты. Олар бір-біріне қажет болды. Пуштун эмигранттарында Ауғанстанға қаржы ағынын қамтамасыз ететін американдықтармен ресми билік пен байланыс болды. «Панджшерліктер» нақты әскери күшке және әсерлі электоралды қолдауға ие болды. Бұл ретте олар сайлауға тек тәжіктерден ғана емес, Ауғанстанның басқа да азшылықтарынан да қолдау ала алды. Басқа қызықты жағдай пуштун эмигранттарының басым бөлігі дуррани тайпасынан болуымен, себебі олар негізінен бұрынғы ауған монархиясының билеуші элитасына тиесілі болуымен байланысты. Дурраниден шыққан Карзайдың билікке келуі олардың позицияларын күшейтті. Тиісінше, дуррани эмигранттары тәжік «панджшерліктермен» тығыз өзара іс-қимыл жасауы тиіс болатын. Бұл жағдай 2014 жылғы президенттік сайлауға дайындық кезінде кейінірек әсер етеді.

Бірақ, жалпы, 2005 жылғы парламенттік сайлау ресми түрде Ауғанстандағы заңды мемлекеттік билікті ресімдеу үдерісін аяқтады. Енді елде заңды сайланған президент болды, ол негізінен технократтар, шығу тегі бойынша пуштундар, олардың ішінде көптеген бұрынғы эмигранттар болған

билік қалыптастырды. Сонымен қатар, парламенттің төменгі палатасында елдің барлық өңірлерінен және іс жүзінде барлық этностық топтардан келген адамдар ұсынылды. Сондықтан, заманауи мемлекетті құру үшін қажетті барлық формалды жағдайлар орындалды. Жаңа биліктің жалпы заңдылығы күмән тудырмады.

Ауғанстандағы мемлекеттік құрылыстағы келесі кезең «қарусыздандыру, демобилизация, реинтеграция» бағдарламасын жалғастыру шеңберінде дала командирлерінің көптеген қарулы милицияларын қарусыздандырумен байланысты болды. Бұл өте қисынды шешім болды, өйткені зорлық-зомбылыққа монополия мемлекеттің маңызды функцияларының бірі болып табылады және оның қолында қалуы тиіс еді. Сондықтан, американдықтар Ауғанстандағы сайлау аяқталғаннан кейін осы үдерісті жеделдетті. Әрине, бұл жерде жылдам нәтижеге жету өте қиын болды. Бүкіл ел бойынша көптеген беделді адамдар бірнеше ондаған мыңнан бірнеше мың адамға дейін өздерінің жеке құрамаларын қамтыды. Олардың қарусыздандыруы қарулы қарсылықтың өсу мүмкіндігіне байланысты үлкен қауіп төндірді.

Әсіресе пуштун аудандарында күрделі жағдай болды. Азшылық ұлттардың шоғырланған солтүстік әскери-саяси топтарына – Дустумның өзбектеріне, панджшерліктерге, Герат тәжіктеріне, Балх, хазарейлеріне қарағанда, пуштундар тайпалық негізде салыстырмалы түрде шағын топтарға бөлінген болатын». Тайпалық өлшем – олардың жеке топтарын қолдау және басқаларын алып тастау, сондай-ақ Пәкістаннан трансшекаралық әсер ету пуштундық «әскери лордтарды» олардың пуштундық емес қарсыластарына қарағанда ыдыраңқы жасады. АҚШ пен халықаралық қауымдастықтың талабы бойынша, мұндай «әскери лордтар» басқа позицияларға жылжып, олардың милицияларымен және оларды бақылайтын патрон-клиенттік желілерімен бірге биліктен жылжытқанда, бұл бүлікшілер қозғалысының көтерілісіне алып келді». <sup>38</sup> Тиісінше, елдің солтүстігінде мемлекет пен АҚШ өкілдері ірі топтардың көшбасшыларымен келіссөздер жүргізе алды. Мысалы, саяси деңгейде «қарусыздандыру, демобилизация, реинтеграция» бағдарламасын іске асыру кезінде келтірілген

шығындар үшін мүмкін болатын өтемақылар туралы мәселе бойынша келіссөздер жүргізе алды. Пуштундық оңтүстікте бұған қол жеткізу әлдеқайда қиын болды. Бұл жағдай Кабулдағы үкімет тәжіктерге сүйеніп, үкімет әскері мен қауіпсіздік қызметінің негізін құрағаны да қиынға соқты. Оңтүстік және оңтүстік-шығыстағы пуштундар үшін бұл наразылықтың өсуі үшін қосымша фактор болды.

Ноа Кобурн мен Анна Ларсонның ойынша, «қарусыздандыру, демобилизация, реинтеграция» бағдарламасы тек кейіннен қате деп танылуы мүмкін еді. Менің ойымша, бұл 2003 жылы ирак әскерін дебаасификациялау және демобилизациялау саясаты сияқты елеулі жаңылыс болды. Ауған бағдарламасы Карзайдың қарсыластарын әлсіретті, бірақ сонымен қатар ол өз еліне қызмет етуден талибтерге қарсы бағытталған айтарлықтай күш-жігерді ығыстырды. Бұл билік вакуумын құрып, бүкіл ел бойынша ондаған мың бұрынғы жауынгерлерді наразы және орын алған оқиғалардан шеттетілген қалдырды». <sup>39</sup> Егер «елге қызмет етуге» қатысты осы дәйексөздің кейбір пафосына назар аудармаса, бірақ орын алған оқиғаның мәні дұрыс көрсетілген.

Ауғанстандағы орталық биліктің міндеті саясаттан осы ондаған мың бұрынғы жауынгерлерді алып тастау және оларды әдеттегі өмірге қайтару болып табылды. Кез келген орталық билік осындай жағдайда дәл осылай әрекет етуі тиіс еді. Тіпті, «Талибан» жергілікті жасақтарды қарусыздандыруды талап еткен болатын. Бұл жерде елеулі тәуекел бар екені түсінікті, дегенмен елде көптеген қарулы адамдар болған, бірақ мұндай операцияның табысы орталық биліктің мүмкіндіктеріне байланысты. Ол, бір жағынан, бұрынғы жауынгерлерді басшылықтан айыруы тиіс, олардың командирлерін мемлекеттік қызметке тарта отырып, екінші жағынан – қарулы қарсыластықты мағынасыз етуге тиіс. Яғни, оның кез келген ықтимал қарсыластардан артықшылығы болуы керек.

